231.512.122
C52



Софы
СМАТАЕВ

Мен - ұлымын
АЛАШТЫҢ

Алматы
«Алманар»
2018

ӘОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84 Қаз7-5
С 52

С 52 СМАТАЕВ С.
МЕН - ҰЛЫМЫН АЛАШТЫҢ:
Алматы: «Алманар», 2018. - 472+64 жапсырма бет.

ISBN 978-601-80241-4-6

Қазақ әдебиетінің классигі, көрнекті қаламгер, Софы Сматаевтың бұл кітабынан жазушылықтың қыр-сыры туралы біраз мағлұмат алуға болады. Көрнекті қоғам қайраткері жайында белгілі азаматтар мен әріптестерінің ақ тілектері мен лебіздерімен қалың оқырманы таныса алады.



ӘОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84 Қаз7-5

ISBN 978-601-80241-4-6

© “АЛМАНАР”, 2018

І МАҚАЛАЛАР

МЕН КЕЛЕМІН

Мен келемін құшаң жайып еліме,
Елім бірақ іздемейді әлі де.
Жарасына у жағады жанымның
Әлемішін үйіп-төгіп тәніме.

Тәнім емес, жаным талай жыртылды.
Жыртың жаным аласұрды, жұлқынды.
Аялаумен, ардақтаумен өтермін
Өз баласын өгейлейтін ұлтымды.

Мен келемін, сенемін мен халқыма,
Бүтін көңілім айналса да жартыға.
Бүгінімнен торықсам да,
Дана боп
Кетем ертең жалтақтамай артыма.

Мен келемін, енем ыстық құшаққа,
Ата қазақ жайған жанын ісі аққа.
Жүрегімді жылытып жылы деміңмен
Жанымды, Елім, аяла да құшақта!

Мен келемін жылап, күліп жұртыма,
Мас боп тасып,
Жас боп ағып, жыртыла.
Баласынан ізден табар Данасын
Бас иемін ата-баба ғұрпына!

ЖАРИЯЛЫЛЫҚ - АДАЛДЫҚТЫҢ АЙНАСЫ

Жариялылық адалдықтың - айнасы ғой. Адалдық - азаматтықтың белгісі. Ал сол азаматтық пен адалдықты біздер, қаламгерлер, үнемі өз бойымыздан таба білдік пе? Таба білеміз бе?

Қайдам... Өйткені біздің арамызда беделді орындарға бір топтың өкілдері тұтаса отырып алғанда ғана әлгілердің өкілін, туысын, жерлесін жаппай әрі жанталаса жадағай алып қашпа мақтау бар. Немесе шын мықтыны (талантты айтам) әлдебір себептермен (не үй бермей, не жұмыс бермей, не творчестводағы тиесілі бағасын бермей) ертерек өлтіртіп алып, жылаған болып, әділет пен шындық іздеген болып жабыла мақтауымыз, жұмыла жоқтауымыз бар. Мақтап отырып та, жоқтап отырып та сол өлген классиктің іштей «сыбағасын сыйлап» отыратынымыз да өтірік емес. Сөзімді дәлелдеу үшін Қасым Аманжоловтың биылғы сексен жылдық мерейтойын баспасөз бен басқа сөздерде жариялаудың жұтандығын көлденең тартам. Апырау бүкіл қазақ үшін, Аханы мен Жақанынан (Байтұрсынов пен Дулатовты айтам), Мағжаны мен Жүсіпбегінен, Шәкәрімнен көз жазып қалған қазақ үшін Қасым Аманжолов әдебиеттің бір ғасырындай болған алыбы емес пе? Сол Қасымның шинелінен, басқасын былай қойғанда, Мұқағали да шықпап па еді? Ендеше осы жылды жалғыз Мақатаев жылы демей, Аманжолов, Мақатаев жылы деп екеуін де бірдей дүбірлетіп, думандатып, екеуіне де бірдей көңіл бөліп жатсақ, мандайымызға симас па еді? Кезінде екеуін де, екі асылымызды да өзіміз шеттетіп, өзіміз өгейсіретіп, өзіміз ертеректеу аттандырып жібергеніміз де рас қой. Ендеше ағыл-тегіл еміреніс, ағыл-тегіл қошемет, ағыл-тегіл құрмет Мұқағалиға ғана емес, екі арысқа, екі ұлы ақынға, елдің екі ұлына бірдей төгілсін де. Сонда ғана біз шын мәнінде адалдықтың құлы, Әділеттің жоқтаушысы боламыз. Сонда ғана Жазушылар одағы дейтін мекеме өзінің бар екенін мойындатады. Ал әзірше Жазушылар одағының аты бар да заты жоқ.

Дүбірі бар да, ғұмыры жоқ. Өйткені ол дәл қазіргі кезеңде Қазақстан жазушыларының қамын жейтін ұйым емес, Қазақ жазушыларының басын қосайын дейтін игі тілектен мүлде ада, не өзіндік бағыты мен бағдары, не жазушыларға көрсетер қызметі мен құрметі жоқ шөре-шөре дүние ғана. Меніңше, дәл бұл қалпында Қазақстан жазушылар одағынан мәдениетке деген, әдебиетке деген жаңашырлықты таба қоям деп айта алмаймын. Маңдайындағы жандайшаптарымен топ-топ боп аттанып, той-тойлаудан басқаға жарамай жүр.

Өйткені бізде қаламгерді жақтырмаса оның шығармасы туралы жұмған аузын ашпайтын басшылар көбейді. Сондықтан да тірілеріміз тірідей өліп, өскен туындыларымыз өрістемей өшіп кетуі әбден мүмкін. Неге дейсіздер ме?

Себебі бізде көркем әдебиетті насихаттау, көркем әдебиетті ер-тұрманын сайлап, тыпыршыған сүйгүліктей баптап өткізу жағы мүлде жетіспей жатыр. Ұлы Пушкинді жалпақ Россияға жағалай таныстыру үшін ұлы Белинский қажет болса, бізде тереңге үңілместен тек ақ пен қараны ғана ажыратар қарапайым сыншының өзі де табылмайтыны құпия емес. Жалт етіп көрініп, болашағынан үлкен үміт күткізіп қылаң беретін жас сыншылар отызға ілінер-ілінбестен не әдебиет зерттеуге қарай бейімделеді де, не сыннан басқа жанрға ер салып, ауысып мініп, алғашқы соқпағына қайта жаңаспай қояды. Егер Асқар Сүлейменов, Рымғали Нұрғалиев, Зейнолла Серікқалиев, Сағат Әшімбаевтар алғашқы қарқындарынан танбай, біріңғай сын жанрымен айналасып жүргенде, бүгін қазақ совет әдебиетінің өркені өсіп, маңдайы жарқырап кете берер ме еді. Себебі бұлардың әрқайсысы өз үнімен, өз көзқарасымен, өз пайымдауымен туылған сыншылар еді.

Әттең не керек, әділ сыншылардың аздығынан барымыз базарланбай, жоғымыз ізделмей, кемісіміз толыспай, ашылып-шашылып жатқанымыз. Құнтсыздық па, қырсыздық па, қырқылжыңдық па бұл? Қалай ажыратсақ та, әзірше пайдасынан зияны мол тірлігіміз осы.

Әйтпесе әдебиеттегі шоғыр-шоғыр алыптар тобын берген қазақтың киелі топырағына тәуап етер ме едік... Сол шоғыр-шоғыр адыптар тобының жаралуына, тууына,

дамуына қандай қасиеттер, қандай сүбелі жағдайлар әсер еткенін зерттер ме едік... Шоғыр-шоғыр алыптар тобының бір-бірімен рухани, мәдени байланыстарын ашып, бір-біріне тигізген ықпалын жіліктеп, жіктеп көрсетер ме едік. Сол алыптар тобының бүгінгі әдебиетке, әдебиетшілерге тигізген немесе тигізер дауасын пайымдар ма едік...

Ол алыптар тобының алғашқы легі - елуінші жылдары тұңғыш ақталған Сәкен, Ілияс, Бейімбет. Елуінші жылдардың аяғында мектеп бітірген менің буыным, менің алдымдағы буын- ұрпақ қандай асылдан мақұрым қалып, қандай кәусардан сусын қандыра алмаған. Өкінішті-ақ емес пе. Ананың уыз сүтімен бірге қанға сіңетін бесік жырлары Сәкеннің, Ілиястың, Бейімбеттің сыршыл өлеңдерінсіз тым тақыл да тым жұтаң ғой. Әдебиет ауылын бетке ұстаған, алпысыншы жылдарда алғашқы тырнақалдыларымен қаламгерлікке жолдама алған менің тұстастарым Сәкеннің, Бейімбеттің, Ілиястың шығармаларымен мектеп қабырғасында бұғанасы қатпай тұрып ауызданбағандықтан қаншама сүбелі сөздің сөлінен, татымды тілдің мәйегінен кенде қалған. Обал-ақ емес пе.

Алыптар тобының кейінгі шоғыры - Ахаң (Байтұрсынов), Жүсекең (Аймауытов), Шәкәрім қажы, Мағжан, Міржақып. Бұл шоғыр - меніңше, әдебиеттің нағыз пайғамбарлары. Қазір осы рухани аталарымның кітаптарын оқып отырғанымда өкініштен де артық өзек өртер қиналысты қызыл кеудемді бір босатпайды. Мынау кітаптарда қазақтың шұрайлы тілінің түпсіз терең мұхиты бар екен. Даласындай кең даналығы бар екен. Тау бұлағындай таза мөлдірлігі бар екен. Заңғар көгіндей асқақтығы бар екен. Ал, біз бейбақыт қазақ оқырманы, алпыс жылдан астам тұнықтан жүзіп іше алмаппыз. Дәмдіні тұшынып тата алмаппыз. Сыйлы сыбағымыздан сымпиып қағылып келіппіз.

Неге?

Осы сұрақ миымды шағады. Егер басқа халықтардай әдебиеттің өткен-кеткенін, бүгінін-болашағын түбегейлі зерттейтін дәрежеге жете алған болсақ, онда орны толмас өкінішке ұрынар ма едік? Қордалы қазынамызды өзіміздің ұрлап жасырып, аузымызды құр шөппен сүртіп келе бермес пе едік?

Орыстар өз Буниның баяғыда-ақ том-том қылып шығарып алмады ма...

Мен тез жазатын жазушымын. Содан ба, әлде өзімді талайдан талмаусыратқан шытырман ойдың осынау жариялылық дәуірде бу болып атылып, қағаз бетіне түсуге асыққандығынан ба, бір роман, бір пьеса жазып бітіргеніме де екі жыл болды. Тағы да «бірақ» демеске лажым жоқ. «Әліптің артын баға тұрайық» дейтін сақтық пен жасқаншақтық жойыла қоймаған ба, екеуіне де әзірше не баспадан, не театрдан жол ашылмай тұр.

Жарайды, ол да бүгінгі тайталас уақыттың нышаны болар.

Тақырып аясы кеңи қойды деп ауыз толтырып айту қиын. Әсіресе бізде. Сөз жүзінде қай жанрда қай тақырыпқа қалам сілтесең де - кеңшілік. Әй, бірақ... Жоғарыдағы өзімнің романым мен пьесамның тағдыры осының айғағы.

Ұсақ жанрда, публицистикада батыл қадамдар баршылық. Ал республика баспаларынан шыққан кітаптардың арасынан әзірше елең еткізерлігін көрсете алмаймын. Оны бұрын әр қаламгердің желкесінде тұратын цензураның тиым салғыш әрекетіне таңсақ, бүгін өзіміздің салғырттығымыздан көруіміз қажет болар. Әйтеуір ұқсатып, өндіріп, оқырманның сұранысын қандырып жатқанымыз шамалы.

Бұл өз алдына жеке әңгіме керек етеді. Ал, шынтуайтына келсек, тақырып ауқымын кеңіту үшін жалаңаштанған жаның, елжіреген жүрегің, бір сәт қалғымас ар-ожданың, ұлт жандылығың болуы абзал. Сонда ғана ой - ұшқыр, қиял - ғажап, қалам - жүрдек. Гәп осында. Осында ғана. Басқа шешім, басқа жауап іздеп бекер адасу - күнә.

Қай насихаттың болмасын негізі - шынайылықта, шеберлікте, қажеттілікте. Кітап насихаты да осы арнаға саяды. Көркем дүние, асыл шығарма, айшықты туынды дүбірлі, шуылды, шұбырындылы насихатты керек етпейді. Мұхаңның (М.Әуезов) Ілекеңнің (І.Есенберлин), Мұқағалидың, Төлегеннің, Олжастың кітаптарының аяқ-қолы жерге тимейтіні содан. Әрине мүшелерінің ұзын саны 600-ге жақындап қалған Қазақстан жазушыларының, мүшелікке өтем бе деп жүрген тағы да 600 талапкердің жыл сайын топырлап, тоқтаусыз шығып жататын кітаптарының үштен екісі күлдібадам дүние екенін

ескерсек, онда кітап насихаты дейтін далбаса тірлікке еріксіз құрық созатынымыз ақиқат. Бірақ арзанды алдап, болымсызды бұлдап, құнсызды қадірлеп өткізетін базар парқын алға ұстасақ, мәдениеттің денгейін құлдыратып жіберерімізді де ескеретін шақ жетті.

Насихаттауға да адалдық, тазалық керек. Жілігі татымайтын жылбысқыны авторының қызмет дәрежесіне бола өңмендете ұсынуды қою қажет.

Кітапты насихаттауды жүйеге түсіргенде ғана тиімділікке жетеміз. Ол үшін кітап саудасы қызметкерлері, баспалар және кітап палатасы бірігіп жұмыс атқарғаны жөн. Әзірше ондай одақтасудың ауылы алыста жатыр. Баспалар мен кітап саудасы тираж жинауға арналған бас қосуларына, тақырыптық жоспарды жасау кезеңдеріне Мемлекеттік кітап палатасы қызметкерлерін араластырмай келеді. Содан барып, бұл игілікті істе әртүрлі келеңсіздіктер күні бүгінге дейтін бел алып отыр. Кітап палатасында оқырмандардың кітап сұранымын анықтайтын социология бөлімі бар. Егер әр баспа кітап насихаттау жұмысында біздің осы бөліммен бірлесіп жұмыс жасаса, меніңше, әжептәуір нәтиже шығарар деп ойлаймын.

Тағы бір қатты ескерер жағдай - мәдениетті, әдебиетті пайда көзіне айналдырмау. Әдебиеттің онсыз да тигізер пайдасы ұшан-теніз. Ал бізде... біздің қаржы министрлігінде әр баспа табақтан түсетін таза пайдаға қатты көңіл бөлінетін көрінеді. Ал оның моральдық зиянын ойлай ма? Әй, білмеймін.

Дәлел ме?

Мәселен Агата Кристидің кітабының бір баспа табағынан түсетін пайда біздің қазақ кітабының бір баспа табағынан түсетін пайдадан әлдеқайда көп екен. Соған қарап, қаржы министрлігіндегілер (баспа қызметкерлері де кет әрі емес) қазақ кітаптарына бөлінген бүгінде аса зәру қағаз есебінен «Королева Марго», «Спруттарды» көбірек шығаруды уағыздайтын тәрізді. Егер бізге тек қана тиынның шылдыры қажет болатын болса, онда күннен күнге құлдырап бара жатқан ұлттық мәдениетімізді жылы жауып қойғаннан басқа түк қалмайды. Оның ар жағында үңірейіп қара қуыс... мәдениетсіздіктің, мәнгүрттіктің араны тоса берсін дейміз де...

Кітап саудасындағы кадр мәселесіне тірелетін кикілжің

көп. Себебі облыс орталықтарындағы кадрлердің басым көпшілігі - қазақша оқымақ түгіл қазақ жазушыларының бір де бірін білмейтін кездейсоқ дүмшелер. Осыдан кейін қоймаларында буулы күйінде шіріп жататын ұлттық тілдегі роман, повесть, дастандарды шет шалғайдағы қолы қысқа оқырмандардың үйінен көре қоярсыз. Бұл қырсыздық қана емес, бұл - қылмыс. Әдебиетке деген, мәдениетке деген күнделікті күйбеңдіктен құралатын күрделі шабуыл.

Мәдениетке деген, оның ішінде ұлттық мәдениетке деген бүкілхалықтық бетбұрыс болмай, идеологиядағы чиновниктердің бюрократтық көзқарасын, нем-құрайлылығын жеңу қиын. Өз басым әзірше олардан түңілумен келем.

Ал біздерге сілкініс керек-ақ. Халықтың тілі мен үні аталған ақын мен жазушы елдің алдында топ бастап, адымдап бара жатса, сол елдің мерейі үстем, еңсесі әманда жоғары. Ылайым солай болғай!

1991 жыл

БАРЫМЫЗ АЗ, ЖОҒЫМЫЗ МОЛ

(«Қазіргі әдебиеттің күйі қалай?» деген газет сауалына жауап)

Империя ыдырағаннан, күйреген кезеңде жын-перияның (пері дүниесінің) жамырап, дәуірлейтіні ақиқат. «Бұқаралық мәдениет» дейтін бүркеуді жамылып алып сахнадан, экраннан, эфирден, баспасөзден жаланаш тәндер мен әуенсіз әндердің, шынжыр жүйкелер мен жезөкше бикелердің, атыс-шабыстар мен еңбексіз табыстардың қаптап кететіні және аян. Ондайда ең алдымен келеден қалып, кәдеден тоналатындар - кәсіби суреткерлер. Өтпелі кезеңнің қомағайлығы, ынсапсыздығы, имансыздығы, әулекілігі, анайылығы, хұқықсыздығы иненің көзінен өтетін ептілер мен тоқырау заманында уылдырық жеп қалған «тектілердің» фирмашыл ұрпағын және арсыздар мен пірсіздерді топырлатып жіберетінін көзімізбен көріп жүрміз. Заманды адам билемей, адамды ақша илеген заманда әдебиет пен өнердің күлі көкке ұшарын тарих-шал талай дәлелдеген.

Әдебиетте дәл қазір әлем бар ма?.. Әлемі түгіл сәт сайын әдебиеттің ауыл, үйі де азайып бара жатыр ғой... Бүгінде орташа көлемді кітап шығару үшін 4-5 миллион сом қаржы қажет болса, «пайда!» «пайда-а!» дегенде көкесінің кеңірдегін жұлып алатын қалталы жас мырзалар алақаныңды созбақ түгіл, табанының астына кеудеңді тастасаң да, әй, көре қояр ма екен...

«Әдебиеттің күйі қалай?» деп сұрау үшін де оның күйі болуы шарт. Ал өшіп бара жатқан күйден күй таңдау - мәйітті мазалаумен парапар.

Өткен жылға өкпе тағуға әддім жоқ.

Алдағы болжамсыздық шығармашылық күйді күрмеп, шабытты шабандатса да, «қалам ұстамаған қарым сын-сынды» желеулеттім бе, әлде жұрт алдындағы қаламгерлік борыш шылбыр созды ма, немесе айналайын министр ағамыз Ерекеңнің (Рахмадиев) Таутүргендегі шығармашылық үйіне жетектеп апарып, бір ай «жалынып» жаздырғанының әсері тиді ме, Абылай хан туралы пьеса бітіріппін. Бұрын тез жазып, «өндіртіп» тастайтын мен үшін бұл - әрине бір жылға мол сыбаға емес. Зерде мен көз қағазға тесілмей, жүрдек қалам ақ қағазға еркін көсілмей, қысыр күндер көңілді қоңылтақсытып өтіп жатыр.

Ал азаматтық, пенделік тірліктің қуаныштары біраз болды. Ұлым үйленіп, келін түсіріп, ауыл атандым. «Алаш» сыйлығының ең бірінші иегері атанып, еңбегім еленіп, тәубаммен табыстым.

Біз бұрын барды жоқ қылуға, жалынды шоқ қылуға баршамыз болып, барымызды салатынбыз. Дананы бала ғып құлдилатқан, шаланы дана ғып шарықтатқан «құдіреттіліктің» талай куәсі де болдық. Бүгін біз жоқтан бар іздеуге әуеспіз. Болымсыздан байлық, толымсыздан бастық жасап, өнімсізден ырыс айырамыз деп тыраштануға дайынбыз. Ауадан дән де, дауа да табамыз деп өзімізді-өзіміз алдағанда зәрулік азаяр ма, тапшылық жойылар ма?

Бұрын жыл сайын жүздеген әдеби кітап шығарсақ, бүгін аузымызды құр шөппен сүртіп отырып, әдебиеттегі жылт етер құбылыс түгіл, жай жылтырауыққа да жылап көрісер халге жеткенімізді қашанғы жасырамыз.

Адам заттың даму барысында қоғамдық формациялардың ықпалының айрықша екендігі мектеп оқушыларына да жақсы мәлім. Ендеше, элеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту үшін қоғамдық формацияның жоғарғы сатысынан төменгі сатысына домалау қажет дейтін қисынды санаңызға қалай сыналап ендіре аларсыз. Сол жол сілтегіш Америка, Батыс Еуропа елдері «төбеңізден алтын нөсері құйылады!» деп қанша уағыздасаңыз да, бүгінгі капитализмінен кешегі феодализміне ауыса қояр ма екен. Соңдықтан да елдің өз ішінен таппаған қажеттілікті сырттағы «білгіштердің» сандырағы арқылы жасаймын деу - жаңсақтық қана.

Сенбейсіз бе? Айналаңызға қараңызшы. Белең алып бара жатқан қайыршылық пен қолында билігі барлардың ісініп-кебініп, асқынып-тасынып байып бара жатқан үрім-бұтағының үркердей тобы қорқытпай ма? Нарықтық экономикаға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қазіргі жабайы экономикамыз республиканы ұшпаққа шығарады деуге үш ұйықтасам сенбеймін. Елбасы мен үкімет басшыларының саны көп, сапасы жоқ сапарларынан пайда аз. Ашқарақ көзді Батыс пен аяр күлкілі Шығысқа қол жайып, көз жаутаңдата бергенше, өз мүмкіндігімізді барынша пайдалана білген әлдеқайда дұрыс.

Дәл осы қалпында мемлекетіміз мәдениетті (әдебиетті) қорғамақ түгіл, қолдамайды да. Өйткені билікке таласқан демократтарды ауыздықтайтын құдірет меніңше, әй, жоқ сияқты-ау. Ал олар әдебиет деп аузын да қышытпайды.

Парламент пен үкіметті үрейлі немқұрайдылық жайлаған кезеңде әдебиеттің мүшкіл халі мен әдебиетшінің міскіндігін жайлап айтып қана емес, жалаулатып, аттандатып та айқайлап ешкімнің құлағына енгізе алмайсың. Қазіргі саясат

алдымен өзінің қойны-қонышын, қоржын-қамбасын толтыру, өзінен артылса ғана халыққа жем тастау. Одан кейін...Одан кейін мәдениетке қолұшын созудың кезегі келеді. Бірақ сол кезек келе қояр ма екен... Өйткені оған дейін осынау мәдениетіміздің қалт-құлт етіп тірі жүре қоюы неғайбыл-ау... Империя ыдыраған кезде бірінші болып Мәдениет, әдебиет күйрейтінін ескерер кім бар екен?.. Ал, қайта дәуірлеу дәуірі... қайта өрлеу кезеңі он жылдап, жүз жылдап күттіртіп қойса қайтеміз?!.

Демеуші, меценат дейсіз бе? Демеушілерден де қайыр жоқ. Дәлел ме? Араб әрпімен жазылған «Қазақ», «Сана», «Таң» тәрізді баға жетпес газет-журналдарды халықтың игілігіне айналдыру үшін кириллицамен шығармақшы боп Ұлттық кітап қазынасы (палатасы) «Жезқазғантүстіметалл», «Балқашмыс» өндірістік бірлестіктеріне демеуші болыңдар деп қаншама жалынды. Аздаған тиын-тебен береміз деген уәделеріне де екі-үш жыл толып қалды. Көк тиын ұстатар емес. Ал осы екі бірлестік өздеріне «қажетті», «құдіретті» қорларға ондаған миллион қаржыны лақтырып тастап отыр. Қастерлі көкең, қадірлі жәкең болмаса, кітап шығарамын деп иегің қышымасын...

... «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ» деп өкінішпен өзегі қарс айрылған қазақ қаламгерлерінің қабағына қарар қайырымды жан табылар... табылып қалар деумен үміт үзгім жоқ әлі. Әй, бірақ...

18 ақпан 1993 жыл
«Егемен Қазақстан» газеті

АРМЫСЫҢ, СЕРІКЖАН БАУЫРЫМ !
ЗДРАВСТВУЙТЕ, СЕРИК НЫГМЕТОВИЧ !

(Пишу привычным Вам на русском языке)

Не в моей компетенции доказывать, что, как в истории литературы, так и культуры существуют примеры, когда выдающиеся личности, отмеченные высоким талантом, не вмещались в общепринятые рамки конкретной нации или государства. Творчество таких людей находится вне времени и пространства. Если государство по каким-либо причинам их не замечает, то это не значит, что они отсутствуют, это лишь свидетельствует о невежестве тех, кто является представителем власть предержащих.

Именно такой великой личностъю, щедро отмеченной божественным талантом был великолепный сын казахского народа - Касым аға Аманжолов. Каждый искренний казах, стар и млад, до сих пор вслушивается в музыку его огромного сердца, повторяет строки его душевной лирики.

Скажу откровенно, как и в наши, так и во времена коммунистов власть предержащие ненавидели поэта, защищавшего в своих произведениях интересы и права простых людей. Их раздражало и приводило в ярость свободомыслие Касыма. Они забывали, что в государстве человек является главной ценностью, а творец-литератор - национальным достоянием. Все это верно. Но как быть с поэтом - ветераном Отечественной войны, которого умертвили голодной смертью? Как быть с горем вдовы, оставшейся с двумя малолетними сиротками? Как быть со слезами высокой поэзии, не дошедшей в течение полувека к своему читателю? И, наконец, как быть с народом, не оберегавшего своего сына-поэта, не позволяя лживому языку оболгать, а подлому - опорочитъ его имя?

Вот почему я (для проведения восъмидесятилетия и девяностолетия Касыма) считал своим долгом обращаться ко всем добрым людям республики: «Давайте сообща устроим праздник литературы в честь нашего мэтра Касыма!». Понимал, конечно, что у нас много «дырявых карманов». И все-таки кое-как провели два юбилея без участия правителъства и Союза писателей Казахстана.

... И наступил долгожданный день - день столетия Поэта. Моя стопа коснуласъ земли того уголка планеты, где когда-то первым своим криком заявили о своем появлении на белый свет и Касым ага, и я - Сматаев.

Встреча с ликующими земляками, ощущение невероятной торжественности пробудили во мне очищающую душу носталъгию по колыбели. Я окунулся в светлый поэтический мир Касыма, пробужденного искренней любовью карагандинцев во главе с их акимом...

Разные руководители самых различных рангов часто обижаются на меня, узнав в моих поэмах себя, и обвиняют в том, что я вижу только негативные стороны жизни и умею лишъ критиковать. И не расстраиваюсъ я по поводу, если упорно не приглашают меня на нескончаемые праздники Астаны, юбилеи маститых знаменитостей. Я прекрасно знаю, что все мои слова в адрес высокосидящих, мои эмоции, мои протесты останутся гласом вопиющего в пустыне. Ибо я живу - как умею, работаю - как могу. Так что всякому придется либо принятъ меня таким, какой я есть, либо отказать мне в доверии, я не обижусъ. И поэтому с некоторым удивлением и нескрываемым удоволъствием воспринял приглашение акимата родной области. « Наконец-то - подумал я - увижу свой родимый край безвозмездно!». Ибо дожив до 70-летного возраста не накопил ни тиына капитала, кроме словесного А богатые с каждым днем становятся еще богаче, указывая на нас, на бедных писателей, как на наглядное пособие неустроенной жизни.

Ну ладно, это уже тема другого разговора...

И вот я на своей малой родине. Отчий край, родимая сторона раскрыли свои объятия в лице моего брата Акима области Серика Ныгметовича. Нам с Вами, дорогой Секе, не приходилосъ быть лично знакомыми, а поэтому не мне судитъ о Вашей правоте и кривоте. Но не скрою и того, что я стал питатъ к Вашей личности искреннее уважение после нашей откровенной беседы тет-а-тет. Ибо порядочностъ народа начинается с порядочности его правителя. Говорю об этом потому, что встречал немало руководителей, считающих, что направлятъ творческий процесс куда проще, чем промышленный или селъскохозяйственный. Жизнь потом

сурово отвергла их, но резулъатом их деятелъности останалисъ искалеченные судъбы многих талантов.

Властъ можно утвердитъ силой, можно коварством. И народ поработитъ можно. Но естъ высокий суд на земле, который всему дает имя, который расставит все по местам. Это - памятъ народа. И эта памятъ народная, по-моему, проснулась в облике моего брата

Серика. И через полвека, через поколения она, эта памятъ, твердой и справедливой волей акима воздала сторицей Касыму ага Аманжолову то, что он заслужил. И воздвиг аким не толъко монументалъно-рукотворный, но и феноменалъно-нерукотворный памятник Поэту- легенде. И это был величайший урок нашим же братишкам и сестричкам, дорвавшимся до уровня началъников местного пошиба, от человеческой порядочности которых зависело не только наше благополучие, но и наша судъба.

... И вот - торжественное открытие памятника. Опустилосъ покрывало. Поэт отдаленно напоминающим себя, не совсем похожим на себе лицом объял все - же благодарным взором своих земляков. И тогда я увидел всенационалъные слезы умиления во многих озаренных лицах. И тогда, наполненный благодарностъю к своим землякам, я мысленно желал каждому из них долгих лет жизни, полного счастъя, склонив свою голову перед всем населением милой отчизны.

И потому с восторженностъю воспринял я созданный Вами журнал «Касым», потому как он является ощутимым шагом в развитии националъной культуры, обогащая общечеловеческую душу всеобъемлющей красотой. И надеюсь, Ваша же благотворителъностъ поможет как и Вам, так и нам надежнее чувствоватъ себя сегодня, быть уверенным в завтрашнем дне. И Вы, и я должны заботитъся о нашем сообществе людей, ибо без него не сможем существоватъ ни Вы, ни я... Это я неспроста пишу. Знаю я многих, очень даже высоко- высокосидящих персон, обещанием которых иногда будучи одобренным. Однако они свое согласие и обещание хитро и ловко загоняют в такие лабиринты, что никакая «нитъ Ариадны» не выведет их в свет.

А поэзия - вечна. И настоящий творец - бессмертен.

Когда лирика поэта о днях минувших пропущена через

сердце сегодняшнего дня - это уже осмысление дня будущего.

Понятно, что каждый юбилей великого мастера пера - это явление в кулътурной жизни республики. Принимая участие в празднованиии столетия моего мэтра, полной грудъю вдыхал я свежий ветер живителъных перемен проснувшейся от вековой застойной спячки своей области, и бесконечно был рад и благодарен тому, что у моих земляков появился новый интересный руководителъ, способный раскрытъ свои объятия прекрасному, напоитъ других из чистого родника литературы и искусства, защититъ светлую мысль.

Наши предки говорили сыновъям: «Храните очаг, не дайте погаснуть огню!». И теперъ я хочу бытъ увереннъым, что очаг моей малой родины в надежных руках, и не погаснет в нем огонъ мысли и чувств, любви и справедливости. Да, пусть будет так!

С уважением С. Сматаев
17.09.2011

ШЕГІНЕРГЕ ЖОЛ ЖОҚ - АРТЫМЫЗДА...

Ресейдің темір торынан Алла тағаланың ғайыптан тайып араласуымен бір құтылып едік. Есімізді жиып, етегімізді жауып үлгірместен сол қанды қолдың шынжыр тұзағына қайтадан тұтылуға мойнымызды еңкейе созып, ентіге ұмтылып барамыз.

Ал, Путинге, Ресей империясына керегі де осы. Қолынан сусып шығып кеткен тізгінімізді төрдегі төрелеріміз жердегі біздердің желкелерімізді үзердей етіп жетектеп апарып білегіне қыстыра салса, екі езуімізді тіліп, енді қайтып түспестей иығымызға міниіп алады.

Осыдан кейін егеменіңмен егіле өксіп, тәуелсіздігіңмен талықсып түсіп қоштаспаған нең қалады, азаттығын анасындай аялайтын Алаш азаматы-ау!

Ол үшін не істеу керек?

Қалың қазақты марғау, бойкүйез, бейқамдығынан сілкіп оятып, ойына ши жүгірту керек. Бүгін серпілмесе, ертең өкінерін... Өкіну қайда, өксігіне көміліп тәуелсіздіктің торында тірідей көмілерін аттандатып саңырау құлағына құю керек, бітеу кеудесіне сіңіру керек.

Жалпыхалықтық референдум дегенге құрық созғанымыз дұрыс-ақ. Бірақ соған қояр талабымыздың жөн-жобасын дөп басып айғақтап, адаспастай болып ашып алуды мықтап ескерелік.

Ол үшін қазіргідей «еуроазиялық одаққа кірмейік!» деп ойланбастан қойып кетуден сәл-сәл тыйыла тұрып, алды-артымызды екшеп бір көрелікші.

Еуроазиялық одаққа алақайлап кіріп, қолтығына ену кімдерге пайдалы?

Ең алдымен төрдегі топырлаған төрелер мен қаптаған әкімқараларға пайдалы. Ертең тағынан түскенде, орынтақтарынан ұшқанда елін талап, халқын тонап алған қисапсыз байлығын сақтап қалудың жанталастырған әрекеті ол. Сол себепті де олар әр саусағынан ракета атқызатын Путиннің ығында бүрісіп, тасасына тығылып, арқасынан сығалап, алтын арқалаған есектей ұлтсыз, отансыз, опасыз ғұмырын жалғастыра беру. Сөйтіп халықтың қарғысын естімей, жұртының қаһарынан құтылып кету.

Екіншіден, сары қазақтарымыздың (орыс ағайындарымды айтам да) көктен құлшынып сұрағаны

- аяқ астынан жерден табылар арман-тілегі емес пе «одақ». «Іс жүргізу қазақша өтіп, қазақ тілін білуді барша ұлтқа міндет қылып» артса, онда ұлттар достығы деген мифтің быт-шыты шығары хақ. «Орыс ұлты, есің бар да еліңді тап!» деумен жаппай көтеріліп шекара асып кетсек, Қазақстанға «урон» келер-келмесін көрер едік!» деп тұс-тұстан жамырап, төмендегіміз бен төбедегімізге қоқанлоққы көрсетіп, қазақты үркітіп алғысы келетін байбаламын «үлкен ағамыздың» әртүрлі өкілдері күн сайын айқайлатып үдетуде.

Сондағы мақсаттары - «қазақ халқының қоғамдық пікірі, ой-тілегі кешегі империялық көнбістіктің төңірегінен ұзамаса, ұлттық санасы бұрынғы құлдықтың құрығындағы қалпынан көтерілмесе екен» дейтін мысық тілеу. Ресейге жалтақтағыш алаш еуроазиялық одаққа кіріп, империяның езгісіне біржола бас исе, өздерінің қайтадан белең аларына кәдімгідей сенімді. Оған әсіресе орыс баспасөзінің Зарина Ахматова сияқты журналистерінің қазақ зиялыларын менсінбей, бәрін түгел ұлтшыл-патриоттардың көгеніне тізіп тастап: «әр дөңгелек үстелінде баяндамаларының «шапкасын» ғана өзгертіп, әдеттегі маңырауы мен жамырауы көп, тындырары мен бітірері жоқ отырыстарын кофе-брейкпен ғана аяқтайды!» деп ерін шүйіре мазақтаулары барынша куә. Өйткені олар біздің ұлттық салт-санамызды, дәстүрімізді « әлі де тұрпайы, жабайы қалпынан өспеген» дейтін шовинистік менмендіктен аса алмай жүр де, аузына келгенін іркуден тыйылмай, ар-намысымызды таптауға дайын тұрады.

Үшіншіден, еуразиялық одақты «уралап» қабылдау - ұлын, ұрпағын: немере, шөберелерін орыс тілімен, орыс тәрбиесімен, орыс өнегесімен баптап, жақтап, сақтап өсірген өзіміздің **шала** қазақтар үшін аса тиімді. Неге дейсіздер ғой? Үкімет басында, билік жетегінде кімдер отыр. 99 пайыз орыс тілді шала қазақтар отыр. Республикамыздың ірілі-уақты барлық саласының шылбыр-тізгіні солардың білегіне ілініп, саусақтарына байланып қалған. Сол құзыретінен айрылса, шексіз құдыретінен баз кешетінін түсінетін шіркіндер Ресейдің етегінен ұстаса ғана етпетінен түспесін, мүрдем кетпесін білердей-ақ біледі. Біледі де, атың ошкір одақты неке түніндегі қалыңдығын күткен күйеудей зарыға тосып алуға ынты-шынтымен дайын-ақ.

Төртіншіден, өзіміздің ауылдық жердегі жұмыссыз, жерсіз, ашыққан, тарыққан қара қазақтың біразы ... тіпті көпшілігі-ақ: «кешегі кеңес дәуірі қайта орнар болса, кеңшар, ұжымшарларымыз кең даламыздың келбетін киргізіп самсап, қаптап бой түзер еді-ау!...» деген әупірім дәмемен еуроазия одағының құрылуына бас изеп, құшақ жаюы әбден мүмкін емес пе. Меніңше мүмкін.

Сонымен осы төрт тараптан сауылдап келіп тоғысар дауыстың мөлшерін ой безбенімен есептеп жіберсек... еуроазиялық одақты қалайтындардың саны 60-70 пайызға шапшып шыға келіп, құрдымға сіңгір одақтың қақпасын арыстанның аранындай етіп қарсы алдымыздан тоса қойып, үрейге бөккен өкпемізді өңешімізге тығып жіберері сөзсіз.

Енді не істеу керек?

Референдумдағы бірінші талапты түбегейлі өзгерту керек. Яғни кедендік одақтан шығуды ең басты мәселе етіп қою қажет. Сонда ғана жеңілмейміз, жеңеміз. Өйткені сол кеден одағының батпағында малшынып, аяғын аттап басуға шама-шарқы келмей қалған сары, қара, шала қазақтарың бірлік танытып, жаппай жармаса жағаласып, жұлқынып шыға келеріне сенімім кәміл. Кеденінен құтылсақ, біртұтас экономикалық кеңістігі де, еуроазиялық одағы да империяның озбырлығының өкірген өксігімен алыстап қала береді.

Референдумның стратегиялық кәсіпорындарды мемлекет меншігіне қайта өткізу керек дейтін талабы - өте дұрыс әрі аса қажетті талап. Өз пайдасын, өз қалтасының қамын ойлайтын кейбіреулер «ондай мәселені көтерудің уақыты әлі жеткен жоқ, биліктегілер бишігін көтеріп барынша қарсыласып бітеді» деп беттетпеуге тырысары хақ.

Жоқ! Уақыт жетпек түгілі әлдеқашан өтіп те кеткен. Жыл сайын өз үлесіміздің қағылып, аш-жалаңаш дірдектегеніміз жетеді. Жер байлығы, кен байлығы - жалпақ жұртқа тегіс тиесілі ел байлығы. Сол игілікті төрдегілер ғана емес, жерде қыбырлап жүрген баршамыз пайдалануымыз керек.

Референдумның барлық билік иелерін тағайындауды төрдің қолынан алып, елдің ықпалына беру қажет дейтін үшінші талабы - яғни әкім біткенді, сотты т.б. сайлау арқылы іріктеудің қажеттігі мүлде керек тірлік. Өзін өзі

басқаратын жергілікті биліктің ролі күшейеді. Жоғарының тұқыртуы жойылмаса да әлсірейді.

Оу, ағайын! Адамның өмірге жылап келерін, күрсініп өлерін білесіздер. Ендеше құлазытқан артымызға неге үңілмейміз? Құлдық құрығын созғалы тұрған алдымыздан неге түңілмейміз?

Үңіліп, түңіле алсақ, ойымыз бен бойымызды шырмап алған марғаулық пен мәңгірттіктен арылып, Ресейдің империялық өктемдігіне қарсы тұтас ұлт болып өре тұрайықшы бір.

Зар тілегім де осы.

«Дат» газеті, 2013 ж.

ЖАРАЛЫ ЖАСТЫҚ

«Әлем ересектер мен егделердің ғана құзырында» дегенге иланумен келеміз. Ал жастардың билігінде ненің бар, ненің жоқ екеніне мән де бермейміз. Өйткені біз бар болса, ол биліктің қандай екенін біле де алмаймыз. «Өмірдің өзегі - тәжірибеде. Даналық - кәріліктің сыбағасы» дейміз де, өзімізді өзіміз алдандырып, күйбеңдеп ілгері томпаңдай береміз. Ал адам жанының өсіп толып, толықсуының, жан-жақты кемелденіп жетілуінің мерзім-мезгілін анықтап берер өлшегіш құралы табылған емес. «Балиғатқа жетті, балалықтан өтті» десек, он сегіз жасты межелеп алуымызға болады екен.

Өй, бірақ... Мынау қадағалауы аздау, қаракетсіздігі молдау мектептеріміздің қабырғасынан кітап бетін ашудан гөрі компьютердің қитұрқы сайттарына жиірек үңіліп өскен жеткіншектеріміздің он сегізде жетіліп, желкілдей қалуына сенім мүлде жоқ та ғой. Ой қумай ойын қуған әсіресе қалалық жастың кетілуі оңай да, жетілуі қиын екенін күн сайын көріп те, сол кетілудің қырсығы мен қырсыздығының келеңсіз нәтижесін теріп те жүрміз ғой. Киырма жас түгілі орда бұзар отызында да барлық мүмкіндігін, жан дүниесінің табиғи, қасиеттері мен адамгершіліктің игілігі һәм изгіліктерін бойына жинап алар дейтін жастарымыздың ырду-дырдудан ләззат аулап, айналасындағы күйбең тірлік қыбырлатып қойған замандастарын менсінбей, жиіркене жек көретінін несіне жасырайық. Сол менменшіл кіділік әлгілердің қалыптасып үлгермеген жан жүйесін құрдымға қарай дедектете сүйретіп жүрген жоқ па. Осындай тыйымсыз кеткен жеңілтек те тентек өспірімдердің шектен шыққан өрескел «батылдығы» талайды қайғылы оқиғаларға душар еткендігіне түршігуден жалығардай болдық та ғой.

Анау Серік Әбденов пен Байбектер сондай мінез-қылықтың нағыз мысалы емес пе. Туа сала кигені көк, жегені ет, ішкені сок солардың... Солар сияқты «көкесінің» балаларының өмірден көріп-танып түйгені жоқ тәрізді-ау. Ендеше өздерінен өзгені мисыз да құнсыз, тілсіз де ділсіз санап, сол «мәңгүрт» қазағын ғұмыры есеймес балалықтың шалалық ойымен үйреткен болып тыраштанбағанда қайтеді олар. Әйтпесе, «аяғыңды жуған сумен бетіңді шай! Суық үйде түнесең, денең қыз-қыз қайнайды!» деу дені дұрыс

адамның жаны жадау, жүрегі жүдеген барша халқына айтар ақылы бола алар ма?

Ал «аяғыңнан әл кеткенше, кеудеңнен жан кеткенше зейнетке шықпай, бейнет кеше бер!» деп әжелердің мазасын қашырып, назасына қалған адамның сандырағын бас изеп қабылдаған мәжілістің «шайт!» десе, маңырай қоятын «ләппайшыл» депутаттары мен үлттық қазынамызды өзіне майшелпекке айналдырған Марченкодан басқа қостар біреу табылмасын ойлап бас қатырмайтын министрдің барынан жоғы демей не дейміз?

Сонда бұлардікі бойы өссе де, ойы өспей ергежейленіп қалған жыртақай жастық па? Әлде бесіктен белі шықпай жатып көкелерінің... «Көкесінің» арқасында биік-биік орынтаққа кіп-кішкентай болып алып, шікірейте шірентіп қонжита салып масайратқан мастық па?

Әй, қайдам... Жастарға деген қамқорлық пен күнделікті тәлім-тәрбие тиіп-қашып қана еншілеріне бұйыратын елде, сол арындап келе жатқан өспірімдердің тура жолдан бұрылып өтіп, бұзылып кетулері көзді ашып-жұмғандай болатынына мән беріп жатқан жоғарғы билік те, үкіметтік емес ұйымдар да аз ғой.

Айтпақшы, «жастарды ұмытқан жоқпыз. Жастар - болашағымыз!» дегенді мынау қалың жұртшылығының көз алдына көлденеңдете тосып, тағы бір ұпай жинағысы келді ме, төрдегілердің бұлтартпас төрелігімен «Жастар саясатының концепциясы» дейтін ұрандатып жеткен документтің қабылданғанына куә болдық.

Концепция не дейді? Мен сияқты жастарға жаны ашыса да, айтқаны түгіл айқайына үкіметі құлақ аспайтын қалыс қалғандар не дейді?

Концепция «Нұр Отан» партиясы мен сол партия көсемінің ұраншыл даңғазасы мен жарапазаншыл жоба-жоспарларынан адасып кетпестей болып, ізбе-із қайталап шығудан әріге қадам баспаған. Концепция тұжырымдаушылардың ойынша республика жастары Алматыдағы Төлебаев, Наурызбай батыр көшелерінде, Астанадағы сол жағалауда тұратын «бөріктілер мен көріктілердің» еркетотай балаларынан құралатындай боп көрінетіні бірден көзге ұрады. Анау Сейфуллин даңғылын жағалаған, сонау Саин көшесін сағалаған ұл-қыздарымызды сол тізімнен сызып тастап, олардың өмірде бар-жоғына мүлде көңіл бөлуді ұмытып кеткендей әсер қалдыратынын

да түршіккен түйсігіміз бүйірімізді соққылап жеткізеді. Далел қайда десеңіздер, концепция беттеріне үңіліңіздер. Үңіліңіздер де: «Соңғы он жылда жоғары білім алып шыққан жастарымыздың саны әлденеше есе асты! Шетелдерде оқып келгендер - ұлттық білім, ғылым, һәм өнер қазынасын көркейткен құндылықтарымыз!» дегенді оқып, миыңызды ой көзімен шұқылап қараңыздар. Қараңыздар да, анау шетелдегі оқудың түбін түсіріп келген Бишімбаев сияқтылардың «ұлтына жасап жатқан «ғаламат» құндылықтарын» саралап көріп, «сүйер ұлын болса, сен сүй!» немесе «сүйкімсізіңді сумаңдатпай тезірек тый!» дейсің бе, қалауыңды білдір, халайық.

Ал өзіміздің жоғарғы оқу орындарының қандай білім, ілім еге қояр қабілетінің қауқар, қарымын менсіз-ақ білетіндеріңізге шәгім жоқ. «Башкасы» оқымай, ақшасы оқыған шалажансар студенттен шала-шарпы дайындалған жас мамандардың әр есікті бір қағып сүмеңдеп, ақыры сұрау-қалауға жараулық білім мен іскерлік таныта алмай, далада қалып жүргенін қалай жасырармыз. Жер байлығы мен кен байлығын өндіретін кәсіпорындарының мекемелері мен фирмаларында отырған шетелдік қожаларымыз біздің шикілі-пісілі күлді-көмештеп шығарған «іскерлерімізді» қайдан менсініп қабылдай қойсын. Қабылдамайды да, әрқайсысы өз елінің өз мамандығының қыры-сырын әбден жетіле игеріп алған білгірлерін «тәуелсіз» Қазақстанымызға қаптатып жіберіп жатқан жоқ па. Сол қаптап келіп жатқан инженер, технологтарының көмегімен бар байлығымызды (беретіндеріне «шәпкісін» ғана қалдырып) қаптап емес, составтап тонап, талап әкетіп жатқан жоқ па.

Ал біздің «диплом» деп аталатын қатырма қағазды қалтасына басып алып, жұмыссыз, қызметсіз қаңғырып қалған балаларымыз қайтпек енді?..

«Ауылдық жерлерге барып, сол ауылдың кесілген, тесілген, үңірейген тұстарына кірпіш болып қалана қойыңдар!» деген елбасының да, үкімет талабының да үндеуіне құлақ асқандары табыла қойды ма? Қайдан табылсын. Сол ашық-тесігі мол ауылдың дипломды жастарға үйімен күйін дайындап, құшағын ашып, құрметтеп тосып отырған қайбір бастығы мен азаматы, әкімі мен жақыны бар еді.

Сөзімізді әлдекімдердің әулекіленіп: «жала жаптыға» саймауы үшін концепция ұсынған таблицаға көз жүгіртіп,

2012 жылы дипломды маманның бір де біреуі ауылға бармағанын дәлелдейтін «крестік» таңбасын алдарыңызға кесе-көлденеңдетіп тоса қоюға дайынмын, ағайын. Ал концепцияға сенер болсақ, 2020 жылы, яғни жеті жылдан соң жоғарғы оқу орнын бітіргендердің 20 пайызы ауылдық жердің шаруашылығы мен өркениетін зымыратып ілгері оздырып қызуқанды қызметкеріне айналады екен. Дәл сондай қуаныштысүнге жеткізе алармлық себептер мен мүмкіндіктерді жастардың алдынан орната қоятын үкіметіміздің іскерлігіне күмәнімнің мол екенін айтпай, қалай тіл тістеп қалмақпын.

Сонымен әлгі кереқсіз боп қореқсіз қалған жас мамандарымыз не істемек енді? Мынау жұмыссыздық дерті белең алған кезеңде, әлеуметтік жіктелу барынша күшейген тұста, идеологиямыздың мүлде аты өшкен заманда, не істеуші еді барар жері, басар тауы қалмаған мұндарлар? Әрине лажсыздан криминалды қылмыстың қойнына күмп етіп қояды да кетеді. Немесе әртүрлі діни экстремистердің уағызнамасына сеніп, солардың соңынан ботасындай болып, бошалап еріп кетеді.

«Исламның шапағатты аясындамыз» дейтін әртүрлі секталардың сол ежелгі исламның жолы мен жөніне үш қайнаса сорпасы қосылмайтынына көңіл аударып, көз төңкере қарайтын жастарымыз қалды ма? Қайдан қалсын. Исламның бір бүйірінен бөлшектеніп шығып, анархистік бағытты ұстаған салафиттердің қазақ дейтін нанғыш, сенгіш әрі иланғыш ұлтты мұсылмандықтан, дінге деген мейірімді сенімнен, адамгершілік ар-ұят өркениетінен мүлде аулақтатып әкетуге барын салып жүргендерін неге байқағымыз келмейді. Әлде көсеуі ұзын қолы күймейтін мықты жақтаушылары бар деп тайсақтай береміз ба? Сол салафиттердің сойылын соғушылар Қазақстанның өркениетті жасампаз мемлекеттігін жойып, елімізде халифаттықты орнатуға жанталаса әрекеттеніп жатқанына шыбын шаққандай да шіміркенуіміз жоқ. Әйтпесе анау Ақтөбе, Атыраудағы дүрк-дүрк зіркілдеген террорлық бүліктердің тегіннен тегін азу ақситып, тырнақ тарбайтпайтынын діттесек, баршамыз болып қарсы өре тұрар едік қой.

Қазіргі кезеңіміздің ең қауіпті тұсы да, республикамыздың тұтастығы мен бірлігіне келтіретін ең осал тұсы да - осы сектаның күн сайын күшейіп өсіп, тежеусіз, тексерусіз бара жатқандығы. Осынау дүрбелең зұлматтың алдын алмаса,

исламның жасыл туын жамылған өзгеше пікірді қаузалайтын, билікке ұмтылушы топтың қарулы қақтығысына душар болуымыз - таңның атуы мен күннің батуындай ақиқат құбылыс болмақ.

Жас мамандар ғана емес, жоқшылық пен тапшылықтың ауыр азабын шегіп, жас жүрегін әділетсіздіктің ыстық шоғына қақтаған ауыл жеткіншектері шарасыздықтың шырылдатқан сойылының астында бүрсеңдеген қалпымен олгілердің алдау-шырмауына жүздеп, мыңдап түсіп қалумен жүр. Аузына аздап ас салып, қолына тиын-тебен ұстатқан міскіндерден күні ертең-ақ «халифаттың сарбаздарын» жасақтап шығара қоюға тырысатын жихадшылар мұртын насаттана шырмағанда қайтеді.

Концепцияға қайта оралайық. Ол өзі жастарға арналған құжат болған соң уәдеге жеткізбес авторлары келешекте үкіметіміздің жастарды қалай жарылқайтынын да жалғанға жар сала даңғырап, бөріктерін аспанға атудан да жалықпайды.

Сөзімді дәлелмен тұздықтайын.

2016 жылға дейін «қолжетімді баспана» бағдарламасы бойынша 9 мыңдай жас азамат пәтермен қамтамасыз етіледі екен. Бөркімізді аспанға атып қуанбасақ та, жарайды-ақ дейін. Қалайда сол 9 мың пәтер әлдекімдердің араласуымен әлдекімдердің қанжығасына байланып кетпей, нақты иелерін адаспай тапсын-ақ. Сонда 5 миллиондай қазіргі үйсіз-күйсіз жастардың 0,2 пайызының ғана төбесіне түндік жауып, төрге шығардық деп қай жемісіміз бен жеңісімізге мәре-сәре болмақпыз. Анау 99,8 пайыз жастың далада түнейтіні үңірейген кеудеміздің үрейін шақырмайды деуге иланар жан табылар ма?

Концепция тағы да: «Жастармен жұмыс істеудің аса маңызды тетігі - олардың ұсынатын жоба-жоспарларына мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қаржылық көмек көрсетіп, жастардың шығармашылық және иновациялық потенциалын арттыру болып табылады» деп қол ұшын қазірден бастап-ақ созып жатқандай далияды. Осынау авторитарлық мемлекетте сөз бен істің қабысқанын қай кезде керіп, есімізден танардай болып шапағатынан сусындап едік. Сонау төрдегі төбедей боп отырғандардың аузына қарап, көзіңді мөлитіп, қолынды дірілдете созғаныңмен әлеуметтік заказдың қарасын бір көрсетпестен, қандай жанның қандай таныс, жақынының қалтасы мен қапшығына түсіп жатқанын аңғармайтын аңғалың емеспіз ғой. Ендеше осы уәденің де

құрғақ қасық болып ауыз жыртудан әріге өрісі ұзамайтынына әлден-ақ көне беріңіздер.

Ал шынтуайтына келсек, кез келген тесікті бүтіндей қоятын дайын тығын - жастар ғана. Казармалардағы солдат та, университеттердегі студент те, газет-журналдардағы тілші де, цехтардағы жұмыскер де, базарлардағы арба сүйретіп, жүк тасушылар да - сол жастар. Кез келген партияларға мүше болып кіріп, биліктің таяғының бір ұшы арқасында ойнайтындар да солар. Тиын-тебенге бола құрбандыққа шалынатын қайран ғұмыр да жастардікі. «Отаны үшін отқа түсіп өлген жастарға қызығам да қызғанам!» дейтін шалдарды көріп те, естіп те жүрмін. Қызықсаң - қол ұшын соз, ауырын жеңілдетіп, қиынынан қиялап өтуіне көмектес. Қызғансаң - сол қызғанатындай қызметіңді өзің де атқар. Отан өзгенікі емес, өзіңдікі. Өзгелердей сен де отқа түс, оққа кеуде төсе. Бірақ сол Отанды өзгелердің талан-таражына ұшыратпа... Жас дәуреннің иығына түскен ақиқаттың ауыр салмағын кеше ғана өзіңнің де иініңмен көтергеніңді ескерсең, солардың тура жолдан ауытқымауларына бас-көз болуға баршамыз болып тырыса да білейік.

Әттең-ай, дейміз кей-кейде бармақ шайнап. Әйтпесе кез келген жасампаз дарынның - жалындаған жастық екенін білер едік қой. Ал шынайы жастықтың уақытқа мойымас та көнбес, мүжілмес те езілмес құдірет екенін осынау адасып жүрген, еліктеп, солықтап жүрген ұрпағымызға қалай ғана, қайтіп қана түсіндіре алар екенбіз?..

«Дат» газеті, 2013 ж.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БЕЛІҮЗІЛМЕСІН

(Елбасыға ашық хат)

Қадірменді Нұреке!

Қиын сәтте қиын тұстан қадалды демеңіз мені. Бірліктен безіп, биік билікке жалғыз жетем дейтін өркөкіректердің көбейгенін сезіп, анау адуын солтүстік көршіміздің әлсіз көршісіне жасаған безбүйрек әлімжеттігін көріп, қазағыңыздың жабырқаулы көңлінің арыз-тілегін айта алмай шыдап келіп едім...

Шыдамның да шегі бар. Шектің де түгесілер жері бар. Содан соң-ақ үндемей қала алмадым. Өйткені, қадірменді елбасы, қазағыңның сыналатын жері, бүгілетін белі, еңкейетін иіні мамыр айында Еуроазиялық одаққа кіру туралы құжатқа қол қойылар болса, тұзақ боп тосып тұр алдан. Соны жоғарыдағыларға айтардай қай сынымыз өтіп, қай тіліміз жетіп жатушы еді деп бүгежектеумен келеміз. Жамаушы болудан біз кеттік пе, бүтіндеуге жыртығымыз көбейді ме, әрі тарт, бері тарттан зәрезап болған көңіл бар. Ел көңілінде биліктегілердің тізгінге таласып бір-бірімен ырғасуын азайтса деген тілек бар. Бірақ сол тілекке ұйыр біліктілер аз. Ұйытқымыз нашар ма? Іруіміз күшті ме - іріткуіміз жойылар емес. Қос бүйірден қадалар көршілердің дүлей дүмпуінен шаңырағымыз шайқалып, уығымыз сықырлап, керегеміз теңселіп кетер келешек жылау күндер көзден қанды жасты ағызса, қауіп-қатерді көретін жерде көрмей, қасіретті еститін кезде естімей қаламыз ба дейтін қауіп те жоқ емес кеуделерде. Құдайдың өзі бере салған тәуелсіздігімізді берік қорғанымызға, мызғымас іргемізге балаушы едік. Қорғанымыз құламаса, іргеміз бұзылмаса дейтін зар тілек баршамызда түней ме, әлде сол баршамызды боршалағысы келген кейбіреу басқаша тілеу тілей ме, белгісіздіктен көкіректі кеміріп бара жатқан күдігімізді де несіне жасырайық.

Сонымен сөздің ақиқатына көшсек, үңіреңдеген базбіреулердің сыбырласып сабақтасып жатқанын, күбірлесіп құшақтасып жатқанын, шүйіркелесіп тіл байласып жатқанын да сеземіз. Биліктің жалғыз тізгінін білегіне іліп алмақ болып жанталасқан «мықтылар» қасиетті тақты ту-талапайға ұшыратар ма деп күйген жанымыз бар. Күйіндірген жайымыз бар. Сақинадай дөңгеленген бірлігімізді төбе көрсе төбесіне қайсымыз бұрын шығамыз

деп төбелесе кететін төресымактардың араздық салқынына, қулық-сұмдығына көкпар қылып ұстата салармыз ба? Салғызбайық десек, әділ мінездің турашыл таразысын түгел ұлт боп тіріліп тұрып, құра алармыз ба? Өйткені біз кеудені - бітеу, көзді - соқыр, ауызды - құлып етіп келген халықпыз. Кінәліні өзгеден тауып, өзімізді сүттен ақ, судан таза ететін қазақылығымыз да белгілі. Әйтпесе өксітер өкініштің бықсыған өсектен туарын ескерер едік қой. Ал шындап ескерсек, «кімім бар, кімім жоқ?» деп кеуде санайтын шаққа тірелгеніміз ақиқат. Кімім бар болып шығып, жақсылықпен қолдасар ма, жамандықпен жағаласар ма - бүгінгі дүмбілез күйдің үркітері де осы. Кімім жоқ болып шығып, жауымды көбейтер ме, дауымды ұлғайтар ма - қазіргі шошынған көңілдердің кірнесі де осы. «Адалымызға ара түсер, анау төніп келе жатқан бұғау қамытқа қарсы тұрар қайсың барсың?» деген жан шырылымыз құлақ түгіл тұлып кеудені тесіп өтердей болып барады. Сондағымыз.: «Адаспайық! Өкінбейік! Қауіптің алдын алайық!» дейтін төмендегілердің зары ғой. Осыған төрдегілердің біразының жамырап дауыс қосып қалатыны да байқала басталды. Сонда сол шіркіндер көптікін ойлай ма, көптікін айтқан болып өзінікін ойлай ма? Ер салмағынан ел салмағын артық қадірлейтін болса, «мен білгенді ел білмес» деп ауызды ауызға жапсырып алып, жанталаса топ құруы, «қол жиюы» қалай? Топты не үшін құрмақ? Қолды кімдерге қарсы жимақ? Берекені әрекемен іріткізу үшін бе? Бірлігімізді тірлігімізден адақтау үшін бе?

Күшеншек ой бой байлайды, кеуде басады. Сол күшеншек ой бәрімізде де жеткілікті. Сол күшеншек оймен әркім өз «мықтысын» биліктің биік тұғырына сайлап та қойды. Сонда «Ел - таразы» деген ел қамын ойлатар ертеңгі сын сағатты естен шығаратынымыз қалай. Ертеңіміз бүгіннен басталатынын ұмытатынымыз қалай? Мынау қазақы даламыздан кеудесі - бұлақ, көкірегі - даңғыл, зар мен тілекке - құлақ болар төлтума біреу табылмас деуіміз қалай? Өзімнен емес өзгеден қонжитқан өгей ұл тәуекелге басар кезде, өжет қайсарлыққа бара алмаса, тіресер кезде сіресіп қала алмаса, анау анталаған азулы көршілер талыстай жерімізді шет-пұштақтап, жырымдап бөліп әкетеріне мән бермеуіміз қалай?

Қадірменді Нұреке! Еуроазиялық одаққа кіру - менің өз жекебас ойымша, ат тұмсығын қайда бұрсақ та, өткел бермес шыңырауға, асу бермес қара жартасқа тірелте беру.

Осыны ойлағанда, «Тығырықтан жол тап! Өткелді ізде! Алға баста!» дейтін жанды таңдағанда Өзіңізден басқаға қолқа сала алмайтын тәріздімін. Сізге түсер салмақтың сансыз қазағыңызға, қазақстандық халқыңызға да түсерін сезіп айтамын. Сондықтан да алдан есеңгіретіп тосар амалдан қаймығып, есе жіберіп алсаңыз, ертеңіміздің опырайған орнын толтыратындан ешқандай құдірет болмасын бүгін пайымдауыңыз керек. Жеке бастың өкініші түк емес. Өзегі бір өртеніп, бір басыла жатар-ау. Қара қамыстай халқымызды қанқырғынның аранына матап беріп, құлдықтың қамытына басын сұққызсаңыз - одан өтер зауал болмас. Азат елдің азап тұзағы ұлтыңыздың мұрнынан шыбын жанын сығып алғанша түсе қоймаса, дүниенің кеңдігінен, жалғанның жарығынан не пайда?.. Ұрпақтың ұрпағына ауысар кіріптарлық пен мешеулік, бейшаралық пен құлдық, ұрпақтың ұрпағына кетер жасқаншақтық, көрбалалық, қорлық кешегі «жаным - арымның садағасы!» дейтін тәкаппар ата-бабаларды көрінде дөңбекшітпей ме. Өзгенің боданына қайтадан еніп әдетіміздің адасып қалар болсақ, ғұрпымыздан ажырап кетер болсақ, салтымызды салт атпен қуып жете алмас күйге түссек, діліміздің тіліміз айрылса, дініміздің діліміз безінсе, ондай күннің тумағаны-ақ жақсы шығар.

Тазалықтың таза мінез, адал ой, әділ жүректе ғана қонақтайтынын сіз де білерсіз. Жүректен әділдік жоғалса, ойға олжа дәметкіш ниет араласса, тазалық айдалада ұлыған иттей адасып қалады. Өйткені қарға тамырлы қазақтың ілік-шатыстығы кейде ақылды тақыл, ойды ойран ететініне көзім талай жеткен. Құдайдың сөзін айтар жерде құданың жоғын жоқтай қалатын дерттілерге ем таппай, ызамен түйілетін қазағымның күн сайын көбейетінін бәріміз сеземіз. Қауымым демей, бауырым деп бауыры езілетіндердің ақты қаралап, қараны саралап, Хақ жолынан тайып, шайтанның сабауына жармасқанын көргенде, қапас боп кеткен дүниеден тыныс алар құыс таппай қуарғанымызды кімге шағармын...

Баладай аңқау, сәбидей сенгіш, нәрестедей нанғыш қазақ екеніміз ақиқат. Оның үстіне тез еліктегіш, тым желіккіш қызбалығымыз тағы бар. Жел бергенді ем көретін, мал бергенге жан беретін қолқ еткіш босаңдығымыз және жоқ емес. Пайдакүнемдік дейтін ұсақтық иектеген мінезсіздіктен арылып та кете алмай жүрміз. Осы күйкілігімізді, осы осалдығымызды ертеңгі бізді уысына жұмарлап қысар қос көршің пайдаланбас деймісіз. Мықтап пайдаланады.

Балаларымызды «оқытамыз!» деп әкетіп, не шүлдірлетіп, не маңқылдатып әкеліп желкемізден түрткілеп отыратын жендетімізге айналдырса қайтеміз. Өзімізден шыққан озбырлардың әрқайсысы өзгенің онына, жүзіне татитынын көріп жүрміз ғой. Сол озбырлар көбейген сайын кеудеңнен жаныңды, көкірегіңнен тіліңді тамшылатып тауыса ма деп қорқам-ау, Нүреке. Асылдың асылына балаған ана тіліміз қазақтың қанымен қоса тамшылап түгесілетін болса, мынау жалпақ даласының еркін жосыған баласына шынжыр құрсауды босатпастай етіп өзіміз салғызамыз ба? Сөйтер болсақ, екі дүниенің азабы мен дозағын осы бастан кешкеніміз ғой. Мен күңіренсем - қабырғамды қайыстырып бара жатқан осы ой сұмдықтардың зіл батпан ауырлығынан күңіренем. Алдымыздың тұйығынан, жолымыздың бұралаңдығынан запыланған шарасыздығымнан күйінем. Соңынан ілескен жұртын не орға құлатып, не жарға жығып алатын басшысын қай елдің қарғысы атпаушы еді. Қарғыс алғанның қайырлы ісінің бәрі зая кетерін әркімнің де бір бүйірінде сақтап өткені керек-ау...

Тау шөгер, көл таусылар - бірақ мәңгілік ел дейтін халық та мәңгілікке жете алмаса, тілінен, ділінен айрылған шалажансар кеудесін сүйретіп, әркімге бір көзін сатар мүсәпір хал кешсе, сол халықтың... халқыңыздың тауарихтан көшкені... өшкені емей немене. Қазақ атымыз болғанымен, затымыз жоғалса, көлеңкеміз көлбеңдегенімен, арымыз алдымыздан көрінбесе, артымыздан ілеспесе, кеудені құр сүйреткенмен қай ұшпаққа шағармыз? Нәрінен айрылған елдің қасиеті мен қадірінен айрылатынын ескермесек, ертең кешігеріміз хақ.

Жоқ! Көнбейді көңілім ондай қиянатқа. Шайлықпас жүрек қазақы кеудемізде тулайды әлі! Алаштық қаймықпас айбын жанымызды қаһарлы кекпен қайрайды әлі! Туған даламыздың түндіктей азат аспаны төбемізде әлі! Арқасына тақымымыз тисе, желдей жүйткитін арғымақтарымыз астымызда әлі!

Қадірменді Нүреке! Жаратылысында адалдығы мол, тумысында кісілігі артық, тәрбиесінде мінезділігі тартымды азаматым бола алар ма деп Сізге салмақ салып отырмын. Батқан күннің атарын, жұт артынан құт жетерін пайымдайтын дала перзентісіз. Ииле білген басымыз иліктіре де білер дегенге сайып, адаспасын деп алдыңыздан қара көрсеткен көптің бірімін. Қат-қабаттап жетер ауыртпалықты

ел басынан арылта алар жолдың бір қылтасын тездетіп тапсаң деген ниет біздікі. Халқыңның бабын да, бақытын да табам десеңіз, бүлінгенді емес, бірлігімізді қалар түріңізге бағам. Қаһарланған көршілерден сескебей, қыл мойынды қылышқа төсеп, келеге түсер кесектігіңізді күтеміз. Қара бастың қамы - қаңғытып кетер тұрлаусыз соқпақ. Оған Өзіңіз де түспессіз. Етек алған, есе тиген еліміздің іргесінен ызғар шашырап түрғанда, көп болып бірігіп, доп болып жұмылуымыз қажет. Шер қабар көңілді, зар құшар жүректі, аһ ұрар жалынды өзекті басу қажет. Әлемді әлдилейтін де, аялайтын да - жұмыр басты пенденің бір-біріне деген мейірімі мен сүйіспеншілігі. Ұғынысудан өтер ұлылық жоқ. Түсінісуден артық тұрлау жоқ. Татулық аңсаған кеуде, мейірімге бөккен жүрек қанаттасын қасына жинаудан жалықпайды. Ары адал, жаны таза, жүрегі халқым деп соғар Қасымжомарт, Иманғали, Нұрлан тәрізді азаматтармен ақылдасып, кеңесіп жүрсеңіз, ізгіліктің ізі ұзарып сала берер еді-ау деп ойға батамын.

Күштілердің сесі ұлғайған заманға тап болған соң, әркімге бір жалтақтай беруден тыйылар шара іздейік деген жан шырылы менікі. Үйде отырып үйелей бермей, үркітіп бара жатқан үрейімді барша қандасыма білдіру ғана. Еліміз тұтастығын сақтап қалып, мемлекетіміз Украинадай дар-дар бөлінбесе екен деген қаупім қолыма қалам ұстатты. Тәуелсіздігіміздің белі сынбасын, дербес, еркін егемендігіміздің ошағы сөнбесін деу ғана. Бір сынған белдің сауығуы қиын. Бір сөнген оттың тұтануы ақырет. Сынбау үшін алысып бағайық, Нұреке. Сөнбеу үшін жан аямай күресейік. Халқымыздың ендігі түсер соқпағы да, үздіктірген үміті де сізге байланысты. Ел бірде бала, бірде дана. Даналығын дана болып қорғай білгеніңіз қажет. Даналығын бала болып қолдана білгеніңізді тосамыз.

Қаламгерлік һәм замандастық сәлеммен Софы Сматаев,

«Дат» газеті, 2014 ж.

АЙТЫЛМАЙ КЕЛГЕН СӨЗ

Ардақты ағайын! Қадірменді қазақстандықтар, бауырлар, қандастар!

Мен бүгінде сіздерді «сырластарым, мұңдастарым, мүдделестерім!» деп атағым келіп тұр.

Мен де сіздер тәрізді тәуелсіз ел аталғанымызға 23 жыл толса да, соның әлі күнге дейін жемісі мен жеңісін көре алмай, биіктегі биліктің ерік-ырқымен ғана бас көтеріп, кеуде тіктеместен қыбырлайтын ащы өзек, аш қарын қазақтың бірімін.

Мен де дәл сіздердей өмірімді алса да, бостандығым мен дербестігімді ешкімге алғызба, деп Алласына маңдайын тақылдатып ұрып, азаттықты анасындай құрметтейтін Алаш жұртының бір перзентімін.

Мен де егемендігімізбен егіле жылап, еркіндігімізбен еңірей қоштаспайық деген зар тілегін мынау мылқау Жалғанға жариялай жеткізіп, Ресеймен еуроазиялық одаққа мүше болып кірсек, бұрынғы үш жүз жылдық төбеміздің тоқпақтатқан отаршылдықтың темір бұғауына қайтадан бодан болып кіреміз-ау деген қорқынышымды кеудемнен сығып шығарып, елбасыға құлаққағыс етіп ашық хат жазып далбасалағанның бірімін.

Жоғары жақтан жауап берердей тырс еткен үн, шылп еткен ерін болған жоқ. Қайта еуроодаққа кірген бойда қағанағымыз қарқ, сағанағымыз сарқ боп, пайданың астында қалып, үлде мен бүлдеге оранар тұрмыстірлікке күмп етіп еніп кетерміз дейтін өрекпулерін БАҚ-тың барлық түрінен бақылдап, тақылдап беріп жатқан басшыларды да, сол басшылардың тақылдауларын баршаға тақымдап отырып жеткізіп жатқан ұятын ұрлатып алған журналшыларды да тыңдаудан құлақ сарсылды.

Мені біразыңыз қаламгер ретінде тануларыңыз мүмкін. Көпшілігіңіз танымайсыз да. Бірақ мен бүгін сіздерге өте жақынмын. Сіздермен бірмін. Сіздермен біргемін. Себебі мен де дәл сіздер сияқты әр сайлауда өз даусын ұрлатқызатын шарасыз мұңдас пендемін. Мен де сіздер тәрізді сонау Жаңаөзендегі бейкүнә қырылған қыршындардың қазасын аза тұтқан, жүрегі қан жылаған қазақтың бірімін. Сондықтан да мен сіздердің сырлас, мұңдас мүдделесіңізбін.

Жаңаөзен оқиғасына, міне, үш жыл толыпты. Осынау

үш жылда үш күндік теңдік таппаған қазағыңның, осы үш жылда еркіндігінің аясын барынша тарылтып алып, жоғарыдағылардың заң-низамды белінен басып, байыған үстіне байып жатқанына аш-жалаңаш тірлігінің өзегіне ас, жыртығына жамау таба алмай жүрген, төмендегі қандастарым, сіздердің естеріңізге биліктегілердің сол қылмысты әрекетін қайталап жеткізгім бар.

Өйткені Жаңаөзендегі қанды қырғын - бүкіл қазақтың кеудесіне қадалған қанды жебе болатын;

Өйткені Жаңаөзендегі қанды қырғын - бүкіл қазақтың жүрегін қақ тілген жазылмас жара салған;

Өйткені Жаңаөзендегі қанды қырғын - бүкіл қазақты биліктегі, биіктегі басынған шағын топ пен төмендегі өксіген, ашынған қалың көпті екі бөлген қанды меже еді;

Өйткені Жаңаөзендегі қанды қырғын - мүлгіп, шұлғып мәңгүрттенген қазақты жұлқып оятып, шарпып ойлантып, есін жиғызып, ерік-ырқын босатып алуға итермелей жаздаған ғаламат оқиға еді;

Өйткені Жаңаөзендегі қанды қырғын - «Қазаққа қазақ неге оқ атты? Қазақты қазақ неге қырып салды? Қазақты қазақ атуға кім бұйрық берді?» деген қанжардай тілгілейтін сұрақтарды әрқайсымыздың кеудемізден айтқыза бастап еді-ау.

Қадірменді мұндастар! Биіктегі биліктің жауапсыз немқұрайлығы барынша асқынғандықтан ел ішіндегі төменгі мен жоғарғының бірін-бірі түсінуі мүлде жойылды. Барлық өңірде жұмыссыздық белең алып, ауылдық жерлерде қайыршылыққа жақын жұртшылық тіршілігі басталды. Жоғарының төменді менсінбеуі, төбесінен төніп дікілдеуі, өтірік ақпарды көрнеу көзге алға шығаруы, сайлау біткенді бірде бір рет дұрыс өткізбеуі, дауыс ұрлауы, оппозицияны шеттетуі, құдалауы, азаматтарға өтірік пәле-жала жабуы көбейді.

Осындай келеңсіз, қитұрқы әрекеттердің себеп-салдарынан тұтанған наразылық көріністері ел ішінде сол шақта-ақ бас көтере бастаған-ды.

Оларға бүкіл қоғамымыздың тірегінің сықырлап сызат түсіргенін байқататын жастардың өзіне-өзі қол жұмсаулары айғақ.

Оларға шарасыз үлескерлердің сандалтқан күрескерлігінен еш нәтиже шығара алмай еріксіздік бұғауында қылғынып, өзін-өзі өртеудің көбеюі куә.

Оларға отанымыздың түкпір-түкпірінен діни экстремистердің оқты қардай боратып, қызыл қанды судай ағызуы дәлел.

Ол аздай-ақ үш жыл бұрын халықтың келісімінсіз Кеден одағына күмп етіп қойып кеттік те, қомағай Ресейді тесік-жыртық қалтамызға бір түсіріп едік. Ертең Еуразия одағына сүмеңдеп кіріп, ортақ экономика, ортақ валюта, ортақ шекара дейтін сұмдықтарды алға шығарып, жиырма үш жылдығын тойлаған тәуелсіздігімізді, жиырма төртінші жылы қыл мойнымызға қылбұрау боп түсетін Путиннің қанды қанжығасына мықтап байлап беріп, бұрынғы құлдық, кемдік, бодандық таз кепемізді қайта киеміз.

Тіршілігіміздің бадырайып тұрған осынау сұрқияларын көпсініп жүргенімізде, Жаңаөзендегі қанды қырғын ұлт трагедиясы, халық қасіреті боп тағы қосылып еді ғой.

Оған не себеп?

Ол - орталық, астаналық биліктің Маңғыстау өлкесінің аса қиын әлеуметтік жағдайына, тұрмыс-тіршілігінің күрделі мәселелеріне немкеттілікпен атүсті қараудан туындаған ұлттық трагедия болатын.

Ол - жеті ай бойы аптап пен аязда өз мұң-мұқтажын жоғарыға айтып жеткізе алмаған мұнайшыларды алыстан ызбар шаша қорқытып, үркітіп отырып, бұғалыққа басын сұғар үйіріне қайта қосам дейтін өктемшіл биліктің ұрдажық әрекетінен өрбіген халық қасіреті еді.

Төрдегілерден әділеттік күткен, ақиқатты аңсаған маңғыстаулықтарға президент түгілі, премьер-министр де, салалық министрлер де барған жоқ еді. Бару қайда, әлгілердің талап-тілектерін ескермек тұрмақ, елемеген де.

16 желтоқсан 2011 жыл. Бүкіл елдің тәуелсіздігімізді мерекелейтін қасиетті де, киелі той күні еді. Ал сол айтулы мейрам күніміз қасіретті күнге, қайғылы күнге айналды. Халық қара жамылды. Ұлтты үрей биледі. Ұлт кеудесін кек жайлады. Қазаққа қазақ оқ атты!.. Неге? Не үшін? Кім үшін? Кім атқызды? Кім бұйырды?

Халықтың жүрегіне сонда оқ қадалды. Бүкіл ұлт болып өкініштің жолына өксіп түстік. Өкіріп көр құштық. Бұрынғы бір арманымыз, бір тілегіміз, бір талабымыз бір-ақ сәтте быт-шыт боп ыдырады. Төбе бір бөлек. Төмендегі бір бөлек. Бір діндегі, бір ділдегі, бір тілдегі ұлт екіұдай.

Әкеге бала, ініге аға қарсы болғанымыз ба шынымен... Неге?

Өйткені зиялымыз тозды да азды. Олардағы жағымпаздық, жалтақтаушылық, сыбаға күтіп қол жаюшылық, азаматтық парыз бен қарызды, ар мен ұятты, қайырым мен мейірімді ұмыттырды. Күштінің әлсізді пісірмей-ақ жейтіні, мықтының нашарды ойыншық қып ойнауы, құрбандыққа шалуы - бүгінгі біздің әдетке айналған тіршілігіміз ғана.

Құлдық күйдегі қоғамның, мүлгіген, шұлғыған қоғамның әр тұсынан биліктің қиянатына қарсы қадау-қадау дауыс көтерген бес-алты қаламгер болмаса, тұтас 'іиялы қауым зиянды қауымға айналып кеткендей-ақ. Абыз ақсақалдарымыз, ұлығатты дейтін үлкендеріміз үнсіз қалса, биліктің маңайында жүрген қаламгерлер мұнайшыларды «бұзақы! басбұзар!» деп кінәлап, қара қаргысын құя салған-ды.

Ал еліміздегі басқа ұлт өкілдері, сондай-ақ православие, иудаизм төңірегіндегілердің бірде-бірі тіс жарған жоқ. Соған қарағанда, оларға қазақтың бірін-бірі қырғаны қызық болатын сияқты-ау.

«Сияқты-ау!» деуім бер жағы ғана. Ресейдің тұтас елді тулақтай сілкіп, шүберектей жыртып Украинадан Қырымды бас-көзге қарамай тартып алғанын көрмей отырған жоқ. Көрген соң өз еліміздегі, өз ішіміздегі біраз орыс жұртының делебесі неге қозбасын. Күні ертең ел басына «Ұлтым!» дейтін ұлтжанды азаматтар келсе, қазағымыздың қасиеті мен киесі өгей қалпынан озып, биік мәртебесін иеленсе, ана тіліміз босағадан сығалаған орнын төрге шығарса, ұлттық тіліміз бен қадір-қасиетімізді елемей, мұрын шүйіретін шүлдірлегіш жерлестеріміз (оған орыстілді өзіміздікі де қосылары сөзсіз) референдум дегенді әлден-ақ сылтауратып, солтүстік облыстарымызды бөліп экетуге жанын саларына еш күмәніңіз болмасын, ағайын.

Өйткені дәл осы жымысқы әрекет Кремльден бастау алып, айтақтап қосар Жириновский, Лимонов тәрізді жандайшаптарының дүбірлетуімен іргеміздің беріктігіне сына қағып, шаңырағымызды шайқалтпақ болып ақ тер, көк терге бөгіп әлекке түсуде. Ал осындай қаскөй тілекті, жауыздық ниетті тыю үшін ой тербеп, саусақ қимылдатқан биліктегілердің біреуі болды ма? Болған жоқ. Кейін де болмауы мүмкін.

Жаман айтпай жақсы жоқ, ұлы державалық дәрежені күні-түні аңсаған көршіміздің тұтастығымызға сызат түсірер әлімжеттік жасар әрекеті басталып кетсе...

Армиямыздың Украина армиясымен салыстыруға қауқары әлсіз екенің сезсек... ертеңіміздің еркіндігін уысымыздан шығарып алармыз-ау дейтін өкініштi өксікпен төгілер қалың уайымға батам де кетем, армандастарым.

Сондай-ақ тарихтың көкшешек жетімегіндей, лениндік-сталиндік саясаттың мұрагеріндей боп, тіпті заң шығаруға да икемделген ассамблея да тырс етіп үндеуге жарамаған. Өйткені ол ұлтаралық достық, татуластыққа емес, билікке қызмет етіп, солардың шашбауын көтеретінін сол кезде де, бүгін де дәлелдеумен келеді.

Төрдегі топқа ойлы, милы бастың, зерделі зерек кеуденің, интеллектінің түкке де қажеті жоқ. Мықты болуың үшін, өсуің мен бөсуің үшін төбеде отырған төре кланның өкілі болсаң жетіп жатыр. Мектеп мұғалімінен тізім арқылы-ақ мәжіліске депутат, колхоз агрономынан облысқа әкім, акушерден генерал, слесарь-сантехниктен зауыт директоры, һәм қожасы болып шыға келу - түкіріп тастаудан да оңай.

Халқымыздың кемеңгерлігі, жанының кендігі, көнімпаз көңтерілігі - жоғарыдағылар үшін нашарлық, сорлылық, әлсіздік һәм бишаралық боп саналады. Сол себепті де олар өздерін Құдай, немесе құдайдан былай еместей көреді. Сол себепті де мемлекетіміз бүгін ғана туа салғандай, ұлтымыз әлгінде ғана жаратылғандай сезінуіміз керек. Өйткені соның бәрін жасаушы мемлекеттің іргесін қалап, шекарасын бекіткен жалғыз ғана Құдірет иесі бізге ғана нұрын шашып отырғандай ғажайып мақтанышқа бөленуге тиіс екенбіз.

Бірақ бөлене алмаймын. Мен де дәл сіздердей осыншама жер асты, жер үсті байлығымыздың тап ортасында отырып, қайыршының күйін кешетініме қатты қиналам.

Мен де сіздер сияқты осынша ырыс-дәулеттің баршамызға түгел адалдықпен бөлінбей, төрдегі обыр тобырдың бір толмас құрдымдай өңешіне құйыла бере ме деп өкінішімді өкпемнен төгем.

Ал өз кенімізді өзгелер қазып алып, байып жатқанында, бас қаламызды басқалардың алабажақ етіп салып жатқанында мүлде жұмысымыз жоқ. Дуылдап, шуылдап

далиямыз, далақтаймыз кеп. Ал Жаңаөзендегідей қанды оқиғалар болғанда ғана есіміз шыға алақтаймыз кеп.

Өйткені біз «Хабарды» көріп, «Егеменді» оқып, байлықты кешіп жүрген белшесінен, біздерде мынандай бар, мынандай бар!» деген биліктегілердің уағызнамасына күдікпен қарау түгілі, кілтипан келтіруді білмейтін «жүндеуге жақсы жуас түйеге» айналған көнтері жұрт боп барамыз. Бұрынғы тегін білім алу, тегін медициналық емді пайдалану, тегін пәтерге ие болып, отанымыздың шын мағынасындағы толық құқылы азаматы деген ардақты атағымызды қалпына келтіруді жоғарыдағылардан өңешін жұлып алардай қайсар табандылықпен талап етуді әлдеқашан ұмытқанбыз. Содан соң-ақ әлдекімдердің өзімшіл амбициясы үшін өткізгелі жатқан ЭКСПО-ға жұмсалар миллиардтаған қаржы-қаражатты тағы да салықтан салықты үдетіп, тыр жалаңаш халықтың ашық-тесік қалтасына сумаңдатып қол сұғуды бастап кеткен үкіметке қарсы қабақ шыту тұрмақ, жанар тіктеуге де шамамыз жоқ.

Ал ертең «бармақ басты, көз қыстысы» ерекше дамыған жүзіктің көзінен өтердей әлдебіреулеріміздің жылпостығының арқасында 2022 жылғы қысқы олимпиада Алматыда өтер болса... Құдай басқа салмасын. Қалтасынан ғана емес, қасығындағысын да салық деп аузынан қақшып алар шенеуніктерге жем болған қарабайыр бұқара жыртығын жамау былай тұрсын, жамау жапсырар жыртығының өзін таба алмай, ақ қар, көк мұзда бүрсеңдеген жалаңаш жотасын... жотасынан төменгі тұсын тұс-тұстан қаптап келетін шетелдік қонақтардың таңырқаған көздеріне тоса қояр-ау деп әлден-ақ күңірене бастаған ішімнің кірнесін өздеріңе ақтарып тастап отырмын, алашымның аңқау ұлдары.

Құдай-ау, дейікші: «Қан не үшін төгілді? Қыршын ұлдардың қаны! Елді жаудан, ерді даудан қорғауда төгілді ме? Жоқ! Ақша үшін. Өзгелердің ертең қоржынына миллиардтап құйылар оңай олжа үшін!

Анау «Қазақмыстың» жартысы өзгенікі. Анау «Қаражанбас мұнайдың» тоқсан пайызы өзгенікі. Екі-үш жыл бұрын соның он пайызын өзімізге қайтарып алдық деп үкімет шәпкісін аспанға атып қуанды ғой. «Қаражанбас мұнайдың» неге тоқсан пайызын қайтарып алмайды. Сөйтіп бүкіл елді, баршамызды неге қуантпайды?

Жаңаөзендегі төтенше жағдайдың мерзімін билік неге ұзаққа созды деген сұрақ, қадірлі мұндастарым, менің де миымды шағып, мазамды қашырып біткен-ді сонда. Не үшін созу қажет болды? Қолмен жасаған қылмысты көмбелеп жасыру үшін бе? Өлген қыршындардың анық санын білдірмеу үшін бе? Ізсіз-түзсіз жоғалды дегендердің ізін жою үшін бе? Әлде қорқыту-үркіту, ұрып-соғу арқылы анау өжет жандардың, өжет Адайлардың, өжет оралмандардың мысын басу үшін бе?

«Бәріне, бар келеңсіздікке оралмандар кінәлі» - дейді Д.Ахметов те, Шүкеев те, Мәсімов те. Оралмандар отанына оралғаны үшін кінәлі ме? Жұмыссыз, үйсіз, күйсіз болғаны үшін кінәлі ме? Оңдай жоқтарды үкімет неге бар қылмайды?

Оу, жарандар! Кіндік жұртынан кеңестік кезеңнің ұрдажыққа бағышталған зорлығынан бас сауғалап ауып кеткен міскіндерді неге кінәлаймыз. Туған жердің түтінін аңсап, сүйегіміз байырғы атамекеннің топырағында қалсын деп, жүрегін қолына ұстап, елін, жерін сағынып жеткен бауырларымызды неге күстаналаймыз. Отанымыздың ары мен барын жоқтар төлтумаларымыз көбейсе, көз алартатын қос көршімізге кәдімгідей сес емес пе. Сырттағы 5 миллион қандасымызды түгел, көшіріп әкеліп, сонау «құриды, өшеді, қирайды!» дейтін Арқалық, Жаңатас сияқты босап қалған қалаларға неге орналастырмаймыз. Сонда олар жұмыссыз, үйсіз, күйсіз болмай, өздері-ақ өндіріс орындарын ашып, ауылшаруашылық ұжымдарын көбейтіп, тасқындаған еңбектің үлгісін танытар еді-ау. Оларды «оралман» деп кеудеден түйрер оқшаулауды жойып, «өзім, өзектесім!» деп қағаз-құжаттарын еш созбастан келген бойда қолдарына ұстатып, алаштың ақжүрек адалдығын неге танытпаймыз. Әйтпесе бүгінгі билікті өгей ұл басқарып отырғанда, өз қандасымызды өңменінен итерер кісәпірліктен құтылуымыз қиын.

Жаңаөзендегі қираған-бүлінгенді қалпына келтіру үшін және әлеуметтік мақсаттарға миллиардтап қаржы бөлінбек екен. Бөлінсе, сол қаражат тиісті орнына дұрыс жетті ме? Әлде шенеуніктердің қомағай өңешіне сүңгіп кетті ме? Гәп осында. Ал Мәсімов жолдас сол қыруар қаржыны өз қалтасынан шығарғандай керіліп, кердеңдеп маңғазданған болатын. Дер кезінде әліптің алдын алып, анау ереуілдеген мұнайшылардың талап-тілегіне көңіл

бөлгенде, қан төгілмес еді. Осыншама шығын болмас та еді. Қателікті көре білу де, көрсете білу де өте қажет екенін ең алдымен президент ескерсе дер едім. Әйтпесе, «елбасыға тек қана көмекшімін!» дейтіндер көбейіп, төмендегілердің талабына құлақ асатындар азая бермек.

Халықтың билікке деген ұлы сенімі сөне бастады. Сол сенімді қалай қалпына келтіре аламыз? Анау шаңырақтары шайқалған маңғыстаулықтардың, көптеген қаланың төңірегіне шоғырланған шарасыз қазақтың ұлтарақтай жер таба алмай, тапса, қорғай алмай жүргендердің көңіліне медеу, үйіне береке, ауылына мереке берер қандай алданыш пен жұбаныш бар? Бар ма сондай мейірім мен пейіл билікте? Әлде осы уақытқа дейін тоқтатпаған ұрып-соғуын, жазықсыз жазалауын, түрмеге тоғытуын, үркітіп-қорқытуын жалғастыра бере ме?

Қымбатты мүдделестерім! Мен де сіздер сияқты «Сайлау неге дұрыс өтпеді? Даусымыз неге ұрланды? Оппозиция серкелері тізімнен неге түсіп қалды?» дейтін көп сұрақтың қамауында қалдым. Оларға жауап жоқ. Болмайды да. Өйткені бұл билікке өзіне қарсы сөйлер ауыз қажет емес. Одаға, мақтау-мадақтауға үйренген құлақ сын мен мінді тыңдамайды.

Ал зиялы қауымды - зиянды қауымға айналып барады деуіміз жалған емес. Өйткені біз жоғарыдағыларға батырып айта алмаймыз. Жалтақтап күн көріп, жалпақтап етек сүйіп, жалпылдап ода жазып тірлік кешеміз. Құнымыз президент стипендиясы дейтін бір жолғы 300 мың теңгенің төңірегі ғана. Өзімізге тиесі әлденеше миллион долларға татитын қаламақымызды - қаламгерлік еңбегіміздің өтеуін жиырма үш жылдан бері ала алмай жүргенімізбен мүлде ісіміз жоқ. Сол қаламақымызды ұрлап, тығып отырған билікке қарсы мыңқ етіп те көрген емеспіз. Зиялы деп атансақ та, өзімізді-өзіміз кемітіп, өзімізді-өзіміз қорғай алмай, өзімізге өзіміз зияндық жасап жүрміз.

Ал елбасымыздың осы биылғы ентелетіп, ертелетіп төбеміздің үйе салған жолдауынан әлдебір төніп келе жатқан дүрбелеңнің, экономикалық дағдарыстың басып қалардай дүрілдетіп жақындағанын сезем бе, ұйқым мүлде қашып кетті, бауырларым. Сол құбыжық тірліктің алдын алмақ болып, құбыжықтың аяқ-қолына кешіктірмей кісен салмақ болып, дағдарыстан аман-есен алып шығар ма дейтін «Нұрлы жолын» елі мен жұртының алдынан ашпақ

болып жанұшыра қимылдаған президенттің әрекетін де бір кісідей түсінемін-ау. Әй, бірақ білім алудың, қолжетімді үй алудың қияметке айналуын, зейнетақының болымсыздығы мен кредит берудің, шағын және орташа бизнеске көмек көрсетудің жоқтығын жоюдың дәл бүгінгі таңда шаралары табыла қоюы неғайбыл ғой. Азаматтардың табыс көзі мен еліміздің экономикалық көрсеткіштерінің құлдырауы, жұмыссыздықтың шарықтап өсуі барынша етек алып кеткен кезде, тығырыққа тірелген алдымыздан қандай да бір жолды ашып берем деу - ертегінің ертегісіндей сезілері хақ.

Көздің қарашығындай сақталуға тиісті ұлттық қорымыздан сауылдатып құйып ала бастауымыз-шарасыздықтың анық белгісі емес пе.

Ол ол ма, соңғы кездегі кадр ауыстырулардың түсініксіздігі үкіметтің тыянақсыздығын тағы бір дәлелдеп кеткендей. Осылардың арасынан әсіресе Ахметов Серік әлдебір қиянпұрыс есептің, әлдебір кландық мүдденің жазықсыз құрбаны болып кетті-ау дейтін күдік ойымды да, бойымды да босатар емес.

Жетпіс жасқа толғанымда облысымның әкімі болып тұрған Ахметов: «Сәке, сізді Қарағандыға әне шақырамыз, міне шақырамыз!» дейтін жалған уәдесімен облысым түгіл ауданыма, ауылыма төбемді көрсетпей, Астанаға ауысып кеткен Серікке өкпемнің қара қазандай екенін де жасырмаймын. Бірақ осы азаматтың тазалығына, ешбір кланды басқармағанына, өзге мықтылардай жылы-жұмсаққа тұмсығын тыға сұғынып кетпегеніне қаламгерлік сезімталдықпен көзім жететіндей. Сонау бір жылдары әлдекімнің әлдебір жікшілдікке ұрынған жетесіз тапсырмасын орындау үшін бе (ол арасын ашып айта алмаймын), бірақ тапжылтпас тегеурінмен орта жүз тұтас орналасқан Семей, Көкшетау, Жезқазған, Арқалық облыстары жойылып кетіп еді. Сол өңірлердің бүгінде құлдыраудың шегіне жетіп отырғанын баршамыз білеміз. Ал мынау Қарағанды арғындарына қарсы басталған қасақы шабуыл сондай зымиян есептің әдейі ойластырылған әрекетімен күрмеле қалуы мүмкін-ау демеске лажым жоқ. Елбасының өзі «Кез келген министр, әкімді қолынан жетектеп апарып, темір тордың арғы жағынан сығалата салуға олардың қызмет орнын пайдалануы, сыбайластығы, жемқорлығы жеткілікті!» демеп пе

еді. Ендеше Ахметовтың да, Әбдішевтің де күн сайын қабатталып жатқан «қылмыстары» анау креслоларында шалқақтап «тірі» отырған әкім-төрелерден артық емесіне мен ғана емес, қазақ жұрты түгел сенімді. Оны мен төңірегімдегілердің дәл осынау қарағандылықтарды тұқыртуды биліктің күштік құрылымдарға тапсыруы мүмкін деп іштей қарсылық білдіріп, бас шайқауларынан анық сезем.

Кімге де болса қай кезеңде өмір сүрмейік адалдықтың аппақ жібінен аттап кету абырой әпермейтінін ескере білгенге не жетсін,әу, ағайын. Солай ғой, ә...

Қымбатты мұндастарым, үзеңгілестерім менің! Жаңаөзендегі қанды қырғын билікке ғаламат қорқыныш туғызғанын менен артық білесіздер. Биліктің ой-бойын құрсаулап үлкен үрейдің билеп алғанын сол биліктің сол кездегі солақай әрекетінен-ақ көре бастадыңыздар ғой.

Ол қандай әрекет?

Күндіз күлкісін ұрлап, түнде ұйқысын бұзып, қарадай қалшылдатып бара жатқан өз кеудесіндегі сұмдық үрейді билік көпке, халыққа аудара салмақ боп жанталаса далбасалай бастады. Билік баршамызды үркітпек боп әлек. Бәрімізді қорқыныштың қоршауына түсірмек боп әбігер. Жалған айыптауларды жабудай ғып жапсырып, жазықсыз жазалауларды өздерінің мызғымас тәсіл-құралына айналдырып алды.

Өйткені үрей билеген кеудеде өжеттік түнемейтінін, қорқақ жаннан күрескер шықпайтынын төрдегілер де, түйсіксіз емес, сезеді. Сондықтан да олар әділет іздеп шырылдаған батыл да қайтпас, жеріне жеткізіп айтатындарды темір тордың арғы жағынан бір-ақ шығарады.

Апырау, үйіне, жұмыс орнына сауылдап жетіп келіп, дырылдатып сүйреп әкетіп, апыр-топыр күйде сот үкімін теп-тез шығарып, еліміздің азат азаматтарын еркінен айырып, кінәсіз болса да қамап тастау - қай заңдылыққа, қай ақиқатқа, қай әділетке сияды? Осыны ақтай қоятын қай «мықты» бар?

Осындай заңсыздыққа қарсы бас көтерген украиндықтар өз елінде демократияның салтанат құруына жол ашты.

Ресейлік БАҚ-тардың Украинаны жерден алып, жерге салып жамандауы - өз қылмысын бүркеудің жалған әрекеті. Ал бір пұшпағында соғыс өрті тұтанған Украинаның көп қиындыққа қарамастан жағдайы

жақсарып келе жатқанынан хабардармыз. Азат тірлік кешкен азаматтарының арқасында сол ел бір жылдың ішінде ауылшаруашылық өнімдерін екі еседей өсіріп, өндірісін жандандыруда да айтарлықтай жеңіске қол жеткізіп отыр.

Ал біз ше?.. Аузымызға құлып салып, көзімізге шүберек байлауымыз ғана қалғанын байқаймыз ба, ақылдас, макұлдастарым.

Бір, он, жүз тіпті мың адамды үркітіп, қорқытуға болар. Бірақ миллиондарды сескенту мүмкін емес қой. Ендеше, бүгінгі тіктелер еңсемізді, жазылар белімізді, көтерілер иінімізді, жаңғырар жігерімізді кеудемізде сақтай білейік. Сонда ғана Карл Маркстың: «Бүкіл байлығын аздаған топ иемденген мемлекетті отаным деп атауға болмайды!» деген пайымдауына сүйеніп, өз отанымыздың бар игілігін, әділетін, шындығын, барлық заңын пайдамызға асыра алатын азаматы атанарымыз хақ.

Сол күнге қол ұстасып, қатарымызды түзеп тезірек жетейік, мүдделестерім менің.

«Жас Алаш» газеті,
2014, 19 желтоқсан.

НЕВЫСКАЗАННЫЕ СЛОВА

Уважаемые соотечественники! Дорогие казахстанцы, братья, сородичи! Мне сегодня хочется обратиться к вам так: «Единомышленники, сподвижники, друзья!»

Я, как и вы,,лишь один из истомившихся, оголодавших духовно казахов, которые несмотря на то, что независимости исполнилось 23 года, не видят ни ее плодов, ни ее результатов, и не в состоянии выпрямиться в полный рост, послушно бредущие только по руководящей воле властей.

Я, как и вы, лишь один из сыновей народа Алаш, почитающих свободу, как святую мать, денно и нощно молящихся Аллаху, чтобы никто не забрал у нас нашу независимость и вольность, во имя чего готовых отдать саму жизнь.

Я один из смертных - тех, кто в эти дни посвятил страстную мольбу к глухому, безответному Пространству, открыв ему душу: дескать, как бы нам, испытавшим его трехсотлетний гнет, снова не оказаться в железных руках доминиона, войдя с Россией в Евразийский союз, помня горькие слезы об утраченной независимости. Я один из тех, вырвавший этот страх из своего сердца и подавший его в виде открытого письма нашему елбасы.

Однако сверху не прозвучало ни единого звука, никто даже губой не шевельнул в ответ. Зато со всех сторон только и слышались уговоры и увещевания разного ранга бастыков, которые, расхваливая преимущества существования в Евразийском союзе, только и твердили: «Как только войдем в Евразийский союз, сразу же станем жить в достатке, пребывая в довольстве, получая только выгоду, блаженствовать в медовой реке с молочными берегами». От дружного гомона и крика журналистов, утративших совесть, хвалебно растолковывавших заумности тех бастыков, разболелись наши уши.

Возможно, некоторые из вас знают меня как писателя. Однако большинству я не знаком. И все же сегодня я как никогда близок к вам. Я с вами. Я вместе со всеми. По той причине, что, как и вы, я один из тех беспомощных избирателей, кто позволяет украсть свой голос на выборах. Как и вы, я один из тех сочувствующих печальников, кто горько оплакивает безвинную молодежь, погибшую в

Жанаозене. Я один из тех казахов, чье сердце неустанно кровоточит.

Событиям в Жанаозене исполнилось уже три года. Я хочу снова напомнить о том преступлении властей вам, казахам, - кто за эти три года и три дня не ощущал обещанного равенства, кто не всегда мог поесть досыта, прикрыть рванье заплатами, чья свобода сужалась все время, подобно шагреневой коже. А в то же время те, кто наверху, использовали законы и власть по своему усмотрению, заботясь лишь о безмерном росте и без того огромного богатства.

Я хочу напомнить вам, по какой причине за эти три года бесконечные стоны и крики безвинно убиенных терзают нашу душу, слух наш.

По той причине, что кровавая расправа в Жанаозене - окровавленная стрела, вонзившаяся в грудь всем казахам.

По той причине, что кровавая расправа в Жанаозене - кровоточащая незаживающая рана, появившаяся в сердцах всех казахов.

По той причине, что кровавая расправа в Жанаозене - окровавленная межа, разделившая нас на две стороны: на тех, кто наверху, небольшую распоясавшуюся группу, и на тех, кто внизу, в большинстве своем залитых безутешными слезами.

По той причине, что кровавая расправа в Жанаозене стала толчком, великим событием, пробудившим спящих, обманкуртившихся казахов, заставившим их задуматься, собраться с духом и силами, обрести мужество.

По той причине, что кровавая расправа в Жанаозене подобно дамокловому мечу зависла над душой каждого казаха, раня ее вопросами: «Почему казах стрелял в казаха? Почему казахи расправились над казахами? Кто дал приказ стрелять казахам в казахов?»

Дорогие соотечественники! По той причине, что власть имущие, заняв позицию недоступности, храня равнодушное молчание, и исчезла всякая возможность верхам и низам понимать друг друга. Предоставленный самому себе, охваченный безработицей, близкий к нищенству аульный люд влачит жалкое существование. В обществе стали нарастать негативные факторы: участились ложные обвинения против граждан, преследования, обструкция оппозиции, кража голосов, фальсификации на выборах, очковтирательство и подтасовка фактов в печати, грубые

окрики сверху, пренебрежительное отношение верхов к низам.

По причине некорректных, изворотливых действий тех, от которых многое зависело, накапливались недовольство и раздражение в народе, уже тогда прорывающихся наружу. Доказательством тому служат участившиеся в то время случаи суицида молодых людей - явления, которые болевой трещиной разламывали самочувствие общества.

Доказательством тому служат участившиеся случаи самосожжения людей, отчаявшихся в бесплодной и безысходной борьбе за свои права, удушенных тяжкими обстоятельствами. Доказательством тому служат кровавые эксцессы, свинцовый ливень, устраиваемые в разных краях отечества религиозными экстремистами.

Как будто бы и этого нам было мало; три года назад без согласия народа мы рухнули в объятия Таможенного союза и сами засунули руку ненасытной России в свой дырявый карман. А сегодня, войдя с сумрачным видом в Евразийский союз, поставив целью такие бедствия, как общая экономика, единая валюта, общая граница, отпраздновав двадцатитрехлетие независимости, привязав себя накрепко к окровавленным торокам Путина, на двадцать четвертый год снова наденем неволи хомут, облачившись в изношенную робу рабства, потеряв равенство, свободу.

И вот в то время, когда мы тяжело переживали немало лихих невзгод и бед, на нас обрушилась кровавая трагедия Жанаозена, ставшая всенародным горем.

Что стало причиной этому? Причиной этой трагедии стало безразличное, надменное отношение центральных властей к исключительно трудным жизненным обстоятельствам и социальным проблемам населения Мангыстау.

Это была запущенная болезнь трудящихся, принявшая хронический характер по причине насильственной, жесткой политики правящих верхов, всякий раз грозящих опять вдеть в свою жестокую упряжь взбунтовавшихся подчиненных, из столичного далека показывающих нефтяникам кулак, тем, кто в течение семи месяцев, терпя жару и холод, не мог довести до власти свои просьбы и жалобы.

Никто не поехал к мангыстаусцам, ищущим справедливости, ни президент, ни премьер-министр, ни отраслевые министры. Какой уж тут визит, они ведь не

только не отреагировали на просьбы, даже не приняли их к сведению!

16 декабря 2011 года. Это был праздничный день, день святого для всего народа торжества - день Независимости. И этот праздничный день превратился в день несчастья и скорби. Народ облачился в траур. Народ был охвачен страхом. Душа народа была уязвлена. Казахи стреляли в казахов!.. Почему? Ради кого и чего? Кто заставил стрелять? Кто отдал приказ?

Те пули попали в грудь нации. Мы сокрушались, проливали слезы всем народом. Рыдая, мы обнимали свежие могилы. Прежние наши мечты, наши упования и надежды, наши единые цели - все в один момент разлетелось в пух и прах. «Верхи» сами по себе. «Низы» сами по себе. Народ с единой религией, единым менталитетом, одним языком раскололся надвое. Неужели мы пришли к тому, что сын пошел против отца, брат против брата?.. Почему?

Если так, то это произошло по той простой причине, что интеллигенция и ее элита деградировали. Подхалимаж, угодничество, привычка ходить с просящей, протянутой рукой заставили их забыть о своем долге перед обществом, о гражданском чувстве, чести и достоинстве, о сострадании и милосердии.

Наша нынешняя жизнь превратилась в обыкновение сильных попирать слабых, превращать в издевательскую игру чаяния несчастных, приносить их в жертву.

Если и нашлись в погруженном в летаргический сон безвольном обществе протестующие голоса, не более пяти-шести писателей, осмеливших поднять голос против насилия властей, то в целом элита общества - творческая интеллигенция - словно превратилась в тлетворную толпу. Если почитаемые всем народом аксакалы и уважаемые личности, подобные жрецам древности, хранили молчание, то отирающаяся рядом с властной верхушкой кучка писателей принялась обвинять нефтяников, мол, они «разбойники! наркоманы! бандиты!», проклиная их на чем свет стоит.

Представители же других наций, в частности лидеры православия и иудаизма, не проронили ни слова. Судя по всему, им было весьма занятно то, что казахи расправляются над своими казахами. «Судя по всему!» - это только грань вопроса. Они не могут не видеть, как Россия, взяв за ворот целый народ, не считаясь ни с чем, встряхнув его и порвав

как тряпку, отделила Крым от Украины. Видя это, почему бы не задуматься кое-кому из русского населения республики?

Если завтра у правящего руля окажутся люди, искренне болеющие об интересах нации, если они вознамерятся вернуть казахам преданные забвению святые ценности, нацеливаясь поставить их на должный постамент, если они предоставят должный статус казахскому языку, ныне сиротливо глядящему из-за порога, то как поведут себя «старшебратные» земляки, задирающие носы, как только слышат о государственном языке (к ним, безусловно, присоединяется большинство русскоязычных казахов)? Не сомневайтесь, родичи, что они сразу же поднимут шум о проведении референдума, и сделают все, чтобы отделить наши северные области.

По той причине уже такие науськиваемые приспешники, как Жириновский и Лимонов, вдохновленные коварной политикой Кремля, тявкая, начали вбивать клинья, в поте лица стараясь расшатать устои нашего священного шанырака. Нашелся ли у нас в правящих верхах хоть один, кто попытался бы урезонить злопыхателей с враждебными намерениями, кто погрозил бы им указательным пальцем? Нет, не нашелся. И впоследствии могут не найтись.

Раз к слову пришлось, нужно сказать: как нам быть, что делать, если те соседи, мечтающие ныне о восстановлении мощи великой державы, решат приступить к действиям по разрушению нашей целостности? Если мы знаем, что наша армия в сравнении не годится с армией Украины... То не могу не печалиться, соотечественики, при горькой мысли, что завтра мы можем при определенных обстоятельствах потерять нашу независимость.

Словно синюшная сирота истории, словно она унаследовала ленинско-сталинскую политику, даже вознамерившаяся творить законы, так называемая Ассамблея народа РК во время трагедии хранила полное молчание, будто набрав в рот воды. И это скорее доказывает, что создана она не для защиты дружбы между народами, не для их единства, а для служения провластным структурам.

Думающая, проницательная, обладающая аналитическими способностями интеллигенция правящим верхам абсолютно не нужна. Достаточно всего лишь, чтобы ты принадлежал руководящему клану, тогда тебе предоставляются все возможности и для карьерного роста, и для материального

процветания, и для верховенства над другими. И тогда какой-нибудь учительнице достаточно раз плюнуть, чтобы стать депутатом мажилиса; колхозному агроному, чтобы стать акимом области; бывшему гинекологу - генералом; слесарю-сантехнику -директором завода и его владельцем; лишь бы ты был в нужном списке «достойного» рода.

И тогда мудрость народа, природная широта его натуры, двужильная терпеливость и законопослушность начинают восприниматься правящей верхушкой как ничтожество и беспомощность, беззащитность и убожество. По этой причине они начинают мнить себя богами или по крайней мере приближенными к божеству. По этой причине мы должны думать, что наше государство возникло недавно, а нация сформировалась только что. И поэтому мы должны пребывать в вящей и чудесной уверенности, что торжествуем под дождем милостей божьей благодати того, кто создал основы теперешнего государства, начертил и узаконил его границы.

Однако я не могу пребывать в такой уверенности. Также, как и вы, я не могу не переживать по поводу того, что, находясь среди великих богатств, хранящихся и на поверхности, и в недрах нашей земли, народ почему-то погряз в полной нищете. Также, как и вы, я изливаю свою горечь по поводу того, что все это великое достояние не делится равно между нами всеми. Сокрушаюсь, дескать, до каких пор, словно в пучину, будет оно полностью уходить в ненасытную глотку небольпой группы людей в верхах.

Нам нет никакого дела до того, что наш главный город превращается сомнительными застройщиками в нечто аляповатое, в то время как чужестранцы обогащаются за счет богатств недр нашей страны. Мы шумим, болтаем, утопаем в велеречивости, но когда происходят такие кровавые события, как в Жанаозене, очумело и беспомощно оглядываемся вокруг.

По той причине, что мы, глядя «Хабар», читая «Егемен», полагая, что утопаем в богатстве, мол, у нас есть и то, и это, не замечаем того, как наш народ превращается в своего рода кроткого верблюда, с которого так удобно стричь шерсть. Мы давно забыли про прежнее бесплатное достойное образование, бесплатное качественное медицинское обслуживание, бесплатные квартиры, мы также предали забвению то, что статус полномочного гражданина своей

страны, полные гражданские права вытребывают у правящих верхов на основе мужества и неукротимой воли. Мы должны признать, что у нас нет никакой возможности не только препятствовать, но и даже выразить хмурое недовольство властям по поводу того, что миллиарды тенге готовы потратить на проведение ЭКСПО-2017 только из-за чьих-то амбиций. И ради этого, запуская руки в дырявые карманы обнищавшего народа, чиновники умножают налоги. Безмолвно соглашаясь, мы даже глаза не можем оторвать от земли.

А если завтра по причине щелковости и гибкости некоторых, готовых пройти в игольное ушко, дескать, «глаз подмигнул, палец подсунул», в 2022 году будет проводиться в Алматы зимняя Олимпиада? Боже упаси от этого! О, наивные сыны Алаша, в тоскливом предчувствии хочу раскрыть перед вами душу: что, если простодушный народ наш, ставший жертвой алчности чиновников, обложивших быстрорастущими налогами не только его кошелек, но и даже вырывающий из его рта ложку, не в состоянии не только починить свое рваное пальто, но и даже найти его, подставит свою голую, озябшую на снегу и льду спину... ее нижнюю часть удивленным глазам многочисленных гостей?

Воскликнем еще раз невольно: «О, Аллах, ради чего была пролита кровь? Кровь молодых парней? Была она пролита ради защиты народа от врага, мужа от распрей? Нет! Ради денег. Ради легкой прибыли, которая миллиардным потоком льется в чужой карман!».

Корпорация «Казахмыс» наполовину принадлежит чужим. «Каражанбасмунай» на девяносто процентов принадлежит чужим. Три года назад разве не кидали в восторге власти тюбетейки в небо, что десять процентов этой корпорации мы вернули назад? Почему бы не вернуть все девяносто процентов «Каражанбасмунай»? И таким образом обрадовать всех нас, весь народ?

Дорогие соотечественники, в те траурные дни, буравя мозг, не давала мне покоя одна мысль: почему власти на такой долгий срок затянули чрезвычайное положение в Жанаозене? Для чего его продлевали? Для того, чтобы скрыть следы совершенного преступления? Чтобы не узнали о реальном количестве погибших молодых людей? Чтобы замести следы тех, кого объявили без вести пропавшими? Или для того, чтобы карательными мерами напугать и

смутить храбрые души, подавить волю смелых адайцев, настойчивых оралманов?

«В этих досадных событиях повинны оралманы», - утверждали Д. Ахметов, О. Шукеев, К. Масимов. Получается, оралманы виновны в том, что вернулись на родину. Виновны в том, что не имеют работы, своего дома, социального обеспечения? Почему же тогда государство не обеспечит необходимым таких неимущих?

О, люди! Почему обвиняете несчастных, обездоленных скитальцев, некогда покинувших родину по причине жестоких гонений и репрессий режима советского периода? Почему мы упрекаем наших братьев, истосковавшихся по родине, вернувшихся с намерением служить отечеству, остаться сыном, а потом прахом навечно на родной земле, - родичей, протянувших нам руку и сердце? Если нас, исконных сородичей, искренне болеющих за судьбу родины, за ее приобретения и потери, станет больше, разве это не заставит задуматься алчных соседей, кровожадно поглядывающих на нас? Почему бы нам полностью не переселить 5 миллионов соплеменников, живущих за рубежом, и не поселить в брошенных городах, таких, как Аркалык, Жанатас, по которым ныне причитают, мол, опустели, никому не нужны? И тогда нельзя будет назвать их бездомными, безработными, беспомощными. Они сами откроют производства, увеличат количество сельскохозяйственных кооперативов, покажут пример успешного труда. Почему бы нам не избавиться от привычки уничижительно навешивать на них ярлык «оралмана», называя их «своими, единокровными». Почему бы без волокиты и безотлагательно не выдавать им нужные документы, демонстрируя честность и доброжелательность Алаша. Иначе, если власть по-прежнему будет возглавлять пасынок народа, нам будет трудно избавиться от пагубной привычки отталкивать от себя своих же соплеменников.

Выделяются миллиарды тенге на решение социальных вопросов и восстановление разрушенного в Жанаозене имущества. Если они направлены туда, то поступили ли они куда следует? Или нырнули в бездонные карманы чиновников? Проблема в этом. Господин Масимов же тогда потягивался неспешно с важным видом, словно эти огромные суммы выделял из своего кармана. Если бы суть проблемы была уяснена с самого начала, уделив должное внимание восставшим нефтяникам, изучены их запросы,

то кровь не пролилась бы. Не было бы и последовавших таких больших расходов. Хотелось бы, чтобы прежде всего президент принял к сведению, что необходимо и указывать на ошибки, и требовать исправлять их. Иначе увеличивается число тех, заявляющих, мол, «я только помощник елбасы!», и уменьшается число внимающих голосам низов.

Великое доверие народа властям начало убавляться. Как нам вернуть эту веру на прежний уровень? Во имя того, чтобы душа воспрянула, и в дом пришел достаток, а в аул - праздник; какое утешение, какую надежду можно дать мангыстаусцам, чей шанырак покачнулся! А также многочисленным беспомощным казахам, подвизающимся по окраинам и пригородам городов, тем, кто не может обрести клочок земли, а если обретет - не может его защитить. Есть ли такое милосердие, такое намерение у властей? Или будут продолжаться длящиеся до сих пор избиения, устрашения, тюремные заключения, обвинения безвинным?

Дорогие единомышленники! Также, как и вы, я остался наедине с безответными вопросами, обуревающими душу: «Почему выборы прошли неправильно? Почему наши голоса были украдены? Почему достойные кандидаты и лидеры оппозиции выбыли из списков?». На них ответа нет. И не будет. По той причине, что этой власти не нужны люди, чьи мнения будут идти вразрез. Уши, привыкшие к одам, дифирамбам и похвалам, не терпят критики и замечаний.

То, что творческая элита превращается во вредоносный отряд - это не ложь. Ибо мы - так называемый «глас народа», - не можем твердо и четко сказать верхам правду. Мы подвизаемся, подхалимствуем, сочиняя оды, угодливо спеша поцеловать чью-то фалду. И пределом мечтаний, нашей ценой является одноразовая президентская стипендия размером в 300 тысяч тенге. И совершенно не берем во внимание, что объем писательского гонорора, который нам должны были выплатить за эти двадцать три года, достигает сотни миллионов долларов. И не смеем даже пикнуть властям, которые, умыкнув, прячут от нас наш же гонорар. Хотя нас и называют элитой, мы привыкли принижать себя, не умеем защитить себя и научились вредить самим себе.

То ли потому, что уже слышу грохочущее приближение экономического кризиса, потрясений, готовых подмять нас, о которых елбасы заранее предупреждая, сообщил нам в ежегодном Послании, братья мои, сон покинул меня.

И я понимаю своевременную меру президента, который в программе «Нурлы жол» поспешил предложить нам действия по выходу из кризиса, чтобы остановить бесов грозящих бедствий и, пока не поздно, заковать им руки и ноги. Однако сомнительным кажется мне, что на сегодняшний день найдутся решения по устранению дефицита помощи малому и среднему бизнесу, по содействию в получении кредитов, достойного образования, доступных квартир по госпрограмме. Действительно, кажутся сказкой обещания открыть дорогу в таких условиях, когда мы уперлись в тупик, когда безработица получила такой размах, когда экономические показатели и уровень заработков граждан пошли вниз.

То обстоятельство, что неприкосновенный Национальный фонд, который хранили как зеницу ока, теперь распакован и черпают из него безмерно, - разве не ясный показатель нашей беспомощности?

Мало того, непонятные кадровые перестановки последнего времени тоже как бы бросают свет на отсутствие стратегии властей. В связи с этим не оставляет меня беспокойная мысль, что Серик Ахметов стал безвинной жертвой клановой борьбы, чьего-то беспринципного злого расчета.

Не могу скрывать, что я крепко был обижен на Серика Ахметова, когда он, будучи акимом моей области, не прислав даже адресную папку, легковесно пообещал мне в мое семидесятилетие: «Саке, мы торжественно пригласим Вас в Караганду тогда-то... и тогда-то!». На деле, переведясь в Астану, он не организовал ни одной встречи ни с земляками моего аула, ни района, ни области. Однако моя писательская интуиция подсказывает мне, что этот гражданин чист, никакие кланы он не возглавлял, подобно другим господам руки в казну не запускал.

Ради того, чтобы выполнить давнишнее чье-то неразумное желание, обусловленное местничеством (не могу сказать об этом внятно), в приснопамятные годы неукоснительно и яро воплощенное в жизнь, были ликвидированы Семипалатинская, Кокчетавская, Джезказганская, Тургайская области, где в основном проживало население Среднего жуза. Мы все знаем, что эти регионы сейчас достигли дна своей деградации. Мне ничего не остается, как признать, что этот злой умысел, как

и эта прямая атака против аргынов Караганды, со временем вряд ли уйдет в забвение.

Разве не сказал елбасы: «Любого министра или акима можно отвести за руку за железную решетку, для этого достаточно его коррупционного деяния, сговора и корыстного использования служебного положения». И потому не только я, но и весь казахский народ считает, что Ахметов и Абдишев, чьи «преступления» множатся с каждым новым днем, ничем не хуже акимов, пока еще «живых», вальяжно сидящих в креслах. Потому для меня не секрет, что окружающие меня честные люди дружно кивают головой в ответ на предположение, что, возможно, власть поручила силовым структурам прижать этих карагандинцев.

Братья, что может быть выше понимания, что в какую бы эпоху ни жил тот или иной человек, не принесет ему никакого достоинства бесчестный путь. Не так ли, а?..

Дорогие соотечественники, единомышленники! Вы хорошо знаете, что кровопролитие в Жанаозене вселило большой страх в души власть предержащих. Глядя на поспешные действия, идущие вразрез с мнением большинства, вы убедились в том, что страх действительно охватил власти.

И какие действия?

Потеряв покой, лишившись сна, перепуганная власть, дабы свалить этот свой страх на народ, предприняла тщетные усилия. Власть попыталась напугать всех нас. Она старалась погрузить нас в атмосферу ужаса. Она начала громоздить ложные обвинения против безвинных, применяя против них этот испытанный, верный прием.

По той причине, что верхи не могли не знать, что из напуганного и устрашенного человека не выйдет стойкий борец, в его сердце не поселится мужество. Поэтому самые смелые и стойкие, требовавшие справедливости, были сразу упрятаны за решетку.

Иначе каким законодательством, какой справедливостью, какой истиной объяснить то, что правомочных граждан страны лишали свободы, врываясь в их дома, забирая с места работы, волоча по земле, в спешке вынося скорые судебные приговоры? Есть ли такие умники, которые смогут оправдать это?

Украинцы, поднявшие голову, начав торить широкий путь к демократии, попытались остановить подобное беззаконие.

Есть причина того, что правители России и ее «труженики» СМИ принялись обвинять во всех грехах Украину, это испытанный прием вора кричать: «Держи вора!». Однако мы в курсе дела, что обьятая огнем Украина, несмотря на большие трудности, делает успехи на своем пути. Благодаря свободной жизни граждан, в течение одного года производство сельского хозяйства выросло почти вдвое, есть несомненные успехи и в развитии промышленности.

Ну а мы?.. Друзья, что мы можем сказать, кроме как о повязке на наших глазах и замках на наших ртах.

Можно напугать одного, десять, ну, тысячу человек. Однако невозможно запугать миллионы. И потому мы должны уметь позаботиться о растущей нашей воле, расправляющейся спине, пробуждающемся сознании, распрямляющихся плечах.

И только тогда, опираясь на точку зрения Карла Маркса: «Нельзя называть отечеством государство, где все богатство принадлежит небольшой группе людей!», мы сможем называть себя гражданами, которые пользуются благами, справедливостью, истиной и всеми законами своей родины.

Единомышленники мои, вместе, плечом к плечу, теснее смыкая ряды, под стук добрых сердец достигнем этого дня!

(Перевод автора)

Газеты «Трибуна» и «Трибуна - Саяси Қалам»
Февраль 2015 г.

АСЫЛЫМ КІМ, ЖАСЫҒЫМ КІМ ?

Әділетсіздікті жасау өздеріне тиімді болғандықтан арамдыққа құрық созатындарды тани білу де, таңбалай білу де қажет. Өңешіңдегіні жұлып алып, өз өзегіне тыға салудан жерінбейтіндерден жеріну үшін ашқарақ қомағайлардың апандай көмейін билік басынан тезірек қуудан басқа амал жоқ. Әйтпесе әлгі апан көмейде жарты әлемдей жалпақ жерің де, егемен елің де жұтылып кетуі түк емес.

Сол себепті «адалдың уәдесіне жүгін, арамның уәдесінен безін» деу кредома айналды.

Ал адал жанның уәдесі - айнып кетпес міндеті. Азғын жанның уәдесі - адалдықтың жендеті.

Осылай жаздым да, ойланып қалдым. Ау, Софы, уәдені бар да, жоқ та бермей ме? Аш та, тоқ та бермей ме? Өзіңнің ішіңдегі түйедей сұмыңды байқамай, өзгенің сыртындағы түймедей мінін көргіш пенде екенімізді жасырмасақ, бүгінгілердің адалы мен азғынын тап басып ажыратып, айдай әлемге айқайлап айтып бере алармыз ба. Қайдам. Әлдекімдер мен әлденелерді құлай ұнататындарды ел де сынай ұнатады деп таңдайымызды тақылдата жөнелетініміз бар. Сол ұнататындардың да өздері ұнататын уәделері бар емес пе. Мәселен, «100 мектеп!», «100 ауруханa!» салып беріп, «Ауылды ауызсумен қамтамасыз етеміз!», «Ауыл жылы ауылды көркейтеміз!» дейтін сыңайлы уәделерді құлағымыз сарсыла тыңдамап па едік. Әсем көмейлерден эсерлендіре топылдап төгілген сол уәделердің ұшпағына шығып, мәресіне жеткен біреуін-ақ тауып бере аламыз ба?..

Ендеше кімнің уәдесінің - міндет, кімнің уәдесінің - жендет екенін таңбалап берем деп далбасалаудан түк өнбейтінін сезем. Сезем де, «менің міндетім - ақ қағазға қалам сүйектетіп сүйсінерлігі аз түйсіктерімді көпшіліктің келесіне ұсыну ғой» деп өзімді өзім жұбатамын.

Шіркін-ай, әлгі уәделер шынымен-ақ іс жүзінде орындалып, азаматтарымыздың тұрмыс-тіршілігі оңдалып шыға келсе, сол оңды тұрмысына сәйкес болуға тырысқан азаматтарымыз да құлпырып, жаңарып, жақсарып сала берер еді-ау!..

Қазақты қорқыту оңай, үркіту түк те қиын емес. Жұмыс тапқызбай сенделтіп қолынан күрегін ал. «Көзіңді алартсаң, тіліңді ұзартсаң, темір тордың арғы жағынан бір-ақ шығасың!» деп жүрегін ал. Қиқаңдағыш шіркінің

қыңқ демей алдыңа түсіп, айдауыңа көніп, қыбырлап жүре бергенін көресің.

Ия, биліктің айтқанын істететінін көрдік. Билегеніне де, илегеніне де көндік. Жеті ай бойы желкемізге мінген шетелдік һәм өзіміздік алпауыттардың озбырлығын тежеп, еңбекақымызды дұрыс төлетуді үкіметтен талап етіп, аптапта күйдік, аязда тондық. Үкіметімізден күткен көмегімізді кеудемізді тескен бұршақтай жауған автомат оғынан алып, өндірдей қыршын өрендерімізді о дүниеге аттандырдық.

Жазықсыз шейіт болған құрбандарымызды азалауға да жарамай, астамшылықтың әсерімен абақтысынан бір-ақ шықтық. Қабырғамызды қиратқан, бауырымызды езгілеген, өкпемізді түсірген ұрып-соғуына қанымызды тамшылатып төздік.

Ақыры не болды? Еңбекақысынан айрылған, оққа ұшқан, дүреленген, жазықсыз жараланған мұнайшылар биліктің бұйрығымен бұйдаланған соттың теріс үкімімен кінәсіз, күнәсіз сотталып кете барды.

Ал есеңгіреген халық есін бір жиып, бір жия алмай жүр.

Есін жиған сәтте құнжиып атқа қонардай-ақ іштегі қыжылды ақтарып тастайды.

Есін жия алмаса, құр ыржиып, еп-ерсі күле бастайды.

Ал енді бүтін күлуге де шамасы келмей қалды. «Қазақстан президенті дертке ұшырапты!» деген ресейлік арандатушылардың сұмдық есеппен сумаңдатып таратып жіберген қауесеті төрдегі тепкісі қатты топты да, сол өктем топтың тепкісіне айналған жердегі көпті де ес пен түстен айырып, айналшық жегендей мәңгіртті де қойды.

Топ не істеп жатыр?

Тыққандарын жинап, бұққандарын тұрғызып, банктердегі салымдарын жанталаса қайтарып алып, түйіншектерін түйіп, жиған-терген алтын, асылдарын үйіп, жандары мұрнының ұшына тіреліп, шекара асып сытылып кетудің жанталастырған әбігерлігіне түсуде.

Ал биік тақтан дәмелілері бірінің өңешін бірі сығымдап, бірін бірі компроматтарымен тоқпақтай балағаттап, өліспей беріспеудің амал-айласына қойды да кетті.

Ал қара халық ше?

Таққа таластың жай өтпейтінін, төбеде найзағай ойнатып, күн күркіретіп, жасынымен жайпап, жайғап кетерін білудей-ақ біледі.

Бірлігінен айрылып, тірлігіне текетірестің сойқандығын

араластырған елдің есеңгіреген күйінен есебін айырмақ жыртқыш мемлекеттердің - Ресейі де, Қытайы да, АҚШы-да, тіпті Түркиясы да қызылға қонған құзғындай қаптап келіп, таптап-ақ жіберерін сезбес соншама бір миғұла емес қой алаш жұрты. Сезеді де, секемінің құрсауына күпті жүректі тыпырлатып қамайды да тастайды. Ал тап енді барар бағытыңды... Ізде шыңыраудан шығар сыңараяқ соқпақты...

Ал елбасы сап-сау болсын дейік. Болсыншы аман - есен.

Не істер еді ол?

«Елдің қамы, ердің мұңы» деп адалына басып, әділетіне жүтінер ме?.. Ертеңімнің бейбіт күнін туғызып, келешегімнің кемелдігін орнатар ізбасарын тап басып, тағайындар алар ма?..

Кешегімді көксеп, бүгінгімнен шошып, ертеңіме үңілем. Дүниеден ешбір әділет таба алмастай түңілуден құбыжық не бар екен?

Айтыңдаршы, ағайын. Елді кім басқаруы керек деп өзіңді өзің емексітудің қажеті бар ма?

Халықтың қанынан құйылған миллиондаған, миллиардтаған долларды ұрлаған кешегі қарақшы һәм жемқор әкім, министрлерін шетелге қашыртып жіберіп, бүгін соларды іздеген болып өп-өтірік байбайлаған биліктің шаңын қаға алмай, әліптің артын сазарып, сарғайып баға беруіміз қалай?

Кешегі тіліміз, діліміз және дініміз өгейлік кебін киіп, өңештерін буындырып алғанда үндемей жатқан зиялысымақтарымыздың бүгінгі «латыншаға көшу-өсу!» деп жанталаса бөсе жөнелуінің астарында не жатқанын ашық айтпаулары қалай?

Кешегі шығармашылық иелерінің табағынан қазы-қартаны ажыратпайтын қаламақының бүгінгі Астананың форум-қорымдарының дастарқанына аста-төк боп құйылып, қаламгерлерге қайыршылықтың қамытын кигізген үкіметке үн-түнсіз мөлие қарай, беруіміз қалай?

Кеше ғана ана тіліміздің мемлекеттік тіл деп дүбірлетіп атап алып, бүгін үкімет басына мемлекеттік тілдің мұрнына иісі де бармайтындарды топырлатып жатқандарға шыбын шаққандай да шіміркенбейтініміз қалай?

Елбасының кешегі асығыс бұйрығымен жойылып, кебінін жамылып мүлде жоқ болып кеткен «халық жазушысы», «халық әртісі» дейтін атақтарды бүгінгі «мықтысымақтардың» өздерін алтыннан жаратылғандай

көріп, аты өшкен атақты бардай етіп, мықшиып көтеріп жүргендеріне қыңырайып та көңіл бөлмейтініміз қалай?

Кешегі көптің қөңілімен берілетін **мемсыйлықтың** бүгінгі жекенің қолымен ұстатар **нәнсыйлыққа** айналып кеткеніне наразылық білдіріп, мұрынмен болса да мыңқ етпейтініміз қалай?

Жауабы табылмас осындай сауалдарды шұбырта берер едім, бірақ соныма төрдегілер мен төмендегілерден елең ете қояр бір көлеңкенің де қалбаң қағып көлбеңдемесін қайтемін...

Себебі жұтамас дейтін өнер жұталды. Ақыл сандығындай бұзылмас дейтін мінез бұзылды.

Байлықты сақтар өнер жоқ. Ақылды ұстар мінез жоқ. Әрекеті аз ай, күннің қай берекетіне қызығарсың.

Сыртымды жуып тазартқанмен, күйік тонын қабаттап киген ішкі шерім мен кірімді қайтіп тазалармын. Тазарта алмай буынып, тұншығып, желөкпе желіккіш надандардың күлкісіне айналып, тыншып бітем бе?

Өйткені мемлекеттік идеологияны түзер дейтін зиялыларымның біртұтастығы жоқ бүгіннен тосарым да, күтерім де мүлде аз. Қырқысуға жеткізбес, татуласуға табылмас, Иманғали, Қасымжомарт тәрізді азаматтарды талап жеуге дайын шенеуніктер мен ұлт қаймақтары аталғандар жағымпаздықтың дертіне шалынып, «елбасы командасы» дейтін шағын шоғырдың көзіне қайтсем түсем деумен әбден азып-тозып бітіп барады.

Ал «елбасы командасы» дегендер кім? Оған, командаға, ұлттық арман, ұлттық мүдде, ұлттық ар-ождан тіпті де қажет емес. Бәр-бәріне бір ғана адамды жауапты етіп алады да, сол жауаптысының арқасынан сығалап жүріп ойына келгендерін жасап, қойны-қоныштарын сықап толтырудан жалықпайды. Жалықтырмайтын момын, жүндібас халқы, шұлғығыш, мүлгігіш парламенті, азусыз үкіметі бар. Содан соң қорқып-үрку қайда. Бірі елінің байлығын Ресейдің өңешіне тықпалап, екіншісі Қытайдың қанжығасына бөктеріп беріп, үшіншісі түрік пен французды кезек тойындырып жүріп, әлгілердің табағынан қалған жұғынымен-ақ жұмырларына жүк жинауда.

Ал енді осыларды көріп отырып, көргеніңді кемейіңнен төгейін десең-ақ, төбедегі өзге дегендерім: «мылжыған неме!» деп, төмендегі өзім дегедерім: «алжыған неме!» деп есуастың шапанын иығыма жаба-жаба салады.

Үркерім де, шошынарым да - сол. Ақылдан тақылдардың сені «Ақымақ!» деп саусағының ұшына қондырып алып, қорлағанынан өтер не бар. Тұрасың сүмірейіп безергендердің кезенген саусақтарының нысанасына аласұрған кеуденді тосып. Осыдан басқа қолыңнан келер қандай қауқар бар. Қайраты қашқан тәніңнің жан сақтар қуысын іздеуден шаршасаң - төсіңді саусаққа емес, оққа төсе. Сөйт...

Сөйтем де алдыма шұқшия үңілем. Үңілем де «бас-басына би болған өңкей қиқымды» көрем. Ал енді соларды ашып айтып бере алам ба?

Айқайламай-ақ сыбырлай ашынып, бетімді қалай бұрарымды, қаламымды кімге түйрерімді анықтай алмай аңтарылып отырмын. Бетімді қай жаққа бұрсам, сол тұстан-ақ киқым-сиқымның бірін емес, мыңын табарым хақ. Қаламымды қайда түйресем, дәл сол жерден «бас-басына би болғыш» сойқан қиқымның шортанын ілдірерім айқын. Бірақ елдің сиқын бұзатын қырғын қиқымның ердің жұлынын үзетін қырғылығын біле қоймайтын ақымағың емеспін ғой. Оның үстіне сол шіркіндерді шетінен көгенге басын қосақтап, түсін танып, табандатып тауып беруге ендігі қалған қысқа ғұмырымның шақ уақыты жетпейтінін және сезем де, қолымды сілтеп, сілкіне күрсінемін. Көп қой, тым көп-ау киқым-сиқымдар. Отыр ғой әрқайсысы тау болмаса да, бір-бір төбешік болып қол жете бермес, аяқ ене бермес төрлерде.

Ал бірақ жаны жабайыланған мен сияқтыларды жұбататындар да табылады екен.

«Енді он бес жылдан кейін республикамыздағының бар-бәрі қазақтікі болып қалады» деп сәуегейлікке салынған сол «көріпкелдерді» де ести бастадық. Ниеттері дұрыс-ау. Бірақ қазақтікі болып қаларлық қандай байлықтың, қандай құндылықтың көзі мен бөзін, төркіні мен түрін тауып һәм көрсетіп бере алар еді солар. Әр жақтан келген олигархтар кеніңді, әр елден енген латифундистер жеріңді, қайыршылық далаңды, қарақшылық қалаңды шып-шырғасын шығармай түгел алып қоймай ма. Апатқа ұшыраған кемеден безген егеуқұйрықтай болып тұс-тұсқа, ел-елге қашып бас сауғалайтын орыс, неміс, украин, жебірей, өзбектеріңнің бір де біреусі мынау арып-азған, құрып тозған еліңнен табыла ма екен. Әрине табылмайды. Содан соң Қазақстан дейтін республикада қазақтан басқа ешқандай ұлт қалмаса, қоқыр-соқыр мен іріп-шірігенді, иесі де бола алмай, күзетіп,

қарауылдап біз қалмағанда кім қалсын. Содан кейін тіл де, діл де, қанден де, піл де қазақтікі болмағанда қайтеді.

Әй, бірақ қайыр сұрап маңыраған тілден, олигархтар мен латифундистердің тепкісінде аритмиядан көз ашпай, әлсіреп қансыраған ділден не қайыр. Мүсәпір міскіннің кебенегін кебініңдей сүйретіп жүріп, ажалыңнан да бұрын өлетін ұлтқа айналғаныңды білмей де қалармысың?..

Ал содан кейін қазақтікі ғана дейтін Қазақстаның шүршіттің бе, мұжықтың ба қу тақымының астында бүлкектеп кете барар ма?..

Осыны ойлап түршігесің бе, құр күрсінесің бе, алаш? Ендеше түршікпеудің де, күрсінбеудің де амалын бүгіннен бастап баршамыз болып неге іздеуге кіріспейміз?

Осыдан кейін-ақ өзімнің де, өзгелердің де күйбең тірліктің құрбанына айналғанын байқауға жарап қалдым.

Өйткені жобалаған санымнан алғыс-рахметі жоқ жандар қаншама артық болып шықса, мырза, сахи деп өзімсініп жүргендерімнің әлдеқайда кем түсіп жатқанына бүгінде көзім әбден жетті.

Жақсылыққа жамандық жасау әдетке айналған кезеңде, сөзімен де, бөзімен де көмек көрсететін жомарт жандардың жоғала беруі неге күдік туғызуы керек. Жақсылығың сатулы болса, жомарттықтың құны әлденеше есе өспей қайтеді. Мырзалық танытатындар есектің миын жеп, миғұла болып кетпесе, тиыннан теңге сауып, теңгеден доллар туғызып, айды аспанға бір-ақ шығаратын айбатынан әлдекімнің әулекілігіне бола өлсе айрылар ма. Тапқанын тіленші, сұраншыға таратып беретіндей ақылынан алжаса қоймағаны - сол сұрапыл сестілердің байғұстың балтасын, кедейдің келсабын, кепшіктің кебісін шырылдатып тартып алып жатқанынан-ақ байқалмай ма.

Олардан «Елім!» деп еңіреп шығар ерлер туа қояр ма? Оппозиция саңлақтары болып, жұртын бастай жөнелуге белдерін буа қояр ма?

Оппозиция сүлейлері кім? Бар ма сондайлар - өз бабым демей, өзгенің қамы үшін, күлкісін бұзып жан пидаға құрық созатындар?

Әлиханың анау (Бөкейханұлы емес, басқасы). Оны да, мұны да алдап, досты да, боссты да сатып, мығымдау креслоның жайлы орнына батып кеткен.

Әлмақан тәрізділерің мынау - «аузым сенің зарыңмен сөгіледі, халқым! Жүрегім сенің тілегің боп егіледі,

жұртым!» деп құбылып жүріп, кілт етіп бұрыла, жырыла кеткен. Оларға да ертеңгі күнгі майлы да жайлы жамбастар жай керек.

Ертісбаев сияқтыларға ұнамайтын Болат Әбілов қазағына, халқына ұнайды әлі. Басқалар құсап барын, байлығын бауырына басып жатса, анау Құлыбаев, Р. Әлиев, М. Әбіләзов, Нұрлан Смағұлов, Байсейітов, Сұбханберлиндерден асып түспесе кем түспейтін білігімен де, білімімен де баяғыдақ Қазақстан миллиардерлерінің көшін бастап кетер еді. Қарапайым қарашасына шын тілектес болып шыр-пыры шығып шырылдап жүргенін бір мен ғана емес, барша жамағаттың танығаны, білгені қашан. Әттең-айы, азаматтың айналасын тақырлатып, тықырлатып бара жатқанын өктемдегіш орталық аппараттың амал-айласы мен өзеурегіш зиялы дейтіндеріміздің мансапқорлық меңдеткен құлық-сұмдығының солақай нәтижесінен де байқап қалып жүрміз.

Ал бірақ бізге халықтың мақсат-мүддесін ойлайтын шынайы оппозиция керек-ақ.

Ал біз кейбіреулерден әлі күнге дейін жоясыз жомарттықты күтумен әлекпіз. Есектің миын сонда қайсымыз жеп жүр екенбіз?..

Шекірейген шенеуніктер ме, әлде былжыраған біздер ме?..

«Дат» газеті 2015 ж.

ХАНДЫҒЫМЫЗДЫҢ ҚАЙ ТОЙЫН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ӨТКІЗБЕКПІЗ

Биыл қазақ хандығының 550 жылдық мерекесін тойлаймыз деген биліктің биік уәдесінің ойдағыдай орындалуын асыға күтіп жүрген алаш жұртының мен де бір алакөңіл азаматымын. Алакөңіл болуымның себебін де өздеріңізге ақтарып салайын, ағайын. Өйткені берідегі Қазақстанның, әрідегі қазақ жұртының, Алаш ұрпағының тарихын әр кезеңнің төбеміздей төнген төрдегі төрелері өктемшіл қалау һәм қадағалауымен кесіп-пішіп, қырқып-қысқартып, өздерінің ыңғайына ғана жағатын тап-тар қуысқа сыналап апарып, сығыстыра салып келген-ді.

Кешегі Кеңестер одағының қарамағында кіріптар болып жүргенімізде Кремльдің сызып берген жобасымен тарихымызға қазан төңкерісінен бастау алғызып, республикамыздың іргетасын лениндік-сталиндік социализмнің қып-қызыл кірпішімен қаладық деп қалпағымызды шекірейте киіп, шірене басып келдік те.

Горбачев пен Ельциннің екі жақтап ырғаған қаскүнем әрекеттерінің арқасында «мызғымас» дейтін сол одақ быт-шыт болғанда, Құдай жарылқап, өзгелердің ең соңында қалсақ та, тәуелсіз мемлекетіміздің туын көкке көтеріп едік. Көтеріп едік те, «Ұлттық мемлекетімізді енді ғана құрдық. Бұған дейін болмаған шекарамыздың шебін анықтап, шегендеп бекіттік. Ана тіліміздің қалыптасуына ықпал жасадық!» дейтін аса биік мінбердегі уәжбен тарихымыздың екінші бір «басталу» кезеңін белгілеген де едік.

Бірақ осынау тарихымыздың шеңбері Бальзактың шегірен былғарысындай тарыла берсе, бір күні әлдекімдердің әрекетімен тып-типыл боп жоғалып, мүлде өшіп кетер-ау дейтін қорқыныш кеудеме ұялайтын да тәрізді.

Ал осы қазақ атты халыққа, Алаш ұрпағы дейтін ұлтқа байланысты уақыт-құдіреттің қатпар-қатпарында қалған қолат-қойнауларға үңілсек, жоқтан бар болып жаралмай, бардан нәр алып өсіп-өрбіген түп-тегімізді байқар едік. Ширатпа шежірелердің табыстап кеткен із-таңбаларына көз жүгіртсек, сонау тылсымдай жұмбақ, аспандай алыс дүниеден үш мың жылдай бұрын өмір

сүрген сақты (скифті) көрер едік. Яғни біздің дәуірімізге дейінгі сегізінші-жетінші ғасырларда бүгінгі Қазақстан территориясында көшіп-қонып жүрген сақтардың Сырдария бойындағы **массагет,** Жамбыл, Алматы облыстары аумағындағы **иссадон,** Солтүстік батыс өлкеміздегі **агриппий** тайпадары арғы, өте арғы ататек, түп негізіміз деуімізге көз алартатындар табыла қоймас-ау.

Қасиетті жерінің киелі топырағын жат табанына басқызбай, басқыншылық жасаған парсы патшасы Кирдің әскерін тас-талқан етіп жеңіп, Кирдің басын қан толы қапшыққа салған массагет патшайымы Тұмар (Томирис) ханымды ұрпақтың ізгі ниетпен ұлықтап, құрмет тұтатынымызды ұмыта алармыз ба. Ұмытпасақ, сол сақ тайпаларының үрім-бұтағы болып таралып, бүгініміздің шуағына бөленіп отырған **қассақ**-қазақ жұртшылығы өз тарихының **2800-3000 жылдығын** тойласа қайтер еді дегім бар. Бұл бір.

Әй, осы тым орасандау санға тарихымызды асығыстау тіркеп жібермедік пе дейтін үркекшіл қандастарыма қосылып, күдікке тірелердей болсақ, онда тағы бір сонау, сон-ау ғасырлар түнегінде қалдырған өмір өткелдерінің түкпіріне көңіл көзін қадай қоялық.

Біздің дәуірімізге дейінгі үшінші ғасырда осынау даламыздың қияны мен қиырында, ойы мен қырында жазын жазыла жайлап, қысын қыстырыла қыстаған арғын, үйсін, қаңлылардан құралған **түрік тайпаларының** тірлік кешкенін қираған шымнан, гүлзарды басқан құмнан табылған көне ширатпалардың меңіреуіне шым-шымдап енгізген көмбелері куә. Осы бір дерекке иек артып, қолдау таныта алсақ, тарихымыздың **2500 жылдық** мерекесімен мерейленуімізге әбден болады екен, тектестерім.

Әрине өз ішінің сергегін кекетіп, милысын мұқатып ұпай жинайтын кейбір қандасымның: «Ой, білгішім-ай! Ой, сезгішім-ай!» дейтін табалауынан қобалжыған көңілмен тарих жылнамасының жылдарын тағы біраз бері жылжытуға мәжбүрмін.

Сол себепті әлгі түрік тайпалары тайраңдаған заманынан арада жеті-сегіз ғасырды қалдырып, біздің дәуірдің төртінші жүзжылдығына секіріп түсейік. Бұл кезең - Алтай түрік тайпалары барынша күшейіп, байтақ қазақ даласына ендей еніп, дүрілдеген де дүбірлеген **Түрік қағанатын** құрған берекелі кезең еді.

Әлгі арада қалған сегіз ғасырдай мерзімде қаңлылармен іргелес орналасып, Сырдың төменгі бойын, Арал төңірегін мекендеген **алан** тайпасына да тоқталмайын. (Осы аланнан кейін Қап тауының біраз ұлты бастау алғанын растауды тарихшылардың еншісіне қалдырдым).

Біздің дәуіріміздің екінші-үшінші ғасырларында Қытайдың Ганьсу аумағында өсіп-өнген **ғұндар** өздерінің айбынды мемлекетін құрған-ды. Сол ғұндардың Жетісу өңіріне лап қойып, үйсін мемлекетін бір ғасыр боданында ұстағанын, ақыры үйсіндер ғұндарға мықтап тойтарыс беріп, еркіндігі мен бостандығын қайтарғанын да құлаққағыс ете кетейін.

Енді Түрік қағанатына қайта оралайын.

Осы қағанаттың қысым көрсетуіне шыдамаған жергілікті халықтың 572 жылы Бұқарда өткен көтерілісінің нәтижесінде Түрік қағанаты Шығыс және Батыс атауларымен екіге бөлініп кеткен-ді. Жетісу өңіріндегі Сұяб қаласын астанасы еткен **Батыс түрік қағанаты** қанатының астына бүгінгі қазақ тайпалары енгенін тілге тиек етсек, тарихымыздың **1450** жылдық ғұмыры көз алдымызға көлбеңдей қалатын тәрізді. Алайда күдікшілердің күңкілі көрпемнің астынан қуып шығарын сезіп, бұл санға да тұрақтай алмай, тарихымыздың келесі бір табалдырығынан аттауды жөн көрдім.

Батыс түрік қағанаты ыдырағаннан кейін, осы қағанаттың қарамағында болған Сұлу атты көсемі басқарған **түргеш тайпасының** дәуірлеуі басталады. Сұяб қаласын орталығы еткен түргеш хандығы жарты ғасырдай билік құрған болатын. Бірақ аумалы-төкпелі заманның қытымыр уысынан шыға алмаған бұл хандық басқыншы қытайлықтардан ойсырай жеңілген соң ендігі тірлік пен биліктің аренасы батыс Алтайдан шыққан **қарлұқтар** тайпасының еншісіне тиген еді. Асқар тауымыз бен салқар даламыздың 700-940 жылдар аралығында түргештер мен қарлұқтар иелігінде болғанын есепке алсақ, тарихымыздың қазық қаққан мезетіне **1300** жыл толыпты-ау деп марқаяр да едік.

Әйтсе де осы мөлшерді де тақиямызға тар келтіретін тұстастарымның аз еместігінен жасқанып, осы мезетке тұрақтамай, бері қарай жылжи жөнелейін.

Оныншы ғасырдың ортасында түріктің **ягма** дейтін тайпасы Шу алқабына басып кіріп, Баласағұн қаласын

жаулап алған-ды. Осы тайпаға оғыз бен қарлұқ, арғын мен түркеш һәм үйсіндер бас қосып 999 жылы Сыр мен Әмудің арасындағы саманидтер билеген Мауреннаһрға қарсы соғыс ашып, Бұқар қаласын тартып алады. Жаңа одақтың басшысы «Қара хан» деген атақты иемденеді. Сол себепті де бірнеше тайпаның басын қосқан бұл хандық **Қараханидтер** деп аталғаны көне күндерден белгілі. Қазақстан территориясында билік құрған осы қараханидтер әулетінің дәуірлейтін тұсын межелейтін болсақ, онда тарихымыздың жасын **1000 жылға** толтырып, ұланғасыр тойымызды топырлаған дөңгелектермен домалата жөнелер ме едік.

Бәрібір сыбыр-күбірі көп сыншыларымның сыпсыңынан сақтанбақ ниетпен дәл осы межеге де тұрақтай алмай, 11-12-ғасырларда патшалық құрған **қыпшақ** мемлекетіне қарай ойысуға бет бұрдым.

Сырдағы астанасын Сығанақ еткен, Қырымдағы орталығын Судақ қаласы етіп бекіткен қыпшақ хандығы Батыс пен Шығысты жалғаған керуен жолы болғанын ерекше атап өту ләзім.

Осы қыпшақ мемлекетінің дүрілдеу мезгілін тілге **тиек** етсек, тарихымыздың кіндігі кесілгеніне **900 жыл** толғанын тамсана айтар ма едік. Айтқаныма қарсы сілтенер семсерлерден сескенем де, тарихымыздың бастау көзін іздеген сүрлеуімді бері қарай бүрісіп сүйрей түсем.

1219-1221 жылдарда ұзын аққан өлкеміздің Шыңғыс ханның иелігіне көшкенін, Орта Азия - қаһарлы қаһанның ұлы Шағатай ұлысы, қазақ даласы - Жошы ұлысы аталып тірлік кешкенін баршамыз білеміз. Шыңғыс ханға ілесіп келген найман және кереймен, қоңырат һәм қиятпен толысқан біздің бүкіл тайпаларымыздан іріктелген айбынды әскерімен әлемді жаулап алуды армандаған Теміршінің Русті, Кавказды, Еуропаның біраз бөлігін тақымына қысып, жамбасына басып алғанын көйіте бермейін. Бақиға көшпейтін тірлік, мәңгілік өшпейтін бірлік болмайтыны хақ десек, мызғымас дейтін манғұл хандығының да ыдырар сәті жеткен-ді. 1246-жылғы құрылтайда Шыңғыстың немересі Күйік ұлы қаһанның тағына сайлана қалмай ма. Тақталастықтың бақталастықты шырқау шегіне жеткізе асқындырып жіберетін кеселі сонау ежелгі Эллада заманынан белгілі. Күншілдіктің дертімен өзегіне өрт түскен Шыңғыстың тағы бір Бату атты

немересі Күйікке бағынуды қорлық тұтып, өз мемлекетін құрып ала қойған еді. Оны шығыс елдері - **Көк Орда,** батыс елдері - **Алтын Орда** деп атап кеткен болатын. Сол Алтын Орданың құрамына енген тайпаларымыздың уақытымен есептеп, тарихымыздың жасын **770 жылға** тағы бір қосақтай салуға батылым бармай тұр-ау. Сол себеппен Алтын Орданың ішіндегі бұрқ-сарқ бүлкілдеген бүліктердің салдарынан 1310-1315 жылдары Алтын Ордадан бөлінініп шығып астанасын Сығанақ қаласы етіп, өзі **Ақ Орда** аталып шаңырақ көтерген хандыққа ат басын тірейін. Тірейін де: «Әй, осы биыл хандығымыздың **700 жылдығын** тойлауға әбден болады екен-ау!» деп токмейілсуіме болады екен, қадірменді қандастарым. Бірақ осы ыңғайға қасарысқан қаламым жүрмей қойса да, дәтке қуат етерім: Орыс ханның басқаруымен дәуірленген Ақ Орданың әлсіреген Алтын Орданы өзіне қосып алғаны. Амал нешік, Мауреннаһр өлкесін басқарған барлас руынан шыққан Ақсақ Темірмен одақ құрған Әмір Тоқтамыс 1377 жылы Орыс ханды өлтіріп, Сығанақты басып алмай ма. Ал енді осы Алтын Орда тағы үшін тайталасқан таласта Тоқтамысты ығыстырып, уақытша хан болып Мамай келмей ме. Біраз княздіктерінің басын қосқан орыстың Дмитрий Донскойынан Куликов шайқасында сол Мамай жеңіліп қалмай ма. Содан соң-ақ берекесі қашып, бірлігі ыдыраған Алтын Орданы әбден күшейіп айбыны асқан Әмір Темір иектеп ала қоймай ма. Хандықтан әлі де дәмелі Тоқтамыстың көзін жоймақ болып ақсақ жолбарыс бақталасын 200 мың әскерін жөңкілтіп Ұлытауға шейін қуып бармай ма.

1405 жылы Ақсақ Темір өлген соң Қазақстан территориясында Ноғай, өзбек атауларымен екі хандық дүниеге келеді. Негізін маңғыт тайпасы құраған батыс өлкедегі Ноғай хандығын «ел қамын жеген» Едіге басқарған еді.

1425 жылы таққа отырған Орыс ханның немересі Барақ Сұлтан бүгінгі Өзбек, қазақ тайпаларының басын қосқан иелігін **Өзбек хандығы** деп жариялаған болатын. Өйткені сол кезде хан әскерін өзбек деп атайды екен. Енді осынау датаның жалына жармассақ, тарихымыздың **590 жылдығын** атап өтер едік-ау.

1428 жылы құтырынған тақ таласының құрбаны болып Барақ Шайбани ұрпағы Әбілқайырдың (1428-1468)

қолынан қаза тапқан еді. Әбілқайыр таққа қонған соң-ақ Жошыдан тараған сұлтандарға, сол сұлтандардың қарамағындағы қазақ тайпаларына қатты қысым көрсетуді әдетіне айналдырған-ды. Осынау өктемдікке шыдамаған Керей, Жәнібек бастаған сұлтандар әділдік-адалдығымен, туралық-тазалығымен Ақжол би атанып, халқының жүрегіне жол таба білген Әбілқайырдың уәзірі - арғын Дайырқожаның төңірегіне топтаса бастайды. Ел құлағы - елу емес пе. Күбір-сыбырды естіген бойда-ақ Әбілқайыр хан әртүрлі арбау-алдауымен мықтап қолына түсірген аңғал батыр Қобландыны Ақжол биге айдап салады ғой. Аңда жүрген бидің кеудесіне қапыда қанды жебесін қадап алған Қобландының қан жоса болған құрдасын құшақтап отырып, зар еңірегенін былайғы жұрттың біле бермеуі де мүмкін...

Ақжол бидің әкесі Қодан жыраудың:

Қарақыпшақ Қобландыда нең бар еді, құлыным,
Сексен асып таянғанда тоқсанға
Тұра алмастай үзілді ғой жұлыным.
Адасқанын жолға салдың бұл ноғайлы ұлының,

дейтін жоқтауы сол кезде айтылған.

Әбілқайырдың осы қанқұйлы әрекетін бетіне салық еткен арғын мен үйсін, найман мен керей жұрты Жәнібек пен Керейдің басшылығымен Моғолстан хандығының аумағына аударыла көше жөнеледі. Моғолстан ханы Есенбұғы осынау мол жұртшылыққа арқа сүйемек ниетпен батысындағы Шу мен Талас өңірін, қыстауына Қозыбасты бөліп береді. Жасы біразға жеткен Керей өз қолымен Барақ ұлы Жәнібекті ресми түрде алғаш құрылған қазақ хандығының алтын тағына отырғызады. Бұл жыл - шамамен **1455 жыл** еді. Енді біз осы дәйекке сүйеніп, үстіміздегі жылы хандығымыздың **550 жылдығын** емес, **560 жасын** тойлайтынымызды пайымдасақ, нақтылықтың тізгініне саусақ іліндірер едік.

1480 жылға дейін қазақ хандығының іргесін кеңейтіп, тұс-тұсынан төнген азулы көршілерінің аранына түсірмей аман сақтап келген ханының кемелдігі мен кемеңгерлігіне халқының оны Әз Жәнібек деп құрметтеп атауы куә. Бауырмал ұлттың қасиетімізді әркездегі жақсымызды көреалмаушылық дейтін қасіретіміздің көміп кетіп отыратынын тағы көлденең тартпақпын. Сол 1480 жылы орыс-қазақ арасында өткен бір айқастың тұсында өз

ішіміздің сатқындары бейқам жатқан Әз Жәнібектің шатырына орыстарды бастап келіп, ұлт көсемін қарап еткізген ғой...

«Бұғаудан босап, азаттық жолын тапқанда,
Азаптың сұғын көкірекке неге қақты Алла?
Жәнібектей асыл ағланын байтақ алаштың
Түсірді неге қапыда ажал- қақпанға?» дейтін

күңірену қазақ даласында көше бастаған желдің суылымен, бүгінгі кеудемізден өше бастаған сестің үілімен анда-санда ғана әлсіз жаңғыруда.

Әз Жәнібектен кейін хандығымызды басқарған Керей ұлы Бұрындық туралы да, Бұрындықты алмастырған, хандықтың шекарасын шарықтатқан Жәнібек оғланы Қасым ханды да дәріптемейін. 16-ғасырдың елуінші жылдары орыстың Қahарлы Иваны басқарған Мәскеу патшалығы Астраханьді жаулап алған соң қатты күйзеліске ұшыраған қандас, мұңдас ноғайлықтарды Қасымның ұлы Хақназардың қоластына қосып алып, мемлекетіміздің шебін сонау Ақ Жайық, Еділге дейін жеткізгенін де жіпке тізе бермейін.

Өйткені осы таяуда ғана аса биік ауыздардан естілген: «Керей мен Жәнібекті соншама мадақтай берудің қажеті жоқ. Олар ауыл аймағындай ғана төңірекке билігін жүргізсе, біз бүгінде мынау шетсіз, шексіз далақтай даламызды илеп, төстеп отырмыз ғой!» дейтін көкірегін даңғойлық кернегендерге дау тауып берем бе деп сескенетінім де рас. Ал осы шетсіз, шексіз ұланғайыр даламызды найзаның ұшы, білектің күшімен көз алартқан қандықол көршілерінің жамбастарынан жұлып алып, барынша ұлғайтып, «жерімді бергенше - жанымды берейін!» дейтін атақты хандарымыздың жансебіл тілекпен мына біз сияқты көп нәрсенің қадір-қасиетіне мән беріп, ұғына қоймайтын ұрпақтарына сақтап келгенін әлгі күмпілдегіш «білгіштер» біле бере ме екен? Білсе, ата-бабаларымыздың сауылдап төгілген терімен, сарылдап аққан қанымен көздің қарашығындай қорғалған анау Құлынды даласы мен Омбы қаласын, сонау ұлы күйшіміз Құрманғазының сүйегі жатқан Астрахань өңірін, мынау кеше ғана алғашқы астанамыз болған Орынборды, сонымен іргелес Сарытауды (Саратов), Сарысуды (Царицын) көзден бұлбұл ұшырып алғанымызды жеткіншектеріміздің құлағына құйып, кеуделеріне сіңіре алып жүр ме?

Қайдағы! Күні кеше ғана тәуелсіздік тізгініне саусақ іліндірген бойда қанға бөгіп, термен суарылған қасиетті жеріміздің шет пұшпағын Қытайға, Ресейге, тіпті өзбек пен қырғызға да беріп жібергенімізге ішіміз удай ашымай ма?

«Мемлекетіміздің іргесін енді ғана қалап, шекарамызды шегендеп алдық!» деп артықтау өрекпуімізді сәл тыя тұрсақ, бүгініміздің әлдеқайда бұрын шекарамыздың шебін 1921 жылы Ленинмен біраз арбасып қалып, мызғымастай етіп бекіттіріп алған Әлімхан Ермеков пен Әлихан Бөкейхановтың рухтарына мәңгілік табынып өтпес пе едік.

Жә, өткеннің өкінішімен бүгіннің өксігін қабаттастыра бермей, осынау дүбірлетіп жеткелі тұрған тойымызды діттеуге қандай себептер болғанына және бұл тойды қалай өткізуге болатынына өз пікірімді білдіре кетейін.

Біз «өзімізге» дегенде өкіреңдеп, өзекті жұлып алардай ұмтылатынымыз көп те, «өзгеге» келгенде көткеншектеп кежегеміз кейін тарта беруіміз мол ұлт болып барамыз. Әсіресе, жұрттың наразылығын әбден күшейтіп барып, мерзімінен екі жыл өткен соң жетім қыздың тойындай етіп, Алматы мен Астананың біреуін де қимай, мемлекетімізді нық орнатып, шекарамыздың шебін анықтап берген ұлы Абылайдың 300 жылдық тойының ырымын ғана Көкшетауда жасап едік қой.

Ал мына қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау қажеттігін ұлтжанды азаматтарымыздың он шақты жыл бойы сыбырлап та, самбырлап та айтып келе жатқанына төбедегілерді білмеймін, төмендегілердің баршасы куә.

Қараша халықтың күбір-сыбыры құлақтарына жетті ме, әлде басқаша амалсыздығы еріксіз мәжбүр етті ме, биліктің осы датаны аяқ астынан өткізе қоюға құлшынуының біраз себебін өз түйсігіммен жобалап көрейін.

Біріншіден, санкциялармен тұралап қалған Ресейге 1-қаңтардан одақ болып қосақталған Қазақстанға биылғы жыл - дағдарыс жылы болып жетуі кәдік. Сондықтан да бұл дүбірлету қалт-құлт етер тіршілігінен халықты сәл де болса алдандырып әкетудің далбаса әрекеті тәрізді;

Екіншіден, «биіктегі биліктілердің өз тарихымызға өгейлік танытып, түп-тұқиянымызға үңілуге кеңес кезіндегідей тыйым салуға бет ала бастаған сияқты» дейтін

көпшіліктің күңкіл сөздерінен қаймыққан үкіметтің өзін өзі ақтауға тырысқан жасандылау тірлігіне саяды;

Үшіншіден, Путиннің, сондай-ақ путиншілердің: «қазақтарда күні кешеге дейін мемлекеті болмаған. Ұлттық тілі калыптаспаған. Шекарасы айқындалмағаан» деп мағынасыз маңырағандарына халқымыздың наразылығы бұрқ-сарқ атылып кетер ме деп үрейленген жоғарыдағылардың кештеу қозғалса да, «шекарамыз бекітіліп, хандығымыз әлдеқашан орнаған» деуді көршілеріне айбат ете көрсете қоямыз іспетті күлдібадам тілегінен туындаған-ау демеске әддім жоқ.

Ал енді ұлық мерекемізді дұрыстап өткізу үшін не істеу керек деген сауалға ойыссам:

- Тойды төрдегілердің асығыс жоспарлағанындай Шу өңірінде ғана өткіземіз деуі - оның мән-мағынасын әлден-ақ құлдыратудың басы деп қарауымыз керек. Сондықтан да ұзын аққан өлкеміздің тауы мен даласында ұлтымыздың ерлігі мен өрлігінің ат-атауымен андағайлап тұрған тарихымыздың қадау-қадау нысандарына жол түсіріп, тәу етіп, өткенімізді өткел сала жаңғыртып, жабыла бастаған жадымызды бір тірілтіп алсақ;

- Тарихымыздың тарыдай дәнін де көкірегіне сіңірмес «қымбат бағалы» әнші, биші, әртістерді дүбірлетіп, дабырлатып жан-жақтан шақырмай, өз күшімізбен-ақ дүркіретіп өткізсек;

- Той дақбыртына сәйкестендіріп қаптата қоятын (билік төңірегіндегілерге ғана бұйыратын) ат-атақ, сый-сияпат дегендерді мүлде азайтып, жақсылық атаулыны, құрмет-қошеметті қарапайым халыққа көрсетсе;

- Алдағы кезекте тұрған қазақ хандығының тарихына арналған көп сериялы кино түсіруді бүгін емес, бұрын қарастыру керек еді. Әлбетте ештен де кеш жақсыға сүйенсек, осы киноға кетер қыруар қаржыны ұрламай, жырламай, «Көшпенділердің» кебіне ұрындырмай, өзіміздік білімді де білікті, татымды да талғамды мамандарға сеніп тапсырсақ;

- «Қасым ханның қасқа жолындағы», «Есім ханның ескі жолындағы», «Тәуке ханның жеті жарғысындағы» адалдық пен әділдікті, тазалық пен туралықты діттейтін қазақ даласындағы заңдылықтарға ғасырлар бойы бас ұрып келген алаш жұрты мынау әзірше халқының жүрегіне ене қоймаған, бірақ шенеуніктердің «шешендігімен»

шебімізге ендей бастаған «Нұрсұлтанның нұрлы жолына» той кезінде де, келешекте де көңіліміз толып, бас шұлғырдай болсақ;

дейтін ойларымды ілгері тартамын.

Тойымыздың дұрыс өту-өтпеуіне байланысты ендігі бір күдік-күмәнімді де сездірте кетейін.

Осы біз шуылдақ һәм дуылдақ жеңіл-желпілерге құмар болып бара жатқан тәріздіміз. Сөзімді дәлелмен тұздықтар болсам, біз тіпті тәуелсіз күніміздің өзін Христостың туған күнінің астарының астында тұншықтырып талдырудан әлі бір жаңылған емеспіз. Содан да ма, мына айтулы ұлттық мерекеміз Жеңістің 70 жылдығына, халықтар Ассамблеясының 20 жылдығына, елбасының туғанына 75 жыл толуына арналған қызу-қырғын тойлардың тасасында көміліп қалмас па екен дейтін баршамызда қауіп мол. Әрине соғыс ардаргерлеріне тиесі үлесі мен еншісін оқ пен түтін иісін иіскемегендердің төсіне қадап, қалтасына салып бермей, күн өткен сайын азайып бара жатқан майдангерлердің көңіліне қондырып, қолына ұстатқанымыз абзал-ау.

Шынымды айтам деп сырымды ашып алғанымды айыпқа бұйырмаңыздар, ағайын. Ұлы тойымыз барлық ұлттарға ортақ болсын.

«Жас Алаш» газеті,
2015ж. 20қаңтар

ЕКІ АМАНАТ

1. ӨКІНІШ

1994 жылдың тамыз айы. Кеңсемдегі телефоным шырылдап қоя берді. Трубканы құлағыма төсей бердім.

- Ассалаумағалайкум, Софы аға! - деген бейтаныс дауыс сәл кідіріңкіреп барып, қайта жалғасты. - Уақытыңызды бөліп, мазаңызды алып жатсам, кешіріңіз, аға. Мен... мен Жезқазған облысының жаңа әкімі Қажымұрат Нағыманов деген ініңіз боламын.

- Құтты болсын қызметің. Жұмысың жемісті болсын, бауырым! - деп ағасын іздеген әкіміме риза боп, қалбалактап жатырмын.

- Софы аға! Жазушы - халқының көрер көзі, сөйлер сөзі ғой. Өзіңізге бір өтініш білдірсем бе деп едім, - деп тағы бөгелді.

- Айт, айта бер, Қажымұратжан! - деп ықылас білдірдім.

- Айтсам, аға, биыл Сәкен Сейфуллин жерлесіміздің, Алаштың аяулы азаматының туғанына жүз жыл толғанын білесіз. Үш арыс дейтін Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің екеуінің тойлары дүрілдеп өтті.

Ал... - тамағына әлдене тығылды ма, жаңа ғана танысқан інімнің үні үзіліп кетті. Неге бөгелгенін әрине сезе қойдым. Ілиястың тойы - көктемде, Бейімбеттікі осы таяуда дүркіреп өткеніне өзім қатысып, куә болғам-ды. Іштей «Сәкеннің тойы қашан өткізілер екен» деп алаң көңілмен жоғарғы жаққа елеңдеумен жүргем.

- Сол тойымыздың өтер-өтпесіне күмәнді көңілмен күпті болып жүрміз, аға. Жоғарыдан әлі күнге дейін тырс еткен бір хабардың болмай тұрғаны... Әркімнің әртүрлі айтатыны тағы бар. Қандай жағдайдың килігіп тұрғанын шеше алмай далмыз. Елбасымен сөйлесе алсаңыз... анық-қаныңын біліп берер ме екенсіз деп Сізге салмақ салып жатқанымыз осы, Софы аға.

Трубканы орнына қойып, ой тұманына оранып біраз отырып қалдым. Арыстардың арысы - Сәкен туралы «әркімнің әртүрлі айта бастаған» кезі еді ғой. Кеңестік келеңсіздіктің керегесін сындырып, кеңірдектеген кедергілерімізді сыпырып тастағандай лепіріп жүргеніміз де рас-тын. Тоталитарлық жүйенің жұлынын үзіп, демократияның дем-тынысты кеңейткен өрісіне

ендік деп далақтай демігіп, социализмнің ескі-құсқысын есімізден де, есігімізден де лақтырып тастаймыз деп құлшынуымыз да керемет-тұғын. Сол әсірешілдіктің салқын лебі «кеңесшіл» Сәкенді де шарпып, шарықтап ала жөнелген-ді. Мүмкін жоғарыдағылар осынау күбірлегіш күңкілдердің дүмпуінен сескене ме екен. Әйтпесе, әліптің артын баққандай неменеге үнсіз қалған? Осы күдіктердің шырмауынан әзер-әзер босанып, іле қаламыма жармастым.

«Қазақ халқының ардагер ақыны, ұлт көсемдерінің бірі, республикамыздың алғашқы қазақ үкімет басшысы, өз заманының жаршысы Сәкен Сейфуллиннің жүз жылдығын тойлаудың кешігуіне, немесе өткізілмеуіне қандай себеп барын білгіміз келеді» деген өкпе сарындас мағынада президент атына бір беттей арызымды жазып бітірдім. Бітірдім де, вертушкамен елбасы көмекшісімен байланысып, Нұрекеңе тездетіп кіргізуін өтіндім. Обалы нешік, «демократия» сөзінің әлі де елесін жоғалта қоймаған мезеті болғандықтан және президенттің өзіме ниетінің түзу екенін сезінгендіктен кешіктірмей қабылдайтынына сенімім мол.

Бір жұмаға жетер-жетпес уақытта Нұрекеңнің кең кабинетінің табалдырығынан ішке еркіндеп аттадым.

Өзім басқарып отырған Мемлекеттік кітап палатасының жай-жағдайымен таныстырып, бұйымтайымды айтып, шаруамды ойдағыдай орындалатындай етіп тындырдым десем керек, көңілденгенімді көз-жүзімнен таныған президент жымия беріп:

- Тағы неңіз бар, Сәке? - дегені.

Папкамнан суырып алып, арызымды алдына тоса қойдым. Оқи бастағаннан-ақ елбасының түсі бозарып, әлгіндегі жайдары жүзі өзгеріп сала берді. Қағазды алдына тастап, алақанымен бір сипады да:

- Әй, әй, жігіттер-ай! Бәрін маған тірелте беруден қашан тыйылар екен?! - деп сәл бас шайқағандай болды. Көзіме көзін іле қадай қалды. - Өкпелісіз ғой маған,ә?

- Жоқ. Сәкеннің тойы өтілмей қалса, мен емес, бүкіл Арқа Жетісуға өкпесін төге салады. Ал...

Жылдам ғой Нұрекең, жарқ етіп сөзімді үзіп жіберді.

- Ал... дегеннен кейінгі не деріңізді сезіп отырмын. Ендеше өкпені бауырға айналдырайық. Айтпақшы, «Өкпем жоқ, тұлабойым бәрі бауыр» дегенді сіздің Мәди атаңыз

айтып еді-ау. Сәке, бәрі дұрыс болады! - деп Нұрекең күдігімді сейілтіп жіберген-ді.

Үш-төрт күннен кейін әкім бауырымның көңілді дауысы телефоннан саңқылдап естілді.

- Софы аға, облыс жұртшылығының, барша жерлестеріңіздің алғыс-құрметін қабыл алыңыз. Сәкен атамыздың тойы 29-қыркүйекке белгіленіп, қаржы-қаражатының мөлшері анықталынып, көңліміз орнына түсіп, мәре-сәре боп жатырмыз. Айтпақшы, Сәкен арыстың ғұмыр жолына арналған дала сахнасының сценарийын өзіңіз жазсаңыз екен деген қолқамыз және бар.

Сәл нәрсеге асып-тасып қуанып, сәл нәрседен түйіле күрсініп қалатын қайран сезімтал көңіл-ай! Игілік сеуіп, ізгілікке ұюға ұмтылған жаның нәзік қылдарын шертіп қалып, жан-жағында құлпыра жайнаған әсерлі дүниеге исіндіре сүңгітіп жібереді-ау! Сондай әдемі күй кешкен мен дереу қаламыма жармастым. Үш күннің ішінде сценарий-пьесамды аяқтап, режиссер досым Жақып Омаровтың қолына тапсырдым.

Бір самолетті аузы-мұрнынан шығара толтырып тойшыл қауым Жезқазғанға ұшып келе жатырмыз. Қатарымда қасында Бәдеш жеңгем бар Ғафу (Қайырбеков) ағам отыр. Жамбасы зақымдалып, қос қолтығын балдаққа тіреп, қарға адым жерден кібіртіктеп әрең асатын кезге тап болған-ды. Ұшқыр, шапшаң Ғафаңның мынау тұсалған күйінен күйзеліп отырғанымды сезіп қалыпты.

- Әу, Софыжан, бұл ағам сүйретіліп неге келе жатыр дегің бар-ау. Айтайын неге келе жатқанымды. Біріншіден, әулиедей Сәкеннің аруағына бас июім. Екіншіден, ауруханада жатқам. Анау облысыңның әкімі Қажымұрат бір жақсы жігіт-ау деймін. «Ғафу аға, тойымызда төбеңізді көрсетіп, төрімізде отырыңызшы. Сіздің мүшайраға жіберген өлеңіңізді оқып, қатты тебірендім. Керемет жазғансыз!» -деп бір емес, екі рет палатама телефон соққан соң сол елгезек бауырдың көңілін қалдырмайын деп, мына жеңгеңе сүйеніп, ауруханадан шығып келе жатқан бетім ғой, - деп ақтарыла салғаны. Іштей: «Әкімім - нағыз азамат екен ғой!» деп риза бола түстім.

Келдім. Көрдім. Қарапайым болуға тырысатын қағілез жігіт екен. Сәлеміміз жарасып, құшағымыз табыса кетті. Ашық-жарқын қарасы, аңқылдай төгілетін күлкісі еркімді аулай жөнелгені сондай: «Әй, мынау азамат

жерлестерімнің бағына бола Құдай оң қарап отырғыза қойған басшысы ғой!» деген мағұрлануды ішке тағы бір түйіп қойдым.

Әкімнің бір сағатқа созылған қабылдауынан кейін сол кездегі премьердің орынбасары Төлеген Жүкеев бастаған зиялы топ Сәкеннің ескерткішін ашуға бардық.

Ақ жайма желбіреп түскенде, өзіне ғана тән әсемдікпен кербез керіліп отырған ақынның ақ маңдайы жарқ ете қалды. Ду еткен үн мен дүрк еткен шапалақ дауысы көшені жаңғыртып жіберді. Арысына, асыл азаматына, аяулы ақынына деген еміренген елінің құрмет-қошеметі солай ақтарылып сала берген еді.

Неге екенін білмеймін, меймандарға берілетін қонақасы дастарқаны сол күні кешке екі жерде жайылды. Қарапайым қалың көпшіліктен іріктеліп бөлектенген әкім-төрелер мен «богемаға» жатқызылған біздер шағындау топ болып кішірек залға оңаша жайғастық. Кеш тізгінін өз қолына ұстаған әкім күндізгі «демократ» қалпынан адасып қалып, биіктегілер мен биліктегілердің шашпауын жерге түсірмей, желбіретіп, желкілдетіп ала жөнелді. Осында қатысып отырған «мықтылардың» да, қатыспай Алматыда «мемлекеттік маңызды мәселелерді шешіп жатқан» «түктілердің» де жөн-жобасына бағытталған һәм бағышталған небір жылы, жұмсақ лебіздерді тоғытып-ақ жіберді. Өзінің оң жағы мен сол жағындағыларға сөзді де тездетіп беріп, төмендеу отырған зиялы қауымның өкілдерін кірпігіне іліндіруді де мүлдем ұмытып кетті. Жаттанды лепірулер мен жадағай мақтаулардан босаған өңештер мен көмейлерге арағы мен шарабы, вискиі мен коньягі сылқ-сылқ құйылып, қылқ-қылқ жұтылды-ай кеп...

«Богема» жақтың ауыздарына құлып салып, сөз тигізбеген отырыстың алғашқы кезегі «уһ!» дегізе аяқталып, үзіліс жарияланды. Қапырық залдан терлеп-тепшіп эрең шыдап отырған жұрт сыртқа ұмтылды.

Есік алдында есеңгіреген қалпымыздан сәл босаңқырап, ес жиғандай болып Қалдарбек (Найманбаев) Дулат (Исабеков) үшеуіміз ішке кірдік. Кірдік те состиып тұрып қалдық. Кішірек фойенің төр жағындағы диванда қызыл күрең галстугінің ұшы құлағына ілініп, омырауы алқам-салқам болып Қажымұратым қорылдап ұйықтап жатыр. Амалдары құрыған үш-төрт жігіттің күмілжіңкіреп абдырап тұрғанын және байқадық.

Қалекең маған еңкейе бұрылды да, дауысын сәл сыпайы шығара: «Әу, Софы! Мынау адам сенің әкіміңе сондай ұқсайтын сияқты ғой», - деп ернін сылп еткізді. Ал Дулат болса бүйірімнен түртіп қалып, мырс-мырс күлкісін езуінен қасықтап төге жөнелді. Аяр кекесін мен әжуа күлкіден намыстанып тұтанып кеттім бе, тұла бойымды бір діріл қалшылдатып буып әкеткені ғой. Жігіттердің жақын тұрғанының қолынан тартып, жалт қараттым.

- Жарқыным, тауып алып келінге айтасыңдар ма... Әлде өздерің қимылдайсыңдар ма... Мынау мықтыларыңды ана жаққа апарып, басына су құйып, ұйқысынан оятып, «тірілтіп» әкеліңдер! - деуім мұң екен, өздері де осындай бір дүмпуді шыдамсыз күтіп тұрғандай басшыларын қолтықтап тұрғызып алып кетті.

Біраздан соң көзін дұрыстап ашып, аяғын нығыздап басып Қажымұрат інім қасымызға келді. Иығына жайлап қолымды салдым.

- Бауырым, қаттырақ кетсем, көңліңе ауыр алып қалма. Ақтарып тастап айтарым көп-ау «ақылдымсынғанын қайтейін» деп алқындырып тастар ма деп және үркем. Сені, Қажымұратжан, қалжыраған халқының қажымас серігі болсын деп әкім етіп қойған. Жас та болсаң, мынау облысымның басысың. Үлкенге - іні, кішіге - ағасың. Мына жұртыңның бүгінгі осындағы егесі - сенсің. Ал «сол егеміздің өзгеден бұрын көбірек сілтеп жіберіп, есеңгіреп калғаны қалай?» дер негесі көп қонақтарың бізбіз. Сыпайыгершіліктің сүрлеуінен адамгершіліктің даңғылы басталарын ғана ескертпекпін. Әлгіндегідей жарамсыз қалпыңдай түршіктіріп, биігіңнен құлдырамауыңды тілеймін. Ішіңдегі кісілігіңді ішімдіктің ұрып жығарын жадыңнан шығармағын демекпін. Адамның қасиетін де, қасіретін де айғақтайтын өлшем - ұстамдылығына байланысты. Бүгінгідей тізгініңнен айрылып қалудан сақ бол, бауырым.

Менің ақылгөйсігенім ұлғайған сайын, әкімнің бедіреюі мен безеруі артып, түсі сұп-суық болып сазара берді. Сол қалпында не «иә!», не «жоқ!» дегеннен еш хабар білдірместен жалт бұрылып, залға кіріп кетті.

Қалдарбек ағам енді менің иығыма қолын салды. Жайлап қана басын шайқады.

- Әй, Софы, тым шұғыл кеттің. Ашығын айтам деп асығыс

килігетінің бар-ау. Қап, біз сені кайрағандай болыппыз-ау. Інің түсінбеді-ау ниетіңді. Түйіліп кетті ғой.

Түйіліп кеткенін түйсінсем де, әкімнен түңілгім келмей: «Ұятына ұйып, ыңғайсызданғанын білдіргені де шығар» сол тез кетуі дегенді іштей қаужаладым.

Ертемен ғылыми-теориялық конференция өтетін ғимаратқа бара жатқанымызда қасыма ілескен облыс басшыларының бірі алаңның шет жағында тұрған екі «Жигули» мен бір «Волганы» көрсетіп: «жигулилерді» Секең (Қирабаев) мен Тұрсекеңе (Кәкішев), ал «Волганы» сізге бермекпіз!» деп сыбырлай сөйлеп, жайдары көңілдің ырзалығын білдірген-ді.

Үнемі адам іздейтін көңілімнің берекесін таба алмай жүрсем де, сол іздеуімнен жалықпаймын деп төрелерге төбемді тоқпақтатуым таусылар емес. Сол теперішім тағы да алдымнан шыға келді. Қажымұрат бауыр Сматаевтың бар-жоғын ұмыттыруға барын салды. Конференцияға дайындап әкелген баяндамамды да оқытпады. «Берілмек» деген машинасы түгіл бес теңгелік қаламсабын да сыйламады.

Туған жердің түтінін аңсап жетсем, шабынан түртті көріп шатқаяқтап тулайтын төресізге бола несіне бүлінейін. Жай-жағдайымды түсініп, жан-жүрегімді алақандарымен сипап жатқан аға-інілерімнің мейірбан құшақтарына бөленіп Жаңаарқа ауданында өтетін тойды жалғастыруға тартып кеттім.

«Асылын аршымай, арысын жоқтамай күйбең тірліктің қамшысының астында күрсініп күн кешуге, шұрқ-тесік терісі әбден үйреніп кеткен-ау!» дейтін халқымның анау дала сахнасынан дүрілдеп жеткен дауылпаз ақын, сері азамат Сәкенін көргенде, кеудесінде от тұтатып, көзінен шоқ шашырата жарқылдағанын, жалындағанын байқағанда, жанымның еміне, емірене түлегенін қайтіп қана айта алармын. Ал облысым әкімінің анау сахнадағы «Қош бол, Елім!» деп егіліп тұрған ақынын да, сол арысты көз алдына қаламымен тірілтіп әкелген қасындағы ақынды да елемей, қойылымның аяқталуын күтпестен нөкерін ілестіріп тұрып кеткенін көргенде, озбырлық өктемдігінің еріксіз өкінтерін қай құдайдың құлағына жеткізермін.

Сонымен әкім бір бөлек, ақын бір бөлек кеттік. Бәлсінген бастықтан ажырап, жадыраған жұртшылық пен жайраңдаған жерлестер бір-бірімізге ыстық құшақтарымызды аштық. Аштық та томсырайған төбедегілердің тобынан жыртылып

ұзап, төмендегі тәубешіл, тойшыл туысқан қарашымен бірге арлы ақынның өршіл рухы шарықтатып әкеткен тойын жалғастырып жаттық. Сөйтіп шалқып отырғанымызда тыстағы динамиктен:

- Софы аға! Штабқа келіп-кетуіңізді өтінеміз! - деген шақыру қайта-қайта айтыла берген соң, штабына баруыма тура келді. Шақыртқан аудан әкімі - Әбіханов Аманбек екен.

- Софы аға, еліңізге еркелеп келгенде, өкпесін өксітіп қайтпасыншы деп өзіңізді барынша ардақ тұтатын інілеріңіз бармыз. Сәкен ардағымыздың аруағын жаңғыртып, өтпей қала ма дейтін тойымызды өткізуге себепкер болып, халқымен, қазағымен тағы бір қауыштыруға сіңірген сергек азаматтығыңызға қатты ризамыз. Сол разы көңіліміздің белгісіндей етіп мынау ақ «Волганы» аудан жұртшылығының атынан тақымыңызға басқызсақ деп едік, - деп ресми қағаз-құжаттарын ұсына берген-ді:

- Аманбек бауыр! Сен бұл көлігіңді оңашадағы екеуаралық бұйымдай қылмай, көптің алдында көркейтіп елінің ер
- азаматына деген қошемет-құрметіндей етіп ұсынсаңшы, - деп бауырды бауырыма басып мәз болып жатырмын.

- Дұрыс екен, аға. Сөйтсек сөйтейік, - деп әкім келісе кетті.

Балқаш қалалық мәслихатының хатшысы - туған інім Болат тіккізген үйде дем алып жатқам. Түсі өрт сөндіргендей қабара түтіккен аудан әкімі есіктен ентелей аттады.

-Не болды?!

- Атасына нәлет! Бір туыппын, бір өлермін! Қызметімді тастап келіп тұрмын, - Аманбек қасыма сылқ етіп отыра кетті.

- Әй, не болғанын түсіндірсеңші!

- Айтсам... Нағыманов менің «Волганы» өзіңізге бермек болғанымды әлдекімнен естіп... Дүбірлетіп жетіп келіп: «Волганы» анау палуандардың бәйгесіне тігесің. Өйтпесең
- орныңды босатасың!» дегені. Сізге лайықтаған көлікті неге бөтенге сипатам. «Әкімдігіңнің төбесін ұрайын! Босата бер!» - деп келіспей, келіп тұрған бетім, аға.

- Жә, бауырым. Осы ниетіңе ырзамын. Босқа дүрілдеме. Сен бердің - мен «алдым!» дейін. Бәйгесіне тіге бер. Сен анау көпшілігіңнің қызметшісісің. Солардың көңілдерін қалдырмай, азаматтығыңды арқаланып қызметіңді осынау адалдығыңмен жалғастыра бер. Сөйт, Аманжан! - деп арқасынан қағып, сабасына түсіріп, шығарып салдым.

Сәкенге арналған дала сахнасын дайындаған режиссер мен сценарий авторына аудан басшылары бір-бір «Орал» мотоциклі мен шетелдік теледидар атаған екен. «Төрт дөңгелектен секеңдетіп ақсаңдатар үш дөңгелекке ауыспайын» дедім бе, әлгі «Оралын» да, теледидарын да «менен де бір үлес болсыншы!» деп С.Сейфуллин қорына беріп кеттім.

Сол кеште тездетіп Жәйремге жетіп, өзімізді әкелген самолетімізге жайғастық. Туған жердің көкжиегіне қызара нұрланып еніп бара жатқан күнге де, жусан иісі аңқыған әлемнің шетсіз, шексіз көрінісіндей боп жайылған дарқан далама да иллюминатордан қол бұлғап, перзенттік қош-қошымды жолдап қалып, Алматыма ұшып кеп бердім.

Самолеттен жеңгей екеуіміз Ғафу ағаны қолтықтап түсірдік. Әнеугүнгі арқалы ақын мен мынау шаршаған, шалдыққан, әлденеге қатты кейіген ағамның айырмасы жер мен көктей екенін сезіп, тездетіп такси ұстап, шамам жеткенше көтере мінгізіп, бәйек боп жатырмын.

Есігінің алдына тоқтаған машинадан түсіріп, бесінші қабаттағы пәтеріне арқалап шығара алам ба деп тұрғам, Ғафаң кіреберістегі ұзынша орындыққа отырып, мені қасына шақырды.

- Анау таксист жігіт бес минут тоса тұрсын. Өзіңе айтар аманатым бар, Софыжан. Сонау жер түбіне сүйретіліп барып, құр сүлдерімді әрең көтеріп сүмірейіп жеткенімді көріп отырсың. Жанымды жеп бара жатқан жегі құртымды айтайын. Ауруханаға қайта-қайта телефон шалып: «Ғафа, мүшайраға жіберген Сәкен туралы өлеңіңіз бәйгесін шаппай алды ғой. Керемет ғажап екен! Бәйгеңізді - «Жигулиіңізді» мініп қайтыңыз!» - деген әкімге қалай сенбейін. Қаламақы жүйесін жұрдай қылып тонаған мынау сұмырай заманда қасығымыз құрғап қала беретінін өзің де білесің. Олай-бұлай боп кетсем, «жалғыз ұл жамбасына бассыншы» деген көр көкірек аталық тілекпен бара қалмаймын ба... Ал анау Нағыманов қарағың қабағын да бермеді-ау. Қайдағы машина, дұрыс сәлемін де ала алмай, жердің үстімен барып, жердің астымен қайттым ғой. Апырай, соншама табалайтындай сол әкіммен бұрын-соңды кездесіп, көңілін қалдырсам екен... Сол азаматтың мені соншама азарына ұшыратқанын түсінбей дал болудамын. Әй, шыңыма жетті-ау! Жүйе-жүйкемді жұлқылады-ау! Әй, көпке ұзамаспын енді. Софыжан,

менің осы өкінішімді әкіміне де, халқыма да жеткізуіңді аманат қып тапсырдым.

... Алай-түлей болған жанымның ышқынған тамшыларын кірпігімде мөлдіретіп, таксиге әрең отырдым. «Апырай, әлемді алақанында аялайтын қаламгерлерді елемейтін, естімейтін тас кереңдігі кердеңдігінен де асқан, көр басырлығы тасырлығынан да сорақы әкімдерді елбасы қайдан іздеп табады екен?» деп азуымды егей бердім.

Тура бір ай өткенде Ғафаң пәниден бақиына көшті. Дүлдүл ақын көз жұмды. Бұлбұл көмей бітелді. Жасөспірімдер театрында ұлы ақынмен қоштасу рәсімі өтіп жатқан . Фойеде бір топ болып зиялы қауым өкілдері тұрғанбыз. Арқа шымырлатар жоқтау жеке дауыспен жаңғырыға жетіп, уысына қысып алған сәтте басқышпен жоғарыға көтеріліп келе жатқан Нағымановты көріп қалдым. Қаңғалақтап Ғафаңды емес, әлдекімді іздеп келе жатқан тәрізді. Мені байқап, бұрылып кетудің ыңғайын таппай, еріксіз жақындап келіп, қолын ұсынды.

- Жігіттер, - дедім касымдағыларға - мына кісіні танисыңдар ма? Танымасаңдар - бұл Нағыманов дейтін Жезқазған облысының әкімі.

Қаламгер шіркіндер әкім-қаралардың көзіне қайдан түсе беруші еді. Бал көрген арадай болып әлгіге тұс-тұстан жапырлай лап қойды.

- Тоқтаңдар! Анау соңғы сапарына аттанғалы жатқан ақынның мынау әкімге айт деген аманаты бар еді. Тыңдаңдар.

Ғафаңның тапсырмасын тап-түйнақтай етіп жеткізіп бергенімде, әкімді таптап кетердей кеуделей ұмтылған зиялыларым Нағымановтан не әлдебір құбыжықты көргендей, не әлдеқандай қорқынышты бейнені кездестіргендей кілт кері серпіліп, жапақтаған жалғызды ортада оңаша соститып қалдырып еді...

«Жас Алаш» газеті,
2015ж. 2 маусым

ЕКІ АМАНАТ

2. КҮРСІНІСТЕР

2007 жылдың 12-желтоқсаны. Үйімнің екінші қабатындағы кабинетімдегі телефон тарғыл мысықтын тарғыл даусымен бажылдап ала жөнелді. Жатын бөлмеде жатқан орнымнан тұрып барып, трубканы көтердім. Телефон шалған қала әкімінің орынбасары Серік Сейдуманов азамат екен. Амандасып, хал-жағдайымды біраз сұрап алып, «Аға, бізге келіп кетіңізші!» дегені ғой. «Әкімдіктің кеңесшісі» дейтін бүтінге жарамастау жартылай «жабуым» бар-тын. Әлдебір тығыз жұмыстары болып қалған шығар деумен көп ұзатпай орынбасардың кабинетінен табыла қойдым.

Серік бауыр қолын да ұсынып, құшағын да ашып, қауқылдап қарсы алып, қарсысына мені отырғыза берді.

- Сәке, сізге Астанадан арнайы шақырту келіпті. Елбасымыз орденіңізді өз қолымен төсіңізге тақпақ. Соған жолға шығуыңыз керек.

«Орден тақпақ» дегенді естігенде, лепіріп қуанбасам да, ентігіп есінегенімді білемін. Елгезек інінің көңілі үшін бас изеп, ырзалық ниет танытып жатырмын. Бірақ сонау жер түбіндегі Астанаға қыстың көзі қырауда дімкәс кеудені сүйретіп бара қоюдың қияметін ойлап қобалжыңқырап қалғаным да рас. Сонымды орынбасардан жасырғам да жоқ.

- Рахмет, Серікжан! Елбасының да маған деген таза көңіліне ризалығым мол. Ал сол Астанаңа бара алмаспын. Біріншіден, ақорданда мені тосып алар да, қас-қабағыма қарар да ешкімім жоқ. Қонақүйлерінің қолын жайып қарсылап, қондыра қоярлық бос орнының бола қоярына да күмәндімін. Екіншіден, асқазаны жоқ бұл ағаңның режимді сақтап, диетамен тамақтанатын тәртібін бұзып алғысы келмейтінін де ескертейін, - деп шатқаяқтататын сапардың сылтауларын шұбырта жөнелдім.

- Аға, отыра тұрыңызшы! - деп Серік кабинетінен асығыс шығып кетті. Жалғыз отырып қалып осынау наградталудың қитұрқылықпен әрең жеткен хикаясына ойыммен тағы бір сүңгіп кеттім.

1999 жылы Ақпарат министрі ақпейіл Алтынбектің ұсынуымен «Құрмет» орденін алғам. Үкіметтің жыл сайын

қосақтап тізімдеп төске тағарларын жаңбырдай жауғызып тастайтынын білудей-ақ білетін зиялы қауымның өкілі болсам да, сегіз жылдың ішінде сол марапаттауларға қол созып, тілек білдіруім онша еместігі өзіме ғана аян. Оның үстіне Жазушылар одағының кейінгі басшысымен азаматтық көзқарасым кереғар келді ме, қаламгерлердің қасиетті қарашаңырағынан шетқақпайланып қалғанымды өкпе сызын көбейтпей-ақ қабылдап алған едім. Сол жағдайымды қайдан сезгендерін білмеймін, қалалық әкімдіктің азамат басшылары мені «Отан» орденіне ұсынған болатын. Міне енді сол ұсыныстың нәтижесі мені мынау кабинетке жетектеп жетіпті...

Есіктен адымдай аттап кірген Серік Тұраруұлы иығыма алақанын төсей қойды.

- Софы аға, Имекең сіздің денсаулығыңыздың қандай екенін жақсы біледі ғой. Астанаға бара алмайтыныңызды айтып едім... Баруыңыздың қажеттігін жеткіз деді маған. Режиміңізді де, диетаңызды да қадағалайтын, қонақүй, транспортпен де қамтамасыз ететін екі жігітті қасыңызға қосып бермек. Айтпақшы, әлгінде Талғат Бегелдинов ағаға да Астанаға шақырылғанын айтып хабарласқам. Имекең екеуіңізді әкімдіктің ЯК-40 самолетімен апартпақ. Енді де келіспейсіз бе, - деп жымия берген Серікке де, жай-жағдайымды айтқызбай-ақ біліп, ескеріп отырған Имашжан - Иманғалиға да риза болған көңілімді ықылық атқан демімнің дірілді толқынымен білдіріп едім-ау...

Сол күні кешке қарай Имашжанның қосып бермек болған екі жігітінің бірі - Далабаев Мұрат дейтін жүзіктің көзінен өтердей әкімдіктің жауапты қызметкері мені үйімнен жеңіл машинамен аэропортқа алып барып, самолетке қолтықтап мінгізді.

Талғат ағам жеңгей екеуі іште, салонда отыр екен. Құшақтасып табысып, мәз боп жатырмыз. Тәкеңді бұрыннан да жақсы білетінмін. Жаны дарқан, тік, тура мінезді, адалынан айнымайтын, адамгершілігін ардақ тұтатын қазағымның хас батырын ерекше қадірлейтінімді өзі де сезетін. Сезетін де інілік ізетімді ағалық аялауымен асқақтата түсетін.

- Оу, менің ЦеКам! Софыжан, бір-бірімізді көптен бері көрмеп едік, денсаулығың қалай? Операциядан кейін түзеліп кеттің бе? - деп арқамнан қағып қойды.

Тәкеңнің мені «менің ЦеКам!» деуінің де біраз себебі

бар. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында мен Орталық Комитетте көркем әдебиет секторын басқарсам, ағамыз әл-Фараби атындағы Шығармашылық үйінің директоры болатын. Біздің кей жазушылардың кей-кейде шамадан тыс шалқып кетіп, бір-біріне қонақ болып, күн мен түнді ажыратпай мейрамдап, тәртіп бұзып кететіні болатын. Қаламгерлердің шығарма жазуына кедергі келтіретін осындай келеңсіздіктерді жоюға Тәкең мықтап кірісіп кеткен еді. Көгеннен босаған қозыдай ойнақтататын емін-еркіндігіне тұсау салмақ болған «озбырлыққа» көне қойғысы келмейтін кеуделі қалам иелерінің екі-үшеуінен «Бегелдинов жолдасты директорлықтан босату керек!» дейтін Орталық Комитетке арыз да түскен-ді. Мәдениет бөлімінің көркем әдебиет секторы әділетке жүгініп, Талғат ағаның әрекетін түгелдей қолдап шыққан-ды. Содан бері Тәкемнің мені «менің - ЦеКам!» дейтіні разы көңілінің белгісіндей болып естілетін.

- Ал, Софыжан, жол болсын! Төсіңе не қадамақ боп келесің? - деп бетіме күлімдей қарады.

- «Отан» ордені ғой. Өзіңіз ше, аға?

- Әй, менікі аңсау... армандау тәрізді бір тілек, бауырым. Қаным, жаным қазақтық деймін бе, көптен бері орындалуы қиын ниеттің шырмауында жүруші ем... Бірақ ешкімге, ешбір жанға тіс жарып сездірген емеспін онымды. Әйтсе де, осы ниетімнің үстінен түскендей қалалық ардагерлер ұйымы мені «Халық қаһарманына» лайық көріп, награда комиссиясына ұсыныс жасаған екен. Жоғарыдағы президентіміз бастаған азаматтар көңілімді көншітуге тырысса керек. Қуанышты хабарды естіп, төбем көкке тигендей, мәре-сәре күй кешудемін. Ішімнен тәубамды мың қайталап, мына жеңгеңнің жетектеуімен, Иманғали баламның қолтығымнан сүйеп демеуімен ырза боп келе жатырмын.

Күйініші көп тірліктің анда-санда ойламаған жерден сүйінішін тоса қалып, адам-пендеге құдіреттің қанатын қондыра қойғандай күйге түсіретіні болады ғой. Сондай халді тебіреніп кешкен ағалы-інілі екеуіміз қыбырлатқан ғұмырдың сәл елжіреткен сәтіне емірене еніп кетіп едік-ау...

Әлгі жолсерік Мұрат жолдасы екеуі тездетіп көлік дайындап, тездетіп жеткізіп, бізді қонақүйге орналастырған-ды. Сәлден соң менің нөміріме Мұрат

бауырым бірінші қабаттағы мейрамхананың даяшысын ертіп келіп, қай тағамға тапсырма беретініме шейін қатты қадағалағанын қалай ұмытармын.

Ертемен ауқаттанып бола бергенімізде жетіп келген жігіттерім аяғымызды қарға тигізбей, машиналарды есік көзіне көлденеңдете тоса қойып мінгізіп алды да, Ақ Үйге тарта жөнелді.

Жеңгені сыртқы қақпаның алдындағы машинада қалдырып, ағам екеуіміз қақпаның іш жағындағы жеңіл автобусқа бірімізді біріміз сүйемелдеп міне сала, Ақ Үйдің кіреберісіне жетіп те келдік.

Неге екенін білмеймін, бізді марапатталушылардың алғашқы легіне қоспай, кең фойеде тоса тұруымызды өтінген күтіп алушы жігіттер шайы мен кофесін де, ағы, қызылы аралас әртүрлі ішімдігін алдымызға тоса қойған еді. Бір-бір шыны шайдан ауыз тиген Тәкең екеуіміз қауқылдасып сөйлеп, қарқылдасып күліп, ащы судан аз-аздап ұрттап жатқан өзгелерге онша жұғыспай отырғанымызда «Жоғарыға көтерілулеріңізді сұраймыз!» деген хабар жетті.

Салтанатты залға кіргенімізде марапаттау рәсімін қадағалайтын әлекедей жаланған қызметшілер «Сол жақ қанатқа бірінші болып, «Халық қаһарманын» алушылар, одан кейін «Отан» орденінің иелері және басқалары қатар түзеп тұрады» деп шұбырта жөнелген-ді. Сол айтылған ретті өзімізше жобалап, Талғат ағаны қолтықтап сүйеп апарып, бірінші қылып тұрғызып, өзім оның оң жағына шыққаным сол еді, әлгі желқайықтай сумаңдаған жігіттердің бірі Тәкеңді тәлтіректете итеріп жіберді. Босаған орнына екінші біреуі отыз екінші жылдың аш-арығындай бала жігітті дедектетіп әкеліп, қондыра қойды. Ал анау алғашқысы енді мені жұлқылағандай етіп итеріп апарып, төртінші әлде бесінші кезекке қадай салды. Талғат аға маған жапақтай қарап, мен батырға алақтай қарап, бір-бірімізге түк түсінбегенімізді танытқандай бас шайқаудан басқаға шамамыз келген жоқ.

Сөйткенше әлдебір есіктен екі-үш адам шыға келді де, трибунаға беттеді. Араларынан асыға күткен елбасыны көре алмалдық. Келгендердің дөкейі - сол кездегі мемлекеттік хатшы - Қанат Саудабаев екен. Баршамызды бірер жаттанды сөзбен құттықтап болды да, марапаттарды тапсыруды бастап кетті.

Әлгі балаң жігіт өртеніп жатқан үйден шалды ма, баланы ма, әйтеуір бір адамды өлімнен құтқарып қалған азамат екен. Сол ерлігіне әлде Құдай, әлде билік жарылқап «Халық қаһарманы» атағы бұйырыпты. Медалін төсіне жарқырата тағып, қасымызға жадырап оралған жасты жапырласа құттықтап жатқанымызда, шақыруды естімей қалған Тәкемді жігіттердің бірі жетектеп сүйреп әкетті. Кеңестер Одағының қос дүркін батырын әлдекімдей ғана етіп, алақанындағы қағазына жазылғанды дауыстап оқып беріп, «Отан» орденін төсіне апара берген Қанаттың қолынан орден мен қорапты үнсіз алған батыр ағам кілт бұрылып, орнына асықпай оралды. Құттықтау белгісін танытып, басымды изей беріп, Тәкеңнің күйзелген жан дүниесінің жабырқаған жанарының күлгін шоғымен кеудемді өртеп алғандай алай-түлей күйдің толқынына шомдым да кеттім.

Кезегім жетіп, мемлекеттік хатшының қасына жақындадым. Обалы нешік, «Халіңіз қалай, Софы аға?» деп Қанат қолын ұсынды. Ізінше «Парасат» орденімен наградталғанымды оқып болып, әлгісін төсіме тақпаққа ыңғайланғанын көріп, басымды шайқадым. Орденді қорабына салып, кітапшасын қалтама сүңгітіп, бей-жай қалыппен орныма оралдым. Талғат ағам тағы да басын шайқады. Бұл қимылы енді менің жағдайымды үлкендік пейілмен сезген ағаның мен үшін қиналған әлпеті еді.

Сыртқы киімдерімізді киіп, есік алдына шыға бергенімізде, манадан үнсіз сүйеніп жүрген ағамның қатты күрсінгені естілді. Бетіне қарай бергенім сол еді.

- Апырай! Президент ең болмаса қарасын көрсетіп, есендесуін де көп көрді-ау. Жер түбінен әрең жетіп тұрғанымда, ағалығымды сыйлай салса қайтер еді, - дегені.

- Елбасының бір қауырт шаруасы... әлдебір күтпеген кездесуі қабаттасып қалған шығар, Тәке, - деп жуып-шаймақ болып едім, ағам бас шайқауын тағы жалғастырды.

- Онда анау бірінші топқа бізді неге қоспаған? Соларға орден-медальді өзі тапсырыпты ғой, - деп сәл кідірді, қолы иығыма батыңқырап кетті. - Күпті болар көңілімізді, жабырқайтын түрімізді көргісі келмеген ғой. Көргісі келмесе... онда неге... Жә, жарайды бұнысын да көтеріп алармыз. Не көрмей жүр едік...

Ендігі күрсінісі ішкі өкініш толқынымен үзік-үзік лекілдете төгілді.

Ұлттық сілкініс - ұлылардың бесігінің тербелісінен басталарын сезуші едім. Ұлтының қожырауы ұлыларын күрсіндіретін сұрықсыз әділетсіздіктен туындайтынын сол сәтте пайымдағандай да болып едім-ау...

Қақпа алдындағы машинаның есігін ашып, ағаны мінгізе бергеннен-ақ іштегі жеңгей түр-түсімізден онша желпініп келе жатпағанымызды байқап қалып, Тәкеңді демей отырғызып, шарфын түзеп, пальтосының түймесін салып, үн-түнсіз күлімсірей берген-ді.

Қанаты талмаған халқының қыраны, ұлтының ұранына айналған ұланы осынау қамқор жанның - жұбайының жылы қабағымен тезірек жадыраса екенді іштей қайталап, мен өз машинама бұрылып кеттім.

Шүйілгіш самолетімен 305 рет шабуылға ұшып шығып, 500 сағат бойы өлім мен өмір арпалысын бастан кешкен батырдың бейбіт өмірді өзі орнатқан әлемге, сол әлемнің мынау бүгінгі тыныш ғұмыр сүріп жатқан азаматтары үшін өлшеусіз ерлік пен еңбек сіңірген адамға борышкер күйімді дәл сол сәтте бір кісідей-ақ сезінген едім. Сезінгенім сондай: «Ал біз не бітірдік? Не тындырдық? Не бердік?» деген алқымды тілген қанжар сұрақтар көмейімнен ақтарыла төгіліп те кеткен еді. Апырау деп тындырғаны аз, бергені мүлде жоқ биіктегі, биліктегі кейбіреулерге Адамды табудың, Адамды танудың қажеттігін айтқың бар-ау. Жазықсыз запыланған жанның күрсінісін зар-запыран етіп қотарарсың-ау. Бірақ соныңды зер салып тыңдар құлақ, қабылдар көңіл табармысың?..

Қонақүйдің алдына жеткенде машинасынан түскен Тәкең өзінің жағдайының қашып, ауырлап тұрғанын әрең айтқан-ды. Сондықтан енді анау салтанатты жиынға бара алмайтынын маған да, көмекші жігіттерге де құлаққағыс етіп, қос қолтығынан демеген Мұрат пен жеңгейден бұрын есік тұтқасына өзі қол соза берген-ді. Сол қимылы - «әлі де бармын, әлі де зормын! Тірімін һәм ірімін!» деген тәкаппар қайсарлығынан хабар білдіргені де еді-ау Алаш батырының.

Содан ба, мынау бүгінгі тірлігімізбен салыстырып, сонау Тәуке хан заманындағы тарихи ізімізге көңіл көзімен үңіліп кеткенімді байқамай да қалыппын.

17-ғасырдың екінші жартысында шашырап кеткен бұрынғы іргелі ел, қабырғалы мемлекет дейтін атышулы атағына Қазақ Ордасы бірден келе қойған жоқ еді. Сол ұлы бірлікке жету үшін Тәуке үлкен тәуекелге баруға бел байлаған болатын.

Дәрменсіз Бахадүрдің хандық құрған кезінде Жәдіктен тараған сұлтандар ата-бабасының алтын тақ, алтын тәжін өз тақымы мен өз бастарында көру үшін құрығын құлаштай сілтеп, өз көршісінің алдындағы қылқұйрықты қуалай үйірген. Қылышын қиялай шауып, қандас қазағының толағай бастарының талайын доптай ұшырған. Өз төңірегіне қол топтап, ұсақ та болса хандық құрып, беделін өсіруге тырысып, талыстай даласын дар-дар айырған. Алыс-берісі азайған ағайын арасын араздық шалған соң сауырын тұяқ тесіп, шұрайлы жайлауын шаң қабатын қайран да берекелі сайын сахара тусырап қала беріп еді. Бірақ тусыраған сол даланы жем іздеп желіккен төрелердің шаң мен лаң ұйытқытқан әбігер тіршілігі ауық-ауық дүрбелеңге толтыра қоятынын қалай ескермеспіз.

Бахадүр хан өздігінен қылжия салды ма, әлде сол көкірегі бітеу, жаны жүдеу хансымақты халық қарғысы атты ма, Салқам Жәңгірдің мирас тағына белбаласы Тәуке отырып еді-ау. Киелі тақтың қасиеті шын иесін тапқанда ғана айқындана, айбарлана қалатын қашаннан әдеті. Тәуке хан бетін оңға беріп, жүзін жұртына бұрып, барды бәсін бере бағалап, жоқты бар етуді азайтып еді. Ақылдысын ақылдас етіп алға шығарып, қарулысын қасына шақырып, қорған мен қалқан ғып ұстаған еді. Көкірек жарыстырып, көбік шашырататын желөкпелерді маңайынан аластап, шашпау көтеріп, сақалымен жер сыпырып, мұртымен етік тазалайтын жағымпаздарды Ақ Сарайдан қуып еді. Төресінен гөрі қарасының көңілін көбірек тауып, қолынан келгенше төбесіне шығаруға тырысқан Әз Тәуке азып-тозған елін бүтіндеуге, шашылып-төгілген хандығын шеңберлеп біріктіруге жанұшыра кірісіп кеткен еді...

Шіркін-ай, дәл сондай жансебіл ерлікті, «Ұлтым, ұланым!» дейтін адал тірлікті құнттауды бүгінгі төрелерім мен шенеуніктерімнен қашан ғана көрер екенбіз дейтін көп күрсіністің бірін... дүрін көмейімнен қалай ықылықтатқанымды тағы да сезбей қалыппын-ау, міне...

Түскі астан кейін нөмірімде дем алып жатқам, жетіп келген Мұрат мені жуындыртып, киіндіртіп «Пирамидада» өтетін салтанатты жиналысқа алып кетті.

Министрлер мен депутаттарды екінші-үшінші қатарға «сырғытып» жіберіп, сәл де болса бір мәрте өзімше, «нығызданып» бірінші қатарға қодилана жайғастым. Елбасымыздың арғы-бергіні түгендей қозғап, тәуелсіздігімізді берік тұғырына қондырғанымыз туралы сабырлы, салмақты баяндамасын баптана тыңдадым. Даламыздың сырқатын дәл басқан емшідей боп емдеуге, мемлекетіміздің сан алуан әрекеті мен шаруасын тыңғылықты жөндеуге жең түре, бел буа кірісіп кетпекші президентімді қасымнан, мақтана тыңдап көңіл демдедім.

Гала-концерттен кейін лепірген, желпінген тойшыл қауым дүркіреп жоғары көтеріле бастадық. Бір қаракөлеңкелеу қабатта фотокорреспонденттер шұғыл да тығыз қарбаласын бастап кеткен екен. Состиыңқырап тұрып қалған едім, әлдекім ту сыртымнан құшақтай алды. Қасымжомарт Тоқаев бауыр екен. Кемел аға екеуіміздің арамыздағы ағалы-інілі сыйластығымызды һәм бір-бірімізге деген қаламгерлік, әріптестік қадір-құрметіміздің шынайылығын жақсы білетін осы азамат, ақпейіл інінің маған үнемі іші бұрып тұратын. Мен де Қасымжомартқа құлшына бас изеп, бауырыма тарттым.

- Софы, аға, суретке түсейікші! - дей берген азаматқа үнсіз шұлғи бергенім сол еді, депутаттары, министрлері бар биік биліктегілер екеумізді қоршай алды. Тұс-тұстан кимелеп, «мәңгіліктің өкілі» - жазушымен бірге суретке түсіп, сол қаламгердің арқасында «болашақтан табылуға» ұмтылып қалысқан еді.

Жоғарыдағы қабылдау залына орындығы жоқ столдарды қаптатып қойып француздың «ля фуршет» дәстүрін көлденеңдете тосқаны әлгіндегі лепірген көңілімді басып тастағанын айтқызбасым айтқызып отырғанын қалай жасырайын. Марапатталушылардан бұрын астананың қаптаған шенеуніктері бір-бір тарелкаларын көтеріп, интернаттың асқа таласа кимелейтін балаларындай төрдегі тағам таратып жатқан аспазшыларға жапатармағай ұмтылғандарын көріп және қоңырайып қалдым. Содан соң столдағы салаттан помидордың бір тілімін тісіме басып, наннан бір үзіп алып ауыз тидім. Сөйткенше бір

тұстан дүр ете қалған шулы дүбір естілді. Қасында екі-үш адамы, соңында төрт-бес нөкері бар Нұрекең кіріп келген екен. Әр топқа бір жақындап, емен-жарқын сөйлесіп, көп кідірмей ілгері оза берді. Осы сәтте қалта телефоным шар ете қалып, құлағыма апарғанымда, төменде мені күтіп тұрған Мұратымның: «Аға, самолеттің ұшатын уақыты тақалып қалды» дегені ғой. Есікке қарай беттей берген мені тұсыма жақындап қалған Нұрекеңнің дауыстап шақырмасы бар ма.

- Ау, Сәке! Қайда асықтыңыз?

Еріксіз жақындадым. Қол ұсына амандастым.

- Нұреке, менің әзірше қалаған уағымда мініп, түсетін жеке самолетім жоғын білесіз. Ұшағымның ұшатын мезгілі болып қалған екен. Асығуым содан.

- Орденіңізді тақпапсыз. Сірә, өкпе бар-ау, Сәке.

- Өкпем жоқ. Өзіңіз айтатындай, «тұлабойым толған бауыр». Өкпе Талғат ағамда... батыр ағамда бар-ау.

Нұрекеңнің түсі құбылып, түзелді.

- Ә-ә, Талғат ағада деймісіз. Болар, болар... - деп тұрды да, кілт өзгерді. - Уау, Сәке! Мына адам - Түркияның президенті. Танысып қойыңыз.

Қонақ президент екеуміз үнсіз ғана бас изесіп, қол алыстық.

- Ал, Сәке, сізді мен енді анау келе жатқан Словенияның жаңа елшісімен де таныстырайын.

- Рахмет, Нұреке. Самолетімнен қалып қоярмын, - деп елбасына иек қағып қоштасып, жөніме қайқайдым.

Самолетке әрең мінген Талғат аға ісіңкіреп кеткен аяғындағы ботинкаларын шешіп, жан шақырғандай болды. Түсерде сол аяқ киімін қайта кигізбек болып ұзақ әуреге түскенімізге, батыр ағаның қатты қиналғанына тағы бір аяушылық танытқан кеудемнің терең түкпірінен атылған күрсінісім куә.

Дайындатып қойған машинаға Мұраттар үшеумізді отырғызып, өздері қоштасып қалып қойған еді. Бірімізге баладай, бірімізге інідей болып кеткен жаны жайсаң жігіттерге де, соларды қосып берген Иманғалиға да алғыс-ризалықтарымызды үйіп-төгіп, кете бардық.

Үйінің киреберісіне тоқтаған көліктің жүргізушісіне «сәл кідіре тұрыңызшы!» деп өтінген Тәкең алдыңғы орында отырған менің иығыма қолын салып, өзіне қаратып алды.

- Софыжан, мен бүгін қатты қиналып келемін. Өткенде аңсау ма... армандау ма, жанымды жайлап алған бір тілегім бар деп ем ғой. Сол тілек - өзімнің қазақ екенімді, қазағымның бір боздағы болғанымды халқымның ыстық ықыласымен сүйсініп те, түйсініп те бір белгі қалдырып кетсем-ау деу еді. Шабуылға самолетіммен әр ұшқан сайын ең алдымен ата-бабалар аруағына, алашымның кең байтақ даласына, туған топырағыма сыйынатынмын. Қазағымның қаны мен тері сіңген атамекеніме фашист табанын тигізбесем екен деумен өзегімді кекпен өртегенімді өзіңе ғана айтып отырмын. Мынау екі медальді ұлтымның қаһарманы болғанымды айғақтайтын бір белгіге алмастырсам, көңілімді көншітер ме едім дейтін ниетім еді-ау ол. Жете алмадым. Жеткізбеді ғой... - даусы дірілдеп кідіре берді де, қайта ширықты. - Сен, інім, жазушысың ғой. Менің осы бір халқыма деген перзенттік елжіреуімді жүрегімде сақтап келгенімді сол жұртыма жеткізермісің...

Арамыздан оралмасына кеткен ағаның сол бір арманды аманатын кешіктіргеніме кешірім сұрай отырып, халқына, қазағына жеткізгенім - осы ақтарылуым. Тізгін ұстағандардың ел-жұртын тіздеп ұстаудың жөн-жосығы болмайтынын бар болмысымен дәлелдеп кеткен ағаны сағынған көңілімнің баяу лықсыған күрсінісі де осы.

«Жас Алаш» газеті,
2015ж. 4 маусым

МЕН ДЕ ТУҒАН ТОПЫРАҒЫМДЫ ШИРЕК ҒАСЫР БОЙЫ БІР БАСА АЛМАЙ КЕЛЕМ

(Қабдешке хат)

Несі өмір? Несі жұрт?
Өңшең қырт! Бас қаңғырт!
Абай

Армысыз, Қабе!

Сіздің «Жас Алаштағы» жан айқайыңызға өзімнің шыбын жанымның шыңғыруын қоспақ болып далбасалап жатқаныма кеңшілікпен қараңыз, аға.

Қап-қара бұлты торлаған жүдеу аспанның жыртық көйлектен жарқ ете қалатын аппақ тәндей кенет жадырап сәуле шашатын сәтін әр пенденің асыға аңсайтынын білесіз ғой. Мынау күңгірті мол сұрғылт ғұмырымыздың еңсені езетін қалың мұнарын сәл-сәл серпіп жіберіп, шуағына бөлейтін мерейтойымызды әлгі жыртық бұлттан жылт еткен күндей сезетінімізді және растайтыныңызға күмәнім жоқ.

Қаламгерлік тірліктің қызығы мен шыжығына толы ауыр-ауыр ойды арқалатып жеткен сіздің **сексеніңіз** бен менің **жетпісбесім** ұланасыр тойды алдымыздан тоса қояр деген сенімді үргедек көңілдерімізде үміттендіре тірілтпеп пе едік. Ұлтын ұлықтайтын ойдың төбедегі төрде ұлтын ұмытқан ұлықтар отырғанда дұрыс тойы өтпейтінін қалай ескермегенбіз, Қабе.

Сонымен өкініштің өксігін, өксіктің өкпе сызын өзіңізбен бірге көтеретін іниіздің де сырқыратқан сырын тыңдап көріңіз.

Мерейтойларымды өткізіп жүрген қасиетті қара шаңырақ - Әуезов театрына тағы да аңқылдап бетімді бұра бергенім сол еді, театрдың жаңа басшылары ат-тондарын ала қашқанынан бастайын. Өрекпіген көңілім күрсіністің тасқынында көмілді де қалды.

Ә дегенде бәрі әдемі боп перде түріп еді-ау...

Алматы қаласының басшылары маған арнайы өкілін жіберіп, мерейтойымның театрда һәм тойханада ойдағыдай өтуі үшін қандай көмек-жәрдемнің қажеттігін сұрап алып, артынша-ақ барлық шығынымды өздері көтеретіндерін жеткізіп, жыртық қалтам түгіл, қойны-қонышымды уәдесімен толтырып тастаған-ды.

Осы екі ортада Мәдениет және спорт министрлігінен хабарласқан Тәңір жарылқағыр Ақтоты Райымкұлова кешімнің 27-маусымда Әуезов театрында өтетінін, ал соған дайындығымды Жасөспірімдер театрының әртістерімен жасауға кірісе беруімді айтып, кеудемді кернеген күрсіністі серпіп тастап еді-ау...

Әртістерге әртіс боп қосылып, шығармашылық кешімнің репетициясын бастап кеткенім сол еді, әлгі өкіл жігіт өңі өрт сөндіргендей қуарып жетіп, төбемнен жай түсіріп жібергені-ай...

Биліктің құдыреті - тізгінінің тапшылығында емес, баршаға жасай алар жақсылығында екенін білмейтін, Сматаевқа қалай уәде беріп қойғанына қынжылып жүрген қала басшыларына Жазушылар одағынан үлкен ілгешек табыла кетпей ме.

Әлде Ғалым Жайлыбаевы ма, әлде Нұрлан Оразалины ма қатты ашуға булығып:

- Сматаевтың кешін өткізбек болуларың қалай? Жетпіс бес жасты тойлауға биыл тыйым салынғанын білмейсіздер ме?! - деп дүрсе қоя берсе керек. Іздегенге сұрағандары табыла кеткеніне естері шыға қуанған әкім мен әкімнің орынбасары сол бойда ауыздарын құ шөппен сүртетіндерін хабарлап, маған әлгі өкілін жұмсап жіберген ғой.

Жеңбесе де, әділдік үшін айқасып өткен ғұмырдың атышулы атағы боларын дәлелдеп, қазақ қаламгерлерінің арасынан алғашқы боп 25 томдық шығармалар жинағын шығарған Сматаевтың Жазушылар одағына да, қала әкімдігіне де жақпай қалатыны әрине белгілі ғой, Қабе. Жаманға жалынғанша, жалынға шалын дейтін өлермендікпен театрдағы дайындықты жалғастыра бердім. Әртіс ұл-қыздарымның азаматтық танытып, жанымды жайландыруға тырысқандарын өлгенше ұмытпаспын-ау. «Софы ата! Софы аға! Еңсеңізді түсірмеңізші. Халқыңыздың қамын жейтін қара нарымыз емессіз бе. Әкімдіктің бұлталақтауына бізді қарсы қойыңыз. Осының алдында ғана Қабдеш аға мен Жүрсіннің тіпті 65 жасына да ақшасын аямаған Байбек, Қырықбаевтар қайда кетер дейсіз. Біз сіздің салтанатты кешіңізді тегін-ақ өткізіп береміз!» - деп репетицияға жеңдерін сыбана кірісіп-ақ кеткен-ді асылдарым.

Ұмытпасам 7-маусым күні Мәжіліс төрағасы ақынжанды азамат Бақтықожа Ізмұқамбетов телефон шалып алдағы мерейтойыммен құттықтады да:

- Софы аға, шығармашылық кешіңізді ең әуелі Астанада өткізсеңіз қалай болар екен? Президент әкімшілігі де, Мәдениет министрлігі де осылай деп ұйғарып отырған тәрізді, - деп әлдебір қолқаны жеткізгендей болды. Ішім сезе қойды. «Сматаевтың бір де бір шығармашылық кеші елордада өтпепті. Жетпісбесін Астанада өткізуді уйымдастырыңдар!» деген тапсырмасы болғанын еміс-еміс естіп, Нұрекеңе ырза боп қалғанымды жасырмайын.

- Жұрттың алды боп құттықтағаныңа ырзамын, Бақтықожа бауырым. Ал мынау ұсыныcты қолдай алмаспын. Алматының патриотымын. Өйткені ол - балаларымның кіндік қаны тамған ыстық ұясы. Шығармашылық перзенттерімнің алтын бесігі. Маусымның аяғында өткізетін кешімді Астанада жалғастыруға уәде берейін.

- Оныңыз дұрыс екен. Ал бірақ шілде, тамыз - Астана үшін каникул, демалыс кезеңі ғой. Сіздің салтанатты жиыныңызды қыркүйекте өткізетін болармыз, - деп келісім танытқан-ды.

Іле-шала маусымның 10 күні «Мәдениет және спорт министрлігінің жауапты хатшысымын» деген азамат телефон соғып, шығармашылық кешімнің қыркүйектің аяқ кезінде «Конгресс-Холлда» өтетінін айтып, көңілімді бірлеген еді.

Қанша хабарлассам да бір ұстатпай жүрген облысымның Нұрмұхамбет Әбдібеков дейтін әкімі 12-маусымда ойламаған жерден телефон шалып «мерейтойымның Алматыда, Қарағандыда өтуіне байланысты жай-жапсарды анықтап алу үшін облыстың мәслихат хатшысын маған арнайы жібергенін» айтып мені мүлде шалқытқаны ғой.

Кейін білдім. Әбдібеков мырза өзінің ағайынының 65 жылына арналған кешке қомақты сый-сияпатпен жөнелткен хатшысын мені алдап-сулай салғызу үшін табалдырығымнан аттатқан екен. Өйткені содан бері облысымнан да, облыс әкімінен де хабар-ошар сап тыйылды.

Мүшел жас дейтін жолайырыққа тірелерде әркім-ақ өткеніне көбірек үңіліп, алдағысынан жиірек түңілер мазасыз ойлардың түнегінде тұншықпай ма. Содан ба күліп тұрып та, күрсініп қалатынымды несіне жасырайын. Ал бүгін театрдағы салтанатты жиында күдігімді жұлып тастап, жүрегімді бұлқынтқан әдемі әсерімді есімнен шағарғым келмейді. Мерейтойыммен шын жүректерімен құттықтап, қаламымның қайрылмауын, дімкәс ағзамның

сау-саламаттығынан айрылмауын тілеп, ыстық ықыластарын жолдаған Елбасыға, төрдегі төрелерге, барлық дерлік облыс әкімдеріне тебіренген жүрегімнің алғыс-ырзалығын тағы білдіргім бар.

Қабе, ұзақ жыл үндемей жүрген газет-журналдар сіз туралы жарыса жазғандарын білемін. Ал менің шығармашылық өмір жолым жөнінде БАҚ беттерінің ағынан жарылғанын көре алмадым-ау...

Ал сонда да күліп жүріп таппаған көңіл іңкәрін жылап тұрып тапқандай болып едім-ау. Ол бақыт - мәртебемді асқақтатқан Алашымның, қарабайыр қараша халқымның арқамнан мейірлене қағып, алақанына салып аялағаны. Шынайы сүйіспеншілігімен еміненер елім бар да, еркелетер ұлының бірі болып, солардың алғыс-батасының арқасында ұсақ емес, ірі болып жүргенімді сезіндім.

Нөсерлете құйған жаңбырға малшынып жетіп, театрдың ішін кернеп кетіп, сыртында сыймай қалған тілеулестерімнің көптігіне сонда көзім анық жетіп еді-ау. Ақ ниетті, ақпейілді қазағыма, қандастарыма мөлт еткен көз жасымның тамшысының тазалығымен толқыған жанымның риясыз рахметін тағы бір айтайыншы.

Соңғы елу бес жылымда 10 роман, 15 повесть, 18 пьеса, 45 дастан, 5 киносценарий, 5 операның либреттосын, 150 ден астам мақала жазып, 25 том шығарма туғызып, халқыма сіңірген еңбегім жайында еңсемді тіктеп тұрып есеп беріп ем ғой. Театр сахнасынан әртіс кейпінде ақын боп төгіліп, боз даламның ботасының үні боп алашымның кеудесіне жыр мен сыр боп егіліп, мұңлы ойларымның құнды аңырауымен бір ақтарылып кетіп ем-ау. Сол ағымен ақтарылған көңілімнің мейрамханадағы той дастарханына жетер-жетпестен аңтарыла құлазығанын сезген жоқ шағарсыз, Қабе.

Тойханада қала әкімдігінен төбе көрсеткен бір жан болмаса, жайшылықта шақырылмаса да дүмпе қаптап кететін жазушылар мен журналшылардың, тойыма арнайы шақырылғандары да тойхана табалдырығынан аттамай, қаншама шығындалып жасалған дастарханымның елу орнының қаңырап бос қалғанын өзіңіз көріп едіңіз ғой. Мүмкін солар театрдағы ешкімге ұқсамас спектакль көрінісімен өткен кешімді, биік биліктегі төрелер мен облыс әкімдерінің шашпауымды көтере құттықтауларын іштері күйе қызғанды ма екен... Ол ол ма дастарханымды басқаруға тиіс Жазушылар одағының бір қызметкерінің дәл отырыс

басталарда «ауырып» қалғанын (әлде «ауыртып» қойғанын) сіз қалай түсінер едіңіз?

Сол күні театрда әртіс боп ойнап, тойханада асаба боп сайрап әбден қалжырап едім ғой, Қабе.

Әңгімемді әрі жалғастырайын.

Тамыздың 15 - күні Астанадан ұшып келген Мұхтар Құл-Мұхаммед менімен оңаша кездескен еді. Мұхтар інім әр кездегі жасы үлкенге иіліп, қолын алдымен созар әдетімен жылы жымия қарсы алды. Жымиюы тегін емес екен, әңгімені ұзартпай:

- Софы аға, сізге қандай марапат ұсынғанымызды қалайсыз? - деп бірден шаруасының төтесіне көшті.

Әрине анау... анау төрдегінің емексітуі екенін неге сезбейін. Мен де төтесінен бір-ақ тарттым.

- Елбасы соңғы кездескенімізде «Сіз, Сәке, Еңбек Ерін аласыз!» деген. Беріп жатсаңдар қарсы бола қоймаспын, - деп езу тартқан болдым.

Мұхтар сылқ түсті.

- «Отан» ордені ше?...

- Алтын жұлдызға ілесе жүретін қосалқысы емес пе оның. Омырауымнан оған да бір тесік табылар, - деп өрши түскенімді төзімі аздау төрелік қайдан жақтыра қойсын, тақырыпты дереу өзгертіп жіберді.

- Астанадағы кешіңізге дайындық қалай?

- Ойдағыдай. Бір ғана өтініш - өз облысым Қарағандыда жерлестеріммен кездесуімді ұйымдастыра алсаңыздар... Әйтпесе әкімім құрғақ уәдесімен ұстатар емес.

- Алдымен Астанада өткізуіңіз өте қажет. Тапсырыс... - деп күмілжіп барып, - қалалық әкімдікке де, Мәдениет министрлігіне де тапсырыс берілген, - деп тез қайырды.

Таусылмас уәделердің тағы бір-екеуін құшақтап қала бергенмін.

Астанадағы кешім қыркүйектің аяғында өтетін болған соң, дәрігерлерімнің «инфаркт пен инсульттерді қабаттап алған ағзаңыз алыс жолды көтермейді» дегендеріне қарамастан баламды ертіп алып, қыркүйектің 4-нен 20-на дейін Меккеге құлшылық ете барып, қажы боп оралдым. Сапардан түнде ұшып келіп, азанда Балқаш қаласында инсульт алып хәл үстінде (комада) жатқан туған ініме тартып кеттім. Жарты айдай тілсіз, қыбырсыз жатқан бауырыммен бірге жан азабын кешіп, ақыры қара жердің қойнына табыстам қайтқам-ды, Қабе.

Қыркүйек те өтті, қазан да орталанды. Астанадан еш хабар болмады. Уәдеге жерік Қарағандымнан да тырс еткен дыбыс естілмеді. Өзімнің Шет ауданымның Мұрат Жандәулетұлы дейтін әкімі Әбдібековтен өткен безбүйрек екен, хатыма да, телефоныма да бір жауап қатқан емес. Оған өкпем өшкен де жоқ. Алпысымда да, жетпісімде де Қарағанды түгіл ауданыма, ауылыма шақырмаған бастықтардың жетпісбесіме пысқырмайтынын неге сезбейін.

Айтпақшы, 70 жылдық тойыма әдірістік папкасыз, шапансыз, 700 долларын жеңінің ішіне қыстырып облыстық мәслихаттың хатшысы сопайып келгенін өзіңіз д е көріп едіңіз-ау. Сол 700-ге 7 долларымды қосақтап Ахметовтың атына қайтара салып жібергем-ді. Содан ұялды ма сол жылдың 7-қарашасында Серік інім «Софы аға, ертең Қаздауысты Қазыбектің қалада ескерткішін ашпақпыз. Келіп, лентасын қиып беріңіз. Коттеджіңізді де, джипіңізді де дайындатып қойғам. Кілттерін өзім қолыңызға тапсырамын!» - деп дүбірлете жөнелген әкімімді сәл кідіртіп:

- Серікжан, Қарағандыға дәл бүгін құс боп ұшсам да жете алмаймын. Ал мен кілттерге емес, Қарағандыға жерлестеріммен кездесіп, шығармашылық кеш өткізу үшін бармақпын. Соны ұйымдастырыңдар, - деп тілек білдіргем.

- Дұрыс екен. Кешіңізді театрда дүркіретіп өткіземіз. Айтпақшы сіздің 17 томдық шығармаларыңыздың 200 комплектісін сатып алуды Арман Қырықбаевқа тапсырғам. Өзіңізбен хабарласар, - деп Серігім серілік танытқан-ды.

Алайда Арман бауырдың телефон құлағын бұрауға уақыты болмады-ау, сірә. Шенеунік інімнің құлағының құлпын өзім ашқам-ды.

- 200 түгіл 100 комплектісін алуға қаражат таппай жатырмыз, - деген әкімнің орынбасарына,

- Онда сол 100-ін тегін берейін. Жерлестерім не жазғанымды біліп жатсын. Почтамен не поезбен жөнелтуге менің де қаржым жоқ қой, бауырым. Машина жіберіп алғызарсыңдар, - деп құдіретті өксімге қарсы келе алмай құлдилай бергемін.

Сонымен сол Қарағандым тегін берсем де кітаптарымды алған жоқ еді.

ҰҚК белсенділері сіздің кітаптарыңызды өртеп жібергенін оқыған соң, кітаптарымды Қарағандыға жібермегеніме қатты қуандым. Кім білсін, екі мыңдай кітабым әлдебір қоймада шаң басып күні бүгінге дейін

жата берер ме еді. Әлде олар да керосинмен шайылып, от, өрт құшағына енер ме еді.

Ал Қарағанды топырағына табанымды тигізер кешім өтпей қалды. Маған берілмек екі кілт те әлдекімдердің ұры қалтасына түсіп кетті ме, өзіме бұйырмағанын білемін.

Білемін де, алтын бесік Алматыма кіндігіммен берік байланғанымды сүйіне, сиына сеземін. Өйткені осынау аяулы қалама бала болсам, шаһардың әр кездегі біраз әкіміне аға болып, ыстық ықыластарына бөленгем. Бір жылда екі ұлым қабат үйленіп, бір пәтерде үш отбасы боп тұрып жатқанымызды көрген - құдайы көршім - азамат Заманбек Нұрқаділов Самалдағы алты бөлмелі пәтердің кілтін қолыма ұстатқан-ды. Одан кейінгі Шалбай Құлмаханов пен Виктор Храпунов кітаптарыма демеушілік жасап, азаматтық көрсеткен-ді. Виктор мырза: «Өз кітаптарыңызды сататын дүкен етіңіз!» деп орталықтағы бір бөлмелі жеке үйді ұсынған болатын. Әлгі жайды тым қорашсынып алмай қойғаныма әлі күнге дейін өкінемін.

Одан кейінгі Имашжан Тасмағамбетовтың туған бауырымдай болып, «ағалап!» құрметтегенін қалай ұмытармын. 17 томдық шығармалар жинағыма түгелдей дерлік демеушілік жасағанын көпшілік біле бермейді. Ал қылтамақ болып өмір есігінен әрі аттағалы тұрғанымда өз қаржысымен Германиядан хирург алғызып, жанымды аман алып қалғанын өзімнен басқа ешкім білмеуші еді, бүгін сізге ашып отырмын, Қабе.

Ал кейінгі екі әкім (А. Есімов, Б. Байбек) менің дүниеде бар-жоғымды білмейді. Мүмкін білгілері келмейтін де шығар. Ал Есімовтың Серік Сейдуманов һәм Зәуреш Аманжоловадай орынбасарлары шынайы біліктілік танытып, мені қалалық салтанатты кештерге, әртүрлі жиын-кездесулерге үнемі шақырып, ұмытпай ізденіп отыратын. Ал А. Қырықбаев мырзадан ондай ілтифат әзірше сезілген емес.

Бірді айтып, бірге кетіп барам-ау деймін, өз ізіме қайта түсейін. Желдеткен қыркүйек бітіп, жаңбырлатқан қазан өтіп, қарға көмген қараша басталды. Шыдамның да шегі болады ғой. Содан ба өзіме оң көзімен қарайтын Бақтықожа іниммен хабарластым.

- Әу, олар «әне өткіземіз, міне өткіземіз!» деп мұрындарына су жетпей жүр еді ғой... Тапсырыс берілген соң олары несі екен, ә? - деп Бәкең ренішін жасырған жоқ. Бірер сағаттан соң өзі маған телефон шалып:

- Әлгінде министрмен... Арыстанбекпен сөйлестім. Өзіңізбен бүгін хабарласады, - деп көңілімді бірлегендей болды.

Министр Арыстанбек мені онша менсініңкіремеді-ау деймін, жауапты хатшы Уәлиевін жұмсап, телефон соқтыртса керек:

- Сәке, қам жемеңіз. Сіздің кешіңізді өткізу қалалық әкімдікке тапсырылған. «Нұр-Отан» партиясының қадағалауымен «Конгресс-Холды» белгілеп қойғанбыз. Жай-жапсарды Мұхтар Абрарұлынан біліп отырарсыз, - деп хатшы жолдас жуып-шайған болды.

Бүгінде орнын тапқан сөз құнды болмай, ердің орнын басқан ез құнды боларын білмесек, несіне қаламгер атанамыз, Қабе. Ерді де, езді де өзімнен таптым ба, төменнен төбеге қарап жалтақтауым, Алматыдан Астанаға бұрылып алақтауым көбейді. Елордаға телефон құлағын бұраудан мен шаршамасам, трубка көтеріп, құлағын тосуға астаналықтар мүлде асықпайды екен. Сонау тамызда екпіндеп жетіп, есігімді тықырлатқан Мұхтарым мүлде өзгеріп кеткен. Әлдекімнің ашынтқан арызын тыңдай қойса, төрелік төрінен ылдилай қаларын неге сезбесін. Сезгендіктен де өзі түгіл Асқар, Нұрбол атты екі көмекшісіне де менімен байланысты үзгізіп тастаған тәрізді.

Әрине төрдегілер өздерінің кердең кесірлігінің қасіретке айналарын, қасіреті қасиетін өшірерін ұмытса, кәрілік желкесіне мінген әлдебір қаламгерлерге елпең қағардай жын ұрып кетіп пе. Егер олар да ой түбіне үңілер болса, анау өздері аузын бағып, көзін аулайтын «құдайының» да шал-шауқандықтың құшағына құлағанын қалай байқамас еді. Қайғы ойлатқан қарттықтың зор арманды мұңы боларын мүмкін сол Нұрекесі сезсе де, айналасындағы жабық құлақ, бітеу кеуде қолпаштаушыларының түйсінбеуі кәдік-ау.

Елді де, Еділді де алғандай ісіп-кеуіп есірген «мықтыларға» өзіңді танытуың түгіл, сөзіңді тыңдатуың қиямет екенін білсек те, пендешілікпен тыраштана беретініміз жаман-ау. Сол тыраштануымның арқасында күндердің күнінде Мұхтардың екінші көмекшісінің Астанадан зарықтырып жеткен дауысы естілді:

- Сәке, сіз енді президент әкімшілігінің бөлім меңгерушісі Балаева ханыммен байланысыңыз. Барлық шаруаңызды орындау сол кісіге тапсырылған, - деп жауабымды тоспастан байланысты үзіп жіберді.

Үмітіңді үнемі үзе беретін мынау қатыгез кезеңнін адамы болсаң, жалтақтамай, қалтақтамай өмір сүре аларсың ба. Уәдешіл басшыңнан да, мыңқ етпес әкіміңнен де, шекірейген шенеуніктеріңнен де өзіңді ескерер естілік байқалмаса, азандағы күрсінісіңді ақшамдағы өкінішіңе еріксіз жалғастырасың ғой. Таусылмас күдіктің құрсауына түскенде одан құтылудың жолы жоғына жарты ай бойы әлгі Балаева ханымға күніне екі-үш мәрте телефон шалып, бір хабарласа алмай әбден тауым шағылғанда көзім жеткен-ді, Қабе. Уысына алтын құйылғандардың туысын да танымай кететінін ескермейтін қарабайыр қаламгердің ішінен зар шыққанымен, тілінен үн шықпайтын меңіреу кейіпке түсіп, телефонға жолауды мүлде тоқтатқам.

Сөйтіп жүргенімде аяқ астынан төрдің озбырлығына көніп, өктемдік көргенімді өзіңізге ғана айтайын, Қабе. Бірақ сол өктемдікті танытқан биік биліктегі шіренген төрелер емес, шелтиген шенеуніктің шілінгірі ғана. Мүмкін дәл соны шіңкілдеткен биіктегілердің «айтақтауы» да шығар. Әлгі шікірейген шенеунігім Әділбек ЫбырайымҰлы деген әкімшіліктің бір қызметкері екен. Сірә соны әлде Балаевасы ма, әлде мықты дөй ағасы ма, маған айдап салса керек, бір күні телефонымды оқыс шар еткізіп, дүрсе қоя бергені:

- Сіз, азамат Сматаев! Мазамызды алуыңызды дереу тоқтатыңыз! Шығармашылық кешіңіз Алматыда өтті ме? Өтті! Әуезов театрын бергіздік пе? Бергіздік! Енді не керек? Ау, соншама сіз кім едіңіз, анау деп, мынау деп қыңқылдай беретін. Соншама не тындырып қойып едіңіз бұл жаққа алақан жаятындай? Қай еңбегіңізді міндет қып марапат күтпексіз? Сізге ештеңе берілмейді де, кешіңіз өтпейді де!

Үнім өшті. Тілім кесілді. 25 том жазған жазушыны түк бітірмеген қайыршыдай етіп күс табанымен таптаған шенеуніктің шенеуіне шыдай алмай трубканы тастап жібердім.

Бүгін-ертең жетем бе деген әлдебір үмітің үзіліп кетсе, талықсыған дәмең де қоса қиылмай ма. Сондайда қол ұшын созар кімің бар? Құмары көп қыртың ба? Қулығы жоқ жұртың ба? Мылқау ғой, мылқау қазағың, ұлтың, Қабе!..

Осынау «қатырам деп алып - қотырыңды өзің қасы!» дейтін тәлкек етудің себебі неде десем, Қабе, сіз бен біз «Тәртібіңді жөндесең, қаламыңның өрісін өңдесең, талай сыйлық пен сыйды табаныңның астына тастаймын!» дейтін биік биіктегінің емексітуіне емеурін

танытпайтындығымыздан шығар. Сондықтан да «шынайы туынды ұлтының ақыл-ойына сүңгіп, зерде-зейініне үңіліп барып, ұлтының ары мен жаны болып жаралады» деп төрге өң бермейтін екеуімізге, мүшелді тойымызды өткерсек те, бұрын да, бүгін де түк бұйырмайтынын білуші ек қой. Аспаннан шұға жауғызған Ақүйдегі «Атымтай жомарттың» мемлекетімізді дағдарысқа ұшыратқан биліктілер мен кекек-секек еткен әншісымақтарды марапаттың астында қалдырып мықшитып қойғанына ел-жұрттың еңсесі түсіп кеткенін сол мықтың біле ме екен? Білсе, өз тапсырмасымен қаламгерге (яғни маған) қандай марапат қажет екенін анықтауға(?) М. Құл-Мұхаммедін жөнелткен соң, сол қаламгеріне тым болмаса юбилейлік қаңылтыр медалін садаға ете салмай ма. Неге өйтсін. Олар өз кісәпірлігін жасамаса, «Елім!» дейтін кісінің кісілік кесектігін қайтіп ұсақтай алар еді.

Осынау алдаусыратуы - басын таудай ғып бастап, соңын қылдай ғып аяқтайтын президентіміздің дағдылы әрекеттерінің бірі екенін сезбесем, бүгін лентасын өзі қиған кәсіпорындардың ертең-ақ жабылып қаларын елемейтінін байқамасам, өкініштің тасқынында тұншығар ма едім. Кешегі өз тапсырмасын мұқият қадағалап, тап-тұйнақтай етіп орындататын Қонаев асылдың іскерлігіне бүгін жылап көрісердей болдық қой. Сондықтан да бәлкім күйінішті тірлігімнің құдыреттілігі - күлдірте бермейтін күрсінулерімнен туатын шындық іздегіш шығармаларымда шығар.

Ұлтының үні боп сөйлеген ақынның әкімге жақын болмайтынан сіз бен біз таяқ жеумен сезіп жүрміз ғой, Қабе. Сенімін серік еткен Алаштың азаматтарымыз, түптің түбінде су ағып, тас қаларын ұмытпайықшы. Шаңырағына қарап шалын сыйламай, шалына қарап шаңырағын сыйлар заман да туар әлі-ақ. Сол кезде қазағым, халқым, Қабе, сізге де, маған да бүкіл ұланбайтақ даласының әр түкпірін туған топырағымыз етіп табанымызға тигізер. Келер әділеттің күні, ақиқаттың таңы сіз бен бізді іздеп тауып. Жетер төрдің де, елдің де маңдайымыздан сыйпап, арқамыздан қағар ыстық алақандары сағына қауышып.

Бүгінгі уақытшаларға ертеңгі мәңгілігіміздің мүсіркей қарармыз сонда, Қабе!

Уассалам!

«Жас Алаш» газеті, 2017 жылдың қаңтары.

Талғат АЙТБАЙҰЛЫ

ХАЛҚЫҢЫЗ БАР ДА ҚАМЫҚПАҢЫЗ, АҒА!

Ассалаумағалейкүм, Софы аға!

Сіздің жақында «Жас Алаштың» 24 қаңтар күнгі санында жарияланған «Мен де топырағымды ширек ғасыр бойы бір баса алмай келемін» деген хатыңызды оқыдым. Халқымыздың сөзін сөйлеп, жоқшысы болудан бір танбай келе жатқан Қабдеш ағаға ағыңыздан ақтарылып, мұңдана сыр шерткен екенсіз.

Иә, аға, Сіз тазасыз, адалсыз. Халқыңыздың алдында абыройлысыз. Мен бұл пікірді 86-ның ызғарлы күндеріндегі жан шырылыңызды жақсы білетіндіктен де ауызға алып отырмын. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде мәдениет бөлімінде сектор меңгерушісі едіңіз. Жастардың алаңға жинала бастағанын терезеден көрісімен, шыдай алмай араларына барып, талап-тілектеріне құлақ түрдіңіз. Көтерген ұрандарымен келісетініңізді де жасырмадыңыз. Қызмет орныңызға қайтып келгеніңізде бөлім бастығының алаңға шыққан қыз-жігіттерді кейін жазалау үшін фотосуретке, бейнекамераға түсіріп алу туралы тапсырмасын орындамай, ОК-тің идеология жөніндегі хатшысы З.Камалиденовтің Жоғарғы Кеңес президиумы, Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті және Министрлер кеңесінің аттарынан оқылатын үндеу мәтінінің А.Устинов жазған «махровый казахский национализм» деген тіркесіне шорши түсіп, «Мына қаны сорғалаған қазақ ұлтшылдығы» дегенді қайдан шығарып жүрсіз?» деуіңіз, одан кейін министрі, облыс басшысы, орынбасарлары бар алты қазақтың орнына алты орысты қойған Колбинге «неге олай етесіз?» деп өз ойыңызды ашық айтуыңыз ше? Сол кезде мұндайды күтпеген ол қатты шамданып:

«- По какому праву вы задаете мне такой вопрос?! - дейді.

Құдай ма, әлде бір жебеушім бе, аузыма мына сөздерді сала қойғаны:

- По праву, что и вы, и я члены одной партии, партии Коммунистической!

Колбин... шөге кетті... Содан кейін әлгі кадрды дайындаған өндіріс бөлімінің меңгерушісіне біраз шүйіліп, қазақ орынбасарын тағайындатты...» - дейсіз өзіңіздің «Алматы 1986 Желтоқсан» айғақ-кітаптарының 3-томына

енген «Камалиденов тұтығып, Колбин... шөге кетті» деген сұхбатыңызда. Сол сұрқай кезеңде Орталық Комитетте Сіз секілді қаншама қандастарымыз қызмет істеді. Солардың кейбіреулері әлі де аттан да, тақтан да түскен жоқ, тіпті парламентте отырғандары бар. Алайда олар әлі билікшіл. Бүгін жер, үштілділік пен Конституцияға өзгерістер енгізу мәселесі үлкен шуға айналған кезеңде де немкетті, бейжай, бүгежек... Сіздің солардан айырмашылығыңыз - қызметтің құлақкесті құлы болған жоқсыз! Жөнсіздіктің құрбанына ұшыраған қазақтың жыртысын жыртып, намысты ұлының лебізін жалтақтамай жеткіздіңіз. Шыңғыс қаған өсиет еткендей, «Құлаш бойым құласа да, тіккен туым құламасын» деген биік белестен көріне білдіңіз. Кеуде керіп жүрген талай мықтылар бүкшиген уақытта осының өзі де айрықша ерлік емес пе, аға?!

Айта білсек, бағалай алсақ, санамалап ауызға алар ерліктеріңіз көп-ақ. Жап-жас, алып ұшқан жігерлі шағыңызда «Жас тұлпардың» қатарынан көрініп, белсендісі болуыңыздың өзі таңғажайып тағдырдың бір белесі дер едім. Дегенмен ескерусіз емессіз-ау, аға. Сіздің 17 томдығыңыз қолға тиген соң, 2009 жылы жарыққа шыққан «Қазақстан жазушылары» анықтамалығындағы ақпарға қарасам: Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының тұңғыш лауреаты, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері екенсіз. Қазақстан Республикасының бірнеше медалімен, Қазақ КСР Жоғары кеңесінің Құрмет Грамоталарымен марапатталып, Жезқазған, Балқаш қалалары, Ағадыр, Қарқаралы, Шет аудандарының Құрметті азаматы атаныпсыз. «Елім-ай» роман-трилогияңыздың Мемлекеттің сыйлыққа ұсынылып, оны ала алмағаныңыздан да көзі қарақты оқырмандарыңыз хабардар. Олар ондай сыйлықтардың кімдерге берілетінін, арғы жағында көрінбейтін «мылтықсыз майдандар» жүріп жататынын да өте жақсы біледі. Алайда, Софы аға, Сіз «битке өкпелеп тоныңызды өртеген» жоқсыз, қайта қайралып, қаламыңызды безей түстіңіз; шамырқанып, ширыға жазатын қырыңызбен оқшауланып, қазақ тағдырына, ұлт мәселесіне байланысты ойларыңызды ашық айтып, жоғарыдағы ел тізгінін ұстаған көсемдердің аттарына жіберілетін хаттар мен үндеулерге қол қоятын ұлтжанды, елімшіл, жерімшіл, мемлекет мүддесін көздегіш зиялы қауымның көш басында жүрдіңіз. Желтоқсан көтерілісі кезінде қандай болсаңыз, еш өзгермей, сондай болып қалдыңыз. Ел сөзін сөйлегендердің

өмірі ауыр, азапты болатынын біле тұра, сөйттіңіз. Қалың қазақтың, еңсесі езілген ұлтымыздың намысын қорғаған әрбір әрекетіңіздің бірде-бірін жібермей, жіті бақылап отырған билік тарапынан «елеп-ескерусіз» қалмайтынын анық білдіңіз, тіпті оны отбасы, ошақ қасыңыз да әбден сезінді. Ұлдарыңыздың болашағына бөгет қойылып, атқарып жүрген тәп-тәуір қызметтерінен шеттетілді. Жалғыз жүрегіңізді дімкәс еттіңіз. Асқазаныңызды алдырттыңыз. Одан басқа да денсаулығыңызға келген қаншама нұқсандар бар екені өзіңізге аян. Осындай қиын халде жүріп ақ параққа ала алмай жүрген өші бардай қадалып, өлермендікпен жұмыс істеу, әсте, мыңнан, жо-жоқ, миллионнан біреудің ғана маңдайына жазылған тірмізік еңбек шығар. Әр жыл сайын бір-екі кітаптан жазып, ұзын санын 25 томға жеткіздіңіз. Бұл ғаламат табыс қой! Қазақ қайраткерлері арасында осынша кітап жазған, жазып қана қоймай, көзі тірісінде шығара білген алғашқысы екеніңізді жанкешті еңбекқорлығына сүйсіне отырып, жаза түссе екен деп тілеулестік танытатын Қабдеш ағаға ағыңыздан ақтарыла айтыпсыз. Бұл қалай айтсаңыз да жарасатын - жақсы, өте жақсы жетістік! Осы орайда біздің дәуірімізге дейінгі 638-559 жылдар аралығында өмір сүрген ұлы ойшыл, ақын, әрі заңгер, кезінде Платон «жеті кемеңгердің мықтысы, бекзат ақын» деп жоғары бағалаған Салонның сөзі ойға оралады. «О, Отаным, мен саған сөзіммен де, ісіммен де қызмет еттім!» деген екен. Дәл сол ғұлама Салон айтқандай, екінің біріне бұйыра бермейтін 75-іңізді сөзіңізбен де, ісіңізбен де еңсеңізді асқақтай көтеріп есеп беретін табыстарыңызбен қарсы алыпсыз, аға!

Сөз жоқ, бұл әділ бағалануға, әдемі бағалануға тиісті еңбек еді. Біз енді кешегі кеңестік жүйені көрген, тәлім-тәрбиесін алған, адал да абыройлы еңбекті бағалаудың үлгісі - мемлекеттік марапатқа ие болу деп үйренген ұрпақтың өкілдеріміз ғой. Билік осы бір осал тұсыңызды әбден зерттеп біліп алған.

Сол уақытта Қарағанды облысын басқарған әкім Серік Ахметов 7 қараша күні: «Софы аға, ертең Қаздауысты Қазыбектің қалада ескерткішін ашпақпыз. Келіп, лентасын қиып беріңіз. Коттеджіңізді де, джипіңізді де дайындап қойғанмын. Кілттерін өзім қолыңызға тапсырамын», - деп шақырады. Артынан коттедж де, джип те жоқ, әншейін алдаусыратқан көпірме сөздің бірі болып қалады...

Иә, аға, қайтесіз, не істейсіз? Заман солай, енді...

Сондықтан, Софы аға, Еңбек Ері атанбадым деп мұңаймаңыз, мүжіліп, мұқала көрмеңіз. Ешбір мансап та, марапат та, сыйлық та дарыныңызға дем бермейді. Сіздің шабытыңызды шалқытатын, шығармашылығыңыздың әділ бағасын беретін қалың оқырмандарыңыздың ыстық ықыласы екенін ескеріңіз.

«Терісті теріске шығармайынша, қоғам борсыған батпаққа айналып, мүңкіп кетеді» депті В.Г.Белинский. Сіз борсыған бүгінгі қоғамымыздағы биліктің бейдауа сөзін емес, ашынған елдің ақиқат өмірін жазып жүрсіз. Мәңгілік ештеңе жоқ. «Бетеге кетеді, бел қалады; билер кетеді, ел қалады». Талай қасірет, қырғынды көрген, сонда да үкілі үміті үзілмей, талайлы тағдыры теперіш, тепкіден көз ашпай жалғасып келе жатқан қалың еліміз - қазағымызға өстіп, қолыңыздан келгенше, қасиетті қаламыңызбен ақ-адал қызмет ете беріңіз. Сіз - халықтың адамысыз!

Халқыңыз барда қамықпаңыз, аға!

Иә, Софы аға, осы сөзді өзіңіз үшбу хат арнаған бүгінгі қазақтың бетке ұстар қайраткер қаламгері Қабдеш ағаға да айтқым келеді. Сіздер халыққа, әсіресе, бүгінгі қалжыраған қазаққа қажетсіздер.

«Жас Алаш» газ.
2017 жыл, сәуір

ЗИЯЛЫМ БА, ЗИЯНДЫМ БА?..

Біз қазақ әрі мықты, әрі әлсіз халықпыз. Мықтылығымыз - тектілігімізде. Әлсіздігіміз - кекшілдігімізде.

Біз қазақ әрі дана, әрі шала ұлтпыз. Даналығымыз - өнердегі биіктігімізде. Ән-жырдағы тереңдігімізде. Шалалығымыз - қызғаншақ, күншіл бақастығымыз бен бір-біріміздің мұң-зарымызды естімес кереңдігімізде.

1937 - 38 жылдары сүт бетіндегі қаймақтарымыз - ғалымдарымыздан, жазушыларымыздан, әртістерімізден түгелдей дерлік айрылып қалдық. 120 мың адам ұсталып, 40 мыңдай қазақ атылған.

Неге атылған? Қалай атылған? Қай жерде атылған?..

Өзге ұлттарда, мәселен, өзбекте саусақпен санарлықтай адам шейіт болса, тәжіктер дін аман.

Себеп не?

Күншіл қазақ бірін-бірі көрсетуден алдына жан салмаған. Қызғаныш өзегін өртеген, күншілдік кеудесін сыққан. Өйткені, «алдындағы мойын оздырғанын алып тастаса - күн нұры өзіне ғана түседі. Мықты креслоға өзі ғана жайғасады». Осы қаскөй тілек, осы ашқарақ дәме қазақ даласына, Алаш баласына пәле мен жаланы қара бұлттай қаптатқан. Кремльге керегі де сол еді. Асқақ рухты Алаштың өзегін суырып алса, қалған тобыры топаланға өзі-ақ айналады деуді алға созған.

Ал бүгін ше?

Тәуелсіздіктің көк байрағын көтеріп, егемен дербес мемлекетіміздің керегесін үмітпен жайған сын кезеңіне қойып кеп кеттік. Содан ба бұрынғы аяқта тұсау, мойында қамыт, білекте бұғау тұрған сәттегі көңілде қалған дық пен кеудедегі қыжыл кей-кейде алды-артыңды пайымдауға үлгертпей, атүсті асығыстыққа итермелеп келеді. Содан ба жоғалтқанымызды аласұра іздеп, өшкенімізді жанталаса жандырмақ болған бүгінгі құлшынымызға өз басым көбінесе күдіктене қараймын.

Әрине, қалғыған ой мен мүлгіген сана селт етіп оянса, намысты қайрап, жігерді жанитыны ежелден белгілі. Осылай десек те, талай сан соққызған ауыр өкініштердің орнын толтыру үшін біз кей кезде жұрт көзінен тасалау әлдебір қуысына қызыл бұрыш тығып алып, есегінен де озып кеткен Хожанәсірдің кебін қайталап та жүрген тәріздіміз.

«Анау ше, анау... - төңкерісшіл!»

«Ал сонау шіркін - орысшыл!»

«ой, ол дегенің - нағыз большевикшіл!»

«Ал мынауың кезінде Алашордаға қарсы болған!» т.т.

Осы төңіректе бықсыған күбір-күңкіл, қаңқу-сыбыр талай кеуденің сасық түтінін шұбалта бастағанын байқап та қалдық. Бірақ күншілдік пен міншілдікте қазақтың алдына жан салмасын білмесек, кешегі арыстарымыз бен ардақтыларымызды өздерінің заңды биік тұғырларынан түсіртпеуге тырысар ма едік.

«Өз қасиеттісін елемеген ел қасірет құшады. Өз тектісін табалаған жұрт өзгелердің табанын жалайды. Бірақ қадірліңді қастерлеп, тектіні тани білу - қиынның қиыны болғанымен аса қастерлі міндет» деп жазған едім. Сол ойымнан айнығым жоқ.

Сай жырадан, көл тұмадан, ел ұланнан құралатыны ақиқат. Көлдің құдіреті - терендігінде. Елдің ұлылығы - перзентінде. Пендесінен азаматы көп, езінен ері артық елдің өнегесі мол, үлгісі озық, таланы зор, тарихы елеулі. Ол елдің кешегісі ұмытылмас, бүгіні ортаймас, ертеңі шошытпас болса керек. Сондай өскелең елдің жұртын ілгері жетелер тобы - ең алдымен интелленциясы - зиялылары. Зиялылар қауымын ұлттың қаймағы деу өз алдына, меніңше ол халқының қамал бұзар тараны, оқ қағар қалқаны, жауын жұлып түсер жебесі, қауымын сүйреп алға бастырар көсемі, дауын түйреп тастар шешені.

«Зиялылар қауымының өз ішінде серкесі боларын тағы ескеру ләзім. Ол серке топ - ақын-жазушылары. Өйткені жазушы - әрі өткен дәуірдің, әрі өз заманының шежірешісі, өз қоғамының сыншысы, өз уақытының айнасы. Хас қаламгер халқының қасіретін күні бұрын сезіп, ұлтының жан ыңқылын өзінің жан даусымен жаралы жүрегінде жаңғыртып отырады» деген бұрынғы пікірімді және қайталаймын. Өйткені мен кейде адамзатты тек қана екі топтан құралады-ау деп пайымдаймын. Алғашқы шағын шоғыр - шығармашылық иелері. Екінші үлкен топ - басқалары. Шығармашылық иелері, әсіресе ақын - Табиғат пен адамзат, әйтпесе Болмыс пен әлеумет, немесе Алла Тағала мен пенде арасындағы байланысты сезімтал сергектігімен жалғастыратын құдірет пен қасиет тәнірісі.

Сондықтан да қазаққа тұлға, халыққа тұтқа, ұлтқа ұстаз, елге қазық болған Абай, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Садуақасовтар

- аруағына сыйынып, рухына табынып, мәңгілік қадірлеп, қастерлеп өтер иісі қазақтың біртуарлары. Осы тізімге Махамбетті, Жамбылды, Мұхтар Әуезовты, Сәбит Мұқановты, Ғабит Мүсіреповты, Қасым Аманжоловты, Мұқағали Мақатаевты қосып атасақ, ардақтыларды толтыра түсер едік. Ал осы ортақ асылдарымыздың өзін оңашалап иемденіп, «өзімдікі» деп үздігіп, өзгеден қызғанып, қыз-қыз айтысып қызылкеңірдек болып жататынымызды байқағымыз келмейтін өр көкірек ауру әрекетімізге қайта баса бастағанымызды несіне жасырамыз.

Дәлел ме? Дәлел жеткілікті-ақ.

«Анау ананы кінәлаған!»

«Мынау анадан кек қайтарған».

«Анауыңды мынауың ұстатып жіберген!»

«Мына немең анау биікте отырған!»

«Мына құрбаның мынандай жәбір-жапа көрген!» -

деп жікшілдік желігіне жел беріп, ауызбірлікті ыдыратар ұсақтыққа құрық созып, танаулап кететініміз көбейді. Әсіресе жазушылар арасында жеке бастың кемшілігін кен қазғандай өршелене қопарып, бірінің қотырын бірі қасуды кейінгі жастар жағы дауылдатып ала жөнелгені жанымызға қатты батады.

Кемшіліксіз жан тумайтынын, қателіксіз қайраткер өспейтінін еске тұтпай, есіріктене бергеннен жау да, дау да табарымызды білмейміз-ау. Әйтпесе, жоғарыда аты аталған ұлы азаматтарымыздың қай-қайсысының да қателескені де, қайшылыққа ұрынғаны да баршамызға белгілі. Олар - сол азаматтар өмір сүрген ортаның күрделігінен туындаған-ды. Солармен тұстас келген дауылды, сұрапылды заманның үскірігі мен ызғырығы әлгілерді бірде бүрсеңдетіп, бірде қалшылдатқанын ұмытуымызға болмайды.

Олар - өз кезеңінің, өз дәуірінің, өз қоғамының бел балалары болатын. Уақыт-құдіреттің құдіретін мойындар болсақ, сол құдірет-Болмыстың сан-алуан тауқыметімен ер-азаматты адастырар озбырлығын да сезінбей, сезінгіміз келмей тұра алмаймыз.

Ел табынған жазушы! Жұрт исінген ақын! Шығармашылық адамына осы асыл атаулардан қадірлі ешнәрсе жоқ деп ойлаушы едім. Соңғы кездерде мына нарық дейтін парықсыздықтың құрығы қыл мойынға тұншықтырып оралғалы сол ойымнан мүлде арылдым. Өйткені сананы тұрмыс билеп те, жүндес білегімен илеп те жатқан қазіргі

бас ие жоқ дәйексіз заманда кеудеңді тік ұастайтын бұрынғы, «қаламгер», «сазгер» дейтін қасиетті ат-атауың адыра қалғандай-ау. Күн сайын төбеңнен тоқпақтайтын жүгені сыпырылған тіршіліктің жалы тұрмақ сауырына да саусақ тигізе алмайтын қаламақысыз жаяу, жалаңаш, қайыршыға да бергісіз күйің тәңірідей өр, зор көкірегіңді көркөкірек етіп, жігерлі жанарыңды жасқаншақтата жасауратып қойса, қай құдіретке мұң шағарсың. Қаламгер - құдірет еді. Бұрын сондай болған еді. Жазушы - Жасаған Хақпен бірдей еді. Бұрын бірдей еді. Бүгін енді олар бизнесмен - құдірет, олигарх - құдірет, шенеунік - құдірет, әкім - құдірет сияқты «пысықтардың» қолына су құюға да жарамай қалды. Себебі жоғарыдағы билік өздеріне ода жазатын жарамсақтардан құдіреттеніп дараланған өнер иелеріне жасалар құрметті жеті қабат жер астына көміп тастаған. Биік биліктегілердің жақындары мен жайсаңдарын ғана барынша қастерлеп, есімдері ерекше аталуға тиіс ұлы Азаматтарымызға арналар сүйіспеншілігіміздің баз кештік.

Ал бүгінгі жазушы аталғандардың біразы бұрынғыдай көптің мақсат, мүддесін айтуды мүлде ұмытып, төбедегі топтың сойылын соғатындарға айналып, жұртты да, «мұртты» да, қыртты да алдап ойнауды, өз пайдасы мен құлқынын ойлауды ілгері созумен әлек. Енді мынау құрылтайға байланысты сан құбылып, Тәңірінің таңбасы басылған киелі жандай болып, өзін де, сөзін де тым-тым құлпыртып-ақ жіберуге тырысып бағуда. Қисыны кеткен сөзімен, шат-шәлекейі көп ісімен қызығы таусылған жұртты қызынтып, мүлгіген қалпынан түртіп оятып жіберсем-ау дейтін жеңілтек жеңсікті аңсайтын да тәрізді-ау солар. Содан да болар, бір күні бетін елге беріп, бір күні көзін төрге бұрып, елді де, төрді де жарылқамақ болған солардың қаламынан саудагердің тиынының сылдырындай өлең, жансыздың жыбырлақ сыбырындай қара сөз жорғалап өріп, мәңгүрт жұртының жабайы тірлігімен жымдаса қалатынына қашанғы төзе береміз. Төзбейін десек, кешегі өткен құрылтайымыз төңірегіндегі кейбір оғаштықты (әдейі ұйымдастырылуы да мүмкін) әлгі шуылдақшыл қаламгерлердің дуылдатып ала жөнелген алашапқын «жау шапқылатқан» мақала-байбаламдары қарапайым халықты еріксіз елең еткізіп қойғанын қайтерміз. Асылын аршымай, барын жоқтамай, күйбең тірліктің қамшысының астында күрсініп жүрген көнбіс қазаққа аяқ астынан ермек табыла кеткендей болды

ғой. Газет біткен қабат-қабат беттерін жайып тастап, қаламгерді біріне бірін тулақтай етіп сабатқызып жатса, интернет сайттары өсек-аяңы мол айқай-шуды желіндетпей-ақ шалажансар күйде туғызып жатса, жоғалған өнері, ескірген дәстүрі, шашылған білімі жан қуатын әлсіретіп бара жатқанын ойламайтын қандастарыма бұдан артық қандай қызық керек.

«Ойбай-ау, мынау жазушы дегендерің сұмдық шатақшыл қауым екен ғой, ә! Бірінің-бірі сақалын жұлып, бірімен бірі жұдырықтасып, бірін бір сахнадан жұлқылап сүйретіп, әден ел мен жұртқа күлкі болған жоқ па, ей!» деп әй, гүжілдесін, әй, айызы қана күлмең қақсын. Өсекті кесек қып атқылап, жаланы жабу қылып жапсырып, арамды адалға құс қылып салып, жалғандықты Жалған дүниенің турашыл туы ғып желбіреткен қаламгерсымақтар мен даңғаза журналшыларға шыбындап еріп кеткен момынбас қазағыма кей-кейде ыза болатыным да бар. Артынша-ақ, «бірімізді біріміз аңдитын қазақы ұсақтығымызды қалай жасырамыз. Бірімізді біріміз алдайтын кемшілігіміз де аз емес. Несіне шала бүлінесің?» деп өзіме өзім тоқтау саламын. Ал байбаламдап қалам тұртетіндердің бірін бірі алдауы - олардың өзгелерден көп білуінде емес, өзегінен төгілер өнегесінің аздығынан, айналасындағы қараша халықты ең болмаса өтірігімен-ақ батпақтатып қойып, шындықтың шыңына аяқ бастырмау ғана.

Мен жазушылардың он бір құрылтайына делегат болып қатысыппын. Кешегі құрылтайдан да әлдеқайда шулы, дулы һәм тартыс-таласқа толы өткен талайын білем. Бірақ сол құрылтайларда айтыс, тартыс көбінесе әдебиет төңірегінде ғана өрбіп, қаламгерге қажеттіліктерді қалай орнатуға, қайтіп орындатуға керек мүмкіндіктерді тездету мәселесін үнемі алға қоятын. Төрағалыққа таласу деген, сол орынға орналасу үшін қол жинап, жасақ дайындау тәрізді берекесіз әрекеттер мүлде кездеспейтін. Өйткені Жазушылар одағына екі реттен төраға болған Сәбит Мұқанов та, Ғабит Мүсірепов те әрқайсысы 2,5 жыл және 2 жылдай басқарып, ың-шыңсыз орнын босатып беріп отырған. Ал Ғабиден Мұстафин 3-ақ жыл, Жұбан Молдағалиев 2-ақ жыл сол лауазымды иемденгенін көпшіліктің есіне әдейі салып отырмын. Өйткені олар Нұрлан Оразалин сияқты сол орынтақта 22 (жиырма екі) жыл отырса да, кеткісі келмей «Мәңгілік құрметті төраға» дейтін атақты сақтап қалмақшы болып,

жанталаса қимылдаған да емес. Өйткені олар кемел ойлап, кесек турайтын ұлылыққа бейім тұлғалар еді. Ал ұлттың ұлы болуы да, ұсақ болуы да ұлдарының мақсат, мүдделерінің ұлылығы мен ұсақтығына әманда тікелей байланысты екенін сол ағалар жақсы білген.

Бүгінде кімді мақтайын, кімді жақтайын, кімді кемсітейін, кімді қастерлейін деп жүрсе, жорғасынан жаңылып, жатса, ұйқысынан шошып оянатындар көбейді. Сол шіркіндердің төңірегінен табылатын пысықайлар газеттер мен интернетте жазушылардың соңғы құрылтайын бұрын-сонды адам естіп, көз көрмеген құбыжық оқиғаға айналдырмақ болып әбігерге түсумен жүр. Сонысымен «зәлімдіктен момындық артық» деп санасын әбден сулап тастаған соң, сілкіндірмей семдіріп улап тастаған соң, момын жуастығы көнбістікке ұласып, көн қайыстай қатайған көнтері мінезді көрпедей жамылып жүрген сүйегі жасық, буыны бос қазақты шатастырмағанда қайтеді.

Бүкіл елдің байлығын биліктегілер ғанаталап, тонап алған кезде, бүтін ұлттың бөлшектеніп кетерін, жоғарғы жақтағы таққа таластың қозғалып, қозданып тұтана бастағанын сезген сәтте, ел тыныштығынан баз кешерін бүгін екінің бірі күрсініп қалып, күбірлеп айта бастағанын төрдегілер неге білмесін. Күбір-күңкілдің етек алса, жолындағыны құртып, тау суындай тасқындап кетер дүмпуін неге ескермесін. Әрине қатты ескереді. Сондықтан да жұрттың өзектегісін ойынан өшіру үшін еліктегіш алаштың есінен кетпестей етіп құрылтай төңірегіндегі алыпқашты өсек-аяңды әдейі ұшықтыртып жібермейді ме екен дейтін пікірге еріксіз ойысамын. Өйткені әлгі құрылтайда аяғынан шалып, етегінен тартып, ақ шулан сақалды «тірәпкідей» етіп қолына орап алып сілкілеп, жастары да, бастары да өзінен оқ бойы озық ел сыйлар үш-төрт әдебиет көшбасшыларына газет бетіндегі мақаласымағымен құсығын көңірсітіп құя салған «өзге ұлттың тумасымын» деп өзегінен өрт боратқан қаламгерге: «Әй, шырақ! Аптықпа! Арыныңды басыңқыра!» деп үлкендік танытқан Қабдеш Жұмаділовтың, «әдебиеттің бүгінін ғана қазбалай бермей, ертеңгі бағыт-бағдарын да ойласайық» деп Мұхтар Шахановтың, Төлен Әбдіковтың мінберден сөйлеген сөздерін ақсақты тыңдай, өтірікті шындай етіп дүрілдете жөнелтуді жоғарыдағылардың өздері ұйымдастыра ма дейтін күдікке және килігемін.

Күбірлеп ой қазбайтын, дүбірлеп тойда озбайтын, кітап

бетін ашудан гөрі интернетке үңілуі жиірек ұл-қыздарымыз күн сайын көбейіп барады. Тыпырлайтын жерде бұйыға тығылып, топырлайтын кезде қара көрсетпейтін сол шіркіндер Абай, Әлихан, Мұхтар, Ғабиттерді ұмытса, бүгінгі қай қаламгердің аты-жөнін білер дейсіз. Сондықтан да олар ұлттық сананы ұрандатып ұлағаттау түгілі, ата-бабалардың аруағына бас иіп, ізет танытудан айрылып қалды ма деп қорқамын. Сол себепті анау интернеттегі құрылтай жөніндегі қолдан жасалған дау-дамайды жерден жеті қоян тапқандай дабылдатып, дауылдатып жатқан тәрізді-ау. Қуанатын нәрсеге қуанбай, қуартатын әдетке ұмтылатын жастарымызға биліктің кейде жел беретініне де, жол беретініне де көңіл аударудан қалдық. Өйткені желкеден түйіп, тіземен басар заманымыздың зәндемі тірлігінен әбден үрейленіп те біттік қой. Ал үрей билеген бойынан ойы қашқан замандасымның ішінен зар шыққанымен, тілінен үн шығармас мылқаулыққа қамалып қалғанын сезген сайын шаршаған миымнан қаусаған ойларымды құрсаулап жамаған боламын. Ақылдысы аздау, ақымағы молдау осы заманда «адамды сөзіне қарап таңда, кісіге қарап сөз алма, ізбасар келешектегілерім!» дегенімді кейбіреулер тым ақылдымсып кетті дер мені. Бәрібір бүгінде базбіреудің ақылы базбіреуге жақпайтынын білсем де «өсекке ермей, қызықты қуа бермей, арды ойлаңдар, жеткіншектерім!» деуден жалыққым келмейді. Әй, бірақ... жылтырақ, жалтыраққа қана құмарланып бара жатқан жастарым: «Әй, шал-шауқан! Тұрма жолда! Бөгеме арынды!» деп қағып-жығып кете ме деп сескенуімді несіне жасырайын.

Сонда да, Мағжаншыласам, мен жастарға сенемін. Мен жастардан адалдықты, азаматтықты, бәрінен де бұрын ақиқат үшін күрескерлікті күтемін. Күтемін де, «Қарақтарым, қанаттарым! Қашанға дейін төрдегілерге төменнен жаутаңдап қарай береміз? Үңірейген кеудеміздегі үрейді шын иелеріне итере салуға қашан шамамыз жетер екен? Күйкі күйдің ұйқы-тұйқысын шығарар қазақы батылдықтың қарасы біржола жоғалған жоқ шығар-ау. Ата-бабаларымыздың «Аттандаған!» дабылды дауысы Атырау мен Алтайдың арасын дүбірлете жаңғыртпаушы ма еді. Сол дабылдың жаңғырығын жүдеу жүрегіміздің әлсіз соғуынан да таба алмағанымыз ба? Жүрек әні - тілек үні боп жалпақ даламызды жайлап кететінін шынымен-ақ ұмытқанымыз ба? Үйелеткен үрейден тұра алмастай тұралап қалған бойды да,

ойды да сілкіп, серпілтіп, аяғына тік тұрғызар намыс пен кек, рух пен ар атты құдіретке неге қол созбаймыз? Сол құдіретке саусағымыз бір ілінсе, дірілдеген денеміздегі булығып жатқан бұла күш дүрілдеп сала бермес пе. Сонда, тап сонда кімнен үрей қашарын, кімдерді үрей басарын Тәңірдің өзі өмір-ғұмыр таразысының екі табағына бөліп-бөліп тастай салар еді-ау».

Әй, жастарға алқынған көңілмен арындап ашылам деп адасып та кеттім бе, білмеймін. Ал бірақ әрқайсымыздың адасуымыз көп. Әрине адаспайтын пенде болмайды. Адаспайын деп ештеңеге араласпасаң, қателеспейін деп ешнәрсеге килікпесең, қателесетіндерді қалай иліктіре аларсың. Біле тұрып, бұғынып қалсаң, сезіп тұрып, тығылып қалсаң, айналаңнан зар мен шердің өксігі мен өкіргені дауылдап кетпей ме... Айтарымызды көмейлеп жұтпай, ақиқатымен ақтара салғанға не жетсін.

Сонымен құрылтай өтті. Ойдағыдай өтті. Дау-дамайды сатып алып отыратын қазақы әуесқойлығымыздың арқасында біраз шуластық та дабырластық. Енді сабамызға түсіп, сабырымызды сақтайық, ағайын. Елдікті егес қинап, ерегістік бүлдіреді. Соған жол бермейік.

Жазушылар одағының жаңа басшыларын дұрыстап сайлап та алдық. Ендігі тірлікте ұлт мүддесін шындап ойлайтын болсақ, осы жаңа құрамға топ құрып, шұбырып барып, топ пен тобырдың орынсыз талабын төтеден төпелей қоймай, одақтың жұмысына қолдау танытып, көмек-жәрдемімізді тигізуге тырысайық та.

Сөзімді түйіндегендегі айтарым: Бәрібір, жазушы, шынайы жазушы - құдірет. Адам ақиқатын іздеп, қиялында өз әлемін жасап, өз қоғамын орнататын қаламгер тірлігі Жаратқан Хақтың құдіретіндей көрінбей ме...

«Дат» газеті,
26 сәуір 2018

Әкесі Қалыбек,
анасы Қантбала.

Окушы Софы –
Софиан.

Софы КазМУ-дың бірінші курс студенті

Мәскеулік студенттер, 1962 ж.

Жұбайы Шәмшия –
Шахмина, 1963 ж.

Студент Софы,
1962 ж.

Шахмина,
1964 ж.

Софы,
1963 ж.

Мәскеулік студенттер, 1962 ж.



Индонезиялық досы Видодо, 1962 ж.

Екеуі ұлдары Алмас, Манаспен, 1969 ж.

Екеуі ұлы Алмаспен, 1973 ж.

Шахмина қызы Жанармен,
1973 ж.

Өзі Жанармен,
1973 ж.

Азия-Африка жазушыларының конференциясында, 1973 ж.



Ата-енесі және балаларымен, 1976 ж.

Шаим Шаваевпен Севастопольде, 1975 ж.

Қаламгер, 1978 ж.

Өзбек жазушыларын қарсы алғанда, 1978 ж.



«Құрметті профессор» аталды, 1978 ж.



Әріптестерімен,
1972 ж.



Ғ.Мүсірепов 80 жаста,
1982 ж.

Ғ.Мүсіреповпен кездесуі, 1982 ж.

Оқырмандарының ортасында.



Аудармашысы М.Тарасовамен Ұлытауда, 1981 ж.

Жазушылар Мақат ауданында, 1983 ж.

«Жұлдыз» журналының ұжымы, 1978 ж.

Жазушылар құрылтайында, 1980 ж.

Жазушылардың Қарағандыдағы күндері, 1981 ж.

Теміртауда. Солдан оңға:
Ж.Өмірбеков, Ларин, Е.Бөкетов, Қ.Мұхамеджанов, С.Сматаев,
1981 ж.

Ә.Әзиевпен, 1981 ж.

Шет ауданында, 1982 ж.

Шет ауданында,
1982 ж.

Шортанбай ақынның зиратының басында,
1982 ж.

Орталық комитеттің Мәдениет бөлімінің қызметкерлері,
1986 ж.

Қырғыз жазушылары Алматыда,
1986 ж.

Шашубай ақынның кесенесі, 1990 ж.

Жазушылар құрылтайында
Қ.Мұхамедханов, С.Сматаев, Ж.Өмірбеков, 1991 ж.

Туған жерде.
Қ.Медиев, С.Сматаев, 1991 ж.

Туған жерде, С.Сматаев 50-де,
1991 ж.

А.Қаражігітовпен,
1991 ж.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы.
Жезқазғанда, 1991 ж.

Жазушылар Теміртауда,
1981 ж.

Кітап палатасының қызметкерлері, 1989 ж.

Алмас досымен, 1990 ж.



Уфадағы кездесу, 1992 ж.

Жарылғап батырдың тойында, Ақшатау, 1993 ж.

Шортанбай ескерткіші ашылуында
1993 ж.

Т.Әбдірахманова, Ә.Тәжібаевпен бірге,
1993 ж.

Атасы – Жұмәділ, енесі – Машруфамен, 1985 ж.

Манас - Әсел, 1993 ж.

Алмас - Динара,
Жан және Марғұлан, 1994 ж.

Лейтенант Софыян.
1970 ж.

Қырғыз досы Ұлан
Тоқамбаевпен, 1975 ж.

Видодо Суварджо досымен,
1963 ж

Таулы-Алтайдағы кеңес жазушыларының бас қосуы, 1975 ж.

Жаңарқа ауданындағы жазушылардың бір тобы, 1975 ж.

Үш дос, 1963 ж.

Кеңес кітап палатасылардың Алматыда бас қосуы, 1990 ж.

II СҰХБАТТАР

ӨМІР ОСЫ

Өмір осы ерік-ырңыңды билеген
Соққан, сыққан қамырдай ғып илеген.
Өмір осы ән боп, жыр боп әлдилеп,
Күңірентер кейде зарлы күйменен.

Өмір осы әрқилы етіп әркімді
Бүтіндей ғып бұлдай қояр жартыңды.
Жермешелді жер мен Көкке сигызбай,
Күлге аунатар саф алтындай парқыңды.

Кеудедегі кек қыжыл мен мұң егіз.
Жылар кезде еп-ерсілеу күлеміз.
Арғымаққа таңым басар тұлға едік,
Пенде болып көк есекке мінеміз.

Көз салмаймыз еңсе тіктеп аспанға,
Жол салмаймыз өршіп аттап асқарға,
Қынжылмаймыз нас тірлікке көндігіп,
Лас табанмен нәжіс қиды басқанда.

Тірлік осы қыбырлатып сүйреген.
Сен-самарқау. Өмір-ғұмыр - күйбелең.
Ой-бойыңнан сәулеңді ұрлап төрелер
Үміт, арман ә дегенде-ақ күйреген.

Кейде қаймақ, кейде қаспақ татқаның,
Білінбейді қорлық кепке батқаның.
Өзектестің өзегінен жұлып ап,
Жасап жүрсе биліктегің жат қамын.

Өмір осы өгейсітпес өткенді.
Көп өксікпен бос кептірген өкпеңді.
Құлап жатып етігін тез жалайсың,
Құлындай ғып құйрығыңнан тепкенді.

Өмір осы жақсылығы кешігіп,
Тақымдаған жауыздығы өшігіп.
Әкімі боп ақынына қайрылмай,
Қайтейін мен келмей қойса Есімов.

Өмір деген - жан қинаған дерттер,
Жеңгің келсе сол дерттерді өліп көр.
Жерлесім деп жібімесе, қайтейін
Құдайсынған Ахметов Серіктер.

Мен қайтейін шолақ ақыл әкімін,
Дайындаған биік таққа тақымын.
Ұртты, мұртты қырт төреден безінсем,
Дана жұртым - жебеушім һәм жақыным.

Өмір осы жарылқаған халқымнан,
Айырмаған адал, асқақ парқымнан.
Бөз тозады иығыма жапсырған
Сөз қалады Елім іздер артымнан.

Туған жер деп сағынасың зарығып.
Ашқан құшақ табар ма дер бар үміт.
Өмір осы аяқ асты күрсінтер
Әкімімнің қабағындай тарылып.

Елге арналған тілдегі мен ділдегім.
Кіндігімді Туған жермен күрмедім.
Мен төренің төрін талақ еткенмін,
Алашыммен ақыретте де бір демім!

ЗАМАН ТҰЛҒ АЛАРДЫ ТҰНШЫҚТЫРҒАНЫНА ӨКІНЕМІН

- «Сіз туралы слух бар» деп Оспанхан ағамыз айтқандай, сіз туралы да, әсіресе «Елім-ай» романыңыз төңірегінде де әрқилы әңгімелер айтылады. Мәселен, алғашқы томыңыздың ұзақ жылдан соң жарық көргені...

- Ә... мен онда әңгімемді бұл шығарманы жазуға қандай себеп итермелегенінен бастайын. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түскен соң кітапханадан шықпаған бірден бір студентпін. Сөйтсем, оқырмандар залында кімдер отыратынын ұлы жазушы, ірі тұлға Мұхтар Әуезов бақылап, қарап жүреді екен. Бірде ауылдағы әкеме араб әріптерімен хат жазып отырсам, ол кісі желке тұсымнан қарап тұрыпты. Маған өте риза болып, хатымның шетіне «Қарағым Қалыбек, балаңыздың болашағынан көп үміт күтем. Осындай бала тәрбиелегеніңізге рахмет!» деп қолтаңба қалдырды. Сол хатты әкем көз жұмғанда қалтасынан тауып алдық, өмірінің соңғы сәттеріне дейін сақтапты жарықтық.

Бір жолы даныштан Мұхаң (М.Әуезов): «Әй, сары бала, сен жазушы болғың келсе, Мәскеуге, техникалық жоғары оқу орнына түс. Қазіргі қалпыңмен ортаңқол оқырмандар үшін жазатын деңгейге жеттің» деді. Сөйтіп, 1960 жылы Мәскеуден бірақ шықтым. Сол жылы Қазақстанның қырық жылдығына байланысты 600 студент жастар үлкен залға жиналдық. Дастарқанда тек бауырсақ, алты жерден ғана шарап қойылды. «Қазір өз гимнімізді бастаймыз» деді жүргізуші. Іле 600 адам «Елім-айды» ыңылдап, дауыстап, содан соң мәтінімен айтты. Көздерде жас, жүздерде туған жерге, елге деген сағыныш... Осыншама адамның бір дауыс, бір дене болғанын сонда көрдім. Мұндай ұлтжандылықтың маған әсер еткені сондай, «Осыншама құдіретті ән туралы неге новелла немесе әңгіме жазбаймын» деп ойладым. Ақыры «Елім-ай» - дың алғашқы кітабын қолға алдым.

Мен алғашқы кітапты 29 жасымда жазып бітірдім. Жылдың үздік шығармасы ретінде Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, жеме жемге келгенде сыйлық түгілі баспада жарық көрмей жеті жыл жатты. Тіпті бұл мәселеге Шыңғыс Айтматов та араласты. Ал баспа директоры Әбілмәжін Жұмабаев «Орталық комитет басуға рұқсат бермей жатыр» деп қайта-қайта ақталған соң, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Плотниковқа кіріп, келген шаруамды айттым. «Мен жазушы әрі коммунист Софы Сматаевпын. Егер менің кітаптарымды басуға сенімсіздік білдірсеңіз, менің де сенімсіз адам болғаным» деп, партбилетімді столдың үстіне серпіп тастадым. Бөлім бастығы бірден баспа директорына телефон шалып, кітаптың неге шықпай жатқанын сұрап, кітап туралы өзі бірінші рет естіп отырғанын айтты. Сөйтіп «Елім-ай» елге сегіз жылдан соң жол тартты. Бірақ кітапқа жазылған Шыңғыс Айтматовтың алғы сөзін алып тастапты. Кейін ол кісінің алдында мен не айтарымды білмедім. Қарап отырсам, бәріне кінәлі өз арамыздағы іштарлық екен. Қызғаншақтық, күндестік, басталастық - қазақтың қасіреті. Ұлтымызға тән бауырмалдық, кішіпейілдік, меймандостық секілді жақсы қасиеттерді осындай жағымсыз әрекеттердің жуып-шайып жіберетіні жаман.

- Екінші кітап та Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанда да неге назардан тыс қалды?

- Екінші кітап араға екі жыл салып шықты ғой. Екі том да жылдың таңдаулы кітабы ретінде Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанда баяғы ақсақалдар алдымды орап, мені «жас» деп лақтырып тастады. Сол кездегі Жазушылар одағының төрағасы Жұбан Молдағалиев пен екінші хатшысы Қалтай Мұхамеджанов жақсы аталып жүрген азаматтар еді, бірақ комиссия мүшелеріне бар кітапты «шыққан жоқ» деп хабарлапты. Кезінде бұл екі кітапты өзімнен сұратып алып, Ғабит Мүсірепов, Мұхамеджан Қаратаев, Серік Қирабаев, секілді әдебиетшілер жақсы баға бергенді. Ал әлгі комиссияда сол азаматтар «екінші кітабы шықпапты» дегенде, «жоқ, кітап шыққан» деп ақиқатты айтудан жалтарған ғой. Комиссия мүшесінің бірі - Ілияс Есенберлин алдымнан жолыққан бойда «сенің кітабың шықпапты ғой» деді. Комиссия бас қосқан бөлмеге ертіп барсам, қолында билігі бар ағаларым екі томдығымды

төңкеріп жауып қойыпты. Айғай салдым. Қазақтар алды-артына қарамай бөлмеден тұра қашқанда, Дмитрий Снегин секілді орыс жазушылары қазақтарға «Тоқтаңдар, қазақтар, бүйтіп біріңе бірің қиянат жасамаңдар» деп айғайлады. Ғабеңе бір ауыз сөз айтпағаны үшін ренішімді жеткізіп, «Мен сіздің 37-ші жылы қалай аман қалғаныңызды енді түсіндім» дедім. Не айтарын білмеді. Жұбақаңа да, Қалағаңа да қатты айтқаным есімде.

Адамның жаны күйзеліп, ашуға булыққанда ештеңеге қарамайды екен. Тарихи шығарманың тағдырына атүсті қарағандармен әділдік үшін осылай күрескенім де бар.

- Ілияс Есенберлин демекші, ол кісі де тарихи тақырыптарды көп қаузады. Екеуіңіздің араңыз қандай еді?

- Жасыратын несі бар, мен Абылай тақырыбына бірінші болып қалам тарттым. «Елім-айды» студент кезімде жазғанымды айттым ғой, Алматыға келе сала, 1967 жылы Абылай хан туралы «Жұмбақ қыз» операсының либреттосын жазған менмін. Сыдық Мұхамеджанов екеуміздің бұл шығармамызды үш күн қатарынан қабылдау өтті. Комиссия төрағасы Саттар Имашев «150 адам сахнадан «Сақта тәңірім Абылайды!» деп неге күңіреніп айтады. Екі елдің арасына сына қаққан ханды мақтағаны қалай, ә?...» дегені. Ол кезде 25-тегі жігітпін, қаным қайнап тұр. Осыны білетін Сыдық ағам «Сен үндеме, күшігіңнен талап тастаса, ертең есіңді жия алмай қаласың. Таяқты мен ғана жейін!» деп бәйек болып жүр. Үшінші күні шыдай алмай сөз алдым. «Либретто авторы менмін, мен неге сөз алмаймын?» деп, мінберге көтерілдім. Оларға: «Князь Игорь» операсын білесіздер ме, сондағы 300 адамның кнәзді ардақтаған айғайын естідіңіздер ме? «Сақта тәңірім Абылайды» деп тұрған қазіргі біз емес, оны айтып тұрған ханның төңірегі сол кездің адамдары» деп әрең түсіндіргенім бар. Сыртқа шыққанда Ілияс Есенберлин, Тахауи Ахтанов және Қалижан Бекқожин «Сенің арқаңда Абылайды да, жалпы тарихымызды да аршып алатын болдық» деп ризашылығын білдіріп, Мәскеуде оқығанымның пайдасы тигенін мойындағаны бар.

Бұдан кейінгі жылдары да тарихи тақырыпқа жазған біз Ілекеңмен жақсы араласып тұрдық. Екеуміз де елге, ел тарихына лайықты қызмет еттік.

- «Елім-ай» секілді халқымыздың рухани мұрасына айналған құнды шығарманы ешкім жыл сайын жазып жүрген жоқ. Соған қарамастан үшінші рет Мемлекеттік сыйлықтан қалай құр қалдыңыз?

- Өткен жылдың қорытындысы бойынша да Мемлекеттік сыйлыққа Герольд Белгер, Асқар Егеубаев және мен ұсынылғанмын. Сыйлықты сірә маған бергізбес үшін комиссия мүшелері сол жолы ешкімге сыйлық бергізбей, аты аталған азаматтарды да сыбағадан құр қалдырды. Бұған кінәлі өз төңірегім, қызғаншақ әріптестерім. Осылайша тағы да менің шығармам бағаланбады. Айтпақшы... Сөз арасында тағы бір әңгіме айта кетейін: «Қабдеш екеуіңе Халық жазушысы деген атақ берілетін болды» деп 1998 жылдың 26 ақпанында «Жетісу» мейрамханасында Сәкен Сейфуллинге туысқандары ас ұйымдастырып жатқанда Одақ төрағасы Нұрлан Оразалин мені арнайы құттықтаған болатын. Ал сол жылы 28-тамызда «Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткері» атағын алғанымды телефон шалып мені құттықтаған сол кездегі білім, ғылым министрі Қырымбек Көшербаевтан естіп, жағамды ұстадым. Менде де намыс бар, бірден одан бас тарттым. Елбасы Жарлыққа қол қоярда тізімді түгел қарап үлгере алмайды. Осыны білетін құжат әзірлеушілер сірә қиянат жасаған. Мұның бәріне кінәлі бір белгілі жазушы, қазір оның атын жұрттың алдында беделіне нұқсан келмесін деп атамай отырмын.

Құрметті атақты мен елуге толғанда да бермекші болған. Ол да аяқсыз қалды. Осының бәрін мансапқұмарлықтан емес, жазушылар арасында болатын көре алмаушылықты қазіргі жастар бойына жұқтырмаса екен, небір құйтұрқылықтарға бармаса екен деген оймен айтып отырмын.

- Аға, Қазақстанды Колбин басқарып тұрғанда шындықты бетіне айтып, қызметтен өз еркіңізбен кеткеніңіз рас па?

- Мен 1986 жылы Орталық комитетте әдебиет секторын басқарғам. Ол кезде ұлтшыл атанған Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов, Шона Смаханұлы, Темірбек Қожекеевтерді қорғап, бірінші хатшы Геннадий Колбиннің саясатына қарсы шыққанымды көпшілік біле бермейді. Сөйтіп, Колбин маған «Олжас және Мұхтардан кейінгі нөмірі үшінші ұлтшылсың» деп атақ таққан. Бір күні ол «Центральный Комитет является рассадником

национализма, примером является писатель Софы Сматаев» деп дұңқ еткізгенде, мен де қарап тұрмай, «Если Саюз писателей является рассадником, как Вы изволили определить, то тов. Устинов является шовинистом как писатель»деп айтып салдым. Не керек, ақыры мені Секретариатқа салды. Мен қызметтен бас тартып, кім көрінгеннің баяндамасын жазғанша, халқыма жазушы ретінде танылғаным жақсы деп кетіп қалдым. Арада 17 күн өткенде Үлкен үйге шақырып алып, мені тағы да секретариаттағы жиынға салып, жұмысымнан шикілік іздеді. Бір қызығы, мен оларды нақты дәлелдермен жеңіп шықтым. Өзіммен бірге жүрген жолдастарымның мені жерге қаратпақшы болып қанша әрекеттенсе де, ақыры қалай масқара болғанын Колбиннің де көзі көрді. Жалпы, біздің зиялы қауымның өзге ұлттардың арасында отырып жаға жыртысуға баратындығы өкінішті-ақ.

- Бұдан кейін сіздің қызмет табуыңыз қиынға түскен жоқ па?

- Жоқ. Менің шығармашылығымды да, жеке басым туралы да жақсы білетін Нұрсұлтан Назарбаев маған тәуір қызметтер ұсынғанын да жасырмаймын. Солардың арасынан шығармашылықпен айналысуға әрі қазақ тарихын көздің қарашығындай сақтауға септігім тисін деп қазіргі қызметімді таңдадым.

- Осы жұрттың бір бөлігі Кітап палатасын кітап саудасымен шатастыратын болды. Шын мәнінде мекеменің қазіргі алдына қойған міндет-мақсаты қандай?

- Кітап палатасының үш мәртебесі бар. Бірінші, еліміздегі кез келген басылым, кітап-журнал, плакаттар, ноталар екі дана болып бізге келіп түсуі керек. Соның бір данасынан мемлекеттік Баспасөз архиві құралады (Қолжазба архиві бөлек). Қазір бес миллионнан астам мұрағат сақтаулы. Оның жалпы құны миллиардтаған теңгемен өлшенеді. Кезінде «Халық жауы» атанған жазушылардың шығармаларының 90 пайызының сөреде тұрғанын жұрт біле бермейді. Біз тіркелген бір кітапты жоятын болсақ халықаралық конвенция бойынша айып төлейміз. Демек, халқымыздың, қала берді адамзаттың рухани қазынасы, келешек ұрпаққа арналған небір інжу-маржаны Кітап палатасында. Бір қиындығы, кітап-журналдар қағаз мүмкіндігіне байланысты жылдар

өте тозады. Сондықтан қазір оларды компьютерге түсіруге жанталасып кірісіп жатқан жайымыз бар. Үшіншіден, жарық көрген басылымдар мен ондағы мақалалар және кітаптар мазмұны туралы жылына 48 баспасөз шежіресін шығарып, оны министрліктер мен әкімшіліктерге, кітапханаларға таратамыз. Кітаптар мен басылымдарды нөмірлеп, код-штрихтер жасаймыз. Бұлай істемесек, халықаралық ұйымдарға айыппұл төлейміз. Ал дүкендердегі кітап саудасында жұмысымыз жоқ.

- Бүгінде кітап та, газет-журнал да шығаратындар көбейді. Олардың арасында сіздердің талап-тілектеріңізді орындамайтындар бар ма?

- Бар. Бізге кітап немесе газет-журнал шығарған баспалар өз өнімінен екі дана тапсыруы тиіс. Алайда «жұмыртқадан жүн қырқатындар» бір дананы да үнемдегісі келеді. Бұл дұрыс емес. Қазір жұмысымызға прокуратура орындары араласып Шығайбайларды жауапқа тартып жатыр. Оған да пысқырмайтындар табылса, сот шешімімен жабылады.

- Бір кездері қоймалардың талапқа сай еместігін, баспа өнімдері сапасын жоғалта бастағанын айтып дабыл қаққан едіңіз. Қазіргі жағдай қалай?

- Мен 1989 жылы осы қызметке келгенде рухани дүниенің бәрі жертөледе су ішінде жатты. Елбасына қайта-қайта барып жүріп, ақыры осы ғимаратты алдырдым. Тіпті қаржы министрлігі Президент бөлдірген ақшаны да тауып бере алмаған кез болды. Жүгіріп демеуші іздедім, шүкір, солардың арқасында Кітап палатасы нарықтың аласапыран жылдарында аман қалды. Бұл үшін мені «көрінгенге қол жаяды» деп келеке еткендер де табылды. Сонда мен қалталыларға кім, не үшін қол жайдым? Мен болашақ үшін жайдым алақанымды, есесіне қаншама мұраның мұрты бұзылмай қалды. Менің халқыма, келешек иелеріне жасап жатқан жақсылығым әзірше осы. Ал қаржы министрлігіндегілер әлі күнге ақша жоқ деп зар жылайды. Аздап қол ұшын беріп жатқан өзіміздің Мәдениет, ақпарат министрлігі ғана. Жалпы алғанда Кітап палатасына дұрыс көзқарас керек. Ал тірнектеп жиған осы құндылықтардан ажырап қалсақ, оны мың атпен құсаң да жете алмайсың.

Палатада 1928 жылдан бергі әдеби мұралар бар. Одан бұрынғы біраз құнды кітаптарды іздеп 1992 жылдары Уфа мен Қазанға бардым. Жинаған қыруар

кітапты алып келуге Үкімет дер кезінде қаржы бөлмеді де, ақыры ол жақтағылардың қап-қап кітаптарды қайда жібергенін білмеймін. Омбыда да солай болды...қаншама алтын қордан ажырадық. Қазір ойласам, бармағымды шайнаймын.

- **Софы Қалыбекұлы, бүгінгі зиялылар туралы бір-екі ауыз пікір айта аласыз ба?**

- Қазіргі зиялылар жалтақ. Өйткені олардың айтары таусылған. Бәрі пенде емес пе, күнкөрісті ғана ойлап кетті. Өз басым шындық үшін жиі айтыс-тартысты бастан өткердім. Ешбір әкім-қараның алдында басымды кішірейтіп барған емеспін. Әзер болса бір атағын, орден, медалін бермес. Онсыз да күн көре аламын. Арқа сүйейтін халқым бар. Соған тәубе деймін.

Әңгімелескен Жолдасбек ДУАНАБАЙ.
«Айқын» газеті 2005 ж. Қаңтар

КАМАЛИДЕНОВ ТҰТЫҒЫП, КОЛБИН... ШӨГЕ КЕТТІ

Биыл - Желтоқсан көтерілісіне 20 жыл. Осы жиырма жылдың ішінде Желтоқсан туралы не айтылмайды дейсіз! Әр желтоқсан сайын жаңа есімдер де шығып отырды, әр желтоқсан сайын жаңадан ұйымдар да құрылып жатты. Әр желтоқсан сайын біреулер марапатталып та жатты. Біреулер қуанып, біреулер мұңайып жатты. Бірақ, желтоқсанның ақиқаты әлі айтылған жоқ. Әл-әзір айтылмайтын да шығар. Ал бүгінгі күнге дейін айтылған әңгіме, айтылатын әңгіме де көп шындықтың бір парасы. «86-ның желтоқсанында сіз қайда болдыңыз?» деген сауалды жазушы Софы Сматаевқа қойған едік.

- Мен ол кезде Орталық комитеттің мәдениет бөлімінде сектор меңгерушісі едім, - дейді ол кісі. - 17 желтоқсан күні жастардың алаңға жинала бастағанын алғаш көргендердің бірі де мен шығармын. Шыдап отыра алмай, алаңға барып, жастардың талап-тілектерімен таныстым. Олар көтерген ұрандармен келісетінімді де жасырған жоқпын. Қайтадан кабинетіме көтерілсем, бөлім меңгерушісі Камал Смайылов шақыртыпты бәрімізді. Ол кісі бастықтардан тығыз тапсырма алғанын айтты. Тапсырмасы алаңдағы жастарды фотосуретке, бейне-камераға түгелдей дерлік түсіріп алу керек. Бұл тапсырманы орындау мәдениет және үгіт-насихат бөлімдеріне жүктеліпті.

Мен әдебиет секторын қадағалайтын Жазушылар одағында кинокамера да, фотокамера да жоқтығын айтып, өзімнің араласпайтынымды жеткіздім де, шығып кеттім.

Дәлізде бөлім қызметкерлерін тосып алып: «Әлгі тапсырманың неге беріліп отырғанын сездіңдер ме? Алаңдағы жастарды бүгін таспаға тартады да, сол бейнелері арқылы соңдарына мықтап түседі. Суретке түсіру - жастардың мойнына қыл арқан салып беру. Ойланыңдар, жігіттер», - дедім.

- Жігіттеріңіз ойланды ма?

- Кейін ойланса ойланған шығар. Бірақ сол сәтте тапсырманы орындау дейтін бұйрықтан аттап кете алмаған әріптестерімді кінәлай да алмаймын. Ол кездің қатал тәртібі бұлтақтауға жол бермейтін.

- Партияның бюро басшылары сол күні қайда болды? Қандай әрекет жасады?

- 17 желтоқсанда-ақ Орталық комитеттің бюро мүшелері қақ жарылып, Мәскеуден келген «мықтылар» Колбиннің кабинетіне тығылып алса, бюроның ұлты қазақ мүшелері Зақаш Камалиденовтің бөлмесіне жиналған-ды. Алғашқы күні олардың сағат төртте аландағы трибунаға көтеріліп, жастармен тіл табыспақ болғанын, оның нәтижесіз аяқталғанын ғана білемін. Басқа әрекеттерінен хабарым жоқ.

- Өзіңіз ше? Сіз не бітірдіңіз?

- Мен бе?.. Алаңға, жастардың арасына тағы да екі рет бардым, тіпті үш-төртеуіне қолтаңба да бердім. Сол күні ертемен әлдекімнен «Жастардың алаңға шығуына Олжас Сүлейменовтің қатысы бар екен» дегенді естіп, бұл сыбысты ақынның жаулары таратып жүргенін іштей сездім де, үйі мен қызмет орнына қайта-қайта телефон шалдым. Таба алмаған соң, «Простор» журналының редакторы Геннадий Толмачевтан Олжасты тез тауып, Орталық комитетке жіберуін өтіндім. Досы ғой, Толмачев Сүлейменовті тез арада бөлмеге алып келді.

Түрлі сылтау айтып, ақынды кешке дейін кабинетімде ұстап отырдым. Олжекең тез еліктегіш, нәзік жанды ақын ғой, Жазушылар одағының алдына барған жастар: «Олжас аға, шығыңыз. Бастаңыз өзіңіз! Бізбен бірге болыңыз!» деп айғайлап жатса... Дәл сол қимылын аңдып түрған үш әріптің мықтылары ақынды, әрине, аямас еді...

Түн қараңғысын жамылып алаңдағы жастарға қарақұстай қаптап төнген солдаттардан қаршадай ұл-қыздарымызды қорғаймыз деп Төлен Әбдіков екеуміздің жан даусымыз шыға шырылдағанымызды ешкімнің басына бермесін.

18 желтоқсанда: «Жазушылар дүрлігіп жатқан көрінеді. Солар бірдеңе бұлдіріп жүрер, барып білші», - деген Смайыловтың жұмсауымен ертелетіп Жазушылар одағына келсем, акт залының кіреберісі ығы-жығы. Қатқыл, қатаң дауыстар тұс-тұстан шығып жатыр екен. Сұрап білсем, одақ басшылары залда өтетін төтенше жиналысқа тек партия мүшелері ғана кіреді деп, өзге жазушыларды тоқтатып тұр екен. Мен залға қаламгерлердің бәрін кіргіздірдім. Содан соң жазушылардың алаңға баруына еш тыйым салынбайтынын, қайта олардың жастарға ақыл-кеңес беріп, арандап қалмай аман-есен тарауын ұйымдастырулары қажет екенін айттым.

Жайшылықта шектеген сайын, қақпайлаған сайын ерегісе дүрлігісіп, дүбірлеп кететін жазушы қауымы өздеріне салмақ түскен бойда-ақ бірден сап тыйылып, жым-жырт бола қалды. Содан кейін олардың алаңға барғандарын да, жастармен сөйлескендерін де өз басым көрген де, естіген де жоқпын.

- Бюроның ұлты қазақ мүшелері сол үндемеген күйі отыра берді ме?

- Жазушылар одағынан келген бойда «Камалиденов іздеп жатыр» деген хабарды естідім. Кабинетіне кірсем, бюро мүшелері үгіт-насихат бөлімінен Устинов, Ахметалиев, Дүйсеев үшеуін, ал мәдениет бөлімінен жалғыз мені өздері ұйымдастырған жұмысшы топқа кіргізген екен. Дүйсеев, Ахметалиев үшеумізге «алаңдағы жастардың арасына барып, оларды райынан қайтаруға тырысыңдар» деп төменге жұмсады. Сыртқы есіктің алдында қасымдағы екеу жүрексінді ме, тұрып қалды. Мен алаңға жалғыз кеттім. Қай жерден келгенімді байқап тұрған жастар тіксіне қарсы алса да, жазушы екенімді естіп, маңайыма үйіріле бастады. Соңы пайдаланып: «Естір құлақ, қабылдар көңіл болса, сендердің кешеден бергі әрекеттерің де, орынды талап-тілектерің де жеткілікті болды. Қарсыласам десеңдер, мынау қаптап келіп жатқан әскерилер мен әскери техника сендерді таптап кетуге де дайын. Оның алғашқы ойран-асыр дүмпуін түнде ғана көрдіңдер ғой», - деп біраз ой салғандай болдым. Алайда әділет іздеген, ұлтының табанға тапталған намысын қан аққан қолдарымен төбелеріне тік көтеруге талпынған қайсар ұландар қасарысып, қаһарланып қала берді.

- Жастардың алдына шығып, аталық, ағалық сөз айтып, алаңнан қайтаратын беделді, белгілі азаматтарды неге шақырмадыңыздар?

- Шақырдық қой, мәдениет пен әдебиеттің көрнекті өкілдерін. Әрине, келмей қалғандары да, келе салып қаптаған әскерилер мен мұздай қаруланған милиция жасағынан сескеніп қайтып кеткендері де болды.

Сағат кешкі бесте жұмысшы тобы Камалиденовтің кабинетіне жиналдық. Бұл жолы Дүйсеев пен Ахметалиев қатыспады. Кіреберістен Алматы облысының бірінші басшысы Меңдібаев қарсы алып: «Қазақтар қандай қатігез, ә?! Балабақшадағы сәбилерді кепілге алып, орыстарға қоқан-лоққы жасап жатқан көрінеді», - деді. Сол жерде тұрған лауазымды адамдар үндемеген соң, мен еріксіз бас

шайқап: «Олай емес шығар. Қазақтар ешуақытта сәбилерді ренжітпейді. Сізге бұл хабарды кім айтты?» - дедім.

- Әлгінде осында біреу телефон соғыпты.

- Онда неге рас-өтірігін тексермейсіз?

- Қалай? Қайтіп? Город оголен. Милиция тегіс аланда.

- Милиция болмаса, аудандық атқару комитеттері бар ғой. Солармен неге хабарласпайсыз? - Мендібаев телефон тұтқасына жармасты. Бірнеше минуттан соң ешкімнің ешқандай балабақшаны «жауламағаны» анықталды.

Бәріміз Камалиденовтің кабинетіне ендік. Идеология хатшысы Устинов екеумізге алаңдағы жастарға Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің президиумы, Орталық партия комитеті және министрлер кеңесі аттарынан оқылатын үндеудің орысша һәм қазақша мәтінін жазыңдар деп, алдындағы көлденең үстелге екеумізді қарама-қарсы отырғызып қойды.

Мен бір беттік мәтінді тез жазып, Камалиденовке ұсындым. Хатшы қағазды оқи берді де, тұтыға дауыстап жіберді:

- Мынауыңыз не, жолдас Сматаев?! «Айналайындар, адаспаңдар!» деп кімді айналып-толғанып отырсыз?

- Он бес пен жиырманың арасындағы өспірімдерге «айналайын» демегенде не деймін? «Адаспаңдар» демегенде не деуші едік? - деп мен де оңай беріскім келмеді.

-Жоқ! Мынауыңыз жарамайды. Альберттің орысшасынан аударыңыз! - деп Зақаш қағазымды өзіме ысырып салды. Устинов қазақша жақсы түсінеді. Жазып толтырған парағын алдыма итеріп тастады. Әлгіге көз жүгірте беріп, алғашқы сөйлемдегі «махровый казахский национализм» деген тіркестен жүрегіме тікен қадалғандай тіксіндім. Устиновқа шақ ете қалдым.

- Мынау «қаны сорғалаған қазақ ұлтшылдығы» дегенді қайдан шығарып жүрсіз?

- Мен емес, қазақтардың өздері оны дәлелдеген. Олар өздерінің бетпердесін бір-ақ күнде сыпырып тастап, нағыз ұлтшыл халық екенін танытты.

- Әділет іздеген, адалдық күткен жастардың әрекеті қаны сорғалаған ұлтшылдық болғаны ма?

- Иә! Өзге ұлттың өкіліне қарсы тұрып, қараулық көрсету - соның айғағы. Алаңдағы жастар сондай былыққа барса, қазақ отбасындағы теріс тәрбиенің нәтижесі ұлтшылдыққа бастамағанда қайтеді?!

- Онда... онда сіз де бір-ақ күнде өзіңіздің шовинистік бетпердеңізді киіп ала қойдыңыз, Устинов жолдас! - деп

едім, анау орнынан атып тұрды. Мен де бой көтердім. Екеуміз енді бір-бірімізге түкірігіміз шашырап, өз пікірімізді дәлелдеуге кірістік.

Устиновтың ту сыртындағы ұзын үстелдің арғы жақ бетінде Мұқашев, Назарбаев, Меңдібаев үшеуі отырған.

- Сіздіңше бүкіл қазақ ұлтшыл болса, онда мына отырған үшеуі де қаны сорғалаған қазақ ұлтшылдары екен-ау, ә! - деп қолымды оның ту сыртына қарай сермеп қалдым. Манадан қатты ерегіс үстінде өзінің қайда, кімдермен бірге отырғанын ұмытып кеткен бе, Устинов артына жалт қарап, бірден сылқ етіп отыра кетті.

- Мұны аудара алмаймын. Басқа аудармашы табыңыздар. Мен анау алаңдағы жастардың алдында сөйлейтін адамдарыма кеттім, - деп шыға жөнелдім.

- **Алаңды қоршаған милицияны да, жұмысшылардан құралған жасақтарды да, әскерилерді де Мәскеуден келген «мықтылар» басқарыпты ғой. Олардың кім екені есіңізде жоқ па?**

- Соломенцев алғы шепте жүрді. Ол бұрындары бізде екінші хатшы боп істеп кеткен. Қазақстанға, қазақтарға ішкі қыжылы бар адам. Одан кейін одақтан келген екі орынбасар. Екі министрдің бірінші орынбасарлары. Әскери генералдар. Мен түсте алаңдағы трибунаның астындағы жерасты бөлмелерінде орналасқан «мәскеулік» штабта болып, жастардың алдында сөйлейтін өнер, әдебиет қайраткерлеріне барынша мүмкіндік тудыруларын сұрап, келісімдерін алған болатынмын. Бірақ кешке қарай әлгі генералдарым уәде еткен ашық бортты көлікті де, дауыс ұлғайтқышты да берген жоқ. Он шақты қазақ милиционерінің жәрдемімен алаңдағы жастардың алдына шығып, «Адаспаңдар, арандап қалмай ақылға келіңдер» деген мазмұнда сөзімді бастай беріп едім, жастардың арасынан үш-төрт жерден біздің ту сыртымызда серейіп-серейіп тұрған әскерилерге кесек-кесек тастар қардай борады. Оны жасаған әдейі жіберілген арандатушылар болуы мүмкін. Сол сол-ақ екен, солдаттар дереу лап қойып, жастарды қысқа сапты күрек пен таяқтың астына алды да жөнелді.

Көз алдымызда көк өрімдей жастарды ұл-қыз деп ажыратпастан қан-жоса ғып ұрып-соғу, жығып алып итше тепкілеу, шаштан сүйреу басталды да кетті.

- **Осыншама қиянаты мол желтоқсан зомбылығы жөнінде неге әлі күнге дейін тұшымды туынды**

жазылмады? Әлде желтоқсан зорлығының, желтоқсан зобаланының жүгін арқалап кете қояр жазушы жоқ па?

- Бақытқүл, сіз сәл ауытқыңқырап отырсыз. Желтоқсан жөнінде жазылған кітаптар біраз бар. Солардың ішінен мен тұшымдысы деп марқұм Бекежан Тілегеновтың «Сексен алты» романын атайтын едім. Ол осы туындысында желтоқсан көтерілісінің қалай, қайтіп туындағанының негізгі себептерін өте шынайы әрі әсерлі етіп көрсеткен. Неге екенін білмеймін, осы роман да, оның авторы да лайықты бағасын әлі ала алмай келеді.

Желтоқсан тақырыбы - аса күрделі әрі өте маңызды тақырып. Оған бару үшін қолың таза, жүрегің ақ, тіршілігің дұрыс, пейілің кең болуы керек. Әрине, кітаптар жазылып та, шығып та жатыр. Бір мың дананың о жақ, бұ жағымен шығатын сол кітаптар он миллион қазақтың қайсысының қолына тие берсін?! Оның үстіне әр автор өз қаражатымен шығаратын аз данасын көпшілікке тарата алмай, үйінде ұстап отырса, «кітап жоқ, жазушылар сақ... қорқақ!» деп кінә тағу да бекершілік. Өзім де осы тақырыпқа біртіндеп ене бастағанымды енді жасыра қоймаспын.

- Жасырмасаңыз, шетжағалатып болса да не жазатыныңызды айтпайсыз ба...

- ...Колбинмен, Устиновпен ұстасуым 1987 жылдың 2 ақпанында басталды. Демалыста жүргенімде, маған айтпастан Камалиденов пен Смайылов мені үгіт-насихат бөліміне ауыстырып, Устиновтың уысына салып бермек болған ғой. Устинов мені ұлтшыл деуінен айнымаса, мен оны шовинист деуден жалыққан жоқпын. Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов, Ақселеу Сейдімбеков, Шона Смаханұлы, Бейбіт Қойшыбаев бастаған ақын-жазушыларды ұлтшыл деген нақақ жаладан арашаламақ болғаным үшін Колбиннен «үшінші нөмірлі қазақ ұлтшылы» деген атақ алғанымды көпшілік біле де бермейді.

Ақпан айының аяқ кезінде маған Фрунзе және Совет аудандарында Мәскеудегі орталық үкіметке қарсылық білдірген наразылықтарды табу, алаңға шыққан ұлтшылдарды анықтау тапсырылған еді. Мен сол екі аудандағы төрт институтта, ғылым академиясында, шығармашылық одақтарда болып, оларда ешқандай наразылықта, келеңсіздік те болмапты деген сыңайда жазбаша есеп бердім.

«Алаңдағы жастарды ұрып-соғу - қатігездік» деп қарсылық танытқан Бейбіт Қойшыбаевты партиядан

шығаруды Совет аудандық партия комитетіне тапсырған екен. Мен ауданның бірінші хатшысы Қадырбековаға: «Сөгіс бергізіп қана коммунисті құтқарып қалыңыз», - деп Орталық комитеттің жауапты қызметкерінің талабын көлденеңдеттім. Айгүл Көбентаевна ерлік жасап, солай етті де.

- Колбин өзі қандай басшы еді?

- Алғаш келген бойда ол: «сіздерде кадр тағайындауда өрескел бұрмалайтын әдет бар екен. Мәселен, қызметінен ауысатын басшының орнына дайындығы мол, ұлты орыс бірінші орынбасарды қоймай, әлде үшінші, әлде бесінші орынбасар боп жүрген ұлты қазақ орынбасарын қонжита қоятын бопсыздар. Бұдан былай бұл әдісті түбегейлі өзгертем!» - деген еді. Сол айтқанын орындады да. Алты қазақ басшысының (министрі де, облыс басшысы да бар) орнына алты орысты орналастырды. Осы қарқынмен ол бірде жетінші орыс басшысының креслосына тағы да жетінші орыс азаматын ұсынды.

Мен есік жақтағы көлденең орындықта отырғам. Бюроның ұлты қазақ мүшелерін түгел сүзіп өттім. Орнымнан қалай атып тұрғанымды өзім де сезбей қалдым.

- Геннадий Васильевич, сіз өткенде бірінші басшыны ауыстырғанда, оның орнына дайындығы жеткілікті бірінші орынбасарын қоямын деп алып, алты қазақты алты орыспен алмастырдыңыз. Ал бүгін жетінші орыс бастықты оның бірінші қазақ орынбасарын қоймай, неліктен тағы да орыс жігітімен алмастырып отырсыз?

Колбин ұшып тұрып, үстелді жұдырығымен түйіп жіберді. Шатынаған көздері маған қадалды.

- По какому праву вы задаете мне такой вопрос?!

Құдай ма, әлде бір жебеушім бе, аузыма мына сөздерді сала қойғаны:

- По праву, что и вы, и я члены одной партии, партии коммунистической!

Колбин... шөге кетті. Содан соң әлгі кадрды дайындаған өндіріс бөлімінің меңгерушісіне біраз түйіліп, қазақ орынбасарды тағайындатты. «Менен кейін ешкім тексеруге келмейді» деп, Әбіқаевпен және Қадырбековамен келісім бойынша өзім тексерген екі ауданнан да орталық үкіметке теріс пиғылды ешкімді таппағанымды айтып, есеп бердім деп едім ғой. Үш күннен кейін мені әлгі ұлтаралық мәселелерді қарайтын жиналысқа дедектетіп алып барды. Колбин түтігіп кетіпті:

- Сіз, Сматаев! Есебіңізде алаңға екі ауданнан бірде-бір ересек коммунист шықпапты деп мәлімдейсіз. Ал Фрунзе ауданының бірінші хатшысы Әбіқаев аландағы дүрбелеңге қатысқан екі коммунистің аты-жөнін көрсетіп, міне, өз есебін жіберіпті. Қылмыскерлерді неге жасырдыңыз?

- Әбіқаевтың көрсеткендері мыналар емес пе?.. - деп екі фамилияны атадым. Бірінші хатшы әнтек бас изеді. - Ол екеуін мен қылмыскерге де, дүрбелеңге қатысушыға да қоспаймын. Себебі олардың бірі - зейнет жасындағы адам. Екіншісі қарапайым үй сыпырушы. Бірақ екеуі де - ана. Ал қай ана баласы үшін күйзелмеуші еді? Қай ана мезгілсіз кешіккен баласын іздемеуші еді? Ол екеуі де балаларын іздеп сол күні кешке көшеге де шыққан, алаңға да барған. Бар кінәлары сол ғана. Бұнда тұрған ешқандай ұлтшылдық жоқ.

- Бәрібір өз есебіңізде оларды көрсетуіңіз керек еді, - деді Колбин босаңсып.

Колбин бастаған топ күн сайын елдің белгілі, беделді бір азаматына ұлтшыл деп айып тағып, жемқор деп қылмыскерге балап, басын істі қылуға мықтап кірісіп кетті. Қанша тырбанса да, Дінмұхаммед Қонаевтың арына қара күйе жаға алмаған соң, соның төңірегіндегілерге тап берді. Асқаров, Бекежановтарды түрмеге жабар-жаппастан институт ректорларын, атақты профессорларды құдалап, бас редакторларды қалпақтай ұшырып, ырын-жырың тірлік орнатты. Осының бәріне мұрындық болған 1987 жылдың сәуір айында өткен ұлтаралық қатынастарға байланысты партия пленумы еді.

Пленумды дайындаған біздің бөлім көптеген қазақ ғалымдарын кезекпен шақырып, әрқайсысына қазақ зиялыларына, қазақ қоғамына қара күйе жаға баяндама жасау тапсырылды. Сондағы бір қатты күйзелгенім, әлгі қазақ оқымыстыларының бірде-біреуінің тұяқ серіппей көне бергенін көруім еді. Әсіресе, «негізгі баяндаманы өзім қатырып жасаймын» деген, кейіннен «мықты демократ» боп дүрілдеген бір тарихшы ағама қатты өкпе айтқаным әлі есімде.

Мен бұл пленумды дайындауға қарсы екенімді де, оған қатыспайтынымды да ашық айтып, Устинов пен Ауманға пленум бағдарламасын дұрыс жасамағандарын дәлелдеумен болдым.

Сонымен, мен ол пленумға қатыспадым.

Осындай кикілжіңдер Колбинді, Устиновты соңыма мықтап салып қойды. Маусым айының ортасында Устинов мені біріншіге ертіп апарды. Колбин «отырыңдар» да деместен, маған Ақтөбе облысындағы ұлтаралық қатынастар жөніндегі іс-шаралардың қалай өтіп жатқанын таңертең жүріп кетіп, тексеріп қайтуым керектігін жеткізді. Комиссия мүшелерін жасақтауды өзіме тапсырды да, он күннен кейін тексерудің қорытындысын бюроға дайындап беруімді талап ететінін айтты.

Бір облыстың бірнеше ауданын қамтитын жұмысын тексеру, оны қорытындылап бюроға ұсыну бұрын кемінде екі-үш айға созылатын. Ал мына тапсырма көпе-көрінеу қысас. Қысас қана емес, жұмысымнан тапсырманы мезгілінде орындай алмады деп жұлып тастап, партиядан шығаруға дайындаған зорлық. Уәж айтқызбастан Колбин: «Боссыз! Бара беріңіз», - деп дұрс ете қалды.

Сол күні жанталаса қимылдап, құрамына үш министрдің бірінші орынбасарлары, бір ректор, комсомол орталық комитетінің хатшысы және екі ғалым кірген комиссияны құрып, әрқайсысына қай салада тексеріс өткізетінін айқындап, қайтарып жібердім де, Ақтөбе облысының бірінші хатшысы Трофимовпен телефон арқылы хабарластым. Ертең ұшатын ұшаққа билет алуға тапсырма беріп, кешкі бес шамасында «yh» деп отыр едім, бөлмеме Дамир дейтін ұйғыр әріптесім кіріп келді.

- Түсің қашып кетіпті. Қозғалма! Тұрма орныңнан! - деп асығыс шыға жөнелді. Артынша-ақ екінші қабаттан дәрігер мен медбикені ертіп оралды.

Олай-бұлай тексерген дәрігерлер мені жедел жәрдеммен төмендегі ауруханаға жөнелтті. Алғашқы инфаркты мен сол күні алған едім...

Ауруханадан шығар-шықпастан бастықтарым біресе Гурьев, біресе Солтүстік Қазақстан облыстарына іссапарға жібермек болып қатты әрекетке кірісті. Мен инфарктан кейін көп қимылдамай, «санаторлық емдеуден өту керек» дейтін медициналық анықтамамды көлденеңдетіп демалыс сұраумен болдым. Қинап қоймаған соң жақын жердегі Жамбыл, Талдықорған облыстарына іс-сапармен баруға келісім білдірдім де. Бірақ олар әлгі алыс екі облысты ұсынудан танбады. Айтпақшы, мен жасақтаған комиссияның Ақтөбе облысына бармағанын естіп, сол шұғыл тапсырманың тек мені сүріндіру үшін жасалғанына көзім тағы да жетті.

- Колбиндер соншама қарсылық көрсеткен сізге түк жасамай, көне бергені ме?

- Кім айтты түк жасамады деп? Сол жылдың қараша айында менің жеке басымның мәселесін қарау үшін Орталық комитет секретариатының талқылауына салды да жіберді. Сол талқылауда менің іс-әрекетімнен былық-шылық іздеп, ұлтшылдыққа теліп қанша әуреленгендерімен, мен өз ұстанымымды барынша қорғап, жазықсыз жазғырудың бірде-біріне ілікпей қалдым. Кетерімде: «Ертең мен қызметке келмеймін. Мені бұл жерге үш рет шақыртып, күшпен алдырған. Ал мен жазушымын. Оқырмандарыма кім боп істегенім емес, шығармаларым ғана қажет», - деп прецедент жасайтынымды айттым. Жиырма күннен кейін мені «еңбек кітапшаңызға жұмыстан босату туралы бұйрықты қалай жазуды ақылдасайық» деп сылтауратып шақырып алып, екінші рет секретариатқа сүңгіте салды.

Устинов, Смайылов, Ауман үшеуі әрқайсысы отыз минуттан менің «партия басшылары Колбин, Камалиденовтерді тыңдамай, оларға жала жауып, жұмысқа үнемі кедергі келтіріп, ұлтшылдыққа үлкен тізгін беріп, өзімшілдікке мықтап ұрынғанымды» барынша көпіртіп баяндама жасады.

Үшеуі сөйлеп бітісімен Колбин бірден:

- Көп созатын не бар енді? Қандай жаза қолданамыз? - деп отырғандарды жағалай сүзіп өтті. Отырғандардың көбі қазақ елі. Маған сөйлесін деген ыңғай білдірді.

Бір сағаттан астам сөйлеп, үш баяндамашының барлық кінә-жалаларын жоққа шығарып, өз ұстанымымды қорғап шықтым.

Смайылов бір кезде қып-қызыл боп орнынан тұрар-тұрмастан:

- Мені... маған оны жамандап жаз деді ғой, - деп оқушы баладай қипақтады.

Екінші хатшы Құбашев қазақшалап:

- Отырыңыз мыңқылдамай! Жала жаппай тұрып ойлану керек, - деп жақтырмағанын жасырмады. Әлдене айтып дауыс көтерген Устиновты да: «В вас заговорило ущемленное самомнение. Садитесь!» - деп тұқыртып тастады да, Құбашев маған орындық бергізді.

Жиналыстың ендігі барысы айқындалып, мені ақтап, жақтап сөйлеуші көбейіп, «жұмыстан өз еркімен босатылсын» деген қорытынды қабылданды.

Дәлізге шықсам, алтыншы қабатта Назарбаев тұр екен.

Менің қандай күйде секретариатқа қайыра түскенімді білетінін жасырған жоқ.

- Не болдыңыз? Жақсылық па, әйтеуір?
- Өз принципімді қорғап қалдым.
- Партиядан...
- Жоқ! Шығармақ түгіл ауызша да сөгіс бере алған жоқ.
- Дұрыс болған. Сәке, орыстың «И на нашей улице будет праздник» дейтін сөзі бар ғой. Колбин қашанғы отыра берер? - деп Нұрекең көңілденіп, арқамнан қағып қоштасты.

- Сол кезде батылдық танытыпсыз. Ал енді Желтоқсан көтерілісіне қалам тартқан кезде өзіңіз де, өзге қаламгерлер де әлдекімнің жарасына тиіп кетем бе деп қаймығатын тәріздісіздер. Осыған не себеп, имандай шыныңызды айтыңызшы.

- Шын мәніндегі қаламгер ешкімнен, ештеңеден жасқанбауы тиіс. Шындықты айта алмайтын болса, онда оның әлде құдай, әлде болмыс берген талант дейтін құдіретінің құны бес-ақ тиын. Бар ондай батылдар. Жазып жатқандарына, жараның аузын қазып жатқандарына сенем. Қаймығатындар - жағымпаздар, оң көзге ілінуді аңсаушылар ғана.

- Қазақстанда соңғы 15 жылдағы барлық ауызға алармық оңды оқиғалар мен айтулы даталар тек Назарбаевтың атымен байланыстырыла айтылады. Соның салдары болар, біздегі «тәуелсіздік» деген ұғым да тек бір адамға телініп жүр, егемендік тек соның арқасында келген сияқты. Осы желтоқсан көтерілісінің мәнін тәуелсіздіктің маңызы басып кетті ме, жоқ әлде халыққа сол тәуелсіздікті алып берген адамның мысы басып кетті ме? Желтоқсан неге тұмшаланып қалды деп ойлайсыз?

- Жоқ. Бұған аздап дау айтамын. Алматыдан Астанаға ауысқанша Нұрекеңде демократтық сипат кәдімгідей ұшырасатын. Зиялы қауым өкілдерімен жиі кездесіп, пікір алысып, ақылдасып отыратын. Өз басым жыл сайын екі-үш мәрте кездесіп тұрушы едім. Сол кездесуде талай оңды істер жасалғаны да, оған президенттің ықпалы болғаны да рас. Ал елбасы Астанаға орналасқан бойда, неге екенін кім білсін, басқа бағыт ұстанды.

Ал тәуелсіздікті біз ғасырлар бойы ата-бабаларымыз боп күресіп, Алаш зиялылары боп аңсай іздеп, ақыры Ельцин бастаған үшеудің «шала-мас» тірлігінің арқасында оп-

оңай «олжалағанбыз». Бірақ тәуелсіздіктің қадір-қасиетін әрқайсымыз өз жүрек қанымыздың әр тамшысындағы ағысымен қадағалап отырамыз. Сондықтан бұл тәуелсіздік - бір қазақ «алып берген» тәуелсіздік емес, бар қазақ тілеп алған тәуелсіздік. Оны ешкімнің, тіпті елбасының да меншіктеп алуға қақысы жоқ...

Ал Тәуелсіздік күнін 17 желтоқсанмен қабаттастырып, қуаныш пен күйініш сәтін араластырып жібергенімізге өз басым өкініш те, реніш те білдіргем.

Қоғамдық-саяси өмірді былай қойғанда, әдебиеттегі әлеуметтің өзі Желтоқсанды ауызға алудан қаймығатыны қалай? Халықтың шежіресі қалай жасалып жатқанын аңдып отыруы тиіс зиялы қауым қайда?

- «Жазушылар қоғамдық-саяси өмірдегі келеңсіздіктерді неге батыл сынамайды? Неге от боп жанып, дауыл боп соғып, күн боп күркіремейді?» демексіз ғой. Бақытқұл-ау, үкіметіміз қаламақыдан тып-типыл айырса, елбасымыз: «Жазған кітабыңды өзің шығарып, өзің сатып, өз күніңді өзің көр!» деп немқұрайдылық танытса, сол от боп жанар, күн боп күркірер жазушы еріксіз қайыршылық кейпін киіп, кешегі ел ішіндегі қадір-қасиетінен мүлде жұрдай болса, ол қай қылығымен, қай адуын мінезімен айбар көрсетіп, айбат ете алар?! Әрине, жазушы біткен түгелімен түңіліп кетті, тұқырып қалды деуден аулақпын. Биліктегілердің басы-қасында жүріп, оң қабаққа іліккен он шақты қаламгерді бұларға қоспаймын. Халқының тарихын, шежіресін жүрек соғысымен түптің-түбінде шегелеп бекітетін бәрібір осы шет-қақпайда жүрген шынайы жазушылар ғана. Оларға тым өкпе таға берудің кейде орынсыз боларын да ескерген абзал ғой.

- **Қош делік, Желтоқсанға. Енді өзіңізге оралсақ. Сіз Кітап палатасында көп жыл қызмет істедіңіз. Осы неғылған мекеме өзі?**

- Иә, Кітап палатасын 17 жыл басқардым. Ешкім естіп білмеген осы бір белгісіздеу мекемені халқымыздың көз алдына көркейіп шыққан ұлттық мекемеге айналдырдым.

- **Мұны сұрап жатқаным, «Кітап палатасы бұрын КГБ-мен байланыста еді, қазір КНБ-мен байланысы бар» деп жатады. Осы сөз шындыққа қаншалықты жанасады? Мәселен, тәуелсіз оппозициялық газеттің бір саны Кітап палатасына жеткізілмей қалса, ол газетті қолма-қол жауып тастайды. Неге?**

- Кітап палатасы ешқашан бұрынғы КГБ-мен де, бүгінгі КНБ-мен де ешбір байланыста болған емес. Бұлай деу - рухани байлығымызды сақтайтын мекемеге жала жабу болады. Жұрт айта беретін үш әріптен мүлде таза бір мекеме болса, ол тағы да Кітап палатасы. Ал сіз ойлағандай арамдық іспен Кітап палатасы мен барда араласпайтын. Кітап палатасының араласуымен газеттер жабылып қалды деу - қаны сорғалаған өтірік қана.

- Жақсы... Шығармашылық ахуал қалай, аға? Қазір не жазып жатырсыз?

- Денсаулық сәл сыр беріңкіреп жүр. Бірақ қаламгердің қолынан қаламы түсті дегенше тірлігінен айырылды деу қажет. Өйткені қалам ұстау - жазушы үшін ауа жұтумен, су ішумен пара-пар. Сондықтан саушылығым жараған кезде қағазға үңілуден тыйыла қойғам жоқ. Кейбіреулердей атақ-абыройды жылап алудан, сұрап алудан аулақ болу үшін «Елім-айдың» қазір төртінші кітабын, тиіп-қашып естелік-күнделік тәрізділарді түрткілеп жүрмін. Бірер пьесаны бітіріп, театрларға өткіздім.

Берген уәдесін орындамай қоймайтын Иманғали Тасмағамбетов он жеті томдығымды шығаруыма қол ұшын беріп отыр.

- Манадан бергі әңгімеге тобықтай түйін айтар болсақ, осы біздің қазақтың қыр арқасы қақырап қалған жоқ па, қалай ойлайсыз?

- «Ел болса ер туғызбай тұра алмайды». Бұл - аксиома. Қазақтың қыр арқасы қақыраған жоқ. Еңкейгені, бүгілгені, иілгені рас. Бірақ үзілген бел жоқ. Қақыраған арқа жоқ. Халық еңкейген еңсесін түзейді әлі. Бүгілген белін тіктейді әлі. Ез емес ер қазақтың еркіндігіне тұсау салдырмасына сенем. Әйтпесе іші-бауырымды жалындата «Елім-айлап», еркін елімнің елгезек ұранын несіне аспандатып әлек болар едім.

- Рахмет, аға. Кітабыңыз мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жатыр екен, сәтімен болсын!

- Өзіңе де рақмет.

Әңгімелескен
Бақытқұл МӘКІМБАЙ.
«Жас Алаш» газеті.
2006 ж. қазан айы

«ЖАСТАРДЫҢ АЛДЫНА ШЫҒЫП СӨЙЛЕЙІН» ДЕГЕН БІР ЖАЗУШЫ БОЛҒАН ЖОҚ

Жас қазақ: Сіз көп жылдар жоғары қызметте болдыңыз. Шөмішке ас құйып, сабына қарауыл қойған сол бір қым-қуыт кездері Орталық комитетте қызмет істедіңіз. Желтоқсан оқиғасының бастан-аяқ куәгерісіз. Ауыр да болса әңгімеңізді содан бастасаңыз.

Софы Сматаев: 1986 жылы 16 желтоқсанда 16-ақ минутта республиканы 40 жылдан астам абыройлы басқарған, саяси бюроның мүшесі болған Димаш ағаны алып тастады. Не айтқан рақметі жоқ...

1985 жылы көктемде ОК-ның XV съезі өткен. Сол жиында Зақаш Камалиденовтен бастап бір топ азамат Қазақстанда соншама қала салып, колхоз-совхоз тұрғызған Қонаевты Мәскеудің арнайы тапсырысымен қатты қаралады. «Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнайдының» кері болды. Мен өзім Торғайды, Қызылорданы гүлдендірген Еркін Әуелбеков дейтін азаматты өте жақсы білем. Жақсы кісі еді. Кезінде партия мектебінде Горбачевпен бірге оқыған көрінеді. Кремльдің алдауына түсіп қалды ма, ол да, Назарбаев та Қонаевқа қарсы шығып, пендешілігін көрсетіп алды. Мәскеудің құлығы болар, сол съезден соң бәрібір Қонаевты бірінші хатшылықта қалдырды. Содан кейін өз қызметін 1,5 жыл атқарды. Бірақ осыншама еңбек еткен Димекеңді 16 минутта «ит қуды, қоян қашты» қылмай, абыроймен шығарып салу керек еді. Аспаннан жай түскендей етіп, ел білмейтін, аты-жөні белгісіз мұрны қоңқиған мұжықты әкеліп қоя салды.

Жас қазақ: Сіз алаңдағы жағдайды ғана емес, «үлкен үйдегі» қарбаласты да өз көзіңізбен көрдіңіз, сол жағын егжей-тегжейлі баяндап берсеңіз?

Софы Сматаев: Бәрін көрдім. Ертесі күні жұмысқа келдім. Мен ол кезде ОК-да қызмет ететінмін. Кеңсем төртінші қабатта болатын. Терезеден қарасам, топ-топ болып алаңға адамдар жиналып жатыр екен. Пальтомды киіп алып, ешкімнен рұқсат сұрамастан, алаңға бардым. Жастардың қатары 400-500-дей болып үлгеріпті. Қолдарында ұрандары бар. «Қойнымызда тас, ышқырымызда қару жоқ, көретін көз, тыңдайтын құлақ болса, талап-тілегімізді айтуға келдік» деді жалаң

қолды жастар. Бір-екеуі менен қолтаңба сұрады. Бердім. «Аға, бізді қорғай алмасаңыздар, ЦК-да не бітіріп жүрсіздер?» деп қалды. Кеңсеге қайта келдім. Келсем, тікелей бастығым Камал Смайылов іздеп жатыр екен. Бөлім қызметкерлерінің бәрі Смайыловтың кеңсесіне жиналыпты. «Қайда, не істеп жүрсің?» деп дүрсе қоя берді. «Алаңға бардым, жастармен пікірлестім» дедім. «Онда сізді кім жіберді? Жұмыс кезінде рұқсатсыз неге кетесіз?» деп Камал одан эрі күшейді. «Бас еркіндігім жоқ адам ба едім? Бардым, көрдім. Талап-тілектерін біліп келдім. Керек десеңіз, бұл менің қаламгерлік міндетім. Ал сіздер не біліп отырсыздар?» деп мен де шықтым! «Мен жаңа ғана жоғарыдағы басшылықтан тапсырма алып келдім. Тез арада өз салаларың бойынша барлық фотоаппараттар мен бейнекамераларды жинаңдар!» деді Камал. Кезінде сол Камалды Олжас арқылы Қонаевқа айтқызып ОК-ке алып келген Сұлтан Оразалинов екеуміз болатынбыз. Сонда Олжас оған сенімсіздік білдіріп еді...

Мен көркем әдебиеттің сектор меңгерушісі болатынмын. Мен: «Маған қарасты Жазушылар одағында ешқандай фотоаппарат та, бейнекамера да жоқ. Сондықтан бұл шаруаға менің ешқандай қатысым жоқ», - деп шығып кеттім.

Дәлізге шығып, қалған әріптестерімді тостым. Алдымен Қасейінов, сосын Кутовой, артынан Әбдіков шықты. Фотоаппарат камераны не үшін жинатып жатқанын түсіндірдім. Жастарды түсіріп алып, артынан мойнына тұзақ салуды ойластырып жатқанын айттым. Өтірік түсінбеген болады әлгілер. Үкіметтің бұйрығы және Азаматтық сын тайталасқан кез емес пе.

Кеңсеме келсем, радиода қазаққа мәлім ақын қызымыз «Димекеңнің нұсқауымен жастарды ұйымдастырған Олжас Сүлейменов екен» деп сайрап тұр. Ол ақын кейін депутатта болды. Дереу Олжасқа телефон шалдым, өйткені Жазушылар одағы менің қадағалауымда ғой. Жұмысында жоқ, үйінде жоқ. Дәл сол кезде Камалиденов екеуі айқасып жүрген, радиодағы хабарды да арнайы ұйымдастырғанын сезе қойдым. Олжасты қайтсем де сақтап қалу керек. Оның алдында Камалиденов жеті-сегіз рет Олжастың үстінен «ол өз орнында отырған жоқ, алты ай жұмыста болмады» деп арыз ұйымдастырған. Оның алты ай жұмыста себепті болмағанын, жұмысын ақсатпағанын дәлелдеп, арызды

қараусыз қалдырғанбыз. Сосын «Простордың» бас редакторы Толмачевке телефон соғып, Олжасты тауып келуін өтіндім. Бір сағатқа жеткізбей алып келді. Олжекең: «Мені неге шақырттыңыз?» - деді. «Радиода осылай деді» деп қалай айтам?, «Жастардың алдына шығып сөйлейтін адамдардың тізімін жасап жатырмын, сен ешқайда кетпе, жазушыларды сен арқылы іріктейміз» деп қойдым. Толмачев екеуі менің кеңсемде кеш батқанша отырды.

Жас қазақ: Сонда сіздің мақсатыңыз Олжасты арандатпай аман алып қалу ғой?

Софы: Әрине. Жастар Жазушылар одағының алдына барып «Олжас! Олжас!» деп айқайлайды. Рух қысқан сәтте Олжекеңді тоқтату қиын, ал жастардың алдына шыққан бетте Олжасты «үш әріп» қағып әкетпек. Мен оның бәрін сезіп жүрдім. Оның үстіне, мені қайта-қайта Камал Смайылов шақырып алып: «Олжасты неге ұстап отырсың?» - дейді. Тізім жасап жатқанымды оған да айттым. Артынша Зақаш Камалиденов телефон шалды. Ол да бірден «анау неғып отыр?» деді. Қасақана «Толмачев па?» дедім. «Жоқ, оның қасындағы...» деді Зақаш. Оған да әлгі жағдайды айттым. Зығырданы қайнап, телефонды лақтырып жіберді. Түстен кейін алаңға тағы барып қайттым. Ол кезде алаң жастарға тола бастаған. Екі жақтан жасақшылардан шеп құрып қойыпты. Сол күні Мәскеуден Соломенцев келген, оған берілген тапсырма - Орталық Азия әскери округін жинақтау.

Жас қазақ: ОК-ның бюро мүшелері де түрлі ұлттың өкілдерінен. Олардың ішінде өзара ұлттық бөлінушілік болды ма?

Софы: Бір қызығы, орыстардың бәрі Колбиннің бөлмесінде жиналды. Соломенцев те сонда болды. ОК-ның бюро мүшесінен тек қана Людмила Дәулетова деген татар келіншек бар. Ал қазақтардан құралған бюро мүшелері - Мұқашев, Камалиденов, Назарбаев, Меңдібаев - төртеуі Камалиденовтың кеңсесінде жиналды. Шынын айтқанда, Колбин оларды бөлектеп тастады. Сосын олар өздерінше жұмысшы тобын құрды. Бұл топта үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Устинов, Дүйсеев және мәдениеттен мен ғана болдым. Жағдайды талқылаған кезде Мұқашев: «Енді болмайды, жастардың алдына шығайық, түсіндірейік, қазақпыз ғой, әскерді төгіп жатыр, жастарды аяйық», - деді.

Жас қазақ: Бюро мүшелері екі бөлініп алып, жағдайдың ұшығына жете алмай жатқан уақытта Қонаев Орталық Комитетте болыпты ғой?..

Софы: Рас, Димекең ол кезде әлгі Дәулетованың кеңсесінде отырған Қонаевты Соломенцев пен Колбин шақыртқан. Не халықтың алдына шығармады және не үшін шақыртқанын да түсіндірместен 4,5 сағат Дәулетованың кеңсесінде қамап отырды.

Жас қазақ: Әлгі Мұқашевтің ұсынысын әрі қарай жалғастырсаңыз?

Софы: Барлығы сол ұсынысқа тоқтап, кешкі сағат 4-5 терде бюро мүшелерінің бір тобы мінбеге шығып сөз алды. Сөз алғандардың дені орысша үн қатып, жиналғандарға зеки сөйледі. Бұған қорланған жастар мінбеге қарай кесектерді атқылады. Малақайлары қисайған беті бюро мүшелері бастарын ала қашып кеңселеріне қайта оралды. Бұл кезде де әскерлер лек-легімен алаңға тоғытылып жатқан. Сол кезде Алматы обкомының I хатшысы Меңдібаевтың мына сөзі әлі жадымда: «Мен қазақ халқын түсінбей-ақ қойдым... Алаңға жиналған жастардың бәрі - есуастар! Олар сөз тыңдаудан қалған!»

Жас қазақ: Ал Орталық Комитеттен Қонаев қай мезгілде қайтты?

Софы: Кешке бір-ақ қайтты. Қонаевтың халықтың алдына шығу-шықпауына қатысты Колбин мен Соломенцев Горбачевпен сөйлесіпті. Горбачев: «Оны үйіне қайтарыңдар! Алаңдағылар Қонаевты іздеп келген жоқ па? Оны шығарсаңдар, жастар одан әрі құтырып кетеді», - депті. Ақыры 17 желтоқсан күні кешкі сегіздерде топалаң басталды да кетті. Айналасы жарты сағаттың ішінде арнайы су шашатын мәшинелер, саперлі күрек ұстаған жасақтар іске қосылды. Ашу-ыза қысқан жастар үш-төрт мәшинеге өрт қойып жіберді. Вьетнамдықтарды американдықтардың қалай қорлағанын кинодан көрген шығарсың, дәл сол жағдай алаңда орын алды. Сол жауыздыққа шыдай алмай, Төлен Әбдіков екеуміз алаңға келдік. Жастарға араша түсіп, анаған бір, мынаған бір барамыз. Жасақшылар өзімізге қол жұмсай жаздады. ЦК-ның қызыл куәлігінің арқасында аман қалдық. Ашығын айтайын, жастардың арасында арандатушылар да қаптап жүрді. Түнгі сағат 12 болды, алаң қып-қызыл қан, амал жоқ, бармағымызды

тістеп үйге қайттық. Алаңдағы қырғын басталған кезде Олжасты да қайтарып жібергенбіз.

18-і күні жұмысқа келе жатып көрдім, алаңға танктерді алып келіпті. Камал Жазушылар одағында шу болып жатқанын айтып, соны реттеуді маған тапсырды. Одаққа келдім. Олжас жоқ, II хатшы Әбіш Кекілбаев жазушыларды мәжіліс залының алдында иіріп тұр. Сонда барып түсіндім, «жиналысқа тек коммунист-жазушылар ғана жіберіледі» деп шешіпті. Шынын айту керек, жазушылардың үштен екісі партияға мүше емес. Сондықтан барлық жазушының жиналысқа жіберілетінін айттым. «Жауапкершілікті мойныңызға аласыз ба?» деді Әбіш. «Алам» дедім. Олжасты біраз күттік, келмеген соң жиналысты мен жүргіздім. Бәрі ашық болды. Алаңдағылардың анау айтқандай нашақор, бұзақы емес, әділеттік іздеген жастар екенін айттым. «Алаңға барам» дегендерге ешқандай шек жоқ екенін, керісінше, жастарға арандап қалмау жөнінде ақыл-кеңес беру керектігін айттым.

Жас қазақ: Жалпы сол жиналыста ұлттың сүт бетіне шығар қаймағы делінетін қаламгер қауымы өздерін кісілік, азаматтық, ар-ождан тұрғысынан қалай ұстады?

Софы: Қаламгер қауымы тұқыртқан сайын, аузын буған сайын серіппе секілді атылады. Ал еркіне қоя берсең, бір-екі серпіледі де, қайтып қалпына келеді. «Алаңға баратындарың - бар, сөйлейтіндерің - сөйле, көретіндерің - көр, ағалық, әкелік ақылдарыңыз жастарға ауадай қажет. Бірақ үкіметке қарсы сөз айтылмасын» дедім. Бірақ «мен жастардың алдына шығып сөйлесем» деген бір де бір жазушы болған жоқ. Кеудесін ұрып, көсемсіген жазушылардың бір де біреуі алаңға барып, жастармен тілдескен жоқ. Брежнев алаңындағы қанқұйлы қырғын сол күні-ақ әлемнің түкпір-түкпіріне тарап кетті.

Тағы бір жайды айтайын. 18 желтоқсан күні Камалиденовтің кеңсесінде шағын жиын болды. Зақаш Устинов екеумізге биліктің атынан қазақ және орыс тілдерінде алаңдағы жастарға үндеу жазуды тапсырды. Мен сол жерде-ақ «Айналайын, адаспаңдар!» деп басталатын бір беттік үндеуді алдына қоя салдым. Сол сол-ақ екен, Камалиденов «алаңдағы басбұзарларды неге айналайын дейсің?» деп маған шүйілгені бар. Камалиденов Альберт Устиновтың жазғанын аударуды бұйырды. Ең бірінші

сөзі «Махровый казахский национализм» деп басталған. Бірден аударудан бас тарттым.

Жас қазақ: Аға, 18-і күні мінбеге шығып, жастарды сабырға шақыратын сөз сөйлеуге тиіс зиялы қауым өкілдерінің тізімін сіз жасақтапсыз. Естуімізше, сол кезде де көптеген қайшылықты тұлғалардың сыры ашылғанға ұқсайды. Рас па?

Софы: Мен бір адамға керемет риза болдым. Ол - Роза Бағланова. Таңертеңнен ешкімнің шақыртуынсыз өзі келіп, жастарға жаны күйіп, кеш батқанша күтіп отырды. Мақтан тұтып жүрген ағаларымыздың көбі сөйлеуден бас тартты. Жұбан аға Молдағалиевке телефон шалдым. «Келмеймін де, бармаймын да» деді. Нұрпейісов «басымды қатырма!» деді. Мұзафар аға да бойын аулақ салды. Әбу Сәрсенбаев ақсақалдың «дала суық екен, өзім суықтап қалып едім, мінбенің түбіне дейін көлік бара алмайды екен ғой» дегенін өз құлағыммен естідім. Әбділдә Тәжібаев келмеді. Ермек Серкебаев пен Еркеғали Рахмадиев алаңға келіп, құрулы тұрған жасақтарды көріп, шын қорқатындарын айтып, кетіп қалды. Сосын өзіміз шықтық. Ішкі істер министрінің бір генералы келген кісілердің қасына екі-екіден милиция қосып берді. Роза апамыз мегафонмен бірінші болып тебірене сөйледі. Жастар тізелерін бүгіп отырып тыңдай бастаған. Бір кезде жастардың арасынан солдаттарға қарай кесектер лақтырылып кетті. Мұны істеген арандатушылар, арамзалар еді. Сол-ақ екен, қалың әскер жастарға лап қойды. Қырғын басталды да жүре берді. Қыздарды бұрымынан сүйреген содырларды көрдім сонда. «Көз алдымызда қойдай қырды ғой жастарды, мұны көргенше соғыста өлгенім артық еді» дегенді бірінші болып нәзік те болса алаңда Роза апамыз айтқан. Мәскеуден келген генералдардың штабы мінбенің астында орналасқан еді, «тоқтатыңдар» деп шырылдап генералдарға барамыз. Ешкім тыңдамайды.

Жас қазақ: Колбиннің Жазушылар одағына келіп өткізген жиыны жайлы толығырақ мағлұмат бере аласыз ба?

Софы: Неге бере алмаймын? 30 желтоқсан күні Камал Смайылов: «Ертең Колбин Жазушылар одағына барады, сол үшін бүгін Колбинге сен жазушыларға байланысты мағлұматтар бер», - деді. Колбинге кірдім. Бір анекдоты бар, өзі айтып өзі күлетін. Соны айтты.

Онша күле қоймадым. Жазушылар жайлы сұрады. Абай мен Әуезовтен бастап бәрін тәптіштеп айтып бердім. Жазушылар қалай қабылдайтынын сұрады. Жазушылардың әрі дана, әрі бала секілді екенін, бәрі де өзіне байланысты екенін айттым. Бәрін түртіп алды. Сосын: «Сіз ең бірінші қатарда отырасыз, егер жазушылар мені онша қабылдамай отырса, құлағыңызды, ал жақсы қабылдап отырса, мұрныңызды ұстап отырыңыз, мен сізге қарап отырып сөйлеймін», - деді. Келістік. Ертесі бардық. Әйгілі жазушы ағаларымыз сайрап қоя берді. Тахауи Ахтанов Димекеңе кіре алмай жүргенін, Колбиннің келгеніне айрықша ризашылығын білдірді. Әлжаппар Әбішев ағамыз одан да асып түсті. Димекең оған өзі тұрған үйді беріп еді. Мен құлағымды ұстап отыра бердім. Көбі қазақша сөйледі, оны мақтап отырғанын қайдан білсін? Қатқыл әңгімені бастап берген Сафуан аға Шәймерденов: «Сіз келгенде осылай қан төгілген жақсы ырым емес, мен осыдан тіксініп қалдым», - деді. Жұбан Молдағалиев те өте ащы айтты. Біраз әңгімелер айтылды. Артынан Колбиннің өзі шықты. Жазушыларға есігі әрқашан ашық екенін төрт-бес айдан кейін қазақша сөйлейтінін айтты. Біздің қазақтар соған мәз болды да қалды.

Жас қазақ: Колбин берген уәделерін орындады ма?

Софы: Колбин уәдені өте көп берді және түк те орындаған жоқ. Жаңа жылдан кейін іле-шала демалысқа кеткем. Келсем, Зақаш пен Камал өзіммен келіспестен мені басқа бөлімге, Устиновтың қол астына ауыстырып жіберіпті. Устиновтың қазақтарға жаны қас еді. Екеуара күнде кикілжін болдық қой.

Бірде жұмыстан кешігіңкіреп келе жатқам, көршім Шона Смаханұлы ағай алдымнан шықты. «Ленинская смена» газетінде бір мақала жарық көретінін, онда қазақтың біраз жазушысына күйе жағылатынын, мақаланы тоқтатуға күш салуымды өтінді.

Әрине, мен Шөкеңе уәде бере қойғам жоқ. Бірақ ертеңінде газеттің редакторы Никановты шақырып алдым. «Ржавчина» атты мақалада «Ш.Смаханұлы бастаған жазушылар қазақша балабақшалар мен мектептерді көптеп ашуға, ал Сейдімбеков тәрізділер қазақ шежіресін жариялауға барынша күш салып, ұлтшылықтың вирусын таратып жүр» деген кінәларды аямай тізбектей беріпті.

Мақаланы оқып болып, редакторға: «Ұлт мектептерін ашпасын, ұлт шежіресін, тарихын білмесін дейтін партия нұсқауын тауып беріңізші!», - деп ем, Никанов бірден ылдилай жөнелді. Сосын: «Мына мақаланы бассаңыз, сіз ұлттар арасына сына қағып, достықтың монолитіне сызат түсіресіз», - деп шығарып салдым.

Сәлден кейін мені Устинов өзіне шақырды. Никановтың оған кіргенін сездім. Устиновқа да «Ұлт арасына сына қағарлық мақала жарық көрсе, ертеңгі барлық дау-дамайға өзіңіз жауап бересіз. Мен сізге ескерткенімді баспасөз беттерінде хабарлауға дайынмын» деп өз пікірімді білдірдім. Ақыры мақала жарық көрмей қалды.

Жас қазақ: Желтоқсаннан кейін де құдалау жұмыстары жалғасты. Тіпті кейбір аудандардан «ұлтшылдарды» табу тапсырмасын сізге жүктегенін оқып қалып едік.

Софы: Ол рас. Колбиннің тікелей тапсырмасымен Совет және Фрунзе аудандарын маған тексеруге тура келді. Ол кезде Фрунзе ауданының бірінші хатшысы Нұртай Әбіқаев болатын. Әбіқаевқа кірдім. Гончаров дейтін орынбасарын шақыртып алды. «Бізде диссиденттер бар ма?» деді. Гончаров «бар!» деп айқай салды. Екі әйелдің аты-жөнін көрсетіп берді. Бірі - зейнет жасындағы кісі, екіншісі - еден жуушы азаматша. Екеуі де Шериаздан Елеукенов басқаратын Әдебиет институтында істейді екен. Ауылшаруашылығы институтында тағы бір-екі студент бар көрінеді. Басшылар оларды оқудан шығарғалы жатқанын жеткізді. Оларды райларынан қайтарып, Әбіқаевқа қайта келдім. «ОК-ға ешқандай диссидент таппадым» деймін, сендер менің артымнан қосымша есеп жібермеңдер» деп келісіп кеттім. Әбіқаев сөз берді. Совет ауданының хатшысы Айгүл Қадырбековамен де әңгіме солай болды. Келген соң жүргізген тексеруге қатысты 17 бет есеп жазып, «ешқандай ұлтшыл таппадым» дедім. Ол кезде бюро емес, құрамында ғалымдар бар ұлтаралық қатынастар жиналысы болатын. Жиналыста Колбин маған «сен неге ұлтшылдарды жасырасың!» деп дүрсе қоя берді. Сөйтсем, менің артымнан Фрунзе ауданынан есеп келіп түсіпті. Сондай да жағдай болған. Тағы бірде Олжасты қорғаудың сәті түсті. Олжекеңмен дәлізде кездесіп қалдым, ұнжырғасы түсіп кетіпті. Сөйтсем, Олжастың жеке делосын тексеру үшін арнайы комиссияға жіберіпті.

Мақсат - Олжасты ұлтшыл етіп шығару. Құжаттарды өзіме алып, ұлты өзге бес коммунист-жазушыдан Сүлейменов жөнінде қатырып тұрып пікір жаздырып алдым. Соңына қатырып тұрып қорытынды сөз жаздым. Колбин жиналыс аштты. Жиында бес жазушының мінездемесін, соңында өзімнің қорытынды сөзімді оқып, Олжасты нөмірі бірінші интернационалист тұлға етіп бір-ақ шығардым.

Жас қазақ: Кейінгі жылдары Қонаевпен араластұралас болдыңыз ба?

Софы Сматаев: Ол кісіні мен жиі іздеп тұрдым. Бір жағдай айтайын. 1987 жылдың мамыры болу керек. ОК-ның астыңғы қабатында Димекең кездесіп қалды. Қонаев шыға келіп еді, қазақ-орысы бар, бәрі жапа-тармағай безе жөнелді. Мен арнайы барып, құшақтасып амандастым. «Мына өтірікші менің сыртымнан неше түрлі сөз таратып жүр, бүгін тағы шақыртып алып, тағы қабылдамады. Бірінші басшы өтірік айтқаннан соң басқасы не болады?» деді. Колбинді меңзеп тұр. Үйіне де жиі іздеп барып тұрдым. І хатшы болған кезінде де мені жақсы көретін. Бір күні Ғабит Мүсірепов телефон шалды. «Әй, менің үкіметім, мен Димекеңе кіруім керек болып тұр, осының орайы екіүш күнде бола ма?» деді. Димекеңнің көмекшісі арқылы мәселе шешілді. Ертесі сағат үште Ғабеңді Димекеңе алып кірдім. Димекең төрден ұшып келіп құшақтап амандасты. Бұл - 1985 жылы болатын, Ғабең едәуір қалталаңдап қалған кезі. Екеуі бір сағаттан аса сөйлесті. Қонаев не деген кішіпейіл адам! «Ұзағырақ сөйлесіп қалдық, сіз кешіріңіз!» деді маған. Ғабеңді қолтықтап шығып кеттім. Қонаевқа келген шаруасын айтты. «Анау Ғабиден шалдың (Мұстафин) жаман кемпірі айдалада, Қарғалыда жалғыз тұрады екен. Соған екі бөлмелі үй сұрап алдым және үш арысымыз - Сәкен, Ілияс, Бейімбетке үлкен мұражай ашу керек қой, соған рұқсат алып шықтым. Осы екі үлкен шаруаны Димекең дереу шешіп берді» деді Ғабең.

Жас қазақ: Желтоқсанға қатысты көргенбілгендеріңізді бөлістіңіз. Әңгіме аяғында шығармашылығыңызға қарай ойыссақ. «Елім-ай» атты қазақ әдебиетіндегі орны бөлек іргелі туынды жаздыңыз. Мемлекеттік сыйлыққа түстіңіз. Жалпы осы Мемлекеттік сыйлық төңірегінде ұйыған дау да, тартыс та көп. Осыған байланысты аз-кем көзқарасыңызды білсек?

Софы: Жалпы сыйлық, атақ-даңқ дейтіннің жазушыға түкке керегі жоқ. Жазушылардың арасына жік салып, араздастыратын нәрсе - сыйлық екенін түсіндім. Ал кейде мүлде лайықсыз адам сыйлық алып жатады. Мәселен, биылғы Мемлекеттік сыйлықты екі турдан құлап қалып, айналып барып қайта қосылған қаламгер алып кетсе - әдебиетке обал-ақ. Соған күйінесің, кейде...

Менің «Елім-ай» кітабым алғаш рет 1978 жылы осы сыйлыққа ұсынылған. Сол жылдың қорытындысы бойынша «Ең үздік кітап» деп саналған. Мен ол кезде небары 36 жаста едім. Бәйгеге ақсақалдармен бірге түскем. Соларға обал жасамайын деп тізімнен бас тартқам. Екінші кітапты жазып жатқам, сондықтан еш өкінгем жоқ. «Е, жарайды, алдағы уақытта аламын» деп жүрдім. 1982 жылы тағы ұсынылдым. Жұбанның Еабеңнің, Қалтайдың араласуларымен тағы бір әділетсіздікке тап болдым. Сонда Ілияс Есенберлин аға мұндай әділетсіздіктің әлі жеті атасы болатынын айтып еді. Сол рас болып шықты. Былтыр «Елім-айдың» үш кітабын ұсынғам. Маған бермес үшін Жазушылар одағына бөлінген үш орынды көпе-көрнеу қысқартып тастады. Артынан Оралбай Әбдікәрімов телефон шалды, ол кезде Мемлекеттік хатшы болатын. Ыңғайсыз жағдайлар орын алғанын жеткізді. Біраз уәде берген. Содан бері екі жыл өтті, ұшты-күйлі хабарсыз. Биыл тағы сыйлыққа ұсынылдым. Өзімнің жерлесім, ауылдасым Ақселеу Сейдімбек дауыс беру кезінде менің аты-жөнімді бадырайтып тұрып сызып тастаған соң, басқадан не үміт, не қайыр?

Жас қазақ: Аға, сондай кездері іштей күйінбейсіз бе?

Софы: Неге күйінбейсің? Күйінесің?

Жас қазақ: Күйінген кездері не істейсіз?

Софы: Отыра қалып жазамын. Енді «Елім-айдың» төртінші кітабын жазып жатырмын. Бүгінгі күнмен салыстыра отырып жазудамын. «Зиялы қауым» дейміз. Бізде сондай қауым бар ма? Соңғы бір-екі жылда елімізде сұмдық саяси оқиғалар орын алды. Оқ атылды. Бір емес, бірнеше қайраткер оққа ұшты. Ал біздің дуалы ауыздар жұмған аузын ашқысы келмейді. Зиялылар өз тарихи миссияларын дұрыс атқарып отырған жоқ. Көбі бұқпантайлап қалды. Оларды адам кешіргенмен, Құдай кешірмейді. Міне, арада Желтоқсан көтерілісіне 20

жыл өтсе де, ақиқат толық ашылмай жатыр. Бұл да ел зиялыларының ділгірсіздігі. Еренсіздігі. Және ақиқаттың ашылмауына және зиялылардың бірауызды болмауына билік те мүдделі.

Мен жанымды жалдап жүріп біраз жайды жеткіздім. Тіпті президенттің өзіне де айтқанмын. Денсаулығым да сыр беріп қалды. Төрт рет инфаркт, екі рет инсульт алдым. Қылтамақ болдым. Бойымда кейбір ағзаларым басы бүтін жоқ. Таяққа сүйеніп қалған кезім де болды. Сондай күндердің бірінде мені Н.Назарбаев қабылдаған. Жас күнінде Теміртауда бірге жұмыс істегенбіз. Жағдайымды көрді. Бәріне қанықты. «Софеке, сізге жер үйге шығу керек» деді. Осы үйге жерді бергізген сол Нұрсұлтан. Сол 1997-98 жылдары екі кітабым Скандинавияда басылып шықты. Онда да Шыңғыс Айтматов: «Софеке, кітабыңыз шыққан бетте сол елге туристік жолдамамен барып, өзіңіз келісімге отырсаңыз, қаламақысын өзіңіз аласыз», - деп ақыл берді. Әрқайсысына 30 мыңнан доллар алып, осы үйді сол кезде салдырдым. Бала-шаға, туыс-туған болып осы үйді үш жыл салдық.

Жас қазақ: Қазіргі әдебиеттен хабарыңыз бар ма?

Софы: Мен бұрынғыдай бәрін қат-қабат оқи алмаймын. Кітаптың бәрі бірдей жете бермейді. Кітапты оқырманына жеткізу әлі жолға қойылмай келеді. Менің кейінгі шыққан кітаптарымның жартысы жеркепеде жатыр. Дегенмен жазылып жатқан тәуір шығармалар да бар екенін естіп, біліп жатамын. Әрине, халтурщиктерсіз тағы қызық болмайды. Ондайлар жастардың арасында да жоқ емес шығар. Арамшөптерден арылу қай кезеңде де ауыр болған...

Әңгімелескен Жанарбек ӘШІМЖАН
«Жас қазақ» газеті
15 желтоқсан 2006 жыл.

БІЗ ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНАН АЙЫРЫЛЫП ҚАЛДЫҚ

- Соңғы кезде Қазақстан Жазушылар одағы төңірегінде дау-дамай көбейіп кетті. Бірі - ол ұйымды реформалау қажет дейді, екіншісі - «ол киелі шаңырақ» деп, оған шаң жуытқысы келмейді. Осы дабыраның төркін-тамырында жатқан қандай кикілжің? Оны дабырайтпай шешудің жолы бар ма? Осы сауалдар төңірегінде сөз қозғау үшін, белгілі қаламгер Софы Сматаевқа жолықтық.

- Софы мырза, жазушы ағайынның қара шаңырағы - Одаққа не болды? Басқаның пікірін былай қойғанда, оған өз көзқарасыңыз қандай?

- Мен енді көптің сөзін айтпайын, өзімнің ойымды білдірейін. Өзімнің көргенімді, түйгенімді, қазіргі алпыстан асып кеткен кезімдегі киелі Одаққа деген өкінішімді, өксігімді айтайын.

Сөз жоқ, Жазушылар Одағы керек. Ол - жазушылардың басын қосып отыратын үлкен ұйым, жазушылардың қара шаңырағы, киелі ордасы. Жеке адам қайнайтын болса, өзінің жеке қазанында ғана қайнайды. Сондықтан, біздің бәріміздің басымызды қосып отыратын, біздің ұйтқымыз болған Жазушылар Одағы бар еді. Қазір біз содан айырылып қалдық.

Бұл киелі шаңырақты кезінде Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров сияқты алыптар тобы басқарды ғой. Солардың ізін жалғастырып, Мұхтар Әуезов сол ортада жүрді. Соның басшысы болып Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин жүрді. Олардан кейінгілерді айтатын болсақ, үлкен мемлекет қайраткері Әди Шәріпов болды. Қазақтың біртума ақыны Жұбан Молдағалиев, содан кейін екі қайраткер қазақ - Әнуар Әлімжанов пен Олжас Сүлейменов, одан кейін қазақтың бір жақсы азаматы болған, ешкімді бөліп-жармайтын Қалдарбек Найманбаев дейтін азамат басқарды...

- Одақты басқарған бұрынғы тұлғаларды тізіп шыққаныңызға қарағанда, қазіргі басшылыққа көңіліңіз толмай жүрген сыңайлы ғой?..

- Мәселе сонда боп тұр. Кейінгі он жыл туралы айтқанда, мен Нұрлан Оразалинді ақын ретінде қадірлеймін. Бірақ, азамат ретінде, халыққа, жазушыларға, жеті жүз жазушыға

бірдей қараудың мүмкіндігінен айырылып қалғандығы үшін кішкене өкпем де бар, өкінішім де бар. Мен оны екінші рет сайлаған кезінде ашық қарсы болғанмын.

Жазушылар Одағын басқару деген сөз ол үлкен болсын, кіші болсын жасына, басына қарамай, сол ұйымның ұйытқысы бола білуі керек, Жазушылардың ағасы, панасы бола білуі керек. Өйткені, жазушы деген халық - кейде дана, кейде бала. Ол шығармасын жазып отырған кезінде дана болады, ал шығармасын толғату үстінде жүрген кезде, ол бала болады. Сондықтан, оның маңдайынан сипайтын аялы алақан керек. Біз сол алақаннан айырылып қалдық. Кешегі Сәбеңдердің, Ғабеңдердің алақаны... олардың тек бір ауыз сөзімен ғана: «Қарағым, не жазып жүрсің, қандай кітабың бар, неге әкеліп бермейсің? Оқып шығайық. Оқырмандармен кездесу ұйымдастыру керек пе? Талдау, талқылау керек пе? Айтып отырсайшы», деген сөздерінің өзі бізге қанат бітіретін.

Қазір ондай ықылас, қамқорлықтан айырылып қалдық. Жазушылар Одағында жазушылардың кітабына, шығармасына, өміріне, олардың көңіл күйіне қарайтын адам жоқ қазір, маңдайдан сипайтын алақан жоқ. Сондықтан, киелі ордадан айрылып қалғанымызға мен соңғы кездері қатты өкініштемін. Мысалы, мен он жылдан бері Жазушылар Одағын ұмыттым.

- Неге?

- Дұрысы - мен ұмытқан жоқпын, мені олар ұмытты. Соңғы он жылда мен - шетел деп айтпай-ақ қояйын, ТМД елдерін атамайық, Қазақстанның облыстарын айтпайық, тіпті, қалада өтетін жиын болады ғой - соның бір де біреуіне шақырылмаймын. Енді мен атағы, өзіне лайық орны бар жазушымын ғой. Егер мен шақырылмасам, менен жас жазушылардың күні не болмақ? Мені тек шақыратын кез - біреу қайтыс болды ма, соны шығарып салуға, біреудің қырқы мен жылы болды ма - соған ғана шақырыламын. Онда да Жазушылар Одағының хатшысының атынан емес, қабылдау бөліміндегі хатшы қыздардың алдында жататын жалпы тізім бойынша ғана шақырыламын, басқа уақытта менің аты-жөнім жоқ, білінбейді.

Бұрын Жазушылар Одағында, шынын айту керек, Сәбеңнің, Ғабеңнің кезінде мен бала болатынмын. Бірақ, солар сол кездің өзінде, алғашқы өлеңіммен-ақ, тіпті кітабым да шықпай тұрып, маған бір кәдімгідей жазу-

шы, белгілі қаламгер сияқты қарайтын. Осының жолын ашайық, алдынан қаламгерлік бақыты ашылар ма екен, осыған оң көзбен қарайық деп отыратын еді. Содан кейін Әди Шәріпов менің бір-ақ кітабымды оқып, шақырып алып, жұмысқа орналастырды - «Жұлдыз» журналына. Алты айға жетпей, үй бергізді. Қамқорлық деген сол ғой жазушыларға. Ол кезде сол кісілердің кімнің кім екенін қалай танитынына мен әлі күнге дейін таңданамын.

Әдиден кейін Әнуар келді. Ол бізді жас деген жоқ, кез келген жұмысқа қойып, кез келген комиссияға мүше қылып отырды. Мысалы мен төрт-бес жыл кәсіподақ комитетінің орынбасары болдым. Үй бөлуге келгенде, өзі араласпайтын, біздің еркімізге беріп қоятын. Сол кезде бізді адам деп қарап, ақын деп, жазушы деп, құрмет көрсетіп отырды. Қалдарбек кез келген жиналысына шақырып отыратын. «Сәке, осындай жиналыс өткізіп, осындай-осындай мәселелер қарамақпыз. Осы жөнінде қандай ойыңыз, қандай көмегіңіз бар, қандай ақыл-кеңесіңіз бар?» деп ақылдасып отыратын. Ол кезде мен Орталық Комитетте істеп келгенмін. Бір жағы соның да әсері болар.

- Сөке, әдетте жас ұлғайған сайын, өткен шағынды сағынасың... Мүмкін сондай сезімдер күшейе түскен шығар...

- Мүмкін, ол да бар шығар, әрине. Сөйткенмен, осынша уақыт үнсіздікті бұрын байқамаған едім. Ал енді соңғы он жылда, Жазушылар Одағы тарапынан ешқандай тіршілік белгісі байқалмайды. Сматаевтың барын да, жоғын да ешкім білмейді. Осы он жылда екі рет инфаркт алдым, бір рет инсульт алдым, бір рет операция жасаттым. Сонда бір де біреуі келіп, көңілімді сұраған жоқ. Әй, мендей адам... он жеті томдығым шығып жатыр, «Елім-айдың» үш томын жаздым. Мендей жазушының көңіл күйін сұрамаса, басқа кейінгі жастарға қалай қарайды бұлар?

Міне, Жазушылар Одағына деген көңілімнің қалысы!

Екінші, бұлар соңғы кездерде көбінесе: «Жазушылар Одағының үйін, шығармашылық үйін қайтарып алдық» деп, көп мақтанады. Ал ол үйлерден маған бір тиын пайда түспейтін болса, жеті жүз жазушы бар ғой, солардың бірі ретінде демалуға бір кереует бұйырмайтын болса, оны қайтарып алғаны маған неге керек? Әнеу күні:

«Жазушылар Одағының шығармашылық үйін жөндеуден өткіздік, енді соған барып демалыңыздар» деп, газеттерде хабарландыру берілді. Құны қанша екенін сұрасам, бір күні төрт мың теңге екен. Мен бір шығарманы кем дегенде отыз күнде жазамын. Сонда мен оған 120 мың теңге төлеуім керек болады екен. Қарасам, емдеуі, төрт-бес мезгіл тамағы бар, анау «Қазақстан» санаторийінің күндік бағасы үш мың екен. Сонда, санаторийдің бағасынан қымбат ондай шығармашылық үйінің не керегі бар? Оның қандай пайдасы бар? Оның өзінде жазушыларға төрт-бес бөлмені ғана босатыпты. Қалғанының бәрі - қонақүй бөлмелері. Қонақүйге кім көрінген барады ғой. Неше түрлі адамдар барады, арақ ішеді, у-шу болады. Соның ортасына барып мен неге он күнге 40 мың теңге төлеуім керек? Сондықтан, бұл шығармашылық, үйін қайтарып алдым деген бос сөз.

- Соңғы кездері осы сіз айтып отырған жағдайлар себеп болды ма, бір топ жазушы Алматы қалалық жазушылар одағын құруға талпынып жүрген сияқты ғой. Ол жөніндегі ойыңыз қандай?

- Ол бір жағынан дұрыс та сияқты. Егер, олар Жазушылар Одағынан бөлінбей, сол ұйымның құзырында бола отырып, осы Алматы қаласында бөлімшесін ашамын десе - оның жөні бар. Өйткені, Жазушылар Одағы түптің түбінде Астанаға ауысып кетеді. Біз Алматыны қанша жерден Оңтүстік астанамыз дегенмен, шын астана анау жақта ғой. Сондықтан, бүкіл шығармашылық одақтарды сол жаққа тартып жатыр. Назарбаев оның бәрін жазушыларды көгерту үшін емес, өзінің мүддесі үшін, өзінің беделін одан сайын арттыра түсу үшін жасап жатыр.

Алматыны Қонаевтың қаласы атандырып, мен өз қаламды жасап жатырмын деп жүр ғой, бүйректен сирақ шығарып. Мен мың жерден оны жақтаймын дегенмен, осынысын қаламаймын. Халық аштан бұралып, қолы аузына жетпей жатқан кезде, олардың аузындағысын жырып алып, жаңа қала салу деген бұл заманда дұрыс емес. Сондықтан да Жазушылар Одағы Астанаға көшетін болса, Алматы бөлімшесін ашу деген дұрыс.

Мүмкін осы Алматы бөлімшесі жұмыс істесе, Алматының жазушыларына деген көзқарас өзгерер. Он жылдан бері маған бір де бір атақ, сыйлық беріп, құрмет көрсетуді қимай келеді. Мен төрт рет Мемлекеттік

сыйлыққа ұсынылдым. Соның төртеуінде де мені Жазушылар Одағы қолдаудың орнына, ылғи маған қарсылық білдіріп отырды. Мендей жазушысына Мемлекеттік сыйлықты қимай отырып, сол сыйлықты Нұрлан өзі алып алды.

- Ол сыйлықты мемлекет бермеуші ме еді, дұрыс деген шығар?...

- Дұрыс-бұрысында дауым жоқ - алсын. Бірақ, он жылдан бері Сматаевқа тым құрығанда, бір медаль берейік деуіне болмай ма?

- Енді... уыстап таратылған көдедей-көп мерекелік медальдің біреуін беруге болар еді...

- Айтасыз-ау!.. Кезінде 13-14 адам барып, Храпуновтан қазақ жазушыларының қазіргі жағдайының нашар боп қалғанын айтып: «Бұрынғыдай қаламақы жүйесі жоқ, көптеген жазушылар өмірден өтіп, жұбайлары басиесіз қалды. Соларға көмек керек. Көмектесуге Жазушылар Одағының бұрынғыдай шамасы жоқ. Соған өз тарапыңыздан қандай көмегіңіз бар?» дегенде: «Мен сіздерге базар ашуға жер берейін. Сол базарды қажеттеріңізге жаратсаңыздар, содан түскен қаржы сіздерге біраз нәрсеге көмек береді» деп, барахолкадан жер бергізген. Соны бұлар үш-төрт жылға дейін бізге айтпай, құрылтайдың алдында - өздері бірімен-бірі қырқысқан кезде ғана жария қылды.

Сол кезде жаңағы базармен бірге жазушыларға үй салуға арнап, жер берілген екен, ол жерлердің кімге тигенін тағы да білмеймін. Осындай- осындай жағдайлар адамды еріксіз қынжылтады. Ол жерді, құрамында мен де бармын, Храпуновтан өзіміз барып сұрап алғанбыз. Кітабы шықпай жүрген жастарға, басиесінен айрылған жесір әйелдерге көмек болсын деп. Содан кейін жазушылардың жұмыс таппай жүретіні болады, соларға да қол ұшын беру ойда болатын. Бірақ, кейін сол бөлінген жердің қалай пайдаланылғанын қадағаламаппыз. Сөйтсек, нәтижесі осындай.

- Жөн-ақ, Сәке...

- Оның несі жөн!..

- Әңгіменің ауанын басқа жаққа аударайық дегенім ғой, мәселен кітап шығару жағына...

- Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері өзімнің бір де бір кітабым бюджеттен шыққан емес. Өз қаражатыммен, немесе демеуші тауып шығарып жүрмін. Кейінгі кезде тендерге де кіре алмаймын. Бәрін өз ақшаммен шығарып

жүрмін. Қазір он жеті томдығымды да өз ақшаммен шығарып жатырмын.

Жазушылар Одағымыз тым болмаса, соған көмек бермей ме? Және 60 жылдығым өтті. Осыған арнап, ең болмаса, буклетімді де шығарып берген жоқ. Бәрін өзім жасадым. Жазушылар Одағының мүшесімін ғой, жаман болайын, жақсы болайын. Атым, атағым, беделім бар ғой. Сонда Нұрлан келіп, менің жиналысымды да өткізген жоқ. Осыған қалай қарайсыз?

- Уақсыз-уақта басшыны сынамау керек еді...

- Мен оны сынайын деп сынадым ба!? Бірнеше мерзімге сайлану дұрыс па? Осы ойымды айтқаным үшін қысастық жасауға бола ма? Рас, мен ашық айттым: «Нұрлан, жақсылы-жаманды бір мерзім отырдың. Енді келесі кісіге кезек бер» дедім. Ол жеке бастың араздығы емес, одақтың жұмысы жаңа леп әкелетін кісінің қолына өтсе деген тілек еді.

- Қазір оның төраға болғанына он жыл боп қалған жоқ па?

- Он екінші жылға кетіп барады... Бұрын төрағаны бүкіл жазушылар тікелей сайлайтын. Осы жолы тек қана Одақтың басқарма мүшелері сайлайды дегенді шығарды. Сөйтіп, елу-алпыс адамның ғана қолдауымен өте шықты. Жарғы жайына қалды...

Теледидардағы бір пікірсайыста Берік Шаханов: «Мерейтойларды өткізіп, қайтыс болғандарды арулап шығарып салып жүрміз» деп мәлімдеді ғой...

- Ондай істі атқармаса, Одақта атқаратын іс қалды ма? Бірақ, ақын Жеңіс Қашқыновты білесіз ғой. Сол қайтыс болғанда, біреуі барып, отбасына көңіл білдірген жоқ, қырқына да келген жоқ. Басына белгі қойғанда, соған да келген жоқ. Содан мен Нұрланға өкпе айттым: «Қарағым, ең болмаса, әйеліне бір ауыз телефонмен көңіл айтуға болатын еді ғой.

Мықтылардың біреуі болса, жапа-тармағай жығылып-сүрінесіңдер ғой...» дедім.

- Бәлкім, Сәке, Жазушылар Одағы қаржы тапшылығынан шаршаған шығар...

- Қайдан білейік, оны да ашық айтпайды. Бірақ, естуімізше, қазір шығармашылық үйді жалға беріп жатқан көрінеді. Төрт қабат қонақ үйдің бір бөлмесі - төрт мың теңге. Отыз алты нөмірі бар. Оны төрт мыңға көбейтсек,

тәулігіне жүз елу мың теңге түседі екен. Ол бір айда төрт жарым миллионға жуықтайды. Міне, қаржы! Базардан түсетін табысты айтпағанда, бір ғана шығармашылық үйінен үйірілетін пайда осындай. Сондықтан, тапшылықтан тарығып отыр деп айта алмаймын.

- Сәке, Кеңес Одағының кезіндегі мен қазіргі Жазушылар Одағының ахуалын да, жұмыс жағдайын да салыстыруға келмейтін шығар. Бірақ соңғы кездері жазушылардың арасында: «Көптеген шет елдерде жазушылар одағы жоқ, өз күндерін өздері көреді» деген сөздер айтылып жүр ғой. Шынында, осы қазір бізге осы ұйым керек пе?

- Мен кейде жазушылардың арасына іріткі салатын, бір-бірінің көзқарасына селкеу түсіретін осы Одақтың өзі ме деп ойлаймын. Кейде өзіңмен-өзің жүресің, өзіңмен-өзің тырбанасың, өзіңмен-өзің ұмтыласың. Жазушылар Одағы деген бақталастықты, бірін-бірінің көре алмаушылығын туғызатын орын сияқты болып көрінеді кейде.

Мен де өкпе айтып отырмын, алпыстан асып кеткен жасыма қарамай. Өйткені, бәрі осылардың қолында тұрғандай, менің сыбағамды да, менің үлесімді де маған солар бермей отырғандай болып көрінеді. Өзім біліп отырмын - бұлардың қолында түк те жоқ екенін. Бірақ, маған біреу жылы сөз айтса, мен қолқ ете қаламын. Өйткені, мен эмоцияның, шығармашылықтың адамымын. Ертең келіп: «Сәке, жағдайыңыз қалай?» десе, мен Нұрланға құшағымды ашар едім, маңдайынан сүйер едім...

- Маңдайдан сүйгеніңіз ағалық шаруа болар еді... Бірақ, жазушылардың кітабы 1000-2000 данамен шығып жатқанын көргенде, адам сүйер қылықты көрмейсің. Мысалы, қазір елімізде он мыңнан астам кітапхана бар. Ендеше, сол арға бір-бірден үлестіргеннің өзінде, кітапты он мың таралыммен шығаруға болады екен. Оған жоғары және арнаулы білім беретін оқу орындары мен мектептердің кітапханаларын қосыңыз. Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармалар мен біліктілікті арттыратын дүниелерді білім ордаларының кітапханаларына жеткізуге болады ғой. Ол таралымды одан да әрі ұлғайтуға мүмкіндік береді. Ол үшін бағасы қазіргіден әлдеқайда төмен болуы керек. Іс тетігін тапса, оның да қисынын келтіруге болады. Өйткені, таралым ұлғайған сайын, оның

басылу құны төмендей түсетіні белгілі. Жазушылар Одағы осы есепті үкіметтің алдына неге қоймайды?

- Өте дұрыс айтасыз. Оның үстіне бұрынғы «Кітап саудасы» дейтін мекемені қайтадан жаңғыртып, оны Одақтың бағынысына берсе, расында да біраз шаруа атқарылар еді. Бізде қазір экономика жақсарды деп кеуде қағатындар көбейді. Ендеше, мұнайдан түскен ақшаның бір пайызын осы рухани мәселеге аударса, мен сияқты «өкпешіл» жазушылар да азаяр еді. Осыны Мәдениет және ақпарат министрлігі жүйеге түсірсе, ол өзінен-өзі жүріп кетейін деп тұр. Тек ниет пен қамқорлық қажет.

Жуықта Нұрлан Оразалин премьер-министрге кеңесші болды. Ол дәрежесін өзінің төл міндетін атқаруға жұмсамаса, оның кеңесшілігінен жазушы қауымына не пайда?! Қызмет деген оның дәрежесімен емес, пайдалы іс атқарылуымен құнды болса керек. Кеңесші болдың ба, анау Кәрім Мәсімовтың жағасынан ал: «Мына жазушылар мені жеп бара жатыр. Шынында жағдайлары қиын. Осындай талап-тілектерін орындаңыз» деп, нақты іс атқар. Бір сөзбен айтқанда, жаңағы сіз айтқандай тәсілмен кітаптың данасын өсіру арқылы қаламақы мөлшерін арттыруға қол жеткізу керек. Қазір жазушыларға ең керегі осы.

Әңгімелескен Кемелбек ШАМАТАЙ
«Тасжарған» газеті
5 сәуір 2007 ж.

АТАҚ АҒАЙЫНДЫ АЗДЫРАДЫ

Газетіміздің жуықтағы сандарының бірінде белгілі жазушы Софы Сматаев Қазақстан Жазушылар одағының бүгінгі хал-ахуалына байланысты өзінің азаматтық-кәсіптік ой-пікірін білдірген еді. Сондағы айтылған мәселелерді Софы мырзаның Одақпен арадағы араздығына балап, «Сматаев Мемлекеттік сыйлық ала алмаған соң, жеке басын күйттеп жүр» деген сыңайда сөздер айтыла бастады. Редакцияға соғылған бірлі-жарым қоңыраудан да қоңырқай сөздер естідік. Бірақ, сырттай сөз сүйреген ағайынның бірде-біреуі газет бетіндегі ашық әңгімеге дес бере алмады. сондықтан, сол сыйлықтың сыр-сипатын білу үшін тағы да Сәкеңді сөзге шақырдық. Оның және бір себебі - Сматаевтың «Елім-айын» оқыған газет оқырмандары: «Бұл қалай, «Елім-ай» неге кенде қалды?!» деп сұрайды.

Өткен жолы да ескерткеміз, тағы да қайталап айтамыз - Жазушылар одағына қатысты қандай да бір пікір айтам деген азаматтан газеттің бетін аяп қалар жайымыз жоқ. Тек ерегістің емес, елдіктің сөзін айта алсақ болғаны.

- «Тасжарғандағы» сұхбаттан соң, маған да телефон шалушылар аз болған жоқ, - дейді Софы мырза. - Таңданысы да, реніші де бар. Таңданулары: менің «халық жазушысы» деген атағымның жоқтығы мен мемлекеттік сыйлықтың иегері еместігіме сенбеуі. Өйткені, олар өз көңілдерімен, өз ықылас-талғамдарымен марапатқа малынып жүрген жазушы санайды екен...

- Ал реніш ше?..

- Реніш, әрине, белгілі. Бірақ, ол реніштің де екі түрі бар: бірі Жазушылар одағының қазіргі күйіне күйінсе, екіншілері - жоғарыда отырған биліктілердің ала қойды бөлек қырыққан әрекетіне ашынуы.

Бір жағдай есіме түсіп отыр. Ұмытпасам, 1983 жылдың 1-7 қыркүйегінде біз, отыз жеті жазушы Атырау облысында қазақ әдебиетінің күндерін өткізгенбіз. Жайықтың жағасында оқырмандармен жүздесіп, соңынан қолтаңба берген едім. Бір қызығы, басқа жазушылардың төңірегіндегілер он-он бес минуттан кейін сұйылып, мен бір сағатқа жуық жападан-жалғыз отырып, қолтаңба жазумен болғам.

Сонда Одағымыздың бірінші хатшысы Жұбан аға Молдағалиев мен қасына барғанымда, төсіндегі КСРО саусағымен көрсетіп: «Софыжан, жазушының құдіреті мынада да емес. Қызмет дәрежесінде де емес. Өзіңе... - деп сәл бөгелді. - Өзіңе былтыр біз қимаған атақта да емес. Жазушының құрмет-қасиеті халқының сүйіспеншілігінде екен. Сен әлгінде ғана соны бізге таныттың. Осы бетіңнен танба! Ал енді менің көңілім бұдан былай сенде болар...» - деп, ақ жүрегінің батасын бергендей болып еді.

Мен сонда оқырман халқымның маған деген әділ бағасын алғам. Мен сонда, бәлки, әріптестерімнің қызғанышын оятып та алған болармын.

- Апыр-ай, ә!... Дегенмен, кезінде осы «Блім-айды «Қырғызфильм» экранға шығарайын деп жатыр деген әңгіме болған еді...

- Ондай ықылас 1984 жылы болған. «Елім-айды» екі сериялы фильм етіп түсіруге рұқсат сұрап, маған режиссер Дооронбек Садырбаев арқылы «елшілер» келген болатын. Ол кезде Айтматовтың арқасында қырғыз киносы аса дүрілдеп тұрған еді. Бірақ, «Қазақфильмнің» директоры Камал Смайылов ағам мені шақыртып алып: «Бұлар біздің классикалық шығармаларымызды пайдаланып, алдымызды әбден орап кетіп жүр. Сен, Софы, қой оларды. Өзіміз түсіреміз. Онда да қатырып түсіреміз!» - деген соң, қазағымның патриоты емеспін бе, басымды изей-изей қолқ ете түскем. Кино түсіру қайда... Артынан бәрі алдамшы тірлік боп шықты.

- Қырғыз ағайындар ше, олар ренжіген жоқ па?

- Қайдағы реніш. Қайта тоқсаныншы жылдары «Сіздің «Елім-ай» дилогияңыз қырғыз жұртының сүйікті кітабына айналды. Ошондуктан, (Сондықтан дегені-ау!.) біз сізді «Қырғызстанның ел жазушысы атағына ұсынсақ, келісесіз бе?» деп тілек білдірген. Ал мен тағы да алдымен өз елімнің атағын алайын деген ұлтжандылық ниетпен оларды тоқтатып қойып едім.

- Алдымен өзіміздікін алайын деп, қырғыз ағайындардың ықыласын қабылдамаған болсаңыз, өз еліміздің «Халық жазушысы» атағын алуға сенімді болғансыз ғой?

- Сенімді болғанда қандай! 1991 жылы 22 маусымда мен елуге толған күні президент мені көмекшісіне іздетіп, әрі вице-премьер Мырзатай Ж**олдасбеков арқылы**

телефон соққызып, өзіне шақыртып алған-ды. Нұрекең мерей жасыммен құттықтап: «Елім-ай» халық сүйіп оқитын кітап, ал ондай кітаптың авторы халық жазушысы атануы тиіс қой», - деп, көңілімді кәдімгідей көтеріп тастаған.

Сол уәдесі есіне түсті ме, президент тарапынан 1996 жылы Жазушылар Одағының басшысы Қалдарбек Найманбаевқа: «Сматаевты «Халық жазушысы» атағына ұсыныңдар!» - деп тапсырғанын білем. Амал не, ол тапсырма да ұмыт қалды.

1997 жылы жоғары жақтың дүмпуімен жаңа басшымыз Нұрлан Оразалин мені тағы да осы атаққа ұсынатын құжаттарды дайындатып берген болатын. 1998 жылдың 27 ақпанында Сәкен Сейфуллинге беріліп жатқан ас үстінде Нұрлан: «Елбасы бүгін Қабдеш Жұмаділов екеуіңізге «Халық жазушысы» атағын беру туралы жарлыққа қол қойыпты!» - деп, сүйінші сұраған. Сол жарлықты мен алты ай бойы күтейін. 29 тамызда сол кездегі Білім және ғылым министрі Қырымбек Көшербаев мені телефонмен: «Қазақстанға еңбегіңіз сіңген қайраткер болдыңыз!» - деп құттықтамасы бар ма? Жазушылығымды алты алашқа мөрлеп айқындайтын киелі атаққа ие болсам деп жүрсем, саудагерге де, шошқашыға да қосақтайтын қайраткерлікке мені де көгендей салғанына қатты ренжідім. Содан, үкімет мүшесі Көшербаевтың шаужайынан мықтап ұстап: «Маған «Халық жазушысы» атағы берілмесе, басқасының керегі жоқ. «Қайраткерлік» тізімнен мені сызып таста. Әйтпесе, бейресми газеттер арқылы сол атақтан бас тартып, президент жасаймын» - деп, қатты талап қойдым.

- Бұл жайды естігенде, Нұрлан не деді? Оның бұл өзгерістен хабары бар ма екен?

- Қырымбектің кабинетіне түстен кейін барсам, Нұрлан сонда отыр екен. «Қайраткерліктен бекер безесіз. Ала беріңіз. Атақтан атақтың еш айырмасы жоқ. Ал, шу көтерсеңіз, Жазушылар одағының беделіне дақ түсіресіз. Ертең жоғарғы жақ маған шүйіледі» деп, мені емес, өз жағдайын ойлап, шырылдап ала жөнелді. Мен оған: «Мені оп-оңай көндіре салам, айтқанымды орындатам деп, Нұрлан, босқа әуреленбе. Саған кесірімді тигізбей, онда мен Жазушылар одағының мүшелігінен де шығайын. Ал, менің еркіме тыйым салуға сенің де, басқаның да құзыры жүрмейді» дегем.

- Содан не болды, Сәке?

- Не болсын, мені Астананың әртүрлі бастығы үш күн бойы қаншама әуелегенмен, көндіре алмай, Көшербаев

Елордаға ұшып барып, президентпен кездескен соң, ақыры мені тізімнен сызған да тынған-ды.

Төрт айдан кейін Алматыда Назарбаевпен кездескенімде: «Сәке, ренжігеніңізді естідім. Тізім жасалғанда қателік кетіпті. Аласыз - өз атағыңызды... Дегенмен, әэр нәрсенің уақытымен болғаны дұрыс қой!» - деп, көңілімді тапқандай да болып еді...

Адамның арманы орындала берсе, жер беті жұмаққа айналады ғой. Бір-ақ, үш айдан кейін «Халық жазушысы», «Халық әртісі» дейтін атақтардың жойылғанын да естідік. Пенделік күпірлікпен: «Сол атақтар маған бола жойылмады ма?» дейтін күдіктен де ада емеспін. Сондықтан, атақтан дәмелі талайдың обалына қалмадым ба деп, өзімді өзім кейде мүжимін де.

- **Сіз содан кейін президентпен кездескен жоқсыз ба, жай-жапсарды өзінен сұрап білудің реті келмеді ме?**

- 2001 жылдың жазында Алматы - Бішкек күре жолының бойында қазақ-жоңғар шайқасы қаһармандарына орнатылған ескерткіштің ашылуына қатысқанымда, топ ортадан Нұрекең мені көріп қап, қасыма келіп, алпыс жылдығыммен тағы да қайталап құттықтап, құшақтаған. Мен президентке: «Алматыда тұрғаныңызда жылына сізбен екі-үш рет кездесуші едім. Астанаға кеткелі өзіңізбен ұшырасудан қалдық қой» дегенімде, мені жуық арада ресми қабылдайтынын айтып, уәде беріп кеткен еді. Сол уәдені, міне, алты жылдан бері күтумен келемін. Кім білсін, тірі жүрсек, әйтеуір бір кездесіп қалармыз.

- **Сіз өткен сұхбатта мемлекеттік сыйлыққа төрт рет ұсынылғаныңызды айтып едіңіз. Басқасын айтпағанда, «Елім-айыңызға» сол сыйлықтың неге берілмей жүргеніне бүкіл қазағыңыз қайран қап отыр десем, артық болмас. Кейбіреулер өз шығармалары үшін емес, көш құлаш тізімге ілініп-ақ алып жүр ғой. Қызық болғанда, кейбірінің жазушы екенін сыйлық алған тізімнен көргенде ғана білеміз. Ал сол сыйлықтың сізге бұйырмай келе жату себебі неде?**

- Неде болушы еді. Себебі, әрине, қызғанышта, күншілдікте. Сондықтан да сыйлық, атақ, орден тәрізді көз-бояу дүниелердің жазушыларға түкке де керегі жоқ. Өйткені, сол көз құртына айналған жылтырауық, жалтырауықтар жазушылар арасына жік түсіреді. Араздықты ұлғайтады. Топ пен тобыр ұйымдастырады. Азға - көпті, жекеге -

топты қарсы салады. Соның кесірінен атақ пен сыйлық, шын иелеріне берілмей, пікір мен зікір ұйымдастырғыш, жер үстіндегі түгілі астындағыны «көргіш» жоғарыдағы биліктілерге өзі де, сөзі де, керек десеңіз, назы да өткіш пысықтардың қанжығасында кетеді.

Ал, мен мемлекеттік сыйлыққа төрт мәрте емес, бес рет ұсынылғам. Кеңестер Одағы кезінде, әлгі тоталитарлық кезең деп, көзтүрткі ететін заманда да «жылдың ең үздік» деп аталынған кітабы осы сыйлыққа ұсынылатын, міндетті түрде сол кітаптың авторы құрметті атаққа ие болатын. «Елім-айымның» бірінші кітабы жылдың қорытындысы бойынша ең үздік кітап боп танылып, 1978 жылы белгілі, беделді ақсақалдармен бірге бәйгеге түскен. «Мынау бірінші кітап қана екен. Әзірге күте тұр» - деген комиссияның сөзіне сеніп, фамилиямды тізімнен алғызып тастағамды. Екінші кітабым тағы да жылдың ең үздік кітабы боп бағаланған соң, 1982 жылы енді дилогиямды ұсынғам. Жазушылар одағының сол кездегі басшылары өз адамдарын өткізу үшін, шыққан кітабымды әлі шықпады деп, комиссия мүшелерінен жасырып қалуына байланысты, сыйлықтан қағылып, әділетсіздікке тап болған едім. Дәл сол күні мен үшін жаны күйе шырылдаған Ілияс аға Есенберлин мұндай әділетсіздіктің алдымнан әлі жеті атасы кездесетінін айтып еді. Сонысы рас боп шықты.

2002 жылы өлеңмен жазылған, тағы да үздік шығармалар қатарына ілінген «Жарылғап батыр» романын сыйлыққа ұсынарда үлкен кедергілер мен қиындықтарға тап болдым. Жазушылар одағының проза кеңесі: «Бұл - өлеңмен жазылған дүние» деп, талқылауына салмай, бір сырғытып меселімді қайтарса, поэзия кеңесіндегілер: «Бұл өлеңмен жазылса да, роман деп аталады. Сондықтан, бізге қатысы жоқ» деп, маңайлатпай мысымды тағы құртты. Ақыры, Жазушылар одағы кітабымды сыйлыққа ұсынтпай тастады да, Нұрлан Оразалиннің кітабын теп-тез ұсына қойды. Осы әділет пе?

Содан бұл романымды, құдай қайырын бергір, орыс досым, орыс күйеубалам Виктор Храпунов қала әкімдігінің атынан ұсынып еді, «жақтастарым» өте көп комиссиядан бір ғана дауыс жетпей құлаған мен өтпей, менімен бірге құлаған басқалар президентке әркімді бір салып, сыйлықтарды «сұрап» алғандай болып еді. Алса, ала берсін ғой.. бірақ, әділдік, адалдық дегендерді де ұмытпаған жөн-ау...

Сәке, сіз осы үш кітабыңызды қайта ұсынсаңыз бірақ, сізге таяғанда, халық жазушысы атағын беруді тоқтатып тастағандай, Мемлекеттік сыйлық беру дәстүрін де жойып жібермесе, сол сыйлықты шаппай аларсыз деп ойлаймын...

- Оу, Кемеке-ау, сіз білмейді екенсіз ғой... «Елім-айдың» үш кітабын алдыма өңгеріп, 2004 жылы тағы да бәйгеге түскем. Халқымыздың тарихын қопаратын, қазағымның қасіретінен қаламымның қаны төгіле жазылған осы үлкен дүниенің табысты боларына өзімнің де, өзгенің де күмәні болмаушы еді. Амал нешік, баяғы жақшаның ішіндегі «жақтастарымның» арқасында бәйгеге қосқан атымның аяғын алғашқы турда-ақ мертіктіріп, маған сыйлық бергізбес үшін, жазушыларға бөлінген үш орынды құрбандыққа шалып, екінші отырысты өткізбей тастаған.

Былтыр «Біз құлмыз ба, кімбіз?» дейтін тағы да үздіктердің бірі болған романымды жарысқа қосқам. Жоғарыда отырған биліктінің тізімнен шұқып, нұқып көрсеткен кандидатураларын өткізуге жанталаса тырысатын комиссия мүшелерінің арамдыққа көзді жұмып, аттандата баратынының салдарынан тағы да жолым кесілді.

Тағы да қайталап айтам, осы атақ, сыйлықтардың еш қажеті жоқ. Анау Еуропа елдерінде әртіс те, жазушы да ешқандай атақсыз, тек өз еңбегімен, өз шығармашылық құдіретімен қадірленеді. Ал біздегі атақ беру биік отырған биліктілердің өздерінің бәсін асыру үшін, бағасын өсіру үшін өздеріне жалтақтайтын, жалпақтайтындарды көбейту үшін, сүйек-саяқпен алдандырған күшіктей ғып, зиялы қауымды тәуелдендірудің бір құралы, ғажайып құралы ғана.

- **Сіз де кезінде Орталық Комитетте бүкіл жазушылардың үстінен шығармашылығын қарап, қадағалап отырдыңыз. Сыйлық алуға неше дүркін ұсынылсаңыз да, солардың бәрінің нәтижесіз болып жатуы кезінде жон арқаларына тізеңіздің батып кеткенінің қайтарымы емес пе екен? Билікті қызметіңізді сол кезде асыра пайдаланып, біреулердің есінен шықпастай еткен боларсыз?**

- Қадап айтайын, ондай болған емес. Керісінше, мен өзім сол қызметке барғанға дейін орын алған түсініспеушіліктерді жөндеуге тырысқам. Тоқаш Бердияров, Есенғали Раушанов, Жүсіп Қыдыров сияқты т.б. ақын-жазушылардың төрт-бес жылдай жатып қалған кітаптарының

жолын ашып бергем. Ол ол ма, Орталық Комитетте сектор басқарып отырған кезімде, сыйлыққа ұсынылған «Елім-айымның» екі кітабына да тілектестік білдірмеген Әбіш Кекілбаев енді мен сол Орталық Комитетке барған кезде, кітабы ұсынылып, бір айда екі-үш рет кіргенінде: «Әбеке, мен кітаптың авторын жақтырмауым мүмкін. Ал, тәуір шығармаға тосқауыл қоюға менің ішкі әлемім ешқашан да жол бермейді» - дегем. Сөйтіп, кітабын қолдағам. Әбіш ырза болды ма, сыйлық алғаннан кейін рақметін айтқан. Құшақтап тұрып: «Саған да жұғыссын!» деген. Әй, бірақ... жұғыстырайын десе, сол Әбекең адалдығын айтып, әділетті жақтап, қол ұшын бір берер еді ғой.

- Жазушылар одағының көптен күткен құрылтайы осы жылдың маусым айында өтетін болып отыр ғой. Одан сіз не күтесіз? Тағы да бақ пен таққа таласқандардың дауы мен шуы одан әрі көбейер деп күдіктенбейсіз бе?

- Не күтейін... Соңғы он жылда маған да, жүздеген қаламгерге де он тиындай жәрдемі тимесе, он сөзбен болса да хал-жағдайымызды сұрамаса, ендігісінен нені дәметпекпіз. Өйткені, менің өзіңізге берген сұхбатымды Одақтың Шаханов деген басшысы пленумда көбісі өтірік деп, жалған мәлімет беріп, құр байбаламмен өздерін ақтауға тырысса, осыларды қайта сайлап, қай көсегемізді көгертеміз?

Сөйтер болсақ, «Оразалин президентті төңіректеп жүр, оның үстіне премьердің кеңесшісі болды. Енді осыны қолдай берсек, айтқанына бас шұлғып, көзіне түсе берсек, біздің қолымызға да бірдеңе ілініп, аузымызға сіңір мен шеміршек болса да талғажау етерлік бірдеңе түсіп қалар» дейтін кешегі тоталитарлық кезеңнің биліктіге жалпақтағыш әдетінен жаңылмаған көптеген қаламгерлеріміз Шаңырақ, Бақайдағы, Астана түбіндегі әділетсіздіктер туралы жұмған ауыздарын ашпаса, «Свобода слово» газетін жабу керек деп өре тұрмай қайтуші еді.

Өзімнен тағы да бір мысал айтайын. 1993 жылы Баспасөз министрлігі үш бөлмелі пәтерде үш отбасы боп тоғыз адамнан тұратын менің жағдайымды ескеріп, маған арнап бөлген бір бөлмелі пәтерді қарауымда істейтін үйсіз-күйсіз жүрген қызметкеріме берген едім. Менің сол шешімімді басшылар ақымақтыққа да балаған.

- Кісіге жасаған жақсылығың да, қысастығың да ерте ме, кеш пе қайтып айналып өзіңді табады дейді ғой

халық. Ендеше, соның бір шарпуы, шапағаты да болған шығар, Сәке?

- Шамасы солай-ау... Соңғы он жылда бір емес, үш рет көрініп келген ажалдан аман қалуым, мүмкін, өзім қайырымдылық жасаған адамдардың алғыс батасының арқасы да болар. Өйткені, дүниедегі барлық нәрсенің түйіні бір Аллаһтың қолында ғой. Сондықтан да, Америка мен Англиядан кейбір «пысық» ұйымдастырғыш топтардың «Осынау атаулы университеттің құрметті академигі», «Жыл адамы» дейтін менің адресіме жіберген қатырма қағаздарын кейбіреулердей газеттерге беріп шуылдатпай, кабинетімнің есігі мен қабырғаларына әйнектің астына салып іліп қоймай, лақтырып тастағам.

Өз Қазақстанымның бір қаласы мен үш ауданының «Құрметті азаматы» аталғанына, соңғы он-он бес жылдың ішінде саңырауқұлақтай қаптап кеткен қоғамдық академиялардың екеуінің академигі болғанына шүкіршілік білдірем. Отбасында, ошақ қасында асты-үстілі жеке үйімнің кең шаңырағы астында аталық, әкелік, жұбайлық бақытты тапқан жанмын. Халқымның құрметіне бөленіп, соған мықтап арқа сүйеген қаламгермін. Ендеше, халқыма жақсылық тілеуден, қазағымның қабағын кірбің шалмауын ойлаудан, қасиетті, киелі шаңырақ - Жазушылар одағының күні ертең барша қаламгердің қамын жер сүйеушісі мен тілектесіне айналуын күтуден ешқашан да жалықпасын.

Сұхбаттасқан,
Кемелбек ШАМАТАЙ
«Тасжарған» газ. 2007 жыл

ЕСІГІМДІ ҚАҚҚАНҒА -
ҚҰШАҒЫМДЫ ДА АШАМ

- Софы аға, біздің газетке сұхбат беруге жүрексінбейсіз бе? Бұлай дейтінім, біз хабарласқан тұлғалардың басым көпшілігі «Қазақстан» атын естігеннен жауап бергісі келмей түрлі сылтау айтып, ат-тонын ала қашады.

- Жоқ. Өз басым осы уақытқа дейін ешбір газет-журналды алалап көрген емеспін. Ал мені алалайтын, маңайыңа арқан бойы жолатпайтын газет-журналдар баршылық. Соңғы он екі, он үш жылдан бері «Жұлдыз», «Простор» журналдары, «Қазақ әдебиеті» мен «Әдебиет айдыны» газеттері өздерінің белгілі ішкі есептеріне байланысты менің шығармаларымды баспақ түгілі кейбір мақалаларда кездесіп қалатын аты-жөнімнің өзін сызып тастаумен келеді. Екі-үш рет бетімді қайтарған соң «Егемен Қазақстанмен» де ат құйрығын кескен тәріздімін. Сондықтан менімен сұхбаттасам деген кез-келген баспасөз қызметкерлеріне әрқашанда есігім де, құшағым да айқара ашық.

Жүрексінуді баяғыда-ақ, Колбин тұсында-ақ жойған қазақпын деуіме болады. Орталық Комитеттегі бірінші хатшымен қызметтес болғандардың ішінен халқыма «қаны тамшылаған ұлтшыл» деп қара таңба басқан Геннадий Колбинге батыл наразылық танытып, қарсы шыққан жалғыз қара болғаныма әлі күнге дейін биік-биік креслоларда шіреніп отырған сол кездегі Орталық Комитеттегі әріптестерім куә.

- Қазіргі таңдағы қай газет-журналдарды, телеарналарды қадағалап отырасыз? Ондағы көтеріліп жатқан мәселелерге көңіліңіз тола ма? Тәуелсіз баспасөз туралы не айтасыз?

- Қазақстанның, онда да қазақ жұртының шынайы тіршілігін бүркемей көрсетуден қалған «Егемен Қазақстанды» соңғы екі-үш жылда оқуды мүлде азайттым. «Қазақ әдебиетіндегі» төрт-бес журналисінің қазақ классиктерін өздері туғызып, өздері өрбіткендей солардың барын жасырып, жоғын асырып, «кемшіліктерін» тау ғып үйретін мұрын шүйіргіш мақаласымақтарынан жүрегім шайлықты ма, осы газетті парақтауға құлқым онша жоқ.

Ал қазақ телеарналарынан көңілім қалғанын жасыра алмаймын. Біріншіден, қазақ телевидениесі деген аты ғана. Заты мүлде бөлек. Ресейдің филиалы десек те шатаспауымыз мүмкін. Екіншіден күлдібадам дүниелерді тыққыштап,

эфирдің қымбат уақытын арзан әлекей-шүлекейлермен тонап жатқандарына жаным ауырады. Ауылдағы қазағының азып-тозып кеткенін, қаладағы үйсіз-күйсіз қандасының қайыршылық күн кешкенін шыбын-шіркейі шыға шырылдап көрсеткен бір хабарды көре алмай кетем бе деген түңілуім күн озған сайын көбеюде. Қойыртпақ сөзінен адам түгіл айуан ұялатын, шуылдақ сазынан адам тұрмақ ат үркетін қаптап кеткен дүмбілез сазгерсымақ пен қырылдақ әншілерді экран алдына топырлатып қойып, не эңгіме-сұхбатқа ұқсамас, не шығармашылық кездесуге татымас күлдібам хабарлар мен қаны судай аққан атыс-шабысты киноларды тоғытып жататын арналардың әбден жалықтырып жібергенін екінің бірі айтарына дауым жоқ. Сондықтан да ақиқатты аялап, шындықтың сойылын соғып жүрген тәуелсіз баспасөзге кәдімгідей тәуелді боп қалғанымды, соларды іздеп жүріп оқитынымды несіне бүркемелейін.

- Енді әңгімемізді өзіңіздің шығармашылығыңызға бұрсақ. Оқырман қауымға ұсынатын қандай тың дүниелер жазып жатырсыз.

- Өткен жылы тек қана көркем әдебиеттен құралған (мақала, аударма, интервьюлар кіргізілмеген) онжеті томдық шығармалар жинағым жарық көрді. Қырық жылдық шығармашылық ғұмырымның нәтижесін қазағымның, туған халқымның қолына табыс етем бе деген ынтызар дәмем құр дәме боп қалатын түрі бар. Өйткені мың жарым ғана данамен шыққан, жүрек қаныммен жазылған сол кітаптарымды көптеген облыстық мәдениет басқармалары қаржы жетіспейді дейтін сыңаржақ сылтаумен сатып алғылары келмейді. Жүз комплектісіне кететін қаражаттың мөлшері облыста өтетін әлдебір қажетсіз бір ғана банкеттің бәсінен әлдеқайда аз боларын ескеретін азаматгардың азайып бара жатқанына, қабырғам қайыса күйзелуден басқа шарам жоқ.

Атақты «Елім-ай» романымның төртінші кітабын жазу үстіндемін. Жазу үстіндемін деп айтқаныммен, қатты қиналып жүргенімді де жасырмайын. Мені үздіксіз қайталанатын инфарктар мен инсульттер әбден титықтатса, асқазаны түгел сылынып тасталған ағзам дәрі қабылдамай және болдыртып келеді. Сол себепті үстел басына шоқиып көп отыра алмаймын. Жас кезінде екі-үш айда бір романды апыр-топыр жазып тастайтын бұл қаламы жүрдек ағаңның бүгінде бір кітапты төрт-бес жыл бойы шұқылап кеткен жайы бар... Содан соң кереуетте сарыжамбас боп жатып

алып, ұшқыр ойдың һәм жебеушісі һәм жетектеушісі - поэзияға құрық созам. Абай айтқандай: «Өлең шіркін - әрі өсекші», «әрі есепші». Барыңды, нәріңді есептеп те отырады. Ашық-шашық сырыңды, ішкі-тысқы түріңді жұртқа жаяды да отырады. Бірақ сонысы керек те сияқты. «Ызалы жүрек, ащы тіл» кейде еркіннен тыс андағайлап, улы сияны қағаз бетіне төгіп-төгіп жіберетіні бар. Нағыз шындық сондай кезде айтылады ғой...

- Жеке өміріңіз жайында бір ауыз сөз айтсаңыз...

- 1941 жылы 22 маусымда соғысты ала туыппын. Мүмкін жеңіс дабылын қаға туған да шығармын... Мәскеудің Болат және қорытпалар институтын тәмамдаған инженер-металлургпын. Техника ғылымдарының канди-даттығын қорғайын деп тұрып тастап кеткенімді енді алғаш жариялап отырмын. Мәскеудің «Серп и молот», Туланың металлургия зауыттарында, Теміртаудың Қарметкомбинатында құюшы, горншы, мастер боп істегем. Қазақстан Ғылым Академиясының Металлургия және кен байыту институтында аға инженер, бас инженер қызметтерін атқарғам. «Жұлдыз» журналында үш бөлімді басқарғам. ҚКП Орталық Комитетінде әдебиет секторын меңгергем. Он жеті жыл Қазақстан Ұлттық мемлекеттік кітап палатасында бас директор болып, еңбек сіңіргем. Қазір Алматы қаласы әкімдігінің кеңесшісімін. Екі қала, үш ауданның құрметті азаматымын. «Парасат», «Құрмет» ордендерінің, республикалық төрт медальдің, Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Президиумының екі Құрмет грамотасының иегерімін. Халықаралық «Алаш» сыйлығының ең бірінші лауреатымын. Алаштың халық жазушысымын деп ойлаймын. Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткермін. Құрметті профессормын... жә, осы да жетер.

- Қазіргі ақын-жазушылар ағымдағы заманның тыныс-тіршілігін бүкпесіз суреттейтін шығармалар жаза алмай жатыр деген әңгіме жиі айтылады. Бұл пікірмен келісесіз бе?

- Түбегейлі келіспеймін. Шынайы қаламгер ағымдағы заманның тыныс-тіршілігінен қалыс қала алмайды. Қалыс қалды дегенше оның шығармашылық ұмыры аяқталды дей беріңіз. Қаламгерлер жаза алмай жатқан жоқ, сол жазған дүниелері оқырмандарына жете алмай қор болып жатқанын көкке ұш, жерге түс баспасөздің де, басқасөздің де басшылығында отырған бітеу кеуде, мүкіс құлақ әкім

қараларға бұл ғұмырында ұғындыра алмассың. Дәлелді өзімнен келтірейін. Кеңес дәуірі кезінде «Елім-айымның» бірінші кітабы жүз жиырма мың данамен жарық көріп, бір-ақ айда өтіп кеткен еді. «Елім-айдың» үшінші кітабын, нағыз қажет кітапты мың данамен ғана шығардым. Соның бес жүзін тамыр-танысыма тараттым. Қалғаны үйімде. Ал «Біз - құлмыз ба, кімбіз?» деген романым ағымдағы адамдар арасындағы қарым-қатынасты, зұлымдық пен ізгіліктің айқасын, адалдық пен сатқындықтың тайталасын көрсететін аса құнды туындым еді. Осы роман тура он бес жыл бойы столымдағы «абақтысында» қамаулы жатты. Өйткені «Жұлдыз» бен «Жалын» журналының редакторлары да, «Жазушы» мен «Жалын» баспалары директорлары да аттондарын ала қашып, құбыжық көргендей осы шығармамды кеудесінен итеріп тастады да отырды. Осыдан төрт жыл бұрын аздаған тиражбен өз қаржы-қаражатыма шығарған романым үйімнің бір бұрышында «Елім-айыммен» қолтықтасып, шаң басып жатыр. Оқырмандарымен кітаптар да, кітап авторы да жылап көрісуге дайын-ақ.

Сондай-ақ қазіргі республикамыздағы жұртшылықтың, әсіресе қара қазақтың екі қолға бір күрек таппай, басқа күн көріс қамынан ажырап қалып, базар төңіректеп кеткені көкірегінде көзі бар адамды қан жылатпай қоймайтынын өзімнің тітіркене түршіккіш жүрегіммен қапысыз сезінем. Сол себепті де жермешел болған жерлестерімнің жанкешті тіршілігін баяндайтын «Базарың құтты болсын, капитализм, немесе қазақша кек алу», «Базарың құтты болсын... немесе казақша көкірек керу» деген циклді екі пьеса жазып, Алматыдағы екі театрға тапсырған едім. Кезінде бірінен бірі қызғанып таласып-тармасып алған театр басшылары пьесамды бір-екі жылдай ұстап, жұмсақ та жайлы креслоларынан ажырап қаламыз ба деп үрейленді ме, қолжазбамды қайтарып берген-ді. Екі пьесаның да өзім «подстрочный» яғни жолма-жол аудармасын жасап, Мәскеуге жіберіп едім, солардың қоямыз деген жақсы хабарын естіп, желпініп жүрмін.

Жазушылар актуальды мәселелерді қамтитын шығармаларын жазбай жүрген жоқ. Қайталап айтам, жариялай алмай, жамағатына жұғыстыра алмай жігерлері жүн болып жүр деп өз басыма түскен қиянатқа қарап ашынып отырмын. Бүгінгі қаламгерлерді сүмірейтіп, іске алғысыз етіп көрсететін әдебиет газеттері төңірегінде жүрген он

шақты журналист пен Әдебиет институтында істейтін бес қазақ романын оқымаған ғалымсымақтар. Олардың өздері білетін бес-алты авторы бар. Қай жиналыс, қай отырыста болсын солардың аты-жөнін көлденең көстеңдетіп, өзгелерді өзегінен тепкендей жылы жауып қояды. Оған өкпелеуге де болмайды. Өйткені, біріншіден, әлгі «білгіштердің» білім деңгейі студенттердің о жақ, бұ жағымен шамалас десек, екіншіден, олар кітап оқудан мейлінше тыйылған. Оған себеп азын-аулақ данамен шығатын кітаптар олардың қолына ешқашанда түспейді. Түскен күнде де қанға сіңген керенаулақ пен қырсыздық сол туындыларды парақтап шығуға да ырық бергізбейді. Содан кейін әлгілер жобалап пішіп, долбарлап кесіп-ақ қаламгерлерді тырп еткізбестен өздері ыңғайлаған орын-орнына «қонжитып» қойып береді.

Айтпақшы белгілі ғалым, білгір әдебиетші Жұмағали Ысмағұлов ағам «Біз - құлмыз ба, кімбіз?» романымды өзімнен алып оқып шығып, кездескен сайын: «Өте құнды роман! Өте ғажайып туынды!» деп ауызша мақтаумен жүр. Ал мен болсам сол әділетшіл ағамның баспасөз бетінен осы романым туралы бір ауыз пікірін қашан оқыр екенмін деп дәмеленумен шаршап бітуге тақаумын.

Әдеби шығармашылық саласында тер төгіп жүрген мықтыларымыздың елдегі қандай да бір проблемаларға үн қата алмай, тым-тырыс қала беруін қалай түсінбек керек?

- Мықты әдебиетшіден мықты азамат шығатынына өз басым кәміл сенем. Жүрегі ел деп соқпаса, әділет деп дүрсілдемесе, ақиқат деп алып ұшпаса, адалдықты жақтаған шынайы туындыны дүниеге әкелуі екіталай. Өмірлік проблемаларға үн қата алмай тым-тырыс қала беретіні несі деп орынсыз кінәраттай берудің де реті жоқ. Жазушының қаруы - ең алдымен қаламы. Сол ашулы қаламнан ақ қағазға құйылып жатқан шыңғырған шындықты бүгін болмаса ертеңгі ұрпақтың (егер қазақтар жер бетінде сақталып, ана тіліміз ұшпаққа шығар болса) құрышы қана оқитыны ақиқат. Ақай жоқ, тоқай жоқ қамшысын шолтаңдатып, атын бірбайлатып «ақиқат!» деп жалаң-төс неге шапқыламайды деу де жобаға келіңкіремейді. Ендеше зиялы біткенге тегіс өкпе таға бергеннен ештеңе өндірмейміз. Қаламгерлердің әлгі қағазға түскен адуынды, айдынды ақиқат сөзінің жұртшылықтың қолына дер кезінде дұрыстап, көптеп тиіп, санасына мықтап сіңісуін қалайық онан да.

- Көпшілік жұрттың сөзіне құлақ ассақ, қарапайым халық үшін соңғы кездері ақын-жазушылардың құрмет-беделі кете бастаған тәрізді. Оны айтып отырған себебім, шығармашылықта жүрген жандардың көбісі атақ-даңққа құмартып кеткендігін мен емес дүйім жұрт айтып жүр. Бұған не дер едіңіз?

- Қарапайым халық шын таланттарды әлі де басына көтере бағалай білуден жаңылған емес. Бағалатпайтын да, маңайына жағалатпайтын да төрдегі төбедей боп түксиіп отырған төрелер мен төмендегілерге шекесінен қарап шіренген шенеуніктер ғана, Ал ақын-жазушылардың құрмет-беделін түсіріп жүргендер - жолдан қосылған жолбикелер. Яғни жазушы дейтін қасиетті атқа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын дүмшелер. Қазіргі цензурасы жоқ, екшеу, нұсқауы жоқ, «идеология» деген атаудың жүген-құрығы сыпырылып бақылаусыз құлдыраған кезеңінде жалақтаған жалған «пенсионер» жазушылар мен андағайлаған алаяқ ақынсымақтар көбейіп кетті. Қалтасы қалың іні-ағасы барлар, мықты таққа қонжиған баласы барлар іске алғысыз пьесасымақтарын театрларда қойғызып қана қоймай, күлдікөмеш қойыртпақтарын алтынмен аптатып, күміспен қаптатып, қалың-қалың кірпіш кітап етіп шығартып, дүңгіршектер мен дүкеншелерді әбден сасытып-ақ жіберді.

Осындай шалажансар туындысымақтардан зәрезап болған көпшілік әрине «жазушы» дейтін бұрынғы құдірет иесінен шайтан көргендей безе қашатыны түсінікті де. Сондықтан да халтураға тосқауыл қоюдың мезеті әлдеқашан жеткенін ескертіп, жоғарғы жақтағы мықтылардың кеудесіне қонар ма деген құлаққағысым бұл.

Атақ пен белгі-беделге жолындағыны жапыра өршелене ұмтылу әсіресе бізде, қазақтар арасында ғаламат. Осынау өлермендікке тыйым салмақшы болды ма, әлде басқадай себебі бар ма, жоғарыдағы жол көрсетіп, жөн нұсқап, тон пішушілер «Халық жазушысы», «Халық артисі» дейтін құрметті атақтарды жойып жіберіп, сол белгіден дәмеленіп жүрген талайдың көмейіне құм құйып еді. Жойылғаны әбден дұрыс-ақ. Бірақ біржақты шешімі - яғни бұрынғыларға берілген әлгі атақтардың да жойылмай, жоғалмай қалуы - әділетсіздіктің нағыз шыңына айналғанын ұқпады-ау. Немесе әдейі ұғынбады. Оларға зиялы қауымның бір-бірімен жағаласып, жауласып жүруі мүмкін тиімді де шығар. Өйткені «Халық жазушысы» дейтін атағы барлар

өздерін алтыннан ба, әлдебір асылдан ба жаратылғандай сезініп, атақсыздарға аспандай қарайтын боп алды. Ол ол ма, қазақша екі кітап оқымаған көптеген министрлер мен облыс, аудан әкімдері съездер мен форумдарда, мәжілістер мен кездесулерде әлгі қаламгерлік қасиеті өзіңнен әлдеқайда төмен, бірақ сұрап алған, жылап алған ат-атақтарын атан көтере алмайтын белсенді «беделділерді» алқалап алдына шығарады да, атағынан шатағы көп шын дарын иесін жүнді қолымен кеудесінен түйе итеріп, босағадағы кебістерді күзеттіріп қояды. Ал әртүрлі энциклопедиялар атақсыздарды тіпті есігінен де сығалатпайды. Осы шеттету, осы кемсіту анда-санда жан қинайды демесек, шын дарын ешқашанда қарынның да қарғалардың да құлы болған емес. Алтыннан құмды, қуаныштан мұңды ажырататын, асыл мен жасықты, бар мен жоқты екшейтін Уақыт дейтін әділ сарапты түптің түбінде әркімді өзіне лайықты орнына қондырары хақ.

- Жалпы, қазіргі шығармашылық адамының материалдық жағдайы қалай? Мәселен, Сіздің өзіңізге тоқталсақ. Қаржы дағдарысы Сіздің шағын «мемлекетіңізге» (отбасыңызға) әсер етіп жатыр ма?

- Еліміз егемен болып, республикамыз тәуелсіздіктің көкбайрағын көкке көтерді деп қалпағымызды аспанға лақтырып, мәз-мәйрам боп далақтағанымыз рас. Сол далақтауым әлі далақтау. Сол лепіруім әлі лепіру. Егеменмін деп еркінсінуімнің, тәуелсізбін деп тасынуымның кей-кейде кеудемді оқыс салқ еткізген, жүрегімді кенет дүрс еткізген әлдебір үреймен көміліп кететіні бар. Сол үрей әлі күнге дейін кешегі үстемдігін барынша аңсайтын Ресейдің денемізді шарпып, даламызда шалқып қалатын ықпалының әсерінен туындайтын тәрізді. Сол ықпал ана тіліміздің өгейлендіруде, шала ділімізді орысшыландырып кедейлендіруде, газет-журналымыздың, радио-телевидениеміздің бағыт-бағдарламасының 60-70 пайызы Солтүстік көршіміздің құзырында. Егемен болса та, етегемізді жапқызбайтын ресейлік порнографиямыз мол. Тәуелсізбіз десек те, тізгінімізге жармасып қалып отыратын Ресей империясы, Украина, Белорусия, Қазақстанды қайтсек те біріктіреміз деп саусағына іліп алған әндемді шовинистік саясат бар. Осыларды ойлағанда еркінсіткен егеменімізден, тайраңдатқан тәуелсіздігімізден айрылып қалмасақ екен дейтін ішкі түйсікпен тірілетін қаупімді тойтара алмас суық терге шомылдырар күй кешем. Сондай кезде қаламақы

жүйесін жойып жіберген үкіметіме де, геройлары мен кейіпкерлерін бірде туғызып, бірде өлтіріп жататын творецке, яғни құдіретті топқа тобыр деп те қарамайтын Мәдениет министрлігіне де өкпе айтуға мұршам келмейді. Бұл қылығым - өмірімнің мәні мен нәрі, елімнің сыры мен құны - еркіндігім жоғалар болса, шешесінен нан сұрап қыңқылдаған баланың кейпіне енем-ау деген қожанасырлық қана болар. Ал, шынтуайтына келсек, осынау азаттық аясында арқа-жарқа боп жүрміз деген елімізде қаламгерден артық қағажу көрген ешкімді таба қоймассың. Неге дейсіз ғой. Бір кітабын екі-үш жылда жүйкесін жұқартып әрең-әрең тәмамдайтын жазушы сол қолжазбасын кемінде екі-үш мәрте көшіріп әбден титықтап бір қалжырайды. Қолжазбасын машинисткаға басқызып, тапқан-таянған тиын-тебенін бала-шағасының аузынан жырып алып, машинисткаға төлеп, екінші рет және жұқарады. Ал енді осы кітапты мемлекеті шығарып бере қоя ма. Қайдан шығарсын. Ендеше демеуші іздеп, ойды-қырды шарлап ала-сапыран күйге түссін. Әупірімдеп аздаған данамен шығарсын делік. Енді сол кітабын дүкендерге өткізе алар ма, оқырманына жеткізе алар ма? Әйтпесе балконы мен дәлізіне үйіп тастап, үйін қоқыр-соқырдың ұясына айналдырар ма? Оны ескеріп те, есептеп те жатқан үкімет жоқ. Жазушының өнімі - кітабы. Тауары да- кітабы. Өз үкіметі, ез мемлекеті, өз елбасы кітапты өнім деп санамаса, тауар деп қарамаса, сонда қаламгердің еңбегін кім ақтамақ. Ақталмаған еңбек-құмға сіңген сумен тең емес пе.

Қаржы дағдарысы ақын-жазушыға бүгін емес, қаламақы жүйесі жайылған кезеңде осыдан он бес жыл бұрын келген. Сол дағдарыс әр қаламгердің отбасының ырысын орақпен орып, шалғымен шауып жүр десем, жылы-жұмсаққа тұмсығын тығып алған он шақты ақын-жазушыдан басқалары маған тегіс жамырай қосылатынына еш күмәнің болмасын.

Әрине менің де асып-тасып отырғаным шамалы. Осыдан бір-екі жыл бұрын балаларымның үшеуі де қызметте жүріп, күреп таппаса да, ел қатарлы табыс кіргізуші еді. Мені тапшылық дегенге жолата қоймаушы еді. Енді мынау дағдарыс дейтін құбыжық тірлік араласқалы үшеуі де қол қусырып қарап қалған соң, жай-жағдайымыздың құлдырап сала бергенін өзің де сезіп отырған шығарсың.

Айтпақшы, менің екі-үш пьесам республикамыздың бес-

алты театрында жүріп жатқанын білмессің. Кеңес одағы кезінде осы театрлардан авторлық құқықты қорғау ұйымдары арқылы менің үлесіме түсетін мыңдаған сом қаржы болатын. Ал қазір сол бұрынғы мемлекеттік авторларды қорғау қоғамы жеке адамның құзырына (меншігіне) өтіп кеткен соң, авторларды емес, өз иесінің құлқынын қорғау ұйымына айналғаны ғой. Театрлардан түсетін мол үлесімнің тиын-тебеніне де зар болып әлгі жеке меншік қоғамның басшысына да, басқаларының алдына қайта-қайта барып, түк өндіре алмай, ақыры түңілдім де тындым.

Осыдан кейін біздің шағын мемлекеттің, яғни отбасымның күй-жағдайының қандай екенін шамалап отырған боларсың. Мені құтқаратын анда-санда шет елдерде шығатын кітаптарымның аздаған қаламақысы ғана.

- Бүгінгі билік жүйесінің ұстанған саясатына көзқарасыңыз қандай? Шын айтыңызшы, билікте жүрген қай саясаткерді, яғни шенеунікті «Міне мынау адал қызмет етіп жүрген нағыз азамат!» деп айтар едіңіз? Әрине егер ондай адам бар болса...

- Қазағына, халқына, жалпы республика жұртшылығына, әсіресе қаламгерлеріне жоғарыдағыдай «қамқорлық» танытып отырған билік жүйесіне тырнақшаның ішіндегі алғысымнан басқа не айта қояйын. Билік басына мәңгілік қоныстанған, ұзын саны жүзге жетер-жетпес төбедей төңкерілген төрелер бір жұмсақ креслодан екіншісіне кезек-кезек секіруден басқаға қолдары тимей, шырылдауық шегірткедей «гөлайттап» жүргенде, мемлекеттік механизмнің тетіктері шашылып қалмағанда қайтушы еді.

Ал биліктегі саясаткерлерді сараптауға шама-шарқым жете қояр ма екен... Елбасымен істес болғам... Колбин мені бір емес екі рет секретариатқа салып, төбемнен төмпештеп табандатып алмақ болғанда, оң қабағын таныта қол ұшын созып, тілектестік білдірген жалғыз Нұрекең еді. Елуге толғанымда шақыртып алып, алпыс жылдығымда арнайы келіп құттықтаған да шенеуніктердің арасынан Нұрекең еді. Жалпы алғанда тоқсаныншы жылдардың ортасына дейін президентімізде демократиялық сипат көбірек кездесетін. Кейінгі кездері төңірегіне топтасқан жігі ажырамас дифирамбашыл астаналық төрелердің мақтау-мадақтауы мен жасырып, асырып көрсетер ақпарларының ықпалынан айыға алмай қалды-ау деймін, баяғы сипаты шегірен былғарыдай мүлде таусылуға тақау.

Иманғалиға да... Тасмағамбетовты айтам, бүйрегім бұрады да тұрады, Әдебиетке, әдебиетшілерге, зиялы қауымға деген көлеңкесіз көңілін көрдім бе, көрдім деп озімді өзім сендірдім бе, өкпесіз, бүкпесіз иланғым-ақ бар. Адал ғой ол. Таза ғой. Мәдени мұраға дұрыс көзқарас танытқаны үшін-ақ аққылдақ пейілді жазғыштар қауымы... біздердің құрақ ұша жөнелгеніміз және рас. Тек алданбасақ, адаспасақ болғаны.

Мұхтар Құл-Мұхаммед бауырымды да бауырыма басқым бар. Адалдықтан ауытқымаса екен деген тілегім құлағына да, жүрегіне де жетсе деймін.

Ал қалғандары... Берекемізді қашырып түшкіріп-пысқырмау үшін сол шіркіндерді жылы жауып тастайын, ә...

- «Оппозиция» деп айдар тағып қойған демократиялық күштер туралы ойыңызды білсек. Олардың бүгінгі жасап жатқан қам-қаракетіне байланысты жеке пікіріңіз қандай?

- Оппозиция қай кезде де өте қажет. Қандай бір қоғамдық формациядағы кез келген мемлекеттің ішінде оппозициялық күштер болмаса, ол елдің теп-тез пышырап кетуі оңай. Оппозиция - биліктің кемшін тұсын, осал жақтарын бадырайтып көрсететін, керек десеңіз, барар бағыттың дұрыс жөн-жобасын нұсқап отыратын қырағы бақылаушысы. Оппозициядан үркудің реті жоқ. Керісінше соны көтермелеп, қолдап отыру биліктегілердің беделін асырар еді.

Біздегі оппозиция тізгініне қол жалғап жүрген Зәуреш Батталова, Гүлжан Ерғалиева, Маржан Асфандиярова, Розалина Таукина, Бақытгүл Мәкімбаевадай қарын-дастарымды ең алдымен ауызға алар едім. Тегінде қазақ қыздарында өжеттік пен батылдықтың басым екендігіне атақты желтоқсан көтерілісі кезінде солардың арасында жүріп көзім анық жетіп еді.

Он алты - он сегіздегі балауса өспірімдердің қазақтық намыс пен алаштық кектің мызғымас белгісіндей болып қан жосалаған алаңның қақ ортасында күрек пен гүрзіге қарсы қасқая ұмтылғандарын әттең бүгінгі бұйығы жастар білмейді ғой...

Әділдік, адалдық деген киелі ұғымды бүкіл ғұмырлық іс-әрекетімен танытып жүрген Болат Әбілев інімді заң орындарының қайта-қайта сотқа сүйрелей беретініне таңым бар. Халықтың купонын қалталарына мыс-мыс доллар ғып басып алып, өз жұртының өзегінен тепкен обырларды

көрмей, жалғыз өзі ғана өзгелерді өгейсітпей өнімін де, сенімін де қылдай ғып бөліп берген Болаттың өнегелі тәлімін қылмыс санайтындардың өздері қылмысты қылыққа жол ашып жүрген жоқ па екен.

Төлеген Жүкеевке, Рыспек Сәрсембаевқа, Ермұрат Бапиге аға бола алсам, аман-сәлеміміз үзілмесе... басқаша не дей қояйын.

Ел үшін еңіреп жүрген, еңіреп туған, еңіреп тұрар ерлер шығар әлі... Шығар-ақ. Әй, шаршап қалдым білем, осымен тоқтатайық, бауырым...

- Қаламыңыз мұқалмасын, жігеріңіз жұқармасын. Сыпайы сұхбатыңызға рақмет!

- Қаламгер ағамыз бар деп, ұмытпай ескеріп, есігімді тықылдатып келіп тұратын сендерге де алғыс-ризалығым мол. Еңбектерің жана берсін Сөздерің, сырларың халқыңның кеудесіне тама берсін.

Әңгімелескен СЕРҒАЗЫ
«Қазақстан» газеті, 2008 жыл

«ШЫРАЙЫМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМДА»

Софы ағаның ауруханадан үйге шыққанына көп болмапты. Жуырда ғана телефон соққанымда, ауруханаңың палатасында жатқанын, үйге шыққан соң хабарласуымды өтінген. Софы аға мені күтіп отыр екен. Ағамен ілесіп, жұмыс кабинетіне көтерілдім. Қабырғадағы кітап сөрелерінде ағаның 17 томдығы тізіліп тұр. Менің кітаптарына көзім түскенін байқаған болуы керек, Софы аға бірден:

- Төрт рет инфаркт, екі рет инсульт алғам, бір рет асқазаны қатерлі ісік ауруына шалдыққан адаммын, - деп бастады әңгімесін. - Сондықтан, көзімнің тірісінде кітаптарымды шығарып кетейін деп ойладым. Он жеті томға бірде-бір аударма, ешқандай мақала, рецензия кіргізбеуді жөн көрдім. Таза поэзия, проза және драматургиям ғана енді. Көптомдықтың үш томдығына әңгіме, повестерім кірсе, үш томдығына пьесаларымды енгіздім. Үш томына поэзиямды сиғыздым. Қалған сегіз томы - сегіз романымның еншісіне бұйырды. Тағы бір үш томым дайын тұр.

- Жалпы, аға, табиғатыңыз жанрдың қайсысына жақын? Поэзияға ма, прозаға ма, әлде драматургияға ма?

- Өзім тәп-тәуір прозаикпін деп ойлаймын. Бірақ, мен шығармашылығымды әуелі ақындықтан бастағам. Ең бірінші шыққан кітабым, өлеңдер жинағы болатын. Ол 1962 жылы баспаға тапсырылып, 1968 жылы әрең шықты. Мәскеуде оқып жүргенімде жазған өлеңдерім еді олар. Мен Мәскеудің Болат институтын бітіргем. Мамандығым-инженер-металлург. 1962 жылы Алматыға келіп, өлеңдерімді Жазушылар одағына альш барып талқылау жасатқам. Ол кезде поэзия секциясын Сырбай Мәуленов аға басқарады екен. Қуандық Шаңғытбаев қарамағында істейді. Әбу Сәрсенбаев төрағасы болып, өлеңдерімді қабылдап, сәт-сапар тілеп алып қалғанды. Мәскеуде Тәкен аға Әлімқұловпен танысып, сол кісіге жиі хабарласып жүретінмін. Бір күні Тәкен аға маған: «Софы, сенің проза жазуға икемің бар сияқты. Тақырып берейін, сен соны жазып көрші» деді. Сосын он саусағын көрсетіп, «осы алғашқы онның қатарына кірмесең, он бір-он екінші орында тұратын ақындықтың түк пайдасы жоқ. Ал, сен проза жазсаң, мына тырнақалдыңа қарағанда, сол ондықтың

қатарына сөзсіз кіресің. Бұдан былай, прозадан көз жазба» деп батасын беріп еді. Әрі әлгі өлеңдер жинағым да шықпай, кідіре берген соң, сірә, поэзияға суығыңқырап кетсем керек.

-Ол кезде инженерлікті оқып жүрген кезіңіз ғой.

-Иә, оқып жүргем.

-Ақын бола тұра, инженер мамандығын таңдағаныңыз қызық екен...

- 1959 жылы ҚазҰУ-дің филология факультетіне оқуға түскем. Ол жылдары журналистика факультеті бөлінбеген. Бәріміз филологияда оқитынбыз. Үшінші курстан бастап, Мұхтар Әуезов студенттерге дәріс оқиды. Ол кісі - сырттай қызығып, аңсап жүретін адамым. Үшінші курсқа дейін шыдай алмадым да, бірінші курсқа түскен жылы-ақ, ұлы Мұхаңның дәрісін тыңдауға барып тұрдым. Оның үстіне, есіл-дертім кітап болатын. Таңның атысы, күннің батысы кітапханадан шықпайтынмын. Арабша әліпбиді өз бетімше үйреніп алғам. Әкеме араб әрпімен хат жазам. Бір күні кітапханада хат жазып отырғанымда, Мұқаң келіп: «Әй, Сарыбала, не істеп отырсың?» деп сұрағаны ғой. «Әкеме хат жазып отырмын» дедім. Сосын менің қолымдағы хатымды алып: «Мына балаңыздан көп үміт күтеміз, Қалыбек інім!» деп, менің, әкеме хаттың соңына ризашылығын білдіріп, екі-үш сөйлем қосып еді. «Әу, Сарыбала, сенің мына білімің, мұндағы біраз оқытушылардың біліміне жетеғабыл. Сен «жазушы болам» деп жүрсің ғой, жазушылықты ешкім, еш уақытта оқытып, үйрете алмайды. Табиғаттың, болмыстың, әйтпесе құдіреттің берген таланты ол. Сенің бойыңда сол бар. Сен Мәскеуге кет, онда да жай кетпе, техникалық оқу орнына түс. Ол - адамның ақыл-ойын ұштайтын жер. Сондықтан техникалық институтқа барсаң, математиканы, физиканы оқисың. Ал, бұл пәндер адам миының аналитикалық топшылауын қалыптастырады» деп кеңес беріп еді. Сөйтіп, Мәскеуге кеттім. Сол жылы күзде Қазақстанның қырық жылдығы болды. Осы тойды атап өту үшін Мәскеудегі алты жүздей қазақ аспирант-студенттер үлкен асханаға жиналдық. Ортамыздан бір жігіт орнынан тұрды да: «Жігіттер, отырысымызды өзіміздің әнұранымызбен бастайық. Алдымен ыңылдаймыз, сосын сөзін айтамыз» деді. Бұлар не айтып отыр деп, біз әрине, бірінші курс студенттері ештеңеге түсінбейміз. Содан бәрімізді ыңылдатып, бір әуен басталсын. Ыңылмен басталған мол дауысты әуен бір кезде жүрек толғандырар әсерлі әнге ауыссын. «Елім-айлап»

ыңылдап басталған, күңіренген әнді алты жүз дауыс тебірене айтып жатыр. Жан-жағыма қарасам, алты жүз баланың көзінде мөлдіреген ып-ыстық жас. Әннің құдіретін сол кезде бар жан-тәніммен түйсіне түсіндім. Алты жүз баланың көз алдына бүкіл Қазақстаны орман-көлімен, тау-даласымен зымырап көшіп жетті-ау. «Ән деген құдірет болады екен-ау. Осы әннің тарихын неге жазбаймын?» деген ой өн-бойымды шырмап ала қойған еді. Әнге қатысты тарихтың бәрін іздей бастадым. Ол кездері Ленин атындағы кітапхананың жабық тақырыптар бөліміне айына бір-ақ рет рұхсат беріп, кіргізетін. Содан кейін жұмасына бір рет кіретін болдым. Орталық ескі актілер архивы бар, сонда барам. «Орыс-қазақ» тарихы, «орыс-жоңғар», «қазақ-жоңғар» тарихына қатысты дүниелердің бәрін тәптіштеп, тырнақтап жинай бастадым. Оқу бітіріп келгеннен кейін де, қазақ-жоңғар шапқыншылығына қатысты жерлердің бәрін жаяу-жалпылап аралап, өз көзіммен көріп, танысып қайттым. Металлургия институтында жұмыс істеп жүрген кезім. Бастығым - Асқар Қонаев лаборатория меңгерушісі - өте бір жақсы жігіт болатын. Сол кісіден он күнге, бес күнге сұранып, қала берді демалысымды пайдаланып, шайқас болған жерлердің бәрін аралап, суретке түсіріп, шарлап шықтым. Не керек, «Елім-айды» бастап кеттім. Бірінші кітабын 1968-69 жылдары бітірдім. Жазайын дегенім, новеллаға сыймады, әңгімеге де келіспеді, повестен де асып кетті. Ақырында сол бір новеллаға сиғызсам дейтін мақсатым үш кітапты қамтыды. Қазір төртінші кітабын жазып жатырмын. Құдай бұйыртса, «Елім-ай» эпопеясы бес кітап болады деп жоспарлап отырмын. 1756-58 жылдары бізбен соғысқан ойратты қытайлар келіп, екі жылда қой бауыздағандай қырып, жер бегінен жоқ қылып жібергені тарихтан мәлім. Қазақпен айқасатын жоңғар қалмағаннан кейін, «Елім-айды» соза бергенде не қылам, бітірейін деп шештім. Қазір 1739-45 жылдар арасын жазып жатырмын. Ал, бесінші кітапта елуінші жылдардың оқиғалары болады. Абылайханның кемеңгерлігін, қазақ халқына көрсеткен жақсылығын елінің еркіндігін, жерінің ұланғайыр кеңдігін сақтап қалған жанкештілігін жазуым керек. Қазақтың қазақ болып қалыптасуына, жер бетінде қазақ болып қалуына еңбек сіңірген бес-ақ адам бар. Олар: Абылай хан, үш би, Бұхар жырау. Содан кейін, Бөгенбай, Наурызбай, Қабанбай сияқты батырларымыз. Әйтпесе, біз жоңғармен соғыса берер едік. Бір жарым миллион жоңғарды

қытай жоқ қылып жіберді. Абылай болмаса, сол өрекпіген қалпымен қытай бізді де жалмап қояр еді. Осыны жазғым келді. Сөйтіп, проза менің поэзиядан біраз қол үзіп кетуіме себепкер болды. Проза жазу үшін жанкештілік керек. Ол столдың басында қаздиып талмай отыруды талап етеді. Сол себепті де проза жанрындағы дүние тоқсан пайыз еңбекпен келетін тірлік болса, соның он пайызы ғана талантқа тіреледі. Тапжылмай отыра білетін болсаң, уақытыңды соған түгелдей беретін болсаң ғана проза жазылады. Қаламгер, қара сөздің басыбайлы құлы болуы керек. Поэзияны жүріп келе жатып та, тамақ ішіп отырып та жазуға болады. Ол ет пен терінің арасындағы ұшқыр желік қой. Ол сені тез ойлантады, тез тітіркентеді, тез дүбірлетеді. Соңғы кездері өлеңді қайта жазып жүрмін. Ракпен ауырып, асқазанымды түгел алдыртып тастағаннан кейін, үстөлде шаншылып отыру қиын болып қалды. Бес рет инфаркт, екі рет инсульт алған адаммын деп айттым ғой. Ал, инсульттің әсері адамға оңай емес. Жадыңды тонап, ойыңды тұзақтайды. Бұрын мен сөйлеген кезде, әріптестерімді мысым басып тұратын еді. Күйді ойнатып қойып, күйдің мән-маңызын ақ өлеңмен айтып, жарысатынбыз. Қазір тілім күрмеліңкіреп, ойымдағым тілім ұшына келе бермейді. Екі-үш жылға дейін дұрыстап сөйлей алмай жүргем. Сол жағымнан екі рет ұстады инсульт. 1986 жылғы оқиғадан кейін Орталық комитетте алғаш рет Колбинге қарсы шыққам.. Ол кезде мен көркем әдебиет секторын басқаратынмын. Мәдениет бөлімінде. Көз алдымда жастарды ұрып-соққандарын өлсем ұмытпаспын. Сосын, Колбинмен мықтап айқастым. Екі рет секретариаттың талқысына салды. Бірақ, мені партиядан шығара алмады. Әділетімді де, өзімнің ұстанымымды да сақтап қалдым. Айқастым, қатты айқас болды. Әділетке қарсы ешкім қарсы шыға алмайды екен. Кеңес одағын жамандаймыз ғой, бірақ, Кеңес одағында әділетсіздікке көпе-көрінеу жібермейтін. Сөйтіп, мен жеңіп кеттім. 1987 жылы шілде айында алғашқы инфарктымды алдым. Сол жылдың желтоқсанында бірінші рет инсульт болдым. Құдай сақтап, аман-есен қалғаныма тәубе деймін. Өлеңге қалай келдің дегеніңнен шығып отыр ғой әңгіме. 2002 жылғы ауыр операциядан кейін, орындыққа отыра алмай қалдым. Тамақты тәртіппен диетамен ішуім керек. Жасанды асқазан жарты кеседей ғана тамақ сіңіреді. Одан көбейіп кетсе дем ала алмай қалатынмын. Сөйтіп, екі жылдай қатты қиналып жүрдім. Бірақ, жазушымын

ғой. Жазушы болған соң, бірдеңені жазбай, түртпей отыра алмайсың. Үстөлдің маңына жолай алмаған соң, төсекте шалқалап жатып, қол көтеретіндей шағын блокнотқа өзек ертеген ойларды сүйкей беріппін, сүйкей беріппін. Сөйтіп жүріп,өлеңмен төрт кітап жазып тастаппын.

- «Ұлттық сана, ұлттық мүдде, ұлттық үрдіс» дейміз. Жиі айтамыз... Сіздің қайғыңыз да осылар емес пе? Ұлттығымызды, елдігімізді, мемлекеттігімізді сақтаудың жолы қандай?

- «Қазақстандық ұлт» деп әртүрлі пиғылмен әркім-ақ сайрап жатыр ғой. «Қазақстандық ұлтты» алға шығарсақ, онда қазақ ұлтын, ұлттық мүддеміздің бәрін жойып жіберуіміз керек. «Қазақстандық ұлт» деген ұғымға, ондай күнде бір-ақ адамды да кіргізе берер едік. Арабиядан келіп оқыған бір араб студенті осы жерде қалып қойса, «Қазақстандық ұлттың» бір тармағы болар еді. Сонда біз қазақтың бүкіл дәстүрін лақтырып тастап, өзгелердің киімі мен кебін киюіміз керек пе? Ұлттық мүддеге байланысты мына бір жайт есіме түсіп отыр. Сонау 1985-86 жылдары Жазушылар одағының басшысы Олжас пен хатшы Камалиденов екеуі қатты ұстасты. Онда мен орталық комитетте сектордың меңгерушісімін. Камалиденов: «Олжастың үстінен Сулейменов өз орнына лайық емес деп жарты бет жазып беріңіз» деді. Мен «жаза алмаймын, Сүлейменов өз қызметіне лайықты адам» деп келісім бермедім. Ол: «Сүлейменовты бекер жақтама. Былтыр ол бес ай Жазушылар Одағында болған жоқ деп қасарыса түсті. «Оның бес ай бойы неге болмағанын, түсіндірейін сізге. Сталиннің өкімімен хатшы-жазушыларға шығарма жазу үшін үш айға демалыс беріледі. Жай жазушыға екі ай беріледі. Ал, Олжас оның үстіне депутат. Ол бір жарым ай Москвада сессияда отырды. Бір ай КССР Жазушылар одағында кезекші боп жүрді. Жарты ай шетелге делегацияны басқарып барды. Ол ойнап жүрген жоқ» дедім. Осы орайда О.Сүлейменовтың соңғы кездері ұлтына деген озбырлық көзқарасын көргеннен соң, Олжекеңді сол кезде Камалиденовтен де, Колбиннан да қорғап қалғаныма қатты өкінетімді жасырмаймын. Осы екі ортада Колбин келді. Ол келген бетте мені 1987 жылы 2-қаңтардан бастап, үгіт-насихат бөліміне ауыстырды. Колбин бар, Құбашев бар, Камалиденов бар, тоғыз адамнан құралған ұлтаралық комиссия күн аралатпай жиын өткізеді. Сондай

алғашқы басқосудың бірінде Колбин: «Сіздерде бірінші басшы қазақ болса, оның бірінші орынбасары орыс болатын дәстүр бар екен. Ол министр ме, бірінші хатшы ма, директор ма, бәрібір. Ал, бірінші басшы басқа қызметке ауысып кететін болса, оның орнына дайындығы мол бірінші орыс орынбасарды қоймай, үшінші, бесінші орынбасар қазақты қонжита қояды екенсіздер. Сонда қалай... бұл орын қазақтардың сатып алған меншікті орны ма?» деп дүрсе қоя берген. Сөйтіп, алты қазақты ауыстырып, орнына тоғыз орысты қойды. Министрі бар, әкімі бар, зауыт директоры бар, алты қазақты бір-екі айдың ішінде доптай ұшырды. Содан наурыздың басында бір орыс министрді ауыстырып, оның орнына тағы бір орысты қойды. Оның бірінші орынбасары қазақ екен. Қарап отырмын ешкім ештеңе демейді. Үндемейді. Шыдай алмадым: «Геннадий Васильевич, есіңізде ме, бірінші басшы ауысса, оның орнына дайын кадр бірінші орынбасарын қою керек деп айтқан едіңіз ғой. Сол мақсатпен, алты қазақтың орнына алты орысты қойдыңыз. Жетінші орыстың орнына бүгін енді бірінші орынбасары қазақ болса да, жетінші орысты қойып отырғаныңыз қалай?» дедім. «Сізге мұндай сауал қоюға кім құқық берді?» деп үстелді жұдырықпен бір қойып қалды. Аузыма қалай түскенін білмеймін: «Коммунистік партия! Сіз де, мен де бір партияның, Коммунистік партияның мүшесіміз» дегенімде Колбин сылқ етіп орнына отыра кетті. Ұялды ма, сезіктенді ме, орыстың орнына қазақ орынбасарды тағайындатты. Осыдан бастап, Колбинмен арамыз мүлде қиындап кетті. «1987 жылы 3 желтоқсанда мені Секретариаттың талқысына салды. Сол секретариатта: «Мен прецедент жасап, ертең қызметке келмеймін. Өйткені, мен - шығармашылық иесімін. Халқым менің кім болып істегенімді сұрамайды. Кітаптарымды талап етеді!» деп жауапты қызметімнен бас тарттым. 17 желтоқсанда мені Орталық комитеттің жалпы бөліміне шақырды. Ойымда ешнәрсе жоқ. Бардым. Алтыншы қабатқа көтерілдім. Келсем, секретариаттың алдында адам қаптап тұр екен. Мені еріксіз ішке кіргізіп жіберіп, екінші рет секретариатқа салды. Мен туралы үш адам қаралап үш баяндама жасады. Үшеуі сөйлеп болғаннан кейін, Колбин бірден: «Ал, коммунистер, бұл адамға қандай шара қолданамыз?» деді. Отырғандардың біреуі де үндеген жоқ. Сосын: «Геннадий Васильевич, сотталған адамға да соңғы сөзін айтқызады. Маған сөз

беріңіз!» дедім. Қазақтар: «айтсын. айтсын!» деп шулап қоя берді. «Онда мен ең алдымен, Камал Смаиловтан бастайын» дедім. «Камал Сейтжанович, сіздің бөліміңізде неше сектор бар?» деп сұрадым. «Төртеу!» деді ол. «Өткен жыл қорытындысы бойынша қай сектор үздік шықты?» дедім. «Көркем әдебиет секторы» деді. «Ал, ол секторда қанша адам жұмыс істейді?» деп сұрадым. «Үшеу». «Өткен жылы қанша адам жұмыс істеді?». «Біреу» деді. «Ол кім?» деп едім, «Сматаев!» деді. «Сіз жаңа ғана өзіңіз айтқандай, Сматаев дұрыс жұмыс істемейтін болса, өткен жылы оған не себепті бірінші орын берілді?» дедім. Смаилов сасып қалды, бала құсап абдырап: «Жаз деп айтты ғой маған...» деп, қипақтай берді. «Енді Устиновке келейін». Әлгінде Устинов жолдас: «Сматаев жұмыс істемейді, бірбеткей, ешкімді тыңдағысы келмейді» деп айтты ғой. «Альберт Александрович» Сіздің бөлімде қанша адам жұмыс істейді?» дедім. «37 адам» деді ол. «Осы биыл 11 айда Сматаев отчетты қалай тапсырды? Қанша бет жазыпты?» дедім. Бөлім жазған 1476 бет отчеттың 371 бетін менің жалғыз жазғанымды мойындап, төмен қарап тұрып, бөлім бастығы не айтарын білмей, сасып қалды да: «Сматаев ұлтшыл, өзінің казақтарын қорғайды» деді. 1986 жылы екі әйелді қорғап қалғаным бар еді. Бірі 54-тегі, екіншісі 55-тегі коммунистер еді. Ол екеуі де алаңға балаларын іздеп барған болатын. Сосын айттым: «Қандай ана өз баласын іздемейді? Сіз, де балаңызды іздейсіз ғой, кешіксе. Мен одан ешқандай кемшілік те, қарсылық та көріп отырғам жоқ. Егер осыған мені кінәлі деп тапсаңыздар, жазалай беріңіздер. Мен оны әдейі айтпап едім» дедім. Мені отырғандардың басым көпшілігі жақтап кетті, Колбин «жиналыс жабық» деді де, столды бір қойды.

- «Қазақтың жауы - ұлтсыздық» дейді Мұхтар Мағауин. Сіз қалай ойлайсыз? Бүгінгі қазақтың ең үлкен қасіреті неде?

«Қазақтың жауы - ұлтсыздық» дегенді Мағауиннен де бұрын ұлт қамын жеген мықтыларымыз айтып кеткен. Ұлтсыздық - бір ғана қазақтың емес, барлық ұлттың жауы. Қазіргі етек алған ғаламдану саясаты кезеңінде өз ұлтыңның мүддесін қорғауға түгел ұлт болып араласпасақ, үлкен елдердің қомағай өңешінде жұтылып, адуын ықпалына тұтылып кетуіміз қиын емес. Ұлтсыздық - өзіміздің шала қазақ пен ада қазағымызға ғана тиімді. Әсіресе, Олжас бастаған ұлтсыздану саясатын жанталаса қолдаушылар

кешегі кеңестік кезді қатты аңсап, бүгінгі тәуелсіз еліңді тәуменді тірліктің бұғауына қайтадан қамап беруге барынша күш салады. «Осынша ұланғайыр жерді ат төбеліндей қазақ сақтап тұра алмайды. Сондықтан бір мықты көршінің (Әрине, олардың көксегені Ресей ғой) қолтығына кіріп, етегіне жығылып, етегін сүйіп қана жан сақтай аламыз» деген үрейді ұлтымыздың құлағына құя беруді космополит бауырларымыз бастап та кетті. Қазақты ұлтсыздануға бұрмалайтын іріткіштер де осылар. Олар Қазақстан халық ассамблеясы дейтін жолбике ұйымсымақтың «Ел бірлігі» атты дүмбілез доктринасын жан тәнімен барынша қолдайды. Ұлт патриоттары жасаған тұжырымдаманы - басқа ұлттардың мүддесін аяқасты етіпті деген сылтаумен жоққа шығармаққа жанұшыра әрекет етіп жатыр. Сондықтан да, төсектегі денемді есікке сүйреп, ұлтымызға қастандық сойылын соғушыларға қарсы «қазақ ұлты», «қазақ халқы», «халық мүддесі» деп соғатын тілім-тілім жүрегімді көлденең тоссам деген перзенттік қимылға батыл кірісуге дайынмын. Ұланғайыр жерді ата-бабаларымыз қанын төгіп, терін сауылдатып құйып жүріп қорғап қалған. Сол қасиетті де киелі жерімізді - ел меншігін, халық еншісін ту-талапайға салғызып, көрінген кірменің, азулы көршінің қанжығасына бөктертіп жіберуге тырыспақ болған биіктегі айдарынан жел ескен кімде-кімнің өңешіне азуымды қадай алмасам, қазақ болып тірі жүрмей-ақ қояйын. Азаматтық та, шығармашылық та борышым мен парызым осы.

-Тіл мен діннің дертін қалай емдейміз?

-Қазақ тілі - Мемлекеттік тіл деп негізгі заңымызға жазғанымызбен тіліміз өзінің төрдегі биік тұғырына қонбақ түгіл, босағадан да сығалай алмай жүр. Сығалатпайтын өзге емес, өзіміз ғана. Өз тіліне өгей қандастарымыз! Ана тілі биіктегі орнын алар болса, сол биіктегі билік орнынан мұрттай ұшарын, орысша ойлап, ағылшынша сайрайтын ұл-қыздары, немерелері ертең қызметсіз қаларын білетін төрдегі төбедей боп қонжиған төрелер мемлекеттік тіліміздің мүмкіндігін барынша шектеуге жанын салып жүрген жоқ па?

Ал қазақтардың өз арасынан дініміздің безінушілердің көбеюі, өз жерімізде оларды сырттан қаптап келіп бездірушілердің нығаюы - мемлекет басындағылардың басын ауыртар қажеттілікке айналмаса, халқымызды іштей

үңгіген бұл кесепат дерт тап ертең ұлтымызды сиырдың бүйрегіндей қырық бөлшектер ғаламат қауіпке душар етеді. Бір жанұяның адамы бірнеше дінді қабылдап, бұрынғы сүттей ұйыған отбасының берекесі қашып, арты атыс-шабысқа жетуі ғажап емес. Оған мысал, анау Ливандағы қиянкескі қырғын тірлік.

Дін мен тілді қорғау мен сақтау - бүкіл халықтық қарқынды қозғалысқа айналуы шарт. Әйтпесе, өз басына бүгін жете қоймаған кеселге немқұрайлылық танытқыш марғау қазақтың ертең оңайлықпен құтыла алмас аса қауіпті дертке ұшырарын осы бастан дабылдатып, мәңгүрт кеудесіне түрткі сала беруден баршамыз түгел жалықпауымыз қажет. Онсыз жағдайда ұлтымыздың быт-шыт боп ыдырап кетуі сөзсіз.

- Софы аға, сіз Мемлекеттік сыйлыққа бес рет ұсынылдыңыз? Өте алмай қалдыңыз. Жалпы, атақ, сыйлық адамның шынайы қабілетін, дарынын көрсетеді деп ойлайсыз ба?

- Рас, бес рет ұсынылдым, бесеуінде де өтпедім. Өткізбеген өзімнің бақталас, бақас әріптестерім. Жоғарғы жаққа жеткізбей, алғашқы отырыстарда-ақ мені сызды да отырды күндестіктің күншілдіктің күлін шашқыш қызғаншақ қаламгерлер. Екі рет «Халық жазушысын» береміз деп Президент әкімшілігі Жазушылар одағынан ұсыныс түсіртті. Соңғысында тіпті, «Елбасы қол койды!» деп сүйінші сұраған құттықтауларды да естідім. Бірақ қолыма құжаты тимейінше, сенбеп едім. Әлі күнге сенбей жүрмін. Қазір «Халық жазушысы», «Халық әртісі» деген атақты бермейтін болды. Жалпы, менің өзім атақ беруге мүлде қарсымын. Атақтың талантқа қажеті жоқ. Атақ жазушыларды бір біріне қарсы айдап салатын дау мен талас қана. Кеңес Одағының кезінде Сталин дейтін мұртты шалдың шырғалап жасағаны ғой. Ақыл-ойы өзінен әлдеқайда озық дарын иелерін өзіне кіріптар қылу үшін ол осыны ойлап тапқан. Сөйтіп, зиялыларды қырқыстырып қойған. Жазушыға орден, медаль түкке де қажеті жоқ. Абайда атақ бар ма? Жоқ. Бірақ, қазақта Абайдан атақты ақын тағы жоқ. Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ахмет Байтұрсыновтарда атақ бар ма? Жоқ, олар онсыз да атақты емес пе? Сол жетеді. Тек кейде атағың жоқ деп жүндесқолды әкімсымақтардың кеудеңнен итеретіні жаман. Облысқа, аудандарға барсаң, бүгінде атағың болмаса сені менсінбей, сыртқа итеріп тастайды. Ат көтермес атағыңа

қарай сыйлайды, атан мертігер атағыңа қарай бағалайды. Кітап оқымайтындар үшін атағы барлар төрге озатын заман бүгін.

- Бүгін қаламгерді мазалайтын нәрсе - қаламақының жоқтығы. Сіз де өз еңбегіңізге қаламақы берілмегеніне қиналасыз ба? Бүгінгі қаламгердің қаламақысы туралы не айтар едіңіз?

-Бұрын Кеңес Одағының кезінде қаламақы жүйесі жақсы істегендіктен, менен бай адам болмайтын. Менің пьесаларым бүкіл Кеңес Одағында көптеп қойылатын. Соның бәрінен ақша сауылдап келіп түсіп отыратын. Әр романыма жиырма мыңдай ақша алатынмын. Ол сол кездегі доллармен 25-30 мың шамасында еді. Аудармаларымнан да қаржы-қаражат келіп жататын. Қазір қаламақы жүйесі атымен жойылды. Кітабыңды өз ақшаңмен шығарасың. Алда-жалда үкіметтің есебінен шықса, оған әрі кетсе 120 мың теңге ғана береді. Ал, мен машинистакама 150 мың теңге төлеймін. Осы ма, сондағы қаламақысы. Естуімше, бір жылға жазушыларға бөлетіні 10-ақ миллион теңге екен. Ол кейбір қалталылардың казинода бір кеште ұтқызып кететін ақшасы. Он миллион дегеніңіз түк емес. Кітап палатасында бастық боп отырғанымда, маған кейбір әріптестерім - жазушылар келетін. «Оу, Софы-ау, ең болмаса, аула сыпырушы қылып алсаңшы. Бүгін үйде нан алатын да ақша жоқ» дейтін еді. Міне, бүгінгі жазушылар осындай сұмдық халді де бастан кешіріп жүр.

- Капиталистік елдерде қаламгерлер өзінің шығарған еңбегімен ақша табады екен. Мәселен, «Гарри Поттердің» авторы Джоанн Роулинг миллардерлердің қатарына қосылды. Нарықтық экономиканың заңдылығы осында. Біздің қаламгерлеріміз өз өнімі арқылы пайда таба алады деп ойлайсыз ба?

-Американмен бізді салыстыруға келмейді. Олар әр жақтан жиналған ұлттан құралған құранды мемлекет. Онда жазушыларға деген көзқарас мүлдем басқа. Бізбен есептегенде, олардың жазушыларының саны да аз. Олар сценарий жазады, өйтеді-бүйтеді, жолы болғандары әйтеуір бір кітабымен-ақ байып кетеді. Сондықтан, біздікіндей қадау-қадау дүние жазылмайды. Оқырмандарының талап деңгейі онша биік емес. Сол себепті, терең ойлы, күрделі мазмұнды кітаптарды сатып алмайды. Оларға керегі, детектив, кісі өлтіру төңірегіндегі жаппай мәдениет еліктемесі. Ал, шын әдебиетте ондай атүстілік болмайды.

Бүгінгі шырмаған интернет жүйесі, телміртіп қойған телевизор дегендер кітапты мүлде оқытпайды. Бізде де осы күмәнді тірлік алдыңғы қатарға шығып келеді. Келешекте кітап оқымайтын ойсыз, қамсыз ұрпақ пайда болуы мүмкін. Біз сияқты жазбаса тұра алмайтын жансебіл адамдар да таусылады. Нарықтың аста-төк тамағын, құнықтырар дәмін иіскегендер пайда түспейтін қолбайлау нәрсені не қылады? Сосын амалсыз қулық-сұмдықтың алдамшы жолына түседі де кетеді. Ал, біздер үшін қаламақы жүйесін дұрыстап іске асыру керек. Өйткені, қаламгерлің тауары - кітабы. Жазылған еңбегіне өтеуі болмаса, жазушы, ақынның қадір-қасиетінен түк қалмайды емес пе?

-Біз сіздің драматургияңыз туралы да жақсы білеміз. Жастар театрының сахнасында жүріп жатқан «Көгілдір такси» спектаклін де бірнеше рет тамашалап қайттық. Жалпы, бүгінгі драматургия туралы пікіріңіз қандай?

-Қазақ драматургиясы қатты дамыған драматургия. Бастауында - Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Жүсіпбек Аймауытовтар тұрған драматургия жанры әлі де өз биігінен түсе қойған жоқ. Бүгінде драматургия да жазылып жатыр. Бірақ, соны көрсетуде құнттылық нашар. Қазір театрлардың режиссерлерінің көбісі шалағай. Соған қарамастан, өздері күлдібадам бірдеңе жазады, өздері соны қояды. Пьесаңды сахналау үшін режиссерлер автормен қосалқы автор болады. «Жарайды» дейік. Онымен не ұтамыз. Себебі, олар күйкілжің күйбің тірліктің маңайындағыларды қоюдан әріге өресі жетпей қалғандар. Қазір барлық театрда өзі режиссер, өзі автор пысықайлар тым көбейіп кетті. Шынайы жазылған пьесаларды қоймайды. Олар қоймағаннан кейін, стимул болмағаннан кейін, кімнің пьеса жазғысы келеді. Не үшін жазбақ? Неменеге жазбақ? Қойылмайтын болса, қабылданбайтын болса... Тауың шағылады, сөйтіп, тауаның қайтады. Бір-екі рет айтасың, «қоямыз» деп жылпылдап, уәде береді, артынша ескіріп кеткен тақырып деп сылтауратады. Менің екі пьесам бар. «Базарың құтты болсын немесе қазақша көкірек керу», «Базарың құтты болсын немесе қазақша кек алу» деген. Алғашында екеуін де екі театр ә дегенде таласып алды. Бүгінгі жағдай ғой, пьесаларда сөз болып отырған. Екі театр да екі жылдай ұстады да, ақыры «қоя алмаймыз» деп қайтарып берді өзіме. Жолма жол аударма жасап, Мәскеуге жібергем. Қазір солар қояйын деп жатыр. Біздегі театр басшыларында бір жағынан қорқақтық

басым болса, екінші жағынан жемқорлық та араласқан тірліктеріне. Біздің драматургияның адымын аштырмай, сол тірлік тұсау салып қойды. Келеңсіздіктерін жабу үшін олар «Драматургия жоқ» дейді. Жазушыларымыздың кез келген әңгімесі, повесі тұнып тұрған драматургия. Мәселен, Оралхан Бөкейдің, Марат Қабанбайдың тағы басқалардың шығармалары дайын тұрған драма. Бірақ, соны көрмейді. Авторлық құқықты қорғау деген мемлекеттік ұйым болатын еді. Олар қазір жекешеленіп кетті. Қазір сенің пьесаң қойылып жатыр ма, жоқ па, білмейсің. Үш ай гастрольде жүріп, елу рет қойылған пьесаңа екі ақ мың теңге алу деген не сұмдық!? Бұл да әділет пе? Ең кемінде, бір қойылымнан бес мың алатының белгілі емес пе? Соны сезіп отырып та арамдық жасайды.

-Өзіңіз театрға барасыз ба?

-Көп барып жатқаным жоқ. Театрға барып, отыра алмаймын. Бұрын театрға жиі баратын едім. Қазір көп ауырам қой. Анда-санда шақырғанда болмаса... Шынымды айтайын, соңғы жарты жылда бір рет те театрға барғам жоқ.

«Түркістан» газеті. 2009 ж.
Әңгімелескен Гүлзина БЕКТАСОВА

ҚАРАШАНЫҢ ҚАЙҒЫСЫ
МЕНІҢ ҚАСІРЕТІМ БОЛМАС ПА...

- Софы аға, «Жас Алаш» газетіне шыққан «Мен - тірімін!» атты дастаныңызды оқығанда, бір кемеңгердің: «Қоғамға түскен жарықшақ ақын жүрегін алдымен сызып өтеді»,- деген сөзі еске түсті...

- Рас айтасың, інім... Соңғы он жылда тән азабын да, жан азабын да көп тарттым. Солардың жүректі шырылдата сыздатары, әрине, - ақиқат. Тән азабының төрт инфаркт, екі инсульт, бір рак арқылы жеткенін несіне бүркемекпін. «Ауруын жасырған өледі» дейді дана халқымыз. Ал мен осы кесел-дерттеріммен қолымнан келгенінше, әл-дәрменімнің жеткенінше алысып, айқасып, берілмей, әлсіресем де әзірше жеңілмей келе жатқанымды шүкіршілік қыламын. «Күйрек емес, қайрақпын!» деген өлермендікке парапар өзімдік тайсалмас жігер-сенімім бар. Жылдың төрттен бірін ауруханаңың әбден жалықтырған төсегінде өткізсем де, өмірге деген құштарлығымды жоғалтқан жоқпын. Соңғы демім үзіліп біткенше оны жоғалтпауға тырысарым - сөзсіз.

«Мен - тірімін!» дастаным өмір мен өлім айқасы кезінде өзімді-өзім қайраудан, жасытпаудан туған дүнием екенін оқырмандарым сезетін болар.

- Дегенмен сұңғыла оқырман «Мен - тірімін!» деудің астарында жан сезімінен басқа да азап, мәселен, қоғамға қатысты ойлар жатқанын аңғарған сияқты...

- Ондай сыздауықтар да біраз бар-ау. Қайсыбірін айтып мұң шаққандай болайын. Сол шаққан мұңды, шерткен күйді бүгінде естір құлақ, қабылдар көкірек қалды ма екен, бауырым-ау. «Жылдың үздік кітаптары» атал-ған бес романыммен Мемлекеттік сыйлықтың додасына бес рет түсіп, күншілдік пен бақастықтың батыраштық сойылымен орта жолда бес соққыға оңбай жығылып, көмбе түгіл, көңіл ықыласына да жете алмай жүрген жай-жағдайым бар. Елбасының өзінің тікелей тапсырмасымен екі рет «Қазақстанның халық жазушысы» деген атаққа ұсынылып, тағы да биліктің биігінде, төреліктің төрінде отырған қызғаншақ «достарымның» маған деген «шексіз қамқорлығының» арқасында сол атақты қанжығама байлатпай, аман-сау құтылыппын. Осынау «Халық әртісі», «Халық жазушысы» дейтін атақтар бүгінде

жойылса да, сол атақтарды бұрын иемденгендерден де неге алып тастамады екен дейтін бір түйткіл кей-кейде бүйірімді бұлк еткізетінін жасыра алмаймын. Өйткені шығармашылық салмағы өзіңнен көп төмен кейбіреулердің әлгі атағын көлденең тартып, тап бір алтыннан ғана жаратылғандай кердеңдей аттап, кеудеңді басып кететін кездерінде жігеріңнің құм боларын кімге айғақтарсың.

Ол, ол ма, отыз тоғыз жылдан бері мүшесі болып келе жатқан мені Жазушылар одағының басшылары мүлде тізімнен сызып тастаған тәрізді. Хал-жағдайымды сұрап білмек түгіл, Алматыда өтіп жататын жиналыс, жиындарына да шақырып көрген емес.

- «Биліктің биігі мен төреліктің төрінде отырған» әкім-қараға біраз шүйліккен екенсіз. Шығармашылықтың бейбіт күйбеңінде жүрген сізге де сол пақырлардың тырнақтары батқан кездері болып па еді?

- Әкім, төрелермен, өз басым, тікелей араласқан емеспін. Кейбір пысық жігіттердей әкім, төрелердің қас-қабағын аңдып, жолын тосып тұратын желпілдек көңіл, жеңілтек мінез, жедел қимылды Тәңір Хақ менің маңдайыма жазбапты. Оған қуанбасам, өкінбеймін. Содан ба, мені алпыс жылдық мерейтойымда облысым түгіл ауданым да, ауылым да шақырған жоқ. Мен де олардың ілтипат-ықыласына зәрулігімді сездірген емеспін. Бірақ еліміздің бірнеше облысынан келген арнайы шақыртулар мен сый-сыяпаттар өзімнің қазақ дейтін туған халқымның қадірлі қаламгері екендігімді тағы бір нықтап кеткен еді.

Обалы нешік, Жезқазған облысы тірі тұрған кезде облыстың бірінші басшысынан бастап, барлық әкім-қаралары Алматыға жолдары түскен сайын үйіме іздеп келіп, көңілдерінен су ішкізіп жүретінін бүгінде немерелеріме аңыз ғып айтып отырамын.

Ал Қарағанды облысы... Жетпіс жылдан астам тарихында үнемі орыс билеп, одан кейін қазақылығы шамалы орман илеп кеткен соң, зиялысын зияндысындай көретін әдетке бой ұрған тәрізді. Қазіргі әкімдіктегі азаматтармен кездеспек тұрмақ, телефонмен бір сөйлесудің өзі қияметтің қиынына айналып барады. Әкім түгіл, әкімнің әлдебір орынбасарымен хабарласудың өзі түрікпеннің төрінен жылқы айырғандай әрекетке айнал-

ған жоқ па. Бастығын қызғыштай қоритын қызғаншақ хатшысы немесе қылыштай қылшылдаған қытымыр көмекшісі мұрныңды теспей-ақ ноқталап алып, еркіңді ұрлап, есіңнен тандырып бүлкілдетеді де қояды. Апталап, айлап телефонға жіпсіз байлап, іштей тындырып, дымыңды шығартпай күркілдетеді де қояды.

Анау миллиондарды, миллиардтарды (әрине, доллар ғой) қойны-қонышына тыққыштаған министрлер мен банкирлер сені мен менің, яғни халықтың үлесіне қол сұққанын барлық ақпарат жүйесінің көрсетіп, жазып жатқаны - жауырды жаба тоқығыш үкіметтің өзін ырқынан жұлып шығарып, еріксіз дүбірлеткен тірлік емес пе. Әйтпесе кеше ғана өздері қорғап, қолпаштап биік-биік креслоларға қонжитқан сол билік басындағылардың қомағайлығы мен қорқаулығы біздерді ғана түңілтіп қоймай, биліктегілерді де түп-тамырға үңілте ойлантса, қайырлы болар еді ғой.

«Болашақ» бағдарламасы арқылы шетелдерде кімдердің оқып қайтатыны бүгінде баршамызға мәлім. Олар - «мықтылар» мен «тектілердің» еркетотайлары мен шолжаңдары. Ауылдан барып оқып келіпті деген бір адамды өз басым көрмек түгіл, естіген де емеспін. Алда-жалда ауылдан шетелге барып, ой өрісін кеңейтіп, білімін молайтып келген азамат бар болса, ауылдың қазіргі күйкі жағдайына көңіл бөлмей тұра алмасы хақ. Өкінішке қарай, әлгі асфальт арасынан қаулаған қалталы һәм креслолы папасының тіл мен ділден жұрдай, бірақ жолдамамен жолын ашқан жеткіншектері (қалай оқығанын құдайым білсін) әлемді алақанында ұстағандай дүрілдеп келіп, тағы да сол құдіретті «предоктарының» құзырымен биік орынтақтарға қонжия-қонжия қояды. Не білігімен, не жұмысымен, не іс-әрекетімен танылмаған сол бала-министрлер шала министр қалпынан ажырай алмай, басқарып отырған саласын әрі ақсатып, әрі мекеменің қаржы-қаражатын қымқырып-жымқырып кететінін күн сайын теледидар арналары бірімен-бірі жарыса айғақтап-ақ жатқаны.

- «Танытсам да
Тәңір Хаққа
Шүкірлік,
Жан-тәніммен
Маңдайды ұрып,

Зікір ғып.
Бұдан былай
Жеңілмен деп
Желпініп,
Жасағанға
Келтіріппін
Күпірлік», - деген шумағыңыздан жеген таяғыңыздың аз еместігі сезілгендей. Соны тарата айтып бере алар ма едіңіз?

- Төрелерден таяқ жейтіндей мен ешқашанда олардың төлеңгіті болып көрген емеспін. Қайта көкіректі ешкімге басқызбаспын дейтін өзімдік өршілдігім бір басыма жетіп артылады. Бір кезде Орталық Комитетте Колбиннің ұрда-жық әрекеттеріне Ақ Үйдің ішіндегілерден жалғыз қара боп қарсы шығып, бас көтергенімді кәдімгідей дәтке қуат санаймын. Ал облыс әкімдері болған Қажымұрат Нағымановтың еш себепсіз көрінеу көзге өзіме жасаған қысастығын, Мәжит Есенбаевтың есігін тарс жауып алғандай ескергісі келмегенін ұмыта алмаспын. Тек қана анда-санда өксітердей өкініштің өкпемді қысатыны болмаса, қазір енді оларға өкпем жоқ. Өйткені биліктің тізгінін білегіне өткізгендердің талайының кеуделері нан ғана пісірмей, металл да балқытатынына куә боп жүрміз ғой.

Төрдегі төрелерге бүгін төмендегілердің көзі түгіл сөзі де жетпейді. Қазақтың атақты қаламгері аталып жүргеніммен, кейбір әкімге, әлдебір министрге бір жылдың мөлшерінде телефонмен де бір мәрте байланыса алмай мысым құритынын кімге шағым ете алармын.

Ал қаламгер - халқының өкілі, елшісі, жоқтаушысы десек, бұқара жұртшылықтың мұңы - менің мұңым. Қарашаның қайғысы - менің қасіретім болмас па. Болады, әрине. Анау «Шаңырақтағы» шаңырағы шайқалған шарасыз қазақтардың зары, бір баспана үшін барлы-жоғын қырғыштап жинап, арамзалардың өңешіне құйып алданып қалған үлескерлердің запыран ағызған көз жасы, күн сайын қымбаттайтын газ, су, электрге мардымсыз зейнетақысын түгелдей төлеп, аш-жалаңаш күй кешкен зейнеткер замандастарымның терең күрсінісі, даладан қалаға шұбырып, екі қолға бір күрек таппай, көшелердің қос қабағында жұмыс күтіп, ертеден кешке дейін әркімге бір мөлиіп отыратын қаракөз іні-қарындастарымның

кеудесін тілгілейтін күйі мен күйігі мені неге қиналтпасын. Қиналтады. Қолдан келер басқа амалым қалмаған соң, кеудемді кернеген өкініш-өксігімді ақ қағазға төгем де отырамын. Өзімді-өзім осылай мүжимін. Қандастарымның басына тиген таяқ менің шекемді солқ еткізерін басқалар білмесе де, жазушы-журналист бауырым-ау, сен білуге тиіссің ғой! Өйткені «адамгершіліктің, шынайылықтың негізінде эстетика жатуы керек» дегенді ұғып өссек, сол эстетикадан этика түзіледі деп және тұжырымдайтынбыз бұрын. Ал сол «эстетика» мен «этикадан» мүлде жұрдай болған бүгінгі тірлікте көшеде көз сүзген қазаққа «мерседес», «вольваларынан» мұрнын тыжыра қарап, көз қиығын тез қашырып әкететін шенеуніктерден қалған көңілімді көтерер, демдер құдіреттің атын атап бере алармысың. Ендеше басыма тиетін таяқ пен арқамнан соғатын сойылдың сәт сайын ұлғайып бара жатқанын өзің де сезерсің.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында мен де шенеунік болғанмын. Компартияның Орталық Комитетінде жеті-сегіз министрді алдына шақыртып алып, қағып-сілкетін құдіреті бар сектор меңгерушісі қызметін атқарып жүргенімде бір адамға қылдай қиянат жасамағыныма, қайта қолымнан келгенінше көмек көрсетуге тырысқаныма - жұртым куә. «Ар жазасы - жан қазасы» дейтін кредодан аттап көрген емеспін. Еңкейгенге еңкейгем, шалқайғанға шалқайғам. Бірақ орынсыз шатқаяқтаған, жөнсіз шамырқанған, жолсыз шалқақтаған сәтім болмағанына иманым кәміл.

- «Демократ!» деген сөздің туа сап, тұяқ серппей өлетінін білмеппін», - деп жазған екенсіз. Радионы ашып қалсақ та, теледидарды басып қалсақ та, билік басылымдарын әрлі-берлі парақтасақ та, бізден асқан демократ елдің жоқтығына көзіміз жетіп, «тәнті» болып отырамыз. Сонда мұның бәрі Сіздіңше бос сандырақ болып қалғаны ма?

- Демократия бізде, Қазақстанда тоқсаныншы жылдардың ортасына дейін болған. Демократтың демократы - сол кездерде Нұрсұлтан Назарбаев еді-ау. Алды кең, есігі ашық, көңілі дарқан-тын. Басқаны білмеймін, мен өзім елбасына сол күндерде жылына үш-төрт рет кіріп, сөйлесіп, пікірлесіп, кеңесіп қайтатынмын. Баз біреулердің араласуымен бе, әлде шетелдік қаптаған

кеңесшілерінің әсерінен бе, елімізде қалай жекешелендіру басталды, солай демократия кеңшілігі сап тыйылды. «Дәніккеннен құныққан жаман» дейтін даналығымыз тағы да ақиқаттылығын дәлелдеді. Оңай олжаға тұмсығын тыққандар заңды да, жөн-жосықты да ысырып тастап, қолындағысын қолтығына қыстырып, жолындағысын қойны-қонышына тығып, дүрдиіп, дүрілдеп шыға келді. Демократиядан адасып қалғанымызды әлі күнге дейін жасырмақ болып, «Заңдылықтың шегіне жеттік, жұмақтың төріне шықтық!» - деумен биліктің ақпарат басшылары әлек. Әрине, оларды да түсінуге болады. Әкім, министрлер жыл сайын дойбы тасындай сапырылысып жатқанда, ақпарат президенттері мен бас редакторлар қомақты креслосына қос қолдап жармасып, әр басылымды, әр арнаны мадақтау мен қолпаштау трибунасына айналдырып жібермегенде қайтсін. Солар бұлбұлша сайраған сайын, сенің қып-қызыл қаның қара қазандай қайнайтыны және өтірік емес.

- Келесі жылы «ОБСЕ»-ге еліміз төрағалық еткелі отыр. Мұндай ұйымға басшылық жасау демократияға бет бұрған елдердің еншісіне тиесілі болса керек. Парламентін бір ғана партия билеп-төстеп отырған елдің мұндай ұйымға басшылық жасауы әлемдік азаматтық қоғам қағидасына томпақ келмес пе екен?

- Мүмкін, төрағалықтың оң әсері болып, біраз игілікті істерге (журналистерге кеңшілік, жабылған газеттерді ашу, жұмбақ қылмыстарды қайта тексеру т.б.) қолымыз жетіп қалар... Жә, бұным - солай болса екен деген дәрменсіз дәмем ғана.

Бауырым, сен сонау Америкада, мынау Еуропа елдерінде демократия жайнап, жарқырап, жанданып тұр дегенге сенесің бе? Демократиялық Америка онда оңай олжаға күрк ете қаларлық елдерге бас-көзге қарамай ендеп еніп, ойына келгенін неге жасайды. Әділетшіл Еуропа елдері өздеріне пайда түсетін жерлерде сол әділет құралы болатын демократияның бұғау-бөгеттерінен неге айналып өтіп кете береді? Міне, гәп қайда...

Парламентті бір ғана партияның билеп-төстеуі, әрине, заңға да, демократияға да, керек десеңіз, ежелгі қазақы салт-дәстүрімізге де томпақ. Мүмкін, соған дейін парламентімізге өзгерістер еніп те қалар... Қайта сайлауы ма, басқасы ма, бір әрекет жасалар.

- Дегенмен осындай жағдайда билік өкілдері күннен-күнге экономикамыздың қарыштап, алға басып келе жатқандығын айтып, елді көпірме сөзбен тойындырғысы келеді. Қарапайым бұқара сонда кімге сенуі керек?

- Экономикамыздың қарыштап алға басып бара жатқан нышандары Астана қаласында кездесер, бәлкім. Ақордаға жолым түсіп жатпағандықтан билік өкілдерінің: «Жасадық! Жайнаттық!» - дейтін лепірулерін жоққа шығара алмаспын. Ал менің білерім

- Алматының мүшкіл халі. Апыр-ау, кеше ғана бүкіл республикамыздың абыройын көтеріп асқақтап тұрған «АЗТМ» мен Киров зауыттарын, «АХБК» мен «АДК» комбинаттарын, «Жетісу» және кілем фабрикаларын тып-типыл етіп жойып жібергеннен шекеміздің шылқ ете қалғаны қанеки. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген қыз-қарындастарымызға құшағын кең ашып, өндірістік ортаның айтулы іскерлеріне айналдыра қоятын мақта-мата комбинатын жауып тастап, аумағы атшаптырым алып құрылысты сауда-саттық орнына ауыстырғанда не ұттық? Әрине, ұтқан (кім екенін білмеймін) әлгі кең сарайды тиын-тебенге ғана сатып алып, жалға беріп қана шаш етектен байлыққа батып отырған жекеменшік иесі

- қожасы ғой. Ұтылған - бәріміз. Ұтылған - мақтасы бар, мата шығаратын фабрикасы бар елден қытай мен қырғыздың бір жуғанда-ақ іріп-шіріп кететін бөзіне ділгір боп қалған қазақтар.

Сондай-ақ «АДК»-ны сақтап қалғанда, арзан құрылыс материалдарымен қаншама үй салынар еді. Қаншама жұмыс орны ашылар еді. Бүгінгідей баспана үшін басына қайғы-қасіретті үйіп алған үйсіз-күйсіз үлескерлер ұлардай шуламас еді. Менің бір түсінбейтінім: фабрика, зауыт, балабақша ғимараттарын жеке адамдарға тегін таратып беріл, күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдардан бір қағылсақ, бұрын шетелдерге валютаға сатып кіріс кіргізетін станок, аспап, агрегаттардан екі айырылсақ, бүлдіршіндерге қамқорлық жасап, тәрбие беретін аялы ұясынан және ажырасақ, соларды сөйткізуге қандай зәрулік еді? Қытайдың бір айдың ішінде жұлығы қақырап, табаны тіліниіп жататын сүйретпелеріне ыза болғанда: «Құдай-ау, сәні келмесе де, сапасы тым тәуір «Жетісудың» аяққиімдерін қайтадан шығара алатын

күнге жете аламыз ба?» - дейтін жерлестерімнің шағым-мұңы кімнің құлағына қашан жетер екен?

- Малыбай ауылында ұйғыр жігіттері Айдын Халықұлы атты қазақ азаматын ұрып өлтіргендігі жайлы шындықты жазған журналист Гүлжанат Шонабай мен сол мақаланы газетінің бетінде жариялаған «Тасжарғанның» бас редакторы Бақытгүл Мәкімбайды турасын айтып, төрелік жасайды деген сотымыздың өзі кінәлі етіп шығарды. Тура билердің бұл шешімін санаңызға қалай сіңіре алар едіңіз?

- «Тура биде туған жоқ» деу - кешегі күннің қағидасы. Бүгінгі «тура» билер турай білгеннің қолына қарап дәметіп, тулай білгеннің кәріне қарап қамалып отыратындар ғана ғой. Ал өз қазағын өзгеге жығып беру, өз қандасына қарғысты үйіп-төгу үрдіске айналып бара жатқанын кімнен жасырарсың. Осы үрдіске бой ұрған сот, әрине, жазықсыз Гүлжанатты да, түк күнәсіз Бақытгүлді де құрбандыққа оп-оңай шала салған. Заңдылықты әділ ұстаса, дәл мұндай шектен шыққан әрекетке бармас еді. Құқық қадағалаушылар бастырмас еді. Әй, бірақ...

- «Дағдарыстан - дамуға!» деген ұран сөздер еліміздің түкпір-түкпіріндегі көрнекті жерлерде көзге ұрып тұр. Осыны оқығанда: «Дағдарыс келмесе дами алмай қалғандай екенбіз-ау», - деген ойға келесің. Сіздіңше, мұндай дабыраның шеті-шегі бар ма, өзі?

- «Дағдарыстан - дамуға!» деген ұран алғашқыда менің де құлағыма түрпідей тиетін. Кейіннен: «Әй осы ұран керек те шығар-ау?!» - дейтін бір түйсікке тіреле беретін болдым. Неге дейсің бе? Дағдарыс бейқам жұртты оятуға, дел-сал билікті түрткілеуге, қамсыздықтан қаракетке көшіруге себепкер болған сияқты деп ойлап қалам-ау. Орынсыз шашылудан тыйылып, етек-жеңді жинатқызар бір дүрбелең біраздан бері қажет еді. Сол өзі дағдарыс болып жетті де, оң-солға қарауға, оң-терісті анықтауға бет бұрғызды ма екен, жемқор әкім, министрлер әшкереленіп, түйені түгімен жұтқан банкирлер тұтқындалып, елді елең еткізген күндер басталып та кетті ғой. Жемқорлықпен күресті шындап қолға алып, шен-шекпеніне, туыс-жекжаттығына қарамай, орта жолда бөгеліп, тұралап қалмай аяғына дейін жеткізсе, біраз былықтың беті ашылар ма еді. Әйтпесе баяғы күйбең тірлік күйбең түрінде қала берері - сөзсіз.

Ал дағдарыстың менің де әулетіме қаражатсыздық дейтін қиыншылықты үймелете жеткенін біреу білсе, біреу білмес. Екі жоғары оқудан бітіріп, екі-үш шетел тілін меңгерген менің үш балам да бизнес пен коммерциядан таза жұмыс істеуші еді. Дағдарыстың «арқасында» үшеуі де екі жылдай жұмыссыз отыр. Көңіл жетер жердегі тілектестерім санап жүрген бірер әкімге балаларыма қарайласып, қол ұшын созар ма деп құлаққағыс білдіріп едім. Жылдан асты. Солардан мүлде хабар-ошар жоқ. «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да» деп үнсіз ыңыранып қоям кейде...

- **Оқырман қауымға алғашқы жыр жинағыңыз арқылы ақын ретінде танылып едіңіз. Алайда кейінірек проза мен драматургияға біржола бет бұрғандай да болдыңыз. Ақындығыңыз прозаңыздың тасасында қалып қойғандайтын-ды. Кейінгі жылдары сол ақындық шыбытыңызға қайта мініп жүрсіз. Осының сырын қалай түсіндіріп берер едіңіз?**

- Алғашқы «Астана оттары» атты өлеңдер жинағым баспада алты жыл жатып, әрең шығып еді. Неге екенін білмеймін, әлде Мәскеудегі Болат және қорытпалар институтын бітірген инженерлігім күдікшіл күншіл-деріме маған «темір-терсек» дейтін лақап ат таққызып қойғандықтан ба, бастапқыда кітаптарым баспада алты-жеті жылдап жатып, әбден сүрленіп барып әрең жарық көретін. 1962 жылы шығатын тұңғыш жинағым жатып-жатып, 1968 жылы кешігіп шыққан соң, поэзияға деген ынтықтығым біраз суыңқырап қалды ма, прозаға біржолата ден қойып кеткен едім. Ол мүмкін көп томды «Елім-айыма» деген үздіксіз құлшынысымның әсерінен де шығар. Дегенмен поэзиядан да ада-гүде қол үзіп кете қоймағам. Кеудені түрткілейтін мазасыз ойларды әр кезеңде қойын дәптеріме өлеңмен түсіріп отыратын әдетімнен әлі күнге жаңылған емеспін.

Жоғарыда біраз кеселді бастан кештім деп айтып кеттім ғой. Сол аурулардың ағзамды қатты қинайтыны салдарынан бұрынғыдай үстел басында сарылып ұзақ отыра алмаймын. Ал проза жанры - салмағы ауыр жерің-ді орындыққа қадап қашайтын жанкештілікті талап ететін күрмеуі көп күрделі жанр. «Елім-ай» романымның төртінші кітабын бастағаныма үш-төрт жылдың мұғдары өтіпті. Қашан аяқтарымды бір Аллам білер. Ал күнделікті

күйбең тірлік өз дегенін жасатады екен. Ауруханада да, үйде де арқамды төсекке төсей берген соң, салмағы онша білінбейтін кішкене блокнотсымаққа қалам сүйектетуге әуес боп алдым. Ондайда қаламның сүйектетері, әрине, өлең жолдары. Ұлы Абай айтпай ма:

Күңгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа.
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа, - деп. Мен де әр жаққа ой жүгіртіп, күңгірт көңілмен бейуаққа сыр шерткенде нені айтам? Әрине, төңірегімнен естілген өкініштi айтамын. Өксікті қозғаймын. Алаяқтың азаматқа жасаған қысасынан жерінем. Құрғақ уәдеге жеткізбейтін әкімсымақтардың тайыздығы мен парықсыздығынан түңілем. Замандастарымның күншілдігінен, бақастығынан шеккен күйігімді, тартқан тақсіретімді қағаз бетіне түсірем. Өткен өмірдің соқпақтарына көңіл көзін сүріндірсең-ақ кеудеңнен запыраның ақтарылып сала береді. Ал «өлең шіркін - өсекші» ғой. Іші-тысыңдағы құпияңды жұртқа жайып, көрінгенге көзтүрткі етері де мәлім.

- Ақындық шабытқа мініп, ащы-ащы ойларыңызды баспасөз беттерінен оқырмандарыңызға тайсалмай жайып салып жүрсіз. Ертеңгі күні өзіме бір қырсығы тиіп кетер деп қорықпайсыз ба?

- Иә, бауырым, ащы-ащы ойларымды баспасөз беттерінен айтып-айтып тастағанымды жұбайым да онша жақтыра бермейді. Онысы мені сақтандырғысы келгені де шығар. Өзімнің де жүрексінетін кездерім болады. Анау журналист қыз-жігіттердің мезгілсіз жеткен жұмбақ қазалары, із-түзсіз жоғалып кетулері кім-кімді болса да түршіктірмей қояр ма. Мен өтірік, өсек айтқан емеспін. Жазғандарым - көргендерім. Көңілімді қобалжытқан күдік пен күйіктерім ғана. Ешкімнің еншісіне тиісіп, пәле жауып, азаматтығына, арына кір келтіріп, дақ түсірген емеспін. Әрине, арын, азаматтығын қадірлейтіндер ар-ұятына кір жұққызбауға тырысып, тәкаппарлықтан, менмендіктен, асқақтаудан өздерін аулақ ұстайды ғой. Мен ондай азаматтарды қатты құрметтеймін.

Өткен жылы он жеті томдық шығармалар жинағымды жартысын демеушілер арқылы, жартысын қарызданып шығарарда бүкіл облыс басшыларымен алдын ала хат арқылы хабарласып, кітаптарымды облыстарында

таратуыма жәрдемдесулерін сұрап едім. Тәңір жарылқағыр Серік Үмбетов інімнен басқа бірде-бір әкім тырс еткен жоқ. Сірә, соған қарағанда, біздің ат үстінде жүрген мықтыларымыз әдебиет пен мәдениетке онша бет бұра қоймаған тәрізді. Өзгелер түгіл, қол ұшын созамыз деген өз облысым үнсіз қалған соң, өкпемді текке өшірмейін дейтін қорғаншақ көнбістікке еріксіз мойынсұнып, кітаптарымды үйіме қалап, қамап отырмын.

- Өзіңіз секілді елге танымал ақын-жазушыларымыздың көпшілігі келелі жерлерде тығылмақ ойнағандай, айтар сөздерін ішке бүгіп қалып жатады. Немесе кейбірі ат-шапан дәметкендей, әлдекімдерді қолдан пайғамбар жасауға тырысып жатады. Мұны қалай түсінсек екен?

- Пендеден тұлғаға көтерілу қандай қиын болса, тұлғадан пендеге құлдырау сондай жеңіл. Біз «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүруге әбден машықтанып қалған жұртпыз. Сондықтан кейбір қаламгерлердің жеңіл жаққа желе жөнелетіндеріне көзіміз әбден үйреніп кеткен. «Әдебиет - ардың ісі» деп жүріп, сол арды аттап өтетін абыройсыздығымыз, әрине, қынжылтады.

Тұрмысты жағдай билейтін, адамды (ақынды да) әкім илейтін қазіргі заманда сүйек-саяқ дәметкен тілемсек көздер көбейіп кетпеді ме. Қаламақы жүйесі мүлде жойылған соң, күнкөрісі нашарлаған қаламгер қауым жоғарыдағыларға кірпік қадап, жапақтап қалғанын несіне жасырамыз. Жазушының тауары - кітабы десек, сол жылдап жазылатын кітабына мемлекеттен соқыр тиын алмаса, бүгінде олардың (шығармашылық иелерін айтамын да) қайыр сұрап кетпегеніне тәубе қылсақ қайтеді. Сол себепті де ат-шапан дейсің бе, оң қабақ дейсің бе, әйтеуір, қолына тиер әлдебір олжаны (қайдағы олжа-қалжаны) аңсаған пенде-қаламгердің әлдекімдерді пайғамбар жасауға тырысатынын күстәналауға қақым да жоқ. Өйткені соған итермелейтін қиянат қаламақыдан қағылу ғана. Өз еңбегінің жемісін жей алмайтын шығармашылық иесінің бүгінгі көрсоқыр тағдыры ғана.

Бұрынғы кеңестік кездегідей қаламақы жүйесі сақталған болса, мен он жеті томыма мыс-мыс қаражатты күреп алып, шын мәніндегі еліміздегі ең таза, еңбегімен жеткен шынайы миллионер атанар едім. Ондай атты күн қашан туар екен деп құр армандаумен өмірді өксітумен

келеміз әлі. Егерде бұрынғыдай өз қолымыз өз аузымызға жетер болса, бәлкім, етік жалап, етек сүюден тыйылармыз да...

- Еліміздің ертеңі ерен болуы үшін біздің кезек күттірмес қандай істерді атқаруымыз керек деп ойлайсыз?

- Ертеңінен ертегідей қиял-ғажайып тіршілікті аңсамас жан болмас-ау, сірә. Бүгінінен түңілген адамның ертеңіне иек артары ежелден белгілі. Сондықтан мен де ертеңіме - ертегіме, өртеңіме жетердей алқына үңілем. Бірақ сол ертеңнің тап бүгіннен басталатынын ұқпайтын кеңкелес те емеспін. Бүгінім бұлыңғыр болып тұрғанда, ертеңгі таңымның жарқырап атарына шүбәлана қарайтыным рас.

Ал ертеңіміз нұрлы, құнды, құнарлы болуы үшін көп нәрсенің қажеті аз. Ең алдымен мәдениетке баса көңіл бөліп, халқымыздың шынайылығы мен мөлдірлігін кір-қоқыстан тазартып алған лазым.

Екіншіден, газ, мұнай және шикізаттан түсетін пайда көзін өндіріс орталықтарын көптеп ашуға жұмсау керек. Үшіншіден, қазақ - қауымшыл жұрт. Әлімсақтан қауымдасып, қордаласып тұрмысын күйттеген. Сол қалпына қайта оралту үшін ұжымшар ма, басқасы ма ауылшаруашылығы бірлестіктерін тездетіп құрып, жандандыру аса қажет. Сонда ғана ертеңімізден ертегідей ғажайып күте аламыз. Осыған бар пәрменіммен сенемін. Дәл осы тілегім елбасының құлағына жетсе екен деймін...

- Рақмет, тілегіңіз қабыл болғай! «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалар» сондай заман барша халқымыздың ізгі арманы ғой.

Әңгімелескен Кенжеғали
ҚОШЫМ-НОҒ АЙ
«Дат» газеті. 2009 жыл

ОСТАВЛЯЯ ЯСНОСТЬ СЕБЕ, ВОЗВРАЩАЮ ХМУРОСТЬ СУДЬБЕ.

(Интервью с самим собой на русском языке)

- Софы Калыбекович, вы родились в такой печально известный день...

- Да, родился я 22 июня 1941 года в семь часов утра по местному времени. Именно в этот день в тот же час по невероятному совпадению началась так называемая Отечественная война. Если бы я был латинянином-итальянцем, меня называли бы Марс, если бы я был древним греком - мое имя было бы Арес. Если бы мои родители знали древнетюркскую мифологию, они назвали бы меня древним скифо-сакским именем Арай. Но они именовали меня Софы, что значит мудрец.

- Как вы думаете, о чем был ваш первый крик? О том, что в мир пришла великая и страшная война или же о том, что мы победим в этой войне?

- Глашатаем кровавой сечи или предвестником будущей Победы раздался мой первый крик-плач - не мне судить.

Домочадцы рассказывают, что безусые джигиты как бы прощаясь с последним весельем мирных дней, три дня И три ночи кряду гуляли на праздновании моего рождения. Вскоре они в количестве семидесяти человек ушли на фронт. И тридцать из этих отважных юношей навеки сложили свои Светлые головы на поле брани.

Так мой родной аул потерял первых своих славных сыновей.

Оборвавшаяся на лету жизнь и несбывшаяся юношеская мечта этих безвременно погибших парней вызывают во мне с того момента, как помню себя, чувство вечного долга перед ними.

- А на малой вашей родине, родине тех самых рано усопших безусых джигитов, будете отмечать ныне свою дату?

- Нет, не буду. Ни разу в жизни не отмечал свой день рождения ни в своем ауле, ни в районе, ни в области. Меня на мой же праздник не приглашали акимы. Да я и не просил их об этом.

- То есть вас упорно не замечают?

- Получается так. Однако читатели родного Казахстана

уважают и почитают мое творчество, помнят моё имя. В странах СНГ помнят как своего писателя. В дальнем зарубежье меня знают по моим произведениям. А у себя... В родной области не поставлена ни одна моя пьеса. И некоторые делают вид, что меня совсем нет. А в России шли два спектакля по моим пьесам. Тем временем я даже не заикаюсь, что не было в моем ауле скопления где-то около тысячи легковых автомобилей, десяти тысяч гостей, как это происходит на юбилеях расторопных средней руки литераторов юга и запада. Все же я не имею к землякам никаких претензий, ибо люблю их, как свою большую семью, в которой есть все: и обиды, и переживания, и радость редких встреч.

- Есть мнение, что вы избегаете общения не только с власть предержащими, но и с журналистами. Что так?

- Мне незачем оправдываться в своей обособленности, ибо я не буду обслуживать политику, выполнять запросы ни верхов, ни низов. Я человек определенного принципа: «То, что я хочу - то я и делаю!». Я, как ты сам знаешь, - автор девяти романов, тринадцати повестей, четырнадцати пьес, тридцати поэм, либретто пяти опер и нескольких рассказов. Мною переведены произведения литераторов десяти стран. Мои книги стали доступны читателям двадцати государств.

Цену своим творениям, как в количественном, так и в качественном отношении, ожидал и ожидаю получить не от чиновников или власть предержащих, а от истинных ценителей читателей. Если этого будет недостаточно, уповаю на Его Величество Время, которое все расставит по своим местам. Пока что мои книги- доказательство моей честности. Вот итог моей деятельности к семидесятилетию. Иногда, правда, я общаюсь с такими газетами как «Жас Алаш», «Общественная позиция», «Казахстан», редко со «Свободою слова». Это не означает, что я не люблю журналистов или я такой возгордившийся недотрога.

- Кстати, про биографию. Все знают, что вы маститый романист, известный драматург. Определенному кругу людей, в том числе чиновникам, известно, что вы еще и поэт. Ваши остро публицистические поэмы опубликованы в газете «Жас Алаш». Но почти никто не в курсе, что вы учились в техническом вузе, что вы - писатель по призванию, а по образованию - инженер.

- Да, вы правы. Чтобы быстрее стать писателем, с пылким рвением молодости проучился год в КазГУ. Затем, вняв мудрому совету великого Мухтара Ауэзова, продолжил учебу в Москве на инженера. Та школа жизни, которую я прошел, когда трудился на Московском заводе «Серп и молот», Тульском металлургическом, на Карагандинском меткомбинате и вел научную работу в АН КазССР, способствовала накоплению огромного жизненного материала. И, тем не менее, неодолимая потребность в творческом самовыражении снова привела к писательству и провела меня через золотые ворота Союза писателей Казахстана, определив в нем мое скромное место. Воздвиг ли я в том месте нерукотворный памятник себе, или к нему давно уж заросла читательская тропа, оценит мой доброжелатель, мой бесстрастный критик - родной народ.

- Дадим слово вашему роману «Елим-ай». Есть там такой отрывок:

- «Песня - летопись, преданье. Отодвинь, как полог, время - в той мелодии прекрасной скрыта тайна поколений, обескровленных, несчастных, злобно загнанных в ловушку и молящих о свободе, неутешно на коленях, как бездетные - о детях. К вам из глубины столетий донесется свет надежды, свет души простой и чистой. И тогда вы различите голос искренний, горячий, свет любви ни с чем не спутать... Поклонитесь детству жизни, первородству чувств и мыслей.

Вслушайтесь в дыханье песни: испытавшее лишенья, трепыхается, как птенчик, сердце - в предвкушенье смерти. Это так. Но выше страха гордость, честь, любовь к свободе.»

- Эти строки из вашего романа-трилогии «Елим-ай» звучат лейтмотивом всего вашего творчества. Вы согласны с этим?

- Да, роман-эпопея «Елим-ай» («Родимая сторона») - три книги о прошлом Казахии, основная книга всей моей жизни. Первый том, переданный в издательство в 1970 году, благодаря «доброжелателям»-завистникам увидел свет только в 1978 году.

- А как вы чувствуете своих героев, как ощущаете их эпоху?

-Чтобы во спроизвести на бумаге судьбу народа, в далеком прошлом перенесшего великие страдания и сумрак войны, писатель хотя бы в душе должен стать или проводником, или караванщиком этого долгого жизненного кочевья.

Во время работы над романом мне слышались глухие стоны людей и животных, песню путника, напевающего бархатным голосом, стенания матерей по погибшим детям. Я представлял героев-воинов, их разжигающих молнией огонь, жестокость врага, до рукоять вонзившего черный кинжал в нежную грудь девушки. И многое другое. Наверняка можно было бы дать волю ручке, свободу слову, простор фантазии, но чаще я сдерживал себя, укрощал воображение, чтобы написанное мной ыбло как можно реалистичнее.... Лишь тогда, высокие Горы вонзающиеся, как копья, в небо, и распростертые далее горизонта широкие Степи, немые свидетели прошлого, раскрывали свои тайны и показывали картины того, как горевал и радовался, как сожалел и верил в будущее, сомневался и не терял надежду народ казахский.

Судьба народа - не простой ларчик с тайнами, который легко открыть. Нужны бесконечные поиски, глубокие исследования, необходимо вникнуть внутренним взором в исторический материал, начиная от прошлого до нынешних дней. Писатель, берясь за историческую работу, должен снова и снова проверять каждый факт, должен пропустить его через горячее течение крови сердца, и сомневаясь в нем, и волнуясь за него. Лишь в таком случае ты сможешь почувствовать историю древней Казахии. Лишь в таком случае всей душой поймешь пережитое казахским народом - его счастье, завоеванное в борьбе, его жизненный путь, по которому он пришел к свободе, к благородству и надежде через безмерную любовь к своей земле.

- Софы Калыбекович, поддерживают ли вас духовно в трудные минуты ваши герои, которые имеют право быть сохраненными для истории не только казахского, но и других народов республики?

- Да, они навсегда остались со мной. С сожалением приходится мириться с тем, что мои современники, знакомством с которыми я всегда искренне гордился, в отличие от моих героев, потихоньку покидают меня. Кто-то ушел в мир иной. Все меныпе остается единомышленников.

А герои романа в своем большинстве - исторические личности. Бии, батыры, люди простой жизни. Те, кто ухаживает за скотом, живет своим хозяйством, находится ближе к земле, чем другие. Они пуповиной связаны с землей предков. Поэтому для них ценен каждый клочок родной

степи, дорога каждая ложбина, горяч каждый родник. Когда со всех сторон берут в железные тиски вражеские полчища, аки нынешние алчные соседи, не должно оставаться ни одного казаха, у кого при одном только упоминании о независимости не взбудоражилась бы кровь, не встрепенулось бы сердце. Поэтому их любовь к родной земле, сыновняя любовь к Горам и Степи, в отличии от высокосидящих чиновников, считающих землю товаром, постоянно полыхает жизненным светилом в их сознании, думах, чувствах. И именно эта любовь постоянно их оттачивала, закаляла и питала их боевой дух. Потому что от любви к своему аулу начинается любовь к своему краю. Родина - опора, честь, гордость. Герои романа - Казыбек бий, Жомарт батыр, земледелец Кулнияз, табунщик Тасыбек - люди, понявшие все это всем сердцем. Это люди, продолжавшие обычаи, обряды, мечты, цели своего народа, почитавшие его гражданский долг, как главное содержание жизни.

- Недаром вы дали название книге «Елим-ай». «Елим-ай» - это не только скорбная песнь-гимн нашего народа, но и гимн жизнеутверждающий как определил Айтматов. Ведь так?

- Совершенно верно. Надеюсь, что это мое эпическое произведение - не простая хроника исторических событий, а роман - песнь, роман - симфония.

Напевы домбры, песенный язык книги постепенно превращаются в горькую истину народной жизни. «Елим-ай» - горестная тоска времен вражеской кабалы. Без этой песни невозможно полностью понять страдания печального, облаченного в траур казаха во время джунгарского нашествия. В начале произведения голос песни доносится слабо. Но постепенно этот тяжелый плач по родной земле отдаленным, а затем, нарастая, все явственно слышимым громом заполняет всю Степь. Задумчивая мелодия старца из племени Аргын, главы кочевья покидающих родимые места людей - тоже «Елим-ай». Стонущая, бредущая по глухой степи, проливая слезы, прижимающая свое дитя к груди, Аршагуль поет ту же песню - «Елим-ай». Дошедшая из поколения в поколение, поддерживая страждущих, гнездившаяся в истерзанном сердце светлой мечтой, призывающая раскромсанный народ к единению, зажегшая лучину надежды на будущее, гимн стойких тоже - «Елим-ай».

- Как вы думаете, пользуются л и ваши произвед ения, рожденные вашими честными помыслами, успехом так же у чинушей?

- Поддержки и чисто человеческой благодарности с их стороны не было. А от государства получил, во всяком случае, половину того, что полагается. Меня наградили орденами «Курмет», «Парасат», медалями. Поскольку мои книги по итогам года разных лет признавались лучшими, я пять раз был выдвинут на звание лауреата Государственнойпремии.Ивсякий раз меня «прокатывали» мои же собратья-коллеги по перу. Это их «оценки» за мои заслуги. Аморфное, злое, малочисленное, но сильное своим единением сборище завистников во все времена радовалось поражениям одаренных творцов. Понимая это нутром, сожалею лишь об одном, что приходится сталкиваться с нахально придирчивыми хулителями, а не с достойным противником. И поэтому ни тогда, когда в начале пути встречали нужда и беспомощность, ни сейчас, когда сопровождают благополучие и известность, я не терял совесть. Ибо зло всегда ничтожно мелко по сравнению с совестью честного человека. Я горжусь, что честно жил по времени и при этом сквозь время, сохраняя себя, не изменяя себе, оставаясь человеком. Я тяжело заработал благополучие и достаток, но легко приобрел болезни: пять инфарктов, два инсульта и рак желудка. И, тем не менее, приобрел как настоящих друзей, так и нажил настоящих врагов.

Считая свое существование значительным, не люблю ссориться с властями, хотя никогда ими не был обласкан. Ибо без политических протестов можно сотворить как свой личный образ, так и свой литературный мир. Однако всякое жизненное кредо бывает и не без исключений. И мое недовольство властью однажды проявилось во времена руководства республикой Геннадием Колбиным. В пику требованиям руководителей партии всячески защищал истинно талантливых сыновей нации. Отказывался выполнять несуразные поручения Колбина и его приспешников. За такие поступки был дважды подвергнут обсуждению на секретариате ЦК, где я сумел отстоять свои правоту и принципы. И сделав прецедент, на следующий же день после первого секретариата по собственному желанию оставил должность ответственного

работника ЦК и ушел на творческую работу. За такой, хотя и незначительный, протест я уважаю себя и продолжаю творить неординарную историю своего бытия, своей жизни. И потому обещаю быть до последнего вздоха рупором нужд и чаяний своего обездоленного народа.

-Я убедился, Саке, что более беззащитной профессии, чем литератор,сейчас не существует. Защищая свою творческую индивидуальность, и защищая права и правоту обездоленного, наибеднейших слоев казахского народа, казахстанский писатель не получает за свой труд не только гонорар, но даже зарплату. Как не удивляться долготерпению ваших жены и детей?

- Да, брат, «если преследовать зайца без конца, он превратится в храбреца». Да, защищая себя, но и не забывая о насущном хлебе наших детей, стараемся использовать малейшую возможность сказать свое слово. В этой связи я могу привести в пример свой роман «Кто мы, не рабы ли?». Основная его тема - изображение времени «застоя». Помните, что многие писатели в застойное время привыкли сами и приучили читателей К установленным штампам, стандартам: «хороший» - всегда хорош, «плохой» - до конца плох. Отличительная особенность моего романа, написанного в 1986-87 годах, заключается в психологизме, в демонстрации проявления человеческой натуры в определенных ситуациях и во времени, роста личности или ее духовного опустошения, борьбы за сохранение достоинства или показа уровня нравственного падения.

Таким образом, в романе я показал концентрированно, через события, детали, штрихи отличительные черты времени застоя, все, что привело к попранию общечеловеческих принципов, к духовному и моральному обнищанию общества - глумление над честными людьми; гонения, вплоть до физического уничтожения, коррупция, организованное взяточничество, заведомая ложь и обман народа, массовые приписки, стремление выдать желаемое за действительное, корыстолюбие, мещанство, тунеядство, социальный паразитизм.

- Подождите, Саке, но это же точь-в-точь истинная картина нынешних дней! Боюсь, что она все еще терзает вас. Смогу ли я состраданием своим снять хоть капельку боли с вашей души, Саке? Знаю, что вы

перенесли тяжелую операцию, можно сказать, заново родились на свет. Вы привыкли побеждать, у вас огромная сила воли - не зря родились предвестником победы. В этой схватке с недугом вы уже первый тайм выиграли. И в этом вам помогли, и далее будут помогать любовь и признание всех читателей, поклонников вашего яркого таланта.

- Спасибо. Поверь, мне действительно приходится собирать свою волю в кулак, чтобы мужество не покидало меня, когда бывает необходимо пойти против власть предержащих, ибо и у меня есть дом, есть супруга, есть дети. Наконец, есть жизнь, которая дается один раз. Но эта жизнь убеждает, что в глазах современников предпочтительнее выглядеть человеком, нежели трусом.

Из предателей творит идола тот народ, который позабыл свои корни. А наш народ не такой, я верю в свой народ! Он нравственно здоров, физически крепок, гуманен и добр.

- И вам спасибо, Софы Калыбекович за разговор. Здоровья Вам, удачи, сил, новых произведений!

Газета «Общественная позиция»
июнь 2011 года

ҰЛ МҰДДЕСІНЕН ҰЛТ МҰДДЕСІ АРТЫҚ БОЛУЫ КЕРЕК

- Сіздің ойыңызша жазушылық кәсіп қалам ұстаған жанға қандай міндеттер жүктейді? Шығармашылық адамын басқалардан ерекше етіп көрсететін қай қасиеттерді айрықша атар едіңіз?

- Бұл - менің бүйірімді бұлкілдетпеген таңсық түйсік екен. Өйткені қаламгерлік тірлік менің тас маңдайымды қасқалап тіліп бұйырған еншім тәрізді көрінуші еді... «Жазушы - меніңше, әрі өткен күндердің, әрі өз заманының шежірешісі, әрі өз уақытының айнасы. Заманының ұңғыл-шұңғылына үңіліп, қоғамының ақ-қарасын пайымдап, уақытпен бірге адымдап отыратын суреткер ғана шынайы шығарманы дүниеге әкелер болар. Сондықтан да әр хас қаламгер ел шетінде, жау бетінде тұрады. Сондықтан да шынайы талант елдің үні боп сөйлейді. Халықтың тілегі боп көптен бұрын көзге түседі. Ұлтының ары мен намысы болып алға шығады» - дейтінмін.

- Мұның бәрі белгілі жағдай ғой, аға...

- Аныған айтар болсам, ұлы тілекті жазушы ғана ұлтының қамын жейді. Халықтың мүддесін ойлайды. Ел арманын алға сүйрейді. Өйткені ұл мүддесінен ұлт мүддесі артық екені ақиқат. Ер білегімен ел тілегі орындалары шындық. Ендеше әрбір табанды жазушы - елінің әрі перзенті, әрі ұлы, әрі ері. Ол оның бүгінін көркейтіп, өткенін ескеріп, келешегін көксеп отыруға тиіс.

Сонда ұлтымыздың қасиеті өсіп, қадірі артып, құрметі көбейеді. Ұлы халықтың ұрпағы құнды, ұландары сыйлы боларын естен шығармалық.

- Әдетте, қаламгерлер әр шығармасын «перзентім, бөбегім» деп жатады. Осымен келісесіз бе?

- Әр шығарма қаламгерді толғантып, қинап, жүйе-жүйкесін шаршатып, шалдықтырып барып жарық дүниеге өз шама-шарқынша жар салып туатын перзентіндей болатыны рас. Меніңше, әр шығарманың өз өмірбаяны бар. Автордың іштей тебіренуі, толқуы, елігуі, жүрексінуі қат-қабат араласып жатуы әбден ықтимал. Оларсыз шығармашылық «толғағы» мардымсыз. Ал себепсіз салдар жоқ дегенге сайсақ, әр істің, сәтімен аяқталған істің әу баста тілеулес түрткісі болатыны және ақиқат.

- Осындай «толғатуды», естуімше, сіз тым ерте бастапсыз. Кеудеңізге рух дәнегін сепкен қандай әсердің түрткісі болды?

- Менің мамандығым - инженер-металлург. Мэскеудегі қазақ студенттері мерекелердегі бас қосуында «Елім-ай» әнін қосылып айтып ашып, сол әнмен тойтарқарды жасайтын. Сондай сәттерде балаң жігіттің жас жүрегі іңкәр сағынышқа көбірек берілгіш келе ме, көз алдыма туған даламның ақ селеуі жыбырлай толқыған жұпыны бейнесін оралтып, мұңлы эн маған ерекше әсер ететін. Содан ба, мен «Елім-ай» энінің шығуын тексеріп, тарихын түсіндіруді алдыма мақсат қып қойдым. Мәскеудің кітапханалары мен мұрағаттарынан біраз деректер мен дәйектер жинадым. Кейін ұлан-байтақ даламызды талай аралап шығып, көнекөз қариялардың қарлығыңқы үніне құлақ боп тосылдым.

- Көп ұзамай осы атақты романыцыз өз оқырманына жеткенін білеміз. Сонымен көкіректе піскен дүниенің қиналмай туатыны рас дейсіз ғой.

- Олай деуге болмас. Қиналмастан қиындықты жеңе алмассың. Шындықты іздегеніңде шырылдатар қиындықтар мол кездеседі. Өйткені тарихи шындыққа негізделмесе, көркемдік шындық туралы сөз қозғаудың өзі де артық. Ойдан шығарылатын шындық болмайды. Және тарихты бұрмалау жеке адамның қолынан келмейді. Өйткені тарих - көптің, қоғамдық өмірдің бастан кешкен дәуірі. Сондықтан ұлы мәртебелі тарих алдында эрдайым адал көңіл, таза жүрекпен жүгініп отыру лэзім.

-Кейбір сыншы-әдебиетшілер «бүгінде өткен-кеткенді қопармай-ақ, архивтерге бас сұқпай-ақ том-том тарихи кітап жазғыштар көбейді» - дегенді айтады. Бұған сіз не дейсіз?

- Не айтайын... Кімді не деп жазғырармын. Өз ойымша, Отанға деген ыстық ықыласыңнан далаңның көлімен шөліне, туған халқыңа, оның ұлттық дәстүріне, салт-санасына, бай тіліне, үнсіз қорғандарда жатқан ата-баба рухына деген сүйіспеншілігіңнен тарихқа деген шынайы көзқарасың қалыптасуы мүмкін. Егер халқымыздың осыдан үш ғасырдай бұрынғы халіне көз жіберсек, онда сонау ақтабан шұбырынды болған қанды жолмен қыбырлап кеудесін әрең сүйреткен қайғылы елдің азалы тарихын көрер едік. Жан-жағынан анталаған жоңғар, шүршіт, орыс қыспағында қалған халқымыздың алдына тарихтан біржолата өшіп, құрып кету

немесе далбасалап елді сақтап қалу дилеммасы жан алқымға тіреле қойылған. Осындай қоғамдық, әлеуметтік себептер қазақты Ресейдің қоластына кіріп, тәуелсіздігін құрбандыққа шалуға мәжбүр еткен. Көркемдік шындықты іздегенде мен осынау тарихи шындыққа арқа сүйедім. Тарихи дәйектілік, саяси жағдай мен әлеуметтік мәселелерді көрсетудегі дәлдік, ұлттық әдет-ғұрып пен халықтың характерлерінің өзіндік ерекшеліктерін нақты беру - адастырмас құбылнамама айналған.

- Дұрыс қой. Бірақ кәдімгі кәсіби тарихшылар атқарар міндетті қаламгерлердің арқалап ала жөнелуін лайықты жұмыс дей аламыз ба? Сонда, «әркім өз ісімен айналысқаны жөн» деген қағида қайда қалады?

- Әрине тарихшылардың ел, ұлт тарихымен қоян-қолтық айналысқанын құп көремін ғой. Бірақ кеңестік кезеңде ұлттық республикалардың тарихын Октябрь революциясынан бастатқан мәскеулік тарих ілімінен аттап кете алмай қойған тарихшыларымыздан түңілгенімізді несіне жасырайын. Ал тарихи тақырыпқа қалам сілтеген соң тарихты зерттеу, игеру, тану қажеттігі даусыз мәселе. Әдебиет - халық өмірінің айнасы. Ол кешегі мен бүгінгіні, бүгіні мен болашақты салыстыра, сабақтай отырып ілгері дамиды. Өткенге үңілмей, болашақты болжау қиын. Бағы заманның қытымыр қойнында жатқан талай тылсымды ашып, жайып салып, замандастарымның игілігіне айналдырғанымды айып санасаң, өзің білерсің. Мен үшін ол абыройлы жұмыс. Халқыңның тарихын зерттеп, сол кезең оқиғаларын шығармаң арқылы бүгінгі һәм келешек ұрпаққа таныту - әрі тәрбие, әрі өнеге.

Әлбетте, тарихи шығарманы жазу оңай дүние емес. Ол үшін кейіпкерлеріңмен әрекетіңмен де, идеяларыңмен де бірге өмір сүріп, бірге тыныстауың керек. Кеңістікті шарлаған қиялың: «Кім?» «Қайда? Қалай? Не үшін?» дейтін сұрақтарды жиі түрткілеуі ләзім. Сонда әрі тарихшы, әрі этнограф, әрі археолог, әрі географ, әрі философ, әрі дипломат-саясаткер қызметтерін азды-көпті бойыңа сіңіруге тырысасың. Оларсыз шығарма шындығын жеткізу қиын. Алыс күндер мен бүгінгі тірлікке лайық көпір салып, ақиқат пен аңызды жалғастыру - шебердің еншісі. Қаламгер қиялы.

Даналықтың мөлдір тұнығынан сусындаған ұлт өкілдерін биін бише, батырын батырша, ақынын ақынша сөйлету - қаламгерлік парызымның шыңына айналды десем артық

болмас. Сондықтан да бейнелі сөз, образдылық, астарлы диалогтар, шешендік дәстүр «Елім-айдың» көркемдік қасиетін айқындайтын компоненттер болуын армандадым. Әйтеуір ниетім түзу.

- Қалың оқырман жылы қабылдағанымен, осыншама тер төккен еңбегіңіздің кең таралуына кезінде біраз тосқауыл болғанын білеміз. Осы орайда «Елім-айды» еленбей қалды деуге бола ма?

- Кім айтты еленбеді деп? «Елім-айды» кезінде әр кітабына ауыл қазағы бір қойын беріп, айырбастап алатын-ды. «Елім-ай» - менің негізгі өмірлік кітабым. Менің бір ғана кінәратым - алғашқы кітабын отызға да жетпей жазуым. Содан да болар, мені қалың оқырман бірден қабылдағанымен, оған кейбір әріптестерім мен бәтуасыз басшылар үрке қарады. Үрпиісе бөлектеді. Еңбек бағаланбады, баға берілмеді. Құрмет көрсетілмеді. Ол - сол кездегі тоқырау заманындағы бойкүйез әдетіміздің салдары ғой.

Бірінші кітапты баспаға 1970 жылы тапсырғанмын. Араға аттай сегіз жыл салып, ол 1978 жылы әрең жарық көрген. 120 мың данамен шыққан роман бір айға жетпей тарап кетіп еді-ау... Осы кітапты шығармау үшін баспадағылар да, басқалар да «Ойбай, темір-терсектің оқуын бітірген инженер тарихи тақырыпқа не бетімен барады екен, ей!» - деген де алыпқашпа әңгімелерді шиырлап жүрді. Кейбіреулер бұл шығарма жайында «Өткенді көксеп, хандық дәуірді аңсап, бүгінгі өркендеген социалистік тұрмысымызды мансұқ етпек», - десе, тағы біреулері: «Әй, ол әлі жас қой. Отызға да жетпей тарихты қозғап, қалың роман жазып несі бар. Күте тұрсын!» десе үшіншісі: «Әлдебір металлургтың шатпағы түгіл майталман жазушының да сүбелі еңбектерін басып шығаруға қағаз таппай жүрміз. Келімсектер дәндемесін!» деп күпілдесе, сақ құлақ қырағылары: ««Елім-ай!» деп күңіренетінін қайтерсің бұл Сматаевтың. Тіпті одан басқа да ел жоқтай-ау. Мына қалпымен Россияға біз өз еркімізбен қосылған жоқпыз деп, бұл шіркін сүттей ұйып, бауырдай қатқан интернационалдық достығымызға іріткі салып, тұтастығымызға сына қағуы мүмкін-ау. Байқаңдар, осының өзі ұлтшыл болмасын. Анау «Жас тұлпар» дейтін бүлікшіл топты құрушылардың бірі емес пе ол! Байтұрсыновтар да баяғыда ұлтшыл ұйым құрудан бастаған бар сұмдықты!» деп небір сөзді гулеткен. Қош... Әйтеуір, кітабымның жарық көргеніне, өзімнің аман-есен жүргеніме тәубе қыламын.

- Расымен де, кезіндегі Кеңес идеологиясынан қаншама қаламгерлеріміз құқай көріп өтті. Әйтсе де бүгінгідей жариялылық заманында қазақ қаламгері шығармашылық еркіндікке қол жеткізді дей аламыз ба?

- Жариялылық деймісің... Сол өзі бізге толық жетті ме екен?! Рас, тарихи тақырыпқа қалам тербеген әр қаламгер қыл үстінде жүреді. Оған ұлтшыл, жершіл, ескішіл дейтін айдар тағылатын. Мен демократиялық принцип дегеніңді бұрында-ақ аңсамап па едім?! Жариялылық - адалдықтың айнасы, ал адалдық - азаматтықтың белгісі деп қалпағымды аспанға атқанымды қайтейін. Әлгі ел таласа оқыған «Елім-айдың» үш кітабын толып жатқан баспалардың ең болмаса біреуі осы Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында қайталап басуға ниет білдіріп көрді ме екен? Жазғаны жұртқа жетпесе, қаламгердің аты қайдан шығады? Басқасын айтпағанда, азаматтық пен адалдықты біздер - қаламгерлер, үнемі өз бойымыздан таба білдік деп айта алмаймын.

Бізде шын талантты ертерек өлтіртіп алып, жылаған болып, әділет пен шындық іздеген болып жабыла мақтауымыз, жұмыла жоқтауымыз бар. Сөзімді дәлелдеу үшін Қасым Аманжоловтың биылғы 100 жылдық мерейтойын баспасөз бен басқа сөздерде жариялаудың жұтаңдығын көлденең тартар едім. Қазақ үшін Қасым әдебиеттің бір ғасырындай болған алыбы емес пе? Биыл 80 жылдығы атап өтілмек Мұқағали да сол Қасымның жырынан от алмап па еді?! Ендеше екі арысқа, екі ұлы ақынға, елдің екі ұлына бірдей құрмет көрсетсек, біз, шын мәнінде, адалдықтың құлы, әділеттің жоқтаушысы болар едік.

Жалпы, бізде әдебиетті насихаттау, қаламгерді сәйгүліктей баптау жағы мүлде жетіспей жатыр. Ұлы Пушкинді жалпақ Ресейге жағалай таныстыру үшін ұлы сыншы Белинский қажет болса, бізде тереңге үңілместен ақ пен қараны ғана ажыратар қарапайым сыншының өзі де табылмайтыны құпия емес. Тағы бір қатты ескерер жағдай - біз мәдениет пен әдебиетті пайда көзіне айналдыра алмай отырмыз. Әрине, Әдебиеттің өнегелік, тәрбиелік пайдасы ұшан-теңіз. Әйтсе де ол үлкен табыстың да көзі емес пе? Ал біз қаламақы жүйесін мүлде жойып тастадық. Жоғарыда отырғандар қаламгерлерге, оқырманға тиер моральдық зиянын ойлай ма екен? Әй, білмеймін. Азаматын ардақ тұтқан іргелі елдер болса, ақын-жазушысын алақанында ұстайды. Өнерге деген, ұлттық мәдениетке деген бүкілхалықтық бетбұрыс болмай,

идеологиядағы шенеуніктердің бюрократтық көзқарасын, немкұрайдылығын жеңу қиын. Өз басым әзірше олардан туңілумен келемін. Ал біздерге сілкініс керек-ақ. Халықтың тілі мен үні саналатын ақын, жазушы елдің алдында топ бастап, адымдап бара жатса, сол елдің мерейі үстем, еңсесі әманда жоғары болмас па еді...

- **Сіз туралы кезінде майдангер қаламгер Қалмұхан Исабаев «Шенеуніктер ішіндегі жалғыз жазушы» деген мақала жазғанын білеміз.**

Онда сіздің кезінде Колбинге және оның шовинистік рухтағы шенеуніктеріне үнемі қарсылық білдіріп, ұлтыңыздың үстінен бұлт ұшырмауға барыңызды салып, кәдімгідей ерлік көрсеткеніңіз жайлы тәптіштеп баяндалған. Жақында бір сөзіңізде «әлі де әділетсіздікпен күресіп келемін» дедіңіз...

- Менің шығармаларымның негізгі өзегінде шындық тұратыны сөзсіз! Мұны баспасөз беттерінде жарияланып жүрген өрт, дерт, серт, өксік, өкініш... дастандарымды оқығандар жақсы біледі деп ойлаймын. Мен сол өмірлік ұстанымымнан - «әділет керек!» дейтін донкихоттығымнан бір елі де ауытқыған емеспін!

Әңгімеңізге рақмет. Жетпістің биігіне жеткен шағыңызда, мерейлі жасыңызбен қалың оқырмандарыныздың атынан құттықтаймыз. Шыншыл шығармаларыңыз ғұмырлы болсын!

Сұхбаттасқан Алмат ИСӘДІЛ
«Алаш айнасы» газеті
22.06.2011

ХАЛЫҚТЫ ҚАРАЛАҒАН ҚАСИЕТІНЕН АЙРЫЛАДЫ

Белгілі жазушы, ақын әрі драматург Софы Қалыбекұлы Сматаевтың «Елім-ай» трилогиясы көпшіліктің назарына ілінгені қашан?! Зұлмат жылдардың трагедиясынан сыр шертетін аталмыш шығарма роман-трилогияға айналып, оқырманының ықыласына бөленді. Қаламгердің қаламынан туған дүниелерінен бөлек, Ұлт туралы, Ұлттық идея, Ұлттық сана төңірегінде айтып жүрген ойлары да көпшіліктің назарынан тыс қалмаған. Ешуақытта да қолынан қаламы мен қағазы түспеген Софы Сматаевпен ұлт туралы, әдебиет туралы тағы бір әңгімелесудің сәті түсті.

- Софы аға, сіз айтулы әрі аласапыран басталған күні жарық дүние есігін ашқан екенсіз...

- Иә. 1941 жылдың 22 маусымында жергілікті уақытпен таңғы сағат жетіде туыппын. Сол күні, дәл сол сағатта Отан соғысы деп айқұлақтанған дүрбелең басталыпты. Соғыс ала келдім бе, жеңіс ала келдім бе, ол арасын анықтар мен емеспін.

Шілдеханамда «енді сауық-сайран сала алармыз ба?» деп қатарынан үш күн бойы тойлаған соң, майданға аттанған жетпіс жігіттің отызы отбасына оралмапты. Есімді білгеннен бері сол отыз боздақтың айтылмай кеткен аманатына, орындалмай қалған арманына өзімді ғұмыр бойы борышкер санаумен келем.

- Сол туған ауылыңызда, әлгі боздақтар қимай қоштасқан алтын бесік мекенге оралып барып, туған күніңізді тойлайтын шығарсыз?

- Жоқ, бара алмаймын. Өз өмірімде туған ауылымда да, ауданым мен облысымда да туған күнімді бірде бір рет атап өтпеппін. Сол рәсімді былтыр да бұза қоймадым. Өйткені мені әр дәрежедегі әкім-төрелердің ешқайсысы бұрын шақырған емес.

Жетпіске толғанымда да құрғақ уәдесі көп сол кездегі облыс әкімі Серік Ахметов аулымның да, ауданымның да, облысымның да есігінен сығалатқан жоқ. «Шақырам! Шақыраммен!» діңкелетіп біткен.

- Сонда сізді мүлде елеп-ескермей ме?

- Солай тәрізді-ау... Дегенмен туған халқымның аты-жөнімді естігенде, құрметпен елең ете қалар ілтипат-

ырзалығына сүйінем. ТМД елдері мені өз қаламгеріне балайды. Ал алыс елдер мені кітаптарым арқылы жақсы таниды. Ал өз топырағымда... Қарағандыда күні бүгінге дейін менің бір пьесам қойылған емес. Ал Мәскеу қойған. Біздің әкім-қараларға менің бар-жоғым керек те емес. Дегенмен өз жерлестеріңе өкпелеудің реті де жоқ. Мен туған топырағымның әр адамын бауыр санаймын. Олар менің үлкен отбасымның ажырамас мүшелері тәрізді. Ал ағайын арасында өкпе де, түсінісу де, сағынысып қауышу да болып жатады ғой.

- **Аға, сіз туралы кейде «журналист-тілшілерден де бойын аулақ ұстайтын көрінеді» деген пікірлер де естіліп қалып жатады. Оңашалануыңызға өзгеше бір себеп бар ма?**

- Оңашалана беруімді айтып, ақталмақ ойым жоқ. Өйткені мен саясат дейтін сығырға да, жоғарғылар мен төмендегілердің де тапсырма-бұйрықтарына елпелектеп қызмет етуді білмейтін жанмын. «Өз ішім қалағанды өз күшіммен тындыра аламын!» деген ұстанымымды сақтаумен келем. Сондықтан да болар тоғыз роман, он үш повесть, он төрт пьеса, қырық екі дастан, төрт киносценарий, бес операның либреттосын, бірнеше әңгіме, жүзден астам мақала жазыппын. Оннан астам елдің жазушыларының шығармаларын аударып, ана тілімде сөйлетсем, өзімнің де шығармаларым он төрт елдің тіліне аударылып, өзге оқырмандарымның игілігіне айналды. Көп десе де, аз десе де, әділ кесігін айтуды қасиетті қауымымның тезіне салдым. Санын өзім атағанмен, сапасын шіренген шенеуніктер емес, нағыз сарапшы, шынайы бағалаушы уақыт-қазы айтар әлі-ақ.

Жетпіске жеткендегі тапқаным: адалдығым мен қаламгерлік әлсіздігім, биліксіздігім ғана. Сол себепті де ресми баспасөздерге жоламай, «Жас Алаш», «Дат», «Қазақстан», «Ашық алаң», анда-санда «Свобода слова» газеттерімен байланыс жасап тұрам. Менің араласар басылымдарым осылар ғана. Мұнымды - жорналшыларды жақтырмаудан немесе өзін аса данышпан санайтын кісікиік мінезінен деп ұқпасаңдар екен. Мен өзімнің «оппозиционер» дейтін бояуымның жастарға жұғып, олардың өмірбаянына кір келтірмеуін тілеймін ғой.

- **Өмірбаян демекші... Сіздің белгілі қаламгер, көрнекті драматург екеніңізді жұртшылық**

жақсы біледі. «Жас Алашта» жарық көрген публицистикалық дастандарыңыз арқылы ақындық дарыныңыздан біраз адамның, тіпті шенеуніктердің де хабары бар. Ал сіздің техникалық институтты бітіргеніңізді ешкім сезбейді де...

- Рас айтасың. Жазушы болсам деген арман ҚазМУ-да дәріс тыңдатқан. Бір жылдан соң ұлы Мұхтар Әуезовтің ақыл-кеңесімен инженерлік оқуды Мәскеуде жалғастырғам.

Металлургтік ғылыми жолдарым мен іздерім «Серп и молот» (Мәскеу), Тула, Қарағанды металлургия зауыттарында, ҚР Ғылым Академиясында қалған. Ақыры қаламгерлік құштарлық Қазақстан Жазушылар одағының алтын қақпасынан енгізіп, енші белгілеткен.

Сол еншімді көркейтіп қомақты еттім бе, көмескілетіп азайтып алдым ба, оның да төрелігін қамқоршым - халқым бере жатар.

- «Ән-шежіре. Зер салып тыңдасаңыз, жол таба алмай қиналған, қамалған жұрттың сырын бағар едіңіз. Сол именшек сырдан ақ сәуле аңсаған пақыр көңілдің мұңға бөккен үмітін аңдар едіңіз...»

«Елім-ай» атты роман-трилогияңыздан келтірілген бұл жолдар Сіздің бүкіл шығармашылығыңыздың лейтмотиві, тіпті десе артық болмас-ау. Келісесіз бе?

- Иә, «Елім-айым» - менің ғұмырлық негізгі кітабым. Оның бірінші кітабы баспаға 1970 жылы тапсырылып, күншіл «достарымның» әрекет-арбауымен 1978 жылы әрең-әрең жарық көріп еді-ау!..

- Осы кітабыңыздағы кейіпкерлеріңізді, олардың өмір сүрген кезеңдерін қалай сезініп, түйсіндіңіз?

- Тарих керуенінде ерсілі-қарсылы шұбырған халықтың бастан кешкен тағдырын елестету үшін сол ұзақ өмір көшінің қиялыңмен ең болмағанда не жолбасшысы, не кірешісі болуың қажет. Боздаған түйесінің, жігерлі даусымен ән салған жолаушысының, қаралы жоқтауымен аңыраған кейуананың қым-қуыт араласқан үндерін естіп, алдаспанның жарқылынан от тұтатқан сарбаздың жанкештілігін, қара қанжарды сәби жүрегіне кірш бойлатқан жаудың озбырлығын көріп, сезіп барып қаламға ерік, сөзге еркіндік, қиялға кеңістік беруге болар. Сонда кең жайылған Далаңның тұс-тұсынан көкке тік шаншылған Таулары көз алдыңа зымырап жетіп, қазақ халқының бастан кешкен қайғысы мен қуанышына,

өкініші мен сеніміне, күдігі мен үмітіне куә болғандығын айғақтар.

Халық тағдыры - оңай ашылар сыр сандық емес. Оны сарыла іздеп, терең зерттеп, әріден бүгінгісіне дейін көңіл көзімен шолып өту керек. Сонда ғана бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның кешегісін де, көне кезеңін де сезіне аласың.

- Софы аға, қазақтың ғана емес, еліміздегі барлық ұлттың есінде мәңгі сақталатын осынау кейіпкерліріңіз сізге қиын сәттеріңізде демеу бола ала ма?

- Әлбетте. Олар - менің жаным мен қаныма әбден сіңген жебеушілерім. Ал енді бұрын қатты сыйлайтын замандастарымның көпшілігінен әлдебір себептермен қол үзіп алғанымды несіне жасырайын.Әрине,бақиға кеткендері де біраз. Өзімді дұрыс түсінер өзектестерім азайып барады. Ал «Елім-айдың» кейіпкері - халық. Әр таптан, әр жіктен құралған өкілдердің дені - қарапайым диқан, тесік өкпе малшы, ел бірлігін жырлаған ақын, еркіндікті қорғаған батыр. Өйткені тарихты халық қана жасайтыны ақиқат. Олар кіндігімен байланған жерін қасық қаны қалғанша қорғайды да, сақтайды. Тұс-тұстан бүгінгідей анталаған қорқау көршілерінен туған даласын анасынан да артық бағалап, бір пұшпағын таптатпау үшін жан аямай соғысқан. Жер - олар үшін бүгінгідей тауар болмаған.

- Сіз романыңызды «Елім-ай» деп неге атадыңыз? «Елім-ай» ұлтымыздың қасіретін айғақтайтын ән-гимн ғана емес, өмірге құштарлық оятар жігер гимні де. Сіз солай ойламайсыз ба?

- Дәл айттың. Менің эпикалық, эпопеялық шығармам тарихи оқиғалардың тізбегі емес, ол роман-ән, роман-симфония. Өйткені «Елім-ай» әні «Ақтабан шұбырындыда» босқан елдің зарымен тараған. Алақұйындатқан желдің суылымен жайылған. Көбік шашқан көлдің қара жартасты ышқына соққан толқынымен ұзарған. Менің романымда алғаш нәзік әуенімен тірілген бір ән бірте-бірте «Елім-айға» ұласып, алыстан айбат атқызып келіп, жақыннан табыстырар көптің құдіреті мен қуатын шақырар атойы мен ұранына айналған. Елдікті ән жоқтап, ерлікке ән бастаған. «Елім-ай» бастаған!..

- Елдік деп еңіреген жүрегіңізден туған осы шығармаңыз шенеуніктердің назарына ілікті ме екен?

- Адами алғыс пен қолдау көрсету деген нәрселерді әзірше мен олардан кездестіре қойғам жоқ. Ал үкімет

үлесіме тиесілінің жартысын ұстатқан тәрізді. «Құрмет», «Парасат» ордендерімен,бірнеше медальмен марапаттаған. Кітаптарым - «әр жылдың үздік шығармалары» аталып, алты рет Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған еді. Өзімнің әріптестерім алты мәрте мұрттай ұшырды. Ызалы, ашулы, күншіл топтың, әсіресе талантты дейтін қаламгерді аяқтан шалатын қастандығы - қазақтың бақталастық, қызғаншақтық дейтін қасіретті дертімен сабақтасып жататынын неге білмейін?! Ернімдегіге таласып, иінімдегіні жұлып алған ағаларым мен тұстастарымды аяушылықпен ғана еске алам. Өйткені ешқашан да арнамыстан аттап кеткен жерім жоқ. Өйткені адами-пендеден болмыс-құдірет биік те кең, адал да әділ. Сол болмыс-құдірет тағдырымды таланды етті: табағымды асымнан айырмады, төмендегі басымды төрге де, төбеге де жетеледі.

Республиканың үш басшысымен істес болдым. Димаш аға Қонаевтың адамгершілігіне, әділдігіне әлі күнге сағынышты құрметпен бас ұрам. Қос дүркін әріптесім Нұрсұлтан Назарбаевқа деген шынайы достықтың сыйлас көңілі баяғыдай...

Ал Геннадий Колбин мені ұмытпастай болған. Өйткені мен сол кездегі құдіретті Біріншіге желтоқсандықтарды жақтап, өз пікірімді батыл айтып, қарсы келгеніммен мақтанайын демеймін. Бірақ Колбин және соның жандайшаптарының келеңсіздігімен келіспей, халқымның шын талантты ұлдарын жақтағаным үшін, алғашқы боп жауапты партия қызметін өз еркіммен тастап кеткенім үшін екі рет секретариатқа салынғанымды және сонда өз ұстанымымды қорғап қалғанымды кәдімгідей наразылық әрекетке балаймын. Ал бүгін публицистикалық дастандарымда қаламгерлер бара бермейтін, омыртқаңды опырып алар тақырыпқа батыл қадам басқанымды кей-кейде азаматтық ерлікке де теңеймін.

- Софы аға, бүгінде қаламгерлік кәсіп қорғансыз боп кетті деп ойламайсыз ба? Өздерінің шығармашылық қаракетін, халқының хал-жағдайын батыл қорғайтын қаламгерлер қаламақысыз қалай күнелтпек? Олардың бала-шағаларына ас-су қажет емес пе?

- Иә, шырақ. Бәрі рас. Қаламақысыз күнелтсек те, сол қаламның қаруымен-ақ өз айтар сөзімізді айтуға тырысып қалатынымыз белгілі. Осы ойымды дәлелдеу үшін мен «Біз құлмыз ба, кімбіз?» атты романымды көлденең тартамын.

Романның негізгі идеясы - «Тоқырау» заманында ондаған жылдар бойы табынып келген билік дейтін идеалымыздың бет-пердесін ашып, түп-төркінін айқындау. Ойдан шығарылған, қолдан жасалған «жұмақтар» мен «құдіреттер» ғұмырының ұзақ болмайтынын айғақтау. Бюрократияның өлшеусіз уәдесіне толы алдамшы тірліктің елесіне қызыққан қарабайыр пенденің сол тірлік ауанымен бойындағы бар асыл нәрінен - үмітінен, сенімінен, ізгі ниетінен жыртқыш тұлғаға айналғанын көрсету. Өйткені негізгі кейіпкерді қараулыққа, арамдыққа, қаталдыққа көндірген - алмағайып заман қатыгездігі. Әміршіл-әкімшіл жүйенің құтқармас қытымыр шеңгелі. Осыларды мен романның алғашқы бетінен-ақ көрсетуге тырыстым. Махаббат пен зұлымдықтың, пэктік пен күнэһарлықтың, қала мен ауыл тірлігінің кереғарлығы, тайталасы - кітаптың негізгі көріністері. Өз кейіпкерлерімнің ішкі жан-дүниесіне еніп, соның жаңғыру не өшу динамикасын, өзгерісін, рухани өсу элде өшуін, ақиқатқа жетпек жолдағы қатерлі өткелдерін, мінез-құлықтарындағы психологиялық шарттылықтарын жан-жақты ашпақ болдым. Терең психологизмге баруым да сол себепті. Бас кейіпкерім - Балтаны әртүрлі уақыттық, тұрмыстық, қоғамдық ситуацияларға сүңгітіп отырып, оның рухани құлдырауының себептерін, ішкі тірегінің әлсіздігінен мещандықтың ұйығына, кісәпірліктің уысына түсіп кеткенін иланымды жеткізуге тырыстым. Осы романда мен тоқырау кезеңінде жалпыадамзаттық принциптердің бұзылуын, қоғамның рухани азғындауын, кейіпкерлердің моральдық кедейленуін, адал жандардың қуғынға, қырғынға ұшырауын, жоғарыдағылардың арасындағы сыбайластық пен парақорлықтың өсіп-өрбуін, пайдакүнемдік пен мансапқорлықтың асқындауын жария еттім.

- Софы аға, қаламгердің тірлігі де, тіршілігі де жазумен байланысты. Ұлттың болмысы, халықтың мұңын да көркем шығармаға арқау ететін қаламгер. Қалам мен қағазды серік етіп, көркем дүниеге бет бұрғаныңызға өзіңізде өкініш сезімі болмай ма?

- Рас айтасың, қаламгерді қаламынан ажырату - құсты қанатынан қайырумен бірдей. Өйткені оның тірлігі

- қаламынан қағазына құйылар ой ұшқынында,сөз тізбегінде, сөйлемдер тіркесінде. Мен қазір денсаулығыма

байланысты үстел шетінде бұрынғыдай қаздиып отыра алмайтындықтан, төсекте шалқалап жатып алып, қол көтерерліктей кішкене ғана дәптеріме өлең жазуға машықтанып алдым. Өлең - өзегіңдегі мұңың мен шеріңді, көңіліңдегі күйінішің мен сүйінішіңді сүйреп шығарып, сырыңды сыртқа шашып қоятын еркіннен тыс құдіретті құбылыс. Шындықты жасырғың келмесе, әділетті аттандап іздемей-ақ ақырын ғана індетсең - онда өлең шіркіннен артық сырлас һәм мұңдасты таппайсың. Сол себепті де мен соңғы алты-жеті жылда бес томдай поэзиялық шығармаларымды жазып тастаппын. Оның дерт, серт, өрт, мәрт, өксік, екініш, күйініш тәрізді тоғыз дастаным «Жас Алаш» арқылы оқырмандарыма, оның ішінде тісін қайраған шенеуніктерге де жақсы таныс. Мен адалдық, әділдік деген қыл үстіндегі қаламгерлік тірліктен сәл де болса бұрыс аттап кетпегенімді кімге де болса дәлелдей аламын. «Тап тартысы» деген шеңберден шыға алмады деп маған ешбір сыншы мін таға алмайды. «Елім-айда» қарадан шыққан қанішерлер де, төреден туған қасиеттілер де біршама шынайы суреттелген. Мен дер кезде ғана емес, бар кезде де халқымның алдында шындық, ақиқат дейтін өлшемнен алшақтап көрген емеспін.

Ал қаламгер болғаным үшін өкінбеймін. Денсаулық сыр беріп жүр, әттең. Қаламгердің қолынан қаламы түсті дегенше, тірлігінен айрылды деу керек. Өйткені қалам ұстау - жазушы үшін ауа жұтумен, су ішумен пара-пар. Кейбіреулердей атақ-абыройды жылап жүріп алудан да, сұрап жүріп алудан да аулақ болу үшін «Елім-айдың» қазір төртінші кітабын тиіп-қашып, өлең-әлемді түртінектеп тізбелеп жүрмін.

- Жалпы атақ, сыйлықтар, марапаттаулар жазушыға қаншалықты қажет деп ойлайсыз?

- Жазушыны атаққа ұсыну, сыйлық иесі таныту, орден беру тәрізді алдамшы тірлікті сонау мұртты көсем - Сталин ойлап тапқан деседі. Өйткені қанша жерден азуы алты қарыс диктатор-көсем болса да елдің тілі, халықтың үні болатын қаламгерден ол да қатты сескенген ғой. Сол себепті де қаламы жүйрік, ойы ұшқыр, тілі өткір қалам қайраткерлеріне әртүрлі сыбаға үлестіріп бір қайырып алып, қолтығына қысып отырса, сол «сыбағаға» бірін-біріне айдап салып, жазушыларды қырқыстырып қоюды да сол сығырың ойлап тапқан көрінеді. Сол келеңсіздіктің,

сол әділетсіз айқас-шайқастың ылаңы күні бүгінге дейін шарықтап-ақ тұр. Ал осы көзбояу дүниелердің (атақ, сыйлық, марапаттарды айтам) жазушыларға түкке де керегі жоқ. Өйткені көз құртына айналған жылтырауық, жалтырауықтар жазушылар арасына ілік түсіреді. Араздықты ұлғайтады. Топ пен тобыр ұйымдастырады. Азға-көпті, жекеге-топты қарсы салады. Соның кесірінен атақ пен сыйлық шын иелеріне берілмей, пікір мен зікір ұйымдастырғыш, жер үстіндегі түгілі астындағыны «көргіш», жоғарыдағы биліктілерге өзі де, сөзі де өткіш пысықтардың қанжығасында кетеді. Осы ойымды өлеңмен аяқтайын...

Ақымды көп жіберсем де пендеге,
Өзегімді ұстатқам жоқ өңгеге.
Жұрт құмартқан тұлпар кітап тудырып,
Талайлардан бұрын жеткем көмбеге.

Озғанда адам, озбыр тобыр бас салған.
Тозған заман тосқауылын тосты алдан.
Әкім емес,
Ақынды ақын көре алмай,
Тұлпарымды ұрып жығып «өшті алған».

Қиянаттың ең жаманы - қызғаныш.
Үсітеді ес-сананы мұз намыс.
Өсегіңді кесек-кесек лақтырар
Күншілдіктің көрігінде қызған іш.

Қарсы алдыңда тұрса-дағы жасып-ақ,
Ту сыртыңнан түкірігі шашырап,
Көк иттерін көмейінен төгеді,
Көкіректің қыжылымен асырап.

...Әкім емес,
Халқым берген бағамды.
Жыртқызған жоқ жыртқыштарға жағамды.
Жүйрігімді тағы қосам бәйгеге,
Тұяғына мықтап қағып тағамды.

- Бүгінгі қоғамның көрінісін суреттейтін шығарма жазып жүргеніңізді жұртшылық біледі. Қоғамдағы

келеңсіз жайттар сіздің жаныңызға жай таптырмайтыны да көпшілікке жақсы таныс. Сіздің аса ауыр операциядан шыққаныңыздан да көзі қарақты оқырман хабардар. Оқырмандарыңыздың бірі ретінде, сіздің қамқоршыңыз - халқыңыз, сан мыңдаған оқырмандарыңыз-тілекшіңіз дегіміз келеді.

- Алла разы болсын! Әлі де ел үшін еңбек етуге тырыспасам, солардың мұң-мұқтажын қаламым арқылы танытып, жалпақ жалғанға жар салып отырмасам, несіне қаламгер атанам. Бүгежіктеп бұғып қалсам, ол көңіліндегі сенімінен айрылмаймын ба? Ал айрылмас үшін бала-шағама кесірім тиеді деп көкейімдегі шындықты көмейіме тығып қала алмаспын. Өйткені менің өмірлік нысанам - әр кезде де әділдік үшін, адалдық үшін, тазалық үшін жалғандықпен, жәдігөйлікпен мәңгілік айқаса беру. Айқаса білу. Сол үшін де мұңлы ойларымды қалықтатып ұшыра бермекпін.

Ал сатқындықты, жауыздықты негізінен түп-тамырынан жұлынғандар ғана жасайды. Мен өз ұлтыма, әділет аңсаған ұлтыма жан-тәніммен сенем һәм бас ием.

Гүлзина БЕКТАСОВА,
«Түркістан» газеті. 16.06.2011

ӨКІНІШІ КӨП ДҮНИЕ-АЙ!..

(Өзімнің өзіммен сұхбатым)

- Күлкің көп пе, күрсінуің көп пе?

- Күлкім көп десем - көлгірсігенім, күрсінісім мол-ау десем - күңіренгенім боларын сезем бе, екеуін де ешкімге көрсете беруге де, айта беруге де құлқым жоқ. Мынау өкініші көп дүниенің өңешінен төгілетін мол өксікті естіген сайын күлкінің ерні кезеретінін кім де болса ұқса керек. Содан соң-ақ күрсіністің қынжылтқан қақпасынан қалай еніп кеткеніңді байқамай қалуың түк емес. Қайғысы езген, қатыгездігі маңдайдан сүзген бүгінгі аласапыран тірліктің азасы мен қазасын молайтқан әділетсіздігі өршіген тұста күлкімен еріксіз қоштасуға мәжбүр болғандайсың.

Бірақ... Сұм күлкің сұмырай ойыныңның делдалы боларын әлдебір аяр ойдың берекесіз әрекетімен сезесің де, жымысқы жымиюды бет-жүзіңе жапсырып ала қоюдан да жалықпайсың. Сол арқылы төбеңнен төмпештеген тағдырыңның жуан жұдырығынан жұлының үзіліп кетпесе де, жамалыңды жуып ағатын запыран жасыңды елге көрсетпес үшін күлкіңмен кептіріп ала қоясың.

- Күле алмасаң, қайтесің?

- Онда ма... өзгенің өсегіне де, әндемдінің желкеден түйген кесегіне де кекесін танытып қана өзегіңді өртеп бара жатқан жалынды өшірмек болған далбасаңмен өзіңді өз өңешіңе жұмарлап тығындай сал. Өртіңді де, дертіңді де ешкімге сездірмейсің сонда. Оңаша жылап отырып Жаратқан Хаққа үнсіз жалбарынуыңа да болады. Оқшаулана күліп отырып әлдекімнің ұстатпай жүрген әлденесін уысыңа мықтап түсіргендей еміренуіңе де болады. Сондайда жылаудың күлгеннен абзал боларын белгісіз бір түйсікпен түсінсең де, кей-кейде күлудің жылаудан гөрі жаныңды исінтер кемелдігіне сүйсінесің. Сүйсінесің де, кемсеңдеген ерінді керілген езумен алмастырып құлағыңның түбіне жабыстыра қоясың.

Ал шынтуайтына келсем, итшілеткен инфарктарымды, иінімді езген инсульттарымды, қылғындырған қыл... (сол неменің атын ауызға да алмай-ақ қояйыншы), ауырған басты, ақсаңдаған аяқты уайымдау түгілі ойлауды мүлдем ұмытуға тырысам-ақ. Көңіліңді көншітпес, өміріңді өгейсіретер сол кесел шіркіндерді керексіз кәкір-шүкірдей етіп есіңнің

есігінен лақтырып тастасаң, бүгінің тұрмақ ертеңіңе де ойнақтаған лақтай болып секіріп жетердей сенім мен сезімге лық-лық бөгесің. Өйткені табиғат-анаңның шын перзенті болсаң, сол табиғаттың тамылжыған күндеріне талпына ілеспеске әддің жоқ қой. Сол шақта кеуденді кернеп бара жатқан күш-қуатқа молыққандай әсерге шым-шым батасың.

- Сонымен өмірге күлімдеп үңілуіңнен түнеріп түңілуің аз болғаны ғой?..

- Иә,ә... Солай десем де, алжаспауым мүмкін.

Бір ғана мысал.

Асқазанымды қатерлі ісік бүріп, тірлігімнің тынысын бұғаулай бастаған соң ота жасатуға келісімімді беріп, Орталық ауруханада жатқам-ды. Сол отасы бар болғырды ертең жасар деген күні туған құдамның қарындасы күйеуімен Германиядан келе қалғаны ғой. Алыстан аңсап жеткен туыстарға жайылған дастарқанға көңілімді көтермекке тырысқан құда-құдағиым мені шақырмай ма. Әрине олар мені келе қояр деп ойламаса да керек, есіктен кіріп барғанымда... әрі таңданып, әрі қуанып, әрі үрпиісіп қалғандарын сезбестей маубас емеспін ғой.

Төрдің төбесіне отырып алып, бірде ән салып, бірде әзіл-қалжыңды гулетіп отырыстың өң-шырайын кіргізіп-ақ жібергенімді білемін. Жалғыз-ақ күндік ғұмырым қалар болса, оны неге күлімдеп өткізбеймін деген тілекке еріп кетсем керек... Түннің бір уағында палатама келсем, кезекші дәрігер де, кезекшінің шақыртуымен түн қатып жеткен бөлім меңгерушісі марқұм Нұртас та мені екі көздері төрт болып, алаңдап күтіп отыр екен. Оларды да әзіл-қалжыңмен сабасына түсіргенім бар.

- Сонда да белгісіздікке алаңдау, ішкі түйсікке елеңдеу дегенді де өзің айтқан есіңнің есігінен шығарып тастаймысың?

- Белгісіздікке алаңдамайтын, үрейлі түйсікке елеңдемейтін жан иесі болмауы мүмкін емес. Мынау шуағы мен дауылы, жеңілі мен ауыры мол жарық Жалғаннан қас пен көздің арасында жоқ болып, құрдымға сіңіп кетеріңді сезсең... аппақ тамағынан күн көрінетін хор қыздарының қоршауына алар дейтін бақи дүниеңнен төрдегі төрелердің төбеңнен төмпештейтін пәнилік тіршілігін қимайтының хақ. Қимайсың да, пенделіктің жыртық-жамаулы кебенегін бойың мең сойыңнан шешкің келмейтінін несіне жасырайын.

- Жыртық-жамаулы тірліктің несін қимайсың сонда?

- Күлкіңе күрсінісіңді қабаттастырса да, сүйінішіңді күйінішімен қуып тастап отырса да, бір күнгі жарыққа жетер ештеңенің болмасын неге түйсінбейін. Содан соң-ақ аяқтан шалған, белден соққан, маңдайдан үрған қызғаншақ, бақталас замандастарымның жымысқы да зымиян әрекеттерін «солай болуға тиіс!» дейтін толстойлық «всехристианское милосердиелік» төзімділігімен қабылдай беремін. Бір бетімнен соққанға екінші бетімді тосуды әдетке айналдырып алғанымды бүгінде күмілжіп қана сезем.

- Оу, сонда иығыңдағыны сыпырып алып, қасығыңдағыны аузына қақшып салатындарға былқ етіп бір туламай, бүлк етіп бір ерін жыбырлатпай жуасып жүре бергенің бе?

- Жо-жоқ! Мені осы шал-шауқан қалпымда туа қалғандай көремісің. Мен де бір кезде қылшылдаған жас болғам. Досқа-хош, қасқа - қара тас болғам. Өзеурегеннің өзегін суырып алмасам да, өктемдігін өңешіне тығып жіберетін жігерім болғанына тақымынан қысқан талай замандасым куә.

1980 жылы «Елім-ай» романымның екінші кітабы жарық көріп, қалың оқырманымды тағы да дүбірлете елең еткізгенін бүгінде күбірлеп қана еске аламын. Өтті ғой қайран махаббаты мен шапағаты, қызығы мен қызуы мол жылдар... Ізімді аңдыған жастардың, өзімді іздеген кәрілердің сұлбасын оймен қатарлап тізсем, бұрынғы бас астана мен бүгінгі жас астананың арасын тізбегімен-ақ қосып тастар еді-ау...

- Тым лепіріп кетпедің бе? Аз-аздап тізгін тартып қоюды ұмытпа.

- Ә-ә, желпініп жеңілтектікке ұрындым ба... Сөзімді онда дәлелмен тұздықтайын.

Бірде жұмыс телефоным шар ете қалды. Трубкадан Ғабеңнің (Мүсіреповтың) ыңырана жеткен үні естілді.

- Сматаевпысың?! Оу, сендер, жастар, ағаларыңа кітаптарыңды сыйлауды білмейтін болыпсыңдар ғой. Кітапханаға баратын, кітап дүкендерін жағалайтын жағдайымыздың азайғанын ескермейтіндерің қалай, - деп біраз кейіп алды да, - Сенің, шырақ, анау жұрт аузынан түспей жүрген «Елім-айыңның» екінші кітабын маған әкеліп беруге ыңғайың бола ма? Айтпақшы, романыңның бірінші кітабын әлдебіреу үйімнен алып кеткен бе, таба алмай

қойдым. Өзіңде бар болса, оның да бір данасын қолтықтай кел, - деп жауабымды тоспастан трубкасын тастай салды.

Әдебиетіміздің ақсақалы қолқа салса, қолқ ете түсіп, құстай ұшпай тұра алам ба. Сол сағатта-ақ ұлы Ғабеңе қос кітапты жеткізіп бергем-ді. Романымды Мұхамеджан Қаратаев пен Тахауи Ахтанов та, хатшыларым - Жұбан Молдағалиев пен Қалтай Мұхамеджанов та қолтаңбаммен алған болатын. Тақырыбымыз ортақ болған соң, анау-мынауды айтып, іштарлық танытып жүрер ме деп секемденіп кітабымды тек қана Ілияс Есенберлинге бермеп едім...

- Соза бермей сөздің тоқетеріне көшсеңші.

- Ә,-ә... Иә. Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылатындардың тізімін анықтайтын комиссияның отырысы басталған. Күмілжіген дәмелілер мен дүбірлеген әуесқойлар дабырласып Жазушылар одағының кең фойесінде жиналыстың нәтижесін тосып отырмыз.

Бір кезде іштен Ілияс аға Есенберлин атқып шығып, маған жетіп келді де: - «Елім-айыңның» екінші кітабы қашан шығушы еді? Анау Жұбан мен Қалтай сенің сол кітабың әлі жарық көрген жоқ деп, сені тізімнен сызғызып тастатты ғой!

Ішім әлденені сезді білем, Ілекеңді жетектей кең кабинетке асыға аттап кірдім. Кірдім де, еденде үюлі жатқан конкурске түскен кітаптарды апыл-құпыл ақтарып ең астында «көміліп» қалған романымның бірінші, екінші кітаптарын Есенберлин ағаның қолына ұстата салдым. Ілияс ағаның түсі күреңіте бұзылып кетті. Әлгі кітаптарды қос қолдап қысып апарып, Жұбан мен Қалтайдың көз алдарына тоса қойды.

- Астапыралла! Шыққан кітапты шықпады деп тығып тастағандарың қалай? Мыналарың қастандыққа бергісіз сұмдық қой! Әй, Қалтай! Мына кітапты көрдің бе? Әлде көзіңді бүркеп алған пердеңді ашқың келмей ме? Енді не деп ақталмақсың?

Екі хатшы да тіл қатқан жоқ. Орындарынан үрпиісе тұрып кеткен комиссия мүшелері Жұбанға сұраулы көзбен қадала қалысты. Ал Молдағалиев болса, Ғабеңді (Мүсіреповты) қолтықтап есікке қарай бет алды.

Осы сәтте Евгения Лизунованың даусы оқыс естілді:

- Оу, азаматтар! Кітап шыққан екен ғой. Отырысымызды төрт-бес минутқа жалғастырайық. Тоқтаңыздар!

Ғабең де, Жұбағаң да іркілген жоқ. Соны көргенде Дмитрий Снегин: - Эй, вы, казахи! Без нас друг друга съедаете! - деп басын жұлып жіберердей шайқап,

бар ызасын төге салды. «Без насының» - жалпы орыс жұртын меңзегені ме, әлде Лизунова екеуінің көзқарасын танытқаны ма, ол арасын анықтауға ол кезде шамам да жоқ еді. Фойеге жүгіріп шығып, қолтықтасқан екеудің алдын кес-кестедім:

- Ғабе! Біз сізді әдебиеттің пайғамбары, әділеттің көзі деп танушы едік. Сыйлыққа ұсынбасаңыз да, өзіңіз сұратып алған кітаптың шыққанын неге айтпадыңыз? Әділеттен неге аттап кеттіңіз? Сіздің отыз жетінші жылғы қырғыннан қалай аман қалғаныңызды енді түсініп тұрмын-ау...

Қатты ашындым білем, ардақ тұтқан ағаға айтпас кінәні ақтарып салғанымды ескеруге сол сәтте мұршам қалмап еді.

Ғабең тырс етіп тіл қатпады. Бетіме тура қарай алмай, жүзін тайдыра берді.

Енді мен Мұхамеджан Қаратаев ағаның қарсысына жетіп бардым:

- Екі кітабыңа пікірімді білдіріп, көлемді рецензия жазам деп романыма автограф жазғызып алып кетіп едіңіз ғой. Анау екеуінің кітабымды неге жасырып отырғанын білдіңіз бе? Білсеңіз, сіз де адалдықтан аттап кете беретін пенде ғана екенсіз ғой. Отыз жетінші жылғы әркімді бір қаралаған етектей-етектей мақалаларыңыздың бекер жазылмағанын ұқтырдыңыз бүгін.

Мұқаң да үндей алмай, қалшиып тұрып қалды. Тұлабойымды кернеген ашулы ызадан жарылып кетердей болып аласұрғаным сонша, бірін бірі қолтықтап алған Ғабең мен Жұбағаңның қасына қайтадан жетіп бардым:

- Түгендеп алдық деген бүгінгі қитұрқы есептерің түптеріңе жетеді әлі. Уай, Жұбақа! Анау Қалтай екеуің «Сматаев өлді!» деп ертең газеттерге некролог беруден тайсалмайтындарыңа сенем. Өйткені мына Мұхамеджанов екеуің қолдарыңда тұрған менің кітабымды «жарық көрмеді!» деп өлтіруден аянбадыңдар-ау!

Ілияс аға мені иығымнан құшақтап, бауырына басып, тыныштандырмақ болды. Тығыла өксіп-өксіп жібергенім есімде. Сәлден соң ағаның құшағынан күшене босап, сыртқа ұмтылдым. Есік алдындағы «Волгаға» Жұбағаң Ғабенді сүйемелдеп отырғызып жатыр екен. Ағаларымның көрінеу көзге қаталдықпен, әлдебір өздеріне пайдалы есеппен жасаған қысастықтарына түк істей алмай, машинаның артқы дөңгелегін теуіп-теуіп жібердім. Қолымнан бар келгені сол ғана.

- Ілекең ше? Өзің қатты қауіптеніп «бір кінарат келсе, сол адамнан келер-ау!» деген Есенберлин ағаң жоғарыда қалып қойды ма?

- Жоқ! Соңымнан ілесе шыққан нағыз азамат ағам иығыма тағы да қолын салды:

- Софыжан, дәл мына ашынған түріңмен бүгін не біреуді мерт етесің, не біреудің қолынан өлесің. Жүр, балам! Біздің үйге барайық. Сабаңа түсіп, ашуыңды бас, - деп ерте жөнелді.

Ас дайын болғанша жазушы ағаның кабинетіне екеуіміз оңаша жайғастық. Ілекең бүгінгі комиссияда болған жағдайды баяндап кетті.

Одақтың екінші хатшысы Қ.Мұхамеджанов мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған шығармаларды отырғандарға таныстырып, солардың арасынан менің «Елім-айымның» екі кітабын біраз мақтапты. Сөзінің соңында екінші кітапты «Жұлдыз» журналынан ғана оқығанын, ал ол кітаптың әлі де жарық көрмегенін, әйтпесе сыйлыққа нағыз лайықты шығарма екенін дүбірлете айтып-айтып келіп, әзірше сыйлыққа ұсынылған шығармалар тізімінен алып тастауды ұсынған екен.

Ілекеңнің: «Кезінде Олжас Сүлейменовке кітап болып шықпаған, «Простор» журналында жарияланған цикл өлеңдеріне Мемлекеттік сыйлықты беріп едік қой. Ал Сматаевтың бұл романы - 250 мың тиражы бар «Жұлдызда» толық жарық көрген өте құнды шығарма. «Жылдың үздік кітабы» болған бірінші кітабын өткен жолы сыйлыққа ұсынылған тізімнен алғызып тастап едіңдер. Тағы да жас қаламгерге обал жасап, сөйтейін деп отырсыңдар!» дегеніне қос хатшы да, Орталық комитеттен келгендер де, хатшылардың өз адамдары да өре тұрып, кітабымды тізімге енгізбепті.

Ілекең бір күрсініп алды да:

- Сенің сол бірінші кітабың енгізілген тізімнен сонда қалай түсіп қалып еді? - деп бетіме қарады.

- Мені Қалтай аға шақырып алған-ды. «Арыстаным, сен әлі жассың ғой. Сыйлықтан үміткер мүйізі қарағайдай үш ағаң өзіңмен қатар түсіп отыр. Жылдың үздік кітабына сыйлық әрине шаппай беріледі. Ал ағаларыңның бірі сыйлықсыз қалады. Олар енді мықты дүниелерін жаза алар ма, бір Құдайым білсін. Ал сенің «Жұлдыздан» өзім оқыған екінші кітабың тағы да бәйгімді шаппай бер деп жұлқынып

тұрғанын жұрттың бәрі аузынан сілекейін шұбыртып айтып жүр. Өзіңді мынау тізімнен алғызып тастап, небәрі екі-ақ жыл тосуға келіссең, үш ағаңа інілік үлкен жақсылық жасап, жолдарын кеспес едің. Осыған не дейсің, жолбарысым?» деп мені көндірген, - деп едім, Ілекең басын шайқап, орнынан тұрып кетті.

- Әй, содан... сол Қалтайдан келген кер деп ойлап ем-ау. Алдап соққан екен сені. Ымы-жымы бір ғой олардың. Ал сен... Бөтенсің. Бөлексің... Адалсың, тазасың. Көкейдегі құрт жеп жатқан сөзін айта алмайды саған. Айтуға жүрексінеді.

Қалағамның көкейін қандай құрт жеп жатқанын ол кезде білмесем де, кейін талайлармен тайталаса жүріп, талай биік кеңсенің үстеліне иек артқанымда сезген едім.

Ілекең қасыма отырып, арқамнан қағып-қағып жіберді.

- Әттең-ай, кітабыңды маған бергеніңде... Жарайды ол өкініш емес. Өкініш енді сенің алдыңнан үнемі тосар қызғаныш пен күншілдіктің кедергілерінің көп болмағында. Сенің бар кінәң... кемшілігің - ұлы кітабыңды, ғұмырлық кітабыңды тым ертерек, жас кезіңде жазып қойғаның. Ағаларың да, әсіресе тұстастарың да сенің енді иығыңнан тұқыртып баса беретін болады. Адымыңды аттатпауға тырысады. Софыжан, көңіліңе келмесін, саған енді ешқашанда мемлекеттік сыйлықты бұл қоғам бермейді. Бергізбейді...

- Шынымен солай болды ғой. Әлі күнге дейін сол мемлекеттік сыйлықты ала алмай жүргенің рас-ау.

- Солай болды деп әлсіз ғана күрсінем-ау. Бірақ әлсіз күрсінісімнің қабырғамды сөгердей мықты зілі барын кім түсінер-ау.

2000 - жылы жарық көрген өлеңмен жазылған «Жарылғап батыр» романым тағы д а үздік атауын иемденіп, мемсыйлыққа ұсынылған еді. Менен біреуі екі дауыс, екіншісі үш дауыс кем алған М.Айтхожина мен Н.Оразалин «мықтысына» жылап-еңіреп хат жазып, ағаларын салып, үлкен сыйлықты сұрап-сұрап алған-ды. Мен құралақан қалғанмын.

2002-жылы шыққан «Елім-айымның» үшінші кітабы әдеттегідей «жылдың үздігі» аталған соң, бұрынғы екі кітабын қосақтап трилогиямды бәйгеге қосып-ақ жіберіп едім. Маған сыйлықты бергізбес үшін бе (өзім солай ойлаймын), сол жылғы әдебиет шығармаларына бөлінген үш орынның бәйгесі ешкімге берілмей, босқа күйіп кеткен-ді.

1987 жылы жазылып бітіп «Жазушы», «Жалын»

баспаларында жиырма жылдай «көмулі» жатып, 2005 - жылы әрең-әрең көз ашып, жарық дүниенің жанарын көрген «Біз құлмыз ба - кімбіз?» деген романым жыл қорытындысы бойынша алдыңғылардың қатарында аталып еді. Тағы да бәйгеге қосылған осы «күлігімді» дәл көмбеге жетер кезде «батыраштарым» сойылдап құлатқан еді.

Жазудан мен жалықпасам, жазған-сызғандарымды құлату мен сұлатудан жаңылмайтын жақша ішіндегі «достарым» мен «тілектестерім» енді тұлпарларымды бәйгеге қосқызбай-ақ мойнын үзуді әдеттеріне айналдырып ала қойды.

Жұрттың қолынан қолына көшіп, бірінен бірі сұрап алып, құлшына оқып жүрген «Мен - тірімін!» кітабымды 2012 жылы, «Ағаларым - жағаларым, інілерім - ірілерім» атты жинағымды 2014 жылы бақталас әріптестерім мемлекеттік сыйлыққа ұсынылатындардың тізіміне де жолатпастан, алғашқы отырыстарда-ақ жолдарын қиып тастаған болатын.

- Жек көретіндерің көп пе? Жек көретіндеріңді кекке байлап өтесің бе? «Елім-айыңның» екінші кітабын тірідей көмбекші болған ағаларыңмен араларың қандай күйде болды? Сызаты шыңырауға айналды ма? Сызатын түсініктіктің сынасы бекітті ме?

- Жек көретіндерімді түстеп, түгендеп берсем, олардың мені жеп беретінін білем. Ат пен таққа мінсе-ақ мінезі өзгеріп шыға келетін мансапқорды, бүгін сені мақтап, ертең сыртыңнан даттайтын өсекшіні, бірде «Елім!» деп, бірде «Төрім!» деп сан құбылғыш екіжүзді сатқын қаламгерді, халқының көз жасын көлдетіп доллар жасап, ұлтының қанын тамшылатып алтын құйғыш тойымсыз шенеунікті жек көремін.

Кекшіл емеспін. Аздап өкпешілмін. Кектен ішке қан қатады. Оңаша өкпелеп өксіп-өксіп алсаң, ішің тазарады.

Ал ағаларым - жағаларым ғой. Жағама шаң жуығанын жаратпас ем.

Ұлы Ғабең көңілімдегі ұлылығына қайта қонған еді-ау. Бүгінде мен оны балалық, шәкірттік ыстық ықыласпен құрметтеп, сағынып отырам.

Әлгі бет шайысқан күннен кейін көп ұзамай-ақ аға екеуіміздің ара қатынасымыз күрт өзгерген-ді.

Үлкендік танытып ол еміренді ме, кішілік білдіріп мен тебірендім бе, әйтеуір екеуара қалтқысыз жақындық орнады да кетті.

Өмірінің соңғы үш жылында Ғабең мені кәдімгідей

еркелетіп, санаторийға, шығармашылық үйіне барарда ма, іссапарға шығарда ма, мені телефон шалып шақырып алып, қасынан қалдырмауға тырысатын. Сол шынайы сыйластығымен, үлкендік үлгі мінезімен, әсерлі әңгіме-кеңесімен, күрсініп кешірім өтінбесе де, сонау бір жаңсақ басқан ізінің кеудеме түскен суық табын жуып, тазартып жіберіп еді-ау. «Қазақ прозасының ендігі буынының көш басында «Елім-ай» романының авторы Софы Сматаев тұратыны сөзсіз!» деуі де бүгінгі мынау алдамшы тірлігімізден мүлде жойылып кеткен кешегі әдебиет пайғамбарлары болғанын жүрек сыздата еске түсіреді.

Одан да бұрын ұлы Ғабеңнің аруағы мені көрініп келген ажалдан аман алып қалғанын ұрпағымның ұрпағына тапсырып кетермін-ау...

2000 жылы екінші инсультімді алғам. 2002 жылы Ғабеңнің туғанына жүз жыл толып, кіндік қаны тамған жерінде тойы өтпек болатын. Асыл ағаның, ұлық ұстаздың мерейіне арналған мерекесінен қалмайын деп, таяқ ұстап ақсаңдап қалғанымa қарамастан Петропавлға да, жазушының ауылына да барып қайтқамын. Бес күндік сапардың төрт күнін дөңгелек үстінде өткізгенді көтере алмай, Алматыға келген күннің ертеңінде ауруханаға барып жаттым. Бірер күннен кейін асқазаным ауырғанын айтып едім, емдеуші дәрігерім қолымнан жетектеп апарып, зонд жұтқыздыртып тексерткені ғой. Сөйтіп... асқазандағы өңеш аузын буып бара жатқан қауіпті ісік - ракты анықтап бермесі бар ма. Енді-енді метастазасы басталуға шақ қалған қылтамаққа кешіктірмей ота жасап, Құдай тілеулерін бергір хирург інілерім жанымды аман алып қалған-ды.

- Ғабеңнін оған қандай қатысы бар?

- Қатысы - ғаламат. Егер мен ағаның тойына бармасам, қатыспасам, шаршап-шалдығып жетіп ауруханаға түспесем, ешнәрсеге мән бермес жайбасар қазақы тірлікпен ауруды асқындырып алып, жарық дүниенің жалғандығымен біржола қоштасып кете барар едім-ау. Ғабеңнің аруағы сақтап қалғаны осы емес пе.

- Жұбан ағаңмен түсінісе алдың ба? Әлгі азғырушылыққа ол кісі қалай ерді екен?

Жұбағаңменен де жан жарастығын таптым десем, артық айтқаным болмас.

Бір жағдай есіме түсіп отыр. 1983 жылдың 1-7 қыркүйегінде отыз жеті жазушы Атырау облысында қазақ

әдебиетінің күндерін өткізгенбіз. Жайықтың жағасында оқырмандармен жүздесіп, соңынан қолтаңба берген едік. Бір қызығы, басқа қаламгерлердің төңірегіндегілер он, онбес минуттан кейін сұйылып, маған қарай қопарыла көшкен-ді. Ал мен болсам өзімді қоршап алған тілеулестеріме тура бір сағат жападан жалғыз отырып автограф жазумен болғам. Соны сыртымнан байқап, отыз бес жазушының арасында тұрған одақтың бірінші хатшысы Жұбан аға мені қасына шақырған. Төсіндегі КСРО Жоғары Кеңесіне депутаттық белгісін көрсетіп: «Софыжан, жазушының құдіреті мынада емес, қызмет дәрежесінде де емес. Өзіңе... - деп сәл бөгелді де, - Өзіңе былтыр біз қиянат жасап қимаған сыйлықта да емес. Жазушының құрмет-қасиеті - халқының сүйіспеншілігінде екен. Соны сен әлгінде бізге таныттың. Ұлтының көңіліндегі сенің Алаштың халық жазушысы екеніңе көзім әбден жетті. Осы бетіңнен танба. Біз саған қызығып та, қызғанып та қарап тұрдық. Ендігі ағалық пейілім өзіңде болар! - деп ақ жүрегінің батасын бергендей болып еді-ау. Амал не. Маған аппақ көңілімен иліге бастаған Жұбағамды содан екі ай өтер-өтпесте биік билік он бес минуттік пленум өткізіп орнынан алып тастаған. Сол пленумда қаламгерлердің кімінің кім екенін ажырата алмайтын Олжас Сүлейменовты бастығымыз етіп қонжита салған-ды.

Мен сонда, Жайықтың жағасында, оқырман халқымның да, Жұбағамның да маған деген әділ бағасын алғам. Мен сонда, бәлки, әріптестерімнің күні бүгінге дейін қыр соңымнан қалмай жүрген қызғанышын оятып та алған шығармын.

- Қалтай ағаңды кешірмеген шығарсың. Бір емес екі рет аяғыңнан шалып, еңбегіңмен енер еншінді екі мәрте ұрлаған жанмен жаныңды қалай жарастырарсың.

- Қайдам... Сен өйтсең, мен бүйтем дейтін дайын кесікті адам да, Тәңір хақ та жасап бермес-ау...

Ал он жылдан астам уақыт ішінде өңімді бір бермеген мені көзімен іздеп, көңілімен алаңдап жүретін Қалтай ағаның маған оқыс ашылғаны бар емес пе.

1995 жылы Абайдың 150 жылдығын тойлауға қатыспақ болып бір топ қаламгер самолетпен Семейге ұшып келеміз. Менің орным Қалекеңнің дәл қасында екен. Ыңғай білдірмей, иллюминаторға бетімді төсеп алып отырғам. Қалағаң санымнан қысып қалып, жалт қаратты. Қалағаңның ерекше

бір қасиеті - адамға күлімсірей қарағанда, елжіреген бүкіл жан дүниесі жүзіне жүзіп шыға келетін. Дәл сол мейірімді қалпымен қадала қалып, мырс ете күліп жіберді:

- Ау, жолбарысым! Қашанғы бір-бірімізден қашқақтай береміз. Тыйылайық содан. Мынау орнымды да мен әдейі сенің қасыңнан алғызғам. - Қалағаң тізесінің үстінде жатқан дипломаткасын ашып, бір құты коньяк пен пакетке салынған ширек қазыны шығарды. Соны көргенде, қатарлас отырған Шерхан (Мұртаза):

- Оу, Қалеке! Мынауыңыз керемет болды ғой. Тамағымыз құрғап отырғанын қайдан біле қойдыңыз, - деп қопаңдап қалған-ды.

- Қоя тұр, Шерхан. Бұл «сыбағаның» жеке иесі бар! - деп аға маған еңсеріле бұрылды. - Арыстаным, сен екеуміздің шайлығысып қалғанымызды біздің үйдегі әпкең біледі. «Ер шекіспей - бекіспейдіні» маған қатты-қатты айтып, мына дәмін өзі дайындап пісіріп: «екеуің жезделі-балдызды, ағалы-інілі болып табысып, көңіл кірін жуып тастаңдар!» деп берген сәлемдемесі. Бұл ағаңның осынау иілуіне мықтап түйілуіңді шешермісің?

Боспын ғой, боспын мен. Көңілім көл боп, көзім жас боп төгіліп кеткенін білем. Ағаның жаны қол созып үңіліп тұрса, інінің жүрегі неменеге түңіле берер.

Қалағаммен солай табысқам.

- Мұқаң ше? Қаратаев Мұхамеджан ағаң. Жазам деген рецензиясын жазып, жаңылыс басқанын ескерді ме?

- Жоқ. Ол ағам жаға бола алған жоқ. Кездескен сайын түнерген жүздің түксиген қарасын бір өзгертпеп еді. Созған қолыңды, жібіген қабағынды сезбес суықтығынан жаңылмай кетіп еді сол аға Илікпегенге килікпес көңілім барын күрсінісімнің кеудемнен аулататынын сол кісінің қытымырлығынан байқағам.

- Әлгі ағаларыңның бәрі дерлік бақылық болып кетіпті. Ағаларыңның сол қысастығын растар куәгерің бар ма?

- Көп қой. Орталық комитеттен келген бір-екеу әлі арамызда. Фойеде отырған жиырма-отыз адамның он шақтысы жер басып жүр. Бәрінен де бұрын сол күнгі комиссия отырысының қалай өткеніне де, ағаларымның әділеттен қайтіп аттап кеткеніне де куәм бар. Жоғарыдағы айтқандарымның шындығын ақиқаттайтын Серік аға Қирабаев ол. Комиссия мүшесінің бірі болған-ды.

- Осынау әңгімені неге көйіттің. Кекшіл емеспін деп алып, кекшілдіктің ауылын жағалап кеткен жоқпысың?

- Мүмкін, мүмкін... Әлде күпті көңілдің кеудемді кемірген өксікті өкінішін көпке жария еткім келді ме, білмеймін. Өйткені көптеген оқырманым мені көрген сайын да, телефонмен хабарласқан кезде де «халық жазушысы» деген ресми атағымның жоқтығына реніш білдіреді де, Мемлекеттік сыйлықтың иегері еместігіме сенбей, таңданып қалады. Мүмкін қарапайым халықтың шын таланттарды басына көтере бағалайтынына сүйінген болармын. Шынайы дарындыларды бағалатпайтын да, маңайына жағалатпайтын да төрдегі түксиген төрелер мен шіренген шенеуніктер екенін айтпақшы болып далбасаладым ба, әйтеуір ниетім түзу. Мүмкін анау орыстар басқа қалада құлап қалып басын жарып алған әйгілі ақынын жазып алу үшін Мәскеуден бір самолетке толтырып атақты дәрігерлерін жұмсаса, мынау біздің қазақтар халқы қалаған қаламгерлерін керексіз заттай етіп орталық ауруханалардан лақтырып тастап жатқандарына бұрқ еткен ашуымның бір бұлқынуы да шығар.

Бәрібір күлімсіреуді күрсінуіме қабаттап, өлеңімнен өксік төгіп, өксігімнен өлең құрастырып, «қазағым - ғажабым!» деуден ажырамай кете берем.

Ал Ілияс ағаның ары мен жанының тазалығын, ниетінің адалдығын, ісі мен әрекетінің әділдігін бүгінгі «ғажабым» дей алмас әріптестерімнің бір де бірінен кездестірмей келемін.

Өкініші көп дүние-ай сол...

«Жас Алаш» газеті,
19 наурыз 2015 ж.

ӨЗЕКТЕГІ ӨКСІК

(Оқырмандарыммен сұхбатым)

«Өкініші көп Дүние-ай...» деген мақалам жарық көргелі интернет арқылы да, телефон соғып та, хат жазып та жай-жағдайымды сұрап, хабарласып жатқан қазағымның тілеулестерінің шынайы көңілінің жылуы мен шуағына бөленудемін. Еміренген жүректердің өзіме деген елжіреуік лүпілін сезінуім сондай, тебіренген жаныммен кейде мынау айдай әлемге сыймай кетердей лепіре желпінемін. Әрине мұның бәрі - ақкөңіл аңқылдақ Алаш жұртының өзім деген азаматына құрметін білдіріп, құшағын айқара ашып тастайтын таңғажайып табиғатынан екенін бір кісідей сезсем де, алабұртқан жүрегімнің бұлқынысы кірпігіме мөп-мөлдір ырзалық тамшысы болып үйіріле қаларын несіне жасырайын. Анау төрдегілерге неғұрлым жат болған сайын, мынау төңірегімдегі «жердегілерге» соғұрлым жақындай түскенімді көкірек жасымен жібітіп «байқататын» Жаратушы Хаққа құлы болып құлшына түсуім күшейгенін білем-ақ. Көктегі **Жалғыз** бен жердегі **көптің** саясы аялаған жанымды алдарыңа жайып салғаным да осы, ағайын. Енді көп созбай, көпшіліктің сұрақ-сауалдарына ашық жауаптарымды шашыратпай жеткізуге тырысайын.

- «Ау, Софы, шығармашылық жолыңды екі рет қиып, үміт еткен үлесіңе созған қолыңды екі мәрте буып, шарасыздықтың шырмауында шырылдатқан жаныңды әніндей емірене тыңдаған Қалтайды қалай ғана кешіре алдың? Кешіре берген сайын сатқындықтың есіре берерін қалай ескермегенсің?» дейтін ағынан жарылған өктем үндердің тасқынына көміліп, әупірімдеп есімді жиғаным енді-енді ғана.

- Иә, сол ағамның басқа ағаларыммен бірігіп жолымды екі рет кескені де рас. Адамға, адалға сенген бүтін көңілімді арамдықтың қысастығымен тескені де хақ. Өзегімді өксікпен буып, өкінішке толтырғанын да, өгейсіреткен өкпемді қабынтқанын да ұмытқым келсе де, ұйқысыз түндерімнің уысында қалжырағанымда ұмыта алмайтыным да ақиқат. Бірақ «Алдыңа келсе, атаңның да құнын кеш!» дейтін кеңпейіл қазақ емеспіз бе. Бұ дүниенің кінә-күнәсі о дүниеде тексерілерін еске салып,

мен үшін күйінген тілектестерімнің алдынан өткенім бұл. Оқырмандарым жазғырса да, жақтырса да, бет алған бағытымнан біліп адассам да, білмей адассам да, бәрібір адалым дерлік тірлігімнен аттап кете алмасым өзіме ғана аян.

- **Мемлекеттік сыйлықты өзіңнен қаламгерлік қауқары мен қарымы төмендердің алдыңды орап өтіп, алып кетіп жатқандарына жаның сыздап, жүрегің шаншып, өзегің өртенбей ме?** - деп мен үшін өкпесін өшіретін мұңдастарым да біраз.

- Әрине, көңілдің қоңылтақситын кездері болатыны рас. Әсіресе шат-шәлекей шатағымен матап алған «ат-атақтарының» арқасында өр мен төрде топырлайтындардың тулатқан топырағының астында, босағада қалып, кебіс күзететін «мүсәпірлігің» жігеріңді жасытатынын қай «құдайыңның» құлағына жеткізерсің... Бүгінде тыңдар құлақ табу үшін әлгі құлақ иесін тынымсыз мақтау мен мадақтаудан аузыңды босатпауың қажет-ау... «Әйтпесе». «Әйтпесеге» баспауымды түптемей-ақ қояйыншы.

- **«Анау әдебиетшілерге бөлінген мемсыйлықтың үш орнының ешбір қаламгерге берілмей, күйіп кетуіне не себеп болғанын»** білгісі келетіндер телефон құлағын шулатып-ақ жүр әлі.

- Рас. Сол 2004 жылы әлде Құдай, әлде құдайдан былай емес адам жарылқады ма, әдебиетшілерге деп мемлекеттік сыйлықтың төрт орны арнайы бөліне қалған еді-ау. Алғашқы отырыста-ақ комиссия мүшелері бір сыйлықты Төлен Әбдіковке береді де, қалған үш сыйлықтың иелерін анықтауға онша құлшыныс таныта қоймайды. Естуімше, бұл арада да Сматаевқа деген әлдекімдердің әлдебір шетін көзқарастары көлденеңдеп тұрып алған тәрізді. Сонымен ырың-жырыңы бел алған пікірталастар отырғандарды бір мәмілеге жеткіздірмей, келесі кезекті күткізуге мәжбүр еткен. Комиссияның төрайымы - сол кездегі премьердің орынбасары Бірғаным Әйтімова ханым болатын. Комиссияның әлгіндей қырқылжың қылығына жол бермеуі керек еді деді ме, әлде басқаша бір есеп тосын киліге кетті ме, оны ажыратып айта алмаймын. Биік биліктегілер Әйтімованы аяқ астынан орынбасарлығынан оқу министрлігіне сырғытып жіберіп, комиссия төрайымы міндетінен де босатып, төрағалыққа Әбдікәрімов Оралбайды тағайындамай ма. Ал сонан соң...

Біздің қазақтың әсіресе кеудесіне нан пісіріп, көкірегін көріктей керіп жүргендері өздері діттеген есепқор мүдделерінің ойда жоқта өзгеріп шыға келетініне бұрқ етіп дүрілдеп қарсы атылмай, былқ етіп көне қоятынын көре алмайтынымыз ақиқат емес пе. Езуінің қисаюымен-ақ елпілдей түсетін иек қаққыш төңірегі мол комиссияның азуы алты қарыс дейтін асауторысы: «Коней на переправе не меняют!» деп кезекті отырыстың шырқын бұзып, қасарысып шыға келмей ме... Сонымен бірауыздылық таныта алмаған, әдейі танытқысы келмеген комиссия әдебиетшілерге бөлінген үш орынға лайықты үміткерлерді құрбандыққа шалып жіберген еді. Сөйтіп бәйгеге қосқан «Елім-айымның» үш кітабын бірдей «батыраштарым» сұлата салған еді. Өкініші мол дүниенің өтірігімен ауызданған өктемдігі өңешіңді буып, өксігіңді өкпеңнен төгерін несіне жанғырта берейін. Менімен бірге нахақ күйіп кеткендердің біреуі - кешегі Герольд Бельгер еді ғой...

- «Ат атақ сізге неге берілмейді? Аты-жөнін әйелдерінен басқа ешкім білмейтін кейбіреулер иығынан басып қалған «Ұлттық академияның академигі», «Халық жазушысы», «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Алматы, Астана қалаларының құрметті азаматы», «Президент сыйлығынын, президент стипендиясының иегері»тәрізді асқақтатуларды көтере алмай мықшыңдап жұрсе де, өзгелерді менсінбей шаңқылдайтындарын қайтерсің. Ал сізге сол атақтардың біреуі де бұйырмапты әлі. Анау мықтымызға, мықтыларымызға сіз үшін сыздайтын күпті көңлімізді қалай сездірерміз?» деп маған бүйрек бұрушыларымды да жатырқамаймын.

- «Мықтыңызға» еш өкпем жоқ, қайта оған разылығым мол, ағайын. Осыдан ширек ғасырдай бұрын елуге толған күнімде Назарбаев мырза көмекшісін жұмсап, һәм сол кездегі премьердің орынбасары Жолдасбековке телефон шалғызып, мені шақыртып алған-ды. Юбилейіммен құттықтап, «Без правых и левых» атты кітабын сыйлап тұрып: «Сәке, халықтың сүйіп оқитын «Елім-ай» романының авторы «Халық жазушысы» деген атаққа әбден лайық қой. Аласыз!» деп арқамнан қағып, бермесе де, бергендей шалқытып шығарып салған-ды.

Бес жылдан кейін сол уәдесі ойына түсті ме, елбасының нұсқауымен одақтың басшысы Қ.Найманбаев мені

«Қазақстанның халық жазушысы» атағына ұсынып, құжаттарды президент әкімшілігіне өткізген еді. Ақмолаға көші-қон кезінде басқа құжаттар жоғалмай, «маған ғана байланысты қағаздар жоғалып кетіпті-мыс» дейтінді еміс-еміс естіген болатынмын.

Іле-шала президент тарапынан дүмпу жетіп, ендігі мен туралы ұсыныстыН.Оразалин жолдаған еді. Ақыры қағаздар Нұрекеңнің алдына жетсе керек, 1998 жылдың 26 ақпанында әкімшіліктен: «Бүгін Қабдеш Жұмаділов екеуіңізге «Халық жазушысы» атағын беру туралы жарлыққа Елбасы қол қойды!» деп телефон шалған тілектестерім бір қуантқан. Сол күннің кешінде Сәкен Сейфуллинге мейрамханада берілген аста кездесіп қалған Н.Оразалин мені «Халық жазушысы» аталғаныммен құттықтап, сүйінші сұраған да еді-ау...

Сол жарлықтың Конституция күні жарияланатынын біліп, алты ай бойы асыға күтпеймін бе...

29-тамызда сәскеде телефоным (вертушкам) шырылдап қоя берді. Трубкадан Қырымбектің мені құттықтаған дауысын естіп, қуанғаннан есім шығып кеткені ғой. Қ.Көшербаев - Білім және оқу министрі болатын. Кеңсесі Алматыда қалған. «Сәке, енді сіз «Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткері» болдыңыз. Сүйіншімді дайындай беріңіз» - демесі бар ма інімнің. Әлгіндегі қуанышым су сепкендей басылып, кеудемді қынжылыс дірілі буып ала жөнелді.

- Әй, Қырымбек! Мені «Халық жазушысы» атағына ұсынған. Саудагерге де, шошқашыға да, шенеунікке де беретін атақтың маған керегі жоқ. Жазушылығымды айғақтамайтын төрдің бұл шешімімен келіспеймін. Сен - үкімет мүшесісің! Ресми адамсың! Құдай айдап, қолыма түсіп қалдың. Жоғарыдағыларға жеткіз. «Халық жазушысы» бұйырмаса, мен бұл атақтан бас тартам. Тізімнен алғызып тастат. Ал ертең жарияланар болса, биресми газеттерге бас тартатынымды жазғызып, прецедент жасаймын!» деп дүрсе қоя бермеймін бе.

«Аға, кездесейікші!» деген соң түстен кейін Қырымбектің кабинетіне кірсем, қасында Н. Оразалин отыр екен. Екеуі екі жақтап мені көндіруге тырысып-ақ бақты. Неге көнейін. Өз биігім өзімде екенін танытып шығып кеттім.

Сол күні де, ертеңінде де мемлекеттік хатшы Ә.Кекілбаев Қырымбекке қайта-қайта «Көндір!» деп телефон шалыпты. Бала-шаға емеспін ғой, кілт ете қалып, айтқанынан айнып шыға келетін.

Шарасы таусылған Қырымбек бауыр Ақмолаға барып, жай-жапсарды түсіндірмек болып астанаға ұшып кеткен.

Екі күннен кейін қайтып келіп Қ.Көшербаев мырзаның маған айтқаны: «Елбасыда болдым. Сіздің ренішіңізді жеткіздім. Нұрекең Әбіш Кекілбаевты шақыртып алып, мән-жайды сұрады. Әбекең «машинисткалар фамилияны байқаусыз ауыстырып алыпты» дегенді айтып жатты. Елбасы сізге «сол атақтың бес-алты айда берілерін арнайы жеткіз!» деген. Ренжімеуіңізді де өтінген, - деп көңілімді көншіткен-ді.

1999 жылы, ұмытпасам қаңтардың 15 күні президент біраз зиялы қауымды «Анкара» қонақ үйінде қабылдаған болатын. Менің өзіне онша жақындамай сырғақсып жүргенімді байқап қалып, шақырып алған еді.

- Өкпе бар ма, Сәке? - деген.

- Неге болмасын, Нұреке. Бар ғой.

- Білем. Аласыз. Әрине, әр нәрсенің уақытында берілгені дұрыс қой. «Өкпені бауырға айналдырдық!» дейтін, Сәке, сіздің Мәди аталарыңыз емес пе, - деп арқамнан қаққаны да есімде.

Бірақ... Арада екі-үш ай өтті. «Халық жазушысы», «Халық әртісі» атақтары жойылсын» деген елбасының жарлығы жарық көріп, үмітімді біржола қиып тастаған еді.

- «Елім-айдың» бірінші кітабы неге жеті жыл жатып, әрең жарық көрген? Соның себебін айтсаңызшы.

- «Өткенге салауат» дегізер де, дегізбес те, бір мазасыздық кеудемде түнейтінін өзім де білем. Ол мазасыздық «Елім-айымның» сонау алғашқы кітабын шығармауға барын салған кедергілердің көбейген кезінде басталған. Сол кездегі жалғыз «Жазушы» баспасының директоры Ә.Жұмабаев жеті жыл бойы: «романыңды Орталық Комитет жоспардан сызып тастап келеді», - деп тақылдаудан бір жаңылмап еді. Баспасөз министрі Ш.Елеукенов жолдас: «Әй, шырақ! Жап-жас қалпыңмен дау-дамайы көп кірпіш роман жазғанша, Баймұқаншылап әңгімеден бастамайсың ба», - деп ақылгөйсініп шығарып салатын. Ал Орталық Комитет хатшысы Саттар Имашевке бір рет кіргенімде: «Тер сасыған тымақ киген қазақты әспеггегенше, төбесіне шляпа төңкерген зиялыны дәріптесеңші! - деп арызымды аяқсыз қалдырған.

Ақыры шыдамның да шегі бар ғой. Қоймай жүріп Орталық Комитеттің Үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Плотниковке

кірдім. Кірдім де, қалтамнан партбилетімді суырып алып, алдындағы столына сарт еткізіп тастай салдым.

- Что за безобразие! - деп әлгімнің көзі шақырая қалды.

- Менің романым Орталық Комитетке жақпайтын болса, онда менің өзімнің де партия қатарында болуымның реті де, сенімі де жоқ. Шығарыңыздар! - деп романым жарық көрген «Жұлдыздың» екі нөмірін, Ш.Айтматовтың романыма жазып берген алғысөзін, оқырмандарымның «Елім-ай» жөнінде өзіме жазылған екі жүздің үстіндегі хаттарды балеткамды төңкеріп, алдына үйе салдым.

Плотников бетіме үңіле қарады.

- Фамилияңыз кім? Сматаев?!. Алғаш естіп тұрмын. Біз... мен сызыппын ба? .. Сіздің романыңыз жеті жылдан бері ешбір тематикалық жоспарға еніп, алдымызға келген жоқ, - деді де, дереу трубканы көтерді.

- Жұмабаев!.. Сіз Сматаевтың «Елім-ай» романын білесіз бе?.. Білсеңіз, неге оны жеті жыл бойы темпланға кіргізбегенсіздер? Осы биылғы жоспарға енсін!.. Кімді алып тастасаңыз, оны алып тастаңыз! Соның орнына мына кітапты шығарыңыз. Бітті! - деп трубканы қоя салды да, маған: - Естідіңіз ғой. Кітабыңыз шығады. Мә! Мына билетті лақтыра бермеңіз. Кеудеңіздің тұсында мықтап сақтаңыз! - деп ұстата қойды.

«Елім-айым» сол азап аясынан босап, Плотников азаматтың арқасында жарық көріп еді.

- **«Осынау қиянаттарды шеңгелдеп бүрген жүндес қолдың иесі... егелері бар ғой. Солардың атын атап, түсін түстеп беруден неге қашқақтай бересің. Кексіздіктен тексіздіктің ағайын-жұрты өріп-қаулап кете ме дейтін күдікке сен бойламасаң да, біз малтығып бара жатқандаймыз»** дейтін де өрекпіген өкпелі сауалдар аз емес.

- Кейбір кісіге кіржие қалар іштей айықпас кикілжіңім барын сезем ін. Бірақ адамға деген аққөңіл аңқылдақ пейілден ауытқып кетпесіме кәміл сенемін. Ал кекірттігін көлденеңдетіп, сенің бар-жоғыңды мүлде елемейтіндей тәкаппарлықты маңдайына талақтай етіп жабыстырып алған өр көкірек кейбіреуді анадайдан айналып өтуден жалыққан емеспін. Әлгілердің әлдебір құдырет иесі болғанын да, алдарына сүмірейіп барып, сұрана қарасаң, тілегіңнің баз-базда орындала қаларына көзім жетіп тұрса да, сондайлардың маңайына маңайлатпас бір тежегішім қашқақтата берумен

келеді. Жолымның бола бермеуі мүмкін осынау мінезімнің талғампаздығынан шығар... Мүмкін менің әлгілерге илігуім мен қапталдаса килігуімнің мүлде жоқтығынан да шығар. Әйтеуір аңсағанымды алқынбай ала қояйын деп арсыздық танытпағаныма Тәңірім куә.

Ұзақ жылдар бойы оның мені жатындай көріп жаратпас, ал мені оған жадыратып қаратпас бір адамым болды. Ол - Әбдіжәміл Нұрпейісов еді. Содан ба тура отыз бес жыл бір-бірімізге деген іштегі әлдебір қыжылды сүп-суық көзқарастарымызбен атып жеткізуден шаршамап та едік. Бірақ... Өмірдің өзгертпейтін өзегі, тірліктің түземейтін қисығы болмайтынын ежіктесек, әлгі суық қарастардың жылынған жүздердің шуағында еріп кеткенін байқамай қалыппыз.

Соңғы он бес жылдың мөлшерінде Әбең екеуміз кесел меңдеген ағзамыздың «арқасында» ауруханаңы екінші үйімізге айналдырып алғандай халге тап болғанбыз. Алғашқы төрт-бес жылда бөлімшеміздің дәлізінде, асханада кездесіп қалғанымызда, бас изесіп амандасу түгілі, біріміздің біріміз құбыжық табатындай тезірек теріс айналып кетуге тырысатынбыз. Әйтсе де, келісіп алғандай үш айда бір жатып шығатын палаталарымыздың көршілігі ақыры екеумізді жұғыстырып та, табыстырып та жіберген еді. Әлде ол Әбенің іниге деген ағалық мейірімінің алдымен ақтарылуынан көз ашты ма, әлде ағаның жадыраған жүзінің жылуына мерейленген інінің ілтипатымен сабақтасты ма - екеуара түсінісу әлдебір ішкі түйсіктермен үнсіз қалыптасқан-ды. Сөйтіп, ол аға болып, мені іні болып табыстық.

Енді Әбекеңнің ойда жоқта ашылған сырын күнделігімнің беттерінен оқылық.

«Бүгін жұбайым Шамшия үйден бір табақ ет пісіріп әкеліп, осы 2-терапия бөлімшесінің тоғызыншы палатасында Әбені қабылдадық. Аға ауруханаға алғаш түскендегісінен әлдеқайда тың. Әнеукүндері палатасынан көп шыға қоймайтын. Бүгін көңілді отырды. «Арқаның жылқысының еті сондай дәмді болады!» деп тәрелкесіндегі жамбастан кертіп жеп қояды. Әбе ырза болса, әрине келіні де ырза. Соны байқаған сезімтал қаламгер бір кезде жұбайыма күлімсіреген жүзін бұрды.

- Келінжан, ниетіңе Алдаразы болсын. Ағалық парызым ба, элде әлденеге босаған көңілім бе - бүгін сеңдерге бір ашылғым келіп отыр, - деп сәл бөгелді де, кеседегі шұбаттан

бір ұрттады. - Мына Софы мырзаға біраз қырсығып, жолын қиып, кесірім тигенін айтайын саған.

1969 жылы күзде менің «Қан мен терімнің» үшінші кітабы Жазушылар одағында талқыланды. Одақтың сол кездегі кішкентай залының төрінде проза кеңесінің төрағасы Сәбит Мұқанов пен бір бала жігіт жайғасыпты. Талқылау өте қызу өтті. «Күйреу» атты романымды күйретуге тырысқандардың тұс-тұстан жаудырған сынау-мінеулерінің астында қалдым. Маған сонда әлгі сайрағыштарды қайрап, айдап салып отырған анау төрдегі екеуі боп көрінгені ғой. Сәбеңе тісім онша өте қоймайтынын білем. Ал анаған... протокол жазып отырған көзілдірікті сары жігітке деген қыжылым өңешімді өртеп бара жатқанын ұмытпастай болғам. Сматаев деген фамилиясын қасымдағылардан сұрап алып, көкірегіме өшпестей етіп жазғанмын. Содан сенің атың шыға бастады. «Жұлдызға» редактор болып барған Тахауи алдында жатқан сенің романыңның қолжазбасын ал кеп мақтасын. Ал мен ал кеп ызаланайын. Тахауиға «журналда жариялама!» деп құлағының құрыш етін жедім. Тахауи тоғыз-ақ айға шыдады. Ақыры екі нөмірінде шығарды. Жұрт сенің «Елім-айыңды» жер-көкке сиғызбай дүрілдетіп мақтай жөнелді. Менің қыжылым одан сайын үдеді. Өйткені сенің Сәбит, Ғабит, Әди, Ілияс, Әнуар, Олжас сияқты біраз ағаларыңның қиянатын көп көргем-ді. Тақымына уысым толар бір інісін жұмарлап езіп, сол ағаларыңнан кек қайтарсам дейтінмін. Сен сол болдың. «Елім-айыңды» кітап қып шығартпауға қатты ден қойып, Әбілмәжін, Шериаздан, Саттарға тапсырғам. Бірақ маған белгісіз бір жолды тауып кетіп, романыңды шығарып алдың. Ілесе екінші кітабы да жарық көрді. Қос кітабың «жылдың үздік кітаптары» болып, мемсыйлыққа ұсынылды. Сенің бес рет бәйгеге түскеніңді білем. Ал мен саған бес рет қарсылық жасағаным, төңірегімдегілерге қарсылық жасатқаным да рас. «Коней на переправе не меняют!» дегенім де есімде. «Халық жазушысы» атағына ұсынылғаныңды естігенде, фамилияңды ауыстыртуға әлдекімдерді араластырдым. Президенттің «Анкарадағы» қабылдауында болғанымызда, оның саған берген уәдесін қасында тұрып естігем. Көп кешікпей Астанаға ұшып барып, Әбішке кіргем. Ойымды Әбішке жеткізіп, енді екеуіміз Нұрекеңнің алдына бардық.

- «Нұреке, осы «Халық әртісі», «Халық жазушысы» деген атақтардың күшін жойғызсаңыз қайтеді. Өйткені сол атақтарға тым көбейген құмартушылар Сізге арыз-өтінішін

қардай жауғызып, Өзіңізге өкпе тағып, араз-құраздықты күшейтеді» - деген уәждерді үйіп-төге салдық. Президент те оп-оңай келісе кетті...

- Сөйтіп сен, Софыжан, тағы да сол атақтан біржолата қағылдың, - деп бетіме еш қамсыз-мұңсыз қалыппен сығалай қарады. Ізінше - Кей-кейде әртістерге обал жасадым-ау деп күрсінетінім бар, - деп, күрсінген болды.

- Ал, келіңжан, бұл ашылуым мынау бір асым етіңе көрсеткен ниетім емес. Мынау Софының азаматтығын, талант-дарынын анық танып, өзімнің ағаттығымды сезінген сырым мен шыным.

- Ал, Софы, сен мені бұдан былай да «Аға!» деп інілігіңді жалғастыра бересің бе, інілігіңнен баз кешесің бе, еркін білсін».

Не дейін. Жұбайым да, мен де тырс етіп ләм дей алмай үнсіз отырып қалып едік. Шамшияның кірпігінде дірілдеген қос тамшы жас пен жер сілкінтпесе де, жан-дүниемді дүрк сілкінткен өксікке бергісіз күрсініс кеудемнен атылып шығып еді-ау». **26 қаңтар 2011 жыл».**

«Ағаттығымды сездім» деген ағаны, алды азая тіреліп, арты өкініші мол тірлігімен ұзарған Әбеңді өкпемнің өксік сызымен суарғанда не табармын. Ағат кеткенін адалдығы ісүйреткен өкінішімен шешілгеніне кешірімшіл жанымның кішілік, інілік ізетімен бас июден аса алармын ба?..

Өйткені қайта ашылмастай етіп түбінде бір көз жұмасың... өксідің не, өкіндің не - бәрібір өшкенді тірілте алмайсың, өткенді келтіре алмайсың. Ой түбіне сүңгігендегі тапқаның - қабаттасқан инфарктың мен инсультің ғана. Үйкыңды бөліп, ащы теріңді төгіп, жүйе-жүйкеңді сөгіп еңбектендің-ақ. Ал сондағы көрген жеңісің мен терген жемісің қандай? Аға дегеннің аяқтан шалуы ғана. Тұстастарыңның қолың мен көңліңді тұсауы ғана. Ақылдының сені ақымақ санауы ғана. Есіктен де енгізбей, тесіктен де сығалатпай, адалдық іздеген тұлғаңды тұлыптай етіп тоздырып, аулаққа аластап қуып жіберуі ғана.

Жә-жә, Софыян, қоздырма өкпені, қыздырма қыжылды!..

Айтпақшы, Ә. Нұрпейісов ағаның осы ашылуын арқау етіп, «Бетіңді енді, інім, қалай бұрасың?» деп дастан жазып, «Ағаларым - жағаларым, інілерім - ірілерім» жинағына кіргізгем. Өсек тасығыш өзгелерден естіп, өкпесі бекер қабынбасын деп кітаптың «сүйінші» данасын екі жыл бұрын Әбеңе ұстатқам.

- «Сіздің мамандығыңыз инженер-металлург. Яғни елбасымен әріптессіз бұл жағынан. «Сіз де, мен де болып ек қой горновой» деген дастаныңызда шойынды Нұрекеңмен бірге қорытқан да сияқтысыз. Алайда президенттің сізді шеттете беретіні қалай?» дейтін өкпе арқалаған сауалдар да жеткілікті.

- Қадірменді алашымның азаматтары! Қандастарым, қардаштарым, арлы-мұңлы замандастарым! Бір нәрсені ашып айтайын. Мені шеттететін президент мырза емес (өз ойым солай қабылдайды-ау), төңірегіндегі төбесінің төрелігі аз, кеудесінің кемелі сыз шенеуніктері ғана. Әйтпесе мерейтойларымда пәпкесін жіберіп құттықтап, кітаптарымды сұратып алып оқып, кездескен сайын елбасы екеуміз баяғыдағымыздай қуана құшақтасып қалудан ажыраған емеспіз. Соңғы рет 2011 жылдың 19 не 20 қаңтарында ауруханада жатқан жерімнен Нұрекең Алматыдағы резиденциясына шақыртып алған. Сонда кетерімде: «-Сәке, жазушыларға «Халық қаһарманы» берілмейді ғой. Сіз «Еңбек Ерін» аласыз.Ұзамай Ұлттық академияға толық мүше боласыз!» - деп «көңілдендіріп» шығарып салған-ды. Әрине «қисық» жолымнан «тура» бағытыма бұрылуымды қадағалап ескерткенін сезбес тайызда малтығыш жан еместігім белгілі. Әйтсе де Жазушылар одағы, Кітап палатасы, әртүрлі қорлар бірінен соң бірі үш жыл қатарынан Мәдениет және спорт министрлігіне мен туралы қайта-қайта ұсыныс түсірсе де, награда комиссиясы қалайы медальсымағын да қимай, Сматаевты өздеріне арқан бойы емес, парсек бойы жолатпаумен келеді. Мүмкін менің құжаттарымды Мәдениет министрлігі оларға түсірмейтін де шығар. Өйткені осы министрліктің кезінде жылға жетер-жетпес министр кепешін киген Дархан Мыңбай дейтіні «Сматаевты ресми БАҚ-қа жолатпаңдар!» деген бір қаулысын шығарыпты-мысты біраз редактордың аузынан естігем-ді. Ал елбасы көңіл түкпіріндегі емес, тілінің ұшындағы құрғақ уәдесін «жұтып» қойып жүрсе, азаматтығына ғана байлармын.

- Сіздің «жазушы - өз заманының шежірешісі, өз қоғамының сыншысы, өз уақытының айнасы!» деп жазғаныңызға лайықты суреткер бүгінде неге аз?

- Қаламақысынан айрылып қалған шығармашылық иелерін кейде түсінем, кейде түсінбеймін... Сондықтан да олар анау итке тастар сүйектей «стипендия» дейтін

«асатуға» ұмтылар. Содан соң бірін-бірі жұлқылай таласып, билікке жарамсақтана көз сататындар өзінің жан дауысымен ұлтының жан ыңқылын қайдан айта алсын.

Әйтпесе «Адам неге әлсіз, адам неге әлжуаз?» дейтін шын қаламгердің ойында:

«Бәлкім тіршілік деген де - ақиқаты ұстатпас аңыз шығар?»

«Бәлки, тіршілік деген - ізгілік пен зұлымдықтың айқасы шығар?»

«Бәлки, әлжуаз адам мықты да, мықты адам әлсіз шығар?» дейтін таласы мол Болмыстың сан жұмбағы тірілер.

Бәрібір жазушы - құдырет. Адам ақиқатын іздеп, қиялында өз әлемін жасап, өз қоғамын орнататын қаламгер тірлігі Жаратқан Хақтың құдыретіндей көрінбей ме?..

Барымды бағалап, арымды ардақтаған, ақпейіл ағайыным, көңілімді көлдей шалқытқан ниет-тілектеріңе ризалығымды білдіріп, көз ақтық рет жұмылып, қаламым қолымнан сырғып түсіп кеткенше мұңың мен мұқтажыңның жоқтаушысы болудан жалықпаспын.

Баршаңа уассалам!

«Жас Алаш» газеті,
2015, 14 сәуір

ӘДІЛЕТТЕН АЙНЫМАҒЫНЫМА АРЫМ КУӘ

- «Ел. Жер. Ер. Қазақтың бүкіл болмысы осы үш сөзге сиып кеткенін байқайсыз ба, оқушым! Өйткені ел еңіреген ерімен ғана құдіретті. Жер еркін елімен киелі. Ер өз жерінде қасиетті» деп «Елім-айладыңыз». Қазақ елдігінен, жері киесінен, ерлері намысынан ажырап бара жатқан жоқ па? «Елім» деген жазушыны бұл күнде не толғандырып жүр екен?

- Иә, иесінен елі, киесінен жері, намысынан ері ажырай бастаған заманның есігінен еніп бара жатқандай күйді сезінетінім рас. Өкінішті өкпемнен сығып, өгейлікті өксігіммен жұтқызған бүгінімнен сескенетінім де хақ. Мен «Елім!» дермін-ау, «Елім-айлап» көкірегімді қарс айыра күрсінермін-ау. Бірақ одан қайыр не? Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпас кесірлі кекірт кезеңге тап болдым ба, айналамнан айқай-аттанымды есітер жан таппайтын тәріздімін. Шикізат сатудан ғана түскен миллиардтаған доллардың шекпенділердің қалтасына құйылғанынан қалғанымен бюджеттің жыртығын жамап келген үкіметтің дәл қазіргі шарасыздығына күйінетінім де көп. Төңірегімнен төрге де, төрелерге де тура қарап, елдіктің құнын, теңдіктің бәсін, жер асты-үсті байлығының егесі болар қараша халықтың есесін қайтартар қатарлас пен қапталдас зиялымды қашан көремін деген үмітімнен гөрі күдігіммен қаусайтыным бар. Құлағы жабық, кеудесі бітеу шенеуніктер шерге бөккендердің зарын тыңдаудан олардың арын таптауды артық көретінін байқаған сайын бұлқынған жүрегімді қайтіп тыныштандыра алармын? Содан ба, 2013 жылдың шілде айында алтыншы рет жүрек талмасын тағы өткердім.

Мені толғандырар күдік пен кәдіктер көп қой, Марфуғажан. Мынау биліктің ынсапсыздығы халықтың жүйе-жүйкесінің қыл пернесін қан шеңгелдер саусақтарымен шертіп, жыртып ойнаумен жүр ғой. Жойылудың орнына күн сайын өршіп бара жатқан сыбайлас жемқорлықтың обыр апанына құйылумен, бір қаланың даңғазасын жаңғыртпақ далбасамен форумнан форум өткізіп, тойдан соң той жасаудан мемлекет қазынасы қаңсымағанда қайтеді? Сол қаңыраған қазынасын аш-жалаңаш жұртының қалтасын қағып-сілкумен толтырудан жалықпайтын үкімет пен парламенттің келеңсіз қылықтарын қай Тәңір құдіретке зарланып жеткізе аларсың. Сәт сайын

күшейтіп жатқан әртүрлі айып, салықтары мен тоқсан сайын өсіретін газ, су, электр, азық-түлік бағалары, «шықпа, жаным, шықпамен» жүрген міскін қазақты мезгілінен бұрын о дүниеге аттандырып жатқан жоқ па? Оның үстіне мына құнсызданған теңгеміздің қай тұсқа құлдырап құлайтыны және белгісіз. Ашынған адамның Алласын да аямайтыны аян. Сол ашынған Алашымның бірі болып қатты кетсем, қабырғамның қайысқаны да. Қайыстырып бара жатқан құбыжық күдіктерімді айтардай-ақ айқайлаумен келемін. Көңіл қояр маңайымдағы көпті, құлақ түрер жоғарыдағы топты кездестіру мүлде қиын. Енді күдіктерімнің бет-пердесін түріп ашайын.

Ең бірінші күдігім: империяшыл Путиннің «кеден!» деп кідіңдеп келіп, «біртұтас экономикалық бірлестік!» деп евразиялық одаққа кіргізіп, болашақтағы ортақ валютасын енгізуімен, кеше ғана аяқ астынан Алла тағаланың «араласуымен» қолымызға ұстаған тәуелсіздік тізгінінен тағы да айрылып қаламыз ба дейтін ес тандырар үрей. Өйткені, Қазақстанды Ресейге қосып жіберіп, өздері Путиннің қолтығына тығылып алып, ұрлаған, жырлаған есепсіз байлығын сақтап қалу үшін төрдегі томардай дөңкиіп отырғандар ұлтының азаттығы мен бостандығын бодандықтың темір шынжырына қайтадан бұғаулап беруден тайынбайтынына көзім жеткендей.

Екінші үлкен күдігім: Қытай экспансиясы. Жалға алған жерімен, сатып алған мұнай, газ һәм кенімен еліміздің іргесін түріп тастап ентелеп еніп жатқаны, мемлекетіміздің миллиардтаған доллар қарыз алып, айдаһардың құтқармас өңешіне біртіндеп жұтылып белшесінен батқаны, биліктің еліміздің стратегиялық құндылықтарын алды-артын ойламастан соған жедеқабыл сатқаны күндіз күлкімнен, түнде ұйқымнан мүлде бездіріп барады. Әлден-ақ қара шыбындай қаптай бастаған шүршіттің бір уыс халқыңды жұтып жіберері сонау биліктегілерді неге түршіктірмейтініне таңым бар.

Үшінші ең күйінішті күдігім: тілім мен дінімнің өз елінде, өз жерінде өгейлік көріп, өзегінен тепкізуі. Шала қазақ пен сары қазақтың (орыстар бұным) мемлекеттік тілді менсінбеуі шектен шыққаны сондай, елбасының анда-санда ана тілінде бес-он минут «гәпіретініне» де бүгінде тиым салғанын әжептәуір сезем. Соған қарағанда Нұрекеңнің өзін қақпайлап, оның да ерік-ырқын қытымыр уысына қысып

алған әмірі күшті бір кландық топтың құдіреті күн санап өсіп бара жатыр-ау деген қаупім де бар. Өйткені президентіміздің тілімізге деген құрметі мүлде кеміп кеткенін шетелдік басшылармен тек орыс тілінде шүлдірлеулері барынша дәлелдеп жүрген жоқ па. Құдай жарылқап ООН-дағысындай Назарбаев азанда қазақша сайрап ала жөнелсе, шала қазақтар түсте қазақша жамырап, сары қазақтар кешке қазақша маңырар еді-ау. Себебі кім биіктеу отырған креслосынан айрылғысы келеді? Креслода отыру үшін шенеуніктің ұлттық тілді игеруі әрі қажеттілік, әрі заңдылық қана болар еді сонда.

Тағы бір күдігім: үкіметтің, биліктің қазақ мүддесіне деген шарықтап бара жатқан немқұрайдылығы. Оны өзге ұлттардың құрбаны етіп шалып жіберуден мүлде тайсақтамауы. Әсіресе олардың тәуелсіз БАҚ-тарды, ең алдымен «Жас Алашты» жабуға жанталаса кірісіп жатқаны осы мақсатын барынша айғақтайды. Оның үстіне оппозицияны құбыжық көріп, бірде қудалап, бірде биік кресло ұсынып сатып алып, әйтеуір оппозиция серкелерін тоз-тоз қылып тоздырып жібергені әрекеттерінің іргелісіне айналды. Ең басты күдігім: сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізетін Қ.Қожамжаровтың полициясының жемқорларды талдап, таңдап қана құрықтауы. Өзімдікі дегендерін қақпанға түсіп қалған жерінен де үн-түнсіз босатып жіберуі. Арқаның бір топ азаматын әлдебір құпия келісім бойынша ма... тұтқындап жатқаны - кландық, рулық топтың әрекетіндей болып сезіледі. Көкіректе бұрқырап қайнап, көмейге кептеле тірелген күдікті қыжылым көп қой, көп-ау. Босқа сөгіле бермей аттың басын сәл іркейін енді.

- «Соңғы он бес жылда тән азабын да, жан азабын да көп тарттым. Солардың жүректі шырылдата сыздатары, әрине, - ақиқат. Тән азабының алты инфаркт, екі инсульт, бір рак арқылы жеткенін несіне бүркемекпін. «Ауруын жасырған өледі» дейді дана халқымыз. Ал мен осы кесел-дерттеріммен қолымнан келгенінше, әл-дәрменімнің жеткенінше алысып, айқасып, берілмей, әлсіресем де әзірше жеңілмей келе жатқанымды шүкіршілік қыламын. «Күйрек емес, қайрақпын!» деген өлермендікке парапар өзімдік тайсалмас жігер-сенімім бар. Жылдың төрттен бірін ауруханаңың әбден жалықтырған төсегінде өткізсем де, өмірге деген құштарлығымды жоғалтқан жоқпын», - деген екенсіз

бір сухбатыңызда. Расымен қашан хабарлассақ та, ауруханада жатқаныңызды естиміз. Соған қарамастан елімізде қай саяси оқиға орын алмасын, сіздің өткір үніңіз құлағымызға жетіп жатады. Сізді жасытпаған, жігеріңізді мұқалтпаған қандай күш?

- Мен «өз ағзама өзім ие бола алсам-ау» деп жүрген жанмын. Кейде ол мені, кейде мен оны тыңдамай кететін кездеріміз бар. Алғашқы инфарктым мен инсультімді 1987 жылы алғанмын. Ол кезде компартияның Орталық комитетінде сектор меңгеруші едім. Кеңестік кеңістікті ғана емес, бүкіл әлемді дүр сілкінткен желтоқсандық қазақ жастарының ұлт намысын ту ғып көтеріп, жалындаған жанының ыстық қанымен империя құрсауының ақ қар, көк мұзын ерітіп жібергенін білесің. Сол ұл-қыздарымның жазықсыз жазалануына қарсы шығып, ұрдажық мұжық Колбинмен Орталық Комитетте жалғыз айқасамын деп жүріп, ағзаммен араздасып қалғанмын. Егеменді ел болып, тәуелсіздік алдық деп бөркімізді аспанға атып, көк бөрі болдық деп далақтағанымызбен әлі күнге Ресейдің боданынан босай алмай жүргеніміз бір қынжылтса, ата-бабадан қалған киелі жеріміз тауар болып сатылуға түскенде бөлтіріктей де болып қыңсылай алмағанымызға екі қаусап, тағы да өз ағзама өзім «қастандық» жасап, екінші, үшінші төртінші һәм бесінші, алтыншы инфарктарыммен қауыштым. Инфарктын да, инсультін де, қылтамағын да талай өткерген ағзаммен тіл табысуға барымды салумен келемін. Әзірше ағзам екеуміздің ынтымағымыз жеткілікті тәрізді. Бірақ ұлттық намысқа, елдік есеге, жерлік киеге қатер төніп, бұлт орнай бастаса, кішкене денемнің «алашым» деп соғатын жұдырықтай жүрегін қалқан қылып тоса қоюдан аянған жерім жоқ. Кім білсін, «ұлтымның ұлы, халқымның құлы болам» дейтін сүтпен сіңген ата-анам тәрбиесі ме екен. Ата-бабаның қанға сіңген қасиетті өсиеті ме екен. Әйткенмен:

Өңешімнен білдірмей дәм өтпесін,
Езуімнен күлкі табы кетпесін.
Әлсіз кеудем іштен толқын ытқытып,
Бір саңқ етіп тіліп түссін көк төсін, — деп қылтамаққа қарсы атылған қайсарлығыма кей-кейде өзім де таңқаламын. Жігерім талай мұқалды да, жаным талай жасыды да. Бірақ «бөрі арығын білдірмес» өлермендікпен жарымжанымның бүтін ащы айқай-аттанын қандастарымның кеудесі мен құлағына қалай жеткізсем деген күмәнді

тілектен бір жалыққан емеспін әлі. Тәнімді: «Ауру - біреу, біз - екеуміз. Ал кейде бізге дәрігерлер көмектеседі, ондайда тіпті көппіз. Сондықтан ауруды жеңеміз», - деп жұбатамын.

- Жарық көргелі окырмандарының қолынан түспейтін «Мен-тірімін!» жинағыңыз заманыңызға артқан өкпе секілді...

- 2011 жылы шыққан «Мен - тірімін!» кітабымда «Жас алаш» газетінде жарық көрген өрт, мәрт, серт, дерт, өксік дастандар жинақталған. Осыларды заманға айтылған өкпе деуге де болар. Өксікке толы өкпеден ақтарылған шер, аңыраған зар деуге де болар. Халқының қасіретпен тамшылайтын көз жасынан алтын құйып, доллар жасап жатқан озбыр, обыр билікке қауқарсыз қаламгердің қайсарланған қарсылығы деуге де болар. Төбесінен тоқпақтаған қиянаттан мәңгірген тілсіз, үнсіз мүсәпір ұлтымды түртіп, жұлқып оятам ба дейтін далбасам да болар. Өйткені:

Шенеуніктің келетінін білмеппін,
Жендет болып жеңетінін білмеппін.
«Демократ!» деген сөздің туа сап,
Тұяқ серппей өлетінін білмеппін.

Ата-бабадан мұра болып қалған киелі жеріміздің астыүсті толған байлығынан мүлде жұрдай болған ұлтымыздың екі қолға бір күрек таба алмауына, тапқызбауына кінәліні алыстан іздемей-ақ тауып жатырмыз ғой. Бірақ сол кінәлілерге иек көтеріп, көз қадап жауаптасардай азаматтық батыл қадам жасай алдық па? Қайдағы. Сол себепті де:

Сырттан емес, іштен қаулап жауы тым,
Тоқтап қалған фабрика, зауытым.
Өзбек жасап самолетті,
Қор болдың,
Шығара алмай сіріңкенің сауытын, - деп жаздым. Рас қой, рас. Озық отыз елдің қатарына кіреміз деп кеудемізді соғып ешкімге дес бермейміз. Ал жанжағымызға көз салсақ... Қазбалай беріп қайтейін. Ойымды ұққысы, төрдегілерден түңілгенімді түсінгісі келгендер осы кітабымды парақтап шықса дер едім. Әттең... кітапты оқырмандарыма жеткізе алмай, дәлізімде шаң басқызып қамап жатырмын ғой.

- «Елу жылда - ел жаңа» деп жатамыз ғой, аға. Ендеше өткен күн болашаққа үлгі болсын. Өзіңіз дүниеге келген дәуір, кіндік қаныңыз алғаш тамған топырақ,

үлкен өмірге қанат қақтырған ауыл туралы әңгіме қозғаныызшы...

- 1941 жылдың 22 маусымында Қарағанды облысының Киік бекетінде жергілікті уақытпен таңғы жетіде туыппын. Сол күні дәл сол сағатта Германиямен соғыс басталыпты. Соғыс ала келдім бе, жеңіс іздей келдім бе, ол арасын анықтайтын мен емеспін. Шілдеханамда «енді сауық-сайран сала алармыз ба» деп қатарынан үш күн бойы тойлаған соң майданға аттанған жетпіс жігіттің отызы отбасына оралмапты. Есімді білгеннен бері сол отыз боздақтың айтылмай кеткен аманатына, орындалмай қалған арманына өзімді ұмыр бойы борышкер санаумен келемін. Сол жетпіс жігіттің бірі болып әкем де майданға кеткен екен. Ауылға жараланып қайтқан әр солдатты үш-төрт жасар біздер «әкеміз келе жатыр» деп алдарынан қуана жүгіріп шығатынбыз. Талай рет басқа балаларды құшақтап, көкірегіне басқан өзгелердің әкелерін көріп, өкси жылағаным есімде.

Содан бір күні кешке қарай үйіміздің есігінен қос балдаққа сүйеніп, секіре аттап кірген солдаттан қорқып кереуеттің астына зып беріп кіріп кеткенімді білемін. Сөйтсем, әлгі адам менің туғалы көрмеген, төрт жыл бойы зарыға күткен әкем екен.

Ал сол кішкентай ауылымның көктемде қызыл алау қызғалдаққа бөгетін аласа төбелері жадымнан еш ұмытылмақ емес. Сол төбелердің қолтығынан сызып шығатын тас бұлақтарының ерке сылдыры да есімде. Сол бұлақтан иінағашымен су таситын талдырмаш қызы да есімде. Сол кішкентай ауыл, сол ауылдың азаматтары, бұралаң көше, таспа жолы, жылтыраған өзені, шоқ-шоқ талы, бәрі-бәрі - менің ұмытылмас естелігім.

- Сол ауылыңызда, әлгі боздақтар қимай қоштасқан алтын бесік - мекенге барып, туғаныңызда тойланған шілдеханадай туған күніңізді талай тойлаған боларсыз?

- Жоқ, бара алмаймын, тойлай алмаймын. Жезқазған облысы Қарағандыға қайта қосылғалы туған ауылымда да, ауданым мен облысымда да, туған күнімді бір де бір рет атап өтпеппін. Ол рәсімді жетпіске толғанымда да бұза қоймадым. Өйткені мені әр дәрежедегі әкім, төрелердің ешқайсысы шақырған емес. «Әне шақырам, міне шақырам. Коттеджіңіз бен джипіңіздің кілттерін дайындап қойдым!» деп діңкелетіп біткен сол кездегі облыс әкімі Серік Ахметов те құрғақ уәде берумен жүріп, басқа қызметке ауысып кеткен-ді. Қазіргі

Н.Әбдібеков дейтін облысымның әкіміне хат жазып та, телефон шалып та еңкейсем де, хабарласа алғам жоқ. Соған қарағанда кеудесінің қақпасы тарс жабық меңіреу біреу болар деп күдерімді үзгемін. Ал ауылым - жадымнан мәңгі ажырамас, елжіретер естелігім.

-Бір кейіпкеріңіз «Туған жердің келбетімен кездеспей, тауы мен даласын аралап көрмей сыртынан құр сүйсінгеннен не шығады?» деп ата-баба мекеніне тартып кетеді. Ал сіз туған жерге қаншалықты жиі ат басын тірейсіз? Соңғы рет қашан бардыңыз?

- Ата мекеніне тартып кеткен кейіпкерім - менің өзім едім ғой. Ол кезде - 1982 жылы Жезқазған өз алдына жеке облыс болатын. Ал мен сол облысымның алақанына салып аялаған қаламгері болатынмын. Сол өзімді аялаған, ардақ тұтқан облысыма перзенттік қарызымды өтеп, осы туған өлкем жайында кітап жазбақ ниетпен он беске толған Алмас атты ұлымды ертіп алып, машинамен аттанып кеткенмін. Шіркін, сол күндер қайта оралар ма? Өлкеме сапардың алғашқы ізін өз аулым - Киіктен бастағам. Киік - шағын рудник болатын. Шағын да болса, өндіріс ошағы еді. Мешеу даланың жым-жырттығын шайқап жіберген кішкене электростансасының дүркін-дүркін дыбыс беретін гудогы бар еді. Сол гудок біздің, балалардың кеудесін кеңейтіп, зердесін тоғайтып, ойын өрістеткен тірлік сағаты еді. Ал сол кездегі Жезқазған облысы - берекенің тұрағы, шапағаттың шуағы еді-ау. Сол берекесін көріп шаттанып, шуағына шомылып шабыттанып «Ғарышқа көз тіккен жер» деген кітабымды арнап жазып едім. Ал бүгінде бұрынғы Жезқазған облысын да, ауылымды да танымай қалғандаймын. Азып-тозған, қираған кішігірім қалалар, қабырғасы қақырап, төбесі ортасына түскен қыстаулар, таратылып, жойылып кеткен кеңшар, ұжымшарлар, жабылып калған зауыт, фабрикалар мен аурухана, мектеп, мәдениет ошақтары жанымды жүдетіп, жүрегімді тілгілеп жібереді. Содан ба, ауылыма баруым сирек. Алпысқа толған күнімнен бір ай өткенде, тікұшақ жалдап Киікке бірер сағатқа ұшып барып, әке-шешемнің басына тізе бүгіп, Құран бағыштағанмын. Осыдан бес жыл бұрын әкемнің туғанына 100 жыл, шешемнің туғанына 90 жыл толуына байланысты әдейілеп барып, ас беріп қайтқам. Жерлестерім, әрине әкім-қараларым емес, мені көргенде бір жасап қалады. Аға-жеңгелерім, тұстастарым мен құрдастарым құшақтарына қысып, мауқын басып,

інілер мен кейінгілер қол беріп амандасып, қолтаңба алып, мәре-сәре болып жатады. Солардың маған деген ырзалығы мен мақтанышы - өзімнің өмірде текке жүрмегенімді айғақтайтындай.

- Есіміңіз туралы Баукең алғашқы таныстықтарыңызда «Оригинальное имя, и, между прочим, арабшадан аударғанда өте мағыналы сөз болатынын ескергін. Бұл сөз-тазалықтың, адалдықтың, әулиеліктің белгісі» деп баға берген екен. Атыңызды кім қойған? Дініміз есімнің адам өміріне қатысы болатынын, жаңа туған балаға жақсы есім қою керек екендігін айтады. Сіздің есіміңіз өз тағдырыңызға қаншалықты ықпал етті? Атыңызға лайық бола алдыңыз ба?

- Иә, менің атымның қойылуында да аздаған сыр бар. Шешемнің құрсағында жүргенімде-ақ Ешмағанбет дейтін көрші ақсақал ағайыны әкеме: «Әй, Қалыбек! Келін аман-есен босанғанда, балаңның атын Софы қой!» - депті. «Әу, Ешаға! Ол бала Софы болмай Софықүл болып кетсе қайтеміз?» - дейді ғой әкем. «Ұлдың атын Құдай аузыма тегін салды дейсің бе? Туады Софы. Мейрам-Софы балаларың болады», - деп Ешағасы кесіп түсіпті. Мейрам - менен үш жас үлкен ағам. Мейрамсопы деп отырғаны Қуандық, Болатқожаның (Қаракесектің) әкесі, әз Жәнібек ханның уәзірі болған бабамыз. Атым затыма сай ма, затым атымды аласартпай, аталардың ізгі тілегімен қабыстырып, өз деңгейінде сақтап қала алды ма, оны да әділқазы уақыттың еншісі мен халқымыздың берер бағасына қалдырайық. Баукең айтқандай таза болайын, әулие атанайын дейтін әлдебір алаңдатар ой кеудеме түнеген емес. Бірақ адалдық, әділдіктің ала жібінен аттап кеткен жерім болмағанына жүрегімді қолыма ұстап ант етуге әзірмін. «Арымды - барым» дейтін қазақтың біреуі болуға тырысып келе жатқаныма жақтырмайтын өрден де, төрден де, күншіл достардан да, ләппайшыл жағымпаз бастардан да көрген теперіштерім куә. Бірақ әулиелік танытып, әулие атана алмағанымды білемін. Азамат атансам, жетеді.

- Өзіңіз айтпақшы, «Уақыт - өмір безбені. Қайғысы мен де, қуанышымен де айналып келіп, тірлікпен бір соғып, бір тықылдап өтіп жатыр». Бірақ артта кейде албырт, алаңсыздығымен ұялтатын, кейде көзсіз ерліктерімен қуантатын жастық шақ қалды. Бір хикаятыңыз «Қайран жастық» деп аталыпты. Осы атаудан-ақ жастығыңызға

деген сағыныш көрініп тұрғандай... Бозбала Софы қандай еді?

- Уақыт, рас, - өмір безбені. Бір жағына күйінішін, бір жағына сүйінішін тиеп алып, алма-кезек секіріп, секеңдеп отырады. Ал жастық шіркін, ақ алмастың жүзі ғой, қайғыңды түйреп тастап, күйінішіңді кесіп түсіп, қуаныш пен сүйіністің шат-шадыманына жүрегіңді бөлейді де қояды. Шаттық аңсаған жүректің махаббатшыл сезімі неге сергек болмасын. Содан ба, алыстан іздегенін дәл қасынан тауып, рахат күйге белшесінен батып та жатады. Кейде қасындағы іңкәрін алабұртып жүріп байқай алмай, алыстағы әлдекімді аңсап ah ұрумен аласапыран күйге душар да болады. Әрине, уақыттың уысынан өтер қытымыр қаскүнемді табу қиын. Жастықтың жасыл жайлауынан ұзап кеткен сайын артыңа қарап үңілуің, алдыңа қарап түңілуің көбейеді. Өйткені,

Мен өскем уыз уын еміп мұңның,
Күн нұрын, шерлі сырын теріп түннің.
Бәрінен артық көргем, бір жарқ еткен,
Көздегі ықыласын көріктімнің.

Қайда енді бүгін сол көріктілерім? Міне күрсініп қалғанымды байқадың ба, қарғам?..

Жастық шағымды, жасыл бағымды сағынатынымды несіне жасырайын.

Әрине бозбала Софы-Софыян еркін еді. Ақынжанды адамға бойжеткендер де елеңдеп тұратыны белгілі. Институтта бірге оқыған көзімен іздер латышка, эстонка, румынкаларға ілтипат білдіргенімде, солардың бірі балаларымның анасы боп қалар ма еді, кім біледі.

Біздің «Коммуна үйі» атты Америка архитектурасымен салынған айтулы жатақханамызда «Мосфильмнің» бір жетідей жүріп кино түсірген ұжымы соңғы күні ырзалық танытып би кешін ұйымдастырған еді. Сол кеште орыс, болғар, неміс курстастарыммен атақты «актриса Жанна Прохоренкомен билеймін!» деп бәстесіп, «Мадемуазель Жанна! Сізді вальстің бір турын билеуге шақырамын!» деп қазақша айтып, басымды игенім сол еді, Прохоренко мені шетелдік деп қалды ма, реверанс жасап, қолын иығыма сала берді. Сол-ақ екен басқа жұптар (студенттер ғой) биін тоқтатып, ортада Жанна мен мені оңаша қалдырып, қол соғумен болған болатын.

Тағы да сол достармен «Даңқты шахматшы Тальмен сеанста тең ойын көрсетемін!» деп бәс тігістім. Миша

ағамның көрші тақтада жүрген жүрістерін айнытпай қайталап, он шақты жүріс жасап, «ойланып отырмын» деумен діңкесін құртсам керек, «тең ойынға келісемін!» деп жазған жазуымды көз алдына тоса қойып едім, бір жымиды да, қолын қойып бере салды. Сөйтіп ойынымыз «тең» аяқталып, бәсте жеңіске жеткенім тағы бар. Бұның бәрі - албырт жастықтың сол кезде-ақ алғырлығына құлаш ұрған бозбала Софыянның мінез, тірлігінен көрініс берер деп айтып отырғаным ғой.

- Мәскеудің болат және қорытпалар институтын бітірген инженер-металлург жазушылыққа қалай бет бұрды?

- Мен ол институтқа түспей тұрып та өлең жазатынмын. Оның үстіне бір жыл ҚазМУ-де филфакта оқығанмын. «Дарынды Болмыс құдірет, не Табиғат құдірет береді. Оны тек ұштай білу қажет. Ал ешкімді ешқандай оқу, таланты болмаса, жазушы етіп шығара алмайды» деген ұлы ұстазым Мұхтар Әуезовтің кеңесімен Мәскеудің техникалық институтына түскенмін. Осы жерде сәл шегініс жасайын. Үшінші курс студенттеріне дәріс оқитын Мұхаңның аудиториясына кіріп, бірінші курста оқып жүрген мен де лекциясын тыңдайтынмын. Көз алдында көп көлбеңдей бердім бе, әйтеуір мені «Сарыбала» дейтін Мұхаңның ықыласына бөленгеніме қатты марқаятынмын. Кітапханадан шықпай өз бетімше араб әріптерін үйреніп, Маловтың сына жазуының құпиясын ашпақ болып қағаздан басымды көтермей отыратынымды сыртымнан ұлы ұстазым бақылап жүреді екен. Бір күні араб қарпімен әкеме хат жазып отырғанымда қасыма келіп, Мұхаң әкемнің атын сұрап алып: «Мына ұлыңнан күтеріміз көп» деген секілді біраз тілегін хатыма қосымша етіп жазған-тын. Мұхаңның сол хаты қайтыс болғанында әкемнің қалтасынан табылған. Үнемі жанында ұстап, сақтап жүрген екен ғой. Мұхаң мені Мәскеуде де екі рет іздеп, шақырып алып әкелік, ұстаздық ақыл-кеңесін айтып еді. Амал не, сол жолы 1961 жылдың мамыр айының соңында мен оны ақырғы рет көрген екенмін. Отадан оянбай кетті ғой...

Институт қабырғасында-ақ жазған өлең, әңгімелерім республикалық газет-журналдарда жарияланып жататын. «Қызыл дәптер» атты повесім «Жұлдыз» журналында жарық көріп, студент Сматаевтан үміт күткізер біраз оқырманын сол кезде-ақ тауып берген. Металлургтік, инженерлік

һәм ғылыми жолдарым мен іздерім Мәскеудегі «Серп и молот», Тула металлургия зауыттарында, Қарағанды меткомбинатында, Қазақстан Ғылым академиясында қалған. Ақыры қаламгерлік құштарлық Қазақстан Жазушылар Одағының алтын қақпасынан енгізіп, ұлы ордасынан енші белгілеткен. Сол еншімді бүгінде көркейтіп қомақты еттім бе, көмескілетіп арзандатып алдым ба, оның да төрелігін беру өзектес елімнің, қамқоршы-халқымның, жебеушім - жұртымның ғана еркінде. Он роман, 15 повесть, 18 пьеса, 45 дастан, 4 киносценарий, 5 операның либреттосын, бірнеше әңгіме, жүзге жуық мақала жазыппын. Оннан астам елдің жазушыларының шығармаларын аударып ана тілімде сөйлетсем, өзімнің де шығармаларым 19 шет тіліне аударылып, өзге оқырмандарымның игілігіне айналды. Санын өзім атағанмен, сапасын шіренген шенеуніктер емес, нағыз сарапшы, шынайы бағалаушы - Уақыт қазы айтар әлі-ақ.

- Әдебиет әлеміндегі алғашқы қадамды өлең жазудан бастап, «Астана оттары» атты өлең жинағыңыз жарық көрген еді. Ал кейін прозаға түбегейлі бет бұрып кетуіңіздің сыры неде?

- Әлгі тұңғыш кітабымның Жазушылар одағында талқыланып жариялауға ұсынған қолжазбасын «Жазушы» баспасы 1962 жылы қабылдап алып, ұзақ күткізіп, 1968 жылы әреңәрең шығарды. Осы көп созу жүйкемді жүндей түтті ме, өлеңнен мені суытыңқырап жіберген тәрізді. Оның үстіне Мәскеудегі КСРО Жазушылар одағында істейтін Тәкен аға Әлімқұлов менің бір-екі әңгімемді оқып, прозаға біржолата көшуіме ақыл қосқан-ды. Солар себеп болды ма, поэзиядан бірталай жылға «ажырасып» кеткенім бар. Бірақ ұшқыр ойдың жарқ етіп жалындап тез жетуін қажет ететін поэзия шіркін кей-кейде қолыма қалам ұстатып қоюшы еді. Мынау ауру меңдеген ағзам үстел шетінде қалқайып отырудан айырған соң, жатып алып кішірек дәптерге өлең жазуға қайта машықтандым. Сөйтіп, поэзия - «тоқалыммен» қуана қауыштым. Тіпті соңғы 4-5 жылда төрт поэзия кітабымды жазып тастадым.

- «Ғұмырлық негізгі кітабыңыз» - «Елім-ай» қалай жазылды?

- Иә, Марфуғажан, «Елім-ай» эпопеям - менің негізгі ғұмырлық кітабым. Әрине, әр кітабың - әр мезгіліңнің, тебіреніс-толғанысыңның, әр күйініш - сүйінішіңнің

кінәгері һәм куәгері ғой. Сонысымен-ақ әр шығарманың жанына жақындығы, жүрегіме жылылығы өзіме ғана аян. Ешқайсысын «үздігім», «осалым» деп іріктеп, жіліктемеймін. Десем де, «Елім-айдың» орны бөлек, қадірі ерекше. Ол менің романым болғанымен, елімнің кешіп өткен тарихы. Ұлтымның айқас-шайқас, қырғын-сүргін жорықтарға толы қанды жолдың қасіретін шегіп жүріп, шет жұрттық басқыншылардан азаттығы мен бостандығын қорғап, сақтап қалған өрлігі мен ерлігі.

1960 жылы қазан айында Мәскеулік жастар Қазақстанның 40 жылдық мерекесін бір асханада қарсы алдық. «Жиынымызды өз гимнімізбен бастаймыз!» - деді басқарушы жігіт. «Гимніміз дегені - «Елім-ай» әні екен. Әнді 600 ұл-қыз қосылып, күңіренте шырқап қоя бергенде, 600 беттен сырғанаған ып-ыстық жасты тебіренген жүрегімнің «алақанымен» тосып алғандай күй кешкенмін. Ән - құдірет екен. Соны сезгенмін, жан-тәніммен түсінгенмін. Осы ән туралы бір әңгіме немесе новелла жазбақ болып бекінгенмін. Талпынысы мен серпілісі бар ғұмырлық мақсат-мұратым солай басталған. Содан сол өлеңге байланысты халқымыздың басынан кешкен тарихын зерттеуге кірістім де кеттім. Ленин атындағы кітапхананың мұрағаттар қорында, Ертедегі актілердің орталық мемлекеттік мұрағатында (ЦГАДА) болып, қазақ-орыс, орыс-маңғұл, қазақ-ойрат, қазақ-қытай, қазақ-қалмақ байланыстары жөнінде біраз мағлұмат жинадым. 1966 жылы Алматыға келіп, Ғылым академиясына орналаса салысымен жас маманға берілетін бір айлық демалысымды пайдаланып, қазақ-жоңғар айқас-шайқастарының даламыздың әр қиырында өткен жерлеріне барып, жағрафиясымен танысып, суретке түсіріп алдым. Көнекөз қариялармен кездесіп, талай күдікті тұстарды анықтап, атақты батырлардың күмбездері мен қорымдарынан бір уыстап топырақ алдым. Маған ол кезде қай колхоз, совхоз бастықтары көлік бере қойсын. Бензовозға мініп, мотоциклге жармасып, тай-құнанға бұт артып, есек арбамен шайқалып жүріп біраз жерді аралап шықтым. Ал жинаған материалым бір әңгіме тұрмақ, үш кітапқа да симай, «Елім-айдың» төртінші, бесінші томдарын қажет етіп, қаламымды қолыма тағы ұстауымды күтіп жатыр.

Тарихи шындыққа негізделмесе, көркем шындық туралы сөз қозғаудың өзі артық. Ойдан шығарылатын шындық болмайды. Және тарихты бұрмалау жеке адамның қолынан

келмейді. Өйткені тарихқа көптің, қоғамдық өмірдің бастан кешкен дәуірі оны қанша бұлтаққа салғанымен, уақыт әманда аршып алып отырады. Осы арада мынау хандығымыздың 560 (550 емес) жылдығын әр тұста шашыратып, дұрыстап өткізе алмағанымызға өкінуіміз көптігін өксігіммен жеткізгім бар. Сондықтан да ұлы мәртебелі Тарих алдында әрдайым адал көңіл, таза жүрекпен жүгініп отыру ләзім. «Елім-айдың» бүгінде үш кітабы жарық көрді. Көп таралыммен қайталанып шықпаған соң, 30-35 жыл бұрын басылған кітаптар кейінгі ұрпақтармен кездеспей қалды. Қырықтағы қазақтар да, олардың балалары да «Елім-айды» оқымай, білмей өсіп келгені - өзім үшін үлкен өкініш.

- «Елім-айдың» төртінші кітабын халық қашан оқи алады? Қазір не жазып жүрсіз?

- «Төртінші кітапты қолымызға қашан тигізесіз?» деп елбасыдан бастап сұраушылар көп. Ал сол тілек білдіруші халық көкейінде «Төртінші кітап қай күйде, қай мәнде жазылар екен?» деген сұрақ тұрғанын сеземін. Ол кітапты бастап та қойғанмын, ары қарай қалам жүрмей тұр. Жылжымайтыны - ағзамды арқандап алған әртүрлі кеселдің үстел жағалатпас қысастығы. Проза немең - майлы жеріңмен ұзақ қақшиып отырып жазылатын бейнетті тірлік қой. Ал мен соған шыдас беруге жарамай жүрмін. Үстел шетіне жарты сағаттай шоқидым дегенше, бір-екі күн төсек жамбастап жатып қаламын. Ондайда қалам ұстаған қолым бөрене көтергендей ауырлықты сезінеді. Сондай оңашалықтың оқшаулығына қамалғанында жанынды жылытар, ет жүрегіңді езілтер, көп пен топ сезе қоймайтын кей жай мен күйді жеке өзің сезіп қалуың көбейеді. Сол сезгеніңді қолың көтерер жеңіл дәптерге шалқалап жатып алып өлең жолдарына сығыстыра бересің. Дерт, серт, өрт тәріздес дастандарым солай туындаған. Жақында ғана қараңғы түн қойнынан суырып алынып, философиялық үзік-үзік ойларымнан түзілген «Мұңлы ойлар» атты кітабым жарық көрген-ді. Тағы да билік тарапынан тілектестік таппай, тілеулес оқушыларыммен кездесу сәтін асыға күтіп, дәліз-балкондарымда үйіліп, үйелеп жатыр. Ал қазір бүгінгі қоғамымыздың, ақ-қарасын өзімше пайымдап, «Төрт тағандар» дейтін пәлсафалық көңіл түйсіктерін қағаз бетіне түсірумен әуреленіп жүрмін. Мүмкін менікі «таңды мен атырдым!» деп қыт-қыттайтын әтеш тірлігі сияқты тырбаныс шығар.

- «Оқырман үшін жеңіл-желпі кітап, әзіл-оспақ қана керек. Шіркін, жазушымен тайталас түсіп отыратын әккі оқырмандар қашан туады екен?» деп осыдан 40 жылдай уақыт бұрын қынжылыс білдірген едіңіз. Осы уақыт аралығында туындыларыңыз өз ойшыл оқырмандарын таба алды ма?

- Өз оқырманын таппас кітап болмайды. Бірақ оқырманның да оқырманы боларын ескеру қажет. Осыдан 40 жыл бұрынғы пікірімнен әлі де айни қойғаным жоқ. Жеңіл-желпі кітапты да оқымайтындар көбейген бүгінгі күнге саусағын шошайтса-ақ оп-оңай күлдіре салатын, ойға қоспақ түгілі бойыңдағы соңғы ойыңды сығымдап шығарып тастайтын әзіл-оспақшылдықтың терісін жамылған арзан күлкілі актерсымақтар керек. Өнердің өресі тарылған сайын жабайылықтың, қарадүрсіндіктің деңгейіне қарай құлдырай бастаған көрермендер мен оқырмандар кең толғап, тереңнен тербер, алыстан сермер шығармаларға ит көрген ешкідей ежірейіп жолай қоймайды. Сондықтан да, мәдениетіміздің шыққан «биігі» - қаптап кеткен сөзсіз, сазсыз әуенсымақтар мен сахна мен теледидардан түспейтін әуезді дауыстан мүлде мақұрым қалған әншісымақтардың әлаулайы. Содан соң әр аудан, әр облыста жаттап алған кірпіш «блоктарын» әртүрлі құбылтып айтыс өткізіп жүрген «ақындар». Көргені мен естігені осындай арзан дүниелер болған соң озық ойдың мөлдір тұнығынан, айшықты жырдың кәусар бұлағынан нәр алмаған тыңдаушының түзеле қоюы да қиын-ау. Сөз түзейміз де біз әуре, тыңдаушыны бұзып дарылдап, барылдап ән салып, тарқылдап күліп, бұрқылдап төбелесіп, атысып-шабысып, өбісіп-тебісіп жатқандарды көз алдымызға тықпалап экран біткен әуре.

Өйткені бүгінгі мынау жұмыссыздық қысып, қайыршылықтың жербауырлатқан деңгейіне төмендеген баршаны осындай күндіз-түні дарылдайтын у-шуымен естен тандырып, кеудесінен қарсылық танытар ой аулатпау - үкімет дейтін айлакер топтың таптырмас амалына айналғанын, Құдай-ау, ескермейтініміз қалай?

Ал менің өз оқырмандарым бар. Талғамы биік, көкірек көзі ояу, елінің бүгіні мен ертеңін ой айнасына түсіре алатын тұстастарым, замандастарым мені іздеп жүріп оқитынына біраздан бері көзім жетіп жүр. Иншалла, кітаптан қол үзбейтіндерден келешекке, ұлтына тура жол іздейтіндерді табатыныма сенімім кәміл. Олардың әрқайсысы анау кітап

парақтамайтындардың онына татиды. Жүзіне ұстаз бола алады.

- Аға, сіз проза да жаздыңыз, поэзияға да ат басын тіредіңіз. Пьесаларыңыз бен операға жазған либреттоларыңыз да бар. Бұлардың ішінде қайсысы жаныңызға жақынырақ?

- «Бұл Сматаев шіркінің қызыл көрсе қызынып кетер бұқадай болып әр жанрға бір сүйкеніп, әр жанрға бір-бір түнеп кетуден жалықпайды-ау!» дейтін әріптестерімнің күңкіл, күбірін де естіп қаламын. Кімнің аузына қақпақ қоярсың. Менікі «Қолыңнан келсе, қонышыңнан бас» деуге де, демеуге де келеді. Әр тақырыптың, әр сюжет, оқиғаның өзіне ғана лайық жанрын жалынғандай болып тілеп тұратын мезеті болады. Сондай сәтте қолыңнан келіп жатса, қонышынан баспай қайтесің?! Ұрымталын жіберіп алсаң, ұтылып қаларың сөзсіз. Сол себепті прозаны да, поэзияны да, драматургияны да жатсына қоймаймын. Өлеңмен айтарды қара сөзбен мыжыңдап езіп, қадірін қашырғым келмейтінін өзім де сезем. Сезем де ыңғайын тауып оң жамбасыма ала қоямын. Жарқ-жұрқ қақтығыстың сарт-сұрт айқасын пьесамен жеткізбесең, өңін қашырып, бояуын оңдырып, жылуын суытып жіберуің мүмкін. Сондықтан әр жанрдың жалына жатырқамай жармасып қалғанымды шығармашылық ғұмыр жолым түптің түбінде ақтап аларына күмәнім жоқ. Қай жанрға қалам сермесем де, «әй, осалдық танытыпты-ау» дегізген емеспін. Ал өзімнің төл жанрым - проза екеніне өз оқырмандарым барынша куәлік ете алады.

Тағы бір өксікті өкінішім - бұрынғы республика, облыстардағы сахналардан түспейтін пьесаларымды бүгінгі театр басшылары мүлде керексіз етіп, теріс айналуы. Сірә, соларға Мәдениет министрлігі тарапынан «Сматаевты жолатпаңдар!» дейтіндей өкім жете ме деп те күдіктенем кейде.

- «Менің әнім қашан айтылар екен? Айтылса - Эммаға арнар едім» - сіздің өз сөзіңіз. Осыған орай алғашқы махаббатыңызды неміс қызы Эмма десек бола ма? Жалпы, сіздің өміріңізде әйелдер қауымының алатын орны қаншалықты?

- Соғыстан кейінгі жылдары біз тұрған рудникке жер аударылған неміс отбасыларының отыз шақтысын көшіріп әкелген еді. Ауып келгендердің қайбір шекесі шылқи қояр тұрмыс-тіршілігі болсын. Эмма біз алғаш көргенде алты

жасар жетім қыз еді. Кішкене арықты жалаң аяғымен аттап өтіп келе жатқан сол қызалаққа алғашқы кезде не дию, не жын көргендей бала біткен өшіге қарап, қар түйіршіктерінің астына алатынбыз. Өйткені біразымыздың әке-көкелеріміз неміспен соғыста қаза тауып, жетімдіктің қамытын мойындарымызға іліп кеткен-ді. «Неміс - ажал!» деген ұғымға иланған біздер сол ажал-тажалды осынау жас қыздан табатындай сезінетінбіз. Бірақ сол өштігіміз көпке ұзаған жоқ. Мұңлы әнімен-ақ әрқайсымызды баурап алып, туған қарындасымыздай болып кеткен. Ал аналарымыз болса, бірі шомылдырып, бірі шашын тарап-өріп, нанын, ірімшігін ұсынып кішкентай тұлымшаққа мейірбандықтың құшағын ашқан. Қазақтың бауырмалдығы мен аппақ көңілін мүмкін мен сол кезде осы көріністерден кеудеме сіңірген болармын.

Ал махаббатқа келсек, жеті жастағы балалар арасында адасып жүрген қайдағы махаббат, Марфуғажан-ау. Тағдырдың тауқыметін тартып, жастайынан көкірегіне шер, кеудесіне зар ұйыған жетім қызға деген аяушылықтан тұтанған аялаушылық сезім ғана ғой менікі. Сол бейкүнә жанға деген мүсіркеушіліктің сағынышқа ұласқан кішкене жүректің үлкен адами қасиеті де шығар менікі. Алыстаған сайын әлдебір мінезімен, әлдебір қаяулы көңілінің әлдебір күрсінісімен, өгейлік көрсеткен өмірдің әлдебір өксігімен ойда-жоқта кеудеңді бүлк еткізе түртіп өтіп, жақындап келетін таныс-бейтаныс жандар болады. Неміс қызы Эмма да сондай ұмытылып барып, ұмыттырмастай кейіпкерім боп оралған сүйікті бейнем. «Қашан айтылар екен?» деген әнім айтылыпты. Ол әнім - «Әні сондай мұңды еді» деген Эммаға арнаған әңгімем екен. Балалығымның, достығымның гүліндей болып ән-әңгімеме оранып, бал дәуреннің саржайлауына оралып жетіпті.

Әйелдер демейікші, арулар мен бикештер ғой олар. Бикештер қауымы - лүпілдеген жүрегімнің жиі-жиі ат басын бұратын киелі ауылы. Сүйкімдісіне сүйкеніп, әдемісіне әсерленіп, сымбаттысына сыртынан айналсоқтай беретін еркектер әрекеті менен де қалыс қалмағанын несіне жасырайын. Әсіресе шығармашылық адамының көркемдікке көзімен емес, көңілімен қызығып, сұлулықтың суретін көкіректің көз әйнегімен кеудесіне түсіріп ала қоятынын айтсам, көркемдік те, сұлулық та, биязылық та, сезімталдық та, арулар әулетінде ғана молынан кезігетіндіктен, мен олардан неге алшақтамақпын?

- Жұбайыңызбен қалай танысқан едіңіз?

- Мен жұбайыммен жұбайым тумай тұрғанда-ақ танысыппын. Жарым - Шамшия-Шахмина екеуміз бір ауылданбыз, яғни екеуміз де Киік руднигінде, бүгінгі Киік бекетінде туыппыз. Соғыс басталғаннан кейін азық-түлік тапшылығы әрине, біліне бастайды. Нан сатылатын дүкенге таң қараңғысынан баратын аналарымыз бөбектерін құшақтап кезекте бірнеше сағат қақиып тұрады екен. Сондайда бірін-бірі аяған келіншектердің қолы босы қасындағысының баласын көтеріп, жәрдемдесіп жататын көрінеді. Бірде болашақ енем мені анамның қолынан алып көтеріп тұрып: «Әу, Қантбала (шешемнің аты) мына сары балаңа көңілім ауып тұрғанын қарашы-ей! Осыдан қыз тапсам, сенің мына ұлыңа берем!» - деп мәз болып күліпті. Көп ұзамай босанып, мына менің болашақ жарымды жарық дүниеге әкеліпті. Әрине, ата-аналар сөзі бір басқа да, жүрек сөзі өз алдына бөлек ғажайып дүние ғой. Әлгінде айтып кетпедім бе, «тас бұлақтан су таситын талдырмаш қыз есімде» деп. Сол ақ балтырлы, ақ бантикті сары қыз жастайымнан іңкәріме айналған «көзқұртым» еді. Сол іңкәлік қос кеудені түгел жайлап алып, ақыры қол ұстатқызып, ақ отаудың шаңырағын ақ тілек, ақ батамен көтерткізген. Жан жарымның ақ босағадан аттаған сәттен бастап күйінішті де, сүйінішті де, барды да, жоқты да тең бөлісе жұбымыз жазылмай, күдікті қуып тастап, үмітті алдан аулап үбірлі-шүбірлі болып, Аллаға шүкіршілік етіп келе жатырмыз. Соңғы жылдары кесел мен дерттің мені айналдырып кеткенін көбің білесіңдер. Сол аурулардан арашалап аман алып қалып жүрген бәйбішем - Шахминам десем, артық айтқаным емес. Сондықтан да:

Жұбайым-ау, сыңарым-ау, сұлуым!
Сап тыятын жүрегімнің ұлуын.
Сипап тиер алақаның жаныма,
Құя берсін әлемнің бар жылуын, - деп

марқайған көңілімнің ырзалығын танытып қоямын.

- Сіздің замандастарыңыз кезінде балаларын орысша оқытты, орысша тәрбие берді. Олардың көпшілігі қазір әкелерінің туындылары жөнінде бір ауыз қазақша қонымды ой айта алмай ұялтып жүр. Сіздің неше балаңыз бар? Білімді қазақ тілінде алды ма? Қазір немен айналысып жүр. Немерелеріңіз ше?

- Бірінің артынан бірі туған үш балам - Алмас, Манас атты екі ұл, Жанар атты бір қызым бар. Ол кезде біз тұрған

шағын ауданда қазақ мектебі жоқ еді. Алдымен үйде, соңынан қазақ балабақшасында тәрбиеленген үшеуінің де тілі қазақша шыққан. Үлкен үлымды орталықтағы №12-ші қазақ мектебіне беріп едік, мектептен алып қайтатын мүмкіншілігіміз болмағандықтан алғашқы жарты жылдықта адасып кете берген баламызды 5-6 рет жоғалтып ала жаздадық. Содан үйдің қасындағы орыс мектебіне беруге еріксіз мәжбүр болдық. Немерелерімді өзім жетектеп жүріп қазақ балабақшасына беріп, одан соң Алтынсарин атындағы қазақ гимназиясында оқыттым. Аллаға шүкір, үй іші, отбасы болып, бэріміздің тэп-тэтгі шүйіркелесетін тіліміз - ана тіліміз. Әрқайсысы 2-3 шет тілін білетін балаларымды алдау, арбауы көп коммерция, бизнеспен айналысуға барғызбай, таза еңбекпен шұғылдануларына барынша ықпал жасадым. Тек қана бір кілтипаны - менің «әділет, адалдық» деп баспасөз беттерінде билікке қарсы ашық кетіп қалатыным үшеуіне де кесірін эбден-ақ тигізіп жүр. Елбасыдан кейінгі бір басшыға бір дастаным найза болып шаншылса керек, екі баламды қызметінен босатып жіберді. Фамилиямды құбыжық көре ме, фирмалар мен кеңселер балаларымды есігінен де енгізбеуге тырысып-ақ келеді. Соған іштей өзіме-өзім кейимін де, үнсіз мүжілемін. Екі немерем Испанияда оқып жүрген. Қаржы-қаражат жетіспегендіктен біреуін Алматыға ауыстыртып алдым. Үкіметтен бір тиын көмек жоқ. Басшыдан бастап, бэрі де уэде беруге жеткізбейді. Бірақ бір де біреуінің элі күнге дейін орындалғанын көрмей барамын.

- Баукең: «Софы қарағым, жай қазақ болма, мінезге бай қазақ бол. Жұртыңа ой тастар, талап-мақсатыңа сай қазақ бол» деп бата берген екен. Аға, нағыз қазақ бола алдыңыз ба?

- Мен алғашқы шар еткен уыз іңгәммен-ақ мынау жарық жалғанға «Қазақпын!» деп айқайлап енген қазақпын. Сол тілектен, сол мұраттан ауытқып кетер алаң-құлаң жеңілтегің де мен емес. Жай қазақ емес, мінезге бай қазақ болған, болмағанымды жұрт айтсын. Ал жетпіске келгенше нағыз қазақ деген атты иелене алмады десең, ендігі аз ғұмырда несіне тыраштанамьга. Бұл сұрағың тым өрескелдеу шықты. Нағыз қазақ болудың қандай критерийлері бар еді сеніңше? Өз өмір жолымда, шығармашышық тіршілігімде, әділетті жақтап арпалысуымда, шенеуніктермен шекісуімде нағыз қазақтық үрдіс, өнеге көрсете алмады десендер, онда мені

нағыз қазақтың аулынан аулақтатып, алыстата беріңдер. Әйтпесе... Сап-сап, көңілім, сап көңілім! Нағыз қазақ болам десең, өкпенді бауырға айналдыр. Төбеңді төмпештей берер барабан етіп тос. Сөйткін, Софыян қазақ!

- Президент қабылдауында болғаныңызда Халық жазушылығын ала алмағаныңызды айтқаныңыз жөнінде басылым беттерінен оқыған сияқтымын. Атақ-даңққа құмар жансыз ба?

- Апырай, айтпаған сөзді айтқызып Сматаевты шешесінен қыңқылдап нан сұраған аш балаға мүлде ұқсатып жібердің-ау. Президент қабылдауында болғанымда Елбасыдан ештеңе дәметіп ауыз ашпағаныма бір Құдай, сонсоң Нұрекеңнің өзі куә. Қайта Елбасының: «Сіз Еңбек Еріне лайықсыз, Сәке! Ұлттық академияның толық мүшесі де боласыз» деп емексіткеніне де емеурін танытпағаныма тағы да көктегі Жалғыз айғақ. Жоғарыдағылардың құрғақ уәде бергіштігін білмесем, мүмкін өзгелердей болып құрақ ұшар ма едім.

- Сонда, Сәке, осы кезге дейін мемлекеттік атақтардың бір де бірін алмауыңыздың, кім көрінгенге берілетін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері де бұйырмауының себебі - сіздің адалдық іздеп алысып, оппозицияға таяу жүруіңізден бе? Әлде басқа да кінәраттары бар ма?

- Әлгі жоғары тараптың дүмпуімен мені аса биік атақтарға Жазушылар одағы, бірнеше қоғамдық қоры, әртүрлі баспалар соңғы төрт жыл бойы ұсынумен келеді. Ал төрт жыл қатарынан Мәдениет және спорт министрлігі мемлекеттік награда комиссиясына менің құжаттарымды әртүрлі ойдан шығарған сылтауларын көлденеңдетіп,қасарыса жібермеумен әлек. Ал өзіме жазған хаттарында министрліктің жауапты хатшысы Қ.Уәлиеві де, министрдің орынбасарлары - Е.Ахмедияровы да, М.Әлімхановы да (есімдерін білмеймін, өздерін өмірі көрген адамдарым емес) бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай: «Ұлтымыздың ұлы жазушысы болған сіздей тұлғалы қаламгердің ерен еңбегі ешқашан елеусіз де ескерусіз де қалмақ емес» деп бөстіріп алып, «мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен мақтанатын» (өз сөздері) сол Сматаевты жыл сайын қоқыс-соқыстай лақтырып тастауымен менен «халық жауын» таба ма екен? Әлде шалажансар дімкәс жазушыны жүйе-жүйкесін жүндей түтіп, тезірек о дүниеге аттандыруға асығып жүр ме екен? Әлде қисынсыз өтіріктерімен «Елім!» дейтін

қаламгерді менің өзімді білмек түгілі кітаптарымның бетін ашпаған министрлер сол елінің көңілінен де жұлып алып, қуып тастағылары келе ме екен? Үкіметтік баспалардан кітаптарымды шығартпайтын, театрларынан пьесаларымды құдалайтын Мәдениет министрлігімен арамыздан қандай қара мысық жүгіріп өтті екен? Білмей-ақ қойдым. Ал атақ-даңққа құштарлығым онша емес. Ал осы көзбояу дүниелердің атақ, сыйлық, марапаттардың жазушыларға түкке керегі жоқ. Тиесілі адамдарға берілмей, иненің көзінен өтетіндерді жарылқайтын төске тағарлар қаламгерлер арасына жік түсіреді, араздықты ұлғайтады. Ал атақ, сыйлықтарды сұрап алған, жылап алған, өзіңнен шығармашылық қауқар, дәрмені көп төмендердің кеудеңнен итеріп тастап, шаңына көміп кетер озбырлығын көргенде, әлгілерге, «атақтыларға» әкім-қаралардың иіліп-бүгіліп құрмет танытқанын көргенде, ішіңде әлдебір қызыл тұтанады. Сол сәтте ызаланатынымды несіне жасырайын. Ал атақ, сыйлық ешкімге берілмесе кімнің кім екенін шығармасы ғана анықтар еді-ау. Ондай күн қайда... Ондайда кеудесін кергендер тізімге де енбес еді-ау...

- «Жетпіске жеттім. Желкелегендерім жоқ та, өзімді желкелеткендерім көп. Алыс-жұлысты, айтыс-тартысты, қырғын-сүргінді әурешілік ғұмырдың батпағын кешуден шаршамайтын итшілеген тірліктің иесі болғанның несі мақтан. Алдың - күңгірт, артың - өкініш. Күңгіртіңнен үрейленсең, өкінішің өксігіңді өкпеңнен сығып алады. Өткеніңнен жеткеніңді таба алмай, жалғандықпен алысам деп қажығаныңды ғана сезгеннен не пайда?!» дейсіз. Сізді өкіндіріп жүрген не нәрсе?

- Көп қой өкінерлерім... Қазақ ауылдарының азып-тозғанын, жұмыссыздықтың асқынғанын, тиын санаған жұрттың наны да қымбаттағанын, кен мен жердің сатылып, байлығымыздың бөтеннің қойны-қонышына құйылып жатқанын, жемқорлық пен парақорлықтың өршіп, шапшығанын, сайлау сайын дауыс ұрланып, өтетіндердің өтпей сыртта қалатынын, мемлекеттік қызметті пайданың көзіне айналдырған шенеуніктерді, құрғақ уәдеге жеткізбес басшы һәм әкім-қараларды қалтадағы сот-прокуратураның жазықсыздарды жазалауға жеткізбейтінін, тіл мен діннің тасада қалғанын, қазақтың өз жерінде, өз елінде өгей баланың кебін кигенін айту мен жазудан мен шаршадым.

Анау төрдегі биліктің бір ғана рудың уысына түсуі - трайбализмнің туу қаупін күшейтетінін сезем бе, үрейім

үдей түседі. Жіктелудің жүгенсіздігі руаралық бөлінуге соқтыруы әбден мүмкін. Айқай-аттаныма үн қоспай төмендегі көбім, тырс етпей төбедегі тобым отыр. Содан соң-ақ, «Жаңаөзендегідей бейбастақтық туғызғандарды аяғын аспаннан келтірем!» дейтін, «астықтың көп шыққаны елге зиян» дейтін, «әйелдердің зейнетке шығар жасын өсіру - еліміздің ертеңін көркейтеді» дейтін, «салықты өсірсек, бағаны қымбаттатсақ - халқымыздың әл-ауқаты артады» дейтін аяқ астынан «көсем» болып, министр болып шыға келген жап-жас «білгіштер» қаптамағанда қайтеді. Солардың түрін көріп түршігіп, тіршілігін көріп жерініп, таққа таласты әлден-ақ бастап кеткен «мықтылардың» әрекетінен алдымның күңгірттігінен бір үрейленсем, кландық бір рудың ғана білегіндегі билік тізгінінің бүкіл алашты бұлтартпайтын қысымынан туындайтын әлдебір өкініш өксігімді өкпемнен сығып алумен келеді. Өкіндірмес кезге кезігер сәтті күтумен-ақ жүйкем жүн болды.

- «Халқымның мұңын қағаз бетіне түсіруін түсірем-ақ, оқырманыма жеткізе алмай пұшайман болып жүрмін» деген екенсіз өзегіңіз өртене. Кезінде газет-журнал бетінен түспейтін сіздің жазбаларды қазіргі газеттер неге маңайлатпай жүр? Айтуға болмайтын сөзді айтып жүрсіз-ау, шамасы?

- Өзім сезген күйкілікті, жөнсіздік пен заңсыздықты жұртқа жеткізіп, көзін ашып, көңілін оятайын деген ниетпен өксік дастандарымды жаздым. Ел - жым-жырт. Оппозиция серкелері ұйымдастырған шерулерде өзім оппозиционер болмасам да, мінберлерге шығып, кеудемді кернеген күдіктерім мен кәдіктерімді ақтарып тастардай дабыл да қаққан болдым. Естігендері елеңдеп, естімегендері ентелемей діңкемді құртты. Жоғарыдағы көп өкіндірулердің әрқайсысын аттандата бадырайтып бүгінде жарық көрген «Мұңлы ойлар» кітабымдағы «Қараңғы ойлар» дейтін түйсік-түсінігімді жазып, әртүрлі газет-журналдарға ұсындым. Ресми баспасөздің бір де бір редакциясы есігінен де сығалатқан жоқ. Бір бас редактордың: «Сізді БАҚ-қа жолатпау туралы Мәдениет министрінің қаулысы бар ғой, Софы аға!» - дегенін естідім. Соған қарағанда биліктің мені қара тізімге түртіп қоюы да мүмкін-ау. Ал бейресми, халық сөзін айтар дейтін газеттердің басшылары да ә дегенде бірер нөмірлеріне береді де, артынша-ақ сылтау, себеп айтпастан орта жолдан жариялауларын үзіп тастайды.

Содан соң халқымның мұң-мұқтажын жамыратқан ой-толғаныстарым ел-жұртымның көзіне түспейді. Осындай жан-жақты тосқауылдарды алдымнан тоса берген соң мен пұшайман болмағанда кім пұшайман болсын. Халық мұңын жеткізіп, ұлт мүддесін қорғау - айтылмайтын сөз десеңдер, жазғандарымды жарияламасандар, онда мына жалған тірліктің жалған бетіне бір түкіріп, өмірден біржола баз кешуден басқа не қалмақ?

- «Көзден жас ағызып, көкіректен зар төккізіп «көнбіс қазақ», қорлығыңды қанып іш» дер мазағына міскін назарыңды да бұра алмай, бұралқы иттей аштықтан бұралып өлуге дайындала береміз бе?» деп бұрын жазып едіңіз? Бүгін не айтып егілерсіз, аға?

- Иә, егілерім де, еңірерім де көбейер әлі-ақ «Ұнымыз арзан» дейміз де, астығымызды қардың астында шірітеміз. «Ал нанның бағасын қымбаттатпасақ, шығынға шаш-етектен батамыз!» дегізіп Ауылшаруашылық министрін сайратамыз. Сөйтеміз де дәнді септейтін де екпейтін, астықты жинамайтын да жанын қинамайтын алыпсатарларды байыған үстіне байытып жатырмыз. Ал қай-қай заманда да, қай-қай билік тұсында да нанның арзандатылуы қол жетімді болуы, тіпті тегін таратылуы - саясаттың саясатының төресі болып келген. Бүлік пен былықтың тұтанбауы үшін нанның бағасын өсірмеуді әр кезеңнің биік-биікте отырған әртүрлі әмір-тәңірлері қатты, қатаң қадағалап келген. Ежелден келе жатқан «хлеба и зрелищ!» дейтін ұғымның нанын жойып жіберсек, бүгінгі бажылдақ, жарқылдақ ырду-дырдумен аштыққа ұрынған халықты ашынтып аларын ұмытуға болмайтынын биліктегілерге қашанғы ескерте берерміз. Қарапайым қарашаның асының асылы - нанынан да ажыратса, ашынудың асқынуы басталмағанда қайтеді.

- Сұхбат соңында қазіргі жай-күйіңізді бір ауыз өлеңмен жеткізіп көріңізші.

- Ал онда міне:

Өмір осы - ерік-ырқыңды билеген,
Әкімдердей соққан, сыққан, илеген.
Өмір осы - ән боп, жыр боп әлдилеп,
Күңірентер кейде зарлы күйменен.

Сұхбаттасқан Марфуға ШАПИЯН
«Жас Алаш» газеті
2016 жылдың ақпаны.

ҚАЛАМГЕРДІ ҚҰТТЫ ОРНЫНА АТАҚ-ДАҢҚЫ ЕМЕС, ҚҰДІРЕТТІ ҚАЛАМЫ ҒАНА ҚОНДЫРАДЫ

- Төл әдебиетіміздің қазіргі жағдайы мен бағыты туралы не айтар едіңіз?

- Мәдениет пен әдебиетке билік тарапынан тиесілі қаржы-қаражатпен көмектесу түгілі дұрыс көзқарастың өзі болмаған жағдайда ол екеуінің зымырап алға озуы тұрмақ, қыбырлап ілгері жылжуы да қияметтің қиыны екенін бүгінгі күні екінің бірі сезетіні жасырын емес. Сондықтан да төл әдебиетіміздің бүгінгі мүшкіл халін, қаламақысыз қалып, қайыршының қатарында қалт-құлт еткен тіршілігін өлермендігімен сабақтап жүрген қаламгерлеріміздің күй-жайымен бағаларымыз хақ. Шыңғырып айтар шын сөзі шенеуніктердің кеудесін тесіп өтпейтін, қалың оқырманның құлағына жетпейтін мың данадай мардымсыз таралыммен шығатын азын-аулақ кітап бүгінгі төл әдебиетіміздің төркінін анықтай қояр дегенге өз басым өлтірсе де сенбейді.

Ал қазақстандық әдебиеттің (әдебиет деп атауға келісе алсақ) бүгінгі бағыты ақшалы байлар мен орайын тауып оп-оңай байыған «набобтардың» әкесі мен ағасы, көкесі мен «жағасы» топылдатып шығарып жатқан күлдібадам кітапсымақтарының нұрлы да сырлы шуақтарын бойлап тарап жатыр ғой. Ауыл үстінде сойылын шошаңдатқан тентекшалыстарынан арыстандай батырын, екі-үш үйдің ермегіне жарайтын езулісінен баға жетпес биін тауып алып, әлгілеріне арналған том-том киіз кітаптармен төл әдебиетіміздің кешегі төбедегі дәрежесін төмендегі табанға төсеп беріп жүргенімізге төрелеріміздің қабырғалары қайыса қояр ма екен.

- Қазіргі кезде ұлттық идеология әлсіреп кеткен секілді. Бара-бара басты құндылықтарымыздан көз жазып қалмаймыз ба?

- «Ең алдымен экономика, содан кейін ғана саясат, идеология!» дейтін бүгінгі үкіметіміз бен биліктің идеологияға деген қырын қабағы мен жабық көзқарасы жуық арада ашыла қоймасы белгілі. Сол себепті де атыс-шабысы, қырғын-сүргіні, жалаңаш қалпы жабысуы-қабысуы көп көк жәшікті жас ұрпағымыздың жанарына жадыгөйлікпен тоса қойып, солардың ой-бойына қатыгездіктің, қаныпезерліктің ұрығын сеуіп жатқанымызды ескеруден мүлде қалдық қой. Дырылдақ-дарылдақ, сөзсіз-сазсыз әнсымақтарымен

дауыссыз, талғамсыз дарақы «жұлдыздардың» дөрекілігіне өскелең өрендеріміздің құлағын үйретіп, кеудесін ұйытып, ұлттық өнеріміздің өңешін буындырып тастағанымызды қашан байқар екенбіз. Ендеше ұлттық құндылықтарымыздан әлден-ақ көз жазып қалғанымызды аттандап айтудан неге жасқанамыз.

- Қазақ қоғамын жағымпаздық жайлап кеткен жайы бар. Бас пайдасы мен мансап үшін билік басындағылар алдында құрдай жорғалайтын, тіпті адамның ойына келмейтін күлкілі көріністерге куә болып жүрміз...

- Қоғамымыздағы жабайы жағымпаздық тірлік бүгін емес, он бес, жиырма жыл бұрын тіріле бастаған. Мақтау мен мадақтауға өң бергіш жоғарыдағылардың жоясыз мақтан сүйгіштігі етік сүйіп, етек жалағыш інілер мен қол сүйгіш ағалардың сумақайлығы мен сұмпайылығына даңғылын даладай етіп жол берген. Сондықтан да биіктегісінің көзіне түсіп, көңілінен табылуы үшін жарты жүрек жағымпаздарымыздың бірімен бірі қызыл қырғын, қысас таласқа ұласқан «жарапазаны» бүгінде шарықтау шегіне жетіп, биліктік телеарналар мен басылымдардың бетін бермеуге айналды.

Ал бүгінде әр затқа «нұр» тіркесін локомотив етіп жекпесек, таң атпайтындай, күн шықпайтындай, жүрісіміз өнбейтіндей, сыбағамыз келмейтіндей қобалжулы күдікке тіреліп қалатындай күй кешудеміз.

- Абай, Ақан сері, Біржан сал, Құрманғазылар ешқандай атақсыз-ақ ел есінде мәңгілік сақталып қалды. Атақ алу үшін өзара дүрдараз болып жүргендерге қарап көңіл құлазитыны бар. Сол атақ керек пе өзі?

- Жазушыны атаққа ұсыну, сыйлық иесі таныту, орден беру тәрізді алдамшы тірлікті бір кездерде Сталин ойлап тапқан деседі. Азуы алты қарыс сол диктатор көсемнің өзі де елдің тілі, халықтың үні болар қаламгерден қатты сескенген ғой. Сол себепті де қалам қайраткерлеріне әртүрлі «сыбаға» ұсынып, сол «сыбағаға» таластырып, жазушыларды бір-біріне айдап салып, қырқыстырып қойғанды. Бұл қоғамға ықпалы зор күшті ыдыратып, жеке-дара билік жасаудың жымысқы әдісі болатын. Сол келеңсіздіктің, сол айқас-шайқастың көрігін бүгінгі біздің билік басындағылар да шектен шығара қоздырып жіберді. Ал, осы көзбояу тірліктің - атақ, сыйлық, марапаттардың - жазушыларға түкке де керегі жоқ.

Қаламгерді қаламының құдіреті ғана құтты да мықты орнына қондыра алады. Көз құртына айналған төске тағар жылтырауық-жалтырауықтар жазушылар арасына іріткі түсіріп, ылаң салады. Кеше ғана қоян-қолтық араласып, бір-біріне тілеулес, пікірлес болып жүрген пенделердің арасынан ала мысық жүгіріп өткендей әп-сәтте өзара қас-жау болып шыға келеді. Араздықты ұлғайтады. Топ пен тобыр ұйымдастыртады. Азға көпті, жекеге топты қарсы қояды. Шындықты сұмдық жеңіп, әділетті әбілеттік ұрып жығады. Міне, жалған марапат пен мансаптың бізге берері осы ғана. Жалғанды жалпағынан бассам деген жаңсақ ойдың жетегінде жүргендер, ар мен адалдықтың ауылынан алшақтап, өзгелерді де адастырады.

- Еліміздің тізгінін ұстағандар мен бүгінгі атқамінерлерге көңіліңіз тола ма? Олардың қандай болғаны дұрыс?

- Өткен ғасырдың жиырмасыншы, отызыншы жылдарындағы ел ағалары болған, ел тізгінін ұстаған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов аталардың, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Темірбек Жүргенов, Нығмет Нұрмақов, Сейітқали Меңдешев, Сұлтанбек Қожанов, Ғаббас Тоғжанов сынды көкелердің ел қамы, халық бабы дейтін ұлтжандылығынан өрбитін шынайылығы мен тазалығы Алаштың әр азаматын алқалаған, қазақтың, қазақстандықтың әр адамын ардақ тұтқан. Ұлтының діліне жүгініп, тілін құрметтеген.

Ал бүгінгі шенеуніктер мен ат пен таққа мінгендерде ондай өрісті өнегенің жұрнақтай да ізі, тамшыдай да сызы қалмаған. Биіктегі кабинеттерінің көзге күйік етіп есік-терезелерін хатшы-референттерімен, көмекші-кеңесшілерімен, күзетші-церберлерімен бітеп жауып тастап, төмендегілерге төбесінен сыздана тесілуден басқаға мүлдем жоқ. Алдарына айлап, жылдап тосып жүріп бір бара қалсаң, тура сөзіңді тыңдауға бейіл де білдірмей, әр сылтауды бір көлденеңдетіп, ана тіліңді шала ұғатын шүлдірлеуімен сілікпеңді шығарып, енді келместей етіп кеңсесінен сырғыта салады. Содан соң олардан түңілмегенде қайтесің. Кекірттік пен бюрократтыққа қарсы түк жасай алмай, шарасыздықтан бүлінбегенде, күйінбегенде қайтесің.

Не істеу керек деймісің?.. Бүгінгі адамды пенде ғып тұқыртып, пендені құл ғып илеуге құныққан шенеуніктік

жүйені түп-тамырымен қопарып тастап, адамды адам деп қадірлейтін ортаны қалыптастыру қажет.

- Еліміздің, қазақтың болашағын қалай елестете аласыз? Халқыңызға не тілер едіңіз?

- Асылдарымыз бен арыстарымыз ғасырлар бойы аңсаған бостандығы мен тәуелсіздігіне Алла Тағаланың жарылқауымен 1991 жылдың желтоқсанында қолымызды жеткізіп едік. Дербес елдіктің, өзгелермен тереземіз теңдіктің ой мен бойды әсерлендіре шымырлатар құдіретіне шым бойлап кетіп те едік...

Ал бүгін... бірінші қаңтардан бастап Еуразиялық экономиялық одаққа кірген бойда бұрынғы бодандық тәуелділіктің тұзағын мойнымызға буындыра іліп аламыз ба дейтін сұрапыл қорқыныштың суық ызғарымен әлден-ақ бүрсеңдей бастағанымды білемін. Лайым сол қорқынышты күдігім шындыққа айналмаса екен, кіріптарлықтың бұғауында шырылдамастай болсақ екен дейтін зар тілегімді Жаратқан Хақтың құлағына жеткізуге құмбылмын. Елімнің ертеңі тумай қалмаса екен, кешегісімен келешегі жатсынбай табысып, кемеңгерлігі мен кемелдігінің көмбесін қопара ақтаратын халқымның әр кездегі бүкпесіз көңілі бүгінгі қоңторғай тіршілігін артта қалдырып, болашағының көсегесін көгерте берсе деймін. Өйткені мен «қазағым-ғажабым!» деуден әлі күнге дейін жаңылған емеспін. Осы пайымымнан Тәңірім ажыратпасын.

- Софы аға, ашық әңгімеңізге рахмет, өзіңізді «Жыл адамы» деп таңдаған «Қазақ үні» газетінің қалың оқырмандары разы болар деп ойлаймыз. Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан,
Зейнолла АБАЖАН
«Қазақ үні» газеті,
2016 жыл

«ЖАЗУШЫНЫҢ ҚАРУЫ - ҚАЛАМЫ ҒАНА»

- Софы аға, қаламгердің негізгі тіршілігі жазумен байланысты ғой. Ұлттың болмысын, бет-бейнесін, тіпті, халықтың мұңын өз шығармасына арқау ететін қаламгердің жүгі жеңіл емес. Осы жолды таңдағаныңызға өкінбейсіз бе?

- Талай жасқа жеттім. Өкінгенмен не өндірем. Алдымның азайғанын, артымның көбейгенін білместей есімнен адаса қойғам жоқ. Бермегенімнен бергенім көп пе, көрмегенімнен көргенім көп пе - не деп тәлпіштеніп тапсына қалайын. Алыс-жұлыстың аясында болдым. Айтыс-тартыстың ұясына да айналдым. Бірақ әділдік деп дүрс-дүрс ұрған жүрегімнің қалауымен шындық іздеп шыж-быж болған қаламгерлік тіршілігімнің озбырлыққа қарсы күреске татырлық тіресуін бекер әурешілік дей алмаймын. Өткен ізімді шиырлатып, әжімді жүзімді шымырлатып ұзартқан ғұмырымды байлаусыз, баянсыз істердің тізбегіне тіркей де алмаймын. Теріс басқызып, керіске ұшыратқан адасуым бар шығар. Ал арсыздықпен арсылдататын адасушылыққа әдейі араласуым болған емес.

Бір көзімен төрге қалтақтап, бір көзімен елге жалтақтап: «Саған да құлмын! Сендерге де құмбылмын!» деп екіжүзділіктің жымысқылығын езуіндегі есірік жымиюымен жасыратын зиялысымақ қазақтардың қылмыстан да ауыр сатқын құлығы маған жат. «Тәртібіңді дұрыстап, қаламың мен тәкаппар қадамыңның өрісін өзгертсең, талай сыйды да, сарай, күйді де табаныңның астына тастаймыз!» деген биік-биік биліктегілердің емексітуіне емеурін танытпағаныма, ебелек қақпағаныма өзіме өзім қаншама разы болсам, мен үшін өкпесі өшкен балаларымның жазықсыз жапа шеккендерін көріп, іштей сонша мүжіле қиналам.

Рас «ұлтым!» «халқым!» деген қаламгердің өмірі әманда ауыр болуға тиіс. Ұлтының мұңын, халқының қасіретін өз жүрегінен өткізбесе, оның жазушы аталуға хақы жоқ. Халық - шығармаларымдағы мәңгілік қаһарманым. Халық - менің тірегім, арқасүйер асқар тауым, бүгілмес белім. Халық - менің қасиеттім мен құдіреттім. Ендеше, саясат үшін, идеологиялық есеп-қулық үшін қазағымның барын өшіріп, жоғын өсіріп

жазуды Болмыс-Тәңір маңдайыма жазбапты. «Аш адам - ұрысқақтың» ақиқаттығы еріксіз дау-дамайға киліктірмей турмайды. Төбедегілер мен төмендегілердің шолатыны да, көрері де эркилы-ау... Суреткерді төбесінен басып тұқырткан мынау алмағайып кезеңіміз ғана соған кінәлі ме? Әлде биліктегілердің біліксіз кекірейген өзімшілдігінің себеп-сылтауы ма? Жазушының бойындағы талант құдіреті - элде Болмыс, элде Тәңір сыйлығы. Сондықтан да ол жоғарыға жалтақтап, арамдық пен жалғандықтың ықпалына еріп, кейбіреулердей ақты қаралап, қараны саралап бере қоймауы керек. Ал, өкініш көп. Қайсыбірін айта берейін. Сұхбаттасам десе, осы уақытқа дейін ешбір газет-журналды алалап көрген емеспін. Есесіне мені алалайтын, маңайына арқан бойы жолатпайтын редакциялар баршылық. Бәріне кінәлі болуым - ойымдағыны бүркемей, шындықты шырылдатып жазатыным шығар. Жүрексінгенді баяғыда-ақ, Колбин тұсында жойған қазақпын деуіме болады. Орталық Комитетте бірінші хатшымен қызметтес болғандардың ішінен халқыма «қаны тамшылаған ұлтшыл» деп қара таңба басқан Геннадий Колбинге батыл наразылық танытып, қарсы шыққан жалғыз қара болғаныма әлі күнге дейін биік-биік креслоларда шіреніп отырған сол кездегі Орталық Комитетте қызмет атқарған бұрынғы әріптестерім куә. Өкінішімнің бір парасы - солардың сол кезеңді ұмытып кетіп, өздерін бір кішігірім құдай тұтуы.

-Ілкіде ақын-жазушылардың кітаптары 30-40 мың таралыммен басылып, ел-елге, жер-жерге таралып жататын. Бүгінде 3-4 мың таралыммен шығатын да жағдайы жоқ. 2 мың ғана таралыммен шығатын қаламгерлердің кітабы алыс ауылдарға жетпей жатады. Бұл кімнің кемшілігі? Әлде оқырманнан сұраныс жоқ па?

- Шынайы қаламгер ағымдағы заманның тыныс-тіршілігінен қалыс қала алмайды. Қалыс қалды дегенше, оның шығармашылық ғұмыры аяқталды дей беріңіз. Қаламгерлер жаза алмай жүрген жоқ, жазғандарын шығара алмай қор боп жатқанын «көкке ұш, жерге түс» баспасөздің де, басқа сөздің де басшылығында отырған бітеу кеуде, мүкіс құлақ әкім қараларға бұл ғұмырыңда ұғындыра алмассың. Дәлелді өзімнен келтірейін. Жер-көкке сиғызбай жамандайтын Кеңес дәуірі кезінде «Елім-

айдың» бірінші кітабы 120 мың данамен жарық көріп, бір айдың ішінде-ақ өтіп кетіп еді. «Елім-айдың» үшінші кітабын, нағыз қажет кітапты тәуелсіздік алғаннан кейін өз қаражатыма мың данамен ғана шығардым. Бес жүз данасын дос-жарандарыма сыйлап бердім. Қалғаны үйімде. Демеушілерім арқасында «Таңдамалы шығармаларымның» он жеті томын бастыртып алып, оқырмандарыма жеткізе алмай, шаң-шаң қып үйімде ұстап отырмын. Елбасының қабылдауында болғанда, қамаудағы көптомдығымның қазағымның қолына тиюіне жәрдемдесуін сұрағанмын. Көмектесем деген. Төрт жылдан бері тырс етіп хабарласқан бірде-бір облыстық мәдениет бөлімінің басшылары болған жоқ. Соған қарағанда уәдесін орындамаудан рахат табатындар уәде беруге құмар болады-ау деп ойлаймын. Сондықтан да оқырмандарымен кітаптар да, оның авторы да жылап көрісуге дайын тұр. Сондай-ақ, қазіргі республикамыздағы жұртшылық, әсіресе, қара қазақтың екі қолға бір күрек таппай, басқа күнкөріс көзінен ажырап қалып, базар төңіректеп, Сейфуллин мен Саин көшелерін жаутаңдап, жалтаңдап жағалап кеткені көкірегінде көзі бар адамды қан жылатпай қоймайтынын өзімнің тітіркене түршіккіш жүрегіммен қапысыз сезінемін. Сол себепті де жермешел болған жерлестерімнің жанкешті тіршілігінде әр тиынның құны қандай қымбат боларын неге түсінбейін. Алыстағы ауыл адамдары түгіл қаладағы қасыңдағылар бір жылда бір кітап сатып ала алмайтын мүшкілдіктің құрсауында жүр ғой.

Қаржы дағдарысынан да бұрын басталған рухани дағдарысымыз туралы үкіметтің жақ жазбауы - баяғы жауырды жаба тоқудың сүреңсіз көрінісі ғана. Ұлттық идеологияға, ұлттық өнерге деген дәл осы «көрмедім, білмедім, байқамадым!» дейтін үрдіс осы ескерілмес қалпында жалғаса берсе, рухани өмірімізге деген немқұрайлы саясат үстемдігін үдете түссе, халқымыздың мүлде азып-тозып бітеріне сене беріңіз. Инфляция мен қымбатшылықтың өсуі, теңгенің құнсыздануы «зейнетақыны асырдық!» деп үкіметтің бөсуіне сәйкес келмейтінін қабысқан қарнын белбеуін бес тартып бекітіп, әлден-ақ аштық пен жалаңаштықтың тарамыс шеңгеліне түскен қалың қазақтың «шықпа жаным, шықпа!» тірлігі аксиомадай бұлтартпас куәсы болып тұрғанын миллионға

жуық айлығы барлар әрине түйсігіне де түймейді. Содан соң бір операция жасатуға қажетті 70-100 мың долларды ғұмыр бойы жинаса да таба алмайтын бейшара міскін қазақ жанарын аспандағы Тәңірге кектене қадап, жан тәсілім етпегенде қайтеді. Даңғаза шу мен дуға әбден бой үйретіп алған бүгінгі билік: «Ісіміздің бәрі жаңаша, тұрмысымыз ғажап тамаша!» деген желбуаз үгіт-насихатын БАҚ-тың барлық түрлерінен тақылдап жатыр ғой.

Адамға адам ғой деп қарау, сол адамның ішкі дүниесіне үңілу жоқ кезде кеудеңді түңілу торлап алады екен.

Жазушылар өзекті мәселелерді қамтитын шығармаларды жазбай жүрген жоқ. Қайталап айтамын, жариялай алмай, жамағатына жұғыстыра алмай, жігерлері жүн болып жүр деп өз басыма түскен қиянатқа қарап ашынып отырмын. Мұртын сипап қана маңқиып отыратындардың орнына, ұлт рухына тәу ететін нағыз қазақ келмей, қаламгерлердің мұң-мұқтажы орындала қоюы әзірше мүмкін емес.

- Соңғы кезде жазушылар қауымына берілетін атақ-дәреженің саны артты. Жалпы, атақ, сыйлықтар, марапаттаулар жазушыға қаншалықты қажет деп ойлайсыз?

- Көптеген оқырмандарым мені көрген сайын да, телефоныма хабарласқан кезде де менің «Халық жазушысы» деген атағымды үкіметтің әлі күнге дейін заңдастырмағанына реніш білдіреді де, Мемлекеттік сыйлықтың иегері еместігіме сенбей, таңданып қалады. Бірақ менің солардың көңілінде өзімнің Алаштың халық жазушысы екеніме көзім әбден жетті. Бір жағдай есіме түсіп отыр. Ұмытпасам, 1983 жылдың 1-7 қыркүйегінде біз, отыз жеті жазушы Атырау облысында қазақ әдебиетінің күндерін өткізгенбіз. Жайықтың жағасында оқырмандармен жүздесіп, соңынан қолтаңба берген едік. Бір қызығы, басқа қаламгерлердің төңірегіндегілер он-он бес минуттан кейін сұйылып, маған қарай қопарыла көшіп, ал мен болсам тура бір сағат жападан жалғыз отырып, қолтаңба жазумен болғам. Сонда Одағымыздың бірінші хатшысы Жұбан аға Молдағалиев мені қасына шақырып, төсіндегі КСРО Жоғары Кеңесіне депутаттық белгісін саусағымен көрсетіп: «Софыжан, жазушының құдіреті мынада да емес, қызмет дәрежесінде де емес,

Өзіңе... - деп сәл бөгелді де, - Өзіңе былтыр біз қиянат жасап, қимаған сыйлықта да емес, Жазушының құрмет-қасиеті - халқының сүйіспеншілігінде екен. Сен әлгінде соны бізге таныттың. Осы бетіңнен танба! Біз саған қызығып та, қызғанып та қарап түрдық», - деп ақ жүрегінің батасын бергендей болып еді. Мен сонда оқырман халқымның маған деген әділ бағасын алдым. Мен сонда, бәлки, әріптестерімнің күні бүгінге дейін қыр соңымнан қалмай жүрген қызғанышын оятып та алған болармын. Қарапайым халық шын таланттарды әлі де басына көтере бағалай білуден жаңылған емес. Бағалатпайтын да, маңайына жағалтапайтын да төрдегі төбедей боп түксиіп отырған төрелер мен төмендегілерге шекесінен қарап шіренген шенеуніктер ғана. Ал, ақын-жазушылардың құрмет-беделін түсіріп жүргендер - жолдан қосылған жолбикелер. Қазіргі цензурасы жоқ, идеологиядан мүлде мақұрым қалған кезеңде жалақтаған жалған «пенсионер» жазушылар мен алаяқ ақынсымақтар көбейіп кетті. Қалтасы қалың, іні-ағасы барлар, ірі таққа қонған, министр балалары барлар пьесасымақтарын театрларда қойғызып, алтынмен аптатып, күміспен қаптатып жіберген кітапсымақтарына үкіметтің атақ, сыйлықтарын сатып алып жатыр. Жазушыларға, жалпы шығармашылық иелеріне атақ берудің мүлде қажеті жоқ. Кімнің кім екенін оның шығармалары анықтайды.

- Бірақ, аға, «Халық жазушысы», «Халық әртісі» дейтін құрметті атақтардың жойылғаны, өзіңіз айтқандай, осы белгіден дәмеленіп жүрген талайдың үміті үзілгені де белгілі ғой...

- Сонымен кімнің кім екенін жобалап, кімнің кімін жағалау керек? Кімін сыйлап, кімін қадірлеп, кімін бағалау керек деймісің?

Дүбірлетіп жетіп, мұрнынан ғана міңгірлейтінін күбірлетіп өтетін шенеунігін бе? Өктемдігімен өкпеңді қысқандай дігерлетіп кететін жиі ауысқыш министіріңді ме? Жиырма бес жылда пышақтың қырындай жалғыз кітабыңды әрең шығартып беріп, қаламақысына соқыр тиынын да төлемеген меңіреу министрлігіңді ме? Алғысыңды тереңіңнен сүйреп шығарам деп аузың қышымасын.

Әлемді алақанына салып аялайтын қаламгерлік затың

түгіл, алашынның құлағында жүрген атыңды да білмейтін, тас кереңдігі кердеңдігінен де асқан, көр басырлығы тасырлығынан да сорақы әкіміңді ме? Алпысыңда ауылыңа да жолатпаған, жетпісіңде аудан, облысыңның қарасын көрсетпек түгілі, құттықтау пәпкесін де жібермеген туған өлкеңнің шалақазақ әкімдерінің мазағына айналғаныңды мақтаныш ету үшін бе? Оның несі қадірлі? Соларды құрметтей қояйын-ақ десең, Болмыс яки Табиғат сыйлаған табиғи билік пен білікті ешқайсынан таба алмайсың. Әлде сатып алған, әлде мықтысына жалынып жүріп, бас ұрып алған лауазымының қандай қасиетіне тәнтіміз?

Өзі шақырып алып, жеке қабылдап, «сен өйтсең, мен бүйтемін!» деп үйіп-төккен уәдесінің бір де біреуін ұшпаққа шығармаған ең биік төрдегі төренің қай бір жұртты елітердей сүйкімді қылығының тілеуін тілейсің... Күрсінесің де, іштей ғана күмілжіп, қабағын бір шытпас қайырымды кереуетіңе қисая кетесің.

Атақтардың жойылғаны әбден дұрыс болды. Бірақ, осы бір жақты шешімнің, яғни бұрынғыларға берілген әлгі атақтардың да жойылмай, жоғалмай қалуы - әділетсіздіктің нағыз шыңына айналды. Мұны біздің билік әдейі ұғынбады. Оларға зиялы қауымның бір-бірімен жағаласып, жауласып жүруі, мүмкін тиімді де шығар. Өйткені, «Халық жазушысы» деген өтіп кеткен атақты айрылмай иемденіп жүргендер өздері алтыннан, асылдан жаратылғандай атақсыздарға асқақтай қарайтын болып алды. Ал өмірінде, қазақша екі кітап оқымаған министрлер мен әкімдер мәртебелі кездесулерде әлгі қаламгерлік қасиеті өзіңнен көп төмен, белсенді «беделділерді» алқалап, алдына шығарады. Ал шын дарын иесін жүнді қолымен кеудесінен итеріп жіберіп, босағадағы кебістерді күзеттіріп қояды. Сондықтан да сыйлық, атақ, орден тәрізді көзбояу дүниелердің жазушыларға түкке де керегі жоқ.

- Президентпен бірге қызмет істеген екенсіз. Ол кісі сіздің жазғандарыңызды үнемі қадағалап, оқып отырады екен. Жалпы оқырманыңызға ықпал ете алдым деп ойлайсыз ба?

- Рас, Нұрекеңмен Теміртауда зауытта, Орталық Комитетте қызметтес, әріптес болдым. Колбин мені екі рет хатшылыққа салып, төбемнен төмпештеп,

табандатып алмақ болғанда оң қабағын таныта маған қол ұшын созып, тілектестік білдірген жалғыз адам сол кездегі үкімет басшысы еді. Елуге толғанымда шақыртып алып, алпыс жылдығымда арнайы келіп құттықтаған да, шенеуніктер арасынан тағы да жалғыз Нұрекең болатын. Халық жазушысы атағына мені Жазушылар Одағына екі рет тапсырып, ұсындырған да Нұрекең еді. 17 томдық жинағымды сұратып алып, ризалық білдіріп хат жазған да сол кісі еді. Жалпы алғанда тоқсаныншы жылдардың ортасына дейін Президентімізде демократиялық сипат көбірек кездесетін. Кейінгі кездері төңірегіне топтасқан дифирамбшыл астаналық жағымпаз жадағай төрелердің мақтау-мадақтауы мен жасырып, асырып көрсетер ақпарларының ықпалы артқан-ау деймін. «Халқының қамын ойлар, елім деп еңіреген азаматтарды билік басына тезірек жинап алса, Елбасы ел алдындағы парызы мен қарызын ақтар еді-ау» деуші едім бұрын. Ал қазір ... сөзім жоқ.

Үмітіңді үнемі үзе беретін мына заманның жалтақтап қалған адамы болғандықтан ба, таусылмас күдігіңнің құрсауынан бір босана алмайсың. Уәдешіл басшыңнан да, мыңқ етпес әкіміңнен де, шекірейген шенеунігіңнен де өзіңді ескерер бір естілік байқамаған соң кешкіліктегі күрсінісің азандағы өкінішіңе жалғаспай қайтеді. Содан соң-ақ бұлты айықпас сұрқай күздің суық лебіндей шарпитын уақыттың қай мезгілі екеніне қайдан көңіл бөле қоярсың. «Анаған дейінгі», «ананың тұсындағы», «анадан кейінгі» кезең туралы қызылкеңірдек болып дуылдасып жататындарға жының келеді. Кей-кейде бір тағдырдың трагедиясынан бір қоғамның, тіпті бүкіл әлемнің философиясы бас көтеретініне бейіл берсе, Мырқымбайға қалай өмір сүруді үйретудің қажетсіздігін сезінер еді-ау шіркіндер.

Өзіңдегі өзгені қуып шығып, өзгедегі өзіңді іздеп тауып, оңаша отырып жоқтан барды, кішкентайдан іріні тудыра алатын шығармашылық құдіреттің сәттік мезетіне ғана бас игенге не жетсін.

- «Дат» газетіне «Сіз де, мен де болып ек қой горновой» атты дастаныңызды жариялап, Елбасының алдына бүкіл қазақ ұлтын, Қазақстан жұртын әбден толғандырған мәселелерді қойған едіңіз. Бұған жауап болды ма?

- Жоқ. Тырс еткен бір сыбыс жоқ. Әлде көмекшілері сол газетті қолына тигізбеді ме, әлде басқа да себебі болды ма, білмеймін.

Аты әлемге тарап, аруағы аспанға көтеріліп, рухы ұранға айналған қаламгерлерге халқымен бірге әкімі де табынатын болса, елімен бірге елбасы да ұмытпастай болса, онда «елі мен ері егіз» деген ұғым шын мәнінде ақиқатқа айналмас па еді деуім кімге керек.

Ұлтының шешен тілі болып, дауылды үні болып сөйлей білген ұлы перзентіне тірісінде пейіл берілмесе, өлген соң құрмет көрсетілмесе, өзгеге емес өзімізге мін екенін, өзімізге сын екенін кеш те болса бір ұғынсақ қой... деп тапсыңғаннан не пайда.

- Соңғы кездері елімізде қоғамдық- саяси оқиғалар жиі көрініс беріп жүр. «Шанырақ», «Бақай» оқиғалары болды. Осылардың барлығын айтпағанның өзінде «Жаңаөзен» оқиғасы қазақты қатты ашындырып, толқытып жіберді. Сіз де бұл туралы көптің алдына шығып мәселе көтере алдыңыз. Бір топ «Бұрын қандай оқиға болса да, қазақ қазаққа ешқашан оқ атпаған еді» дейді. Осыған өзіңіздің пікіріңіз қандай?

- Еліміз егемен ел болып, республикамыз тәуелсіздіктің көк байрағын көкке көтерді деп бөркімізді аспанға лақтырып, мәз-мейрам болып далақтағанымыз рас. Егеменмін деп еркінсуімнің, тәуелсізбін деп тасынуымның кей-кейде кеудемді оқыс солқ еткізген, жүрегімді кенет дүрс еткізген әлдебір үреймен көміліп кететіні бар. Сол үрей әлі күнге дейін кешегі үстемдігін барынша аңсайтын Ресейдің денемізді шарпып, даламызда шалқып қалатын империяшыл ықпалынан туындайды. Қайтадан президент боп таққа қонжиған шовинист Путин Еуразиялық одағына киргізіп алып, тіл-аузымызды тұмшалап тастап, кіріптарлық (тіпті құлдық) кепті кеудемізге жаба салды. Сол шовинистік ықпал күні бүгінге дейін ана тілімізді өгейлендіріп келеді. Шала тіліміздің орыстандырып, кедейлендіруде. Уысынан шығып кеткен Украина мен Беларусь, Қазақстанды қайтсек те қосып аламыз деп тізгінімізге жармасып қалып отыратын Ресейдің ерік-ырқымызды саусағына іліп алған әндемді шовинистік саясаты бар. Ол-ол ма, миллиардтаған қарызымен қол-аяғымызда шырмап тастап, кеніміз бен шұрайлы жерімізді сатып, жалдап алып, жалмап жұтқалы

қаптап төнгелі тұрған Қытай көршіміздің көлгір күлкілі жымысқы саясаты тіпті жан түршіктіреді. Осыларды ойлағанда: «еркінсіткен егемендігімізден, тайраңдатқан тәуелсіздігімізден айырылып қалмасақ екен!» - дейтін ішкі түйсікпен тірілетін қорқынышты қаупімді тойтара алмас күй кешем. Бүгінгі қазақ дейтін ұлтым, Алаш атты жұртым ертең екі өңештің бірінде жұтылып кетіп, тарихтан біржола өшетін болса... Сол жоқтау сарынын осы бастан неге зарлап айта бермеспін. Ұлтым жоғалар болса, менің жазған-сызғандарым кімге керек болмақ, кімге? Айтшы?!

Жаңаөзендегі қанды қырғын - ұлт трагедиясы, халық қасіреті! Ол - орталық, астаналық биліктің Маңғыстау өлкесінің аса қиын әлеуметтік жағдайына, тұрмыс-тіршілігінің күрделі мәселелеріне немкеттілікпен атүсті қараудан туындаған ұлттық трагедия. Ол - жеті ай бойы аптап пен аязда өз мұң-мұхтажын жоғарыға айтып жеткізе алмаған мұнайшыларды алыстан ызбар шаша қорқытып, үркітіп отырып, бұғалыққа басын сұғар үйіріне қайта қосам дейтін өктемшіл биліктің ұрдажық әркетінен өрбіген халық қасіреті. Қазақтың қазақты қырып салуына не себеп? Биіктегі биліктің жауапсыз немқұрайлығы барынша асқынғандықтан ел ішіндегі төменгі мен жоғарғының бірін бірі түсінуі мүлде жойылды. Барлық өңірде жұмыссыздыққа жақын жұртшылық тіршілігі басталды. Жоғарының төменді менсінбеуі, төбесінен төніп дікілдеуі, өтірік ақпарды көрнеу көзге алға шығаруы, сайлау біткенді бір де бір рет дұрыс өткізбеуі, дауыс ұрлауы, оппозицияны шеттетуі, қудалауы, өтірік пәле-жала жабуы көбейді.

- Осы жасқа келгенде өткеніңізге қарап отырып, не түйесіз?

- «Кім үшін, не үшін, қалай, қайда, қашан, қайтіп өмір сүрдің?» дейтін сұрақтарға әділ, тура, таза жауап бере алсаң, бәлки өзіңді өзің табудың сүрлеуіне бет алғаның болар. Өйткені кейде көңірсіген өз көңіліңнің шырылдаған сөзін айтқаннан өтер жан ашынуы болмас та. Себебі өміріңді сүйе білудің құдіретін сезе, біле тұрып, сол өмірді жек көрудің қиянатын қалай кешерсің. Сүйінуіңнен күйінуің көп болса, өмір сүрдім деуің алжасқаның емес пе. Күйінбейін десең, күмілжіткен күндеріңнің көлеңкесіне бүрісіп тығыла бермей,

күнгейіне серпіліп шыға келуге тырысқанға не жетсін. Ол үшін жүзің жарық, ішің анық, көңілің пейілді, жүрегің мейірлі болса ғой шіркін!.. Әне сонда өзіңді өзің табасың. Өзіңдегі өзіңмен еш араз-құразсыз табысасың. Сонда ғана өміріңнің талтүсі төбеңнен шуағын құйып, жылуына бөлейді.

Жазушылық тірлік - қиын тірлік. Ғұмыр бойы жазғаның - өзіңді өзің қайталау болып көрінетіндей сезінесің де, жаныңды қинаған азабыңды арқалаумен өтесің. Әрі сол кітаптарың - шығармашылығыңның ең бір ғажайып түйіндісін тудыратын дайындық баспалдақтары секілденетіні тағы бар. Ізденуің, талпынуың, шарқ ұруың көбейген сайын қобалжуың да, қоңылтақсуың да үдей түседі. Шедевр болатын дүниеңнің жазылар кезі, тұсаукесер тұсы алыстай береді. Ал сен болсаң қоңыр күзіңнен қыраулы қысыңа ауысар мезетіңнің құрсауына қамалған сайын эр кітабыңды көзіңмен бір-бір сипап, көңіліңнен шыға қоймағанын түйсіне, терең күрсінесің. Қаламгерлік ғұмырыңның жалғандығы мен шындығы да осында. Осы өксікке бергісіз күрсініс те.

Түйерім де, күрсініп күйерім де, шүкіршілік етіп сүйерім де жеткілікті. Қайсыбірін айтайын? Жасқаншақтап жасып қалған ұлтым жігерленсе екен деймін. Ел байлығы төрдегі төбелдей топтан көдедей көпке әділдікпен ауысса деймін. Билік баршаны өзінен безіндіре бермей, сол баршаға биліктің шын иесі халық екенін сезіндірсе деймін. Жазықсыз жазалаулар, мезгілсіз, мағынасыз мазалаулар тыйылып, эркімнің өзіне тиесілі сыбағасы әлдекімдердің қанжығасында кетпей, иесіне ғана берілсе деймін. Көп қой, көп қой айтарым...

- Әңгімеңізге рахмет!

«Айқын» газеті,
2016 ж. маусым

«АТҚАНЫМ - ӨТСЕ, АЙТҚАНЫМ - ЖЕТСЕ» ДЕУМЕН КЕЛЕМ

- Софы аға, ауруханадан жақында ғана шыққаныңыздан хабардармыз. Денсаулығыңыз қалай?

- Аурухана бүгінде менің екінші «үйім» болып кеткен тәрізді-ау. Қабаттасқан кеселдерімді атай беруден де жалыққаным рас. «Бөрі арығын білдірмес...» қайсарлықпен сап-сау адамдай сыр бермей, алшаң басуғатырысумен келемін әлі. Екі-үш айда бір жатып емделіп, ағзама «подзарядка» алып шығамын. Қазір тыңмын. Қарсыластарыма қажығанымды көрсетпей, қасарысып тірлік кешуім - бақытымның бір еншісіндей, қарағым.

- Қазір дәрі-дәрмек атаулының бәрі қымбат екені белгілі. Ем-дом қабылдауыңызға бір зейнетақыңыз жетеді ме? Қаламгерлік қарымыңыз сізді қаншалықты асырай алып жүр?

- Бүгінде теңгеміз құлдырап құнсызданғалы қымбаттамаған ештеңенің қалмағанын қалың қазағымның қабырғасын сындырмаса да, қайыстырып бара жатқанын төмендегілердің күңіренуі бірде болмаса, бірде төрдегілерді төсегінен қуып жеткізер деуді талшық етемін.

Әй, бірақ... Алдағыма үңілуім ұзарған сайын бүгінім мен ертеңімнен түңілуім көбейе түсерін қайтіп жасырармын.

Дәрі-дәрмек, ем-дом дейміз-ақ. Айтылуы оңай-ау. Табылуы қымбат-ау тым. Емдеу жүйесі жекеменшік иелерінің қолына көше бастағалы - қанының әр тамшысын дерт пен кеселден аршу үшін алтынның да әр грамы аздық ете бастады ғой... Тапшылықтың, жоқшылықтың іргесін несіне түптей берейін босқа. Халық жазушысы аталсам да, сол халқымның ең кедейінің күйін кешіп жатқанымды қашанғы жасыра берермін. Өйткені қаламақы жүйесін құртқан үкіметке арыз айттың не, айтпадың не... Ештеңе өндіре алмайсың. Өйткені оны мүрдем кетер қазағыңның бар-жоғы мүлде ойландырмайды.

- 75 жасыңызбен алдын ала құттықтайын. Мерейлі мерекеңіз еліміздің қай өңірлерінде аталып өтілмек?

- Алла разы болсын! Алдағы мерейтойымның шашуындай боп айтылған құттықтау лебізіңнен жаныма бір шуақ құйылғандай болды-ау, қызым.

Бойымды көрмесе де, ойымды ұққан, жанымды таныған, табиғатыммен табысқан ұлтымның қалың қарапайым

жұрты телефон шалып та, хат жазып та іздеп тауып, шұрқырасып жетіп хал-жағдайымды біліп жатады. Ал «Оқырмандарыңызбен кездесу өткізіңіз. Риза болған тілеулестеріңіздің алғыс, құрметіне бөленіп кетіңіз!» деп дер кезде емес, бар кезде құрақ ұшып жататын республиканың түгел дерлік облыс басшыларының шын көңілімен шақыруларын жиі естимін. Ал мына мерейтойымды атап өтуге ниет етіп отырған жеті облыстың ықылас-ілтипатына бармасам да, барғандай болып, марқайып жүргенімді өзіңе бүгін ашып отырмын. Ризамын халқыма, қазағыма!

Мен келемін, енем ыстық құшаққа,
Ата қазақ жайған жанын ісі аққа.
Жүрегімді жылытып жылы деміңмен
Жанымды, Елім, аяла да құшақта! - деуім содан.

- **Туған күніңізді туған жеріңізде бірде-бір рет атап өтпегеніңізді білеміз. Әйтсе де, дана халқымыз: «Ер туған жеріне» деген сөзді тектен-тек айтпаса керек-ті. Әкім-қаралар елеп ескермесе де, туған жеріңізге ат ізін салып тұратын шығарсыз...**

- Туған жер!.. оны неге ұмытайын. Бірақ Қарағандыма, өзім туған облысыма, неге екенін білмеймін, өгейдеймін... Алпысымда да, жетпісімде де не аулыма, не ауданыма, не Қарағандыға төбемді көрсетуге біліксіз басшыларының біреуі де жараған жоқ. Облысымда әкім болған Есімбаев пен Мұхамеджанов һәм Әбдішев пен Құсайынов дейтіндер менімен телефондасуға да құлықсыз болған-ды. Сірә, солар ашық айтатын, тіке кететін мінезімнен сескенген де шығар. Серік Ахметов қана жиі хабарласып, інілік ілтипатынан ажыраған емес-ті. Ал Н.Нығматуллин көп томдығымды шығарғанымда, қаржылық көмек көрсеткен-ді. Бүгінгі Нұрмұхамбет Әбдібеков әкімім мүлде ұстатпайды. Неге екенін қайдам, өзі маған оқыс телефон шалып, аты-жөнін айтады да, жауабымды тоспастан, мазақ еткендей байланысты бірден үзіп жібереді. Әкімнің осы тәлкек қылған «хабарласуының» мән-мағынасына түсінбеумен далмын.

Жерлестеріме ешқандай өкпем жоқ. Қарапайым жұртшылығымның маған деген ашық құшағының ыстығын, жүрек лүпілінің дүрсілін естуім ақиқат.

Ал туған ауылым Киік бекетіне барып тұрам. Кіндік қаным тамған, ата-анамның мәңгілік жайы болған шағын отанымды неге ұмытайын. Десем де:

Иә, айтпақшы, Қарағанды - отаным.
Сонда туып, сонда аунаған ботамын.
Туған жерден бүгін ұзап кетсем де,
Ұмытқам жоқ, ошақтағы от әнін.

Қол созсам да, бүгін жерден Күнге мен,
Іздемеген, танымаған, білмеген.
Қайдан ұқсын Алашының ақынын
Қош айтысса ұлттық ана тілменен.

Жолатпайды ол, тарс бекітіп есігін,
Кеудесінің қалап тастап, тесігін.
Көрсетпейді мың жерден сен дана бол
Өз ұлына өзі туған бесігін.

- Еліміздің әдебиет әлемінде өзіндік орны бар кейбір қаламгерлер мен ел алдында жүрген атпал азаматтардың бірқатарының жолыңызды кес-кестегені белгілі. Ал өзіңізге қамқорлығы мен қолдауын аямаған қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері болды ма?

- Рас атақтары атан түйеге жүк болардай Нұрпейісов,Қ. Мұхамеджанов, Елеукенов, Кекілбаев тәрізді ағаларымның жанымды сонау... сонау «темір-терсек» яғни металлург кезімде-ақ, «жөргегімде» тұншықтырып кеспекші болғандарын әрі түсінем, әрі сол қылығынан барынша жерінем. Түсінетінім: «Елім-айдай» кесек ірі туындыны отызға да жетпей дүниеге әкелуім - солардың көбісінің қызғанышын тудырған шығар. Жерінуім: «Жас келсе - іске!» дейтін аталар өсиетінен аттап кетіп, үлкен бастарымен арамдықтың сойылын соққандарын жақтырмауым.

Ағалардың жаға болғандары да, жанын жағалатқандары да біраз. Ең алдымен ұлы Мұхаң - Мұхтар аға Әуезов әдебиетке келуіме, шығармашылық сүрлеуіне аяқ басуыма мейілінше әсер етіп, ақыл-кеңесін беріп, болашағымның бағытын көрсетіп жіберіп еді-ау. Содан кейін қалыптасуыма қатты ықпал жасаған Тәкен Әлімқұлов ағам. Сондай-ақ, Шахмет аға, Құсайыновқа өте тәнтімін. Менің тіліме қызығып, талайымды тауға сілтеп, талпынтудан жалықпаушы еді сол ағам. Маған Шекспирдің «Юлий Цезарь» пьесасын аудартқызып, ақ өлеңнің жасыл жайлауындағы шұрайлы тілдің мәйегінен барынша қануыма себепкер болған-ды. «Уызымнан жарыткан» сол кемеңгерлігін қалай ұмытармын.

Әбу Сәрсенбаев, Әзілхан Нұршайықов, Кемел Тоқаев, Сырбай Мәуленов, Шыңғыс Айтматов, Ғафу Қайырбеков, Тұманбай Молдағалиев ағаларымның барымды танып, жоғымды табуыма жәрдемдескендерін тәптіштеп айтсам, түнді таңға ұластырып жіберер едім.

Таяқ тиген маңдайымнан аяп сүйген эріптестерімнің еріндерінің жылуын әлі де сезем десем, сене бер, қызым.

- Қазақ әдебиетінің дамуына қомақты үлес қосқан қаламы қарымды қаламгерлер жетерлік. Солардың бірі де бірегейі - өзіңіз. Жазушы ретінде өзіңізді кіммен қатар қояр едіңіз?

-Бұл сауалың сәл қисынсыздау секілді-ау. Әр қаламгердің өз орны, өз салмағы, өз дәрежесі боларын қалың жұрты - халқы, қазағы анық біледі ғой. Әрине, «Атқаным өтсе, айтқаным - жетсе, көмбеге көптен бұрын ту қадармын!» деп ойламайтын шығармашылық иесі болмайды. Көмбеге әлденеше ту қадаған мен өз басым, кейін қалған кезім жоғын жақсы білем.

Менің бағамды Ғабеңнің (Мүсіреповтың) «Қазақ прозасының ендігі буынының көш басында «Елім-ай» романының авторы - Софы Сматаев тұратыны сөзсіз» деген тұжырымы айқындап тұрған жоқ па.

- «Атақ-даңқ пен сый-құрметті көрмедім» деп көп көңіліңіз құлазитын секілді... Абайдан бастап, қазақтың небір тума таланттары ешбір атақсыз-ақ, елдің есінде мәңгі қалды емес пе? Айтыңызшы, осы адамның еңбегін атақпен өлшегеніміз дұрыс па?

- Аузын бұртитып өкпелегіш аш балаға айналдырып жібердің ғой мені, қызым-ау. Ат-атақты ғана құрметтеп, қошемет көрсетіп, атағы жоқтарды көтке теуіп қуалайтын мынау дәлдүр тәлпіш заманда сол атақсыз Абайдың да өзін есігінен сығалатпас төрелердің кердең тірлігін өз басыңнан кешпегесін айтып отырсың ба әлде. Ал марапат дегендердің зиялы қауымға түкке де керегі жоғын айтып та, жазып та жүрмін. Оным - өкпелегенім емес, жауапсыз өкініштің өзек қырнағаны ғана. Атақ пен сыйлық сияқты «сыбағалар» берілмесе, кімнің кім екенін тек қана оның шығармасы айғақтар еді-ау. Сонда ғана есік күзететін күйімнен «көңілімнің құлазуы» жоғалар еді. Бірақ ондай атты күн қайда?.. Төрдегілер төмендегілерді таластырып қоятын «сыбағасына» неге қызықтырмасын.

- «Жер сатылады!» дегенді естігелі бері елдің мазасы қашып, биліктің бұл әрекетіне бүкіл қоғам болып қарсылық білдірсе де, күні кеше Ұлттық Экономика министрлігі 1 млн. 400 мың гектар жерді саудалауға дайындап қойғандығын хабарлады. Ата-бабамыз қасық қаны қалғанша күресіп, «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қорғаған осынау ұлан-байтақ жерімізді саудалауға биліктегілердің қандай қақысы бар?

- «Жер иесі - ел. Ел билігі - халықта!» десек, ежелден белгілі қасиетті қағиданы көлденең тартқанымыз ғой. Қазақтың ұланғайыр даласын ата-бабамыз қанын сорғалатып құйып, терін сауылдатып төгіп жүріп қорғап, сақтап қалған. Туған жердің топырағына жат табанын тигізбеген. Жат табанын тигізбеуді ұрпағының ұрпағына өсиет етіп сіңіріп, аманат етіп тапсырып кеткен. Өсиетті өшіріп, аманаттан аттап кетіп, жер Ананы тулақтай етіп саудаға салу - елі мен анасын сатудай ауыр қылмыс. Биліктегілердің арқалап әкелген жері жоқ, дорбалап тасыған топырағы жоқ. Киемізге иелік етеміз деуі - қастандық. Қасиетімізді қасіретке айналдырамыз деуі - сатқындық. Екеуінің жауабы - елді бүлікке орап, халықты бұлқынуға, жұлқынуға еріксіз мәжбүр ету. Киенің атпауы, қасиеттің қаппауы мүмкін емес. Төрдегілер төменге көз тастасын, өз көрін өздері қазғылары келмесе...

- Қазақ елінің бүгінгі даму барысына көңіліңіз тола ма?

- Дамып барамыз ба, шаң жұтып қалып барамыз ба - оны анау төрдегі төрелер мен шіренген шенеуніктер білмесе мен не деп сәуегей бола қояйын. Білетінім: кешегі ауыл қазағының қазанына аста-төк ас салатын ұжымшар, кеңшарлардың жау шапқандай жойылуы. Ауылшаруашылықтарын тарқатпай, талан-таражға ұшыратпай, сақтап қалған Белорусь, Татарстан, Өзбекстан халықтары табағынан тамағын айырмай, қайта өздерінен артылғанымен Ресей, Қазақстанды асырап келе жатыр ғой. Білетінім: зауыт фабрикаларды көбейтудің орнына, барының өзін бықпырт тигендей құртып, жіберіп, босаған ғимараттарын біиліктегілердің отбасылық сауда орнына, қалтасындағы көк тиынына дейін әлгілерге жұтқызып жүрген жұртшылықтың егелген азуы, түюлі жұдырығы, күңіренткен күрсінісі куә емес пе.

Осымен доғарайын.

- Шығармашылығыңызда қандай жоспарларыңыз бар?

-Жоспар шіркін көп-ау. Соған денсаулығым шыдас берсе, әлі де көптің мұңын, жұрттың жұталған сырын көмейімнен сығып, шығара беруден тыйылмаспын-ақ. «Елім-айдың» төртінші кітабын бітіре алмай, діңкем құрып жүргенін ұлтымнан жасырмаймын бүгін. Үстел жағалатпас күйімді кімге шағып, зарлай берем...

Шығармаларымның жиырма бес томы дайын. Үкіметтік баспалар маңайына да жолатпайды. Өз қаржыма шығарам деу - өлікті тіріліуден де қиын. Естір құлақ, сіңірер кеуде таппай сенделіске түсудемін...

- Ізіңізден ерген ізбасарларыңыз, яғни бүгінгі жас қаламгерлердің шығармаларымен таныссыз ба? Олардың беталысына қандай баға берер едіңіз?

- «Кей-кейде ілгерінің кейінгіні менсінбей шаңына көме беретіні болады. Кішінің кеуделеп келіп қалғанын жақтырмай, үлкеннің іштарлық жасайтыны да болады» деп кей ағаларымның өзіме жасаған қысас-қиянатына байланысты осылай жазып едім. Бірақ іштарлықтан өзім аулақпын.

Бүгінде шығып жатқан кітаптарды қолға түсіру қиындап кетті ғой. Тиіп-қашып оқығандарымнан түйгенім: кешегі Талаптан, Балқыбекті, бүгінгі Ғалым, Асқар Алтай, Қазыбек Иса, Құлтөлеу, Маралтай, Дидар, Жанарбектердің шығармашылығына сүйінуім де, сүйсінуім де көп. Ағалық көңілмен әлгілердің қатарластарының молаюын қалаймын.

- Дана Абай: «Адамға адамның бәрі дос» десе, сіз неге «Адамға адамның бәрі қас» дейсіз... Осы сөзіңіздің астарын ақтарып айтып беріңізші...

- Сол дана Абай осынау кезеңде бізбен замандас болып өмір сүрсе, «Адамға адам - қанішер!» демесіне куәлік ете алармысың, қарағым? Жемқорлық асқындап, арамдық асқақтап, қараулық қаптап өріп бара жатқан айналаңды әлде байқай алмай қалып па едің? Тегін үй, тегін оқу, тегін емделу дейтін кешегі кеңшілікті ұмытып, жұмыссыздық илеген пенденің таршылықта тапшылықтың зілімен, кісі тонап, тәнін сатып иіліп, мүжіліп, бара жатқанын көрмейсің бе, қызым-ау. Әне, жауабы.

- «Мұңлы ойларыңыздың» он алтыншы ойында «Заман салғырт, адам мәңгүрт» дейсіз. Бүгінгі қоғамның шынайы бет-бейнесі осы ма?

- Жаңаөзенде қазаққа қазақ оқ атты. Қыршынынан қиылғандарға жаны тызылдап, селт еткен қазағың болды ма? «Бірінші сыныптан бастап, шәкірттерді үш тілде оқытамыз!» деп билік дүрілдетіп ала жөнелді. «Әй, ол не сұмдық!» деп дауыс көтерген бір адамың еңсе тіктеді ме? «Дауысты дұрыс санай білу» арқылы парламентке тағы да бұрынғы «тілін тістегендер» қонжиып отыра қалды. «Бұл қалай?» деп иек көтерген біреуім табылды ма? «Жерді сатамыз! Сатамыз да, байлыққа батамыз!» деп ел билігін мансұқ еткен жоғарыдағыларға, «Халықты билеуге де, илеуге де хақың да, хұқың да жоқ!» деп өре түрегелген төмендегілерің бар ма?

Ендеше, салғырт заманның мәңгүрт адамы бәріміз боп кеттік. Мен де, сен де, қызым...

- Бүгінгідей дағдарыс алқымынан алған заманда қазаққа қайтіп күнелтпек керек?

- Қазақтың қалай күнелтерін мен қайдан білейін. Өйткені, өзім де қалт-құлт етіп, әр тиынды алтынға балап дірілдеумен, дірдектеумен отырмын. Мүмкін ақиқатты аңсап, әділетті іздеп, намысты жанып, ар қамшысын білемдеп ұстауымыз керек шығар...

- «Өзектегі өксік», «Өкініші көп дүние-ай», «Мұңлы ойлар» сынды туындыларыңызға қарап отырып, сіздің қай кезде кеудеңізді қуаныш билейтінін де білгім келіп отыр...

- Адам кей келеңсіз қылықтан, кей жерлестік жікшілдік былықтан, кей өсек, өтірікке батпақтататын шылықтан түңілген кезде, кешегі кеңпейіл қазағын аңсап бүгінгі пендесінен жерінген шақта көкірегін кернеп, кеудесіне сыймаған ойдағы наз-наласын, бойдағы мұңын түбінен төңкере ақтарып тастамай ма.

Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған әрқайсысы «жылдың ең үздік кітабы» аталған тоғыз шығармамды тоғыз рет құлатса, Тәуелсіздік алған 25 жылда үкіметтік баспалардан бір ғана кітабым жарық көрсе, кейінгі кезде жазылған үш пьесамды бірнеше театр «қатырып қоямыз!» деп таласып алып, бір жылдай ұстап, үн-түнсіз қайтарса, жеті жылдан бері әртүрлі үкіметтік, қоғамдық ұйымдардың мені марапаттау туралы ұсыныстарын Мәдениет министрлігі мен Награда комиссиясы, «құйрықтарына басып» отырса, менің неменеге мәре-сәре болардай жағдайым жетісіп тұр еді, қалқам-ау.

Өзектегі өксігін, жалған дүниенің көп өкінішін мұңлы ойларына тиеп әкеліп, оқырмандарының алдына көз жасын

көлдетіп тоса қоятын «жыламсақ Сматаев шіркіннің қуанатын мезеті, уанатын сәті болмайды-ау» дегенді меңзейтінің тым артықтау емес пе, қарағым.

Өмірдің өзі қызығы мен шыжығын, сүйініші мен күйінішін, шуағы мен ызғарын, тәттісі мен ащысын кезектестіріп отыратынын ескерсең - менің де бірде күліп, бірде күңіреніп, бірде марқайып, кейде ортайып тірлік кешкенімді неге мансұқтайсың. Мынау жұдырықтай ғана Жердің қай қаламгерінің қуаныштан асып-тасқанын, асығы алшысынан түсіп, алшаң басқанын ақ қағаздың бетіне алақайлап көшіргенін айғақ ете алармысың. Ұлы Абайдың өлеңдері мен кара сөздері ызалы ойдың өртімен лапылдап, өксіткен мұңның мұнарына оранып жатқан жоқ па.

Ендеше менің қуануым да біраз болған, уануым да аз кездеспеген.

- Жан жарыңыз, балаларыңыз, жалпы отбасыңыз туралы да оқырман қауым біле отырса...

- Жан жарым бір ауылда бірге өскен - Шәмшия - Шахмина ару. Кесел дерттеріме көлденең тұрып, ғұмырымды ұзартып жүрген емдеушім де, жебеушім де.

Жұбайым-ау, сыңарым-ау, сұлуым!
Сап тыятын жүрегімнің ұлуын.
Сипап тиер алақаның жаныма
Құя берсін, бар әлемнің жылуын, -

деуден жалықпаспын.

Екеуіміздің сүйінішіміз бен сүйенішіміз - Алмас, Манас атты ұлдарымыз, жанымыздың гүлі - Жанарымыз. Жан, Марғұлан, Әнел, Әлихан атты немерем бар. Солар менің - көзім, ізім, сөзім. Қуантатын да, уантатын да - балаларым мен немерелерім.

- «Қазақ үні» газетінің оқырмандары үшін алтын уақытыңызды қиып, сұхбаттасқаныңызға рахмет! Жетпіс бесіңіз тағы да құтты болсын! Жаратқан иеміз жүзіңіз жарқын күйде жүзге жетуді нәсін етсін!

Пікір алысқан: Гүлмира САДЫҚ
«Қазақ үні» газеті.
2016 жыл, маусым

«ХАЛЫҚ-МЕНІҢ ТІРЕГІМ, ҚАСИЕТТІМ МЕН ҚҰДІРЕТТІМ»

Жазушының қуаты да, қорғаны да, бары да, нәрі тілі десек, Софы ағаның шешендігі өз алдына ұзақ әңгіме. Жастық жалынмен алаулап тұрған шағында-ақ өлеңмен айтысқанда алдына жан салмағанын өз аузынан естідік. «Қуыс үйден құр шықпа» деп дастарқан басына апарды. Бірде ашық-жарқын мінезімен әзіл-қалжыңға басса, бірде саф алтындай салмақты пәлсапалық ойларын ортаға тастайды. «Байлық, мансап - қолдың кірі, ал халық сүйіспеншілігі - мәңгілік» дейді. Осындай дүниенің бар байлығын жинасаң да сатып алуға болмайтын халық сүйіспеншілігіне бөленіп отырған жазушы Софы Сматаев.

- Софы аға, соңғы кезде көрінбей кеттіңіз ғой. Кітаптарыңыздың да жарыққа шыққанын естімедік. Ұйымдастырылып жататын әртүрлі шаралардан да бой көрсетуіңіз тіпті сиреген тәрізді. Оған не себеп?

- Мен екі рет инсульт, алты мәрте инфаркт алған жанмын. Оның үстіне 2002 жылы ауыр операция жасатып, өмірге қайта оралғандай болған соң дәрігерлердің қатаң бақылауымен режім және диетаны мейлінше сақтаумен келем. Мүмкін осынау өзімді өзім тежеудің салдарынан ба, әлде Жазушылар одағындағы «басшыларым» сырқатымды сылтауратып, өздерінің элиталық тізімінен мені сызып тастағанынан ба, көп алдына көлденеңдеп шыға беруім азайғанын, тіпті тоқтағанын өзім де сезіп жүрмін. Жоғары оқу орындарының ректорлары мен декандары әредік кездесіп қалған сәттерімде: «Оу, Софы аға-ау! Сізді университетімізге (институтымызға) арнайы шақырып, студенттер алдында сөйлетіп алсақ деп көптен жоспарлап жүр едік. Жолыққанымыз жақсы болды-ау. Кешіңізді қатырып өткіземіз. Хабарды өзіміздің күтіңіз!» деп құрақ ұша жөнеледі де... араға айлар, жылдар сап қайта ұшырасып, қайта қауқылдасқанша зым-зия жоғалып кетеді. Өзгелер тәрізді өр мен төрге өңмендей ұмтылып, көзге түспек боп өлермендікке ұрыну менің табиғатыма жат. Радио, теледидардағы хабарға барар да едім, сағаттап созылатын мәжілістерін асқазансыз бөтегем көтере алмайды. Ал үйге арнайы іздеп келіп, әңгіме-сұхбат, әңгіме-диспут, пікірталас сынды көріністерді жазып алудың қажеттігін біздің журналистер ұғына да, қабылдай да алған жоқ-ау.

Көптің көзінен де, көңілінен де тысқары қала беруіме осы сияқты сылтаулар кимелейтін тәрізді.

Соңғы он төрт-он бес жылда «Қайран жастық» атты повестер жинағым, «Жарылғап батыр», «Елім-ай» (үшінші кітабы), «Біз құлмыз ба, кімбіз?» романдарым, «Мейрамсопы-Қарқабат», «Базарың құтты болсын», «Мен - тірімін», «Ағаларым-жағаларым», «Мұңлы ойлар», «Ботасымын боздаған боздаламның» атты кітаптарым жарық көрді. «Көгілдір такси» атты пьесам театрларда табысты жүріп жатыр. Кітаптарыма деген сұраныс көп. Бірақ аз данамен шыққандықтан көпшілік жұртқа жеткен жоқ.

- Сіздің шығармаларыңыздан шешендіктің буы бұрқырап тұрады. Әсіресе, билер кеңесіндегі даудамайдың өрбуі әсерлі тілмен оқырманды баурап алады. Осындай шешендік тілдің мәйегін қайда жүріп, қайдан жинағансыз?

- Қара сөздің майын тамызып, іңкәр өлеңмен уыз ағызатын дүниедегі ең шешен халықтың - от тілді, орақ ауызды қазақтың бел баласы бола тұрып, тарихи шығармаларымда шешендік таныта алмасам, несіне қаламгер атанбақпын. Биді бише, жырауды жырауша, абызды абызша сөйлете алмай, орысша ойлауын тақ-тұқ қазақшалап, қақалып-шашалып тұратын бүгінгі шен-шекпенді шенеуніктердей міңгірлетіп қойсам, замандастарым алдында да, келешек ұрпақ алдында да кешірілмес күнәға ұшырамас па едім. Кезінде көптеген әріптестерім менің өзің мақтаған бояуы қанық тілімді қара жебенің қанды нысанасына тігіп беріп: «Софының кейіпкерлерінің бәрі шетінен шешен. Ол бүгінгі зымыран уақыт заманында елу сөзбен-ақ әңгіме жазып, екі жүз сөзбен-ақ роман туғызудың үнемдірек те, тиімдірек екенін мүлде ескермейді. Өткенді тым өксегіш. Кешегіні аса көксегіш. Әлдебір сүйегі құраған бидің шатты-бұттысы, әлдебір күмбезі қираған батырдың атты-шаптысы кімге қажет. Тіл білем деп көпірте беру-жастарға қиянат жасау. Оларды кітап оқудан бездіру!» деп езулерін кергілейтін. Бірақ халықтың құдіреті **тілінде** екенін, халықтың қасиеті **ділінде** екенін, халықтың сенімі **дінінде** екенін енді-енді ұғынып, енді-енді соған бойсұнып келе жатқанымыз анық.

Ал шындап айтар болсам, менің түп негізім де, өскен ортам да, қабылдаған тәлім-тәрбием де қазақ тілінің уыз мәйегінен еміп өсуіме, қанып өсуіме барынша әсер еткен еді. Негізім, яғни асыл сүйегім атақты Қаз дауысты Қазыбектің

шөбере інісі Кәрсон Аралбай батыр - менің жетінші атам. Жаралған топырағым - қасиетті Сарыарқа өңірі. Өз әкем Қалыбек сөз қадірін ту қылып асқақтатып өткен адам. Кезінде атақты, азулы Шашубай, Маясар ақындармен бірер ауыз өлеңмен қақтығысып, қапталдасып қалғанын тұстастары маған мақтанышпен жеткізетін.

Бір ілгішек келтірейін.

1947 жылы Шашубай біздің Киік бекетіне әлдебір тойға келіп, қымыз ішіп қызара бөртіп алған соң арқасы қыза бастайды ғой. Арқасы қозған ақын әрине айтысқа түсер адам іздеп буырқанған көңілдің жырын түйдек-түйдек төгіп тастамай ма. Содан жиналған жұрт бір қақпайы бар біздің әкейді үкілеп ортаға шығармай ма. Шашекеңе әспеттеп таныстырмай ма.

Төбесіндегі топысын шеке құйқасын жыбырлатып-ақ бірде желкесіне жытырып жіберіп, бірде маңдайына қуып әкеліп, құтырынып отырған Шашекем:

- Уай, сенбісің айтысатын балақаным,
Қоймастан қышып отыр алақаным.
Малым жоқ Кәрсон айдап алатұғын,
Сипап-ақ шырылдатам балапанын! -

деп гармонын аңыратып қоя беріпті.

Сонда біздің әкей;

- Баласы Сматайдың Қалыбекпін,
Қылыш тілмен талайды жарып өттім.
Мықтырақ болатынын ұмытпаңыз,
Малы көптен, Шашеке, әні көптің.
Шашекем айтысам деп келсе бүгін,
Ақтармын осы отырған ел сенімін.
Ақырып арыстандай айға ұмтылған,
Сүрінбес Қаракесек Кәрсонымын! -

деп есе жөнелген ғой.

Сол жолы әкем ырым етіп, Шашекеңе аузыма түкірткен екен. Осындай тілекпен ол Маясар ақыннан да өтінген көрінеді. Бәлки, өлең шығарып, кітап жазуым осы екі ақынның ақ батасының шарпуынан да болар...

Ал әкей мені үйге қонақ келгенде, ойнап жүрген жерімнен шақырып алып, ту сыртына отырғызып, әңгімелерін тыңдататын. Құнарлы топырақтай әсемдікті тез сіміргіш бала көңілдің әсері мүмкін мені халқымның құдіретті тілінің тұнығынан, мөлдірінен, кәусарынан қанып ішуге құнықтырған да шығар.

- Әйгілі «Елім-ай» атты еңбегіңізде байлар мен төре тұқымдарының бұқара халыққа озбырлығы көбірек сипатталады. Бұл шынында қаны тамған кеңестік идеологияның «тапшылдық» әсері ме?

- Өз басым халықты қара мен төре деп те, бай мен кедей деп те, би мен бекті, тексіз һәм текті деп те бөлген емеспін. «Елім-ай» атты трилогиямда қарадан шыққан қанішерлер де, төреден туған қасиеттілер де біршама шынайы суреттелген. Өзің айтқан бұқара халықтың Қатыран, Нақыпбек сияқты өкілдерінің өз төңірегіне, ауыл-аймағына жасаған жауыздығын, төре тұқымының біртуарлары - Жаңғір, Тәуке, Абылайдың ел бірлігін сақтап қалу үшін жанталаса арпалысқанын, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Ошаған сынды билердің елім деп еңіреп өткен тірлігін, Жомарт, Бөгенбай, Аралбай батырлардың жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беріп, елін-жерін азат еткен ерлігін баяндайтын осы үш кітабымды дұрыстап оқыған әр азамат маған «таптық тартыс» шеңберінен аттап өте алмады деп иненің жасуындай кінә таға алмас еді. Мен дер кезде ғана емес, бар кезде де халқымның алдында шындық, ақиқат дейтін өлшемнен алшақтап көрген емеспін.

Ал, халық...

Орталық партия комитетінде сектор меңгерушісі болып істеп жүргенімде Колбинмен қатты ұстасып, екі рет секретариаттың талқылауына түстім. Сонда мені қаралап баяндама жасаған үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі А.Устинов маған да, халқыма да қара күйені қалыңдатып жаққан болатын. Мен: «Устинов жолдас, халықтың үлкен, кішісі болмайды. Азы, көбі ғана болады. Бірақ әр халық - өзінше ұлы, өзінше алып. Халықты қаралаған жан қасиетінен айырылады. Қahарына ұшырайды. Қарғысы атады. Альберт Александрович, сіз менің халқымды «қаны сорғалаған ұлтшыл халық» деп қаралап тұрсыз. Айтпады демеңіз, халқымның қарғысы әлі-ақ табады сізді!» дегем. Арада үш жыл өткенде Жазушылар одағының фойесінде Устинов екеуіміз кездесіп қалдық. Тұла бойында қырымға ет жоқ қу сүйегі қалған екен. Сіңірлі саусақтарымен білегімнен ұстай алып: «Есіңізде ме, Софы Қалыбекович, сіз маған «халық - алып!» деп едіңіз ғой. «Халық қарғысы құтқармайды» дегенсіз. Рас екен. Тапты мені халқыңыздың қарғысы. Міне, мына шекемнің ішінде улы ісік бар. Сол әкетіп барады мені. Көп ойланып, ақыры сізден кешірім

сұрасам, қазақ халқынан кешірім сұрайтындай сезіндім. Сіз кешіресіз бе мені?» деді. Қолын қағып жіберіп, бұрыла беріп едім, әлгі сөзді естіп тұрған қазақ әріптестерім: «Алдыңа келсе, атаңның да құнын кеш!» деуші еді ғой... Қалдырмашы көңілін, егіліп тұр ғой» деп жамырап қоя берді. Мен қайыра бұрылып Устиновтың қолын қысып былай дедім: «Түсінсең, бопты. Халық бірақ қуыршақ емес».

Сол халық - шығармаларымның мәңгілік қаһарманым. Сол халық - менің тірегім, арқа сүйер асқар тауым, бүгілмес белім. Қасиеттім мен құдіреттім. Ендеше саясат үшін, идеологиялық есеп-қулық үшін қазағымның барын өшіріп, жоғын өсіріп жазуды болмыс-тәңір маңдайыма жазбапты.

- Осы күндері жазушылар арасында дау-дамай көбейіп, одақтан сый кетті» деп жүргендер де аз емес. Қара қылды қақ жарар туралығы жоғалып, тапсырыспен қаралау да қылаң беретін тәрізді. Осыған сіз не айтасыз?

- «Жазушы - өз заманының шежірешісі, өз қоғамының сыншысы, өз уақытының айнасы. Заманының ұңғыл-шұңғылына үңіліп, қоғамының ақ-қарасын пайымдап, уақытпен бірге адымдап отыратын суреткер ғана шынайы шығарманы дүниеге әкелер болар».

Мен бұл үзік ойды осыдан жиырма жеті жыл бұрын жазыппын. Бұрынғы күндерімнің күйі мен бүгінгі тірлігімнің жайын ойша салыстыра бастап едім... Ернім еріксіз кемсеңдеп, кеудемді кернеген өксігім ықылық атқызып өңешімнен ытқып сала берді.

Қайран ғана келмеске кеткен, құрдымға сіңген зиялыларымның кешегі асыл бағасы-ай!

Бүгінгі зиялым жар жағалап, мөлтеңдей мөлиіп, биіктегісіне аяғы жетсе, бұрынғы тәкаппар кеудесін қақ бөле сындырып, бүктетіле иіліп қол сүйеді. Аяғы жетпесе, әлгі асыл бағасын алыстан боратқан мақтау, мадақтауымен қара жердің лай батпағына суыта төсеп, құлай кететін жасықтардың жағымпаздық, жарамсақтық дейтін қанжығасына бөктерілген құнсыздығымен ауыстырып ала қояды.

Ал жазушы қара сойылды қақырата көтерген Батыраш бола алмайды. Болмайды да. Өйткені шын жазушының бойындағы талант құдіреті - әлде болмыс, әлде Тәңір сыйлығы. Сондықтан да ол арамдық пен жалғандықтың ықпалына еріп, ақты қаралап, қараны саралап бере қояды дегенге еш уақытта сенбеймін.

- Әуезов театрында Ілияс Есенберлиннің кешігіп өткен 90 жылдығында кейбір ағаларымыз өткен-кеткенді «қоңырсытып» шыққанда, сіздің азаматтық өр тұлғаңыз өзгелерден биік тұрғаны әлі есімде. Тебірене, толқи сөйлеңіз. Соған қарағанда Ілекеңнің жақсылық-шарапатын талай көргенге ұқсайсыз?

- «Жазушы - әрі өткен күндердің, әрі өз уақытының айнасы. Заманының ұңғыл-шұңғылына үңіліп, қоғамының ақ-қарасын пайымдап, уақытпен бірге адымдап отыратын суреткер ғана шынайы шығарманы дүниеге әкелер болар. Сондықтан да әр хас қаламгер ел шетінде, жау бетінде тұрады. Сондықтан да шынайы талант елдің үні боп сөйлейді. Халықтың тілегі боп көптен бұрын көзге түседі. Ұлтының ары мен намысы боп алға шығады. Сондай ұлы тілекті жазушы ғана ұлтының қамын жейді. Мүддесін ойлайды. Арманын алға сүйрейді. Өйткені ұл мүдделерінен ұлт мүдделері құралары ақиқат. Ер білегімен ел тілегі орындалары шындық.» деп қырық жыл бұрын жазыппын. Сондай жазушы - Ілекең Есенберлин тарихи тақырыпқа алғаш қалам сілтегендердің бірі болғандықтан маған аса қадірлі аға. Бірақ мен ол кісінің соншалықты жақсылық шарапатын көрмеген адаммын. Керек десең, Ілекең баспаға директор болып тұрған кезде, менің кітаптарымның жарық көруі аса қиындап кеткен болатын. Ал Ілекеңнің 1982 жылғы менің жарық көріп, сыйлыққа ұсынылған «Елім-ай» атты дилогиямды Мемлекеттік сыйлық комиссиясының мүшелерінің әлі баспадан шыққан жоқ деп көпе-көрнеу жасаған қиянатына төзе алмай, мені жақтап жалаңаш батырдай жауға шапқан ерлігін ұмытпауды ұрпағымның ұрпағына табыстап кетермін.

- Қандай атақтарыңыз бар? Өйткені «Елім-ай», «Бұлақ», «Мәңгілік бастауы», «Жарылғап батыр» атты романдарыңыз жұрттың аузында, халқымыздың көкірегінде ғой.

- Атақ-абыройға онша қызықпаймын. Бірақ кейде өзіңнен төмендердің сыбағаңды ұрлағандай боп әр түрлі атақ пен сан алуан сыйлықты қанжығасына оп-оңай бөктеріп ала қойғандарын көргенде, ол ол ма, Толағайды арқалап әкелгендей көптің алдында көкірегін керіп, сені көзіне ілмейтін әлпет танытқанда, іштей зығырданым қайнайды. Бірақ артынша-ақ «Мен - Софы Сматаевпын! Қадірімді әз халқым біледі!» деп сабама түсем.

Бір жағдайды айта кетейін.

1991 жылы 22 маусымда ертемен мен жұмысқа кеткен бойда үйге Елбасының көмекшісі телефон шалып, мені президенттің іздегенін айтады. Іле-шала вице-премьер М.Жолдасбеков жұмысымдағы вертушкама хабарласып, мені Нұрекең іздеп жатқанын, тез жетуім қажеттігін жеткізді.

Сол күні мен тура елуге толған едім.

Нұрекең мені тебірене құттықтап, өзінің «Без правых и левых» деген кітабын қолтаңба жазып сыйлады. Біраз көтермелеп: «Елім-айдай» халық сүйіп оқитын кітаптың авторы «Халық жазушысы атануы тиіс қой!» деп төбемді көкке жеткізіп те қойды.

Сол сөзі есіне түсті ме екен, қат-қабат қауырт жұмысына қарамастан Елбасының 1996 жылы Жазушылар одағының басшысы Қ.Найманбаевқа: «Сматаевты Халық жазушысы атағына ұсыныңдар» деген тапсырмасы болғанын білем. Бірақ ол жылы да, келесі жылы да мен үшін еш өзгеріс болған жоқ.

1997 жылы жоғары жақтың дүмпуімен енді Н.Оразалин мені осы атаққа ұсынып, құжат түсірген еді. 1998 жылдың 27-ақпанында Президент әкімдігіндегі жігіттер һәм дәл сол күні Сәкен Сейфуллинге арналған ас үстінде Оразалин: «Бүгін Елбасы Қ.Жұмаділов екеуіңізге халық жазушысы атағын беру туралы жарлыққа қол қойыпты!» деп сүйінші сұраған болатын. Сол жарлықты күпті көңілмен 29 тамызға дейін күтейін. Сол күні Білім және ғылым министрі Қ.Көшербаев телефон шалып, мені құттықтамасы бар ма! «Рахмет, Қырымбекжан!» дегенімше: «Сіз енді жазушы ғана емес, республикаға еңбегіңіз сіңген қайраткер де болдыңыз, Софы аға!» деп кеудеме су құя салды.

Мәссаған, жазушылығымды алты Алашқа айқындайтын құрметті атақ алам деп ала өкпе болып жүрсем, саудагерге де, қоймашыға да қосақтай салатын қайраткерлікке мені де тізгіндеп енгізіп жіберіпті. Ызадан жарылып кетердей Қырымбек іниме шүйілігейін: «Құдай сені қолыма түсіріпті. Үкімет мүшесісің. Мен шошқа бағушы емес, жазушымын. Маған басқа атақтың қажеті жоқ. Қайраткерлік тізімінен мені сыздырып таста. Әйтпесе жарлық шыққан бойда бейресми газеттер арқылы-ақ сол атақтан бас тартып, прецедент жасаймын!» деп қиғылық салайын. Мені әртүрлі бастығы бар, басқасы бар үш күн

бойы әуреленіп көндіре алмай, ақыры тізімнен сызып тынған-ды. Біріміздің-біріміз аңдитын ұсақтығымыз бар.

Бірімізді-біріміз алдайтын кемшілігіміз бар. Біріміздің - бірімізді аңдуымыз - «Анау неге менен озып кетті? Мынау неге менен асып байып кетті?» дейтін қаламгерлер арасындағы қызғаныштың күйінішінен туындай-ды.

Төрт айдан кейін Елбасымен Алматыда кездескенімде: «Сәке, ренжіп жүрген жоқпысыз? Тізім жасалғанда бір қателік кетіпті. Аласыз... Халық жазушылығын. Дегенмен әр нәрсенің уақытымен келгені дұрыс қой!» деп көңілімді көншіткен еді.

Амал не, содан үш айдан кейін «Халық жазушысы», «Халық әртісі» дейтін атақтар бұдан былай берілмейді дегенді де естідік. Бірақ... Сол жоғалған атақты бұрын иеленгендердің алтыннан жаралғандай боп масайрайтынын көргенде еріксіз бас шайқайсың.

- Сыйлық ше, аға?

- Ашық, жабық конкурстардың талай мәрте жүлдегері атанғаным көңіліме медеу, дәтке қуат. Әр жылдың «үздік кітаптары» аталған шығармаларым бес рет мемсыйлыққа ұсынылып, бес мәрте жолы кесілген. Кескен күйкі тірлікті күншіл әріптестерім. Ал оқырмандарымнан оңдап, жүздеп келіп жататын хат-хабарлар мен алғыс баталар жаныма шуақ, кеудеме қуат қосады. 1992 жылы Жастар театрында жүріп жатқан «Зар заман» атты спектаклімді арнайы қойғызып, халықаралық «Алаш» сыйлығының комиссия мүшелерін апарып көрсеттім. Спектакльден кейін бас қосқанымызда қазақтың дүлдүл ақыны Ғафу Қайырбеков: «Әу, Софыжан, сен мына пьесаңды неге Мемлекеттік сыйлыққа ұсынбайсың? «Алаш» деген аты жақсы болғанмен, мұның заты пәстеу ғой» дегенде мен: «жоғарғы жақтармен келісіп, алдын ала бөлісіп қойылатын сол сыйлыққа несіне арамтер болып таласайын, аға. Онан да «бірден Пушкин болмай-ақ, Баймұқанша бастамаймын» ба? Өйткені менде өзіңіз айтқандай сыйлық та, атақ та жоқ қой» дегем.

Сол жылы мен «Алаш» сыйлығының тұңғыш, яғни нөмірі бірінші лауреаты атанғам.

Ғафекеңе әлгі «өзіңіз айтқандай» деуімнің мынандай мәнісі бар.

1985 жылы он бірінші бес жылдықтың қорытындысы бойынша басқалар тәрізді жазушылар да марапатталу тізіміне енгізіліп, соған мен де кірген едім. Ол кезде

Орталық комитеттің Мәдениет бөлімінде жауапты қызметте істейтінмін. Сол бір абыр-сабыр күндерде Ғафу ағам маған телефон соғып: «Әу, Софыжан, мынау ағаң алпысқа да иек артып отыр. Ал маған осыған дейін не орден, не медаль бұйырмапты. Естуімше, осы жолы да тізімге ілікпеппін. Оу, осынау қысастық менің Ғафу атыма қиянат емес пе?» деген еді. Енді Ғафекең үшін мен күйінейін. Бөлім меңгерушісі М.Шайжүнісовке, хатшы Қ.Қазыбаевқа кезек-кезек кірейін. Оларды да түсінуге болады. Жазушыларға арналған наградалар түгел бөлініп қойылғандықтан, қосымша орден өліп бара жатсаң да берілмейтіндіктен ештеңе өндіре алмадық. Ақыры мен Қазыбаевқа барып өзіме тиесілі орденді Қайырбековке беруге әрең келістіргем-ді...

- Жас буын қаламгерлердің «Ағаларымыз бізді оқымайды, ақыл-кеңес бермейді» деген уәждерін құлағыңыз шалған да болар. Ал жоғарғы буын кейінгі толқынға «Әлеуметшіл, саясатшыл» деп реніштерін білдіреді. Осыған не дейсіз?

- Үміт аулатып, арман қуалататын жастан асып кеткен үлкеннің алды тарылып, арты ұлғаяды ғой. Бұрынғыдай алдына қуана қарамай, күдікпен сығалайтын егденің өз ішіне көбірек үңілетінін ескере бермейміз. Артындағысының енді оралмасын, дәурен күндердің енді қызыл-жасыл боп жайлауына жолатпасын сезген көңілдің өзін де, өзгені де өгейсірейтінін біле де бермейміз. Сол шалқақ дәуреннің шалқытқан жастығын енді ешқашан таппастай боп жоғалтқан адам сол жас дәуреннің қызуында өртеніп, көрігінде балқып жүрген жалынды жасын қай бір жақтыра қоярмыз. Өзімшіл көңілдің өзгені күндеуі де - қиянаттың бір парасы ғой. Сондықтан бүгінгі кінәмшіл үлкендер, яғни біздер, өзімшіл кеуденің кілтін қанжардай қылшылдаған парықсыз жастықтың қолына ұстата қоюға жоқпыз-ау.

Ал біз... Бүгінгі жастарға қызығуымыздан қызғануымыз көп. Басқа ұяның күшігі, бөтен желі-көгеннің жасы, төлі деп жатырқап жасқаудан жалықпаймыз. Олардың да тылсым сыбдырлы жүрек тілі, бұлбұл әуезді жан-дүниесінің әні бар екенін ескермейміз де, дарылдақ, барылдақ әнсымақтарға құмар деп күстаналай жөнелеміз.

Иә-иә... Кейде ілгерінің кейінгіні менсінбей шаңына көме беретіні болады. Кішінің кеуделеп кеп қалғанын жақтырмай, үлкеннің іштарлық жасайтыны да болады. Одан өзім аулақтануға тырысам.

Ал, «ағалар ақыл-кеңес беріп, сын айтпайды» дейтін жастар өкпесін түсінем, әрине. Ізбасарларынды танып, біліп тұрғанға не жетсін. Бірақ қазіргі кітап шығарудың қиындығы, шыққан кітаптардың мардымсыз тиражы дүкендерге түспейтіндіктен назарға ілінбеуі - көп жағдайды айтқызбай-ақ сездіріп жүр ғой. Әйтпесе, кейінгі буынға реніш білдірер ретім де, әдетім де жоқ. Маралтай, Дидар, кешегі Балқыбек, Құлтөлеу, Асқар Алтай, Қазыбек, Жанарбек т.б. іні-бауырларымның шығармашылығына сүйсінуім көп. Осылардың қатарының көбейгенін тілеймін.

- Алға қойған мақсаттарыңыз қандай? Шығармашылық идеяларыңыз орындалып жатқан шығар.

Мақсат

- Мақсат деймісің... Мақсатсыз қаламгер болмас... Әрине кітаптарымның шет ел тілдеріне бұдан да көбірек аударылуын, оқырмандарымның әр түрлі аудиториясы көбеюін қалаймын. Аудармаларым арқылы маған сүйініш білдіріп жататын шетелдік баспагерлер мен тілектестерімнің ризашылығы - сырқатымның еміндей.

Идея

Идея... Көп қой. «Елім-айдың» төртінші... бесінші кітаптары миымда пісіп, қағаз бетіне түсуге асық. Тірлік болса идеяларымды шетінен үңгіп, тырбанып жатармын. Қайта-қайта бәйгеге атқосам деп зорыққан діңкем бар. діңкелеткен тіршілік иелері бар. Соларға да Аллаһтың рахметі жауса, пәни-бақи адалдық пырағынан түспесе, екі дүниенің де қызығын көріп, лаззатын татса екен демекпін.

Тілек

Ал, ел-жұртыма, қалың қазағыма қажымас қайрат, ырзық-несібе, бейбіт те берекелі тіршілік, Елбасының ырзалығымен баянды бақыт орнауын тілеймін. Баршаңызға жан жүрегімнің ыстық сәлемін жолдадым.

- Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ
«Ана тілі» газеті,
2016 ж., маусым

«ҚАЗАҒЫМ - ҒАЖАБЫМ!» ДЕУДЕН АЙНЫМАСПЫН

Аға, сіз бар кезде де «елім!», «ұлтым!» деген перзенттік ниетпен қолыңызға қалам алып, халқыңыздың қасіретін жүрегіңізден өткізіп барып, үлкен шығармаңызды дүниеге әкелдіңіз. Жазушының жазған дүниесі оның денсаулығына әсер етпей қоймайтыны рас. Сұхбат алайын деп алғаш хабарласқанымда ауруханада жатқан едіңіз. Қазір денсаулығыңыз қалай?

- Анасынан шыр етіп туа салысымен «ұлтым!» дейтін ұл, «елім!» дейтін ерке болмайтынын білесің, қарағым. Ұлтының ынтымағы мен ұйтқысына, елінің егемендігі мен еркіндігіне сызат түсіп, сына қағыла қоймаса, «ұлтым» деп бұлқынып, «елім» деп ентігіп шыға келетін есерсоқтың онша көбеймейтінін және пайымдарсың. Ал, сүттей ұйыған ұлтыңның құтын қашырып, жұртын жүндей түтіп, бүтінін жыртып жіберер анау Украинадағыдай жағдай туса, еліңнің бүгінін талап, тонап, ертеңін туғызбастай қатер төнсе, кеудесінде кек оянып, жанында жалын тұтататын ұлтының намысшыл ұлдары әр замандағы Алаштың айбары мен айбаты болғанын қайтіп ұмыта алармыз. Оларды ұмытсақ - тарихымыздың тамырына балта шауып, ұрпақтар байланысын үзіп тастаймыз ғой.

Кезінде Кеңестік Одақтың басшылары асқақтатқан теріс азу идеологиясы мен кері тақыс саясаты тарихымызды Октябрь революциясының табалдырығынан бастатуға тырысқанда - дәл осы сұрқия зәлімдікті солар ту қылып бетке ұстамап па еді. Өткенімізді сызғызып, өжеттігімізді өзегімізден жұлғызып, ұлттық дербестігімізден мүлдем ажыратып, мәңгүрттікті маңдайымызға кертіп таңбаламақ болғанын қалай ұмытармыз? Қалай ашына айғақтамаспыз.

Ал мынау бүгінгі Путиннің кешегі кеңестік одақты қайта құрмақ боп, қысастыққа құрық созғанынан жаным түршігеді.

Әй, бірақ... ұлттық ұранымызды ұмытатын, елдік дербестігімізді ескермейтін ұрпақты өрбітіп жатқанымызға мән берер билік жоқ қой.

«Тәк, тәк, Софы!» дейінші өзіме-өзім. Көршілерімнің сыңар езу тізгін тартпасына деген ашынуымның ашуымды қоздырып кеткенін байқамай бара жатырмын-ау... Мүмкін «өзіңнің еккеніңе сауылдатып теріңді төккеніңде ғана

өміріңнің жемісі мен жеңісі көбейеді» деп жансебілдікті ұлғайтып алғанымды байқамадым ба? Содан ағзама әдеттегіден артығырақ салмақ салып, денсаулықты әлсіретіп алдым ба, әлде елімнің кешегісін ертеңіне ертерек жеткізсем бе деп өлермендікпен өршелене күйіп-жандым ба, өз-өзімді тынымсыз қамшылай бергенімді енді-енді сезген тәріздімін. Бірақ әлі де тізгін тартуым, кідіруім аз. Қалам - қарагерімді сипай қамшылаудан жалыққан сәтім күні бүгінге дейін бола қойған жоқ. Сол жұлын-жүйкемді жұлып жегізетіндей жазушылық жансебіл тірлік дерт пен кеселдердің құшағына мені лақтырып тастап та жіберген болар. Алты мәрте инфаркт, екі рет инсульт алып, қылтамақтың ажалды шеңгеліне қамалғам. Ал қылтамақ... Есігіңнен ентелей еніп келе жатқан сұсты жүзді ажал ғой. Жарық дүниеңнен әне-міне дегенше-ақ жоғалып кетеріңді түршіге сезінуден қорқыныштыны не бар екен?.. Бірақ мен ғұмырымның оп-оңай үзілмесіне сенгем. Өмірге талпынып, өлімді жеңгем. Сөйтіп тәлтіректесем де, тірі жүргеніме - Тәңір Хаққа тәуба деуімді бес мезгіл намазымдай қайталаудан жаңылмай келемін. «Сынық арба көп көшерге» бас шұлғитын қазақпыз ғой, ауруханаға әр екі жарым айда бір жатып шығып, босаңсыған ағзама «зарядка» жасатып, «қампайып» жүріп жатқан жағдайым бар, бауырым.

Мен де өзгелердей пионер болып «халық жауы» - «бүйілерді» түйреуді үйренгем, Комсомол атанып: «Комсомолдар, алға! Алдыменен - малға!» дегізген алдамшы уағызға малданып, малшылық пен қойшылық атты жалшылық тірлік тек қана қазақтың тағдырына жазылған еншісіндей көрінетініне кәдімгідей сенетін жастың бірі болғанымды несіне жасырайын. Сондай бүйығы тұнығымды шайқап жіберіп, көңіл-көзімнің айқасқан кірпіктерін ашып қалып, қараңғылау күңгірті қалың кеудеме жарқыратып сәуле түсірген ұлы ұстаз, асыл азамат, Алаш арысы - Мұхтар аға Әуезов еді ғой!

Аға, сіз сол атақты жазушы, халқының қасиетті қамқоршысы, ұлы Мұхтар Әуезовтың дәрісін арнайы барып тыңдапсыз. Ұлы жазушының сізге ыңыласы ерекше болған екен... Аңтарыңызшы сыр сандығыңызды бір.

- Иә, үшінші курс студенттеріне сабақ беретін Мұхаңның дәрісін 1960 жылы бірінші курста жүріп-ақ әдейілеп барып тыңдайтынмын. Содан ұлы ұстаздың байқағыш, пайымдағыш жанарына шалындым білем, кітапханадан

шықпайтын мені сыртымнан бағып жүреді екен. Бірде Мұхаң иығымнан қағып қана: «Сарыбала, жазушыны ешбір оқу орны дайындап шығара алмайды. Дарын - әлде болмыстың, әлде табиғаттың, бар болса Құдірет Хақтың еншілеп берген ғажайып сыйлығы. Сенен соның ұшқынын сезгендеймін. Жазушыға ең керегі - білім. Онда да ақыл-ойыңды анализ жасатқызып ұштар физика, математика ғылымдары. Сенің техникалық оқу орнына түскеніңді қалар едім» деп ҚазМУ-дегі оқуымды тастап, Мәскеуге кетуіме себепкер болған еді.

1961 жылдың мамыр айының аяқ кезінде Мәскеудегі «Москва» қонақ үйіне деканыма телефон шалып, Мұхаң мені шақырып алған-ды. Сол күні көп нәрсеге мән беріп, ден қоймайтын, комсомолдық лозунгінің қызыл-қырғын толқынында қызулана лепіріп жүрген менің көңіл көзімді тырнап ашып, кеудемнің лас тұман түтінін айдап шыққан-ды. Империяның отарлау дейтін сұмдық қыры мен сырын көз алдыма жайып салып еді-ау сонда асыл ағам. Империя: «Беремін» деп емес, «Аламын» деп келеді екен. Қойны-қонышыңды тіміскілей, тінте енеді екен. Бар байлығыңды - кеніңді, мұнайыңды, азық-түлігіңді өзіне состав-состав етіп тасиды екен. Жаралы жаныңды шеңгелін батыра осқылап қасиды екен. Қабағыңды сәл шытсаң, иығыңа міниып алып, қос өкпеңді тепкілегеніне әнтек қана қиқаңдап қарсылық танытқандай болсаң, қазағыңның азабы батпандап өседі екен. Ұлтыңның ұлдарын ұрып жығып, жұртыңның жақсылары мен жайсаңдарын «халық жауы» деп қаралап жер жастандырады екен. «Таусылмайтын байлық, тақырланбайтын кен болмайды. Тартылмайтын көл, тарықпайтын ел де болмайды. Ұлттың қамын кеше біз жесек, енді сендер ойлауға тиіссіңдер. Кенінен, жерінен айрылған келер ұрпақтың сыбағасын осылай жау шапқандай тоната берсек, олардың келешексіз қаларына неге мән бермейміз. Империя - сиырдың бүйрегіндей бастары бірікпес ұлттар мен мемлекеттердің ұйысуы. Сондықтан әр кезде де бүткіл империя атаулы бөлініп, бөлшектеніп отырған. Мынау зымыран заманда біздікі де, сарыбала, жүз жылға да жетпей әлі-ақ ыдырайды. Кенің мен жеріңді де, тіліңмен діліңді де сақтап қалатын сендерсіңдер» деген еді Мұхаң. Сонда өлі ұйқыдан шошып оянғандай болып қатты толқығам. «Ұлтым!» дейтін құлқымның тұлабойымды дірілдетіп тірілгенін пайымдағам. «Елім!» деп еміренткен перзенттік тілек жүрегімді жұлқындыра жоғалмастай болып

жаныма енген сол күні. Содан бері «Ұлтым» деген сөзді ұраныма айналдырып, «Елім!» деп елжірей еңсемді тіктеп, «Халқым!» дегенді айнымас антымдай жадымда сақтап келем. Ұлы Мұхаңның аманат етіп тапсырып кеткен өсиетін орындамақ болып мәскеулік жастар «Жас тұлпар» ұйымын құрғанбыз. Лапылдап тұтанған жас жүректің жалынынан от алып, отызға жетпей жатып мен «Елім-айдың» бірінші кітабын жазып бітіргем.

Сондағым: қазағымның тарихы қазан төңкерісінен емес, өте әріден басталарын, ұлтымыздың кешіп өткен жолы - азаттық аңсаған, бостандықты іздеген ерлік жолы екенін көрсетпек болған құлшынуым шығар. Сондағым: таспаланып жылап ағар жылғадай құрдымға сіңер ғұмыр иесі болмай, сусағанның шөлін басып, дариядай тасар өмір егесі болуды армандағаным шығар. Өйткені, өмірді болмыс құдіреттен қарызға алдым деп түсінсең, сол тірлігіңді адамзатқа еңбек еткіш әділетіңмен сый етіп қайтарасың дегенге сеніп өскемді.

- ***Қазағыңызды ойлап жүрегіңіз жиі ауырады. Еліңіздің өртенбес ертеңі үшін дерт еме алаңдайсыз. Ал сол өзіңіз өте жақсы көретін қазақтан көңіліңіз қалатын сәттер жиі бола ма?***

- «Қазағым - ғажабым!» деуден бір елі ажыраған сәтім жоқ. Өйткені, мен ұлтымның ұлы ғана емес, құлы болуға дайындалған азаматпын. Өз ұлтын сүймеген жан өзгелерді ұнатып та жарытпайды. «Ұлтым, халқым!» деу - өзімшілдік емес. Ол түсінік - өз жұртыңның өзегімен өзектес екеніңді, ұлт жанымен қаныңның араласа қайнап кетуін перзенттік сүйіспеншілікпен сезіну ғана.

Көтере алсаң қара сөздің азабын,
Жазушылық - ең ауыры жазаның.
Кейде мақтап, кейде даттап құбылар
Бірде олай, бірде былай қазағың.

Тағдыр - тұзақ салса да сан қармағын,
Сол қазағың болсын әман ардағың.
Мерт ұңғысы қадалса да кеудеңе,
Әділетін жоғалтпасын ардағы үн.

Бұл - ұлы ұстаз Мұхаңның маған айтқан ақыл-кеңесінің өлеңмен қорытылған сығындысы. Күншілдік, қызғаншақтық, бақастық - қазақтың **қасіреті** десек, осы қазақтың бауырмалдық, қонақжайлық, мейірбан, кеңпейілдігі

анық айқын қасиеті. Рас, бірде олай шалқитын, бірде бұлай құбылатын біздің қазақтың мақтауға да шеберлігін, даттауға да жеткізбейтінін қайтіп қана жасырайын. Замандастарымның осы екі түрлі мінезін металлург болып жүріп «Елім-айдың» бірінші кітабын жазып бітірген кезде анық байқағам. Тұстастарым қызғаныштан шәуілдеп үргенде, ағаларым бақастықпен еп-ерсілеу күлгенде, биіктегі биліктілерім романды сегіз жыл қамап ұстап, алқымымнан бүргенде, кісікиік болып, зиялы дейтіндерден аулақтана бөлектеніп кеткенмін. Бірақ жазуымды тоқтатпағам. Қатыгездіктің тас қамалын қаламыммен ұрғылағам.

Өйткені мені қанаттандырған - «Елім-айымды» «Жұлдыз» журналынан оқып, алғыс-ризашылығын хат жазып жолдап, арнайы іздеп келіп қолымды қысатын оқырмандарымның ыстық ықыласы еді-ау...

Әрине, заманына қарай адамы қалыптасатынын кейде ойламай кетеміз. Бүгінгі мынау ақиқатынан гөрі жалғаны көптеу уақыт адам мінезін аздыра өзгертіп, пиғылының қиғылығын арттырып жібергенін елеуден алшақпыз. Кешегі кең пейілден адасып қалып, «өзім өлмесем, өзгенің өміре қапқанында жұмысым қанша» дейтін тар ұғымның аясына қыстырылып кіріп барамыз. Содан да шығар, түн түнегін түріп жібермесе де, ақиқаттың жылтырап көрінер жарығына талпынатындар күн сайын азаюда. Бүгінгілердің көбісі жанындағы «Жарылқаушысын» жағалап жүріп те жұғын жалаған тірлігінен айрылғысы келмейді. Сүрініп-қабынып, құлап-тұруға әдеттенгендері сондай, анда-санда қолына тиер сіңірі мен сүйек-саяғын аузына тастап қана алданса, оларға ақиқатыңның түтіндеткен әлсіз жарығы қажет те емес. Анау тас құдайдай болып өңкиіп қана отырғандардың берекесіз билігіне әрекетсіз тірліктерін қосақтап, сүмеңдеп ере беруден жалықпайды. Сондықтан да өлмес күннің көнбіс тірлігінің сірі қамытын сүйрете беруге әбден дағдыланған қандастарымызды мұқатқанда не табармыз. Күрсінерміз де, күмілжіп тынармыз.

Дегенмен де ардақ тұтқан Алашымнан көңілім қалған кездерім біраз. Үнемі қасірет бүркенгіш желтоқсан айында сонау Жаңаөзендегі жазықсыз қаракөздерімді жауыздықпен ауызданған жендеттерім атқанда, қазақты қазақ қырып салғанда, анау «әділет!» деп бой көтерген Заманбек пен Алтынбекті бәтуасыз билік жер жастандырғанда, зұлымдыққа қарсы өре тұрып, қысас қастандыққа қарсы

ұмтыла атылып, жауап сұрамаған марғау, мылқау, ынжық халқыма деген өкпемнің өксігенін мінберлерден айқайлап айтып, газет беттерінде шырылдап жазсам да, қыбырлап «тірілгенін», тырс етіп те тіл қатқанын көрмей, сезбей барам. Өкінішім сол ғана.

- ***Жоғарыда отырғандарға да өкпеңіз көп сияқты. Жалпы биліктегілердің қараша халыққа менсінбей мұрнын шүйіре қарауын, халықпен санаспауын қалай тоқтатуға болады?***

- Төбедегілердің тексіздігі асқынған сайын, төмендегілердің кексіздігі ұлғайған сайын оларды бөліп тұрған ара-жіктің түптің түбінде бірін-бірі жұтып жіберер түпсіз шыңырауға айналарына мән бермейтініміз жаман. Әйтпесе, «астықтың мол шыққаны - елге зиян!» деушіні, «әйелдердің зейнет жасын өсіру - байлығымызды еселейді» деп өзеуреушіні, «ауа жұтқаның үшін салық төле» деуге ойланбастан баратынды министрдің креслоларына қонжитып, «салықты өсірсек, пайдаға кенелеміз!» дейтін өкпесінің өрекпуі басылмаған өспірімге билік партиясын басқартып қойып, құлазыған даланы, зар жылаған ананы, биліксіз билік айтпақ болған шаланы байқамаймыз. Байқасақ, теңгесі құлдырап құнсызданған, жұмыссыздық шарықтап шегіне жеткен топалаңда отырып, айды аспанға шығарғандай, той тойлай бермес едік-ау. Оны аз десең, жемқорлықтың туын желбіретіп, төбесіне көтеріп алып, мемлекеттің қазынасын судай шашып, қойны-қонышын толтыра мықшиып, шетелге қашып кетіп, артында қалған қазақ жұртының елін де, Елбасын да келеке еткендей масайрап отыратын қылмыскер әкімдер мен жымысқы министрлерді тамыр-таныстықпен тағайындауды, пара алып даралап қонжитуды біржолата тыю керек. Ел ішінде «Елім» дейтін елгезек, білімді, жұғымды һәм білікті, ерікті азамат көп-ақ. Соларды «бөтен» деп бетінен қақпай, «жатым» деп жақтырмауды тоқтатып, биік-биік орындарға батыл-батыл отырғызу қажет-ақ. Сонда ғана мынау төбеңнен төменге мұрын шүйіре қарайтындардың тоз-тоз болып жербауырлап, құрт-құмырсқа теріп кеткенін көрер едік.

- ***Бір сұхбатыңызда «басылымдар мені алалайды, кейбірі тіпті атымды сызып тастауға дейін барды» дедіңіз. Жазған дүниеңізді басудан ат-тонын ала қашқан редакторлар кімдер?***

- Күңірене беру - бүгінде менің маңдайыма жазылған тағдыр. Шырылдауым шыңғыруға ұласты. Айқай-аттаным есітер құлақ, енгізер кеуде болса, адамның да, Алланың да көкіректерін тіліп өтіп, көк аспанды қақыратардай аңырауға жалғасар еді. Амал нешік, шыңғыруым шыңырауға батып, аңырауым апанда көміліп барады. Өңешімдегі өксігімді өзектен шығармай батырған да, көмейімді бітеп көмген де - билік. Министрлігінің бе, әкімшілігінің бе - мені БАҚ-қа жолатпауы жөніндегі жасырын жарлығы бар. Сол қаулысымағына аз уақыт қана министр кепешін киген Дархан Мыңбай дегеннің қол қойыпты-мысын да естігем. Осы қаулының бар екенін екі-үш бас редактордың өз ауыздарынан естіп, қайран қалумен жүрмін. «Апыр-ай, елдің мүшкіл күйін, халықтың мұңын шерткенді халық жауындай көріп, қара ниет, қарғыс тілек тілеуден өтер қиянат болар ма?» деген сауал-назымды кімге бағыштарымды білмей дал болғанымды жамағат-жұртым да білсін деп бүгін ашылып отырмын. Менің әлдебір шығармам, немесе шындық іздеген сөзім түгіл газет-журналдағы небір тізімнен өзімнің де (аты-жөнімнің де) сызылып қалатынының куәсі болып жүргенімді біреу білсе, біреу білмес. Мемлекеттік емес, халықтық дейтін басылымдар да Сматаевты онша жақындата бермейді. Соған қарағанда соларға да дүмділердің дүмпуі жетіп жата ма, әлде басшыларының пенделік өзгеше сылтау-себебі бар ма

- мен үшін өте құпия жағдай. Бірақ ешкімге де ешуақытта жалбақтап, жалтақтап жалынған емеспін... Соны күтулері де мүмкін-ау... Күте берсін... Күткізе берермін...

Ал біз қайтсек, қайткен жағдайда ұлттық иммунитетімізді көтере аламыз?

- Мәдениетті, өркениетті жақсы ел болудың ең төте жолы

- әділеттілікке, туралыққа, тазалыққа бет бұру ғана. Өзімізді (өзіміз деп Алаш жұртын айтам) өзгелердің аяғының астына төсеніш қылып төсеп келе жатқан жалпақшешейліктен арылу ғана - ұлттың көсегесін көгертеді. Өшіп бара жатқан иммунитетін өсіреді. Әйтпесе, өз елінің негізін құрайтын қазақ халқының сыбағасын өз аузынан сыпырып алып, өзге диаспора өкілдерінің көмейіне тыға беру - жоғарыдағы биліктегілерді көп болып өре тұрып тәубасына келтірмесек, ешқашанда тыйылмайды. Өйткені, «кеңқолтық, қонақжай, толерантты қазақ» деп алдап-сулап арқаға қағып қана монтиған марғау, момын жұртын бұқтыра, ықтыра бергіш төр төбеңнен тепкілеуінен жаңылмайды. Ұйғыр, шешен, түрік

өлтірген боздақтарымызды жоқтауымызды төрдегілердің кінәлауы - сұмдық емес пе. Жетім баладай мөлтеңдеп босағадан сығалаған ана тіліміздің қадірлеп, қасиетті орнына шығарсақ, салт-дәстүрімізді аялап, ардақтай алсақ, киелі қазақы рухты әр қазақтың кеудесіне нықтап қондыра алсақ - ұтарымыз молаяды. Бүгінгі атыс-шабысты, талтайған-жантайған зинақорлықты, әлекей-шүлекей өнерсымақ тірлікті емес, кешегі ұлтжанды, адал пейілді, ақыл-парасатты ата-бабаның өміршең өнегесі мен тәлімді тәрбиесін жас өркенге сіңдіре алсақ - ұлттық келбетіміз көркейе де, кемелдене де түсер еді-ау?.. «Әттең-ай, әттең» деп қашанға күңірене береміз?

- ***Сіз шенді-шекпенділерге де, Елбасыға да қарата елдікті қорғап бірнеше мәрте сын-пікір айттыңыз. Бірақ одан нәтиже шықпағаны белгілі. Оның себебі неде деп ойлайсыз?***

- Шенді-шекпенділерге сын айттың не, айтпадың не - бәрібір түк өндіре алмайсың. Кеше ғана солардың қалауымен өткен сайлау - соның айғағы емес пе. Олар менің жазған-сызғанымды оқымайды. Әлдекімдердің сыбырлауымен «жауыз» Сматаевты шөміштен қағады. Балаларын қызметінен қуып, жұмыссыз қаңғытады. Сонда да мен тілімнен тыйылмаймын. Айтарымды айтып қалудан айныған жоқпын әлі. Ал Елбасыға бүгінде сын емес, құлаққағыс қана жасаймын. Өйткені сынымнан нәтиже шығара алмасам, сұңқылдай бергеннен не табармын? Қазір бұрынғы тоқсаныншы жылдар емес. Ол кезде президент кәдімгідей демократ болатын. Сынды да, пікірді де қабылдай алатын. Ал қазір ол төңірегіндегі мақтау мен мадақтаудан, шарықтату мен асқақтатудан алдына жан салмайтындардың дуылдата, шуылдата көпірткен көбік сөздерінің тасасынан көп нәрсені көруден қалған. Айтқаным - жетпесе, пікір-кеңесім - өтпесе, түйсігін түрткілегенімнен еш нәтиже шықпаса, несіне алаөкпе бола берем. Осыдан-ақ енді себебін өзің топшылай бер.

- ***Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Колбин сізді «қаны тамшылаған ұлтшыл» деп атаған. Сол кезде-ақ «Үлкен үйдегілерден бір өзіңіз ғана оған қарсы шығып, наразылық білдіріпсіз. Сізді жақтаушылар мен қолдаушылардың сонда болмағаны қалай? «Біз батырлардың ұрпағы едік қой...» деп мақтанатынымыз бар емес пе?***

- Колбин маған ғана емес, «қаны тамшылаған ұлтшыл» деп бүкіл қазағыма қарғыс таңбасын басып, қара ағашқа керіп тастамақшы болған. Сол кездегі Орталық Комитетте істейтіндердің арасынан өкіреңдеп озбырлық жасаған мұжық біріншіге қарсы жалғыз қара боп бас көтеріп, наразылық танытқанымды - ұлтымның қысастықты кешірмейтін ұлы да, құлыны да бар екенін білдіргендей азаматтыққа балаймын. Желтоқсандық жастарды қорғап, талантты қаламгерлерді жақтап бой көрсетуім - өзгелерге үлгі болса да, өзімнің өңешімнен түйген соққыларды күшейткен-ді. Қиналсам да, қайтпағам. Қарысып қарсы айқасқам. Прецедент жасап, лауазымды қызметін өз еркіммен тастап кеткем. Ал басқалардың үндемей қалуы - әлде үрейдің үркітуі болар. Әлде мансап тізгінінен айрылғысы келмеген бақай есептің берекесіз әрекеті шығар. Солардың көбісінің бүгінде биліктің төрінде төбедей болып отырғандарына ішім, әрине, жылымайды. Өйткені олар өзгенің өксігін өздерінің өтірік күлкісімен баяғысындай көміп тастаудан ажыраған да, ажырайтын да емес. Ал өжет халқымыздың Жұбан, Сафуан, Қайрат сынды қайсар өкілдерінің ерлікке бергісіз табандылығына әрқашанда бас июмен келемін.

- ***Қазір біз рухани құлдырау кезеңін бастан кешіп жатырмыз десек, мемлекеттің мәдениетке, руханиятқа жасап жатқан қамқорлығы қай деңгейде? Сол қамқорлық бар ма өзі?***

- Рухани дүниенің бәсі мен десінің құлдырап кетуіне «идеологияның әзірше түкке де қажеті жоқ» деп жүрген жоғарыдағылардың өктемдігін үнсіз қабылдап, тілсіз жануардан да бетер бас изеп, монтанысып ілесіп келе жатқан бәріміз кінәліміз. Бәріміз! Ертеңнен кешке дейін экранды жаулап алған үйкелесу- шүйкелесуі, жабысу-қабысуы, қырғын-сүргіні, атысу-шабысуы көп кинодан басымыз қата ма? Қатады! Сөзсіз, сазсыз зуылдақ, дуылдақ бей-берекет әнсымақтарды дауыссыз, талғамсыз әншісымақтардың дарылдау, барылдауынан тыңдасақ есімізден танамыз ба? Танамыз! Анау Ресейдің жабайылық тонын жамылып жетіп, беймәдениеттің ұрығын ұрпағымызға аяусыз сеуіп жатқан әртүрлі басылымдары мен кітаптарының, телеағыстарының тасқынында тұншығып жатсақ, шырағым-ау, руханият деген киелі сөздің өзін ұмытып кететін шалаесті жанның кейпіне түспегенде қайтеміз? Осынау ырды-дырдумен алдандырып, ештеңені ойлатпас, зорлық-зомбылығына қарсылық

танытуға жібермес шала есті жандарды әдейі қаптатын жатқан үкіметіміздің айлакерлігін түсінбейтініміз қалай?

Мәдениетке, әдебиетке деген қамқорлық - мемлекет тұтқасын үстағандардың назарынан бүгінде мүлде тыс қалған ұғым. Ең қасиетті, ең киелі анаң тілі өгейлік көрген кезде, өзге рухани құндылықтардың танусыз, бағусыз қалып, күл-қоқысқа ысырылып тасталатыны - ежелден үзілмей келе жатқан варварлықтың тұрпайы көрінісі. Қаламақы жүйесін жойған, кітап саудасымен айналысуды қымтап жауып қойған елдің ертеңгі келешексіз кескіні қайтіп үркітпесін? Қалай шошытпасын? Демеуші іздеп, әркімге бір жалынып, қол жайып, қайыршылық күйге ұшыраған қаламгерлерді, зейнетақысын жинап-теріп, аш қалса да өз қаржысына шығарған аз даналы кітаптарын оқырмандарына жеткізе алмай, аядай үйінің ішін тарылтып, үйіп тастап отыратын авторларды төрдегі төресымақтар көруден де, елеп-ескеруден де мүлде қалып қойған. Руханияттың көзі мен бастауы, тұнығы мен кәусары - шығарма екенін біле тұрып, білмегенситін есті-құлақты болар басшыларым тойған қозыдай томпиып мүлгіп жатыр. Олар мүлгіген соң өнердің иісі мұрнына да бармайтын биік креслоларды жамбастаған шала қазақ жас шенеуніктердің ұлтгық құндылықтарды ұлықтату үшін бетін бері қарату тіпті мүмкін емес. Сондықтан оларға өкпелеудің өзі орынсыз. Өкпені де өзегі өзіңдей өзектесіңе айтасың ғой. Сол себепті өкпем жоқ.

- ***Туған күніңіз туған жеріңізде бірде-бір рет аталып өтпепті. Төрі тұрмақ есігінен енгізбепті. Бұған сіз ренжімейсіз бе?***

- Облысым Жезқазған болып тұрғанда сүт бетіндегі қаймақтай қалқып, тұған жерімнің төрінде шалқып, алақанында балқып тұрушы едім. Жезқазғанды қалай Қарағандыға қайта қосты, солай мен орыс тілді, өзге ділді жаңа облысымның өгей баласынан да жаман кіріптар күйге түстім. Қазақстанның басқа барлық облысы барынша құрметтеп, Алаштың халық жазушысы деп құшағын жайып ардақ тұтса, неге екенін білмеймін, өзімнің Қарағандыма қадірім өтпей-ақ қойды. Әр кезде әкім болған **Есімбаев пен Мұхамеджановқа, Әбдішев пен Құсайыновқа** телефон соғып, хабарласа бастасам-ақ әлденеге сасқалақтап, трубканы орнына тез тастауға асығатын. **Серік Ахметов** қана телефон шалып хабарласып, әйтеуір адамгершілік танытқандай болатын. Ал **Н. Нығматулин** көптомдығымды

шығарғанымды қол ұшын созған-ды. Ал бүгінгі **Нұрмұхамбет Әбдібеков** телефонмен де ұстатпайды. Оған менің бар-жоғым қажет те емес. Тізгін ұстаған облысымның «мықтыларынан» әр мерейтойымда сый-сияпатын, шапан-шақпытын көрмесем де, әдірістік папкаларын алуыма болар еді ғой. Сол папкасын да маған көпсіне ме, әкім өкілдері мерейтойларымда құр қол келіп, құрғақ уәдемен қарқ қылып кетіп жүр. Облыс орталығы тұрмақ, ауылыма да, ауданыма да төбемді көрсеткізбейді. Мен тап бір оба қапқан адамдаймын. Жазған-сызғандарымды Сембаев дейтін редакторы бар газеті де есігінен сығалатпайды.

- ***Қарағандыда бірде бір пьесаңыз қойылмапты...***

- Иә, Мәскеу, Алматы, Қазан, Нөкіс, Бішкек, Шымкент, Семей, Өскемен, Талдықорған, Атырау, Петропавл т.б қалаларда қойылатын пьесаларымның бірде-біреуі облысымның театрларында сахналанған жоқ. Осыдан кейін өлкемнің өктемшіл басшыларының «Елім-айлап» елжіреген мені өкпемнен неге тебе беретінін түсінбей, жетім баладай жалтақтаумен жүрмін. Бәрібір қарағандылық жерлестерім - анау Н.Әбдібековтей өзгелерді байқамас шенеунік емес, қандасым, сырласым, мұңдасым - қалың қазағым ғой. Олармен әрқашанда жырым, арым, жаным бірге.

- ***Сіздің «Елім-айыңыз» үлкен жүк арқалаған шығарма. Ол романда ұлттың қасіреті, зар-мұңы, жүріп өткен азапты жолы, бәрі-бәрі жазылған. Бірақ бұл еңбегіңіз үлкен қиындықпен жарыққа шығыпты. Ал енді осы бір ғана еңбегіңіз үшін қазақ сізді төбесіне көтеруге дайын. Алайда, бес рет ұсынылсаңыз да, сізге бес ретте де Мемлекеттік сыйлық берілмепті... Неге?***

- «Елім-ай» эпопеям - менің ғұмырлық негізгі кітабым. Халқымның «Елім-ай» романы десе, мені танитынын, менің есімім аталғанда «Елім-айды» айта жөнелетініне ризамын. Осыдан артық жазушыға қандай құрмет, қандай сый қажет? Мен «Елім-айдың» үш кітабын бітіріп, төртіншісін орталап қалсам, еліме, ұлтыма құлындай болып қызмет істей берсем, «ұлым!» деп маңдайымнан сипап, арқамнан қағатын қалың қазағымның алғыс, батасымен арқаланып жүргенімді өзіңе ғана айтып отырмын, міне. Мемлекеттік сыйлықтарды бұрындары «Жылдың үздік кітабы» атанған шығармалар дау-дамайсыз, талас-тартыссыз маңдайы жарқырап иелене қоятын. Менің бес мәрте «жылдың үздігі» аталған кітаптарымның бес рет

тауы шағылғанын, кейіннен сыйлыққа ұсынылған төрт кітабымды әріптестерім тізімге де кіргізбей э дегендеақ сызып тастағанын көпшіліктің біле бермейтінін элгі «достардың» күншілдік, бақастыққа шалынған дертінен көруіме де болады. Осы пікіріме конкурстық комиссияға талай рет басшылық еткен Әбдіжәміл Нұрпейісов ағамның маған үнемі қарсылық көрсетіп келгенін, бергізбегенін өз аузымен айтып, кешірім сұрағандай болғаны куэ. Одан да бұрын көптің мұңын мұңдаймын деп төбедегі топтың сөзін айтпауым, жалпының жаралы жанының өксігін жеткіземін деп жекенің желкілдеп, желпілдеп кетер тұстарын қаламыма іліп кеткенім кесірін тигізген де болар. Кім білсін, төрдегіні мақтау, мадақтаумен ерге шығарып, жер-көкке сыйғызбайтындардың легіне ілессем, мен де сол сыйлықты қанжығама байлар ма едім... Десем де, қаламымның тура жолынан таймай, қандастарымның тілегімен жүрегімді табыстырып жүргенім - барлық сыйлықтан абзал.

- ***Сіздің қазаққа, қазақ әдебиетіне қосқан үлесіңізді жақсы білеміз. Он роман, он бес повесть, он сегіз пьеса, қырық бес дастан, төрт киносценарий, бес операның либреттосын, жүзден астам мақала жаздыңыз. Оннан астам елдің жазушыларының шығармаларын аудардыңыз. Жиырма шақты елдің тілінде сөйледіңіз. Ал осының қарымтасына қазақ сізге не берді?***

- «Мен алсам» деуден гөрі «берсем» деген сөзге көбірек ұйыған сөзгермін. Романды да, пьесаны да, дастанды да жұртыма бере берсем, соған денсаулығым көтеріп, қолымнан қаламымды түсіре қоймаса - одан асар бақытты қаламаймын. Халқымның оң қабағын алғам. Ыстық ықыласына бөленгем. Мені оқыған, оқитын әр қазағымның елжірей қараған көзқарасынан емірене жанасар ернінің жылы лебін сезгендей боламын. Хат жазып, телефон шалып адал көңілдерінің ырзалығын білдіріп жататын оқырмандарым өте көп. Солардың ыстық ықыласы елбасының марапатынан әлдеқайда артық. Осылар менің халқымнан алғаным.

- ***Осы күнге дейін шен-шекпенділердің, шенеуніктердің біреуі болсын келіп, «Аға, жазғаныңыз маған ой салды» деп айтқаны болды ма?***

- Болғанда қандай! Димаш аға Қонаев зейнетке шыққанда, Горбачев немең қиянатпен шығарғанда, өзгелердей жасырынып, жалтақтамай пәтеріне ашық барып

тұратынмын. Бірде ұлы адам «Елім-айымның» екі кітабын сұратып алған-ды. Бір айдан соң Димекең маған: «Орталық Комитетте бірге қызметтес болып жүргеніңде романды өзіне бермегеніме, өзгелердің өзіме жасаған қиянатын айтпағаныма» қатты өкініш білдірген еді. Сондай-ақ, Еркін Әуелбеков ағамның шығармашылығыма деген ілтипаты ерекше болатын. Ағалық көңілінің мейірімімен жанасатын алақанының ыстық табы әлі күнге дейін арқамды қыздырып жүр десем, артық бола қоймас. Қос дүркін әріптесім - Нұрсұлтан Назарбаевтың кезінде маған назары тура түсетін. Елуге толған күнімде президентіміз алдымен көмекшісі арқылы, іле-шала вице-премьер Мырзатай Жолдасбековке телефон соққызып, шақыртып алып, көңілдене құттықтаған. «Халық сүйіп оқитын «Елім-айды» жазған қаламгер халық жазушысы болуы керек қой!» дегенді сол күні айтып, содан кейін Жазушылар Одағына мені осы атаққа екі рет ұсындыртқан еді. Сол құрметті атақты маған неге бере алмаған себебін мүмкін елбасының өзі айта жатар. Осыдан төрт жыл бұрын Нұрекең мені Алматыда қабылдағанда, «Жас Алашта» жарияланған серт, дерт, өксік дастандарымды оқығанын айтып, бірақ соларға «иә», «жоқ» деп пікір білдірместен, прозамды ары қарай өрбіте бергенімді, «Елім-айдың» төртінші кітабын тезірек бітіруімді қалаған. «Сіздің Сәке, он жеті томыңызды бас жағыма қойып қойғам. Кез келген томын ашып оқып, демалып, сергіп қалам. Сіз «Халық қаһарманына» да, «Еңбек еріне» де лайықты романистсіз. Баяғыда-ақ Ұлттық академияның мүшесі болуыңыз керек еді, Әлі де кеш емес. Аласыз!» деп, «өйтсең - бүйтеміз» дегенді емексіткені бар елбасының. Жетпіске жеткенде ғұмыр бойы тіке тартып келе жатқан әділет бағытындай жолымнан неге ауытқиын. Сонымды ілгек ете ме, ілгергімді кейіндете беруді төрдегілердің әдетке айналдырғандарына өкпемді өшірмеймін. Бүгінгілердің ішінен Қасымжомарт пен әсіресе Иманғалидың жазған-сызғандарымды ырзалықпен оқитынын маған деген таза інілік ізет-құрметтерінен анық байқаймын.

«Мұңлы ойлар» кітабыма риза көңілдерінің адал пікірлерін білдірген Қ.Тоқаевқа, Г.Әбдіқалықоваға, М.Құл-Мұхаммедке, облыс әкімдері - Б.Ізмұхамбетовке, Н.Ноғаевқа, Қ.Көшербаевқа, Б.Сапарбавқа хаттарын оқып, қатты тебіренгенімді сіздермен бөлісіп отырмын. Биікте

отырған осы іні-қарындасымның әманда өмір биігінен де, көңіл биігінен де көріне берулеріне барынша тілектеспін.

- ***«Өз қасиеттісін елемеген ел қасірет құшады. Өз тектісін табалаған өзгелердің табанын жалайды. Бірақ қадірліңді қастерлеп, тектіні тани білу - қиынның қиыны болғанмен, аса қасиетті міндет» дейсіз. Біз осы міндетті қаншалықты орындай алып жүрміз?***

- 1985 жылы Димекең Ғабит Мүсіреповты қабылдағанда халқымыздың атақты жазушыларына арналған ұлттық музей ашуға уәде берген болатын. Амал нешік, сол ниетін орындауға мүмкіндігі келмей қалғанына, кейінгі бір 1987 жылғы кездескенімде қатты қынжылып еді асыл аға. Әрине, халық болып қынжылатын кемшіліктеріміз көбеймесе, әзірше азаймайтын түрі бар. «Битлз» сияқтыларға қаптатып ескерткіш орнатамыз да, Әлихан, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мағжан, Шәкәрімдерге Алматыдан бір белгі қоюға алаштық азаматтығымыз жетпейді. Ұлтымыздың арыстары мен азаматтарын қынадай қырғызған Фурманов, Мирзояндарға астаналардың орталық көшелерінің атын береміз де, Алаштың асыл оғландары - Қасым Аманжолов, Жұмабек Тәшенов, Сыдық Мұхамеджановтардың дұрыс көшелерге атын беруге арланатын тәріздіміз.

Тәуелсіздігіміз бен егемендігіміздің тап басында тұрған ұлы Абылайдың 300 жылдығын екі жыл кешіктіріп, Алматы мен Астананың бірін қимай, жетім қыздың тойындай етіп өткізген болдық. Қадірлімізді қастерлемеу, тектімізді тани білмеу-Керей мен Жәнібек хандардың қасиетті ескерткішінің орнына басқаны тықпалап орнатудан басталған-ды. Ұлы күйші Тәттімбеттің 200 жылдық, Ж.Тәшенов, І.Есенберлин, М. Ғабдуллиндердің 100 жылдық тойларын елеусіз ету де
- абырой әпермейді. Қайсыбірін айта берейін... Жүрегім шаншып кетті-ау, қарағым.

- ***Қазір зиялы қауымды зиянды қауым деп атайтындар да табылады. Неге «зиялымен» қатар зиянды деген сөз қосақталып жүретін болды? Себебі қандай?***

- «Зиялыларым - зиянды қауымға айналып барады» деп кезінде мен де жазған едім. Көргенін жасырып, көрмегенін асырып, қысастықты кешіріп, әділдікті өшіріп, өңменде «стипендия» сияқты сүйек-саяқ дәметкіш түрлерінен түршіктім бе, зиялының зияндыларынан ара жігімді ажыратуға тырысамын. Сөз өтпестерге баж еткенде табарым
- солардың өңменіме қадалар өшпенділігі ғана ғой. Ал елдің

мұңын ердің тілімен айта алмас зиялының зиянының бар-жоғын өзің таразылай бер, балам.

- ***Қазір аталы сөз айтатын ақсақалдардың орнын сақалсыз шалдар басты дегенді жиі естиміз. Қатарластарыңызға көңіліңіз тола ма?***

- Шаңырағына қарап шалын сыйламай, шалына қарап шаңырағын сыйлайтын заманның өтіп кеткенін байқасақ та байқамайтын болып барамыз. Шаңырағы биіктің шалаесірік шалын әспеттеу - ақсақалдықтың құнын түсірмегенде қайтеді. Ақыл айтатын ақсақалдан шаруасы да, лауазымы да мықты әпербақан шалды алға ұстауымыз озған жоқ па? Дананы баладан бетер бөтенсітіп, баланы дана етіп, төбеміздің төндіріп қойғыш билікке қашанғы жаманатты бола берейін. Осы түйсігімнен-ақ қатарластарыма көңілімнің толар-толмасын жұртымның өзі-ақ ажыратып ала жатар.

- ***Рухани сырласыңыз кім? Достарыңыз көп пе?***

- Рухани сырластарым - әлбетте Абай, Мұхтар, Қасым. Достарым көп те емес. Жоқ та емес. Студенттік жастықтың жалынымен табысқан индонезиялық Видодо Субарджо дейтін досымды әлі күнге сағынам. Қырғыз Дооронбек Садырбаев пен Ұлан Тоқамбаев дейтін екі азаматпен қаламгерлік шынайы достығымыз бар еді... Өз арамыздан Оралханды,Әшірбек Сығайды тапқам-ды. Бүгінгі Ғ.Қабышев, Н.Ноғаев, Т. Медетбек, Аян, Еркін Рақышевтармен қарым-қатынасым жақсы. Қауқылдасар қатарым сиреді. Артым көбейіп, алдым азайды. Іздейтіндерімнің ізі таусылып барады. Көксейтіндерімнің көлеңкелері көлбеңдеуін тұқыртты. «Кешегінің соңы, бүгінгінің алдымын» деп айтар едім. Айтқызбайтындарым аузымнан соғып, тілімді тісіме тістеткізе ме деп сескенем.

- ***Адамның бойындағы қандай қасиеттерді жек көресіз? Кекшілсіз бе?***

- Жек көретіндерімді түстеп, түгендеп берсем, олардың мені жабыла кетіп, жеп беретіндерін білем. Ат пен таққа мінсе-ақ мінезі өзгеріп шыға келетін мансапқорды, бүгін сені көзіңе мақтап, ертең сыртыңнан сыпыра даттар өсекшіні, бірде «елім» деп, бірде «төрім» деп сан құбылғыш екіжүзді сатқын қаламгерді, халқының көз жасын көлдетіп доллар жасап, қанын тамшылатып алтын құйғыш тойымсыз шенеунікті жек көремін... Соза бермей осымен тоқтатайын, әйтпесе, әлдекімді... әлдекімдерді іліп кетіп жүрермін байқаусызда. Кекшіл емеспін. Аздап өкпешілмін. Кектен

ішке қан қатады. Өкпелеп, оңашада өксіп-өксіп алсаң, ішің тазарады.

- ***Сіз техникалық институтты бітірдіңіз. Мұны естігендер таңғалып жатады. Ал өзіңізді әдебиеттен, жазушылықтан бөлек елестете аласыз ба?***

- Техникалық институтты бітіргеніме таңғалудың қажеті шамалы. Сонда оқығаным ойымның шалымын, мидың ұшталуын, қиялдың ұшқырлығын қалыптастыруға септігін тигізсе, тигізген де шығар. Бірақ дарын атты табиғи ерекше құбылыс тағдыр-таланыма дарымаса, жазушының қаламы қолыма бұйырып тимес те еді. Арнайы оқу орнын тәмамдамай-ақ Пушкин, Абайлар әлемді аузына қаратқан жоқ па? Әдебиеттен ауылымды алшақ көшіргенде... мықты металлург, әйгілі инженер, белгілі ғалым боларыма көзім жетеді. Алайда қаламгерлікте де әлі де алдыма жан салдыртпауға тырысумен келе жатқаныма сенімдімін.

- ***Бүгінгі ата-әжелердің бала тәрбиесіндегі рөлі әлсіреді. Қазақы тәрбиеден ажырап бара жатқанымыз тағы бар...***

- Балаң баласын бауырынан босатып, басынан сипауыңа кеңшілік етсе, онда немерең ата-әжесінің шетпұшпақтап болса да тәлім-тәрбиесін ойына да, бойына да сіңіре алады. Ана тіліне уызынан жарып, ұлттық салт-дәстүрді қаршадайынан санасына сеуіп, енгізіп өседі ол шіркінің. Ал бүгінгі қаланың өгей тілде шүлдірлеген тікбақай келіні мен келіннің биік өкшесіне иығын тескізіп жүрген көнтері ұлдың ұясынан онша ұзамайтын ұрпаққа ата-әжелерінің сарғайған сағынышынан басқа үлгілі өнегесінің өгейленіп жетпей қалғанын күнде көріп, түңіліп жүрміз. Содан соң-ақ әженің кең қолтығының ұлттық иісін иіскемеген анау жас министрлер, депутат-сенаторлар, холдинг серкелерінің өз қазағына мұрнын шүйіруі, тілінің өгейленуі, тексізденуі бұдан былай тіпті өршімесе, кемімейді-ау деген қорқынышымды көмейіме көме берем.

- ***Алыс өткенді де, жақын кешегіні де кемеліне келтіре халқыңызға суреттеп беріп едіңіз. Аға, қазір не жазып жүрсіз?***

- Адамның жасы ұлғайған сайын басының ішін толтырып тастайтын ойран-топыр ойы мазасын алып, берекесін қашыра беретін тәрізді. Сондайда ойлана білген жан өзгені де ойланта біледі дегенге кәдімгідей иланам. Сөйтем де, өмір бойы өз басымнан өткізгенім - өзгелерді тәжірибеммен

жетектеп жеткізер дегенге ұйимын. Сол себепті де, ұққандары - алар, ұқпағандары өз бетінше қалар дейтін тілекпен әртүрлі тарап-тақырыпты қамтитын төрттағандардың (рубаилар) бір томын жазып бітірдім. Миым ойымды сорғалатты ма, ойым тілімді жорғалатты ма - келешек оқырмандардың еншісінде. Мынау жасыған жанның тілін шорқақ қып, тасыған күйкінің үнін шалқақ етер жалғаны өршеленген заманда қарудың ең күшті қаруы - адалдықтан айнымау ғана. Ал айнымадым дегенше, өзіңді өзіңнің сатып жібергеніңді байқамай қаласың. Осы пікіріме бой ұрдым ба, бүгінгі қоғамымыздың ақ-қарасын саралауға тырысып, «Қараңғы ойлар» дейтін пәлсафалық көңіл түйсіктерін қағаз бетіне түсірумен әлектендім. Оның біразы «Ашық алаң», «Жас Алаш», «Дат», «Үшқоңыр» газеттерінде жарияланды да.

«Қараңғы ойларды» кітап етіп шығаруға мемлекеттік баспалар бармайтынын сезем. Қалай жарық көрді осы кітабыңыз?

- «Қашан кітап етіп шығарып, қолымызға тигізесіз?» деп сұраушылар күн өткен сайын көбейген. «Кітап етіп шығарта алмаспын, бәлкім. Өйткені, оны өзің айтқандай мемлекеттік баспалар есігі түгіл терезесінен де сығалатпайды. Демеуші табу - өлініі тірілтуден де қиындап кетті. Өзім шығаруға мүлде қол қысқа. Обалы қаламақы жүйесін жойып жіберген билік пен билік басшысына ғана. Содан соң «Өмір сүрудің қиындығына төзбесең, тірідей-ақ өліп кетуің оп-оңай, Софыян!» деп өзіме-өзім токтау айтатынмын. Сөйтіп пұшайман болып жүргенімде Рымбек Жүнісов пен Амангелді Ермегияев азаматтар қол ұшын беріп, кітаптың жарық, көруіне ықпал жасаған. Екеуіне деген алғыс-құрметімді күніне ішімнен сан рет қайталаймын.

Отбасыңыз, балаларыңыз, немерелеріңіз туралы айтып берсеңіз...

- Әр ғұмырдың шуағы мен дауылы боларын, әр тірліктің жеңілі мен ауыры да боларын көріп те, соған көніп те келген қазақпын. Ғұмырымның шуағын, тірлігімнің жеңілін, жемісін һәм жеңісін отбасынан мол тапқан тәубашыл жанмын. Тіршіліктің дауылы мен ауырын иініме үйіп, кеудеме сықаған, әлі де үйіп-төгуден жалықпай жүрген күншіл әріптестерім, бақас ағаларым, жемқор шенеуніктерім. Солардан әбден жүдеп-жадағанда, шаршап-қажығанда, қансырап, әлсірегенде қашып тығылар мекенім - жанұям, - жарым, балаларым.

Жан-жарым - ақ балтыры ағараңдап, ақ бантигі көз алдымда көбелектей көлбеңдеген, жастайымыздан бір ауылда бірге өсіп, бір үмітке бірге ілескен, бір арманды бірге аңсаған - Шәмшия ару. Қос жүректегі ыстық іңкәрлікті қосып алып, ақ отауымызды көтеріп ақ ордаға айналдырдық десем, артықтау болмас та. Шектен тыс көбейген ыңқыл-сыңқылымның, кесел-дертімнің емшісі - жан-жарым, Шәкемнің-Шахминамның бәйек болғыш тірлігі, аялағыш алақаны. Екеуміздің тірегіміз бен тілегіміз, сүйінішіміз һәм сүйенішіміз - Алмас, Манас ұлдарымыз, жанымыздың гүлі - Жанарымыз. Бизнес, сауда-саттық тәрізді алдау-арбауға жоламай, адал жұмыстың соңында жүрген азаматтарым. Әрқайсысы үш-төрт шет тілін білетін ойлы-милы мамандар. Бір әттеген-айы: менің «әділет, тазалық» деп шенеуніктердің шекесіне қадалатын тақылдауымның кесірінен балаларымның алдынан билік тарапынан тосар кедергілердің көбейгеніне қынжылып бітем. Биіктегілер, биліктегілер қызметтерінен қуып, жұмыстарына алмай, сандалтумен келеді. Жан, Марғұлан, Әнел, Әлихан атты төрт немерем бар. Екеуі Испанияда оқып жүрген. Өз қаржы-қаражатымызға. Екеуін бірдей оқытуға қол қысқалығы жібермей, біреуін Алматыға ауыстыртып алдым. Үкіметіміздің «Болашақ» жүйесімен көмектесеміз деген жалған уәдесіне ғана қарықпын. Айтады да, уәдесін үн-түнсіз жылы жауып қояды. Ежелден солай. Өздерінен басқаға өтірігі мен жалғанынан артықты өлсе де қимайтын солардан әбден түңілгенімді тағы қайталап кеткенімді кешір, қарағым. Алтыны көп болса да ақылы жоқ кедейлерден бәрібір біз баймыз. Солай ғой, ә... Осымен тоқтатайық.

Аға, ауырмаңызшы, аман-сау жүріңізші.
Сұхбатыңызға алғысым зор!

Сұхбаттасқан Ахмет ӨМІРЗАҚ
«Түркістан» газеті,
2016 ж., маусым

ӨТЕДІ СОЛАЙ БІР АРҒЫН

Ән емдім, қанып күй іштім.
Сұлумен талай сүйістім.
Сырттағы бойым той тойлап,
Қоздатты ойды миы іштің.

Бар менен жоқты көп көрдім.
Мұңды да, сырды өткердім.
Қыран ем көкте қалқыған
Қанаты сынған кептермін.

Бітсе де жүрек жарылып,
Жаралы жанда бар үміт.
Келеді сүйреп тәнімді
Ақсаңдай басқан кәрілік.

Жетпістен кеттім әрі асып,
Аруға төнбес қарашық.
Кеудемде ашты майданын
Өмір мен өлім таласып.

...Басса да мұнар, мұнар күн,
Әлі де жырға құмармын.
Әнді еміп шер мен, күй жұтып,
Жарқ етіп ұшып...тынармын.

...Өтеді сөйтіп бір Арғын.



ЕСЕПТЕН ДЕ, ӨСЕКТЕН ДЕ АЛЫС ЕДІ-АУ...

(Есләм Зікібаевтың қырқына берілген астағы сөйленген сөзі)

Сырлас бар да мұңдас бар.

Құрбы бар да құрдас бар.

Есләм ағамен мен әрі сырлас, әрі мұңдас едім. Ол ағалықты құндамайтын. Мен інілігімді бұлдамайтынмын. Содан болар мұңдас көңілдеріміздің өкпе тұнбас кіршіксіз жүректеріміз болған-ды. Сол жүректегі сырды, шынды ол үнемі ақтарып тастаушы еді-ау.

«Ау, Софыжан! - дейтін ағам, - Мен де ұлы Абайдай өлең өлкесіне өзгелерден кешігіп оралдым ғой. Жалындаған жастықтың өлеңін өзегімде тұншықтырып алғаныма өкініш мол!» - деуші еді-ау қайран азамат. Мен сол ағаның қаламгерлік жолын үзіп алған ізіне дәл қазір де қадалып қарап тұрғандаймын. Сол шығармашылығы сәл үзіліп қалған ізіне көңіл көзінің тізіліп түскен мөлдір тамшыларының солқ еткен дыбысын да естіп тұрғандаймын. Дәтке қуат санайтыным: Есләм ағамның кешігіп кіріссе де, өлең өлкесінде есіліп сайрағанын, есесін еселеп қуғанын, еселеп толтырғанын жақсы білемін. Өз тұстастарының қатарынан ойып тұрып орын алған ақынның кейінгі әріптестеріне үлгі боларлық жетістіктері көп әлі. Әттең, сол құндылықтары оқырманына бірде жетіп, бірде жетпей жататыны қынжылтады. Оған кінәлі - мынау кітап шығаруға, кітап таратуға керенау қарайтын билігімізді тағы айтқанымыздан, айыптағанымыздан пайда не. Биографиясы келсе де, жағырапиясы келмейтіндердің бірі еді ғой Есләм аға. Орыстанып кеткен облыстың ақынын іздер, асыл азаматын ардақтар талпынысы табанды болғанда, Есләм ағаның таланты талайларды шұлғытар еді-ау.

Қайран да жайраң Есләм аға! Жасыңның үлкендігіне қарамастан мені іздеп те келетін, ақыл-кеңесіңді үйіп-

төгіп те беретін ақжарқын жүзіңді енді шынымен-ақ көре алармын ба.

Есептен де, өсектен де биік тұратын қадірлі ағамның кесектігі кешегімде қалып қойғанына ғана налимын. Ал адамдығы, адалдығы, ақындығы менде ғана емес, елде, халқының жүрегінде мәңгілік қалды.

Соған ғана елжіреймін...

2002 жыл

ЕЛІМ ДЕГЕН ЕР ЕДІ...

(Сыдық Мұхамеджановтың мемориалдық тақтасын ашардағы сөйлеген сөз)

Елім деген ерді еңіретуден ләззат табатын пірсіздердің куәсі болған кездерді білеміз.

Халқым деген нарды қаңғыртудан сүйініш табатын нәрсіздердің де куәсі болған кездерді білеміз.

«Ермегім - еңбегім ғана!» деп еріншектіктің желкесінен алған еңбекшілдің екі қолын байлап тастаған тасырлықты елемеген кездеріміз де көп болған. Ендігіміз одан да асып түсуде.

«Барым - арым!» деп жүрегін жалаңаштап алға ұмтылған дарынның етегінен тартып, аяғынан шалып, адымын аштырмай тастаған кердеңдікті көрмеген кездеріміз де көп болған. Бүгінгі соқырлығымыз одан да үдей түсуде.

Операларын театрға енгізбей, кітаптарын баспадан шығартпай, саздарын санаға жеткізбей алып сазгерді аласартуға тырысқан қысастықтың да суық ызғарын әлі де сезумен келеміз.

Ауырған жанын, қиналған тәнін елемей, әділет туын төбесіне көтеріп, шығармашьшықтың шыңына шыққан азаматты төрдегі орнынан төменге сырғытқан қызғаншақтық пен күншілдік хас таланттың өзіне лайық атағын жұрттың ең соңында, халі бітіп нашарлаған тұста итке салған сүйектей етіп тастай салған озбырлығынан сызды жүректің сыр бергенін, сынып жүре бергенін әкімшілдік жүйенің мықтылары бір тексерер ме екен.

Тексерсе, бір тіксінер ме екен?

Тал бесіктен ұлы суреткердің жер бесікке кеткеніне он үш жыл болыпты. Аттай бір мүшел. Осы бір мүшел жыл ішінде ұлы суреткердің Мәңгілік ғұмырына биіктегі біліктілер кеңшілікпен қарап, кемеңгерлік танытып, кеңпейілділік көрсетер деген үмітіміздің үміт күйінде қалып келгеніне жанымыз күйзеледі. Ет жүрегіміз езіледі. Бір ғана сүйініш - Сыдық Мұхамеджанов сынды ұлы суреткер ешқашанда тал бесіктен жер бесікке жетпей ел бесікке кететіні. Халқының жүрегіне мәңгі бөленетіні.

Ұлтының әсем әні боп, дауылды күйі боп сөйлей білген ұлы перзентіне тірісінде пейіл берілмесе, өлген соң құрмет көрсетілмесе, Астанада, Алматыда, Жезқазғанда үкімет

қаулысымен берілсін деген аты көшелерге берілмесе, өзгеге емес өзімізге мін екенін, өзгеге емес, өзімізге сын екенін кеш те болса бір ұғар сәтіміз болар ма. Әлде мынау он үш жылда әрең сұрап емес көз жасты бұлап жылап алған тоқымдай ғана тақта тоңторыстықтың бұзылған сеңінің басы ма екен? Құдай иіп уәдесі аспандағы жұлдыздан көп Храпунов дейтін жылпылдақ әкімнің бетін бері қарататын күн туып, Алматының еврейлерден, орыстардан босаған бір әсем көшесіне сазгердің аты қойылар ма екен?

Әй қайдам? Әліптің артын бағайық деумен-ақ бітпедік пе.

Сыдық аға!

Бермесе де атыңды көшесіне,
Әлдиле әнмен халқыңды есесіне.
Ұлып қалсын ұлыны сыйламастар
Сен жетесің ғасырдың нешесіне!
Атың жазып тарихтың көшесіне!

2004 жыл

ПӘКТІК ПЕН АҚТЫҚТЫ АҢСАП ЕДІ-АУ...

(Заманбек Нұрқаділовпен қоштасардағы сөз)

Мен бір кезде үлкен олжалы болғам. Ол олжам - Азаматты танығаным. Азаматты тапқаным еді. Қасыңда жүрген жанның қасиетін ұғынбау да қасірет шығар. Мен сондай күй кешкен едім. Көзден перде түріліп, көңілден күдік сейілген-ді сонда.

Мен бұрын ол жанды кекірт, сырдаң, мансапқұмарлау, өркөкіректеу адам көруші едім. Өзімнің қатты адасқаныма қуандым. Олжам - жаны нәзік, сезімі сергек, жүрегі іңкәр, қиялы ұшқыр Азамат. Ол Азамат - сен едің, Зәкем!

Мен теледидардағы сұхбатыңнан соны көріп, соны сезгем-ді. Соған иланғам-ды. Өйткені ажарлы сөз - өлең құдіреті мен көркем сурет қасиетін көкірегінде туғызып, қиялында өргізген талант иесі - табиғат пен болмыстың дәл өзі десек, ондай адамда адасу болса да, ауытқу болса да, ешқашанда һарамдық, зымияндық болмайды. Сен - ақын едің-ау. Сен - суретші де едің-ау, Мен үшін сен, Зәкем, қиялында қанаты бар, талабында мұраты бар, Елімен тілегі бір, халқымен жүрегі бір шабыттас әріптеске айналып едің-ау. Сен жазбаған өлең, сен салмаған полотно бәрібір Өзіңнің қимыл-қаракетіңде, қазағыңа дейтін сүйіспеншілігіңде, ұлтыңа дейтін жанашыр еңбек жемісіңде кездесетін. Сыршыл жүрек тазалық пен әділдікті ғана ұстанады. Ойшыл көкірек мейіріммен ғана сусындайды. Ойшыл көңіл пәктікті ғана аңсайды. Солар сенің желеп-жебеушілерің еді ғой, Зәкем! Сенің ағыңнан жарылып Елбасыға ашына жазған ашық хатыңнан адал жаныңды, аппақ арыңды ұққан едік-ау!

Амал не?! Өзіңе айтпаған ағалық еміренуімді мынау суық мәйітіңе еңіреп жеткізе алармын ба?..

Бақұл бол, Заманбегім! Адал бегім.

2005 жыл

БАУЫРЫМ-АЙ, ҚАЗАҢНЫҢ АУЫРЫН-АЙ!

(Жеңіс Қашқыновты ақырғы сапарына аттандырғандағы сөз)

Қайран да жайраң құрдасым-ай! Қайран да жайдары Жеңісім-ай, сырласым-ай!

Сен шыңымда өскен шынарымдай едің-ау!..

Сен сонау жастық жайлауын бірге кешкен сыңарымдай едің-ау!..

Ойыммен ойсырап, қайғыммен қаусап тұрғанымды сезесің, бауырым!? Қабырғамның сөгіліп, жанымның егіліп тұрғанын сезесің, серіктесім?.. Сен - өзімдей едің-ау. Тілмен айтылмас, ділмен түсінісер сөзімдей едің-ау. Сенің жырыңды мен оқып марқайсам, менің сырымды, мұңымды сен ұғып әрі толып, әрі ортаюшы едің-ау, серттесім! Ұшқан ұямыз, жұтқан су мен ауамыз, шыққан қиямыз бірге еді ғой. Қалай ғана тастап кеттің соның бәрін, бауырым? Мынау сұмдығы көп, шындығы аз заманның жеңіліне төзсең де, көтере алмадың ба ауырын? Неге асықтың? Айтарың көп еді ғой элі де. Ақтарарың мол еді ғой еліңе. Қалың Қаракесегіңнен, алтын өлкең Ақтоғайыңнан неге ертерек ажырадың? Ұлтыңның ұлы едің, жұртыңның жүрегін жаулаған нөсерлеген жыры едің. Бір-ақ сәтте жарық дүниеңнен жалт етіп өте шыққаның қалай, ардақтым?

Сенің биігіңе мен шыққандай, менің биігіме сен шыққандай мерейленетін сәттерімізді енді қалай көре алармыз? Сенсіз мен кімге мұңымды шағып, сырымды бөлісе алармын енді?

Енді кім мені, сен сияқты есімімді еркелей атап, есігімді ертелей қағар?

Есімім де, есігім де жетімсіреп қалғаны ма?..

Бақұл бол, Жеңісім! Бақұл бол, бауырым,
Тәуірім. Азаның тарттым ауырын.

2005 жыл

ҒАФУ АҒАНЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШТЕГІ СӨЗ

Өзімшілдігі өмірге де, өнерге де ерекше өзгешелік беретін құдірет иесі - меніңше қаламгерлер. Олардың ішіндегі айрықшасы - ақын дер едім мен. Болмыс пен Адамзаттың, Табиғат пен адамның арасындағы көз көрмес, көңіл байқамас байланысты жасай алатын ақындық қасиетті елемей кету-қиянат. Қиялдың қанатына мініп, ойдың тізгінін өрге қарай бұрып алып, шабыттың шарықтатуымен жеті қат көкке самғап шығып, көктегі Тәңірімен табақтас бола алатын ғажайып жағдай басқа қарабайыр пенделердің маңдайына бұйырмаған бақыт. Сондай ғажайып құдіреттің иесі Ғафу аға Қайырбеков болатын.

Ақынның бақытты болғанына не жетсін. Сол бақытын сезіне білуден туындайтын ақын жанының сезімтал серпілісі небір тылсымның қойнауына сүңгіп шығып, адам өресі жете бермейтін тұңғиықтан жаңһар жолдарды сүзіп алып, көз алдыңа тоса қояды-ау.

Сондай жаңһар да гаңһар жырларын мөлдіретін тізіп өткен Ғафаң, Ғафу аға Қайырбеков нағыз бақытты ақын еді. Адами бақытының айғағы етіп тұңғышының атын Бақыт қоюында да сезімтал жүректің көрегендігі бар екен-ау.

Бірақ сонау һәм мынау күйкі тірлікте ақынның сүйінішінен гөрі күйініші молдау боларын екінің бірі біле бермейтіні де жаман. Алайда күйік шалған кеуденің дауыл араласқан теңіздей астан-кестен буырқана шапшып, толқынымен толқынын долдана шарпыстырып бүліне қалатын кейпіне түсе кетіп, ішкі дүниесінің қиян-кескі арпалысын жыр етіп төгіп-төгіп жіберетінін қалай айтпаспыз. Сондайда бүкіл жүйке-жүйесін ашыну мен ашығудың сіңірлі саусақтарының шертіп ойнауына, тартқылап кергілеуіне аямай ұсына салатын ақынның дүр сілкінген тебіренісінен артық құдіретті табуыңыз және қиын. Әлгі тебіреністің аялап тудырған аяулы перзенті-лирикасы енді бүкіл адамзаттың сүйіктісіне айналып сала береді. Біздің ұлы Ғафаң «орынбасарды ойын ғып, баспен бірге жұлынар мойын» ғып дүрдиген уақыттың қиянатшыл талқысынан да мойымай өтіп, кеудесінің көкала үйрек лирикасын бүкіл халқының, қазағының жүрегіне қондырып кеткен ғаламат дарын.

Сондықтан да өміріне әсерленіп сүйінген Ғафаң, кейкейдегі қиянатқа запыланып күйінген Ғафу аға «миының мың градустық домнасынан» халқының өнер қазынасына сауылдап құйылған інжу-маржандарын қорытып шығара беріп еді. Енді біз, ұрпақтары соның жылуы мен жарығына, сезімі мен серпілісіне бөлене бермекпіз!

2007 жыл

ӘБІЛФАЙЫЗ ЫДЫРЫСҰЛЫНЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА ҺӘМ АЛТЫН ТОЙЛАРЫНА АРНАЛҒАН КЕШТЕГІ СӨЗ

Абзал азамат. Асыл ару.

Ардақты әке. Аяулы ана.

Қажырлы қаламгер. Мөлдіреген муза.

Екеуі де ортамызда.

Ғұмыр бойы ғашығын аңсаған, сол аңсаған ғашығына шығармашылық ғұмырын арнаған абзал азаматтың асыл аруымен қосылып шаңырақ көтергендеріне бүгін жарты ғасыр толыпты.

Сексеннің сеңгіріне шыққан ардақты әкенің, үш жиырма бесін жас жанының жалауындай желбіреткен аяулы ананың тамаша ұл-қыз тәрбиелетіп мерейлерін өсірген алтын тойы бүгін бәрімізді қуантып отыр.

Бүгін біз қажырлы қаламгердің шығармашылық табыстары мен ұстаздық еңбегінің рахатына бөленгенінің куәсі болып отырмыз.

Бүгін біз сол қайсар қаламгердің қас-қабағын бағып, нағыз музасы болған Таңшолпанының шашбауын көтеріп, алтын тойдың шашудай шашыраған шуағына шомылып отырмыз.

Бүгін біз бір кездегі сұлу Қыз Жібек, ер Төлеген болып ариялата қосылған қос жұбайдың жас отауының қазақтың үлкен ордасына айналғанын мақтан тұтамыз.

Бүгін біз сол орданың ыстық ұясынан халқының биік қиясына қыранын ұшырған берекелі отбасына айналғанына шүкірлік білдіреміз.

Уай, Жезде!
Дос түгіл білінбейтін жауға мінің,
Жүрегін сүйіктіңнің сауған үнің.
Асқарды аласартып асқақтаушы ең
Қарама енсең түсіп тауға бүгін.

Жарыңның жанарыңды көркі жарып,
Сезімнің жүрегінде өрті жанып,
Алау боп бұрыңғыңдай лапылдай бер,
Музаңды - Таңшолпанды ертіп алып....

2010 жыл, күз

«ЛЕНИНШІЛ ЖАС» - «ЖАС АЛАШ» ГАЗЕТІНІҢ 90 ЖАСҚА ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН КЕШТЕГІ СӨЗ

«Лениншіл жас!» «Жас Алаш»! - алаулы жастықтың, жалаулы өмір көктемінің белгі-эмблемасына айналған әсерлі атаулар бұлар.

Біз - «Лениншіл жас» өсірген ұрпақпыз!

Пионер болып бастап, комсомол болып қоштап, келешекке сеніммен қарап, үмітті арманға сабақтап, құлаштап қанат қағатынбыз.

Ал бүгін... «Жас Алаштың» жастарында жарқын болашаққа деген сенім бар-жоғын ажыратып айтып бере алмаймын.

Ал біз үшін «Лениншіл жас» алаулаған жалау, тамылжыған таң, қырмызы гүл, жалынды жастық болатын. Біз үшін «Лениншіл жас» 15 пен 18-і құлпыртқан бойжеткен қыздың көрікті жүзі болатын. Біз үшін «Лениншіл жас» 18 бен 25-і қылшылдатқан алмастың жүзіндей жігіттің шағы болатын.

«Л.Ж» - бойжеткізген әсем күндеріміздің бозбаласын сағынтқан сырлас серігі еді. «Л.Ж» - ержеткізген сайран да қайран күндердің балауса гүлдей қырмызы қыздарын аңсатқан айлы түндері еді.

Мен үшін «Лениншіл жастың» кеудемде мәңгі қоныстанған орны ерекше. «Мәскеулік студенттің өлендері» деп арнайы тілектес рубрика ашып, аяғын апыл-тапыл басқан тырнақалды жырларымды оқырмандарына айқайлатып ұсынатын.

О, тағдыр, мені өкінтпе,
Жанымда жүр ғой жақсы үміт.
Бос өткен әрбір секундке
Жатырқап қалам жатсынып, -

деп жиырмаға да толмаған маған солай жаздырған да сүйікті газетім ғой бұл.

Шерханның шекпенінен шықпадым ба, Сейдахметтің сезімталдығын ұқпадым ба, әлде поэзияның ыстық жайлауынан адасып қалып, прозаның суық қыстауын ықтадым ба, ондаған жылдар бойы мен «Л.Ж» - тан қол үзіп кеттім. Бірақ кешегі «Лениншіл жас» пен бүгінгі аяулы «Жас Алаштың» маған деген көңілі таза екен. Біз сағынысып жүріп, қуана табыстық. «Ж.А» - «Елім!» деп

соғатын жүрекке құшағын кең ашады екен. Ықыласын аямай төгеді екен. Соған барынша тәнтімін. Менің бүгінгі ең ыстық сырласым да, ең кәнігі ынтық мұңдасым да «Жас Алаш»!

Жалындап, жарқырай бер жастықтың жаршысы аяулы, ардақты газетім!

2011 жыл, наурыз

ОЛ БАР ДА ӨЛЕҢ БАР

(М. Мақатаевқа 80 жыл толуына байланысты өткен кештегі сөз)

«Алғаным аз да, бергенім көп пе? Бергенім аз да, алғаным көп пе?» дейтін алқымды бүріп алардай осынау сұрақ пендеге жетпей ме, адамға өтпей ме - өзгешілдік емес, өзімшілдік қаптап барады.

Ал өзгешілдікті өзімшілдікке жеткізбейтін құдірет бар ма? Бар! деймін мен. Ол құдірет - шығармашылық иелері. Ал олардың арасынан ақынды ерекшелеп алар едім. Өйткені шынайы ақын Табиғат пен адамзат, әйтпесе Болмыс пен әлеумет, немесе Алла Тағала мен пенде арасындағы байланысты сезімтал сергектігімен жалғастыратын құдірет иесі, қасиет Тәңірісі.

Осындай асқақ та арқалы ақын Мұқағали аға Мақатаев еді. Оның күйсандықтай күңіренген кеудесінен толқын-толқын жырының күмбірлеген күйі ақтарылып жататын. Сол сәтте аспаннан мөп-мөлдір аппақ сәуле құйылғандай, қара жерден көк аспанға тұла бойды түшіркендіре қоздырып тік шырқау әуен шаншыла қалғандай әсерге бөленуші едік.

Бір дәйекті мысал сұранып тұр...

Көршінің албарындағы құдыққа сүмеңдеп көз сүзіп, бір шелек су алу үшін бір кесе суық теріңді сорғалатқанша, әркім өз құдығын өзі қазып алуы керек қой.

Сондай-ақ әркімге бір еліктеп, өзіндік ой таппай, өзгенің өкшесін баса ентелеп, әлгінің тапқанынан дәметкендей болып қайталауға ұрынған ақынды ақын дей қою да артықтау.

Біреуден сұрап алған суың тез таусылары мәлім. Қазып алған құдығыңның құрғамайтыны белгілі.

Мұқағали өз бойынан өз ойының нәрін алар құдығын қаза білген ақын. Сол құдығынан ала білген ойын халқының жүрегіне жаза білген кемеңгер. Бүгінде Мұқаңның ақындық құдығынан бастау алған жыр өзені шалқыған шалқар теңізге айналған. Сол кәусардан қанып ішіп, шөлін басқан қазақтың талай ұрпағы ғасырдан ғасырға жалғаса бермек.

Мұқағали бар да өлең бар. Өмір бар. Ақынның өмір-өзені ағысын мәңгілік жөңкілте, жосылта береді.

2011 жыл

ҚАЙРАН ТҰМАҒ АМ!..

(Т. Молдағалиевтың қырқына арналған
аста сөйлеген сөз)

Тұмаға! Қайран да асыл Тұмаға!
Бір- ақ сәтте орап алды-ау мұң, аға.
Жымиып қана аялайтын жанымды
Дәл өзіңдей табылмас-ау шын аға...

Сен жастықтың жыршысы, махаббаттың жаршысы едің. Көңілің - мәңгілік көктем еді. Сол көңіл көктеміңде сүйіспеншіліктің нәзік сыры мен жыры, балауса гүлі көктеуші еді-ау.

Сол көктемнің нәзік сыры мен мөлдір жырынан, тәтті мұңы мен өзгеше гүлінен шынымен айрылып қалдық па?

Сенің әр әнге жазған сыршыл өлеңің - өмірдің үзігі еді. Қосылғандар мен қосыла алмаған армандылар мен шерменділердің қызығы һәм шыжығы еді-ау. Табысқандар мен табыса алмағандардың жайдары күлкісі мен өксіткен күрсінісі еді-ау.

Сол қызық пен шыжыққа толы сол күлкі мен күрсінісі мол ақындық ғұмырыңның енді бір жалт етпес елесіне де шынымен-ақ зәру боп қалдық па?..

Сен тазалық пен кісіліктің, мейірім мен ізгіліктің мөлдір бұлағын кеудеңнен бұрқыратып, ағаларың мен інілеріңе, ағайын-туысқа, әріптес-серіктестеріңе жаныңнан ып-ыстық тамшыларын лүпілдетіп құйып беріп жатушы едің-ау.

Жүрегіңнің адал, әсерлі лүпіліндей сол арнау-аялау сырыңнан шынымен-ақ қол үзіп қалдық па?

Қайран да асыл Тұмаға. Босатпай тұр тұлабойды мұң, аға.

Бар едің ғой, Нар едің ғой. Қалай ғана тез кеттің?..

Өзектен өкініш, өкпеден өксік, көкіректен күйікке толы күрсініс атылды-ау.

Қайтейік енді. Көктем туған сайын сенің сыршыл жырың мен жүрек гүлің жаңғырып, жасарып оралар бізге.

Әнің айтылған сайын бір күрсініп, бір күлімдеп еске алармыз. Еске алармыз да жанымыз бен жүрегімізге бөлерміз Өзіңді.

Бақұл бол, Тұмағам!

2011 жыл, қазан

АҚЫН ӨЛДІ... АР АЗАМАТЫ

(Қасым Аманжоловтың жүз жылдығына байланысты сөз)

Қырық үш жасында ақын өлді... Ұлы ақын...

Тұнжыр аспан қара жерге төңкеріле құлаған жоқ. Қара жер тұңғиық көкке атыла шаншылған жоқ.

Қырық үшке ғана толған Ақын өлді... Ар ұланы... Азалы күйдің азынаған зары әлемді тітіркендіре сілкінте алмады. Кеуделерді күңірентер күйік пен шыбын жанды шыңғыртар шердің ызалы жоқтауы естілмей қалды.

Қырық төртке де жетпей Ақын өлді. Алаштың асыл оғланы... Бірақ ұлы ақынның шеккен қасіреті мен тартқан азабын жалғанға жар сала айғақтайтын «Ақын ажалын» жазар қазақы Лермонтовы болған жоқ. Ақын өліміне себепкер «жендеттері» мен жазалаушы коғамын әшкерелеген іздеушісі... жоқтаушысы табылған жоқ. Кеңестің кесел кердеңдігі алмастай асыл ұлынан мезгілсіз айырса да, бұйығы елдің бұқпантайлап күй кешкен бұралқы жұрты бұғау үзер бұлқыныстан мүлдем ада еді...

Ақын өлді... Асыл сынды... Қасым сөнді...

Кешігіп ah ұрғанмен амал нешік.

Қасым... Баяғы сол Қасым. Киелі топыраққа кіндік қаны тамған сәттен бастап-ақ табиғат анасына тартып туған «бірде жаз, бірде күз мінезді» ұлы перзент Қасым. «Өртке тиген дауылдай» өлеңімен адамзат сапарының аласапыран жолында бұлқына тасып, еркіндей басып поэзия көш-керуенін бастай жөнелген Қасым.

Қасым... Сол Қасым. Қырқыншы, елуінші жылдардың қиын-қыспағында зобалаң көрген Қасым. Баспана ала алмай, баспалардан қолдау таба алмай, бастықтар мен басқалардан жәрдем, көмек көре алмай, көңілі құлазып, қағажуды көп көрген Қасым. Істейін десе, жұмыс таба алмай, не кітаптарын дұрыстап шығара алмай зығырданы қайнап, ауыр тұрмыстың тауқыметінен айықпас кеселге душар боп, өкпесі тесіліп, өзегі талып, аштықтан көз жұмған қайран да есіл Қасым.

Өкінесің. Өксисің. Өксігің өзегіңді өртейді.

Қасым... Баяғы сол Қасым. Көзі тірісінде де, көзі жұмылғаннан кейін де өзінің меншікті орнына бір отырып көрмеген Қасым. Көк аспанның қақ төріндегі тұғырына қондырылмаған Қасым.

Бірақ халық көңлінде, халқының көгінде Қасым - дара. Қасым - басым. Қасым - Ақын.

Ақын жалғыз.
Жалғыздық еншісіндей.
Жалғыз Хақтын жердегі Ол елшісіндей.
Күншіл қауым жабылып талағанда,
Жым-жырт қалар Ұлы Ерін Ел түсінбей.

Қасым - Пірім!
Қолбала бола алмаған.
Ар-ұжданым!
Асылым тоналмаған.
Ғазалымен Ажалды алыпұрған
Кем көрмеймін кей-кейде оны Алладан.

Деміңменен Ақынның туыс демі.
Жылытады жанынды буы іштегі.
Кәусарына қандырып қара халқын
Ұлы ақындар туады у ішкелі.

Епсектікпен еңкейіп, ептегенбіз.
Қолды сүйіп, құл болып кеткен елміз.
Төбемізге қондырып төменгіні,
Қадіріне Ұлының жетпегенбіз.

Арсыз, жансыз, ұждансыз,
неткен елміз.
Жалғандықтың уына бөккен елміз.
Құл тірліктің қылғынып құрығында,
Ұлымызды табалап сөккен елміз.

Өлтіргенмен қамалап,
Өлмейді Ақын.
Тағдыры боп халқының өрлейді Ақын.
Ат-атағын Алыптың әжуалап,
Өшіргенмен табалап,
Жеңбейді әкім.

Суатынан сусындап ел кенелер,
Жеңе алмайды Ақынды жер кенелер.
«Ел тұтқасы» боп жүрген бәкенелер
Белгісіз боп бар-жоғы ертең өлер.

Кейде дана,
Кейде ала халық деген,
Кейде бала,
Кейде алып Алыппенен.
Өлмес рухы ұлтына сіңіп кеткен
Сала алмаймын Қасымды табытқа мен.

Төр, төре де тұсалып,
бағынады.
Қондыртпаған қонады ол тағына әлі.
Бар қазаққа құшағын айқара ашып,
Сарыарқасын елжіреп сағынады.

Жүреді Ақын өлместен жыр елінде,
Бір өмірі берілмей мың өлімге.
Рухы көкте,
Ұлы ақын қалады тек
Мәңгі-бақи жұртынын жүрегінде.

Қасым... Сол Қасым басым Қасымдығын әлі де айғақтап, ғасырларға жыр керуенін бастап бара жатыр.

2011 жылдың қыркүйегі.

«ЖАҢА ӨЗЕН» ҚЫРҒЫНЫНА АРНАЛҒАН ЖИЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗ

Қазақты қазақ атты...

Тұнжыр аспан қара жерге төңкеріле құлдырағаң жоқ. Қара жер тұңғиық көкке атыла шапшыған жоқ.

Жай қазақты бай қазақ атқызды.

Азалы күйдің азынаған зары әлемді тітіркендіре сілкінте алмады. Кеуделерді күңірентер күйік пен шыбын жанды шыңғыртар шердің ызалы жоқтауы естілмей қалды.

Өр қазақты төрдегі қазақ қыршынынан қиды. Алаштың асыл Оғландары оққа ұшты. Бірақ боздақтарын жоқтаған қазақтың шеккен қасіреті мен тартқан азабын жар сала айғақтайтын зиялылары болған жоқ. Боздақтарды атқан жендеттерін әшкерелер жоқтаушысы табылған жоқ.

Қыршынынан қиылған жастарымызды жоқтап ah ұрғаннан басқа не тындырдық?

Не бітірдік?

Түк бітірген жоқпыз...

Бұрынғы ата-балалар шығарған биігіміздің құлдилап құрдымға құлап, құлдықтың қамытын мойнымызға ілдік.

Тіліміздің тұсап, аузымызға құлып салдық.

Төрге тепсіне сөйлей алмай, тіксіне қарай алмай, қатынбасшалап мырс-мырс жыладық. Төрдің мылтығына үн-түнсіз төсімізді төсеп, бірімізден соң біріміз көрге құладық.

Зиялыларым арға баспады. Сұмдықты бастады. Төрді қоштады. Зиялыларым шыңдықты бүркеп, сұмдығын ашты. Қыршындарды «Наркоман! Маскүнемдер!» деп салақұлаш тілдерін сумаңдатып, жауыз, зұлым кеуделерінің уын шашты.

Қара қазақты төре қазақ қырып салды.

Тағы жетті зарлы күйдің азаны,
Зарлы күйдің естірткені-ай қазаны!..
Ашық күнде қара аспанды бүркеніп,
Қанға бөкті Алашымның қазағы...

Азынады азалы үні ажалдың,
Қан жосалап аппақ жүзін тазамның.
Күйік беріп, күлкімді ұрлап кеудемнен,
Әнді еріннен жұлып алды Тажал-мұң.

Боянды ғой сонау биік тақ қанға,
Өз қазағын өз қазағы атқанда.
«Қыршынынан қиылсын!» дер қай Ана
Балбөбегін белі ауырып тапқанда.

Тағы жетті күйік үні зарлатып,
Жүргенде Алаш аш-жалаңаш жан бағып.
Ән сап жатты оқты елемей Астана,
Түспегендей Ары менен Жанға түк.

Қазақты қазақ Жаңаөзенде атты....
Астанада қанды қолды қазақтар
той тойлап, қызыққа батты.
Той үстіндегі топалаң...
Тұңжыр аспан қара жерге құлаған жоқ.
Қара жер көк аспанға шапшыған жоқ,
Марғау қазақ қашан оянар? Оянар ма?

2011 ж. 17 желтоқсан

ӘРІ САЗГЕР, ӘРІ СӨЗГЕР ЕДІ-АУ...

(Кенен Әзірбаевтың ескерткішін ашуға арналған салтанатты жиындағы сөйлеген сөз)

Уай, ағайын!

Ертеңін ойлайтын елдің бүгіні кешегісін ұмытпайды. Кешегісін келешегіне жеткізіп, өткеннің өсиетін, кеткеннің қасиетін ардақтайтын азаматтары көбейсе, Алаштың абройы асқақтайды.

Өйткені бабадан балаға жететін өнегелі өсиет ұрпақтарының бойына ұрық боп құйылса, қастерлі қасиетімен баланы данаға айналдырып жібереді.

Ғасырдан ғасырға асқан бүгінгі біздер масылды қаптатып жібердік пе, ол арасын өздерің ажырата жатарсың, ағайын.

Бозторғай жүрегін шырылдатып, көкшолағын тепеңдетіп үміт сауып, арман қуып өскен бала Кененнен баба Кененге, дана Кененге өскен ұлы сазгер, үлкен сөзгеріміз міне өзінің тиесілі тұғырына қонды бүгін.

Мынау «Горный Гигант» - «Таулы Алыптың» кеудесіне шығып алып, өр кеудесін соза еліне емірене қарап тұр. Көзі көрмеген Тәуелсіздікті көңілмен тауып, елінің егемендігін, ұлтының еркіндігін мәңгілікке кетуін аңсап тілеуде.

Осыны көріп, осынау «Таулы Алыпта» тірлік кешіп жатқан мен де, бүгінгідей төрдегі жалғызды мадақтамайтын, жердегі нағыздарын іздейтін таза, адал ұрпақ келгенде, менің де болашақ ескеркішім осы «Таулы Алыптың» - « Горный Гиганттың» бір пұшпағында тұрар-ау дейтін іңкәрлікке ұйып тұрмын.

Уай, ұлы сазгер Кененнің сазын жүрегімен тыңдайтын, үлкен сөзгер Кененнің сөзін жанына құйып алып, қанына араластырып жіберген аққылдақ, аққөңіл халқым, сүйінішіңе сүйсініп, қуанышыңа исініп тұрған аппақ көңілмнің ақжарқын пейілін қабыл алыңдар.

2012 жыл

ӘЗІЛХАН АҒА НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ ЖЫЛЫНА БЕРІЛГЕН АСТАҒЫ САҒЫНЫШ САЗЫ

«Әу, жарандар! Басыр едің не деген!
Өгейлік пен өктемдік пед өнегең?
Сеземісің тамырыңды үзгенді,
Безе қашсаң үлгісі мол көнеден?

Ақтабан боп көп шұбырған қазағың,
Тартқан зардың, шер мен мұңның азабын.
Елім салған «Елім-айдың» әнінен
Жетеді әлі құлағыма азалы үн.

Елдің зарын жеткізіпті жас бала,
Жас бала емес. Біле білсең - хас дана!
Шырақ жақты ол тірілтем деп рухты
Сол шырақты өшірем деу - масқара! -

деп менің «Елім-ай» романымды шығартпауға жанын сала өршеленген атақты, айбарлы жазушы ағаларыма қарсы атойлап адалдық, әділет қылышын жалаңдата ұмтылған асыл адам - абзал ағам Әзілхан Нұршайықов еді. Өйткені ол адамдық биіктен пенделік шыңырауға құлдырағандардың бітіспес қас жауы болатын. Сондықтан да Әзағам ақиқатқа үнемі құлаш ұрып, пендеден адамға, адамнан Азаматқа, Азаматтан Тұлғаға айналған шынайы Қаламгер еді. Өйткені

Жөні бөлек Әзағамның өзгеден,
Көрері көп көңіл деген - көзбенен.
Тазалық бар, мөлдірлік бар жанында
Мұрт пен қырттар ешқашанда сезбеген.

Сол арысымыздың арамыздан кеткеніне бүгін жыл толыпты.

Сол ардағымыздың пәниден бақиына көшкеніне бүгін бір жыл болыпты.

Бүгін ардагер Әзағамыздың мәңгілік ғұмырының басталғанына жыл толыпты.

Бүгін - тұл тұлпардың сойылар күні.

Бүгін - қаралы тудың жығылар күні.

Бүгін - белдеуге қыстырған қаралы найзаның сынар күні.

Бүгін - буылған теңнің шешілер күні.

Бүгін - тігілген септің сөгілер күні.

Бүгін - қара қабақтың ашылар күні, еңкейген иіннің тіктелер күні.

Бүгін - қазаның артын күткізген азаның бітер күні.

Бүгін - өзектегі өксіктен арылып, өмірдің ертеңіне жадырап аттайтын күн.

Арысын ардақтайтын қазақ қайғыра білуді де, қайғыдан серпіле білуді де мықтап ескерген. Сондықтан астың артын тойға жалғастырған. Жаралы жанды қаралы ойдан айықтыру үшін бәйге тігіп, жарысқа ат қосқызған, күреске палуан түсірген.

Әзағамның қадірменді ұл-қыздары, немере-шөберелері! Сендерге тағы бір көңіл айтып, асыл Ағаның Елінің жүрегіне мәңгі бөленгенін ескерткім келеді.

Қайран аға!
Қайран абыз, кемелім!
Ұмытпайды барша Алашың,
Сені Елің!
Орны толмай үңірейіп қалатын
Азаматты әкетеді неге өлім?
Қайтейік... Бақұл бол, Аға.

2012 жыл

ТАУЫП ЕҢ ҚҰЛЫНЫҢДЫ...

(Оралхан Бөкеевтің туғанына 70 жыл толуына байланысты өткен кеште сөйленген сөз)

Тұщы емес, ащының да дәмді боларын, басшы емес, қосшының да мәнді боларын сезген жасқа іліктім бе, жеткеніме бүгілуден гөрі, өткеніме көбірек үңілетін болып алдым, ағайын.

Көңіл көзімнің көрері ұлғайып, естелігім бөлінбес еншіге айналғанын несіне жасырайын.

Тағы да артыма бұрыла қарап, бір ұмытылмас кездесуді алдарыңызға жайып салайын.

1986 жыл. Күз. Орталық комитеттің үйінен шығып келе жатсам, Оралханның кездесе кеткені. Түсі пәс.

- Оу, Ораш-ау!.. Қабағың салыңқы ғой, - дей бергенім де сол еді, Оралхан кеудеме басын төсей берді.

- Бермесе, бермей-ақ қойсын сыйлығын. Ал бірақ мені тәлкек етпесін. Ешкімге есемді жібертпеймін... Әлі жіберткем жоқ.

Қаламгердің жан дүниесінің қатты ширығып тұрғанын түсіне қойдым. Сол күні Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылатын авторлардың тізімі түзелген еді. Комиссия мүшелерінің біразы Бөкеевтің фамилиясы айтылғанда, онша жақтырмай, дуылдаңқырап кеткен-ді. Айыптарының бар түйіні - «қаламгердің шексіз тәкаппарлығы, дандайсып бара жатқаны. Желкесіне түскен шашы мен кекжиген басы басқаларды менсінбес менмендіктің тап өзі!» Шығармаға қатысы жоқ осындай бөтен-бөстек сылтау, кінараттауымен тізімнен сызғызып-ақ тастағандары ғой. Шыдай алмай кетсем керек, әлгілердің авторының кейбір мінездеріне бола жақсы шығарманың жолын кесіп жатқандарын қызына айтып, кітапты тізімге қайта қосқызған едім.

Осы екі арада әлдекімдердің әулекіленіп, Оралханның шабынан түрте қойғанына қатты кейісем де, өркөңіл досымның қиналған көңілін жұбатып, кітабының сыйлыққа ұсынылғанын жеткізіп:

- Орашжан-ау, бұл өмірде күйінтетіндердің кейде сүйінтетіндерден де асып түсіп жататынын менен де бұрын білуші ең ғой. Бекер қамыға берме. Тік жүріп келесің, қаңқу сөзден қаймықпай, сол тік қалпыңмен тура қарап өте бер, - дегенімде.

- Әу, Сүкем! Сүкем менің рахмет. Сөйтемін. Тіке тұрып тура тарта берем! - деп ақсия күлген-ді.

Сол түр-түсі күні бүгінде есімде. Өйткені еске түсіруің көбейсе, ескіруің азаяды. Ескірмеуге тырысайықшы, ағайын!

Ғұмырды келтелеп тым,
Неге сен ерте кеттің?
Мені енді айта алады
«Сүкем!» деп еркелеп кім?

Тарықпас тарланым-ай,
Жүйткуші ең алда ұдай.
Жалғызды жұлып түсер
Бар болсаң,
Зарла, Құдай!

Үзсе де ғұмырыңды,
Бұза алмас дүбіріңді
Шауып ең пырағыңмен
Тауып ең құлыныңды...

2013, қыркүйек

ЖЫЛАТА ДА, ЖҰБАТА ДА БІЛУШІ ЕҢ...

Қайрат Жұмағалиевпен қоштасудағы сөйлеген сөз)

Ақынның көкірегіне шер болып, зар болып, мұң болып енетін қасіретінен ән болып, жыр болып, сыр болып төгілетін қасиетін бәріміз білеміз. Ал осы қасиетінің еліне жетіп, ұлтының кеудесіне егілетінін және сеземіз.

Қасіретін қасиетке айналдыра алған ақын Қайрат Жұмағалиев еді-ау.

Біз бүгінде ойлантып жылатуға емес, шымшылып күлдіруге ғана, дұрыстап түзетуге емес, оп-оңай бүлдіруге ғана көбірек үйір болып бара жатқандаймыз. Сахнамызда да, экранымызда да қытықтасақ та, мынау марғау қазақты ыржалақтатып бір күлдіре алсақ, соған кәдімгідей мәзбіз. Өксіте білу - құдірет. Іштен ақтарылған көз жасы көкірегіңді аршып, жаныңды жаңартады. Жылата алып, жұбата білетін ақын Қайрат Жұмағалиев еді-ау...

«Анасы бар балалар ешқашан қартаймайды» дейтін Аналарды асқақтатқан өлеңімен бүкіл қазақтың көңіл көкжиегінен орын алған ақын да Қайрат еді-ау.

«Экваторды шеңберлей қазақ қоныстаса, тиын-тебенсіз-ақ жұмыр жерді айналып шығу түк қиын болмас еді» деген пікірімен-ақ халқының қонақжайлығын, меймандостығын, шынайылығын, бауырмалдығын жайып тастап, өз кеудесінің кеңдігін де көрсеткен ақын Қайрат Жұмағалиев еді-ау...

Қарапайым жанның алдынан айқара ашылған есік оны дабырайтпай-ақ төрге шығаратынын ескерсек, ақын Қайраттың сол төрде көкірегін кермей, төсін ұрмай-ақ отырып келгенін айғақтайық. Айғақтайық та сол төрде мәңгілік қала беретінін бүгін бұрынғыша қызғанбай, күндемей, аузымызды толтырып айтайықшы, ағайын.

Өлген жанның қасиеті елде қалады, қасіреті көрге кетеді. Ал дәл қазір біз жақсы Қайраттың қасиетімен қауышып та тұрмыз, қасіретімен қайысып та тұрмыз.

Не істейік... жүрек сыздағанмен, жан мұздағанмен - ажалға қарсы амалымыз жоқ.

Бақұл бол, Қайрат аға, ақын аға!...

АТАДАН ТУЫП АЛАШЫНА ҰЛ БОЛҒАН

(Әшірбек Сығаймен қоштасу сөзі)

Рухы көктен үңілер,
Ағалар!
Қайран інілер!
Өлмеген мәңгі Тірілер!
Сендермен шуақ шашырап,
Сендермен шындық тірілер.
Қадірің күнде білінер
Сағындым бүгін ірілер! -

деп әлден-ақ сағыныштың сазын жүрегімнен оятып кеттің ғой, Әшірбегім- ау!...

Әшірбек - бірдің көпті үйірерін, көптің бірге иілерін танытқан кешегі кемеңгерлердің тамшысы еді. Тамшының - көлге, ұлдың - ерге айналатынын һәм танытқан кемеліміз де еді.

Даулы топқа салса, дүрілдеп арқасы қозатын, намысты жарысқа салса, дүбірлетіп озатын жүйрігіміз де еді. Әшірбек түрымтайдай түрімен қыранның ерлігін жасайтын. Жақсыны алқалай марқайтып, жаманды аттатпай тұсайтын Әшірбек еді. Атадан туып, ата қазаққа ұл болған азамат еді. Сол Алашына ұл болып туып, құлдай қызмет еткен Азаматы еді Әшірбек!

Амал не.... Қадірменді қазақ жұрты! Ардақты Алаш ұлты! Сен сол Азамат ұлыңды азалап соңғы сапарына аттандырып тұрсын.

Мен сол Азамат бауырымды қимай, жаралы жүрегімді мазалап тұрмын. Бір ғана жұбаныш: Тәні жер қойнына кеткен Әшірбектің жаны елде, бізде қалды. Ол енді жер бесігіне де, ел бесігіне де мәңгі бөленеді.

Халқының жүрегінде өзі, елінің естелігінде сөзі қалады.

Өмірге пенде біткен жылап кіріп,
Жүреді итшілеумен құлап,тұрып.
Күрсінтер адамзатты
Сол ғұмырдан
Өткенін Азаматтың бір-ақ біліп.

Бақұл бол, бауырым!

2014 ж., желтоқсан

ҚАЙРАН ҚАРА НАРДАЙ АҒАМ-АЙ!

(Сәкен Жүнісовтың 80 жылдығына арналған кештегі сөз)

Алдым үңірейіп, артым азайып, қатарым сиреген жасқа жеттім бе, кейінге қарап үңілуім мен ілгеріге қарап түңілуім көбейді. Содан ба кешегімнің кемелдерімен кездескен сәттеріме көңіл көзіммен қиялдана сүңгіп кетуді әдетке айналдырып алғанымды несіне жасырайын.

Қадірменді алаш азаматтары! Бүгін мен осыдан тура ширек ғасыр бұрынғы бір көрініс көз алдарыңыздан өткізгелі тұрмын.

Жазушылардың бүгінде көзден бұлбұл ұшқап Шығармашылық үйі. Қаламгерлердің жасы бар, жасамысы бар дуылдасып бас қосып, шүйіркелесіп сыр ашатын ордасы еді-ау.

Тыңның 35 жылдығына арналған кешті Сәкен аға екеуіміз фойеде көріп отырғанбыз. Кенет ағаның түсі сұрланып кетті. Қылғына жұтынды да:

- Софы, мен саған аспан мен жердің алысқанын көргенімді айтайын. Қазағымның қабырғасы қайысқанын көргенімді айтайын. Осыдан 35 жыл бұрын дүрілдетіп тың келді. Тыңмен бірге одан қашқан, бұдан қашқанға ілесіп жын келді. Алашыңның көкірегіне зар, жүрегіне мұң келді. Халқым қоныс-өрісінен қуылып, жерден айрылды. Ал қақырап қақ жарылған жерің сөлден, нәрден айрылды. Қайран далаң тілім-тілім жыртылды. Қасірет пен қайғы басты жұртыңды. Аспанның селдетіп жылағанын көрдім. Шарасыз еліңнің көз жасын бұлағанын көрдім.

Жаным жылап, өкпе-бауырым сөгілді. Ыза-кегім ақ қағазға төгілді. «Жапандағы жалғыз үйім» солай туған-ды.

Жалт қарадым. Кірпіктеріне қонақтай қалған қос тамшыны көрсеткісі келмеді ме, Сәкен аға орнынан тұрып кетті.

Бөлмеме келіп әлгі әсерді үш шумақ өлеңге сыйғызбақ болдым.

Ертеңінде әлгі өлеңді ағаға оқып бердім.

Үндемей ғана қолымды қысты. Сәлден соң:

- Ұлттың ұлы болуы ұлдарының мақсатының ұлылығы мен ұсақтығына байланысты. Ал біз ұлылықтың қыранын қолға қондыра алмай, күйкіліктің күйкентайын жемдеумен

әлекпіз. Ал сен... сен ақынсың. «Елім-айың» тұнып тұрған лирика. Бірақ сенде майысқақтық жоқ. Мынау біздің кеңестік билік үшін сенің жазғандарың оларға үнемі бауыр боп жетеді. Сен құйрық-бауыр дегенді ескермейсің. Биліктің көңілінен шығу үшін мақтау-мадақтауға толы шығарма жазып, құйрық асатуды білмейсің. Сондықтан сен, бауырым, жоғарғылардың оң қабағынан да, сый табағынан да мақұрым қала бересің.

Мен «Ақан сері» дилогиясына «Жапандағы жалғыз үй» романына алмаған сыйлықты «Өліара» атты пьесама Ленинді арқау етіп, желпіндіргенім үшін алғанмын. -

Сәкен аға ашық еді, адал еді. Өзі айтатындай «серілік - әсемдіктің, өнердің нысаны еді адалдық пен әділдіктің жақтаушысы еді».

Сәкен аға қай жерде, қай мықтының алдында болмасын ентелеп жетіп, екпіндеп сөйлеп кететін. Кей-кейде еркіндеп ағылып, төтесінен ертелеп қайыратынын кейбіреулер әрине жақтырмайтын. Бәрібір турашыл мінезін ту қылып өткен Ұлы қаламгер шұғыл килігіп, шұғыл шүйлігуден ешқашанда жаңылған емес.

Содан ба, сері ағамның өмірден өтуі де шұғыл болды ғой.

Сәкен аға, ақпанда туған күнің келер жылға аттамай қарашада өтіп жатса да, анау Астанадан мынау Алматыдағы кешіңе мықтымсынған төрелердің бірінің төбесі көрінбеді десек те, мерей тойыңнын өтіп жатқанына шүкірлік білдірем де.

Араммен ауызданған бай-төрені
Шындықпен шырылдатса қайтер еді.
Іргесі өтірікпен көмкерілген
Құлайды-ау көп мықтының бәйтерегі, -

демеске алмалым жоқ.

Ал Сәкен сері аға, сенің ғасырдан ғасырға кетер іргең берік, бәйтерегің биік. Өйткені сен мәңгіліксің!

2014 жыл

АРЫСЫМ-АЙ, НАМЫСТЫМ-АЙ!..

(Жұмабек Тәшеновтың жүз жылдығына арналған кештегі сөз)

Қазақ қонақжай, бауырмал, кеңпейіл, аққөңіл дейтін қасиетімен асқақтаған ұлт еді. Қазақ күншілдік, бақастық, қызғаншақтық тәрізді қасіретімен жербауырлаған халық еді.

Бұрын қасіретін қасиетімен жеңіп, адамзаттық биікте тұратын. Бүгін қасиетін қасіреті бүктеп, пенделіктің апанына құлдырады.

Ұлтының ұланынан ұранына айналар, елінің бүгінінде ескерілмесе де, ертеңінде Еріне айналар Алаштың азаматтары көп.

Сол ұланнан ұран боп шалқыған, ұлынан ері боп шарықтаған асыл алашымыз - Жұмабек Тәшенов еді-ау! Амал не, сол арысымызға айтар алғысты, жасар қошемет-құрметті көрсетпей, шаласын мадақтап, данасын балақтайтын қазақ - желбуаз халық екенін тағы бір дәлелдеп отыр.

Өйткені керекке жарамайтындарды керемет тұтқан заманымыз ерімізді көрге тығып, езімізді төрге шығарғанына мән беруден баяғыда қалғанбыз.

Әйтпесе әлгі төрдегілердің жоқ батырын ойлап тауып, шоқпарын шошаңдатып төбеден төменге қыдитып орнатқанына да, болмаған биіне, толмаған олқысына қала мен даланың атын беріп жатқанына да мыңқ етіп, тіс жара алмаймыз. Ұлы мақсат барын, ұсақ тілек боларын ажыратудан мақұрымбыз. Әйтпесе ұсақ тілекті пенделерді бетке ұстап, ұлы мақсатты іске асырған асылымызды жасқаумен жүрмес едік қой.

Әйтпесе өзі сақтап қалған анау Петрпавлдың атын Тәшеновке берсек, тақиямызға тар келер ме еді. Өзі қорғап қалған мынау Павлодарды Тәшеновтің атымен атасақ, хандығымыздан таяр ма едік. Халықтың қалтасынан тамшылатқан қаржы-қаражатқа Қазақстаннан бастап жұмыр жердің әр пұшпағында біреуге орнатып жатқан ескерткіштердің бір тұғырына Жұмабек арысты қондырсақ, азаматтығымыздан баз кешер ме едік.

Жоқ қой бізде ондай білгірлік, алғырлық, кемеңгерлік...

Қайтейік...

2015 жыл

ҰСАҚТАН ІРІ ТУҒЫЗҒАН

(Жұмекен Нәжімеденовтың 80-жылдығына арналған кеште сөйлеген сөз)

Мынау бар мен жоқтың арасынан, мекен, мезгілі белгісіз бұлдыр тұман-хаостың ішінен суырылып жеткен әр пенделік ғұмыр ақтық демін ышқына шығарғанда тәнінің жерге кетерін бәріміз білеміз. Ал рухымыз, жанымыз қайда кетпек? Бар мен жоқтың қай пұшпағына ноқаттай ғана болып қосақтала салмақ?

Жұмекеннің хаостың бар мен жоқ деп аталатын белгісіздігінің қай қуысынан келгенін мен білмеймін. Ал қайда кеткенін айғақтап айта аламын. Жұмекен азаматтың, Жұмекен тұлғаның, Жұмекен алыптың тәні жер бесігіне, рухы, жаны халқының жүрегіне, ел бесігіне кеткен.

«Не бітірдім? Не тындырдым? Не бердім?» дейтін сауал - әр адамның төбесінен тоқпақтай төнер зілі мығым сұмдық сұрақ қой.

Жұмекенді «не бітірдім?» деген сауал қинамайды. «Бітірерім мол еді-ау!..» деген өксікті өкініші өзегімізді қабады. Бірақ дәтке қуат етеріміз - Жұмекен ағаның аз ғұмырында тындырғанының молдығы. Сондықтан да ол асқақ та арлы ақын болатын. Әлемнің қатпар-қатпарына көңіл көзімен үңіліп барып, Дүниенің тура сөзін жүрек тілінің сезімнің шыңына айналған жырымен жеткізген.

Жаныңды жандырып күйдіргенді, егілтіп күйзелткенді, тасытып қуантқанды, шошытып қорқытқанды ғана жазу - мықтының мықтысының тірлігі. Сол тірлік иесі, ақындықтың киесі, - халқының көксеген ойы шығармасының бойынан көрініп тұратын Жұмекен аға еді.

Ол - ұсақтан ірі жасаған қаламгер.

Ол - кішкентайдан ұлылық туғызған ақын.

Оның прозасы - биіктік, поэзиясы - тереңдік болатын. Біз оның биігінің етегінде, тереңдігінің жағасында жалтақтап жағалаумен ғана жүрміз.

Біз Жұмекеннің ой жырасындағы мөлдір тұмадан қанып ішіп, ұланнан қыранға айналған құдіреттіміздің аруағына тағы бір бас иіп: «Сен біздесің! Бізбен мәңгілік біргесің!» деп алғысымызды білдірейік, ағайын.

2015 жыл

Софы-Шахмина – жас жұбайлар,
1985 ж.

Манас, Динара, Жанар, Алмас Марғұланмен, 1993 ж.



Шахмина немерелері – Марғұлан, Әнел, Жанмен, 2001 ж.

Жазушылар құрылтайында, 1987 ж.



Манас Марғұланмен, 1993 ж.

Туыстармен Шоқан зиратының басында.

Шәмшия – Шахмина екеуі, 1990 ж.

Құдасы Мэлспен, 1994 ж.



«Алатау» санаторийында, 1987 ж.

Өзінің үлкен отбасы,
2001 ж.

Тұмаш ағасымен,
2004 ж.

Туысқандар, достар ортасында, 2004 ж.

Жолдастар, туыстар бас қосқанда,
2004 ж.

Сматаев 60- та,
2001 ж.



Қаламгерді қырғыз қонақтар құттықтауда,
2001 ж.

Сматаевтың мерей тойында, 2001 ж.

Кітап палатасында,
2003 ж.

Балқаш қаласында.
Туыстар, 2004 ж.

Зағипа Балиевамен, 2007 ж.

Құдалармен, 2007 ж.

Кітап палатасы директорын құрметті демалысына
шығарып салып тұр, 2006 ж.

Нағашысы генерал Боранбай 85-те,
2005 ж.

Семей. С.Сматаев, Р.Сыздыкова, С.Кирабаев,
1995 ж.

А. Жақсыбаевпен.

М.Ысқақбаймен.

Академик Я. Әубәкіров және оның жұбайымен,
2004 ж.

Тоқтар Әубәкіровпен,
2004 ж.

Баян Рақышевтің тойында Сара жеңгесін құттықтауда,
2004 ж.

Актриса Күнсұлумен,
2011 ж.



Ақтарылайыншы бір...

Туыстар арасында,
2013 ж.



Сматаев, К.Аухадиев, А.Әшімов, Ш.Құлмаханов,
2012 ж.

Солдан оңға: Ө.Бәйгелді, С.Сматаев, З.Ахметова, А.Әшімов, Н.Оразалин және М.Дайырбеков жұбайымен.

Анкара.
Ататүрік мавзолейінде, 1992 ж.

Шахмина екеуі.

Немересі Әлиханмен.



Немерелер Жан, Марғұлан, 1995 ж.

Немерелер Жан, Марғұлан, 1995 ж.



Немерем Әлихан, 2018 ж.

Шахмина екеуі Әлиханмен, 2017 ж.

Жанар Әлиханмен, 2017 ж.

Көрермендер ортасында.

С.Сматаев. 70-те.



Әлихан 1 жаста, 2017 ж.

Немерелерімен.

Анталияда, 2010 ж.



Меккеде, 2016 ж.



Балалары, немерелерімен.

Шахмина екеуі үйінің ауласында.



Әнші Рымкешпен.

Әбдіжәміл, Орынша, Нағима апайлармен.

Софының тойы. 70-те.

Екеуі немерелерімен Анталияда.

Ғабит Досановпен, 2013 ж.

Генерал Совет ағамен.

МАҒНАЛЫ ҒҰМЫР ИЕСІ ЕДІ

(Қалихан Ысқақтың қырқына берілген астағы сөз)

Тірлік кештім деу - өмір сүрудің баламасы емес. Хайуан екеш хайуан да тірлік кешеді.

Ал өмір сүру - зұлымдық пен ізгіліктің арпалысының арасынан дұрыстап өте білу ғана. Ғұмыр дейтін құпияң - зұлымдық пен ізгіліктің таласып енер қоржыны ғана. Қай жағына құлшынып, көңіліңді көбірек ашсаң - соның ерік-ырқында кетесің. Бір дүниеге екі туу жоқ. Тудың екен қыл аяғында дұрыс өлуіңді мықтап ойла.

Қалихан аға ғұмырының мағынасына ерекше мән берген адам. Өйткені ол жазушының құдірет иесі екенін жүрегімен барынша түйсінген қаламгер. Ал жазушының жүрегін шошыту да, тасыту да оңай. Басу қиын. Жүрек сезіммен шалқып сөйлеп кеткенде тіл тұсалып, дүниенің түгел сөзі тиылып қалады.

Сондықтан да біз Қалекеңнің жүрегінен шыққан әр лебізінің шынайы тазалығына, күн шуағындай мөлдірлігіне тәнті боп келдік. Тәнті боп құмартып қала береміз. Өйткені Қалихан аға Ысқақтың қаламгерлік қасиеті - оқырманының ұйқыдағы ойын түрткілеп оятуында ғана емес, өзгенінің өзегіндегі өксікпен өзінің қоса өкіне білуінде.

Сөзіме дәлел келтірейін.

«Ау, Софы. Сен «Елім-айыңмен» бүкіл қазағыңнан тілеулес дос тапқаныңды білерсің. Ал менің саған айтарым: «Елім-айыңмен» бүкіл қаламгер қауымынан бітіспес қас тапқаныңды да ескер. Қызғаншақ күншіл әріптестерің етігіңнен шалып, етегіңнен тартып өтер!» деген-ді.

Қайталап айтам. Қалихан аға жазушылық құдіретін қасиетіне айналдыра алған киелі жан.

Қалдық па жармасудан кекке мүлде,
Қадаумен жасық көзді көкке күнде?
Кім бізді шығарады ұшпағына
Көл қылып запыран жас төккеніңде?

Өтеді талай ащы, тәтті күнің,
Өксіткен өкінішің, сәттілігің.
Жетпейді ғұмыр бойғы итшілеуің
Дүниенің бір сәтіне пәктігінің! -

деуші едің, Қалағам. Сол пәктігіңе бас иіп, бақұл бол, аға! дейінші.

КЕШІР БІЗДІ САҒИ АҒА!

(Сексен жасына арналып берілген
асында сөйлеген сөз)

Заманына қарай адамы болатын, адамына қарай амалы болатын кер кезеңге кез болғанымыз сондай, адалды араммен алмастырдық. Жақсыны жаманның қанжығасына бөктертіп жібердік. Атақ абыройларын жылап алған, сұрап алғандардың өзгелерді кеуделеп кимелеп, омыраулап соғатындары ғаламат, шын талант, шынайы дарын иелері бүгінде жол шетінде, шалғай шетте, қалыс қуыста ығысып, бүрісіп қалып бара жатыр.

Ал біз кімбіз? Кімбіз біз бүгін? Соқыр, саңырау һәм мылқаумыз ба?..

Әйтпесе **аппақ сезімнің** ақша бұлттарын көңіл көктеміміздің көгінде ақ ниетінің **ақшанқан туындай** желбірете қоятын **Сағи лирикасынан** қалай ғана адасып қалғанымызды ескерер едік қой.

Әлем-жәлемі көп көз қарықтырар алабажақ бояусыз-ақ адам жанының нәзік қылдарын шертер табиғи табиғат суреттерін кеудеңде тірілтер **Сағи нәзіктігінен** неге тез көз жазып қалдық?

Дүбірлетпей-ақ, дүрілдетпей-ақ жан-жүйеңді дірілдетіп қалып, кеудеңнен күй, көмейіңнен еріксіз ән төгілтетін **Сағи сыршылдығынан** қалай ғана оп-оңай қол үзіп кеттік?

Көңіл көкжиегін кеңейтіп кешегі жарқын балалығыңның пәктігін көз алдыңа мөлдіретіп тоса қоятын, ертеңіңнің ерекшелігіне елжіретіп асықтыра қоятын **Сағи сезімғалдығын** неге ерте ұмыттық?

Кімбіз біз? Жабайы, дөкір тірліктің құлы болып бара жатқанымызды ұғамыз ба?

Ұға алсақ, сыршыл да сезімтал, нәзік лириканың мықты егесі, Сағи аға, өзіңді Тұманбай, Мұқағали, Қадырдың қасындағы төрдегі орныңнан төменге сырғытып, босағада қаңтармас едік қой.

Кешір бізді, Сағи аға! Ақ сәулеге оранған ақбоз аттағы ақын аға!

2015 ж., мамыр айы

ӨЗГЕДЕН ТУҒАН ӨЗІМІЗДІКІ ЕДІ ОЛ

(Герольд Белъгердің қырқына берілген аста сөйленген сөз)

Кемшілікті даттауда -
Шыбындаған аттаймыз.
Жақсылықты мақтауда -
Бір ауыз сөз таппаймыз...

Иә... Жақсымызды даттауға келгенде мықты, мұқатуға келгенде күпті бола қалатын ұлтпыз.

Сондықтан да өзіміздік дейтін төріміздің өзегімізден тебуінен, өзгенің есегін өнеге тұтып, ұрандата жөнелуінен әбден ығыр боп біттік.

Ал өзге жанның өңешімізден ақтарылар өксігіміз бен өкінішімізді өзінікінен де артық етіп төгу һәм соны жоғарыға да, төменге де жұрт жадынан жойылмастай етіп егу - некен саяқ. Сол некен саяқ азамат, өзгеден туып, өзіміз болып кеткен Герольд аға, Герольд бауыр!

«Ұлтымның ұланы ғана емес, ұлтаны да болам!» дейтін қай арлы қазағыңнан артып түспесе, кем емес еді ол. Кемелдігін кемеңгерлігімен асырып, азматтығын адалдығымен асырап, кедейлігін кеңпейілімен жасырып келгенін білсек те, білмегенсіп келгеніміз өтірік пе, ағайын?!

Оны қызғанудан да, күндеуден де құралақан емес едік.

«Көптің көңілінен шығардай болып тыраштанып, көлденеңдеп килігіп, көзге түсіп ұпай жинамаққа тырысқан пысықай неме!» деп сыртынан күбірлейтіндеріміз бар еді-ау.

Ал бүгін арымен келісіп төрге берілмей келген Гераны, батылдығына жүгініп - жеңілмей өлген Гераны баршамыздан да бұрын жанын жалдап, арын саудалағандардың да ардақ тұта қалғандарын көргенде, қатты шошитынымды қалай жеткізермін, қалың жұртым қазағым?

Жоғалған пышақтың сабы алтын екенін қайтейін, сол пышақтың жоғалмаған кезінде-ақ жүзінің өткір болғанын айта алмай келсек.

Кешегі күнінде шарасыздықтан тарыққан көңліңе кеңшілік көрсете алмасақ, кешір бізді Гераға!

Кең жүрегіңнің адал да асқақ әрекеті өзгеге де, өзімізге де жұғысты болсын, Гераға, зор Аға!

2015 жыл

ЕРЕКШЕ ЕДІ-АУ ОРЫНЫ

(Ілияс Есенберлиннің туғанына жүз жыл толуына байланысты айтылған сөз)

Шалына қарап шаңырағын сыйлайтын заманнан өтіп кетіп, шаңырағына ғана қарап шалын сыйлайтын шалапай кезеңге тап болғанымызды елеуден қалған ұлтпыз. Шаңырағы биік шал-шауқанның білегіне жармасып, қалтасы қалың байшыкештің етегіне оралып, етігін сүюден жалықпаймыз.

Сол себепті де Ілекеңдей, Ілияс аға Есенберлиндей ардағымыздың туғанына жүз жыл толғанын мүлде елемейміз әйтпесе мәре-сәре боп тойлап, азаматтың абзалдығын ардақтар едік қой.

Ал Ілекеңнің қазақ өркениетінен, мәдениетінен, әдебиетінен алған орны ерекше бөлек-ау.

Біріншіден, Ілекең - адам, азамат, тұлға.

Екіншіден, Ілекең - қаламгер, кемеңгер, классик.

Үшіншіден, Ілекең - еңбекқор, күрескер, қайраткер.

Төртіншіден, Ілекең - көпшіл, ұлтшыл, елшіл.

Пендеден адам болып көтеріліп, адамнан азамат болып көркейіп, азаматтан тұлға болып асқақтаған Ілияс ағаға дейтін күншілдік әлі де арылмай, көре алмаушылығымыз күн сайын күшейе түсетін тәрізді. Әйтпесе талантты жастарға құшағын кең ашып, ағалық қамқор қол ұшын созып әдебиет дейтін киелі ауылдың өрісті жайлауында өз отауларын көтеруге көмек-жәрдемін аямағанына бас иер едік қой. Әдебиеттегі отауын өз орнына берік орналастырған Ілекеңнің шәкірттері - әріптес серіктері - Сәкен Жүнісов, Жайсаңбек Молдағалиев, М.Мағауин, Р.Нұрғалиев, Қ.Жұмаділов, Қ.Жұмағалиев, А.Жақсыбаев, т.б. еді ғой.

Халқының өткеніне, ұлтының кеткеніне көңіл аудартпай, көз қадалтпай мәңгүрттіктің қапасында тұншықтырып келген кеңестік кезеңнің берік те тұйық саясатына жалаңаш кеудесін жарқырата қарсы ұмтылып, темір қамалды бұзып шыққан да Ілекең еді ғой. Халқының тарихын терең қопарып, дәстүрінен, салт-санасынан, әдет-ғұрпынан айырыла жаздаған ұлтының көз алдына тоса қойған да Ілекең еді ғой.

Мамандығы инженер болғандықтан қазақ әдбиетіндегі жұмысшы, зиялы қауым өмірінен өрбіген шынайы

романдарды алғашқы боп жазған қаламгер де Ілекең еді ғой.

Құм басқан, шаң қапқан, ғасырлар топырағына көмілген көне тарихымызды тірілткен алты томы - Ілекеңнің батылдығы мен ерлігінің айғағы да еді ғой.

Ілекең - энциклопедист те еді-ау. Қаламынан поэма-дастан да, пьеса мен сценарий де, ән мен ән текстері де қозылап туып, балалап өрбіп еді-ау.

Ал осы асылымызды жасытуға, жүйрігімізді аяғынан шалуға жанталаса ұмтылған күншіл, міншіл, бақас күйкі замандастар көп болған-ды. «Көшпенділер» трилогиясы Лениндік сыйлыққа ұсынылғанда әлгі қара ниет әріптестері ақты қаралап, тазаны былғап Мәскеуге қап-қап арыз бен сын-мінді қардай жаудырған-ды да. Ал сол жолы Ілекеңмен сол сыйлыққа қатар ұсынылған грузин жазушысын қолдап, грузиндер Мәскеуге состав-состав жеміс-жидегін, арақ-шарабын жөнелтіп жатқан-ды.

Ұлт пен ұлттың ұлттық намыс үшін қалай күрескенін өздеріңіз ажырата беріңіздер, ағайын.

Ал біз адамдық биіктен пенделік шыңырауға құлдырағанымызды ескеруден қалып барамыз. Оған дәлелім: Р. дейтін бір қаламгер ағаларының қолынан түсіп қалған сойылды іліп әкетіп: «Ільяс Есенберлин жазушы емес!» дейтін шырылдауды шығарыпты.

Арысын ардақтайтын қазақтың ардақтысына тас лақтырып жатқан әлдекімнің қастандығына қарсы тұрмай, үнсіз қалғанына таңым бар.

Ал ұлы Ілекеңнің пәни дүниенің есігін ашқанына жүз жыл толғанын әупірімдеп қана еске алып отырғанымызды тәуба дейікші. Кімнің кім екенін уақыт-құдірет аршып алар әлі-ақ...

2015 жыл

ЕРКІН ӘУЕЛБЕКОВТЫҢ ҚАЗАСЫН ЕСТІГЕН СӘТТЕГІ ҚОБАЛЖЫҒАН КӨҢЛІМНІҢ ҚОШТАСУ СӨЗІ

Бүтін көңіл айналғанда жартыға,
Бар ғұмырың ауысқанда артыңа,
«Не тындырдым, не бітірдім, не бердім?»
Деп ойлайсың мынау қазақ халқыма.

Ақтық демі бітіп, көз жұмарда: «Кімім бар? Кімім жоқ?» деп алдына қарап үңіліп, артына қарап түңілер қазақ бар.

«Күнім бар, түнім жоқ!» деп алдына қарап шалқайып, артына қарап марқаятын қазақ бар.

Алдыңғысы күйкі тірлік кешіп, желді күнгі туырлықтай желпілдеп өсек тасып, сұмдық ойлап, сұмырай тілек сауған пенде.

Кейінгісі жоғалғанды жоқтап, жығылғанды жақтап, тонағанды таптап өтетін Алаштың ардагер азаматы.

Сондай асыл Азамат Еркін аға Әуелбеков еді.

Өйткені ол жоғалғанды жоқтап, жығылғанды жоқтап, елін тонағанды таптап өткен Алаштың ардагері еді.

Өйткені ол ағайынын ғана емес, жұртын - жақының дейтін, қандасын ғана емес, қазағын, ұлтын - ұрандасым дейтін ұлыстың ұлы еді.

Ұлтының ұранына айналмаса да, ұланына айналар, Елінің бүгінінде ескерілмесе де, ертеңінде Еріне айналар алаштың азаматтары көп.

Солардың бірегейі - Еркін аға Әуелбеков еді.

Дүниеде Ай аумайтыны рас. Күн аумайтыны ақиқат. Алтынның шірімейтіні, асылдың айнымайтыны айқын. Сол асыл аға - Еркін Әуелбеков еді. Ол баладай аңқау, сәбидей сенгіш қазағына аға болған абзалымыз да еді. Ерағам өлмейді. Оның аты халқының есінде қалды. Оның мейірлі жүзі қазағының жүрегінде қалды. Халқының ұлын Алашы ұмытпайды. Бақұл бол, қасиеттім, қадірлім, қарағайдың қарсы біткен бұтағындай қайсар Қазағым!

1999 ж., ақпан

ДІН ЕРМЕГИЯҰЛЫ АҒА МЕН БАЛКЕН АПАНЫҢ ТУҒАНДАРЫНА ЖҮЗ ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН ЖИЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Қадірі қанды тулатар, қасиеті жан, жүректі шымырлатар туған жерден - атажұрттан өтер мекен болмайды. Жаралған топырағынан, нәр алған бұлағынан, жұтқан ауасынан ажырап қалып, тағдыр тәлкегімен, замана екпінімен, биліктің тепкісімен ауа көшкен жұрттың күй-жайын тілмен жеткізу қиын. Сағыныш сарғайтқан сананың күрсінген көңілін жұбатар құдірет бар ма екен? Көкірегін қарс айырған өкінішті өксікті жеңілдетер жанашыр табылар ма?

Кіндік қанның анасы - туған жер ғой.

Кіндігімен байланар түп қазық та - туған жер ғой.

Қазығы сынып, жер-анасы аңырап артта қалса, алдына үңілген көздің түңілген түйсігін кім жадырата алмақ. Өзегін өртеген перзенттік өкініш жер-анасын қайта бір аймалай алар ма?

Аңсаған мұрат, көксеген бақ - биік тақта емес, тақымға басқан арғымақ атта емес. Бақ пен мұраттың тұғыры - «Елім!» деген жүректің ыстық қанында. «Жерім!» деп өксіген көкіректің жалын лебінде ғана.

Голощекиндік тәркілеудің тауқыметін қазақ қана тартқан. Сүттей ұйыған елден ығысып ынтымақ қашқан. Ынтымақ арадан көшкенде, арсылдап өшпенділік өскен. Жақынынан жау жапқыш қазақ бірін бірі аңдыған. Бірін бірі аямаған. Сондай жазықсыз жалаға душар болған Арқаның арыс азаматтары тарыдай шашылған. Сондай аяусыз аштықтың аранынан ауа қашқан біраз Арғын жұрты Албан арасынан жолдас-жора тапқан. Алатаудан пана тапқан.

Ел маңдайы бірлікпен жарқырайды.

Ер мерейі татулықпен асқақтайды.

Сондай бірлік Арғын мен Албан достығынан табылған.

Сондай мерей Арғын мен Албан татулығынан өрбіген.

Сол достықтың дәнекері - менің туысқаным Бұрхандін Ермегияұлы мен сол ағайымның жан қиыспас досы Манасұр Халықұлы еді.

Осы екі тайпаның ақылмен шешкенін қылышпен де кесе алмайтын тату-тәтті тұрмыс-тірліктері дәлелдеумен келеді.

Бірақ туған жерден ажырап қалған Дін ағаның, Балкен жеңгенің, сол атамекенді аңсаған көкіректеріндегі шерді, көмейлерінде жұтылған зарды, әттең-ай, естімей кеттік-ау.

Сонау Арқа төсіндегі әсем Ақшатау, қайырлы қонас Қарабұлақта бұлықсып өскен бозбаланың, толықсып жеткен бойжеткеннің атажұртқа қайырылып бір орала алмай, сағыныш сарғайтқан жүздеріндегі мұнды сыпырып жіберердей Арқа самалы боп бір сипай алмағанымызды кімнен көрерміз.

Туғандарына жүз, жүз жыл толған ардақты әкенің, аяулы ананың аялы алақаны мен ып-ыстық ернін аңсаған ұл-қыздарының, ұрпақтарының кеуделерін кернеген сағынышты күрсінісін қалай ғана басармыз.

Жаман ғой. Ақтабан боп ел көшкені
Ол күндер енді айналып келмес тегі.
Қазаққа қырау күзде той жасатса,
Иншалла, шер жамылтып, төнбес көгі.
...Бір-бірін жүрегімен іздеп тапқан
Ұл, қыздың екеуі де он бесте еді.

Иншалла он бестерінде отау құрған Дін азамат пен Балкен арудың туғандарына тура жүз жыл толғанын тойлап отырған осынау қауым, сол екі қосақтың о дүниеде де қол ұстасып мәңгілік табысқанына да сене білейік.

2015 жыл

БОЛАТХАН ТАЙЖАННЫҢ 75-ЖЫЛДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АЙТЫЛҒАН СӨЗ

Мен Болатханды осыдан тура 55 жыл бұрын көрген едім. Екеуміз де 20 да едік. Бізді таныстырған да, табыстырған да ұлы ұстаз Мұхтар Әуезов еді.

Жас көбендерден хас өрендерді іздейтін ұлы адам көкірек көзімізді ашып, санамызға ұлтты ұғыну, ұлтымызды сүю керек деген саңылау енгізіп те еді.

Ұлы Мұхаңның осындай түрткі салуының нәтижесінде Мәскеулік қазақ жастары - біз «Жас тұлпар» ұйымын құрған едік.

Ұлы ғұмыр иесі ұсақ тілекпен емес, ұлы мақсатпен өмір сүреді десек, Болатхан да осы ұлы мақсат жолына жеңін сыбанып, белін буынып, ұлттық сезімді ұлттық идеяға, халықтық сенімге жеткізуге барын сала кіріскен азамат болатын. Жалындап жүріп, жарқырап көрініп, жүрек жарығын, жалынын төңірегіне түсірген жан алауының қызуымен өзі де өртеніп кетіп еді. Өмірін ерлікке, өнегесін үлгіге айналдырып та кетіп еді. Амал не, ардақтымызды жылап тірілте алмаймыз. Сұрап келтіре алмаймыз.

Уай, замандас! Азат етші еркіңді,
Асқындырмай құлдық, күндік дертіңді.
Лапылдатып сыртқа атқытып шығаршы
Бықсып жатқан ішіңдегі өртіңді!

Дәл осылай кім айта алып еді?
Болатхан айта алған.

Уай, замандас! Оянсаңшы ұйқыңнан,
Ұялсаңшы мылқау, мәңгүрт сиқыңнан.
Дүр сілкініп, тазаланып алсаңшы
Төбеңді ойып, төмпештейтін қиқымнан! -

деп атой салған кім еді? Сені, мені, оны құл тірліктің қытымыр уысынан суырып алмақ болған кім еді? Қайран да жайраң Болатхан еді!

Ал біз баршамыз не істедік? Бұғумен, тығылумен жүрміз. Сол себепті:

Өксік буып, құмыққан соң әніміз,
Жанымызды көтере алмай тәніміз,
Заманбекті, Алтынбекті, Тайжанды
Өлтіргізген Біреу емес, бәріміз!
Үнсіз бұғып, дымы құрып, бүк түсіп,
Көрпе астында булығамыз әлі біз.
Қашанға дейін?
Ал жетпіс бестегі Болатхан халқымен мәңгі бірге.

Март - наурыз, 2016 жыл

МӘҢГІЛІК ҒҰМЫРЫҢ БАСТАЛДЫ

(Мұзафар Әлімбаев ағаның қырқына берілген астағы сөз)

Қас-қағым тірлік.

Мәңгілік ғұмыр.

Екеуі де адам ғұмыры дейтін құдіреттің өлшемі.

Қас-қағым тірлік - өзін ғана ойлаған пенденің пешенесі.

Мәңгілік ғұмыр - Елім деп еңіреген Ерлердің маңдайына жазылған нышана.

Сондай өзім демей өзгені ойлаған қазақтың нар тұлға азаматы менің Мұзағам еді. Сол нар тұлға ақынның ақтық демін шығарғанына бүгін қырық күн толыпты.

Көз жұмарда: «Не бітірдім? Не бердімді?» өз көңілінен аулай алған адамның қас-қағым тірлігі мәңгілікпен жалғасуы мүмкін. Сол қасқағымын мәңгілікпен жалғастырған асыл адам - менің Мұзағам еді. Сол Ардың құлы, ұятының ұлы болған нағыз еңбекқор азамат қаламгердің пәниінен бақиына аттанғанына бүгін қырық күн болыпты.

«Кең дүниемді кеміріп тауысқан бір кем дүние-ай!» деп, бірде жадыратып күлдіріп, бірде жабырқатып күңіренткен ғұмырымен Мұзағамның иек қағып қоштасқанына да қырық рет таң атып, күн батыпты.

Менің Мұзағам әдебиеттің бар жанрында жарқырап жалындап, қарқындап еңбек етіп, бар саласында көштің алдында жүретін қара нары еді.

Қайтейік:

Адалдық десе, аттандап шабар Мұзағам,
Арамдық көрсе, жарыла жаздар ызадан.
Қасқағым дейтін пәни тірлігін тәрік қып,
Ел есіндегі мәңгілік ғұмырына ұзаған.
Пейіште нұрын шалқысын Мұзағам!

2017 ж.

КОМПОЗИТОР БАЗАРБАЙ ЖҰМАНИЯЗОВТЫҢ ЖҰБАЙЫ БӘНУ ХАНЫММЕН ҚОШТАСАРДАҒЫ СӨЗ

Өмірдің жазы өтеді, күзі өтеді,
Уақыт өзгертеді, түзетеді.
Бәрібір Дүниенің тыныштығын
Аналар кірпік қақпай күзетеді.
...Ойласа ұл-қызының жайы-күйін
Жүрегі баяу ғана тыз етеді.

Ана... Жауыздықтың тас қамалын қақ жаратын да Ана. Сәл қабақ шытсаң, жабырқай қалатын да Ана.

Анадан ардақты, Анадан қадірлі, Анадан асыл, Анадан абзал ешкім жоқ. Өйткені ол - өмірдің бастауы. Даналықтың көзі. Ғұмырдың өзі.

Сондай асыл Ана - Бәну еді-ау!.. Ол кешегі атақты сазгер Базкеңнің сүйікті жары еді-ау. Бәну - менің аяулы бөлем еді-ау.

Ананың тілегі - Адамзат тілегі. Ол тілекте нұр бар. Ананың жүрегі - Әлемнің жүрегі. Ол жүректе сезім бар. Ананың нұрына шомылып, сеніміне бөленген адамның кеңшілігі мол, кісілігі артық болмақ. Ананың ақ сүтімен сәби кеудесіне адалдық сіңеді. Арамдық жоғалады. Алайда адалдықты жоғалтып, арамдықпен табысатын өзіміз ғана. Өзіміз. Ана өсиеті ондай емес. Өйткені аналық - даналық, тазалық, мөлдірлік. Мейірім мен қайырымның ұясы ол.

Сондай абзал ана - Бәну ханым еді-ау. Жарының панасы, жұртының анасы еді-ау, Бәну!..

Сол Ана көз жұмғанда, жұмыр жердің бір бәйшешек гүлі солады. Сол Ана ақтық демін шығарғанда тіршіліктің шуақты күні сөнеді. Сол Ана пәниден бақиына озғанда мейірімнің бір бұлағы тартылады.

Бәнудің тәнін жерге бергенімізбен, рухы, жаны бізде, елде қалды. Сол дәтке қуат. Өлгенді жылап тірілте алмайтынымызды, кеткенді сұрап келтіре алмайтынымызды ескеріп, Бәнудің ұл-қызына мына халқының, қазағының атынан тағы да бір көңіл айтып, берік болыңдар, қайғының қалтылдатқан қайығынан арылыңыздар демекпін.

Бақұл бол, Бәнужан! Топырағың торқа болсын!

2018 жыл.

IV АҚ ТІЛЕКТЕР, ЛЕБІЗДЕР

ПОСЛЕСЛОВЬЕ К РОМАНУ «ЕЛІМ-АЙ»

Вот и закончен этот труд ума и сердца,
еще дрожит в руке перо, как верная уздечка,
а пыль несется по степи, могучая, живая,
еще звенит во мне копыт ретивых цокот
и пламя затухающих пожарищ слепит мои глаза...
И говорит Жомарт: «Я б и сегодня жил,
когда б не вражеский удар,
не смерч Великих Бедствий».
О, как я вижу старого батыра
с его орлиной статью,
с зоркими и мудрыми глазами.
Я слышу рокот домбры Тынышбая,
ловлю влюбленным слухом трепет кюя.
О, вещая стремительная домбра!
Пустъ нижняя твоя струна споет о памяти и скорби,
а верхняя сыграет о радости грядущей!
В степи зажглись немыслимые звезды
и ночъ моей щеки коснуласъ прохладным шелком
душистых кос прекрасной Аршагулъ.
Друзья мои! Живите вечно,
вновъ возрождаясъ.
преображаясъ в каждом поколенъе,
среди холмов, полынных ветров.
Живите в каждом певчем сердце,
как голубой родник, тюльпан весенний,
не зная тишины забвенья.

СОФЫЯН

ҚАБЫЛ АЛСАҢ, ҚАПЫ ҚАЛМАССЫҢ

Сарыбала, сен жазушы болам деп жүрсің ғой. Сол болашақ тірлігіңе демеу болар үш тарау ақылымды айтайын. Қабыл алсаң, қапы қалмассың.

Арақты әу баста ем-дом үшін шығарған. Аздап ішсең - дәру, көп ішсең - у. Жөнімен тата білсең, артықтық етпейді ол. Ал қатаң ескертерім: темекіге жолама! Адам ағзасын арылмас дертке ұшыратын кесірлі кеселдің ең зияндысы. Бұл бір.

Жазушының өте бір баға жетпес құндысы - уақыты. Осы құндының аса қас жауы - карта дейтін азарты мол ойын. Ол немең - уақытыңды ұрлаумен қоса достарыңнан ажырататын зәндемінің өзі. Өйткені ұтылсаң - ақшаң болмай, бере алмауың мүмкін. Ұтсаң - қолма қол ала алмай, араларың суысып кетуі ғажап емес. Сондықтан картадан аулақ бол.

Үшіншіден, біздің жасаған қателіктерімізді қайталамаңдар. Жоғары оқу орындарында оқып жүргенімізде қазақ қыздары орталау мектепті де бітірмейтін еді. Содан ба, «тең теңімен» дегенге әулекіленіп «қолымыз жеткеніміз» орыс қызына, одан кейінгілеріміз татарға, басқа ұлт бойжеткендеріне үйлендік. Ұлттың ұлт болып ұюы бесіктен басталарына мән бермеппіз. Ал ұлттың ұлылығын сақтау үшін өз жұртыңның аруымен бас қосудың аса қажеттігін кешігіп сезіп, сан соғып жүрміз. Сендер елден алыста жүрсіңдер. Бүгінде қазағыңның оқыған қаракөздері жеткілікті. Біздің қателігімізді түзетуге тырысыңдар.

Солай, Софы балам. Кеңесіме құлап түспесе де, құлақ асар ұрпақ болса екен дейтін тілегімнің бір парасы осы.

Мұхтар ӘУЕЗОВ
Мәскеу, 1961 ж.

ІЗДЕДІҢ - ТАПТЫҢ ЕЛІНДІ

...Дилогияңды оқып шықтым. Көп ойға баттым. Көп толғандым. Әрі тебірендім.

Мұхаңның «Абай жолынан» кейін сондай кесек туындылар жазылмай кетті деп аузымызды құр шөппен сүртіп келіппіз ғой...

«Халқым! Елім!» дейтін жүрегіңді таныдым, таптым, ұлым. «Ұлым» дегенімді дұрыс ұқ, Софы-жан.

Тарихқа адалдық сендерде, жазушыларда болғаны қандай жақсы. Мұхаң, Есенберлин енді сен қазағымның жоқтаушыларысыңдар. Іздедіңдер - таптыңдар.

Кезінде Орталық Комитетте жүргенде кітабыңды маған бермегенің бекершілік болған. Талай кездескенде өзгелердің өзіңе жасаған қиянатын айтпағаның өкініштi. Айтқаныңда, мүмкін бір «әттеген-айымыз» азаяр ма еді. (Өйткені біз қызғаншақтықтан, күншілдіктен әлі арыла алмай жүрміз ғой).

Қазақ - кітап оқитын жұрт. Ол «Елім-айыңды» ардақ тұтады. Сөзсіз.

Үшінші кітабын асыға күтем.

Дінмұхамед ҚОНАЕВ
Алматы, 1991 ж.

АДАСТЫРМАС АҚИҚАТ

Құрметті Москвалық қаламгерлер! Сіздер өздеріңіздің қастарыңызда шабадандарыңызды көтеріп жүрген мынау Сматаев жолдастың кім екенін білесіздер ме?

Білмесеңіздер айтайын. Софы Сматаев - барша қазақ оқырмандары үшін есімі жүректеріне жазылар үлкен жазушы. Болашақ ұлы қаламгер десем де, қателеспеуім мүмкін. Ол - тамаша «Елім-ай» романының авторы. Оның ғасырлар қойнауынан ұлтымыздың өткенін тірілтіп әкеліп, бүгінгі замандастарына жан-жақты жеткізуі - ерлік. Ата-бабалар рухын әсерлі тілмен әспеттеуі - шеберлік.

«Елім-ай» дилогиясы - қазақ халқының шыншыл тарихы. Қазақ жұртшылығының әріден беріге жеткен өмір өткелі. Ұлт тірлігінің адастырмас ақиқаты.

Мен Сматаевты бұрын кітабын оқып білуші едім. Бүгін өзін көріп қуанып отырмын. Сол қуанышымды сіздермен бөліскенімді дұрыс түсінерсіздер.

Еркін ӘУЕЛБЕКОВ
Арқалық, 1981 жыл.

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР

Софы Сматаев - өз ғұмырында халыққа қажетті көптеген әдеби шығармалар жазып, еліміздің өркендеуіне, өскелең ұрпақтың патриоттық рухта тәрбиелеуіне зор үлес қосып келе жатқан қарымды қаламгер, ойлы жазушы.

«Елім-ай» роман-трилогиясы бастаған бірнеше роман, повестерін және көптеген театрлық қойылымдарға арналған либреттолар мен пьесаларды жазу арқылы қазақ әдебиетінің, ұлт өнерінің алтын қорына мол қазына қосқан суреткер.

Кешегі қызыл империяның боданында тұрып қазақ халқының Еуразияның апайтөс даласында үш мың жылдай сайран салған бекзада заманын сарғайып сағынған сәті батыл да ашық суреттелген «Елім-ай» эпопеясын оқырман мен жазарман қауым аса жоғары бағалайды. Көрнекті жазушы Ғабит Мүсірепов: «Қазақ прозасының ендігі буынының көш басында «Елім-ай» романының авторы Софы Сматаев тұратыны сөзсіз!» деп жазуы осының нақ дәлелі.

Серік АХМЕТОВ

ТАРИХТЫ ТЕРЕҢ ТОЛҒАҒАН

Софы - Софыян аға - жазушылықтың бейнетті жолына белді бекем буып, ұлттық әдебиет әлемінің алтын табалдырығынан аттағаннан бергі бағындырған белес, алған асуына байыппен бағамдайтын кезеңге айқын қолтаңбасымен, асқақ қалпымен табан тіреген қаламгер.

«Халықты қаралаған қасиетінен айырылады», - деп өткір де өзекті сұхбаттарының бірінде өзі айтқандай, сол қал ың ел қазағының қуанышы мен қасіретін, кемелі мен кемшінін көркем сөзімен де, көсемсөзіменде бүкпе-боямасыз көрсетіп келеді. Әсіресе тарихты тереңінен толғаған - «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» трагедиясының алды-артын тәптіштеп суреттейтін Сматаевтың «Елім-ай» атты тұғыры

биік трилогиясы ұлттық сананың маздауына қомақты үлес қосты. Суреткердің өнімді де өрісті қаламгерлігінің құнарлы қорын драмалық дүниелері, өлең өлкесіндегі өрнек-өрімдері толтырып тұр. Қоғамдық қайраткерлігімен суарылған сөз өнеріндегі сарабдалдығы талапшыл әріптестері мен талғампаз әлеуметтің ыстық ықыласына бөленді.

Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫ

Қалың оқырман қауым, жалпы жұртшылық Софы Қалыбекұлын қазақтың көрнекті жазушысы, белгілі қоғам қайраткері ретінде құрмет тұтады. Шығармаларын сүйіп оқиды. Кез келген қайраткер қаламгер үшін бұдан артық бақыт жоқ. Классигіміздің қаламынан туған дүниелер - қазақ халқы тарихының бір-бір тарауы іспетті. Ол туындылар - жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Софы аға шығармашылық талантымен де, қоғамдық белсенділігімен де қазақ мәдениеті мен әдебиетінің дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Бұл - ақиқат.

Сматаевтың өнегелі өмір жолын, творчестволық тағдырын болашақ ұрпаққа үлгі етуіміз керек. Жазушының басты бақыты марапатта емес, қаламгерлік қазынасында екенін жақсы білеміз. Софы аға осы профильдегі жазушы екенін өмірінің кредосындай дәлелдеп келеді. Сондықтан да атақ қумай, аброй қуған суреткердің халқына әлі де берері көп.

Белсенді өмірлік позициясы қалыптасқан арқалы азамат ретінде қазақ халқының тілі мен салт-дәстүрін сақтау жолындағы жан аямас еңбегі - халық жазушысының азаматтығының алтын діңгегі.

Қасымжомарт ТОҚАЕВ

КЛАССИКТЕР ШОҒЫРЫНЫҢ ӨРЕЛІ ӨКІЛІ

Софы Сматаев - шығармашылық биігіне қырандай қалықтап шыққан арынды азамат. Қазақ әдебиетінің көгіне құбылыс болып көтерілген қарымы күшті қаламгер. Болат балқытып, шойын құйып жүрген шағында-ақ әдебиет майданына «Елім-ай» сынды тақырыбы өзгеше, толғауы бөлек дилогиямен ақбоз ат ойнатып келген. Осы бір

туындымен-ақ ол туған әдебиетіміз төрінен ойып орын алып, бірден классиктер шоғырының қатарына қосылды.

Қаламгердің атағы мен даңқы оның ресми марапаттарымен емес, халықтың шынайы ықыласымен өлшенеді. Бұл тұрғыдан келгенде Сматаев нағыз бағы жанған жазушы.

Өйткені оның Алаштың классик қаламгері атануына жаратқан иеміз берген табиғи талантпен қоса, өмірге құштар өршілдігінің де үлесі аз болмаса керек. Сматаев шын мәнінде де күрескер жазушы, қайсар мінезді азамат. Бұған өмірден көрген қаншама сұрапыл соққыларға қасқая қарсы тұрып, оларды жапыра жеңіп келе жатқаны дәлел бола алады.

«Айтып өткен ақында арман бар ма, жүрегінің түбіне кір жасырмай» деп данышпан Абай айтқандай, Софы аға жан түкпірінде толқыған ойларын жұртына жеткізіп келе жатқан қаламгер.

Халыққа айтары әлі де көп екенін білемін.

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД

МЕН ОНЫ ІЗДЕП ТАПҚАМ

Мен Сматаевты «Жұлдыз» журналы арқылы таптым. 1972 жылдың жаз айларындағы екі нөмірінде жарияланған «Елім-ай» романы мені қазақтың тағы бір тамаша прозашысымен табыстырды. Туған халқына перзент боп еркелеп, сол жұртын азамат болып сүюдің қандай боларын таныдым. Талай қысталаң кезеңнің ауыр өткелегінде өмір-өлім айқасын бастан кешкен ұлтының тарихына жан дүниесімен бойлап үңілудің куәгерін көргендей болдым.

Соның алдында ғана Манас туралы роман жазбақ болғанымды көпшілік білмейді де. Алғашқы бірер тарауының нұсқасын қағаз бетіне түсіріп те қойғам-ды.

Ал Сматаевтың журналдағы романын оқығаннан кейін менің сол ниетімнен айныған рас.

Тарихи дүниені жазу үшін өз халқының сан ғасырлық ғұмыр жолын бірге басып өтіп, алыс күндердің қатпар-қатпарын аралай ақтарудың қажеттігін ұғындым. Ата-бабаның шұбырынды ізімен шиырлап, ойыңмен, қиялыңмен солардың тағдыр тауқыметін басыңнан кещудің керектігін сезіндім.

Сматаевтың романының лейтмотивы - «Елім-ай» әні. «Ақтабан шұбырынды» заманының қасіретін де, қасиетін де айғақтайтын киелі әуен. Құдіретті ән. Тәуелсіздікті түгел көтеріліп іздеген, тапқан - ту қылып көтерген азат ұлттың ұраны.

Осы романның мені тебіренткен бір тұсы - Балайым мен Қорабайдың соңғы аяныштысы жай-күйі. Анау үңгірдегі шалдың «Қырық бір қара қазанда, сүйегі жатыр қырғыздың» деп ыңылдап айтатын әні. Бұл ән - біздің, қырғыз жұртының дәл «Елім-айдай» қадірлі гимні. Соны мен көптен іздеп, таппай жүр едім. Софының тапқанына қуандым. Енді мен Сматаевты көруге асықтым.

1973 жылы сентябрьде Алматыда өткен Азия, Африка елдері жазушыларының форумына қатысқам. Келген бойда Тахауи, Әбдіжәміл және Қалтайдан Сматаев жайында сұрағам. Неге екенін білмеймін, әлденеге ызаланғандай Әбдіжәміл: «Мен ондай жазушыны естісем, құлағым керең болсын!» деп ыршып түсті. Қалтай құрдасым жай ғана ыңыранып: «Бірер көргем. Анау-мынаусын оқыған емеспін. Қайда екенін білмеймін» деп жалтарта жауап қатты. Ал Тахауи: «Иә! Ол романды былтыр бас редактор болып отырғанымда мен басқызғам. Тәп-тәуір туынды. Сматаев керек пе?!. Қап! Ол он шақты күнге командировкаға кеткен», деп өкпемді өшірді де жіберді...

Форумның екінші күні мәжіліс залынан шығып, төменге түсіп келе жатқанбыз. Фойедегі бес-алты адамның арасынан журналдағы суретімен есімде қалған бейнесімен бір жігіт көзіме жылы ұшырады. Адымдай басып бардым да: «Сіз Сматаев емессіз бе?» дедім. Әлгі жігіт үн-түнсіз күйде абдырап, бетіме жапақтап қарай берді.

Қасындағы адам: «Иә, Сматаев қой бұл, Шықа!» деп маған сәлемдескелі қолын соза берді.

Мен Сматаевтың иығына қолымды салып, бауырыма тарттым.

«Жүргін. Екеуміз сөйлесеміз, бауырым!»

Жазушылар үйінің сыртқы есігінің алдында Тахауи бастаған үш досты қолымды сермеп қалдырдым да, Сматаев екеуіміз көшенің арғы бетіне өтіп, сквердегі орындыққа жайғасып, біраз әңгімелестік.

Софы ұлы Мұхтар Әуезовтың кеңесімен Мәскеудің техникалық вузында оқып, инженерлік мамандық алып

шыққан екен. Білігі, білімі, мінез-құлқы маған бірден ұнады. Мен әлгі қырғыз «гимні» туралы да, ойымда жүрген тағы басқа да сауалдарыма тындырымды жауап алып, жас жазушыға ризашылығымды білдірдім.

Ал анау үш досымның сол жас жігітті неге сонша жақтырмағанын әрі түсіндім... Әрі түсінгім келмеп еді. Жақсылыққа қуануды ертерек ұмытып кеттік пе екен әлде...

1978 жылы қырғыз жазушыларының съезі өтіп жатқан. Қазақстаннан келген қонақтар (біреуі, ұмытпасам, Сағат Әшімбаев болатын) президиумдағы біздерге үш-төрт кітап ұсынған-ды. Арасынан «Елім-ай» романы көзіме оттай басылды.

Содан орнымнан тұрып, съезд жұмысына екі сағат үзіліс жариялауын өтініп, қырғыз әріптестеріме мынау іргедегі Георгиевкадан (Қордай ауданының орталығы) Сматаевтың «Елім-айын» сатып алуларына болатынын қуана хабарладым.

Софының «Елім-ай» дилогиясы - ыстық жүрекпен, шебер де шешен тілмен, зерек зердемен жазылған, азаматын ерлікке, әлеуметін бірлікке шақыруымен әсерлі туынды. Өйткені өткен күндердің өкпесін сыққан қасіретінен қаны сорғалаған халқын суырып алған сол бірлік бүгін де керек. Өйткені кешегі кескілескен айқас пен шайқас замандастардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде ғана емес, психологиясында да жүріп жатыр ғой. «Кешегіңді ұмытсаң, бүгініңді елемесең, қидаласуын доғармайтын «хас жақсылардың» бірінің басын бірінің қанжығасына байлап жіберерін ескер, халқым!» дейтін роман авторының тұжырымымен тиянақтайын.

Шыңғыс АЙТМАТОВ

ЛЕБІЗДЕР

Дилогияңды оқып шықтым. Көп ойға баттым. Көп толғандым. Әрі тебірендім.

Мұхаңнан «Абай жолынан» кейін сондай кесек туындылар жазылмай кетті деп аузымызды құр шөппен сүртіп келіппіз ғой...

Дінмұхамед ҚОНАЕВ

Қараңызшы:

«...Аярлық адалдықпен құр беттесе,
Өтірік көлгірсумен құрметтесе,
Ашығып гонорарсыз не болар ед
Бізге ұқсап ұлы Әуезов дірдектесе?

...Бір тиын төленбесе еңбегіне,
Ақынды әкім илеп жеңгені ме?
...Қуанам Мұхаң, Сәбең, Ғабеңдердің
Көрместен осы күйді өлгеніне»

Шырылдаған шындық! Өксікке толы өкініш осылай айтылуы керек. Жаныңды уысына қысып алған бүгінгі күннің ашынтқан ақиқаты. Ұлылықты ұсақтатар келеңсіздікті кемеңгерлердің ертерек өліп кетіп көрмегеніне шүкірлік ету - миыңды шағып ойлантпай ма. Жарайсың, Софы азамат!

Салық ЗИМАНОВ

«Елім-ай» дилогиясы - қазақ халқының шыншыл тарихы. Қазақ жұртшылығының әріден беріге жеткен өмір өткелі. Ұлт тірлігінің адастырмас ақиқаты.

Еркін ӘУЕЛБЕКОВ

Софы Қалыбекұлы Сматаев өзінің атақты «Елім-ай» атты романымен халқымыздың құрметіне бөленген жазушы.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Кемел суреткер Софы ағаның қаламгерлік тұлғасы - кесек, қайраткерлік тұрпаты - бөлек. Табиғат пен тағдыр ағамызға әу бастан зерттеушілік зерде мен зейінді, шынайы да шұрайлы суреткерлікті ара жігін ажыратпастан төгілте сыйға тартқан.

Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ

Софы Қалыбекұлы - металлургияда құрыштай құйылып, болаттай бекіген жазушылық жаратылысын қанаттандыра, шабыттандыра өнер бәйгесіне қосып, тұяғы мүжілгенше, жалын күн қаққанша жұмысқа жегіп, дамыл таппайтын айтулы қаламгер.

Бақтықожа ІЗМҰХАМБЕТОВ

Софы ағамыз отызға да толмай жатып «Елім-ай» романын жазып, жұртшылықты елең еткізіп еді. Жетпісінші жылдары бұл тарихи роман қазақтың намысын қозғап, санасын сергітіп, рухын оятуға себепкер болды. Ал өзі оқырманның сүйікті жазушысына айналды.

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД

Әдебиетіміздің аға буын өкілдері - М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, С.Сматаевтың сан қырлы суреткерлік қабілетін байқап, ақ жол тілесе, І.Есенберлин, Ә.Нұршайықов, Ш.Айтматовтар шығармашылық еңбегіне жоғары баға берген.

«Елім! Халқым! Жұртым!» - дейтін қаламгер өмірі - бүгінгі ұрпақ үшін зор тағылым.

Виктор ХРАПУНОВ

Байсалды қаламгер С.Сматаевтың қаламынан туған шоқтықты дүниелер қазақ әдебиетінің шежірелі беттеріне аса мол үлес боп қосылуда. Халқы оны әрдайым ел мүддесін ойлайтын ұлт перзенті ретінде қабылдайды әрі айрықша мақтан тұтады.

Сергей КУЛАГИН

С.Сматаевқа қазақтың халық жазушысы, қазақ әдебиетінің классигі деген шен мен атақты билік емес, халықтың өзі берген. Оның белгілі қоғам қайраткері, ұлт жанашыры екеніне де ешкімнің күмәні жоқ. Өйткені ол - қаламгердің өмірлік ұстанымы мен азаматтық көзқарасына алты алаш елдің берген бағасы.

Сергей ДЬЯЧЕНКО

Софы Сматаев - сонау жетпісінші жылдардың өзіңде-ақ қазақ ой әлеміне «Елім-айлап» келіп, ұлт санасын дүр сілкіндіріп, әдебиет әлемінде, көркем өнерде әр жанарда қалам тербеп, сан қырлы талант екенін мойындатқан қарымды қаламгер.

Кәрім КӨКІРЕКБАЕВ

«Мұңлы ойларды» ыстық ықыласпен оқып шықтым. Әр сөйлемінен халқының арман - мүддесін арқалаған ақыл кені, абыз бейнесімен ел болашағы жолына, ұлт тағдырына алаңдайтын Софы ағаның биік азаматтық тұлғасы анадайдан менмұндалап тұрады.

Нұрлан НОҒАЕВ

Софы Сматаев қазіргі қазақ әдебиетіндегі аға буынның алдынғы қатарында келеді. Жаратылыс жомарттықпен сыйлаған қайталанбас талантымен ұлтымыздың бағына ғасыр аралатып жаралған ұлтжанды еңбектері - қазақ әдебиетіне берген баға жетпес, әрі қайталанбас сыйы, жауқары, Абайдың ізі, Әуезовтың көзі.

Бердібек САПАРБАЕВ

Зиялы қауым өкілдері - ұлттың ұйытқысы, ұрпақтың тәрбиешісі десек, Софы ағамыз - терең ойлы сөз зергері ретінде елдік пен ерліктің жаршысы, ұрпақтың ұлағатына ие болған қаламгер.

Қырымбек КӨШЕРБАЕВ

Софы әр кітабында хакім боп асқақтап, философ боп тереңдеп «Халқым!» деп ақиқат аңсаған жанының, «Елім!» деп әділет іздеген жүрегінің сыры мен шының ақтарып салады. Қаны сорғалаған шындықты ешкімнің бетіне қарамай жазу - сирек кездесетін құбылыс. Шығармашылық феномен. Сматаев - шын мәніндегі классик жазушы.

Сағындық КЕНЖЕБАЕВ

Софы ағаның туған жер мен туған еліміздің дамуына қосқан еңбегі ұшан-теңіз. Атақты «Елім-айы» арқылы танылған қаламгер ағаның ерекше адамгершілік, мейірімділік, кәсіби жоғары деңгейі, еңбекқорлығы, ұлтжандылық секілді қасиеттерін айрықша атап өткім келеді.

Қайрат САТЫБАЛДЫ

Софы аға - қазақ әдебиетінде ғана емес, дүниежүзі хадықтарының рухани әлемінде аты ерекше аталатын тұлғалардың бірі. Өйткені ол ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің жоғын іздесіп, кем-кетігін толтыруға барын салып келе жатқан қалам қуаты күшті қара сөдің қазынасы.

Ғалымқайыр МҰТАНОВ

Құрыш қорыту оқуын бітіріп, қазақ әдебиетінің домнасында құрыш болаттай шыныққан Софыян аға Сматаевты барша туған халқы мақтаныш етеді.

Бір кісінің тақиясына тар келмейтін проза, поэзия, драма деп аталатын үш жанрда тең қалам сілтеген жазушының қалың орман оқырмандары тілі шұрайлы, ойы терең кітаптарын қолдан қолға түсірмей ынтыға оқиды.

Алтай КӨЛГІНОВ

Софы Сматаев халқының мұңы мен зарын, қайғысы мен қуанышын жазып қана қоймай, ұлтының атынан ой толғап, сөз айтатын дәрежеге көтерілген ірі тұлға.

Бауыржан БАЙБЕК

Софы аға Сматаевты қазақтың қара сөзіне деген іңкәрліктің, бабадан қалған асыл дүние, мол мұрамызды ұрпаққа жеткізуде аянбай қызмет етудің үлгісі деуге болады. Сөз мәйегін өз бойына да, оқырмандарының ойына да дамытумен келеді. Ал қаламгердің «Елім-ай» эпопеясы - шындық пен ақиқатқа толы күрделі де көлемді, салиқалы да саналы, мазмұнды да мағыналы үлкен тарихи шығарма.

Алик АЙДАРБЕКОВ

Қазақ елінің қасиетті өлкесі - Арқа жерінде, киелі мекен Киіктінің топырағынан жаралған Софы ағамыз бүгінде алты Алаштың абыройы биік абызына, ұлтының ар-ожданына айналған әйгілі қаламгер. Ол - қазақ әдебиеті алыптарының заңды ізбасары. Олардың ұлы мұраттарын жалғастырушы классик суреткер.

Нұрмұхамбет ӘБДІБЕКОВ

ТҰЖЫРЫМНАМАЛАР, ЛЕБІЗДЕР

Софының тарихи тақырыпқа батыл баруынан үлкен үміт күтемін. «Жас келсе - іске!» деген осы емес пе.

Сәбит МҰҚАНОВ

Қазақ прозасының ендігі буынының көш басында «Елім-ай» романының авторы - Софы Сматаевтың тұратыны сөзсіз.

Ғабит МҮСІРЕПОВ

Софының тілі - тұнып тұрған ақындық тіл. Оның ақ өлеңмен жазылған пьесасын премьерасы енді өтейін деп тұрғанда тоқтатып тастау - жас авторға көрінеу көзге жасалған қылмысқа бергісіз зорлық.

Шахмет ХҰСАЙЫНОВ

Біз өткенімізді тірілтеміз, өшкенімізді жандырамыз деп тарихымыздың қаңқа сүйегін құрсауладық. Ал Софы Сматаев соған «Елім-айымен» ет бітіріп, қан құйып, қаз бастырды.

Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН

Софы балам!
Мен сені «темір-терсек» дегендерге,
Еріп те кетіп, сеніп те кетіп қалып ем.
«Елім-айың» лайық нағыз кемеңгерге,
Сен бүгін де, ертеңнің де алыбы ең,
Кешір ағаңды.

28 шілде, 1972 ж.
Сырбай МӘУЛЕНОВ

«Елім-ай» романы Софының жазушылық деңгейін бір өсірсе, қазақ оқырмандарының, қазақ қана емес, басқа да ұлттардың рухани нәрінің бір таза бұлағына айналған еді.

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ

Өзінің «Елім-ай» атты романында С.Сматаев 17-18 ғасырларда өмір сүрген қазақтардың тұрмыс-тіршілігінің шынайы бейнесін көз алдымызға жан-жақты тірілтіп қана қоймай, қаһармандық пен ерлік, табандылық пен еркіндік және достық пен махаббатты құрмет тұту тәрізді қазақ халқының ұлттық мінез ерекшеліктерін барынша ашып көрсеткен.

Расул ГАМЗАТОВ

Софының «Елім-айдағы» шешен де әсем тілі ұлтымыздың үлкен ділінің (жүрегінің) сайрауы ғой.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

Қауіпсіздік комитетінің тапсырмасымен С.Сматаевтың «Елім-ай» дилогиясына тездетіп пікір жазып беруім қажет болған соң, біраз қобалжыдым. Софыны азамат ретінде қатты сыйлайтынмын.

Бұл романды бұрын оқымап едім. Саясатқа қырын келер тұсы көбірек дегендерді естітінмін. Күдігім бекерге шықты. Халқымыздың арғы-бергі тарихын терең қозғап, ұлтымыздың арман-мүддесін аялап жазған «Абай жолынан» кейінгі құнды дүние екен.

Енді мен Софыны туған інімдей жақын тартқанымды сезіндім.

Кемел ТОҚАЕВ
21 шілде, 1991 ж.

«Ақтабан шұбырынды» оқиғасын тұңғыш рет қағазға түсіріп, жария етуші осы Софы болатын. Қалайда ол өз шығармаларымен халқымызды өзіне өзін танытып, еңсесін көтерді ғой.

Қалмұқан ИСАБАЕВ

Халқымыздың жазылмаған тарихын тірі куәсіндей болып ғасырлар бойы арқалап жеткен тауы мен даласының сонау ескілікті, естілікті бейнесін кішкене бойының

үлкен ойымен көз алдымызға тоса қойған мына адамды білесіңдер ме?

Бұл ағаларың - «Елім-айдың» авторы Софы Сматаев.

1973 жылдың қыркүйегінде
ҚарМу-де болған кездесудегі сөзінен
Ебіней БӨКЕТОВ

«Елім-ай» романы өзінің көркемдік тәсілі жағынан эпикалық баяндау сипаты басым шығармалар тобына қосылады. Мұнда қазақ әдебиетінің көркемдік дамуының ұлы арнасы - фольклорлық эпикалық дәстүрге тығыз байланысты екені көрінеді. Қазақтың шешендік сөздерінің үлгісіндегі шығарма тілінің кестесі де жарасымды.

Рахманқұл БЕРДІБАЕВ

Дүниені образбен тану - Софыны шебер суреткерлікке жеткізген. Оның байқағыштығы, сезімталдығы оқырман көңілін риза етіп отырады.

Серік ҚИРАБАЕВ

Өзгелерді білмеймін. Ал өз басым жыл сайын «Елім-ай» романын бір қайталап оқимын.

Тұрсынбек КӘКІШЕВ

Софының жеңіл тәнінен «Елімайдағы» жанының зор салмағы сезіліп тұрады.

Зейнолла ҚАБДОЛОВ
1998 ж. ҚазМУ

Жазушының кітабы арқылы танылатыны белгілі десек, мен Софы Сматаевты «Елім-ай» романы арқылы ерекше таныдым. «Елім-ай» эпопеясы қайғы мен мұңның ғана гимні емес, ол өмірсүйгіштіктің әсерлі гимні.

Шыңғыс АЙТМАТОВ

Бұрын аты белгісіз жазушыны елдің салған жерден біліп кетуі - жазушы үшін сирек бақыт. «Елім-айдан» соң Софының жазғандарын жұрт іздеп жүріп оқитын болды.

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

Софыжан, сен кеше:

«Өксігімді өткізе алмай ғаламға,
Ұлып тұрып, кенет күліп алам да,
Дыбысымды тылсымыма көмемін,
Қор еткізбей қорқақ, жалтақ жаманға», - дегендей едің. Бүгін мынау «Елім-айыңмен» үркек, бүркек адамды да сілкілеп, дүркіретіп оятқаныңды білемісің.

Мұқағали МАҚАТАЕВ

Әдебиет алыптарының бәрі ауылдан шыққан. Солардың бірі - Софы Сматаев. Оның «Елім-ай» романы - қазақ әдебиетіндегі ең биік шыңдардың біріне айналды. Бұл роман тұнып тұрған жыр-дастан. Жүрегі таза ақын ғана осылай жаза алады.

Софы көп ауырды. Әр сәт сайын ажалмен арыстандай айқасты. Бірақ ол жасымай, қайта өзін өзі ширатып, қаламының қарымын кеңейте түсті. Аурумен айқаса жүріп, тамаша дүниелер әкелді. Кезінде Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романын оқып отырып, адамның өміршең қуатына таң қалушы едік. Софы да өзінің өмірсүйгіш, ерік күші аса мол біртуар азамат екенін көрсете білді. Қажымас қайсарлығымен барлық қиындықты жеңумен келеді. Халқының жеңімпаз ұлы биліктің пенделік кедергі-тосқауылдарына төтеп беруден жаңылмайды да.

Сарбас АҚТАЕВ

Үлкен дастан-романды біздің алдымызға жайып салған Софы ақынның айтары кең, байтағы кең, биігі заңғар.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

Шынайы шығармалары Мемлекеттік сыйлыққа бес мәрте ұсынылса да, бес ретінде де «сол ауылдағы» астыртын саудада бағаланбай қалды. Өйткені Софы сыйлық жөніндегі комиссияда әділдік, әдебиетке адалдық бар деп сенді. Орағытып өтіп кетер жол іздемеді. Жаны тазалар тек таза жолмен жүреді.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

Высоко чту дорогого собрата Софиана как мэтра Казахской словесности и принципиального рыцаря национального духа.

Герольд БЕЛЬГЕР

Өзіміз пір тұтқан Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов роман, әңгімелерімен қатар опера либреттоларын, драмалық шығармаларын теңестіре жаза беретін.

Біз оған таң қалатынбыз. Ал бұл Софының басқа жазушылардан ерекшелігі сол - ол әдебиеттің барлық жанрында аянбай қалам тартып келеді. Бұл - Софы талантының көп қырлылығының қуаты айрықша екенінің дәлелі.

Ол еш уақытта өзінің азаматтық позициясынан айныған емес. Ұлттық мүддені үнемі қорғайтын қаламгер «Елім-ай» деп әдебиетке келген, қазір де «Елім-айлап» жырлап жүр.

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ

Өлеңмен роман жазудың қиындығын басқамыздан жақсы біле тұра, Софы осындай көзсіз ерлікке барып, әдебиетші ретінде, зерттеуші, қаламгер, ақын ретінде үлкен табысқа жеткен.

Сәкен ИМАНАСОВ

«Елім-ай» - жазушының сайын сахарасының ойы мен қырына, көлі мен шөліне, туған халқына, оның ұлттық дәстүріне, мейлінше бай тіліне, дала төсіндегі қыбырсыз қорған-қорымдардағы ата-баба рухына табынған сүйіспеншілік.

Зейнолла СЕРІККӘЛИЕВ

Софының «Елім-айының» советтік шовинистік системаның шырқау шағында, сонау 1978 жылы кітап болып басылып шыққаны аян. «Елім-ай» - сол системаға тұнып тұрған қарсылық.

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

Елдік әлі қиял, азаттық алыс арман болып жүрген кезімізде де ел тағдырына, ұлт тарихына ерекше елгезектік танытқан Софы жұртымызды рухани марқайтып, әлеуметтік есейтетін жұлынды тақырыпта айрықша табандылықпен еңбек етті.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Қазақ әдебиетінде өзіндік үлкен орны бар заңғар жазушы Софы Сматаевты мен «Елім-айы» арқылы алғаш таныдым. Содан бері ұлттық мүддені, ұлттық тілді қорғау мен құрметтеудің үлгісіндей болған Софының әр шығармасы оқырман ойынан дөп шығумен келеді. Орталық комитетте істеп жүрген кезде де Колбиннің қаһарынан сескенбей, қазақ мүддесін батыл қорғап, азаматтық бейнесін асқақтата білді.

Азаматығы мен пендешілігі ылғи да итжығыс түсіп жататын қазақтың ұлы әдебиетінде сөзі мен ісінің арасына шекара қоймайтын, шалқар дарынын, ұшқыр парасат-пайымын адамгершілігі жетелеген Софыдай қанатты тұлғаның болуы - ұлтымызға мақтаныш.

Мұхтар ШАХАНОВ

Қазақ халқының азаттық жолындағы тақырыпты көтеру, ол жөнінде көркем шығарма жазу - 60-70 жылдары ол ерлікпен парапар болатын. Софының «Елім-айы» қазақ әдебиетінде тарих тақырыбына жазылған алғашқылардың бірі, әрі сүбелі туынды болуымен құнды.

Дулат ИСАБЕКОВ

Қарымды қаламгер, төкпе ақын Софы Сматаевтың «Жарылғап батыр» романынан алатын таным мен тағылым өте мол. Т әуелсіз мемлекеті міздің сарбаздары мен ұландарын өршіл рухта, отаншылдықта тәрбиелейтін оқулықпен парапар туынды.

Жеңіс ҚАШҚЫНОВ

Софының шығармаларында тотияйындай ойып түсетін ойлар, ширыққан оқиғалар, тартысқан тағдырлар, шарпысқан мінез-құлықтар мен іс-әрекеттер молынан ұшырасады. Ол тіршілік ғұмырдың қиын, күрделі сұрақтарына жауап іздеуге құмар. Шеберлік шыңына шыққан сөз сардарына мұндай биік ұстаным, әрине, жарасады да.

Аян-Сейітхан НЫСАНАЛИН

Рухы асқақ, ерік-жігері мұқалмас, берік те қайсар азамат Сматаевтың жүрек лүпілімен жазған шығармаларын тұшына оқыған сайын қарымды қаламгердің ұлт мұратына адалдығына, ұлы Абайдың, Алаш көсемдерінің асыл қасиеттерін бойына сіңірген, оларды пір тұтқан, қара тасты қақ жарып шыққан тектілігіне тәнті боласың.

Назарбек ҚАНАФИЯҰЛЫ

Қара сөздің қаймағын қалқыған Сүкеңнің аласа бойынан мен Алтайдың алып самырсынындай әуелеген ойын танимын. Сыйлас, сырлас әріптесімнің бір «Елім-айы» кейбір кергіп қалған классиктердің он кітабына татиды.

Оралхан БӨКЕЙ

Софы ағамыз қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі ғана емес, мүйізі қарағайдай көшбасшыларының бірегейі. «Елім-ай» сынды бір атанға жүк болардай кесек-кесек романдары арқылы қазақ әдебиетінен өз орнын әлдеқашан ойып алған үлкен қаламгер.

Жәркен БӨДЕШҰЛЫ

Алпысыншы жылдарда Сматаевтың Мәскеуде оқып жүргенде әңгіме, өлеңдері газет, журналдарда жиі жарияланатын еді. Біз сол кезде-ақ Софекенді әдебиет тарланы деп танып, шығармаларын іздеп жүріп оқыдық. Артынша-ақ дүниені дүр сілкіндіріп «Елім-ай» романын шығарды. Халық ерекше бағалады. Өйткені қызыл империяның талайды тұншықтырып, айтарын айтқызбай тұрған заманда Абылайханды, үш ұлы биімізді, хас батырларымызды ұлтымен жүздестіруі батылдық еді. Сол кезде ешкімнің тісі бата бермейтін тарих тыңын көтерген «Елім-ай» романы Сматаевтың қайтпас қайсарлығын, «Елім!» деп еңіреген ер екенін дәлелдеді. Сол уақыттан бері жазылған көптеген тарихи кітаптар көңіл көмбесінен ажырап, тарих топырағына көміліп те қалды. Ал «Елім-ай» романы - құнын мәңгілік жоғалтпас әйгілі шығарма.

Нұрлан ОРАЗАЛИН

Софекең өзі жазып тастаған «Елім-ай», «Ақжелең», «Бұлақ» романдарын құшақтап, алтын бөшкенің үстінде отыр. Сәтін салып осы романдары ертең-ақ жарық көргенде, өзіне де, халқына да еңбегінің алтыны қардай жауады.

Сағат ӘШІМБАЕВ

Сіз биікте, Софы аға, төменде біз,
Сол биіктен сәл бері төмендеңіз.
Прозамен «Елім-ай» жазылса да,
Тұнып тұрған тал бойы өлеңге егіз.
Ақындарды дос-іні еркелетіп,
Анда-санда бас изеп, «Сәлем!» деңіз.

Жарасқан ӘБДІРАШЕВ

Жазушының бас кітабы - «Елім-ай» романы халқымыздың тарихын ауқымды суреткерлік шеберлікпен дәл бере білген жүйрік қиял мен кең көзқарастар нәтижесінен туған алып тыныcты соқталы дүние. Қаламы жүрдек суреткер Софы Сматаев қалай айтып, қалай жазсаңыз да, соған тұрарлық руханият, мәдениет, әдебиет әлемінің заңғар тұлғасы.

Әшірбек СЫҒАЙ

Софы Сматаев - елдің егемендігін, мемлекетіміздің тәуелсіздігін, адамның кемелдігін өзінің азаматтық болмысымен де, шығармашылық еңбегімен де аса ардақтап һәм аялап келе жатқан ерен көзқарастың,терең танымның, берен ұстанымның жазушысы.

Жаңғара ДӘДЕБАЕВ

Тарихи танымы, ұлттық дүние танымы, әрі көркемдік танымы жоғары деңгейде қалыптасқан, қара сөзді орып айтатын атақты прозашы Софы Сматаев ақындық өнерде де алымдылық, шалымдылық, кесектік танытады. Соның айғағы - өлеңмен жазылған «Жарылғап батыр» романы.

Серік НЕГИМОВ

Софы ағамыздың шығармашылық ғұмырының қай тұсын сөз етсек те, мағыналы, мазмұнды. Әсіресе, қазақ әдебиетіндегі қабырғалы шығарма ретінде бағаланған,

ұлттың тарихын танытуда жаңаша көзқарастарға жол ашқан «Елім-ай» роман-трилогиясы туған халқының алдындағы перзенттік парыздың өтелгенін анық айғақтайды.

Әлібек АСҚАРОВ

Таяуда Софы ағаның «Мен - тірімін!» кітабын парақтадым. Өкпе көп. Қоғамға да, Адамға да. Ішінде өзі де бар. Немересіне сұрақ қойғыза отырып, көп жанның қышуы қанар ащы шындықты су бетіне шығарады қаламгер. Бұл не сонда? Мінез, әрине. Сол мінезді жанды қоғамның шетке қағып, одан әрі қайрай түсуі. Ашындыруы. Ащы айтқызуы. Запырандатуы. Мінез қақтығысы: сізбен, бізбен, өзімен, қоғаммен...

Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ

Өз басым көптен бері мұншалықты көркеми, қуатты жазылған образға бай, кейіпкерін жан-жақты қырынан ашып, оны тарихи тұлғаға дейін көтерген өлеңмен жазылған романды кездестіріп, оқымағанымды оқырманнан жасыра алмаймын. Софы Сматаевтың романындағы хан мен билердің, ақын мен батырлардың бейнелері автордың тіл байлығындағы шұрайлы да шырайлы көркемдікпен өрілуі ерекше тәнті етеді.

Аманхан ӘЛІМҰЛЫ

Сәкең табиғатында «тозған елдің түбіне тақсыр жетер-ді» жүрегіне терең сіңіріп, өмір сүру кредосында осы ұстанымды ұдайы жалаң қылыштай жанына байлап жүретін секілді. «Қазақ ұлтшылдығымен» күрескен Колбинге орнынан ұшып тұрып, қарсы сөз айта алған да қазақ қаламгері Софы Сматаев еді.

Қуандық ТҮМЕНБАЙ

Софы Сматаев қай тақырыпқа қалам тербесе де, ұлтын ұлықтап, халқын қадірлеуді алға шығарады. Әділдікті жырлайды. Тарихты дәріптеп, тілін әспеттейді. Не айтса да, қазып айтады. Жүрегінің сөзін маржандай тізіп, оқырманын қанатына ілестіріп, баурап экетеді. Оны тебіренбей, толғанбай оқу мүмкін емес.

Жанболат БАШАР

Жас қаламгер С.Сматаев «Елім-айы» о кездегі үш жүзге таяу данамен тарайтын «Жұлдыз» журналында жарияланған сәттен бастап-ақ даңқы бір-ақ күнде шырқау биікке зымырап көтеріліп, нағыз халық жазушысына айналып кеткен еді.

Құлтөлеу МҰҚАШ

Ұзақ жылдар ауырып, ажалмен арпалысқан Софы ағаның өмірбаянын білмейтін адам, жүзі жайнап, көзінен от шашып сахна төріне көтерілген жетпістегі қаламгердің сергек қимылына қарап, «бұл кісі өмірінде тұмаумен де ауырмаған болар» деп ойлап қалар еді. Ерік күші деген осы шығар.

Жеңіс ШЫНЫБЕКОВ

«Мейрамсопы - Қарқабат» деп аталатын Софы Сматаевтай дүр азаматтың роман-дастаны - қазақ халқының жаңа тарихынан ойып тұрып орын алатын құнды еңбек. Оны әр қазақтың шаңырағында Құранмен қатар тұратын бойтұмар деп санауға болады.

Сәбит БАЙСЕРКИН

АЛАШТЫҢ ҰЛЫМЫН

Таскерең тағдырды сынаған
Жерім жоқ күңкілдеп сыбаған.
Тәуба ғып келемін Тәңірге
Кетсе де өзгеде сыбағам.

Батқан жоқ әзірше Ай, Күнім,
Қапқан көп қарғысы қайғының.
Төрімнен, төремнен түңілсем,
Халқымның алғысы — байлығым.

Сеземін бір күйді танып қап,
Табады түбінде анық бақ.
Бағамды төр бермес, Ел беріп,
Ұшармын қалықтап... шарықтап.

Тыйса да шындықпен үндеуді,
Айта алам мұңды мен мұң деуді.
Биіктен биікке ұмтылсам,
Қандендер көбейтер күндеуді.

Білемін кім озық, кім кейін,
Сырымды ашпай-ақ мұң дейін.
Сол мұңнан жыр туып
Жұртыма
Ашса екен жанымның күнгейін.

Жетсе де бір емес, екі өлім,
«Елімі» деп, «Халқым!» деп өтемін.
Алаштың бақытты ұлымын,
Жүрегі ұлтымның - мекенім!

СОФЫЯН

КҮРЕСКЕР

Қазіргі қазақ қоғамын немқұрайдылық жайлап алды. Мемлекетшілдік, ұлтжандылық, ұлттық патриотизм кері шегініп, күнкөргіштік пәлсапа мен күнбағарлық ұстаным алға шықты. Ащы болса да ашығын айтайық, қазақ зиялылары қазір қазақтың мүддесін көздеуді мүлде ұмытып кетті: бірі дүние жиюмен әуре, екіншісі дүние шашумен әуре, үшіншісі атағын шығарумен әлек, төртіншісі әйелмен әуре...

Інжілде айтылмаушы ма еді: «Тас жинайтын да кез келеді және сол тасты атқылайтын да кез келеді» деп. Сол сияқты, дәл қазір қазақ қоғамына ес жинайтын кез туып тұр.

Шынында да, неге жайылып кеттік?

Тәуелсіздік алдық деп мұншама тайраңдағанымызға жол болсын?!

Тәуелсіздік дегеніміз - ұлтсыздық емес, ұлттық игілік, ұлттық ырыс, ұлттық құт емес пе еді? Тәуелсіздік қай уақытта бойымызға құт боп еніп, ырыс боп сіңіп, ұлттық игілігімізге айналады? Ұлттық мүддені түгендегенде ғана, ұлттың мүддесі үшін жұмыс істегенде ғана! Не керек, қазақ зиялыларын қалың ұйқыдан оятатын бір айғай керек-ақ боп тұр...

Дәл қазір азаматтық сөз айтып, азаматтық мінез көрсете алатын ақын-жазушыларымыз некен-саяқ қана қалды. Сол сиректің бірі - сөз жоқ, Софы Сматаев (Софьян). «Халықты алға сүйрейтін зиялылар болса, сол зиялылардың да өз ішінде серке тобы бар. Ол - ақын-жазушылар» деп жазған еді Софы ағамыз осыдан қырық жыл бұрын. Сол міндетіне Софы Сматаев әлі адал. Сөзі мен ісі ұдайы бір жерден шығады. Азаматтық ұстанымына берік Софекең қоғамымыздағы былық-шылықты, келеңсіздікті әшкерелеп, ұлттық мүддеміздің ұтылып жатқаны жөнінде ашына әрі ашық жазып жүр. Өзге жазушылар тайғақтаса да, Софы Сматаев алған бетінен қайтқан емес. Ұлттың мүддесін сатқандармен ымыраға келмеген. Атақ алу, байлыққа кенелу

үшін әлдекімдер секілді жағынып, жарамсақтанбаған жаны да, ары да таза кемел жазушы, айбынды ақын. Бір сөзбен айтқанда, Софекең өзінің Күрескер екенін досқа да, дұшпанға да мойындата білді.

Өткір де өтімді ойларымен қазақ қоғамын қалың ұйқыдан оятып жүрген Софы Сматаев 70 жасқа толды. Жақсының ұзақ жасағаны жақсы. Сөзіңіз секілді Өзіңіз де ұзақ жасаңыз, қадірлі Софеке! Мерейлі, мекенді болыңыз! «Жасалаштықтар» мен «Жас Алаштың» оқырмандарының тілегі деп қабылдағайсыз мұны.

«Жас Алаш» газеті
23.06.2011 ж.

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ

ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІК ТУРАЛЫ ЭПОПЕЯ

Қазақ елінің ең бір ауыртпалығы мол, қайғылы да, қатыгез кезеңі - «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманы болғаны ежелден белгілі. Сол он сегізінші ғасырдың Алаш тірлігінде қат-қабат тартыстарға толы шытырманы мен шырғалаңы ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерінен шаңдатып қана елес беріп келсе, көркем эдебиеттің еншісіне онша көп тие қоймаған еді. Енді міне, сол сонарға із түсіпті. Және ол қандай із! Жазушы Софы Сматаевтың «Елім-айы». Үш кітаптан тұратын халықтық эпопеясы.

Тарихи шындықпен көмкерілген Софының бұл романы - тоталитаризмнің темір құрсауында тұншығып жатқан тарихымыздың тыңын көтерген тұңғыш көркем туынды десек, «Елім-айдың» бірінші кітабы халқымыздың осыдан үш ғасыр бұрынғы тіршілігін көз алдымызға әкеліп, ақтабан шұбырынды болған қанды жолмен қыбырлаған алаш жұртының азалы күндерін жайып салған еді. Тұс-тұсынан анталаған жау қыспағында қалған қазақ хандығы тарихтан біржола өшіп кетудің аз-ақ алдында тұрғанын егіле жырлап еді.

Он сегізінші ғасырдың алғашқы ширегінде Ресейдің өктемшіл патшасы Петрдің бұйрығымен қазақ даласына Тобыл, Ертіс және Жайық өзендерін жағалай ақ патшаның қамал қалалары мен бекіністері (Тобыл, Омбы, Жәміш, Семей, Өскемен, т.б.) орнап, өзекке от түскенін айғақтап еді. Он алтыншы ғасырда Азиядағы фашистік-феодалдық мемлекетін құрған Жоңғар хандығы он жетінші ғасырдың аяғы мен он сегізінші ғасырдың басында қазақ жеріне шапқыншылық жасап, алтын Алтайдың, жаннат Жетісудің, асыл Арқаның жартысын жаулап алып, халқымызды атышулы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» душар еткеніне көкіректен шер, көзден жас төге куңірентіп еді. Содан да болар, халықтың басынан кешкен қасіретін барынша көрсетіп, елдік пен бірлікті, еркіндік пен тәуелсіздікті жанынан да артық қорғаған жұртымыздың ерлігін жырлаған бұл романға деген ел құштарлығы сол жылдары аса керемет еді. Қасиетті «Елім-ай» әнін өзгеше жаңғыртып, ұлттық мүддеміздің ұлылығын, халықтық

арманымыздың асқақтығын ардақтап, азматтықты көксеген, ата-бабаларымыздың зар тілегін жеткізген осынау романға жұрт назары құлай ауған болатын. Бірақ ұлт тарихы, ел қамынан гөрі өзінің бабын көбірек құйттайтын сол кездегі әміршіл-әкімшіл басшылар бұл кітапты бірнеше жыл бойы жарыққа шығармай қойғанын бүгінгі ұрпақ біле бермеуі де мүмкін.

Ал «Елім-айдың» бірінші кітабы «Жұлдыз» журналында жарқ етіп көрінген күннен бастап, мәдени-рухани өміріміздің белгілі бір ескерткішіне айналып кеткен болатын. Бір әнді түп қазық етіп алып, бір ғана Найман Жомарт батыр әулетінің тіршілік әрекеті арқылы бағзы күндердің елесін тірілтуді мақсат қылған жазушының идеясы өте сәтті табылған. Өйткені, тамшыдан көл құралса, әр шаңырақтан ел құралатыны белгілі. Осынау кішіден ұлыға ұластыру тәсілі арқылы Софы жұрт көңілінен шыққан үлкен полотноны дүниеге әкелген-ді. Сондықтан да басқыншыларға қарсы күреске қазағын жұдырықтай жұмылдырған әз Тәуке ханның жанкешті тірлігіне шүбәсіз сенесің. Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Жәнібек сынды халық батырларының туған жердің әр тұтамын кеудесін жебеге, жүрегін найзаға тоса қорғап қалғанына марқаясың. Халқымыздың үш кемеңгер биі Төле, Қазыбек, Әйтекенің ел бірлігінің ұйытқысына, ұлт тірлігінің тұтқасына айналғанына құлшына бас иесің. Алаштың азалы кезеңін көркем тілмен, шытырман оқиғаларымен, әсіресе тарихи дәлдігімен жеткізген бірінші кітапқа кезінде әдебиетшілер мен ғалымдар да аса құнды туынды екенін айтып, әділ бағасын берумен қатар, «Елім-айдың» бірінші кітабы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған болатын. Алайда «әлі аяқталмаған, екінші кітабы шықсын» деген сылтаумен шеттетіліп қалғанына өкінгенбіз де.

1980 жылы жарық көрген «Елім-айдың» екінші кітабы осындай жан-жақты зерттеуден туындаған шығарма. Ол қазақ халқының «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі тоз-тоз боп ыдырап, мемлекетінің іргесін босатыңқыратып алған азалы халін көрсетуге арналған.

Жазушының бұл кітаптағы негізгі кейіпкерлері де - халық өкілдері. Сондықтан да ел бірлігін көксеп, ел тірлігін жандандыруды енді Болат хан, Әбілқайыр, Барақ сынды сұлтандар емес, қарадан шыққан хас ұлдары - Төле,

Қазыбек, Бөгенбайлар бастайды. Алты алашына сауын айтып, жасақ жинап, Ордабасыда билер кеңесін өткізеді. Әбілқайырды бас сардар етіп сайлап, Бөгенбайды ту ұстарға белгілейді, намысын қайрақтай жаниды. Осының нәтижесінде, 1729 жылы атақты «Аңырақай шайқасы» болып, қазақ қосыны ойрат басқыншыларына ойсырата соққы береді. Мұны кітаптан оқыған қай қазақтың да делебесі қозып, елі мен еріне деген мақтанышы артатыны да сөзсіз десем, елінің ертеңі мен бүгінін һәм болашағын барынша сезіну үшін де, сол сезіміңді қан тамырында лүп-лүп тасыту үшін де осы кітапты қайта-қайта оқу керек дер едім мен жас ұрпаққа. Өйткені, романның ең бір әсерлі тұсы осы.

Аңырақайда Абылай сұлтанның алғашқы ерлігін жасауы айрықша суреттеледі. Автордың кредосы - азаттық аңсаған ел тәуелсіздік кілтін қолына ұстай алады. Ерлік елдің алтын күнін төбесіне шығара алады дейтін жарқын тілекпен тұжырымдалады. Екінші кітаптың осылай аяқталуы оқырман көңіліне жылу ұялатып, жүрегіне сенім егеді. Үмітін оятады.

Бұл екінші кітап та бастапқы шығармасы сияқты, «жылдың ең тәуір туындысы» деп аталған еді. Екі кітап тағы да мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған болатын. Алайда одақ басшыларының «үшінші кітабын жазсын, трилогия жасасын» дегені желеу болып, жолы қиылып қалған-ды.

Енді міне, «Елім-айдың» үшінші кітабы қолымызға тиді. Соңғы кездері қатты науқастанып жүрген Софы жазушылық ерлік танытты. Жұп-жұмыр дүниесін халқының үлесіне табыс етті.

Бұл үшінші кітабында өрнектелетін негізгі оқиға- Ресей мен Қытай тәрізді екі алыптың ортасында қысылып, осы алып жыртқыштардың үңірейген өңешіне түсіп кетпей, қалай жан сақтап қаламыз деген қазақ даласы мен қазақ баласының қамын жеген - Төленің, Қазыбектің, батырлар - Бөгенбай, Қабанбай, Есет, Наурызбайдың, Абылай сұлтанның аттың жалы, атанның қомында өткен тірліктері. Тарихи шындық, терең талдау жасау, образдарды сомдау - Софының оң жамбасына дөп келер қаламгерлік тәсілдері болса, бұл үшінші кітапты жазуда да ол сол дәстүрлі бағытын нық ұстаған. Шығармасы сондықтан да әрі көркем, әрі аса құнды боп туындап, әрі

дәл бүгінгі тәуелсіз республикамыздың ғұмыр-тірлігімен үндестігімен мейлінше ұтып жатыр.

Сондықтан да бір жарым ғасырлық тарихымызды тік қопара аршып, сұрыптап, ақиқатын аша көрсетіп, халқымыздың азаттық жолындағы жан беріп, жан алысқан ерлік күресін барынша жарқырата танытқан бұл трилогияны өз басым Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясымен деңгейлес дүние санайтынымды құдай алдында да ашық айта аламын. Бұл трилогия - қазақ халқының тәуелсіздігін, алаштың елі мен кең-байтақ жерін сақтау жолында қаны мен жанын аямаған хас ұлдарын аялап, көкке көтерген, бірлік пен ынтымақтықты ардақ тұтқан халықтық эпопея.

«Елім-ай» трилогиясының құндылығы мен қасиетін өсіретін үш құрам туралы бұрын да айтқанмын, бүгін де қайталап айтам. Олар - тарих, халық, ән-күй. Кеңес кезеңінде ескерусіз қалған тарихымыз сол қытымыр кезеңнің өзінде-ақ бұл романда жаңғырып тірілген болатын. Сол жаңғырып оянған тарихты жасайтын халықтың қарапайым өкілдері бұл трилогияда жан-жақты көрінеді. Ең бастысы, ұлтымыздың шұрайлы тілі, әсем әні, күмбірлеген күйі кітаптың әр бетінен кеудеңді кернеп, жүрегіңді тербеп, ілгері тартады да отырады. Осы орайда мен Ғафудың (Қайырбековтың) «Елім-айдың» ең үлкен қадірі - шығарманың ақындық, көркем тілі. Тілі болғанда да сол заман, өткен дәуір тұсындағы көне тіл үлгілерін игерген, шешендік дәстүрді, «э» дегеннен шығарманың шырайын ашатын тілін айтып отырмын. Софы тілі еш алаңсыз, кібіртіксіз құйма, анық ағынды, табиғи бояулы тіл!» - дегеніне толық қосыламын.

Енді осы трилогияны тамшысынан-ақ дәмін, нәрін таныту үшін Қазыбектің Абылайға айтқан уәжінен дәйек келтіре кетейін.

«...Орысқа да, қытайға да өңіңді берсең де, өзегіңді ашпа, ішіңе енгізбе. Еңкейіп те сынба, шалқайып та сіреспе. Шынға өтірік қоссаң да, өтіріктен шындық іздеме. Уәде берсең де, шырай берме... Көп шіркін көптігін жасап сындырып та, сөндіріп те кетуі ықтимал. Сынбау үшін күресіп бақ. Сөнбеу үшін жанталасып күрес. Халқыңның ендігі ілігі де, үміті де сенде. Жақсысы мен жаманын айыра да, ажырата да біл. Жалғаны мен шынын жіктей де

біл. Жақсыдан жалғандық тілемесең, жаманнан шындық күтпесең, сүрлеуің даңғылға айналар-ау! Даугерің де, куәң де кеудеңде бірге түнесін. Қай істің де анық-қанығын түбірлеп алмай, шолақ қайырма. Ел бірде бала, бірде дана. Балалығын дана болып қорғай біл. Даналығын бала болып қолдана біл. Сонда ғана халқың әрі қорғаның, әрі арманың бола алады». «III-кітап, 748-бет).

Софы Сматаевтай - сол бала халқының даналығын бойына сіңірген қаламгерге туған халқы әрі мәңгілік қорғаны, әрі асыл арманы боп қала беруін тілей отырып, эпопеяның авторы, халқының сүйікті жазушысы Софы Сматаевтың бұл шығармасы Мемлекеттік сыйлықты алуға әбден лайықты туынды демекпін.

«Егемен Қазақстан» 2004 ж.

Қалмұқан ИСАБАЕВ

ШЕНЕУНІКТЕР ІШІНДЕГІ ЖАЛҒЫЗ ЖАЗУШЫ

Ұмытпасам, 1966 жылдың ақпаны болуы керек. Бір күні Жазушылар одағының мәжіліс залында «Мәскеуде оқып жүрген жастардың жиналысы болып жатыр», дегенді естіп бардым. Жұқалтаң келген жігіт қалаларда қазақтың аз тұратыны, фабрик-зауыттарда қазақ кадрының жоқтығы, оларды жергілікті жерде дайындаудың орнына сырттан шақырылатыны, мұның ұлт тілі мен мәдениетін дамытуға тұсау болатыны жөнінде сөйлеп тұр екен. Сөз сарыны ұнап, шеткі орындыққа үнсіз барып отыра кеттім. Әлгі жігіттен кейін шашын Гогольше екі айырып қойған көзілдірікті жігіт «қазақ тарихы Октябрь революциясы жеңісінен басталады және ол революцияны халық жасады» дейтіндердің барын, олардың соңғы сөзді айтқанда алғашқы қағидаға қарсы шығып тұрғандарын өздерінің де білмейтінін, ал сол революцияны халық жасаған болса, онда оның тарихының да болатынын айта келіп, енді ұлттық мәдениетті көтеру керек болса, алдымен халықтың сол тарихын жарыққа шығару керектігіне тоқталды.

Артынан естісем. Мәскеуде оқитын қазақ жастары «Жас тұлпар» деген ұйым құрған екен. Мен залға кіргенде сөйлеп тұрған жігіт Мұрат Әуезов те, екіншісі белгілі жазушы Софы Сматаев екен.

«Елім-ай» романының уақытында жарық көруіне сыртқы айбынды ықпал да, ішкі қоңырсыған күш те қарсылық көрсетіп келген. Тынымсыз тама берген су тасты да теседі. Сол сияқты Софының тынымсыз еңбегі бір күндері заманның идеологиялық тасын да тесіп өтіп, ақыры 1978 жылы «Елім-айдың» 1-інші, 1980 жылы 2-кітабы жарық көрді. Бірінші кітабында Жоңғар хандығының пайда болуы мен оның қазақ елін «ақтабан шұбырындыға» ұшыратуына, екінші кітабында бұдан кейін қайратына қайта мінген қазақ күшінің Аңырақай даласында басқыншылар сағын тұңғыш сындыру жағдайы сөз болады. Бүгінде қазақ тарихына қалам тартушылардың бәрі осы тарихи жолды қайталап отырады. Алайда мұны тұңғыш рет қағазға түсіріп, жария етуші осы Софы болатын. Мұны Софының қасаң

идеологияның қалың қабырғасын тесіп өткен ерлігі деп бағалауға болады. Қазақ қоғамы «Елім-ай» диалогиясын жата қалып оқыды. Тарихынан сусындады - 200 жыл үздіксіз жүрген соғысты бастан кешірген және сырт көмексіз-ақ жауды өз күшімізбен жеңіп, жерімізді азат етіп алған халық екенбіз. Мұны халыққа Софыдан бұрын кім айтыпты? Елдің еңсесі көтерілді. 1986 жылдың желтоқсанында жастардың Брежнев (қазіргі Республика) алаңына шығып, тоталитарлық режимге қарсы шығуын кім ұйымдастырды деген сұрақ ұзақ уақыт аспанымызда қалықтады. Өз басым бұл сұраққа сол оқиға қарсаңында тарихи тарқырыпқа шығармалар ұсынып үлгірген Ілияс Есенберлин, Софы Сматаев сияқты жазушыларымыз деп жауап бере алар едім бүгінде. Қалайда бұлар өз шығармаларымен халқымызды өзіне өзін танытып, еңсесін көтерді ғой.

1986 жылы Желтоқсанда Брежнев алаңында орын алған оқиғадан жұртшылық хабардар. Алайда сол күндері Қазақстандағы тоталитарлық үкіметтің ұясы болған төбедегі төре ғимараттың берік жабылған есігінің ар жағында не болғанынан бейхабар. Сөйтсе Мәскеуден нөкерлерімен келген «интернационалист» Соломенцев Қазақстан Компартиясы бюро мүшелері - қазақтарды кіре берісте қалдырып, қазақ жастары қозғалысын қалай басуды сөз қылуға жергілікті шовинистерді ғана жинап алады. Кенет, үлкен құзырлы өкіл бастаған топ бір пікірге келсе керек, қазақтарды да ішке шақырады.

- Не бітірдіңдер? - дейді Соломонцев.

- Сырттағы дүбірді басу үшін, жастарды сабаға түсіру үшін Орталық Комитет атынан қазақша, орысша үндеу жаздық. Жазған мына екеуі - деп Камалиденов бөлім меңгерушісі Устинов пен сектор меңгерушісі Сматаевты көрсетеді.

- Оқышы, тындайық, - дейді Колбин Софыға.

Сматаев «Айналайын балаларым...» деп басталатын үндеу мәтінін бұрын бітіріп, оны Колбинге орысшаға аударып бергенде бірінші хатшы «айналайын» деген сөзге түсінбейді. Оны Софы «милые» деп аударып береді.

- Какие они мне милые! - деген Колбин қазақша мәтінді лақтырып тастап Устиновтың жазғанына көзін жүгіртіп өтіп, Софыға ұсынады.

- Сен осыны қазақшаға аудар!

Үндеудің бірінші жолы «Казахский махровый национализм» (Қазақтың қараниет ұлтшылдығы...) деп басталғанын тағыда жаратпай, ашуға мінген Софы қайда, кімнің алдында тұрғаны ескермей Устиновты жағадан алады:

- Қазақ елінде тудың, білім алдың, үлкен лауазымға дейін өстің, қазақ махровый националист болса, сен елдің осынау төрінде отырар ма едің, алғыс айта білмейтін сатқын! - дейді де Колбинге бұрылып - Махровый шовинизм иісі аңқыған үндеуді аудармаймын! - деп құзырлы кабинеттен шығып кетеді.

Ал Қазақстан Компартиясы ОК-нің Бюросы мен үкімет мүшелері үнсіз қалыпта отыра береді.

Ызғарлы шенеуніктер қатарында болған жалғыз жазушы сонау сиқырлы да сырлы уақытта өзін-өзі осылай ұстаған еді...

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

АҚИҚАТ АСУЫ

Жазушы Софы Сматаев шығармалары туралы ой

Қалың қалам қайраткерлерінің арасынан өз алдына өз жарығымен, бар болмыс жаратылысымен, қалам өрнек үлгісімен, білім-тәлімі, бірегей жолымен көзге анық түсетін тұлғалардың бірі - Софы Сматаев. Кешегі жас жігіт, бүгін елуге келген жігіт ағасы өзінің осы уақытқа дейінгі жазушылық жолында, өнер жазығында талай-талай тау-шоқылар, тұғыр-мінбер, көк белестер орнатып тастады деуге болады. Ол өзінің жазушылық ширек ғасырын ел сүйінердей еңбектермен толтырып үлгерді.

Софы Сматаевты жазушы есебінде халыққа танытқан оның «Елім-ай» атты қос кітапты романы. Халқымыздың ең қасіретті дәуірі - «Ақтабан шұбырынды» тақырыбына, қайтадан ел болып бірігуіне арнап бірнеше жазушы қаз-қатар қалам сермеді.

Ал, Софы өзінің шығармасына қазақтың сол тарихтан қалған жалғыз көркем ескерткіші - «Елім-ай» әнін түп қазық етіп (лейтмотив), бір ғана шаңырақты, Жомарт батыр әулетінің сол күндердегі тіршілік әрекеті арқылы баяндауды мақсат тұтады. Көріп отырсыз, әңгіме жалпыдан жекеге ауысады. Сол алапат кезең қазақтың бір отбасына, шаңырағына қандай қасірет әкелді деген идеяны өте сәтті тапқан. Өйткені, сондай әр шаңырақтан ел, халық құралады ғой. Роман сондықтан да оқыған жұртқа бірден түсінікті, ұғымды, ұтымды, тұп-тура өкпе тұстан шығады. Бұл жазушылық әдіс - үлкен шебердің ісі, кішіден ұлыға ұластыру тәсілі болып табылады. Романның екінші бір қасиеті - оның поэзиялық рухани нәзік кестесін, материалын таңдап алуында, яғни, іштегі шерін қашанда өлеңмен шығаратын халықтың өз мінезінен шығуында. Әрине ең үлкен қадірі - шығарманың ақындық, көркем тілі. Тілі болғанда да сол заман, дәуір тұсындағы көне тіл үлгілері, шешендік дәстүрлі тілді айтып отырмыз. Шығарманың «ә» дегенде шырайын ашатын тілі ғой. Софы тілі еш алаңсыз, кібіртіксіз, құйма, ақпа, анық ағынды, табиғи бояулы тіл. Сондықтан да оның өзгелерден гөрі халыққа кең тарауында сондай себеп бар.

Бұрын аты белгісіз жазушыны елдің салған жерден біліп кетуі - жазушы үшін сирек бақыт. «Елім-айдан» соң Софының жазғандарын жұрт іздеп оқитын болды.

Шағын әңгімеде Софы Сматаев секілді белді, қордалы, мүлікті, жиһазды, даңғыл жолды жазушының бар еңбегіне баға беріп, барын төкпей-шашпай айтып беру қиын жұмыс. Софы - «ақырын жүріп анық басатын» саспайтын, салмақты, еңбекке үнемі адал, іс-әрекет үстіндегі қаламгер. Солай болғандықтан да ол ойшыл, ізденгіш, тапқыш, айтқыш.

Ең бастысы сол - «оңаша ойдың күркесін тігіп» өзі жасаған кейіпкерлерімен рақат қызық дәурен кешіп, жасай береді, жаза береді.

Қазақ әдебиетіне осындай еңбекқорлық әбден қажет. Сол әдебиетті жасаушылардың ірі тұлғасы - Софы Сматаев - ақиқат жазушысы. Ақиқаттың адастырмас жолымен асулардан адуындай асып келе жатқан жолаушы.

Серік ҚИРАБАЕВ

ЗАМАНА ЖЫРШЫСЫ

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары ел билігінің ауысуына байланысты партиялық қатаң бақылаудың босаң тартқаны, әдебиетпен өнерде «жылымық» аталатын кезең туып, белгілі дәрежеде қаламгерлердің еркіндік алғаны тарихтан мәлім. Осы бір тұста бұрын әдебиетте ақтаңдақ күйде қалып келген, әр халықтың ұлттық сезімі мен Отан сүйгіштігін айқындауға мүмкіндік беретін тарихи тақырыпқа жаппай бетбұрыс басталды. Ел мен жер, халық тарихы арқылы өмірдің бұралаң, қайшылықты даму сырларын көркем әдебиетте бейнелеп көрсету мүмкіндігі туды. І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов, М.Мағауин, Ә.Кекілбаев сияқты қаламгерлер қазақ тарихының қайшылықты мәселелерін көтеріп, романдар жазды. Осы әріптестерінің көбінен бұрын қазақ тарихы тақырыбына қалам тербеп, осы топтың ең алдыңғы легінде «Елім-ай» атты шығармасымен көзге түскен - С.Сматаев болатын. Ол үшін тарихи тақырыпты көтерудің ауырлығымен бірге принципшылдығы, жаңа концепциясы да бар еді. Онда бұрын мешеу, феодалдық-патриархалдық өмір кешкен деп бағаланып келген елдің тарихының жарқын жақтары да, сол тарихтағы көрнекті адамдардың патриоттық, азаматтық күрескер бейнесі де жаңадан жасалды. Бұрын ел билеушілер қатарында мансұқталып келген хандар мен билердің, батырлардың халықтың бас көтерер азаматтары болғандығы айқындалды. Олар да өз отандастарымен бірге елін бірлікке үндеп, басқыншыларға қарсы күреске бастаған. Осындай жаңа образдар Софы романдарында мол еді. Ол Тәуке хан билеген замандағы қазақтың бірлігі мен ынтымағы, бейбіт өмірі, көрші халықтармен дипломатиялық қарым-қатынасқа қол созуы жөнінде нақтылап жазды. Тәуке өлгеннен кейінгі билікке таласқан ұрпақтың ұсақталып кетуін, алауыздықтың күшейіп, ел басындағылардың рушылдық пен мансапқорлық психологиясын барынша ашып суреттеді. Осы шетін жағдай ойрат шабуылы кезінде ауызбірлігі, бастаушысы жоқ елдің тоз-тоз болып қырылуына, «Ақтабан шұбырындыға» әкеп соққан еді. Елі мен жерінен айрылып, тоз-тоз боп қаңғыған елдің «Елім-ай» деп зарлауы да

осыдан еді. Осындай қиын кезде Төле, Қазыбек, Әйтеке билер халыққа сауын айтып, елді бірлікке үндеді. Бөгенбай, Саңырық, Жомарт, Райымбек, Есет, Жоламан, Олжабай сияқты батырлар іріктеліп, қол бастап шықты. Тәуекел, Есім, Қасым, Жәңгір, Тәуке, Әбілқайыр, Абылай тәрізді айбынды хандар ел билігін берік ұстауға тырысты. Қазақтың елдік һәм ерлік дәстүрлері, көркем сөзі мен шешендігі халық қызметіне пайдаланылды. Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей жыраулар бүкілхалықтық азаттық күресінің жаршысына айналды. Софы романының негізгі көркемдік мазмұны осы дәуір шындығынан алынды. Сол себепті бұл роман дәуір шындығы мен ондағы адамдар тартысын, характерлерді тереңірек ашуда қазақ әдбиеті тарихында елеулі орынға ие болды. Онда халық азаттығы жолындағы күреске қатысқан жоғарыда аталған азаматтардың тәп-тәуір бейнелері жасалды. Құғын-сүргінге ұшырап қасірет тартқан ел суретін танытатын көпшілік сахналары, ел азаматтарының ішкі толғанысы романда кеңінен қамтыла суреттелді.

Ел жағдайына талдау жасау - жазушының аналитиктік қабілетін молынан байқатады. Қазақ және көрші ойраттардың тұрмыстық суреттері мен ел басшыларының психологиясын көрсетуге романда кең орын берілген. Үш кітаптан тұратын эпопеялық роман оқиғалар мен кейіпкерлер тобын біртіндеп толықтырып, қазақ-орыс қатынастарының ұлғаюына дейінгі кезеңді қамтиды.

«Елім-ай» романы кезінде қазақ сыны мен әдебиеттану ғылымы тарапынан биік бағаға ие болған. Р.Бердібаевтың: «Елім-ай» романы да өзінің көркемдік тәсілі жағынан эпикалық баяндау сипаты басым шығармалар тобына қосылады. Мұнда қазақ әдебиеті көркемдік дамуының ұлы арнасы фольклорлық, эпикалық дәстүрге тығыз байланысты екені көрінеді. Тіпті романның аты халықтың аса әйгілі әнінің атымен берілуі де шығарманың түпкілікті идеясын ашуға дәл келіп тұр. Қазақтың шешендік сөздерінің үлгісіндегі шығарма тілінің кестесі де жарасымды»[1] деген сөзі бар.

«Елім-ай» - жазушының сайын сахарасының ойы мен қырына, көлі мен шөліне, туған халқына, оның ұлттық дәстүріне, салт-санасына, мейлінше бай тіліне, дала

Бердібаев Р. Бес томдық шығармалар жинағы. 3 том. - Алматы, 2005. - 436-6.

төсіндегі қыбырсыз қорған-қорымдарда үнсіз жатқан ата-баба рухына табынған сүйіспеншілігі»[2], - дейді З.Серіққалиев.

Сол дәуірдегі қазақ-қалмақ қатынастары мен оған қатысқан батырлар мен ел басшыларының өмірі мен еңбегін Софы кейінгі шығармаларына да арқау ете білді. Оның «Жарылғап батыр» (2003) атты өлеңмен жазылған романы - соның айғағы. Онда автор «Елім-ай» оқиғаларына жас болып қатыса алмаған қазақтың жас батырына деген ықласын ерекше төгеді.

Романда ел мен жер жайлы толғаныс мол. Ел өмірі, елдік, ерлік жайлы, достық, сүйіспеншілік туралы, туған даланың табиғаты хақында Сматаев терең толғанып, оны қаһармандарының ерлік тұлғасымен, елгезек сезімімен ұштастырып отырады. Өмір, болмыс көріністері, табиғат бояулары келісті жасалған. Дүниені образбен тану - Софыны шебер суреткерлікке жеткізген. Оның байқағыштығы, сезімталдығы оқырман көңілін риза етіп отырады. Қазақ өлеңінің 11 және 7-8 буынды түрлерін алмастыра отырып, көкейіңе көркем сөз құдіретін дарытады.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы өлеңмен жазылған роман онша көп емес. Софы романы - осы қатарды құлпыртып толтыруда едәуір орны бар туынды.

Қазақ хандығының жаңа құралып, сырт жауға қарсы айбынын асырып тұрған кезіндегі ірі тұлға - Мейрамсопы бейнесі де Софы қаламының назарына ілігеді. Қазақ хандығын орнықтыру ісіне билігімен де, ерлігімен де үлес қосқан Мейрамсопы - Арғын руының үлкен бір бұтағының түп атасы. Мейрамсопының қайраткерлігіне қоса, адамдық парасатын, жылы сезімін, таза махаббатын табу жолының күрделілігі «Мейрамсопы - Қарқабат» (2010) атты әдемі дастанға негіз болған.

[2] Серіққалиев З. Мәңгілік шайқас, мазасыз кезең суреткері. Кітапта: С.Сматаев. 1-том, 8-6.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

ТАЗА АДАМ ТАЗА ЖОЛМЕН ЖҮРЕДІ

Жасауы қарапайым кең бөлменің төріндегі үстел басында екі ақсақал отыр екен. Жұртшылыққа белгілі ағаларымыз. Кезінде облыстық партия комитеттерін басқарған, республика Компартиясының Орталық комитетінде екінші хатшы болған Сәкең - Сағидолла Құбашев және ержете атқаруға кіріскен әскери қызметінің қызуы ет-сүйегіне сіңіп кеткен Олжекең - Олжабай Темірханов. Отставкадағы полковник.

Сәкеңді сырттай ғана танимын, жолымыз қалайда қиылысқан емес. Ал өзімнен мүшел жас үлкен ақжарқын Олжекеңмен әзілдесе беретін әдетім бар. Жараса шүңкілдесіп отырған екеуінің сәнін бұзғым келмей кідіріп тұрып қалып едім, отағасы інім Ержан Дүйсенбиев келіп қолтығымнан алып: «Аға, жүріңіз, екі ақсақалдың жанына жайғасыңыз!» деп алып барды.

- Ассалаумағалейкүм, ағалар! - деп сәлем бердім.

- Уағалейкүмәссалам! Кел, отыр! - деп Олжекең қолын да, оң жағындағы орындықты да нұсқады.

- Ассалаумағалейкүм! Ғаббассың ба? - деп Сәкең қолын ұсына бере жымиды.

- Сәке, ағеке, сәлем менен ғой? - дедім.

- Сізді сырттай білемін, сыйлап жүремін, сондықтан сәлем бергім келіп еді, - деді Сәкең, жымия түсіп.

- Ғаббасқа інілері сәлем берсе, сол жетеді, тоқсанның есігін қағып жүрген біздің қасымызда бұл, қайда, бала емес пе?, - деп Олжекең қалжыңын бастады.

...Ардақты екі ардагермен мөлшері екі сағатқа созылған әңгіме барысында Олжекең көп жыл сырлас, дос болған ақын жездем Әнуарбек Дүйсенбиевтің, оның жұбайы - Рәбиға апайым Түгелбаеваның жарқын бейнелері (екеуі де - марқұм, жандары жәннәтта болсын!) көз алдыма уақ-уақ келе берсе, қарымды қаламгер ініміз Софы Сматаевтың сонау бір жылы Сағидолла ағаның кесек қимылы хақында сүйіне айтқан хикаяты есіме түсе берді.

Софы: «Қарапайым да қайратты қазақ» деп сипаттаған Сәкеңнің сол кесек қимылын жадымның «мұрағат жайынан» алып, өзім де үзбей оқып жүрген

осы «Түркістан» газетінің, әсіресе жас оқырмандарына ғибрат болса екен деп ұсынып отырмын. Жас оқырмандар Софы ағаларын қаламы жүйрік жазушы, ақын деп жақсы білсе де, азаматтық іс-қимылдарын біле бермеуі мүмкін. Бүгінде оң әрекетті кімнің болсын жұртшылыққа танылуы оңай шаруа емес.

Танылу мәселесін, меніңше, «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда?!» деген Абайдан артық айтқан адамның барын білмеймін. Абекең осы өлең сөзімен: Өйтіп «танылғаны» құрысын, ондайлардың өмірі бүгіндік қана деп түйген тәрізденеді. Біздің кейбір әріптестеріміз Абайды не оқымайды, не түсінбейді, - төпелеп жаза беретін күлдібадам бірдеңелерін үйіп-төгіп тықпалап, жыл құрғатпай кітап етіп шығарттырып, онысының беташарына: «Оқырманы ең көп жазушы», немесе: «Кітаптары шетел тілдеріне ең көп аударылған жазушы», немесе «Кітабының таралымы ең көп жазушы» деген түсіндірме (аннотация) жазады (әрине, өзі!). Арзан да болса атақ керек. Бірақ кітап дүкендерінің сөресінде айлап, жылдап сіресіп тұратын кітаптар - солардікі.

Ал татымды, тартымды жазатындардың кітаптары жиі шықпайды, шыққан күнде бояуы кеппестен дерлік сатылып кетеді, өйткені олар - сан қуып жанталаспайтын қарапайым, қалаулы қаламгерлердің туындылары. Жазушы, ақын Софы осы сырбаз, қанағатшыл, танымал топтан десем, Азамат Софының, әлгі біреулерше өзін-өзі насихаттайтын, не өзгеге насихаттататын кәсібі жоқтықтан, 1986 жылғы Желтоқсан сұрапылы күндері жасаған жанкештілік кимылдары - ерен ерлік болса да, көп айтылмай, көпшілікке жетпей келеді.

Болып өткеніне жақында 25 жыл толатын сол астан-кестең күндерде Софы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Мәдениет бөлімінде сектор меңгерушісі еді. Д.Қонаевтың орнына сырттан Г.Колбин дегеннің әкеліп қойылғанына наразылық білдірген алматылық жастардың орталық алаңға жинала бастағанын алғаш байқаған, олардың арасына бір емес, бірнеше рет барып, арандап қалмауларын өтінген қызметкерлердің бірі - Софы. Жазушы Софы Сматаевты танитын жастар оны әр жолы қоршалап алып, өздерін алаңға алып келген өрепкі ой сұрақтарын қойды: «Шеттен Колбин дегенді әкелгендері

қалай?!. Қазақстанды басқаратын не қазақ, не орыс өзімізден табылмағаны ма?!. Мәскеу бізді қашанғы билеп-төстей береді?!. Енді не болады, не істеуіміз керек?!.» десті. Қаламгер аға оларды түсініп, орынды сауалдарына орнықты жауап қайтарды: «Партияның өктем екенін білесіңдер, ол бұл шешімін енді өзгертпейді. Сендер ойланыңдар, ашуға жеңдірмеңдер. Колбин бірер жылдан кейін кетер, басшы өзімізден болар. Сәл шыдаңдар, айналайын іні-қарындастарым, сабыр сақтаңдар, ойланыңдар, тараңдар, арандатуға ұрынып қалмаңдар, бұлар сендерге қарсы күш қолданудан тартынбайды», -

деді.

Бірінші күннің кешінде алаңды әскерлер қоршай бастағанда Софы мен Төлен екеуі (белгілі жазушымыз Төлен Әбдіков, ол да - Орталық комитеттің қызметкері) бір сұмдықтың боларын біліп, жандары шырылдап, жастарды қорғау керектігін айтады, бірақ олардың жанайқайын тыңдауға тиіс басшылар кергіп:

- Бүлікшілермен сөйлесіңдер, олардың алдына шығып сөйлейтін кісілерді тауып, осында шақырыңдар! - деп дүрсе қоя береді. Ондай жағдайда тәуекелге бел буып келетіндер табыла берген бе?!

Партия Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы З.Камалиденовтің бөлмесіне шақырылған Софы мен А.Устиновке (ОК Үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі) алаңдағы жастарды тәртіпке шақырған үндеу жазу тапсырылады. Софы тез жазып, Камалиденовке ұсынғанда үндеудің «Айналайындар, адаспаңдар!» делінген қазақы тақырыбы басекеңе ұнамай қалады да, ол тас-талқан болып: - Мұндайдың керегі жоқ, Альберттің жазғанын қазақ тіліне аударыңыз! - дейді. Ал Устиновтің жазғанынан «махровый казахский национализм» деген сөздерді оқыған Софы: - Устинов жолдас, шовинистік пиғылыңыз тірілген екен! Қазақ халқына бұлайша жала жаппаңыз! - деп оның «үндеуін» өзіне ұстата салады. Лауазымы жоғары Устинов жарыла жаздап: - Қазақтар, әне, нағыз ұлтшыл халық екендерін көрсетіп жатыр!- дейді. Сонда Софы бөлмеде отырған: республика Жоғарғы Кеңесінің төрағасы С.Мұқашевті, Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Назарбаевты, Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы С.Меңдібаевты иегімен нұсқап: - Сіздіңше, мына үшеуі де нағыз ұтшылдар болды

ғой?! - дегенде анау тілін тістеп, мылқиып қалыпты. Софы: - Басқа аудармашы тауып алыңыздар! - дейді де, бөлмеден шығып кете барады.

Жастар толқынысының ақыры не болғаны белгілі. КСРО Қарулы күштерінің бас қолбасшысы, көзі жалтыраған зәлім М.Горбачевтің безбүйректік бұйрығымен шеттен әскер әкелініп, Алматының орталық алаңы қанға боялды. Жүздеген жастарымыздың жаны қиылды, мыңдаған жастарымыз мүгедек болып қалды...

Лауазымы жоғарылардың көбі кекшіл келеді, оған сол кезеңде Софының да көзі жетті. «Ұлтаралық жағдайды жақсартуымыз керек» деп себеп тапқан Колбин бір аптадан кейін оны Ақтөбе облысына жұмсады. Камалиденовке бағынбағаны бар, Устиновтың не деп жамандап қойғанын да ит білсін, әйтеуір, келімсек «көсем» - оны қырына алған еді. «Денсаулығым сыр беріп жүр, жақын облыстардың біріне барайын» дегенін құлағына ілмей: «Ақтөбеге баруың керек!» деп қасарысты. Он шақты күнге созылған саяси сарсаңда жүйкесі шабақталған Софы сол күні, қызмет үстінде, жүрек талмасына (инфракт) ұшырап, жедел жәрдеммен ауруханаға жеткізілді.

Әдетте, лауазымы жоғарылардың көбі қол астындағылардың хал-ахуалын, денсаулық жағдайын ойлай қоймайды. Софының оған да көзі жетті. Айдаған жағына жүрмеген «қыңыр Сматаев» ауруханадан шыққан соң колбиндік қара мылтықтың қарауылына қайтадан ілікті. Арада бір апта өткенде Колбин мен Камалиденовтің тапсыруымен Орталық Комитеттің Үгіт-насихат, Мәдениет бөлімдерінің үш «мықтысы»: «Софы Сматаев жолдас партия басшыларын тыңдамайды, міндетін дұрыс атқармайды, ұлтшылдық пиғылы басым» деп беталды кінә таққан жазбаша мәлімдеме жасап, оның тәртібі Орталық комитет хатшыларының мәжілісінде қаралатын болды. Мәжілісте әлгі үш «мықтының» баяндамаларынан кейін Колбин бірден: - Түсінікті болды, кәне, Сматаевқа қандай жаза қолдану керек, айтыңыздар! - дейді, қарақошқыл бетінің түгі тік тұрып. Софы соңғы сөзін айтуға хақы барын пайдаланып түрегеледі де, анау үшеудің жамау-жасқаулы пікірлерінің суын сығып, іліп алар ештеңесі жоғын көрсетіп береді. Үшеудің бірі (казекең) сипақтап: - Солай жазу керек деп тапсырған соң... - деп сұлкие түрегелгенде, Орталық комитеттің

екінші хатшысы Сағидолла Құбашев оған зілдене қарап: - Міңгірлемеңіз, отырыңыз! Ойлы адам жала жабумен әуестенбес болар! - дейді, әдейі қазақ тілінде сөйлеп. Жалма-жан арашашы болғысы келіп аузын аша берген Устиновтің дертесін Сәкең: - Все понятно, садитесь! - деп бір-ақ қайырып, Софыны колбиндік жазадан қорғап қалыпты. Інінің Азаматтық қасиетін таныған Сәкеңдей Аға көп болса ғой, шіркін!

Керіауыз келімсектің құзырында енді жүргісі келмеген Софы сол «міңгір мәжілістің» ертеңінде екінші өтінішін жазып, «Ақ үйден» аулақ кетті. Бірінші рет өтінішті ауруханада жатқанында жазған еді, бірақ «құдайлар» ескермейді, өйткені олар «төмендегі» коммунист Сматаевқа есе жібермеу үшін оған шара қолдануға асыққан болатын. Софы бірде Колбиннің кадр саясатындағы солақайлығын бетіне басқан. «Мені сынайтындай сен кімсің?!» деп тебіткеніне Софының: «Сынауға хақым бар, сіз бен біз - бір партияның мүшесіміз!» деген оқ-сөзі Колбиннің қара жүрегіне қадалып қалған...

Софы «Ақ үйдегі» алапес тірліктен азат болып, қаламын қолға бірыңғай алды.

Екі ағаның алдында есіме орала берген Софы хикаяты осы еді...

Жазықсыз жәбірленген сезімтал жан қатты қиналады. Қиянат көрген жүйке жұқарады. Ойында жоқта сондай халге ұшыраған Софы ауыр сырқатқа тап болды. Ауруханада жатуы жиіледі. Он шақты жыл әлетінде жүрек талмасы тағы үш рет ұстады, екі рет сал болып төсек тартты. «Бір айналдырғанды шыр айналдырады» деген рас, денсаулығы басқа да теперіш көріп, оташының үстелінде жатып та тұрды.

Біздің - басында шығармашылық ноқтасы барлардың - өзге мамандық иелерінен бір ерекшелігіміз, қолымыздан қаламымыз түсіп кеткенге дейін тыным таба алмаспыз деп ойлаймын. Жүз жасауына тілектес Софы іниміз қанша михнат тартса да, қаламын қисайтпай келеді. Әңгіме, хикая, өлең, дастан, пьеса туындылары өз алдына, «Елім-ай» романының төртінші кітабын жазып жүр.

Шырайлы шығармалары Мемлекеттік сыйлыққа бес мәрте ұсынылса да, бес ретінде де «сол ауылдағы»

астыртын саудада бағаланбай қалды, өйткені Софы сыйлық жөніндегі комиссияда әділдік, әдебиетке адалдық бар деп сенді, орағытып өтіп кетер жол іздемеді. Жаны тазалар тек таза жолмен жүреді.

Тірліктің тылсымы қолыңды қаққан, аяғыңнан шалған кездегі қабағыңнан танып үлгеретін, иығыңа түскен зілді, кеудеңді кеулей бастаған құйынды көре білетін, сені кері тартқан қияметтен бері тартуға дереу ұмтылатын інілер де бар. Сондай інінің - көпшілікке танымал қайраткер Иманғали Тасмағамбетовтің шарапатымен Софының туындылары 17 томдық жинақ болып жарық көрді! Әлбетте, ол жинаққа әлі талай кітап қосыларына, олар да замана ағымын паш еткен небір құнды дүниелер болатынына мен де күмәнданбаймын!

Өзіміз әзілді арқау ете айтатын «жігіт жасы - 70-ті» артқа тастап, алға озған Софының жазушылық қырларын «жыр» етпедім. Мың сан оқырманының ризашылығына тәнті көңілім азамат Софы хақында шертіле бермейтін сырдың өзіме белгілісін баян етуімді қалады.

«Түркістан» газеті
8 желтоқсан, 2011ж.

Герольд БЕЛЬГЕР

О КОЛЛЕГЕ СОФЫ-СОФИАНЕ

За творчеством Софы Сматаева я слежу более тридцати лет. Знаю его жизненный путь, направление его мыслей, знаком с его прозой, поэзией, драматургией. Что и говорить - крепкий, многосторонний профессиональный писатель. Он страстно ратует за все подлинно казахское - за казахскую культуру, историю, язык, ментальность, героическое славное прошлое. Его читают, его любят. Он прежде всего и в хорошем смысле национальный писатель. Это его достоинство обернулось и его недостатком. В том смысле, что иноязычные его явно мало знают. Ибо он не любитель перевода своих произведений.

За последний год он несколько раз выступил с поэмами-раздумьями на всю полосу газеты «Жас Алаш». Оригинально, своеобразно, хлестко и резко, откровенно и проникновенно. Язвы нашего общества он вскрывает смело, поэтически убедительно, размашисто, увлеченно. Это крик души. Это боль сердца. Это неизбывная печаль и любовь к Родине, к своему народу- казахам. Его дастаны публицистичны и исповедальны.

Свою любовь к своему народу он доказал 17-ю томами собрания сочинений. Его трилогия «Елим-ай» обрела классические очертания.

Много хорошего я могу сказать о Софы-Софиане Сматаеве и его творчестве. Но есть один мотив, который для меня совершенно не приемлем.

Его иногда обескураживает, озадачивает то, что власть так безразлична к нему. И он не может смириться с тем, что восемь раз его выдвигали на государственную премию и восемь раз провалили.

Подобные мотивы, на мой взгляд недостойны художнику масштаба Софы.

Что писателю надо от торе - акимов? Чапан? Орден? Премия? Это смешно! И потому надеюсь, гордый Софиан не станет жаловаться на судьбу за то, что высшая власть, чиновники, акимы, президент, наконец, не обращают на него внимание. И даже в будущем он откажется от наград, премий. Вот единственно по-моему правильная позиция писателя-творца Сматаева, у которого есть

честь и достоинство. А зависимых литераторов-котляков в независимом Казахстане пруд-пруди и без Софы. Это наша национальная трагедия.

Дорогой братец мой, продолжай то, что делал по совести. Твою значимость никак не определяют разные торе и акимы. У них своя судьба, свой жребий, свои обязанности и заботы, свои дела-делишки. Им, скорей всего, нет дела до тебя. И у тебя не должно быть дела до них.

Это я тебе говорю как старший коллега, который ценит твое высокое творчество. Ибо и я, как и ты руководствуюсь в жизни двумя правилами.

Первое: «Бей в барабан и не бойся!» Это слова Генриха Гейне. Второе: «Что должно быть, то и будет. А что будет - то уже было».

Ты - писатель. Это твое призвание. И твое счастье.

Октябрь, 2009 г.

Сарбас АҚТАЕВ

САН ҚЫРЛЫ СУРЕТКЕР

Кіндік қаным тұңғыш тамған кербез Көкшеме қарай болат жолдың бойымен сапар шеккен сайын Киік бекетіне елең қағып қарайлай беретінім бар. Өйткені осында өзіммен ойы өрелес, бойы деңгейлес, ал дарыны мен жалыны, қалам қарымы басымдау сыйлас інім, сырлас бауырым Софы Сматаев өмір есігін ашқан.

«Елім-ай» романы Софының қайнар бұлақтай бұрқанған бұла дарынын, кең тынысты эпикалық қарымын танытқан туынды ғана емес, тарихи тақырыпқа шөлдеп отырған туған әдебиетімізге олжа салған шығарма болды.

Ақынжанды жазушының әр жолдары өлеңдей есіліп, жырдай желпінтіп, оқырманын еріксіз еліктіріп әкетеді. Асылы, Софы өзі туған халқының сөз өнерін, ділмарлық қасиетін жете меңгеріп, тіл мәйегін көкірегіне қаршадайынан құйған, ел аузындағы құнарлы тіркестер мен ұранды толғамдарды орын-орнымен пайдаланатын шынайы шешен қаламгер. Кейіпкерлерінің көбі жүректен толғап жүрекке жеткізер халықтың шешен де көсем тілімен сөйлейді. Оның үстіне ол түптен тартып, ел тарихын терең игерген шежіреге жүйрік те жетік білімдарлардың бірі.

Жазушының іргелі де келелі еңбектері бес рет мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды. «Қазақстанның халық жазушысы» атағын алар мүмкіндік те екі мәрте туды. Алайда кейбір күншіл өңездердің көлденеңнен килігіп, астыртын әрекет жасауы салдарынан ол соның бәрінен құр қалды. Алайда Алаштың айтулы қаламгері екеніне ешкім де таласа қоймас. Халықаралық алаш сыйлығының тұңғыш лауреаты болды. Мемлекеттік марапаттан да құралақан емес: «Парасат», «Құрмет» ордендерінің, төрт-бес медальдің иегері. Жоғары мәртебелі құрмет грамоталары және бар. Бес ауданның құрметті азаматы. Бірақ соның бәрінен де оқырман қауымның, туған халқының Софы Сматаев дегенде елең ете қалатын ілтипатын артық көреді.

Сәкен ИМАНАСОВ

СОФЫ ТУРАЛЫ СӨЗ

Софы өзінің ойына алған әрбір тың тақырып, тосын идеясы ауқымында жүз ойлана, мың толғана келіп, ол тақырыптың қай жанрдың жамбасына оңтайлы екенін де ішкі бір түйсікпен дәл тауып, нысанасын дәлдеп ала біледі екен. Сондықтан да болар, сәтімен басталған қай жанрдағы қай шығармасы болмасын, жұрт таңырқарлық оңды шешімін тауып, тиянақты да тыңғылықты аяқталып жатады.

Оның өзгеге ұқсай бермейтін өзіндік даралығы да осында.

Жазушы ретінде, суреткер ретінде Софының атын шығарып, атағын аспандатқан ең сүбелі шығармасы - үш кітаптан тұратын әйгілі «Елім-ай» романы еді десек, қателесе де қоймаспыз. Бұл роман жайында көп айтылды, көп жазылды, әлі де айтылып, жазылып келе жатыр. Мақтағандары басымырақ, даттағандар да кезігіп қалып жатады. Бірақ солардың ешқайсысы да осынау кең тынысты, кемел жазылған шығарманы да, оның Софы сынды авторын да жоққа шығара алмайды. Оған романның ауқым-қуатының өзі де жол бере қоймасы анық. Софыны мақтаған, мадақтап келе жатқан сол бір көптің ішінде біз де бар едік.

Софының соңғы ширек ғасыр ішіндегі тірлігіне, болмыс-бітіміне, жазғандары мен сызғандарына зер сала қарайтын болсақ, осынау бір оқшау пікіріміздің дұрыс екендігіне көзіміз жете түскендей болады. Өйткені, өз кейіпкерлері сияқты Софының өзі де үнемі от пен шоқтың ортасында жүріпті, өмірінің біраз кезеңі қоғамдағы келеңсіздікпен күрес үстінде өтіп келе жатыр екен.

Бір кезде ол республикамыздағы ең жоғарғы басқару органы - Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінде лауазымды қызмет атқарғанын білеміз. Бұл өзі шын мәнінде екінің бірінің қолы жете беретін жер емес еді.

Өзіне біткен дарын таланттың қай мөлшер, қандай дәрежеде екенін бізден гөрі жақсырақ сезетін Софы, сол бір өз бойындағы табиғи күш-қуатты сарқа пайдалана отырып, халқына қаншалық қомақты олжа салғанын да бір кісідей

біледі. «Қызмет қыл да міндет қыл!» - дейтін қағидаға орай еңбегінің жемісін көрсем деген ниеті де заңды һәм құптарлық. Ол өзінің 5 рет Мемлекеттік сыйлыққа ұсыныла тұрып, жеме-жемге келгенде «жанашырлар» қаламымен тізімнен сызылып қала беретінін де жасырмайды. Кезінде екі дүркін ұсыныла тұрып «Қазақстанның халық жазушысы» атағынан құралақан қала берген өкпесін де ашық айтып жүреді. Әдебиетке бергенінен гөрі алғаны көп, салыстыра келгенде барлық жазған-сызғаны Софының бір ғана жанрда (ол бәлки, проза, поэзия, драматургия болар) тындырған ісіне татымайтын әлдекімдердің ұдайы ғана алдын орап, ақысын қағып алып кететін жымысқылығына күйініп, іштегі ашу-ызасын қайда жіберерін білмей, аласұра күй кешетін кездері де бар. Бірақ өзіне-өзі баға бере келіп, Алаштың халық жазушысы, қазақ әдебиетінің классигімін десе, біз мұны ешқандай күпірлікке де, біреулер айтып жүргендей, бөспелікке де балап жатқан жоқпыз. «Солайы солай-ау!» - деп бас шұлғи келісеміз.

Ол турасында Софының өзі: «... Ал Геннадий Колбин мені ұмытпастай болған. Мен де оны әредік еске алам... Өйткені, сол кездегі құдіретті Біріншіге өз пікірін батыл айтып, қарсы келгеніме мақтанайын демеймін, бірақ сол Біріншінің, оның төңірегіндегі кейбір жандайшаптардың келеңсіздігімен келіспей, халқымның шын талантты ұлдарын жақтап, өрескел тапсырмаларын орындамайтынымды айтып, алғашқы болып, жауапты партия қызметін өз еркіммен тастап кеткенім үшін екі рет Секретариатқа салынғанымды және өз ұстанымымды қорғап қалғанымды кәдімгідей наразылық әрекетіне балаймын. Ал бүгінгі публицистикалық дастандарымда халқымның қазіргі мүшкіл халін жасырмай ашып көрсетіп, басқалар бара бермейтін, омыртқаңды опырып, жұлыныңды үзер тақырыпқа батыл қадам басқанымды кей-кейде азаматтық ерлікке де теңеймін», - деп жазады.

Расында да, қазақтың бұрынғы-соңғы қай жақсысының басы ноқтаға сия қойыпты. Өзінің де, сөзінің де қадір-құнын жете түсінген адам қаншама бағыныштыбола тұрғанымен де, әлдене себептермен жоғары мансапқа ие болып алған әлгіндей жандайшаптардың айтағына үріп, айдауына жүре бермесі белгілі.

Дулат ИСАБЕКОВ

БАРЛЫҚ ЖАНРДА БІРДЕЙ ҚАЛАМ ТЕРБЕП...

Мен алғаш көргенде Софы дәл қазіргісіндей болатын. сол шаш, сол тройка, сол көзілдірік, сол галстук. Байқамай бір жерлерде сүрініп қалған ба, біраз уақыт қолына таяқ ұстады. Бірақ, ондай-ондай кімде болмайды? Төлен Әбдіков суреттегендей: «Софы маған алашорданың бір қайраткерін еске түсіреді де тұрады. Бірақ, кейін оны Колчактардың біреуі атып кеткен». Ол - құрдастардың әзілі ғой. Аз өмірде әзілдеп өткенге не жетсін...

Өзгермейді дегеннен шығады. Софы жас кезінде еңбекқор еді. Әлі сол қарқынынан тайған жоқ. Біз сияқты жүріп кету, тұрып кету дегенді әсте білген емес. Жұмысынан шығады да үйіне бара салып жазуға отырады. Қатал режим. Тіпті, жазушылардың бір пленумында: «Дулат барда көп отырады» деп мені сынағаны да есімде. Ол кезде сөйтіп сынауға болатын. Құданың құдіреті, сол сыннан кейін мен барға екі-үш ай бойы бармай кеттім. Ал әйтпесе деп үйде жатып алып «Дерменені» бітірдім. Бір шаруаны біттіге санап, қайтадан бардың есігін аштым. Софы талай көрді. Содан кейін де пленумдар болып жатты. Бірақ, Софы мені қайтып сынамады. Сонысы бекер болды. Тағы сынағанда кезексіз бір шығарма бітіп қалар ма еді, кім білсін.

Жетпісінші жылдардың бас кезі. Софы «Елім-ай» романын «Жұлдызға» ұсынды. Тахауи Ахтанов редактор. Ол кезде Ілияс Есенберлиннің тарихи романдары шығып, әдеби ортада әр түрлі пікірлердің гулеп тұрған кезі. Дәл сол тұста, дәл сол тақырыпқа жазылған жас жазушының романы дүниеге келді. Бәріміз оқып шықтық (Төлеген Тоқбергенов, Оразбек Сәрсенбаев, т.б.). Бұл роман да әр түрлі пікір таласын тудырды. Негізгілері: «тақырып қайталау», «ділмарсу», «кейіпкерлердің бәрі шешен сөйлейді», «шұбалаңқы», тағы тағылар. Роман ұзақ жатып қалды. Ол кезде жас жазушының романын «Жұлдызға» жариялау деген өте сирек құбылыс. Софы бәрімізге ренжіп жүрді. «Қызғанасыңдар, мейірімсізсіңдер» деп бір күндері ызадан көзіне жас та алды ғой деймін. Әрине, ол заңды да еді. «Елім-ай» сияқты ақыл-ойыңды сарп етіп қиналып бітірген сүбелі туынды әні-мінімен жарыққа шыға алмай

жатса, перзентінің тағдыры үшін қай автор ашу-ызаға булықпасын! Бәріміз «виза» қойып, бас редактор Тахаңа ұсындық. Ол кісі де бір-екі ай ұстап, әйтеуір қол қойды-ау! Бөлімге келіп айтқан сөзі әлі есімде: «Ей, мынау Сматаев деген аса тәуір жазушы екен ғой. Тіліне риза болдым. Тарихи тақырыпта Есенберлиннен кем емес. Жариялайық». «Елім-ай» «Жұлдыздың» бірнеше санында осылай жарияланып еді.

Әр жазушы үшін оның барлық дүниесі басты шығарма көрінеді дейді ғой. Софы бұдан кейін де талай-талай роман, повестердің авторы болды. Ал, қалың оқушы үшін, әдеби орта үшін «Елім-ай» оның басты туындысы боп қала беретін секілді.

Ол кездерде тарихи-революциялық тақырып болмаса қазақ елдігінің, мемлекеттігінің, оның ішкі-сыртқы саясатының тарихын жүздеген жылдардың тереңдігінен қарауды кеңес цензурасы қолдай қоймайтын. Софы Сматаев осы тақырыпқа батыл барып, оқушыны бір сілкінтіп тастады. Қазақ халқының азаттық жолындағы тақырыпты көтеру, ол жөнінде көркем шығарма жазу бүгінгі таңда жаңалық болмай отырса, 60-70-жылдары ол ерлікпен пара-пар болатын. Тіпті, көркемдік деңгейді былай қойғанда. Қазір ғой, әр ауылдың жазушысы бір-бір батырын тауып алып, сол тақырыпты әбден шиырлап, алдыңғы жасаған образдар мен оқиғаларды қайталап, киелі тақырыпты аяқ асты етіп жатқаны.

Софының бұл еңбегі қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа жазылған алғашқылардың бірі әрі сүбелі туынды болғанымен құнды.

Софы Сматаев - жемісті жазушы. Ол әдебиеттің барлық жанрында қалам тербеп келеді. Бір жанрдан екінші жанрға ауысу да оңай шаруа емес. Оның үстіне сенің мамандығың металлург болса, Софыға жанр атаулының жаттығы жоқ. Бұл күнде ол қазақ әдебиетіндегі барлық жанрда жемісті еңбек етіп келе жатқан қарымды қаламгер ретінде белгілі. Ол - романист, новеллист, либреттист, драматург, ақын, эссеист, журналист.

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

«ЕЛІМ-АЙ» - ЛАҒАН АЗАМАТ!

Софы маған дүниеге шыр етіп келгенде «елім-айлап» келгендей болып көрінеді. Өйткені, ол басқа жұрт «елім-ай» деген сөзді анық айта алмаған қысталаң заманда «Елім-ай» деп роман жазып, жұртты дүрліктірді. «Орыспын» деуге аз-ақ қалған халық, Отаны барын, қазақ деген ұлтының ұлы болғанын түсініп, іштей сілкінді.

Софы Ақтабан шұбырынды заманын, жоңғармен алапат айқасты, еліміз көрген қорлықты жаза отырып, қазақ халқының патшалық Ресей, Советтік Ресей кезінде озбырлық пен зұлымдықтың, әлеуметтік теңсіздік пен отаршылдықтың соққысын көріп, қараңғылық пен жоқшылықтың зардабын тартқан туған елімнің халін қоса суреттейді де, намыс туының астына жиналуға шақырады.

Софының бұл шығармасы советтік шовинистік системаның шырқау шағында, сонау 1978 жылы кітап болып басылып шыққаны аян. «Елім-ай» - сол системаға тұнып тұрған қарсылық.

Советтік цензураның өзі байыптап, байқай алмаған, байқаса да тереңіне үңіліп көруге зердесі жетпеген, сол оқырман қазақ көкірек көзімен танып, ерекше көңіл аударып көріп, ұлттық арақатынастардағы әлеуметтік, психологиялық қайшылықтарды, ұлттық теңсіздікті айшықтап көрсеткен осындай шығарманың дүние есігін ашуы сол тұс үшін ерекше уақиға.

Софы осы шығармасымен «әдебиет, әдебиет үшін» деп жанталасатындардың тұжырымы теріс екенін, әдебиеттің ұлттық реңкі болуы аса қажеттігін, ұлт үшін өмір сүретін әдебиет түптеп келгенде адамзат мүддесін көздейтіндігін ашып көрсетті. Иә, дәл осы кезеңге дейін қазақ қоғамы іштен тынып келді.

Қаһарлы заманда І.Есенберлиннің «Қаһары» туып, Софының «Елім-айы» дүниеге келіп, жым-жырт қоғамды алай-түлей етіп, іштен тынған қазақтың намысын оятып, «Тек жүрсең, тоқ жүресің» деген, сауысқанша жалтақтаған ымырашылдық, жағымпаздық, тіпті, сатқындық психологияға шоқпар сілтеді. Өткен ғасырдың 60-жылдарындағы «Есеп», «Жас тұлпар»

қоғамдық-саяси ұйымдар 70-жылдары әдебиетте жаңа бұлқыныспен саяси ойды кемелдендіріп, ақыры 1986 жылы Желтоқсан уақиғаларына әкеп тіреген еді.

Иә, әдебиет қай заманда да уақытқа өмір сүріп отырған қоғамға сыншы болып келген. Әдебиеттің озық өкілдері қоғамдағы кертартпалықты, ұлт тамырына балта шабатын келеңсіздіктерді дәл уағында әшкерелеп отырған.

Қуанышбай ҚҰРМАНҒАЛИЕВ

АҚТАРЫЛҒАН МҰҢ МЕН СЫР

Талмас талантының қос қанаты - проза мен поэзия жанрында (драматургиясы тағы бар) қазақ әдебиетінің қазынасына шұрайлы шығармаларымен сүбелі үлес қосып, қалың оқырмандардың көңілінің төріне шыққан қайратты қаламгер Софы Сматаевтың «Ботасымын боздаған боздаламның» деген жаңа кітабы жарық көріпті. Оның мазмұны мен мақсатын, төрттаған жанрын өркендетуге арналғанын ақын өзінің беташар өлеңінде - арнауында тайға таңба басқандай атап көрсеткен екен. Соған құлақ түрелік:

Алашым, ұлтым!
Әдетің, ғұрпың,
Жоғалмасын деп
Сендерге арнадым бұл еңбегімді.

Қазағым, халқым!
Санаң мен салтың
Тоналмасын деп,
Сендерге арнадым бұл еңбегімді.

Қасиетім - Елім!
Киелі жерің
Таланбасын деп,
Сендерге арнадым бұл еңбегімді.

Содан қалыңдығы қос елі кітаптың бесінші бетіндегі «Әлқиссадан» 422 бетпен аяқталатын «Түйініне» дейінгі әр парағында кемі 5 шумақ төрттаған басылған кітаптың ішкі сыр-сипатына үңіліп, санамызда саралап көруге тырыстық. Сондағы көңілімізге түйген тұжырымды ойларымды қысқаша баяндап берейін.

Қазіргі Қазақ Елінің тыныс-тіршілігінің төрт құбыласын түгел қамти өлеңге көшіріп, ағынан жарылып, ақтарыла мұңы мен сырын жамиғатқа жайып салған ақынның жанайқайы деп қабылдайсың. Еркіндікке енді қолы жеткен Қазақияның қабырғалы ел болып, өзгелермен тең болып, тезірек қатарға қосылуын

армандаған Софының аталы сөзі, ақ тілегі - бар қазақтың жүрек сөзі. Осынау төрттағандағы ой-толғамдар тұтастай тоғысып, қайтсек мақсат-мұратымызға жетеміз, еңселі ел болуымызға қырсығын тигізіп жүрген мансапқорлық, жемқорлық, парақорлық, төрешілдік, мақтаншақтық, жағымпаздық сынды мерез мінез, жаман ғадеттен қалай арыламыз деген мәселені мәністеуге арналған. ...Ашынып айтылған ақиқат жаныңа батса да, мойымай мойындайсың. Шымбайға батса да шындықтың алдында басыңды иесің. Ақын төрттағандарының пәлсапалық түйіндерінің мән-маңызын жан-жүрегіңмен қабылдайсың. Асыл сөздің құдіреті деген осы болар. Ой мұңын, жан сырын ақтарып, ұлтының ұраншысына, жанашырына, тілекшісіне айналған Софы ақынға ел-жұрты риза екендігі риясыз шындық. Ақынның боздаланың ботасындай боздауы - ұлтының арман-аңсарын қозғауы бекер емес, қалың елі - қазағының бүгіні мен болашағының қамын жеп, рухтандыруы.

Жәркен БӨДЕШҰЛЫ

МАҢҒАЗ ЖАЗУШЫНЫҢ ТАРПАҢ ЖЫРЛАРЫ

(Жазушы, ақын Софы Сматаевтың «Мейрамсопы - Қарқабат» атты тарихи дастаны туралы)

«Саған жолығуым керек, орныңда боласың ба?» - деп, жазушы Софы ағамыз қоңырау шалды. Япырау, қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі, бірі ғана емес, мүйізі қарағайдай көшбасшыларының бірегейі, «Елім-ай» сынды бір атанға жүк болардай кесек-кесек көркем романдары арқылы қазақ әдебиетінен өз орнын әлдеқашан ойып алған, үлкен қаламгердің маған айтар қандай назы бар екен, мүмкін бұйымтайы бар шығар...

Қайдам, наз айтып мұңдасып, сырласып, өткен-кеткенді әңгімелеп, көңіл көншітердей бірге өскен, бірге оқыған әріптесі, сыныптасы емеспін, жас жағынан да, бас жағынан да, мейлі қай жағынан да арамыз алшақтау... Ал бұйымтайына татырлықтай менде не бар тегі... қарадай қара суға түсіп, ақ тер-көк тер болып отырғанымда, інісін іздеген ағамыз да келіп үлгерді. Мынау жаһандасу деп аталып жүрген аласапыран, алабүйрек, алаңұйын, алаөкпе заманда біреуді біреу аса мұқият шаруасы болмаса, іздей бермейтіндігі айтпаса да түсінікті. Ағамыз тегін іздемепті. Жуырда ғана баспадан жарық көрген, сиясы әлі кеуіп үлгермеген, судай жаңа кітабын кеудесіне бір басып маған ілтипатпен ұсынды. Мен де інілік ізетпен құрақ ұшып, құлшына қол беріп, құрмет көрсеттім, құтты болсын айттым. Дүниеге енді ғана шыр етіп келген сәбидің кіндігін кескендей күйкі тірліктің күйбеңінен бір сәтке айыққандай болдық. «Бауырым, қолың қалт еткенде оқып шығарсың, дәрігерге баратын едім», - деп орнынан көтерілді ағамыз. Алпыс жастың ауыр салмағын арқасынан түсіріп, жетпісті желкесіне қондырған қайсар қаламгердің ширақ қимылына тәнті болдым.

«Тас түскен жеріне ауыр»... жазушы өз қолымен табыстаған асыл аманатты - кітапты асығыс парақтап шықтым. Бұл кітап менің ойлағанымдай қара сөзбен емес, өлең сөзбен өрнектелген «Мейрамсопы - Қарқабат» атты тарихи дастан болып шықты. Көлемі қомақты, арнайы

уақыт шығарып, оқымасам болмас... Өз басым жазушы Софы Сматаевты бір кісідей білуші едім, ал ақын Софы Сматаевпен енді ғана бетпе-бет келіп отырмын.

«Қызығы жоқ қу өмірдің қинағыш,
Шерін, зарын шөпілдетіп жиған іш.
Құлақ болып, күйіп-жанып тыңдаймын,
Күңіреніп құлазыған күйді алыс.

Жасағандай Тәңір Хаққа сиыныс,
Осы күйден табам дәру, сүйініш.
Тұла бойым ұйып, балқып елжіреп,
Қоя берер іле-шала күйіп іш.

Өкпем өшіп, алып-ұшып жүрегім,
Даламның да, бабамның да тілегін,
Жеткізуге ұрпақтарға бүгінгі,
Ғасырлардың қатпарына кіремін».

Байсалды, маңғаз жазушы Софы ағамыздың мінезі кілт өзгеріп, тарпаң да, албырт, аңқау да, елгезек ақынға айналып бара жатқандай... Ақынның қабағы қатулы, тым абыржулы. Өз жанын өзі жегідей жеп, шиыршық атып, асаудың мойнына түскен қыл арқандай сәт сайын ширығып, құлағы шыңылдап, әлдеқайдан бір ұлы сарынды естігендей елеңдейді. Ол қандай сарын? Кімнің сарыны? Күллі аспан күркіреп, жай тастар шағырмақ бұлттай шатынаған бұл өзі нендей құдірет. Бұл Алланың адамға - ақынға берген медеу-медеті - шабыт деген құдырет. Шабыт болғанда да алдамшы шабыт емес, шынайы шабыт. Шаң бұрқатып, шамырқанған шабыт. Шағырмақ бұлт жай тастаса, шамырқанған шабыт жыр нөсерін төгеді. Нөсер төгілген көңіл көктеп, жан жаңғырып, жүрегің лүпілдеп, өкпең бүлкілдеп, бауырың балқиды.

Мұндай күрделі туынды кәмелетке келген, керегесі кең жайылған арғы-бергі тарихи замандарды жетік білетін, білікті де, білімді абыз ақындардың қолынан ғана келетін қиын шаруа. Ақын Софы Сматаев осыны сезінген, зерттеген, зерделеген.

Әшірбек СЫҒАЙ

ЖАЙСАҢ ЖАНДЫ ЖАЗУШЫ

Өткен XX ғасырдың алпысыншы жылдарында әдебиет әлеміне ентелей енген біркілкін жастардың арасынан суырыла шығып, «ә» дегеннен-ақ, көзге оқшау түскен қаламгер - Софы Қалыбекұлы Сматаев еді. Үш бағытта кезек қалам тербеп, ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің жоғын іздесіп, кем-кетігін толтырысуда барын сала бейнеттеніп келе жатқан танымал суреткердің шығармашылық жолы әралуан. Қара сөзге дес бермей, күрделі прозаны меңгергені өз алдына, сахналық мехнаттың азабы дерліктей, пьеса, либретто жазудың нәзік сырлары мен құпиялы машақаттарына беріле машықтанды. Қиялын безеп, өлең толғап, жүрегінен жыр төкті.

Тумысынан бойын кернеп, ішкі әлемін барынша баурап алған осынау проза, поэзия, драма деп аталатын үш жанрдың бас көтертпес қиындықтары жазушы жанына титтей де тыным берген емес. Сол баяғы сабылыс! Сол баяғы ізденіс! Сол баяғы арпалыс! Бір сәт те тыным таппас, тыныштық атаулыдан көрген тапшылығын жүз түйеге жүк боларлық дамылсыз жан иесіне не айтарсыз?! Не деп тоқтау айтарсыз, оның үнемі жоқ іздеуден танбаған әлем тапырық көңіл-күйіне, жүрдек те тым жүйрік қиял екпініне. Қолынан қаламы түскені - дэп бір жан айғайының әбден-ақ әлсірегеніндей... Лапылдаған жүрек жалынының сөнгеніндей... Арман, тілек, жоба-жоспарларының өшкеніндей. Енжарлықтан зәре-құты қалмайтын ежелгі әдеті. Тіпті жасының ересек тартқан шағында (бертінде) әлденеше рет жүрек талмасы дертіне ұшырап, әупірім тәңіріммен, әйтеуір, аман қалды.

Асқазаны сыр беріп, оның аяғы күрделі операцияға ұласып, ұзаққа созылған сырқат азабын әлі күнге дейін тартып-ақ келеді. Бәрібір қаламсабы, қара сиясы қашанда таяныш-тірегі, ақ қағазы сырласы, мұңдасы. Төсекке таңылып қалған күндерінің өзінде елінің, жерінің көкейкесті мәселелерін тереңінен қопара қозғаған публицистикалық өткір мақалалары күнделікті баспасөз беттерінен бір сәт те түскен жоқ. «Софиян» деген әдеби лақап атымен толассыз жарық көріп жатар батылдыққа толы өлең жолдары, отты

жырлары замана, қоғам жөнінде жазылған оның жүрекжарды толғаныстары. Сергек шайырдың жан айғайымен астасқан жүрек толғаулары. Өткір де өтімді ойлары тас кеседі, кісінің сай сүйегін сырқыратарлықтай кесімді де кесікті.

Ақын жүрек өз мақамынан қалай айнымақ? Сонау алпысыншы жылдардың аяқ кезінде тасқа басылған алғашқы ақындық жинағы өлендер мен балладалардан құралған «Астана оттары» еді. Қаламға деген құлшынысын ақын ретінде бастаған Сәкеңнің жүрдек қаламынан туған сан жанрлы еңбектері қалың оқырман көңілін үздіксіз эстетикалық ләззатқа бөлеп келеді.

Жазушының бас кітабы - «Елім-ай» роман-трилогиясы халқымыздың басынан кешірген (1698-1725ж.ж.) қитұрқы да қанқұйлы кезеңдерін ауқымды суреткерлік шеберлікпен дәл бере білген жүйрік қиял мен кең көзқарастар нәтижесінен туған алып тынысты соқталы дүние. Қазақ даласын жаншып тастауға жанталасқан жау басқыншылығына қасқая қарсы тұрған ел-жұртымыздың ерен ерлігін шынайы суреттеген сезімтал қаламгердің асқан қайсарлығын атап өтпеу - әділетсіздік. Алғашқы кітабының жарық көруі қиынға соқты. Әйтсе де, тұтас бір дәуірдің шыңғырған шындығын еш қоспасыз жырлаған жазушының жан айғайы қандай қамал-құрсауды болмасын, талқандап өтерліктей еді. Сол дүлей екпін, дауылды пәрмен екінші кітаптың да жұртшылық қолына жедел тиюіне жәрдем етті. Үшінші кітаптың өмірге енбеуіне тіпті де мүмкіндік қалмаған еді. Жұқарған жүйке мен ащы тер, ақыры, салтанат құрды. Кеңестік кер заманда «елім-айлап» еңіреген бұл қай бейбақ? деп қабақ шытып, жұдырық түйген партиялық цензура өкілдерінің амал-айласы құрыды. Қазақ халқының аса ауыр жылдарын тілге тиек еткен жанкешті жазушының осынау көлемді еңбегін оқырман қауым қуана қабылдады. Рухани-мәдени орта дүр сілкінгендей болды. Қаламгер ғұмырының басым бөлігін қамтыған «Елім-ай» роман-трилогиясы - шындық пен ақиқатқа толы шын мәніндегі күрделі де көлемді, мазмұнды да мағыналы, салиқалы да сапалы, үлкен тарихи шығарма. Әлеуметтік арқалар жүгі ауқымды, мақтанып айтарлықтай аталмыш туынды қазақ әдебиетінің алтын қорынан ойып тұрып орын алғаны көпшілікке түгелдей аян. Өзінің бас кітабы «Елім-айдан» өзге де жазушының еңбектері кісі көңшітерліктей. Тізім

салмақты. «Ақ желең», «Бұлақ», «Мәңгілік бастауы», «Біз құлмыз ба, кімбіз?» романдары; «Қайран жастық», «Алғашқы асу», «Алау» повесть, әңгімелер жинағы; сондай-ақ «Жұмбақ қыз», «Жамбыл», «Жаяу Мұса», «Айбибі - Нарбота», «Бойдақтар» операларының либреттолары; «Сен кімсің?», «Жұлдызым менің жоғары», «Әзіл-әзәзіл», «Алтын құндақ», «Тағдырлар», «Зар-заман», «Далам-ай, панам-ай», «Қазақша көкірек керу», «Қазақша кек қайтару», «Көгілдір такси», «Той үстінде топалаң», т.б. он беске жуық пьесалардың авторы Софы Сматаев бірнеше киносценарийлердің де тұсауын кесіп, томағасын сыпырған.

«Біржанның соңғы жұлдызы», «Аймаңдай», «Тағы да Еңлік - Кебек» сынды экранға арналған біраз еңбектері «Базарың құтты болсын» атты кезекті кітабының ен ортасынан орын тепкен. «Жұлдызым менің жоғары», «Көгілдір такси» атты пьесалары Алматы академиялық театрларының сахнасынан сәтті көрінгені көпшілік қауымға мәлім болар. Б.Шәріп, Т.Теменов, Ш.Зұлқаш секілді режиссерлермен шығармашылық ынтымақ тапқан қаламгердің бұл саладан да ат оздырғаны жасырын емес.

Автордың айтпай кетуге болмайтын тағы бір қыры - оның аудармашылығы. В.Шекспирдің «Юлий Цезарь» драмасын, венгр жазушысы И.Добозидің «Сейсенбіден бейсенбіге дейін» повесін, ұйғыр қаламгері Ю.Мухлисовтың «Садыр палуан» романын, Короленконың, Солоухинның, Лупанның, Исаевтың, Загребельныйдың эңгіме, өлеңдерін көркем тілмен әдемі тәржімалаған.

«Елім-ай» романы, т.б. көптеген шығармалары шетел тілдеріне тараған.

Қазақтың мемлекеттік әл-Фараби (бұрынғы С.М.Киров) атындағы университетінің филология факультетінде бір жылдай оқып, кейіннен Мәскеудің Болат және қорытпалар институтына ауысып кеткен Сәкеңнің негізгі мамандығы инженер-металлург. Мәскеудің «Орақ пен Балға», сондай-ақ Туланың, Теміртаудың металлургия зауыттарында, Қазақстан Ғылым академиясының металлургия және кен байыту институтында қызмет атқарды. Бірақ сөз өнеріне деген шексіз сүйіспеншілік оны әдебиет әлеміне елеусіз жетелей берген. Қалам-қағазға құштарлығы риясыз арта түскен. Жазушылық дарыны оны төл мамандығынан алыстата берді.

Әуелде, «Жұлдыз» жорналының проза бөлімінің меңгерушісі болып, түбегейлі әдебиет соқпағына түскен Софы Сматаевты тиісті орындар сол кезгі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мәдениет бөліміне нұсқаушылық, соңынан сектор басшысы қызметтеріне тартты. 1989 жылдан Қазақстан Мемлекеттік кітап палатасының бас директоры лауазымында бола жүріп, бір сәт те қалам-қағазын ұмытпаған ұқыпты жазушы лауазымды қызметтердің шырмауына маталып, қызығына түсіп кетпей, керісінше, қаламгерлік парызын үлкен жауапкершілікпен атқарып жатты. Оған жоғарыда өзіміз санамалап өткен сан жанрлы шығармаларының тізімі дәлел. Дастандарын толғап, қара сөздің құйқасын тіліп, драмалық дүниелерін бабымен тоғытудан танбаған-тын ол. Жоғары қызметтерде жүріп (әсіресе, Желтоқсан көтерілісіне тап болған сәттерін) өзі көзімен көрген зымиян Колбин заманының қиындық-құқайларын публицист Софы Сматаев қаламына орынды арқау ете білді. Үлкен дәліздерде әділетсіз өткен пәтуасыз жиындардың жансақ шешімдерін жалпақ жұртқа жариялаудан үрікпеді. Оқиғаның ішінде жүрген арлы адам өзі көзімен көріп, құлағымен естігендерін жасырып қала алмас еді. Оның үстіне, ол кісіңіз әйгілі жазушы болса, нағыз қалам иесінің ғайбат айтуға хақысы да жоқ емес пе? Әйтсе де, эмоция тасқындарына төтеп бере алмай кеткен Сәкеңнің артық сілтеп жіберген сәттерін де сезе қойғанбыз, кезінде. Үлкен ақынымызды қорғар тұсында (өзінің айтуы бойынша) Орталық Комитеттің хатшыларын айбат шегіп, сес көрсетіп, қыңыр мінез танытқан Сәкеңе «неткен ер еді» деп езу тартқанбыз да. Қалам-қағаздың буы қойсын ба? Ол сұсты дәліздерде, бір кездерде, біздер де жүріп көргенбіз. Ондай ресми қызметте жүріп, артық ауыз сөзге барған қатардағы қызметкерді әлгі сұрқия дәліздің сол кездергі иелері оңайлықпен кешіре қоймасы хақ.

Жә, қалам ұстаған кісінің қашанда қиялы шексіз, ойы тұңғиық. Бірақ та, жаны нәзік, сезімі мөлдір, жүрегі таза. Ол бала тәрізді, сәби мінезді. Сәл нәрсеге мұңая қалады, титтей нәрсеге қуана кетеді. Кейде тым уайымшыл, тек кекшіл емес. Аңғал да сенгіш. Сәл-пәл сыр бере бастаған денсаулық мәселелеріне байланысты көбінше аурухана палаталарында тоқайласып қаламыз. Сондағы бір байқағаным, Сәкең екеуара әңгімеге жомарт-ақ. Жаңа кітаптарын қолтаңбасымен сыйға тартып, әріптес-замандастарын өзіне икемдеп, оларға бәйек

болудан жалықпайды. Кекірейгендерге кіржие қалары да жоқ емес. Жайдақтықтан ада. Ойындағыларын ірікпей айтып, таусыла сыр шертуге құмбыл. Салдырлай тіл қатады. Бірақ сылдыр сөзден аулақ. Сыпайы да сырбаз пікірлер... Ойындағысын бүкпесіз айтатынына нақты бір дәлел: - Әшірбек, - дейді ол, үйге қоңырау шалып, - жетпісің де жылжып жетіп қалыпты, әне-міне дегенше есік қаққалы тұр. Көңіл жетерлерім де аз емес еді. Мақала жазбақшы болған жиырма төрт кісінің тізімі қолымда, уақыт болса, келіп қалды, Серік Қирабаев ағамыздан басқасы әлі тырп етер емес, - деп наз білдіреді ақкөңіл Сәкең. Сөйтеді де, әлгі өзі туралы жазамын дегендердің аты-жөндерін саңқылдап, санамалай жөнеледі. Айтқанындай-ақ, әрқайсыларының ныспыларынан ат үркерліктей елге белгілі елеулі тұлғалар. Танымал азаматтар, көбі өзінің әріптес-қаламдастары. Мерейтойына байланысты көңілі ала-бұртқан сәби мінез Сәкеңнің ақпейіліне сүйсіне жымиясыз. Шыдамсызданады. «Бұлар неге үнсіз?» дегендей кейіп танытады. Жазылып жатқан да болар, қадірлі Сәке! Биылғы жыл тұтасымен Сіздікі. Сый-құрмет Өзіңіздікі.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының тұңғыш иегері, «Құрмет», «Парасат» ордендерімен Қазақстан Республикасының бірнеше медальдарымен, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамоталарымен марапатталған, Жезқазған, Балқаш қалалары, Ағадыр, Шет, Қарқаралы аудандарының құрметті азаматы, қаламы жүрдек суреткер Софы Сматаев қалай айтып, қалай жазсаңыз да соған тұрарлық руханият, мәдениет, әдебиет элемінің заңғар тұлғасы. Оған тек денсаулық бергей, Жаратқан, демекпіз.

«Айқын» газеті
16.06.2011ж.

Жанғара ДӘДЕБАЕВ

ТЕРЕҢ ТАНЫМ, БЕРЕН ҰСТАНЫМ

Алаштың халық жазушысы, қазақ әдебиетінің классигі Софы Сматаев -таланттың кемелі бола жүріп тарлан тартқан, таланттың тарланы бола жүріп кемел тартқан, қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан құрыштай қайратты қаламгер.

Өзімізге белгілі, «Елім-ай» әні дүниеге келгелі де бірнеше ғасырдың жүзі болды. Мемлекеттің тәуелсіздігін, елдің егемендігін жоқтаған халықтың осы әнін тыңдап өскен ұрпақтың бірнеше буыны өтті. Қанша көш, қанша керуен көңілін толқытып айтып өткен осы әннің өзегінен өз шығармашылығы үшін аса бағалы мән табу, сөйтіп халықтың еркіндігі, тәуелсіздігі, Отан үшін қаһармандық күресін суреттейтін тұтас бір тарихи трилогия жазып шығу біздің замандасымыз Софы Сматаевтың талант табиғатын ілгеріде өткендерден де, ерекше көрсетеді: жазушының көзі көреген, көңілі жүйрік, танымы терең. Турасын айтсақ, жазушы жазар шығармасының тақырыбы мен идеясын халық тарихынан, адам тағдырынан, ұлт рухының қасиетті күш-қуатынан іздейді де, «жүрегіне сүңгіп, түбін көздеп», шын асылды содан табады.

Дерексіз ұғымнан затты болмысқа, алыс арманнан асыл ақиқатқа айналған мемлекеттің тәуелсіздігі, елдің егемендігі, адамның адамгершілік кемелдігі - біздің ғасырымыздың қоғамдық санасы үшін де баға жетпес басты құндылық. Софы Сматаев шығармашылығы осындай құндылықтарға негізделеді.

Мұның өзі шығарманың болмыс-бітіміне, кейіпкердің мінезіне айрықша мәнді, маңызды ұлттық рең дарытатын үлкен суреткерлік шешім еді. Қаламгер, осылайша құбылыстың, оқиғаның көзге көрінбейтін, жасырын, бүркеулі мағынасын іздеп табады, сөйтіп тарихи дәуірдің, ұлттық тарихи сананың қайталанбас даралығын саралап ашып көрсетеді. Мұндай айрықша көркемдік шешім танымы бай, талғамы биік тамаша таланттан ғана тумақ.

Софы Сматаев шығармашылығында көрініс тапқан шындық құбылыстардың, олардың негізінде ұсынылып отырған ойдың, түйінделген идеяның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылығы - жазушы шеберлігінің

де, жазушы шығармашылығының көркемдік-эстетикалық байлығының да бастапқы және басты өлшемі. Қаламгер шығармашылығының осындай ішкі құндылығы мен сыртқы сұлулығының тұтастығы һәм жарастығы, іші алтындай ардақты, сырты күмістей салмақты болып келуі - жазушының шеберлігінің ғана емес, кемелдігінің де көрінісі. Жазушының шеберлігі мен кемелдігі - оның көркемдік әлемінің айнымас негізі. Ал көркемдіктің көзін жазушының ел өмірінен, Отан тарихынан таңдап, талғап алып, өз шығармасына арқау еткен шындық құбылыстарға деген айрықша көзқарасы, құштар күйі, сүйіспеншілігі ашады. Қаламгердің пайымдауынша, осы күйден, «Отанға деген шексіз махаббаттан... тарихқа деген шынайы көзқарасы» қалыптасады. Автордың шығармашылық ізденістерінің өрісін ашатын, көрікті ойы мен көркемдік ойлауын тереңнен толқытып, биікке көтеретін - осындай ерен көзқарас, терең таным, берен ұстаным.

Софы Сматаев - елдің егемендігін, мемлекеттің тәуелсіздігін, адамның кемелдігін өзінің азаматтық болмысымен де, шығармашылық еңбегімен де аса ардақтап һәм аялап келе жатқан ерен көзқарастың, терең танымның, берен ұстанымның жазушысы.

Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ

«ЕЛІМ-АЙЛАП» ЕҢІРЕГЕН ҚАЛАМГЕР...

Туған ауылымда кітапханашы болған Рәзия жеңгемнің арқасында жаңа шыққан кітап біткенді шетінен оқып, Алматыға студент боп келген соң, қала кітапханасына жиі бара бермейсің, жаңа кітаптармен сағына көрісіп жүрген бір жолы пештен жаңа шыққан бөлкедей боп осы «Елім-ай» романының бірінші кітабы қолыма түсе кеткені. Қайдан, кімнен, неден екені бүгін есте жоқ, ауылдағы әдетіме басып, етпеттеп жатып оқуға кірістім. Сұмдық-ай, романның тереңіне тартқаны сонша - ас ішіп, қала қыдыру жайына қалды. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезіндегі аласапыранға сол кездегі қазақ даласының бір жауынгері боп «кірдім» де кеттім... Түн қатып жүріп, түс қаштым. Тілерсектен қан кештім. Еңіреген ерлерді көріп, қан жұттым. Аңыраған аналарды тыңдап, жер бауырладым. «Елім-айлаған» елді аралап жүріп, етегім жасқа толды. Кешегі қарыс кездік қылыштың қынына симаған тар кезеңде сәл өкпеге бола қазақ пен қазақтың кетіскеніне де куә болдым. Төле би бастап, Қазыбек, Әйтеке билер қостап, ормандай батыр-билері, тау шыңындай хан-төрелері қолдап, Ордабасыда бас қосып, бәтуаға келгенін де көрдім халқымның. Бәтуаға келтірген ұлы билердің әр жолынан қан тамған сөздері «есімде қалыпты».

...Сол берекелі басқосу түпкілікті жеңіске бастағанына да «куә болдым». Хақ Қабанбай, қарт Бөгенбай, жас Наурызбайлардың бүгінде жыр қылып айтылатын ерліктерін... ішінде жүріп, өз көзіммен «көрдім»!

Сабалақ баланың Абылайға айналып, ақбоз атқа қонғанына «куә болдым», құдірет! «Елім-ай» әні сол кезеңдерде құлағымнан еніп, ішімде тортадай іркіліп қалып қойыпты: осы ән зарлы да, сазды да боп жаңғырып тұрады бүгінде... Осының бәрін көз алдымнан кинодай тізіп өткізген құдірет - роман Авторының алтын қаламы еді!

Оқыған кітабымды қайтарып бергеніммен, «Елім-ай» романы сол күйі біздің үйде, менің кеудемде қалып кетті.

...Таяуда Софы ағаның «Мен - тірімін!» кітабын парақтадым. Өкпе көп. Қоғамға да, Адамға да. Ішінде өзі де бар. Немересіне сұрақ қойғыза отырып, көп жанның

қышуы қанар ащы шындықты су бетіне шығарады қаламгер. Бұл не сонда? Мінез, әрине. Сол мінезді жанды қоғамның шетке қағып, одан әрі қайрай түсуі. Ашындыруы. Ащы айтқызуы. Запырандатуы. Мінез қақтығысы: сізбен, бізбен, өзімен, қоғаммен...

Мінез спортта ғана емес, әдеби майданда да қажет. Мінезсіз автор өз шығармашылығы бойында не батыр рөлінде шайқаса алмайды, не азамат рөлінде ерлік жасай алмайды, не дана ретінде ел сөзін айта алмайды... Бәрін айт та бірін айт, «Елім-айдай» кеуделі роман жазған, « Жарылғап батырдай» екпінді роман-дастан жазған... бүгінде ауызын ащы пікірлермен жиірек шайып жүрген қаламгер Софы Сматаевты ой толқындары лықсып жататын осы бір орайлы кезеңде құшағымызға жиі тартып жүрейік, ағайын! Ер бағасын түсі емес, ісі берер. Софы Сматаев ұлтының нағыз саңлақ деген ұлы ғана арқалайтын ауыр жүгін иығына артып, діттеген жеріне абыроймен жеткізген қаламгер.

Қазақ әдебиетінің бір бәйтерегі бола білген қаламгер - Софы Сматаев. Бұған ешкім дау айта алмайды. Елім-ау, жақсыңды жабырқатпай, жайқалтып ұстай білсеңші! Солармен ел емеспіз бе?! Ал Софы Сматаевтың сол жақсылардың бірі екенін білмеген жан қаламгердің еңіреп отырып жазған «Елім-ай» романын оқып шықса қанеки!

Қуандық ТҮМЕНБАЙ

«ЕЛІМ-АЙ»-ДЫ ЖАЗҒАН ЕР

Сәкеңнің тағдырмен басталған ғұмыры қиын да қызықты бұралаңдарға ұласқандай көрінеді. Қара шаңырақ ҚазМУ-дің филология факультетінде оқып жүргенде ұлы Әуезовтің «Жазушының бай өмір жолы болуы керек» деген бір ауыз сөзін естіп, Мәскеуге аттанып кетіп, Болат институтының студенті атанып қайтуы бозбаланың биікке құлаш сермеген биік арманын көрсеткендей. Оның басқан ізіне шұқшия үңілсең, «Өмір - күрес» деген қағиданы берік ұстанған азаматтың бет-бейнесін танығандайсың. Шыр етіп жарық жалғанға келгенде елінің басына түскен қауіпке куә болған шарана, ширек ғасырдан кейін табанымен шоқ басқан халқының тағдырын айшықтаған «Елім-ай» тектес әйгілі шығарма тудырарын соғыс басталған күні ұл туды деп қуанғандар білген жоқ еді. Оның осы бір көлемді дүниесі терісі тарлардың кесірінен сандығында амалсыз сақталғандығынан да екінің бірі хабарсыз. Қаламгердің негізгі шығармасы да осы трилогия. Бұл - ақтабан шұбырындағы қазақ тағдыры, азаттық аңсаған жұртының асыл арманы. Бұл - бүгінде Алматы көшелеріне аттары қойылған Қаздауысты Қазыбек пен Төле би, Қабанбай, Бөгенбай батырлардың халық сусай күткен айшықты асыл бейнесі еді. Шығарма «Жұлдызда» жарияланысымен үлкен резонанс туғызып, оқырмандар арасында кең серпіліс пайда болды. Сол кездері тарихын терең білгісі келген, өткенін керкем шығарма арқылы көргісі келген халықтың ойынан шығып, Есенберлин, Әлімжановтармен қатар тар кезең трагедиясының шындығын жетпісінші жылдар оқырманына жақындатып берді. Ол бұл шығармасы үшін әдеттегідей өкіметтен де, қатар жүрген қаламгерлерден де жылы сөз естіген жоқ, ол алғысты оқырмандарынан алды.

Қаламгер шығармаларының тілі шұрайлы. Қай прозалық шығармасын алыңыз, асқақ пафос, өлеңдей өрілген тіркестер, жанды теңеулерді оқып риза болар едіңіз. Сексенінші жылдары Жазушылар одағындағы бір жиында: «Елім-ай»-дың кейіпкерлері шетінен шешен» деген бір қаламгерге автор: «Ол кездің адамдары шешен

болған. Тілді шұбарлап, азған елдің алдына түсіп жүрген өзіміз. Сіз бес минөттік сөзіңізде «допустим» деген сөзді он бір рет қайталадыңыз» деп залды бір серпілткені бар.

Сәкең табиғатында «азған елдің түбіне тақсыр жетерді» жүрегіне терең сіңіріп, өмір сүру кредосында осы ұстанымды ұдайы жалаң қылыштай жаныңа байлап жүретін секілді. Орталық Комитетте қызметте болған кезінде де ұлтаралық мәселелер жөніндегі комиссияның мүшесі бола жүріп, Желтоқсан көтерілісінен кейін «қазақ ұлтшылдығына» қарсы күресіп, қараңғы бөлмеден қара мысық іздеген Колбинге орнынан ұшып тұрып қарсы сөз айта алған да қазақ қаламгері Софы Сматаев еді. Орталық Комитет тарихында өз өтініші бойынша шығармашылық жұмысқа ауысқан біреу болса, ол да 86-жылы партиялық өрескел мінез-құлқымен көзге түскен «Елім-ай»-дың авторы еді. Бұл туралы Б.Тілегеновтың «Тұйық өмірдің құпиясы» атты кең таралған кітабында егжей-тегжейлі сөз болады.

Жазушы Сматаев шығармашылығы талай-талай биік үрдіспен талданып, биік бағасын алды да. «Елім-ай»-ды жазған ер жігіт сол жылдары көзіне пенсне көзілдірігін тағып, шоқша сақалы шошайып, бейне бір отызыншы жылдардың зиялыларын жастардың көз алдына тартып, көлбеңдеп кетіп бара жататын. «Анау «Елім-ай»-дың авторы» деп сырттай көзбен ұзатып салушы оқырмандары да аз болған жоқ. Сегіз роман, он үш повесть, оншақты пьеса жазып, аудармада Шекспирдің «Юлий Цезарь»-інен бастап көп дүниелерді қазақша сөйлеткен, өмірін өлеңмен бастаған ақын Софы Сматаев әркімнің жүрегінен биік орын алған қаламгер.

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

Табаны жерде тұрғанда, тапжылмайтұғын Антейдей

«Елім-ай» романын 70-жылдары «Жұлдыз» журналынан оқығаным бүгін есіме түсіп отыр. «Кемелденген социализмнің» кезі еді ғой. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» - ұлт-азаттық көтерілісінің ұлан-асыр көркем галереясын алдымызға жайып салған осынау трилогияны қайта парақтап шығып, адамзат тарихында айрықша орны бар кеңес әдебиеті дейтін ұлы құбылысты тәрк етсек, ұлттық руханиятымыздағы оның орны ойсырап бос қалатынына көзім жеткендей болды.

Ұлтының ұрланып жатқан үміті мен мүддесін Софы Сматаев қызыл империяның қызылкөз цензурасы жазған-сызғанының әрбір бетіне сығалап қарап отырған кезінде айтты! Көкіректі сыздатып көңілді алаң ойға салып, көркем полотно жасап айтты! КПСС пен КГБ-сі дүниенің төрт құбыласын тінте қарап отырған ұлы держава қазақ әдебиетінде отаршылдыққа қарсы қандай майдан жүріп жатқанын байқап, бажайлай алмай қалды! Жазушының - жазарманнан, суреткердің - дәлдүріштен ала-бөтен айырмашылығы осында!

Менің Софы ағамның аяғы Атырау - Арқа - Алатау - Алтайда тұр. Табаны жерде тұрғанда, тапжылмайтұғын Антейдей нық тұр! Көгінде - Көк Тәңірі! Құшағында - Алаш Анасы!

Осылайша, тұғырыңда тапжылмай тұра бер, Көке!

Жанболат БАШАР

ДӘУІР ПЕРЗЕНТІ

Көне тарихты парақтасаң, халқының қамы мен елінің ертеңін ойлаған ерен тұлғалар өткен. Олардан қалған мұра - аталы сөз, асыл өнеге, қасиетті де киелі туған жер.

Қара ормандай қазақ елінің басына не келіп, не кетпеген. XVII ғасырдағы алмағайып заманда халқымыз атақонысынан ауып, ойраттың азуына түскен шақта қазақтың тағдыры қылпыған қылыштың жүзіне түскендей еді. Ел басына төнген сол бір алмағайып уақытты Софы Сматаев өзінің «Елім-ай» атты тарихи триллогиясын да зор шеберлікпен жазып, қазақтың сөз өнеріне қайталанбас із қалдырды. Софы Сматаевтың «Елім-ай» романында қазақ халқының қайсар рухы, ерік-жігері, шарболаттай намысы қапысыз суреттеліп, қол бастаған батырлар мен ел бастаған билердің сом тұлғасы айшықталған. «Елім-ай» романы қазақ тарихының аса бір қайғылы кезеңді - «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама» оқиғаларын шынайы суреттеп, елі үшін еміреніп, халқы үшін қанын төккен қазақтың қас батырларының ерлігін ерек паш етті. Сондықтан да, Софы Сматаевты - бүгінгінің тура биі деуге болады.

Біздің түсінігімізде «Елім-ай» - ұлттық рухты жанитын, намысты қайрайтын көркем туынды. Содан да болар, қазақ оқырмандары арасында жазушы Софы Сматаевтың есімі аталғанда көпшіліктің көкейіне «Елім-ай» романы келеді. Бұл да жайдан-жай емес, себебі, Софы аға «Елім-ай» атты ғұмырлық кітабы арқылы қазақ әдебиетінің ғана емес, әлем әдебиетінің алтын қорына қазақ тіліндегі жауһар туындыны қосты. Кешегі кеңес үкіметінің қасаң саясатынан қаймықпай, ұлттық санаға сілкініс әкелген «Елім-ай» сынды кесек те, кемел, бекзат шығарманы әдебиет әлеміне әкелуінің өзі, ерлік десек артық емес.

Құлтөлеу МҰҚАШ

ЕЛІМ ДЕП ЕМІНУ ҮШІН ДЕ ЕРЛІК КЕРЕК

(Көрнекті жазушы Софы Сматаев келбетіне кескіндеме)

Ұлтының шын жанашыры болатындай сонша батыл, халық тағдыры жолындағы бейбіт майданда тиген жерін алдаспандай алып түсетін өте ұшқыр ойлы қаламгерге айналғың келсе, айрықша бір жүйе құрып алуың керек. Бұл жүйенің тәртібі бір қарағанда қарапайым - алдымен француздың ең әйгілі классиктерін оқып шық. Сол жазушылардың қалай дұрыс, қалай бұрыс жазатынын әбден тексеріп, біліп ал. Бұларды түгескеннен кейін неміс классиктеріне ауыс. Сонан соң орыс әдебиетінің кемел кезеңіне ауыз сал. Сөйте-сөйте Британияның інжу-маржандарына көшесің. Одан Америкаға азу біле. Бұлардың бәрін қадағалап, барлап оқып шыққанан кейін кім қалай жазады, артықшылықтары неде, кемшіліктері қандай, романистері қалай тербейді екен қаламын, ақындары, драматургтері қалай толғанады - бәрін саралап, көкейге құйып алу қажет. Және мұнымен шектелмей, жоғары оқу орнын бітіруге міндеттісің. Оның өзінде гуманитарлық емес, техникалық білім ошағынан сусындағаның дұрыс. Өйткені, негізінен, соларда жүргізілетін физика, математика пәндері сенің сараптамалық ойлау қабілетіңді жетілдіріп-қалыптастыруға, кез-келген құбылысқа философиялық тұрғыда баға беруге орасан зор әсерін тигізбекші.

Бірақ бұл істің бір қыры ғана. Мұндай ақылдың нақты іске асуы үшін оны саған ғұлама Мұхтар Әуезовтің тікелей өзі айтуы тиіс!

Міне, қазақтың көрнекті жазушысы Софы Сматаевтың әдебиеттегі жолы осылай басталыпты. Әрине, мұндай бақыттың екінің біріне бұйыра қоймайтыны анық. Бір көргеннен Сарыбала деп ат қойып, бүйрегі бұрған осы бозбалаға ұлы Мұхаңның ерекше ықыласы түседі.

Бірде өзінің барлық лекциясынан қалмай қатысып жүрген филология факультетінің бірінші курс студенті Софының кітапханада араб емлесімен бірдеңе жазып отырғанын көріп қалған Мұхтар Омарханұлы қатты таңырқап:

- Оу, не істеп отырсың, Сарыбала?! - деп қасына кілт тоқтай қалыпты.

- Әкеме хат жазып отыр едім, Мұхтар аға!

- Әкеңнің аты кім? Жасы нешедегі адам?

- Қалыбек. Оныншы жылы туған. Сізден кішілеу болуы керек...

- Ә, онда кәне, әкел хатыңды! - деп жас жігіттің алдындағы қағазды ала сала: «Қарағым, Қалыбек! Мына баланды жақсы тәрбиелеген екенсің. Көп үміт күтеміз. Енді жақсылап оқыт! Сәлеммен - Мұхтар Әуезов» деп лебіз жазып береді. Сөйтеді де:

- Сарыбала, сен филфактағы оқуыңды қой. Өйткені, байқауымша, сенің қазіргі білімің біздің кейбір аға оқытушылардың білімінен кем емес. Жазушы болам десең Москваның бір техникалық ВУЗ-на түс. Себебі, біздің қазақ жазушыларының көпшілігінде аналитикалық ақыл деген бола бермейді. Тоқтау, тежеу деген жоқ. Бәйгеде көмбеге келген соң да ары қарай шапқылай беретін кейбір аттар секілді, тіпті, кідіретін жерін білмей жатады. Техникалық оқуға бар деуім сондықтан. Тағы бір айтарым - жазушылықты еш уақытта ешбір оқу орыны да қалыптастырмайды. Жазушы болу үшін Құдай берген талант керек. Мен сенің бойыңнан сол дарын ұшқынын аңғарамын. Демек, уақытты босқа жоғалтпа! - деп кеңес береді.

Болашақ қаламгер, расында да, жазуға деген қабілетін жастайынан-ақ аңдатқан сияқты. Төртінші класта жүргенінде әкесінің жиен қарындасы мұның туған ағасы Мейрамға сағат сыйлапты. Сол сағатының бауы жоқ көрінеді. Соны байқап қалған бала Софы дереу:

Құтты болсын сағатың!
Жоқ қой бауы тағатын.
Серілікті маған берсеңші,
Қой ғой жөнің бағатын! -

деп бір шумақ өлең шығарып, төңіректегілерді ду күлдіреді. Әрине, жас баланың мұндай суырыпсалмалық қабілетіне куә болған ағайын-туманы іштей қатты таңырқатқаны да сөзсіз.

Ал әкесі Қалекең кезінде атақты Шашубай Қошқар-байұлымен, Майасар ақынмен айтысқа түскен адам. Сүйегіне сөз сіңген ол бірде осынау замандастарына өлеңге әуестене бастаған кішкене ұлының аузына түкіртіп те алған.

Бір ғажабы, осы кісі алғашқыда баласының әдебиетке бейімділігін құптағанмен, оның жазушы боламын деген талабын естігенде ыршып түсіпті.

Үшінші класта жүргенінде дөңгелек үстелдің шетіне отырып алып, әлдебір балаң ойларын қағазға түсіріп отырған ұлына:

- Қарағым, не істеп отырсың?!- демей ме.

- Әке, мен келешекте жазушы боламын. Қазір өлең жазып отырмын...

Әкесі шыр ете қалады:

- Ойбай, қой оныңды, шырағым! Қоймасаң, күні ертең мені де соттатасың, өзің де айдаласың итжеккенге...

Сөйдейді де, баланың алдындағы дәптерді жұлып алып, шаппашотпен күл-талқанын шығарады.

Ертеректе еншілері бөлінбеген ағайынды Сматай, Ақажан, Атжалбек үшеуінде бес жүз жылқы болыпты. Жиырма тоғызыншы жылы сол малға бола кулак деп, бай деп әкесі Сматайдың жер аударылып кеткенін білетін Қалыбек, біріншіден, осындай жағдайдан қорыққан. Одан соң сонау отыз жетінші жылы Өспен руднигінде шахтада жұмыс істеп жүрген кезінде халық жауы деп, Сәкеннің әкесі Сейфолланы айдап әкетіп бара жатқанын көріпті. Арбада отырған сыйлы адамға амандасып, «немене, бір жаққа жол жүріп барасыз ба, Секе?» десе: «Қалыбек қарағым, жақындама маған, жақындама!» дейді Сейфолла. - «Не боп қалды, ақсақал-ау?!». - «Бірдеңеге ұрынып қаласың, шырағым. Жолама! Мені бүл да халық жауы, Сәкеннің әкесі деп айдап әкетіп бара жатыр!». Қараса - арбаның арғы жағында мылтықтарын шошайтып милиция қызметкерлері түрған көрінеді.

Аштықтың да, зорлықтың да, асыра сілтеушіліктің де, опасыздық пен сатқындықтың да неше қилысы көз алдынан өтіп, санасында жазушы біткенді халық жауы деп ұстап әкетеді деген ұғым қалып қойған әкесі сақтанбай қайтсін бұдан кейін.

Бірақ бұл өлең жазуды тоқтатпайды.

* * *

Қалай дегенмен де, әрбір кең тыныстьі, терең ойлы жазушыны өз дәуірі туғызатыны аян. Әрбір кезеңдегі қилы тарихи жағдайлардың алдыңғы лекке өз серкелерін лықсытып шығарып отыруы - заңдылық. Нағыз

суреткердің шығармашылық ғұмыры адамзат алдына өз уақыты коиіған қым-қуыт ділгірліктермен тікелей сабақтасып жатады. Қаламгер мен замана шындығы арасындағы өзара күрделі, терең байланыс та дәл сондай тұстардан өзек алмақшы.

Айтуынша, тура Ұлы Отан соғысы басталған сәтте туыпты. Яғни, 1941 жылы маусымның 22-сі күні таңғы сағат жетіде шыр етіп дүниеге келген. Бертінде бұл мерзімді сәл өзгертіп, жетіден бес минут өткенде туыппын деп жүр. Мұнысы - сұрапыл соғысты емес, Ұлы Жеңісті ала келгенін меңзеу шығар...

Дәл сол сәт майданда жүрген әкесі Қалекең бұл бес жасқа толғанда бір-ақ оралады. Келе сала балдаққа сүйене жүріп жұмысқа кіріседі. Бұғанасы қатпай жатып өмір-тірліктің ащы-тұщысын ерте татып, тас шайнап өскен ұрпақ өкілі ретіндегі «төбесі тесік» өзі де Жазушылық деген әлемге сол жас кезінен-ақ бекіне ұмтылған сияқты. Һәм, арагідік болсын, әкесі мен оның көзі ашық қатарластарының оңашадағы күбір-сыбырынан ұғып қалатын іргелес отырған басқыншылармен ғасырларға созылып келген шайқастар... ежелгі қазақ хандары мен билерінің кемеңгерліктері мен бертінде ұлтшыл деп атылып кеткен Алаш арыстары туралы әңгімелер... Есейе келе СССР тарихының «Ұлы Октябрь революциясына дейін жазу-сызуы болмаған қазақтай бұратана халықтың тарихы Ресейге қосылғаннан кейін ғана басталған» дейтін қайшылықты сабақтары ертеден-ақ зерделі бозбаланы терең толғанысқа түсіре бастайды.

Сөйте-сөйте көкірегі ояу, санасы сара жеткіншек көршілес империялардың қазақтай рухы асқақ халықты лажын тауып шоқындырып, араларына іріткі салып, тілдерін жойып, мәңгүрттендіріп барып жеңуге бағытталған сұрқия саясатын жіті сезініп, солардың әділетсіз әрекеттеріне деген іштей қарсылығы біртіндеп күшейе береді...

Көкейіне тағдыры күрделі туған еліне деген шексіз сүйіспеншіліктен бастап түскен сонау от ұшқынының лап етіп тұтанып, бүкіл жан әлемін дүр сілкіндіргендей ерекше сәтті де ешбір ұмыта алмайды. Ол Мұхаңдай көреген ұстазының жөн сілтеуімен Мәскеуге аттанып, сондағы Болат және қорытпалар институтының бірінші курсында оқып жүрген кезі-тін.

Қазақстанның қырық жылдығын лайықты атап өту үшін студенті мен аспиранты бар, алты жүз қаракөз қыз-жігіт Ресей астанасының үлкен бір асханасына жиналады. Сонда жоғары курста оқитын көшбасшы жігіттердің бірі ұзыннан-ұзақ жайылған дастарханда аз-мұз дәм-тұзды татудан бұрын белгілі дәрежедегі маңызды отырысты өзіміздің гимнімізбен бастап, сол гимнмен аяқтайық деп ұсыныс айтады.

Бұлардың қатарына жаңа ғана қосылған Софы әлгі тілекті қуана құптап, бірден ыңылдай жөнелген жерлестерінің әуеніне таңырқай құлақ түрсе - кәдімгі «Елім-ай»! Әрбір қазақтың сай-сүйегін сырқыратып, жүрегін өрекпітіп, жанын тербейтін әйгілі «Елім-ай» әні.

Енді бір қараса, әлгі алты жүз қандасының бәрінің де көздерінен парлаған жас! Сәлден соң ғана аңғарыпты, соларға қосылып өзі де жан-жүрегі езіле егіліп тұр екен...

Сыртқы дүлей күштердің тепкісінен талай рет тоз-тоз болып, сан мәрте қайта түлеген қайсар елдің намысты ұл-қызының әрқайсысын дәл сол сәт қатты тебіренткен қасиетті Отан-Анаға деген теңдессіз сүйіспеншілік сезімі еді.

Әлгі мезетте ғажайып ән құдіреті дөңгелетіп мұның да көз алдына Алқакөл сұлама, ақтабан шұбырындыда кіндік кескен жерді тастап, ту-талақай үдере көшкен қалың ел елесін... Шапса құлан тұяғы тозатын, ұшса қыран қанаты талатын ұлан-ғайыр даланы мекендеген асқақ рухты бабаларының бітіспес жаумен арадағы қиян-кескі ұрыстарының көрінісін алып келген.

Осы керемет ән әсері туралы бір әңгіме... немесе новелла жазуым керек деген алғашқы ойдың миына қадалғаны да дәл сол сәт...

Содан-ақ Ленин атындағы кітапхана қорына тіркеледі. Көп күшпен Мәскеудің орталық мемлекеттік архивіне рұқсат алады. Сөйтіп қазақ-орыс, орыс-ойрат байланыстары, ойрат-қалмақ қарым-қатынасы... тақырыбын шұқшия зерттеуге отырған. Мұрағат мекемесінің бөлім-бөлімінен тарихқа қатысты тырнақтап, тірнектеп жүріп қыруар материал жинаған. Кейін сол дүниелер арқылы алып Қазақ еліндегі қанды шайқастар өткен жерлерді аралауға кіріскен.

Бастапқыда, әлбетте, жинаған материалдары шағын әңгіменің емес, келе-келе «Елім-ай» аталатын үлкен трилогия жүгін көтеретінін ойламапты да.

Төл тарихыңды ұмыттырып, түптің-түбінде ұлт ретінде жер бетінен жоқ қылуды көксеген тоталитарлық жүйеде мұндай тақырыпты қозғаудың аса қауіпті болғанын қайталай берудің де реті жоқ шығар. Ол үшін айрықша көзқарас қажет еді. Көзсіз батылдық қажет еді. Мұның батыл жазуына Мәскеуде оқығаны... Тіпті, басын бәйгеге тігіп, бұйығып жатқан Қазақ елінің жастарына аз да болса серпіліс бергізейік, сол Алаш өрендерінің өнерге, әдебиетке, мәдениетке құлшынысын күшейтейік деген тілек-талаппен кезіндегі атышулы «Жас тұлпар» ұйымын құрысқаны түрткі болған секілді.

Шеттегі ортаның бір жақсылығы - бұлардың болгар, неміс, поляк, румын студенттерімен қоян-қолтық араласып, қоғам дамуына мейлінше жаңаша келуге жағдай туғызғантын. Шындықтың бар екенін... Демократияның не екенін біліп, нақты жағдайға біршама биіктен қарауға жеткен. Өз іштерінде ғана булығып жатқан елдегі студенттерге қарағанда ол жақтағы шәкірттердің айырмашылығы жер мен көктей еді. (Ал сонау алпыс алтыншы жылы ақпан айында Мұрат Әуезов, Болатхан Тайжанов, Амангелді Сембин төртеуі келіп, Қазақстан Жазушылар одағында, ҚазМУ-де студенттермен кездесу өткізгені... Сонда Қазақ еліндегі жоғары оқу орындарында қасақана орысша жүргізілетін көптеген пәндерді ана тілінде өткізу туралы мәселе көтергені... Осыған жекелеген ақсақал қаламгерлердің: «бұл - барып тұрған арандату, бұл анау келмеске кеткен алашордалық Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, солардың хатшысы болған Мұхтар Әуезовтің дәстүрін жалғастыру әрекеті. Сондықтан біз мұндай бас бұзарлыққа түбегейлі қарсымыз» деп, төртеуін де мемлекеттік қауіпсіздік қызметі арқылы дереу ұшаққа мінгізіп, келген іздерімен Мәскеуге қайта жөнелткені өз алдына бөлек әңгіме).

Арада бір жыл өткенде, осындай жастық албырттықтың әсерімен де болар, мадақтап аспанға көтеру былай тұрсын, жай атын айтуға ешкімнің жүрегі дауаламайтын о тұста Абылайханға қатысты либретто жазуы, расында да, зор ерліктін-ді.

Оған мұрындық болған өзімнің шөберелес ағам, атақты композитор Сыдық Мұхамеджанов еді деп кішіпейілдік танытады бүгінде өзі.

- Бір идея бар. Сен Сәкен Сейфулиннің «Көкшетау» поэмасының желісі бойынша либретто жаз!- деп ұсыныс жасайды композитор.

- Жоқ, мен, тіпті, пьеса жазамын бұл тақырыпқа!- деп құлшына түседі әлгі кезеңде «Елім-айын» біршама еңсеріп, қанаттанып жүрген бұл.

Шынында да, шығарма тез жазылады. Дегенмен, алғашқы қойылымын Қазақстан Компартиясы ОК мен Мәдениет министрлігі қызметкерлерінің сынағына ұсынғанда үлкен кедергіге ұшырағаны өз-өзінен белгілі ғой. Шаш ал десе бас алған белсенділер қай заманда да бар; әсіресе, әлгі тұстағы шовинистік пиғылдағы ағайындардан да қашанда асып түсіп отыратын өзіміздің кейбір сыңарезу қандастарымыз үш күнге созылған талқылауда бірінен-бірі озып: «Бұл - масқара! Ұлы орыс халқы мен қазақтың арасына сына қағу!» деп байбалам салады. Расында да:

- Сақта, тәңірім, Абылайды,

Абылай мұң-зарыңды танымайды, -

деп екі жүз адам хормен айтатын тұсына қазірдің өзінде күмәнмен қарауға болар ма еді. Қысқасы, көпшілік алқа мүшесі:

- Бұл біздің идеологиямызға өте қарсы шығарма, сондықтан мұны қабылдау санаға сыймайды!-деген пікірге тоқайласа бастайды.

Қара терге түскен композитор бұған: «Сен үндемей ғана тыныш отыра бер. Күшік кезіңнен талансаң бетің қайтып қалар. Солақай алпауыттардың азуларына мен-ақ ілігейін!» деген секілді. Ағасының ақылымен тымпиып-ақ жүрген бұл іс ыңғайын байқап, үшінші күні шыдамай, сөз сұрап қол көтереді. Жиынды басқарып отырған партияның идеологиялық хатшысы Саттар Имашевқа бірден:

- Сәке, сіз Мәскеуге барған көп сапарларыңыздың бірінде Мусоргскийдің «Князь Игорь» операсын көрген шығарсыз. Сонда «Славься, славься!» деп Князь Игорьді мадақтайтын үш жүз әншінің дауысын естіділіз бе?!- деп сұрақ қояды.

- Иә, ол операны екі рет тамашалаған едім!- дейді хатшы.

- Олай болса орыстың князын аспанға көтеріп мақтауға болады да, қазақтың ханын айтуға мүлде болмай ма? Және оны либреттода дәріптейтін мен де емес, сіз де емессіз, сол кездегі өз замандастары... Өз төңірегі ғой! Ендеше біз неге

олардың аузына қақпақ қоямыз?!.

Сол мезет Саттар Имашевтың жаңа туындыға бүйрегі бұрып, қабылдатқанша асығып отырғаны байқалып қалады:

- Жолдастар, автордың айтып тұрғаны әбден қисынды емес пе! Абылайханды мадақтап тұрған біз бен сіздер емес, өз тұстастары, өз маңайындағылар! Меніңше, мұнда тұрған ешбір сөкеттік жоқ!..

Міне, осыдан кейін барып өршелене қарсылық білдірген сынампаздардың беті бері қарай бастайды. Шығарма басым көпшілік дауыспен қабылданады.

Сөйтсе, үш күн бойғы талқылауға қазақтың мүйіздері қарағайдай бірнеше атақты ақын-жазушысы да қатысып жүріпті. Жиналыста төбе көрсете қоймаған солар бірінен кейін бірі келіп: «Софыжан, сен жақсы болдың! Мына Абылайды шығардың. Енді бізге де жол ашылды. Рахмет. Көсегең көгерсін!» деп құшағына алып, құттықтаған сәттері де есінен кетпейді.

Әрине, мұндай көріністердің бәрі қашанда опырып, өте өнімді жазатын қабырғалы қаламгер шығармашылығының бір қыры ғана. Әйтпесе, «Көрермен үшін, оқушы үшін, жалпы жұрт үшін не қажет - Софы соның бәріне білек сыбана кірісіп кететін әдебиеттің сардары, жанр атаулыдан жүрегі тайсалмайтын батыл қаламгер» деп әйгілі әріптесі Дулат Исабеков әділ бағалағанындай, жазушының «Ел-шежіре» баспасынан шыққан он жеті томдық жинағындағы тоғыз роман, он үш повесть, он төрт пьеса, он тоғыз дастан, бес киносценарий, бес опера либереттосы, бірнеше әңгімесінің өзі талай жәйтті аңғартатыны анық. һәм: «Зерделі талант, білімді қаламгер өз елінің өткеніне де үңіледі, бүгінін де жаңғыртады. Ой-өріс кеңдігі, аңғарымпаздық халқын жырлаудан жалықпайтын қуатты қаламға қыруар көмбелер көзін ашып, қай тақырыпқа барса да, Софының ел деп соққан жүрегіне өзінің идеялық қазығын қашан да дөп басып таныта білген. Ілгерілеу кезеңі, тоқырау дәуірі дегендерге қарамастан ең алдымен ол өзі өмір сүріп, суреттеп отырған уақыттың сұрыпталған көрінісін бүкпелеп, бақай есепке құрмай, қаз-қалпы күйінде жеткізе берген» деп кезінде сарабдал сыншы Зейнолла Серіққалиев айтқандай, бұлардың қай-қайсысы да қалың оқырмандары тарапынан ілтипатқа

бөленіп, жоғары бағасын алған туындылар.

Айтпақшы, әуелгіде баласының жазушылыққа талпынғанын құптамаған Қалыбек аға алпыс жасында қайтыс болғанда, төс қалтасынан Мұхтар Әуезовтің баяғыдағы қолтаңбасы шығыпты. Демек, ардақты әке бәрібір, дарынды ұлының үлкен қаламгерлік жолды таңдағанын және оның Мұхтардай дананың шәкірті екенін іштей лайықты мақтан тұтқан...

Дегенмен, Софы Сматаевтың шығармашылық жолы тақтайдай тегіс бола қоймағанын да байқаймыз. Айталық, оның жиырма жасында жазған алғашқы «Астана оттары» аталатын өлеңдер мен балладалар жинағы жеті жылдан кейін зорға шыққан екен. Сол секілді «Елім-айдың» да бірінші томы баспада сегіз жыл «кезек күтіп» жатады. Әйткенмен, жас қаламгер осы кітабы о кездегі үш жүзге таяу тиражбен тарайтын «Жұлдыз» журналында жарияланған сәттен бастап-ақ даңқы бір-ақ күнде шырқау биікке зымырап көтеріліп, нағыз халық жазушысына айналып кеткен еді.

«Жас қазақ үні» газеті
24.06.2011 ж.

Дооронбек (Дәуренбек) САДЫРБАЕВ

ҚАДІРЛІ СОФЫ ҚАЛЫБЕКҰЛЫ!

Мүлде таныс болмағандықтан сізді аға әлде інім деп атауға қиналып отырмын. Бірақ оның шариғатты онша бұза қояры жоқ. Ең негізгісі, біз бір дәуірде өмір сүріп жатқан замандастармыз. Сонымен менің құрметті замандасым Софы, бәлки сіз Жомарт батырдың ұрпағы да шығарсыз.

1983 жылы «Советский писатель» баспасынан орыс тілінде жарық көрген «Песнь моя-боль моя» (қазақшасы «Елім-ай» болса керек)! романыңызды жуық арада үй-ішімізбен құмарлана ден қойып оқып шықтық. Елінің, ерінің әлемінің сан қилы тағдырын жан дүниесімен сезіп, арманын (Арман қырғызша басқаша түсінік береді. Сіздің «Песнь моя-боль моя» дегеніңізді «Арман» деп атаса, қырғыз жұртына тіпті жақынырақ болар еді) өз жүрегіңізде түнетіп жатқан сіздей азамат ұлға бір бас иіп, тағзым қылмасам, адамгершілікке қиянат жасардай сезінем.

Романды бастан-аяқ талдап, «өйту керек, бүйту қажет!» деп мақала жазардай аты шыққан сыншы да емеспін. Бар болғаны - сіздің қатардағы оқушыңызбын. Шығармашылығыңызға бас ұратын оқырмандарыңыздың біріне айналсам - қуанышым сол. Нәзік жүрегіңіз бен балуан білегіңізге мың алғыс. Бабалардың ой-санасын, мақсат-мүддесін түгел қопарып шыққан ерлікке толы еркіңізге «Бәрекелді!» дегім бар. Қазақтың мықты ұлдары - Абай, М.Әуезов, Д.Қонаев, І.Есенберлин өң берген бір елдің өнер аспанына жүз немесе мың жылда бір туатын азаматтарының қатарына тағы бір Софы Сматаев деген есімнің қосылғанына қатты ырзамын. Менің бұл өзімдік пікірімді келеке етіп күлмессіз

деп ойлаймын. Сіздің кітаптың 5-бетінен бастап, 298-бетіне жеткенше, мен өзімді 16-ғасырдың аяғы, 17-ғасырдың басында жүрген адамдай сезіндім. Қайран қазақтың аспаны түнек жамылғанда, менің де аспаным қараңғыланып, ел-жұртыңыз шабылғанда - қара қайғыға оранып, бейкүнә Рухияның емшегі кесілгенде - өз анамның ақ төсі шабылғандай қаным қайнап, ботадай боздап еңіредім. Романның басталуында қырғыз Қорабайдың қазақ батырынан жеңіліп қалғаны - менің намысыма тие алған жоқ. Өйткені өріс-қонысы ортақ екі елден де батырлар мен әлсіздер, сұлулар мен сұмпайылар бірдей шыққанын жасыра алмаймыз ғой. Одан қалса, қазақ пен қырғыздың қарым-қатынасын, алыс-берісін суреттегенде сіздің қазақ, қырғыз жазушыларының көпшілігінен өзгешелігіңіз - аса биік әдептілігіңіздің оқ бойы озуында екенін айтпай кете алмаймын. Қысқасы - жан дүниеңізден сығылып шыққан өте тамаша туындыңыз үшін чоң рахмет.

Бұл шығарманы жарату үшін қаншама азап-тозақ, ұйқысыз түн, тыныштығы жоқ күндер өткізгеніңіз көрініп тұрады. Осыншалық құнды шығарма тудыруға зор мүмкіндік берген жұбайыңызға да рахмет айтам.

Біздің Фрунзенің төңірегінде қазақ ауылдары көп. Мен солардың көпшілігін қала көшелерінде ұдайы кездестіремін.

Бұрын ондайларды көрсем: «О, маңқа қазақтар-ай!» деп сәл-сәл тіксініп қалушы едім. Енді міне біздің шаһардың кең көшесімен атын шапқылатып өтетінін көрсем: «Әй, бәлкім, бұл кешегі Жомарт батырдың ұрпағы шығар... Әлде қазан жамылып аман қалған Аршагүл мен Тынышбектен тараған үрім-бұтақ емес пе екен?!.» деп ішім жылып, құрмет танытып, кездескім кеп тұратын болдым.

Атаңа нәлет «бір кем дүние» деген осы да... Өйткені орысшаға қаншама жақсы аударылды дегенмен шығарманың жаны қазақшасында ғой. Біздің республикада қазақ тілінде жазылған кітаптарды табу - қиынның қиыны. Қазақшасын оқымай, көңілің көншімейді. Ал хат танитын әрбір қырғыздың қазақшаны тұшынып оқитынына сене беріңіз. Оның үстіне «Елім-ай» - ұлтшылдық сезімді ғана қозғайтын кітап емес, бұл кітап шыншылдыққа, бір

туғандыққа, патриотшылдыққа және әдемі әдеп пен әдетке тәрбиелейтін шығарма. «Өткендегісі жоқ елдің келешегі де жоқ» дейміз біз, қырғыздар. «Елім-айды» оқып шыққаннан кейін бұзық болып кетер бір қазақ, бір қырғыз табылса, онда мені саясаттан түк хабары жоқ деп сотқа беруге қарсы емеспін. Өйткені «Елім-ай» романы - бейбітшілікті, тыныштықты, бауырмалдық пен адамгершілікті уағыздайтын шығарма.

Ендігі жерде сізді үлкен бір шаруа... әрекет күтіп тұр, Софы жора. «Елім-айды» экрандатса, ажары тіпті ашылып кетер еді-ау. Бірақ соған сіздерде әзірше ықылас табыла қояр ма екен. Егер Димаш Ахмедович өз бақылауына алып, «добро!» десе, бек жақсы болат та. Өйткені мені қосқанда бұл кітабыңызды 30 мың адам оқыса, экранның бір күндік аудиториясы өте зор. Миллиондап көрер еді. Миллион кісінің мен құсап нәзік сезімге бөленбейтініне өкінемін. Сондықтан, Софы бауыр, мен өз өтінішімді айтайын. Біз Шыңғыс Айтматов байкемен ақылдасып, (Ол ағамыз бұл романды қатты мақтайды) «Елім-айдың» екі сериялы киносын, көп сериялы телефильмін Фрунзеде түсірмек болдық. Соған сіздің рұхсатыңыз керек.

Енді өзім турлы екі-үш ауыз сөз. Кәсібім - режиссерлік. «Республика Мәдениетінің еңбек сіңірген қызметкері» деген атағым да бар. Әрқилы әңгімелерден құралған екі кітабым жарық көрген. Режиссер ретінде отыздан астам деректі фильм, он көркем фильм тарттым. Олардың арасынан Ш.Айтматовтың шығармалары бойынша түсірілген «Арман», «Махаббат дастаны» атты телефильмдерді көруіңіз де мүмкін.

Хат жазысып, танысып жүрейік, бауырым. Біздің тілегімізді қабыл алсаңыз, кешіктірмей келісіміңізді берерсіз.

Бәрінен де бұрын тамаша шығармаңыз үшін тағы да мың алғыс!

Өзіңізге ұзақ ғұмыр, шығармашылық игілік, үй-ішіңізге бақ-талай қалап, зор құрметпен,

Дооронбек Садырбаев

Менің адресім: Фрунзе - 720020
8мкр-н 29/12
7.05.1984 ж.

P.S. Осы хатпен танысып шыққан бойда, «Қазақфильм» киностудиясының директоры Камал Смайыловқа барып, жолығып, қырғыздың ұсынысын жеткізгем-ді. Камал ағам ал кеп туласын: «Бұл қырғыз шіркіндер қазақтың бір жақсы туындысын көрсе-ақ, жабыса кетіп, кино шығаруға құмар-ақ.

Болмайды, Софы шырақ! «Елім-айды» олардан он есе артық етіп өзіміз түсіреміз. Берме келісіміңді!» деп арқамнан қағып шығарып салған еді.

Ақыры... Бос уәдемен үнемі бозара «семіріп» келе жатқан Сматаев екенімді тағы бір естеріңізге сала кетейін қадірменді қандастарым!

Қырғыздарға келісімімді бергенде ғой... Әй, өкінгеннен не пайда.

Софыян
21.04.2018 ж.

Извелся я, места не нахожу, все думаю, все думаю и думаю все про тебя и о тебе, Софы!

Хочется видеть тебя и перекинуться двумя парами слов за зеленым сукном биллиарда.

Шаваеву слава. (Это на всякий случай. И на тот же самый случай привет ему передай. Потолше. Чтобы переваривал дольше.) Жизнь моя постепенно входит в привычную колею и, думаю, скоро привезу к тебе первый вариант нашего балетного либретто. Да, кстати, говорил ли ты о нем с композитором? Есть ли смысл писать о погоде, когда разница в 220 км. Если даже пешком идти и то не столь большая проблема. Если захочешь, выходи однажды за тюльпанами на Курдай. На велосипеде. Развивая скорость в 15 км, или лучше, 10 км в час, ты доберешься до середины за 10 часов. А там, может и я подъеду. Если куплю велосипед.

Здравствуй, Софы!

Как ты живешь, как твои дела и вообще. Я столько раз пытался дозвониться до тебя, но невозможно. Все время занято. Может телефон не работает?

И вот пересилив себя, уж очень не люблю письма писать, строчу тебе на швейной машинке письма ни о чем, а приятно, что есть ты где-то в Алма-Ате и напомнить, что и я есть, здесь во Фрунзе. И про Шаваева не забыть- тоже иногда приятно.

И Мару Байджиеву тоже слава и во веки веков- аминь.

А я начал свою серьезную пьесу. Заворачивается пока туго. Жду когда пойдет. Надеюсь, что найдены герои с характерами и самому любопытно, что они натворят в конце-то концов. Это однако не будет мешать нашему либретто. Так что подбодри меня.

А Шаваеву- все равно слава. До свидания, твой Улан, привет всем твоим близким.

Фрунзе 15 III 75г.

P.S. Ну вот, ты позвонил и стало очень приятно. Хотя это письмо и провалялось у меня на столе столько времени, все-равно, думаю я, актуальности оно своей не потеряло. Потому что вот-вот пришлю тебе эту либретту, которая снится мне ночами темными, вместо любимой жены.

Словом рад был. Еще раз до свидания. Твой Улан Токомбаев.

Қазақстанның Халық Қаһарманы
ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ

«Халық Қаһарманы» Казахстана
КАСЫМ КАЙСЕНОВ

480064, Алматы қаласы, 64, Абай даңғылы, 35/36, 27 пәтер, тел.: 62-65-39

№_____ «15» қараша 2004 ж.

Құрметті Нұрсұлтан!

Софы Сматаев – көркем әдебиетте қазақ халқының тарихына алғашқы боп қалам тартқандардың бірегейі. Оның «Елім-ай» романы «Ақтабан шұбырынды» дәуіріндегі Алаш жұртының жоңғар қалмақтарының шапқыншылығына ұшырап, жер бетінен жойылып кете жаздағанын жан-жақты суреттейді. Осыдан отыз жыл бұрын мен Софыны «қазақтың Алексей Толстойы» деп атағам. Ол соны бүгінде артығымен ақтады. С.Сматаевтың үш кітаптан тұратын «Елім-айы» нағыз халықтық шығарма. Жұрт оны іздеп оқиды. Авторы – елінің сүйіспеншілігіне бөленген жазушы.

Құрметті Нұрсұлтан ікім! Осы романға, осы жазушыға өзінің лайықты бағасын әлдеқашан беру керек еді. Сонда да ештен де кеш жақсы деп Сматаевқа биыл Мемлекеттік сыйлықты әперуге қол ұшын беруіңді сұранамын.

Құрметпен

Қасым Қайсенов

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа

Аса қымбатты Нұреке!

Бізге биылғы жылғы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған шығармаларға байланысты Сыйлық комиссиясының шешімі мәлім болды.

Біздің ойымызша әдебиет саласынан сыйлық алуға лайық еңбек Софы Сматаевтың «Елім-ай» эпопеясы еді.

Комиссия мүшелерінің кейбіреулерінің қызғаншақтығынан, күншілдігінен, көре алмаушылығының салдарынан Ақаннын Құлагеріндей зымырап келе жатқан бұл шығармаға қастық жасалыпты. Соның салдарынан әдебиетке берілген екі орын бос қалыпты - күйіп кетіпті.

Ертең бұл әділетсіз шешім Сіздің қолыңыз қойылып, жұртқа жарияланғанда оны естіген ел көңілінде адалдық туралы, әділдік туралы түйткіл қалады, халық түңіледі деп ойлаймыз. Оппозиция аюдай ақырып тұрған мынадай аумалы-төкпелі заманда қара қылды қақ жарған әділдік керек екенін жасы үлкен аға ретінде есіңізге саламыз.

Сондықтан Сіздің бұл әділетсіздікке қарсы шара қолданып, бүкіл қазақ халқына сүйікті бұл романға лайықты әділ баға берілуіне ықпал жасауыңызды сұраймыз.

Зор құрметпен:

Әзілхан Нұршайықов, Қазақстанның халық жазушысы.

10.12.2004 ж. Алматы.



Түсініктеме: «Елім-айымның» үш кітабы қосылып, Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанын білетін екі әріптес ағам, романымның дәл осы жолы лайықты бәйгісін шаппай-ақ аларына мені кәдімгідей сендіретін. Неге екенін білмеймін, Қасым аға мен Әзағам сол кездерде бір-бірімен суықтау амандасатын да, кездесе беруге онша пейіл білдірмейтін. Мені бірінен бірі қызғанатындай, оңашалап іздейтін.

Бір күні Қасым аға телефон шалып, мені үйіне шақырып алды.

- Әу, Софыжан! «Сақтықта қорлық жоқ» деуші еді ғой бабаларымыз. Сенің күншілдерің көп екенін білемін. Содан соң солардың алдын алайық деп мына хатты Нұрсұлтан іниме жазып едім. Не айтасың? - деп хатын қолыма ұстата берді.

Оқып шықтым да: «Қаске, ағалық ниетіңізге өте ризамын. Ал хатты жібермейік. Не көрсем, өз талантымнан көрейін. Бір әділеті болатын шығар, - деп едім, ағам зор денесімен қопарыла қозғалып, құшақтай алды да, мені кеудесіне қысып жіберді.

- Дұрыс екен. Сөйтсең сөйт. Онда мына хатты өзің ал. Анда-санда бір оқып, ағаңды еске алып тұрарсың, - деп төсегіне жантая кетті...

Менің сыйлыққа тағы да ілінбей қалғанымды естіген бойда Елбасыға хат жазғанын айтып, Әзағам менің өзіне келіп кетуімді сұрады.

Бардым. Хатын оқыдым. Ризалығымды айттым да, хатты жіберудің қажеті жоғын, сұрап алған атақтың бойыма жұқпайтынын түсіндірген болдым.

Ағам қинала келісті. Хатты өзіме беруін өтініп едім:

- Ағаңның бар көмегі осы. Басқа амал қалмады ғой... - деп хатты қолыма ұстатқан.

Екі ағамның халқымның құрметінің өзіндей, ұлтымның жанашыр сөзіндей ақ, адал ниет-пиғылдарынан туған лебіздерінің түпнұсқаларын оқырмандарым көзімен көріп, көңілмен біліп жүрсін деп жариялап отырмын.

СОФЫЯН
15 мамыр, 2018 жыл.

*** * ***

Қазақстан президенті
Н.Ә.НАЗАРБАЕВ мырзаға

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сізге мына бір жәйітті мәлімдеуге тиіспін:

27-маусымда М.Әуезов атындағы драма театрымызда көрнекті жазушы Софы Сматаевтың 75-жылдығы атап өтілді (туған-туыстары мен дос-жолдастары көмектесіп, кеш шығынын өзі төлепті).

Онда Сіздің құттықтау сөзіңіз оқылды. Софының кім екенін, «Елім-ай» трилогиясынан бастап әдебиетімізге аса мол еңбек сіңіргенін Сіз бек жақсы білесіз. Оның трилогиясы да, басқа роман-хикаяттары да Мемлекеттік сыйлыққа бес рет ұсынылды, бірақ әлдекімдер қысастықпен өткіздірмей келеді.

С.Сматаев қылтамақ дертіне шалдығып, дер кезінде жасалған операция сәтті болып, бүгінде асқазансыз өмір сүріп жүр («прямое соединение»). Қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, «екі өмірдің ортасында». Ал осындай халдегі жазушы биылғы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғандардың тізіміне тағы да ілінбеді. Сізден осы әділетсіздікке көңіл аударуды, Софыға сыйлық бергізіп, ол үшін ерекше қымбат рухани ем-жәрдем жасауыңызды өтінемін!

Игі ниетін, ізгі тілегін білдіруші - Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.

(P.S. Ешбір жауап болған жоқ. Ғаббас 25.12.2016 ж)

Түсініктеме: Жоғары жақтан тағы бір түңілген Ғаббас ағам маған осы хаттың көшірмесін келесі, 2017 жылы тапсырып тұрып:

- Сен, Софы бауыр! Анау Мемсыйлықты мықшиып көтеріп жүргендердің көбісінен тәуірсің. Сенің сыйлығың - халқыңның махаббаты! - деп арқамнан қаққан-ды.

Маған алдын ала ескерткенде Ғабаңа: «Бұл хатты Елбасыға бекер әуреленіп жібермеңіз!» дер едім ғой. Екеумізді де оның тағы да бір бас шайқауға еріксіз мәжбүр ететінін неге білмейін.

СОФЫЯН
15 мамыр, 2018 жыл.

VI АРНАУ ӨЛЕҢДЕР

Жаппар ӨМІРБЕК

ЖАРАТЫПТЫ ЖАСАҒАН

Софыға

Саған дейін небір сабаз ер өтті,
Ер адамға алмас жігер керек-ті.
Бәрінің де өр қайратын мұра ғып,
Абылайхан бұл қазақты Ел етті!

Кең кеудеңе ел арманы жиылған,
Көкейіңе қасіреті құйылған,
Көк дауылдай тарқатам деп ел мұңын,
Жаралыпсың жойқын дауыл құйыннан.

Болсыншы деп құдіретті осы адам,
Болсыншы деп қасиетті босағаң,
Сені таңдап, жүрегіңе нұр құйып,
Мұрагер ғып жаратыпты Жасаған!

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

ЖАЛПАҚ КӨЛДІҢ ТҰНЫҒЫНДАЙ

Асыл адам, ақ жігіт, Софы саған,
Алаулаған көңіл бар отқа ұсаған.
Алла өзі: «Осыны танып жүр!» деп,
Сені көзге көрсетіп, көп нұсқаған.

Аман қалған жақсының сынығындай
Жалпақ көлдің көк иірім тұнығындай.
Жарқыраған ғұмырың болсын ұзақ,
Аспандағы ақ күннің жылуындай.

Ұлы кітап - атақты «Елім-айың».
Өзің бар да тартпаймын мен уайым.
Қаламыңды жаңылтпа жүйткуінен,
Төрің емес, ардақтар елің дайын.

Келінменен келісті өмір сүріп,
Жүрек жүдеп, көрмесін көңіл суып.
Өмір-сапар жолынан келген сайын
Қарсы алғайсың алдымнан өзің шығып.

1978 ж.

Қадыр МЫРЗА-ӘЛИ

ІНІМСІҢ-ІРІМСІҢ

Сездірдің һәм сезіндің ұлылықты.
Ұлылардың жыл түгіл, күні мықты.
«Елім-айдың» әр томы даналықтай,
Әр тынысың ұлтыңа ұғынықты.

Ойға, сырға тоғыттың көгеніңді.
Мұңға, жырға толтырдың көнегіңді.
Ағалықты бұлдаумен сенен алғам
«Домбыра, сен - қазақсың!» дегеніңді.

Өткендерді іздеуің - ірілігің.
Абылайың, үш биің тірі бүгін.
«Жағам бар!» деп кей-кейде аға тұтсаң,
Жарасар ед жаныма інілігің.

«Елім!» десең, сол елдің біреуімін,
Тапқам мен де алаштың тілеу үнін.
Сен де өзімдей адамсың, адалымсың,
Арамдықты наданның күреуі мұң.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

ҚАСІРЕТІ ХАЛҚЫНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ

(Софы ініме арналған бір жыр)

«Елім-ай!» деп егілген ерім менің,
Ел тарихын жазудан ерінбедің.
Қызық еді өзің бір тас қиядан
Қылыш ұстап тұрғандай көрінгенің.

Шаршатқан жоқ тірліктің әбігері,
Ылақтырып баққанмен әрі-бері.
Ерте тусаң Абылай жасағының
Мың басы сен боларың анық еді.

Сендейлермен өлшенер жыр бағасы,
Жемісі мол секілді құрма ағашы.
Қасіретін халықтың жүрегінің
Оқып өскен өзіңсің бір баласы.

Арғы-бергі заманға көңіл бөліп,
Теңізге ұқсап жатасың тебіреніп.
Неге екенін білмеймін бұл Софыны
Менің інім тұрады дегім келіп.

Сені өсірген, баптаған ауыл мықты,
Далаң да ұқты жаның ды, тауың да ұқты.
Жүрегіңнен бәрі өтті, асыл жүрек
Көтере де білді ғой ауырлықты.

Өшпейтіні жүректің оты ғана.
Бой бермейтін замана сотына да.
Ертеңімен елінің өмір сүрген
Аз мықтымның бірісің Софы бала.

Аман бол, сен, алдымен ақын іні,
Еліңе аян жаныңның батыл үні.
Сен арқылы Абылай, Жарылғаптың
Құлағыма жеткендей жеті мұңы.

Отқа кірді бір өзін күтпей дарын,
Ертеңің де айтшы деп жүктейді әнін.
Кешегіні ақтардың кемелім-деп,
Бүгініңді жырладың бүкпей бәрін...

Мерген оғын кеудеңе дарытпай түк,
Семізді айтып сергідің, арықты айтып.
Алпыстамын дейсің сен, алты жүз жыл
Аржағына күн сайын барып қайтып.

Жазиралар, Сарыарқа, кең өрістер,
Беделіңе өзіңнің бедел үстер.
Ескімді көп оятқан ерім ең сен,
Жаңамның да жалауын көтеріс, кел...

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

СОФЫ ІНІМЕ

Жазушы жарқылдаған інім Софы,
Өшпесін ұзақ жансын өмір оты,
Оқыдың дүниенің бар кітабын,
Зияны бола қоймас мені де оқы.

Сен-дағы заманымның білгішісің,
Үйренер кішілерім үлгісің.
Данасын ұмытпайтын уақыт өзі
Ұрпағы ұмытпайтын бір кісісің.

Атыңды мінген бойда өрге айдадың,
Өміршең өнеріңді көрді аймағың.
Кім кері жүре қойсын жаны барда
Ілгері бара жатқан елді ойладың.

Тұнығын шайқап іштің туған елдің,
Жалынан көп ұстадың құлагердің.
Алыстан аққулармен сәлемдестің
Бөлісіп суын ішкен мына көлдің.

Жолыңды ешқашан да бөгемедік,
Жүреміз дегеніңе және көніп.
Дүкенде тоқтамайды кітаптарың
Кетеді оқырманға дереу еріп.

Гүлдейсің өне білген жерден нұрың
Сонадан соңыма үнсіз ерген інім.
Кішілік қалпыңменен кісіліктің
Есігін өзің аштың елден бұрын.

Бойыңнан жақсылықтар көзін ашты,
Барар жол бақыт жолға тез ұласты.
Ұлылық өз есігін өзгеге емес,
Бағалап еңбегіңді өзіңе ашты.

Есләм ЗІКІБАЕВ

РИЗА КӨҢІЛ

Бір-бірін жақсыласын, жамандасын,
Бұл ғұмыр қалай болғанда адамға сын.
Жаныңа қаяу түсіп қайысқанда,
Іздесе ағаң, інің, замандасың...

Саулықта кеуде қағып кім есірмес
Әз-тірлік шырағыңды шын өшірмес.
Адам деп АДАМДАРДЫҢ іздегені -
БАҚ екен, БАЙЛЫҚ екен түгесілмес!

Жүрер жол - бар жолдардың ауырындай,
Бұралаң, көп болар ма тауы мұндай.
Софыжан, ағам бар деп сен келгенде,
Қуандым көшіп келген ауылымдай.

Құлын, тайын жататын желіге айдап
Сары арқа - самал ескен сері де аймақ.
Қаз дауысты Қазыбек, сал Сәкендей
Сен де елдің серке өскен бір ұлысың
Тебіреніп, еңіреген, «Елім-айлап»!

«Көңілден, - дейді, - көңіл су ішеді»...
Біреу - жақсы, жек көрер бірі сені.
Бірақ кімнің өзіне кім екенін
Адамдар осындайда біліседі.

Болса да асып жатқан басында ісі,
Асылдығын танытар асыл кісі.
Мен сені жолы үлкенге балап жүрем,
Болса-дағы, бауырым, жасың кіші.

Кетпейді күш азайса кімнен ерік,
Інімдей жанға жақын жүрген еріп,
Қаз басқан қадамымды кеңіткендей
Көңілімді көтергенің күнде келіп.

Өмірдің бітпес арман-мұраты көп,
Арбасқан өлім-өмір шын ақырет.
Жанашыр жақынымның бірі болып,
Іні болып жүргенің қуат берді,
Айналайын, саған мың рахмет.

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

АТАНЫҢ СӨЗІ ӨЗІҢДЕ

Қашаннан бар-ды ұлы даланың киесі
Биі мен ақын болған-ды оның иесі.
Бабаның ізі, атаның сөзі бүгінде,
Жалғасын тауып Софыға болған тиесі.

Ғасырлар асқан даланың көк сұр тасындай,
Талай су ақса түбінде қалар асылдай.
«Елім-ай» шапқан даланың ақ боз тұлпары,
Көк тәңірінің дұшпанға атар жасындай.

Қазағы, елі - үміті, таққан тұмары,
Жыры мен сәні - басылмай жүрген құмары.
Алатау, Мәскеу жер бетін шарлап жүрсе де,
Қазығы оның - Арқаның сәмбі шынары.

Биіктеп барад сен шыққан асқақ шың-құзың,
Еліңмен бірге сен жаққан жарық жұлдызын.
Қайырлы болсын осынау биік асқарың
Жолыңды қуғай ұрпақтан өскен ұл-қызың.

Сейфолла ОСПАН

ҚАЙНАТҚАН ҚАРА СӨЗДІ

Софыға

Софысы Сматайдың Сұлтан тектес,
Азамат, адалдығы адам жетпес.
Болаттың сырын зерттеп Мәскеуіңнен
Болжаған болашағын шашып төкпес.

Халқының тегін іздеп асылынан,
Тіл-өнер, өзектескен ғашығынан.
Ләззат ап, сан шығарма туындатқан,
Тарихтың тұңғиық сыр ғасырынан.

Бірде ол болат білек жұмысшының,
Жыр еткен қайтпас-қайсар қылыш жүзін.
Маңдай тер еңбектерін мақтан тұтып,
Сан қатпар ашып берген құрыш қырын.

Қайнатып қара сөзді бұл батырың,
Қалдыртпай көзден қағыс сыр жасырын,
Не ғажап либретто, пьесаларды
Берместен-боздатқан жан-қолға тыным.

Сөз болмай-керек десе-көлем деген
Эпостың жаңа түрін өлеңменен.
Өрнектеп Жарылғаптай батырыңды
Шыққан жан арпалысып тереңменен.

Тап осы азаматың ақын асыл,
Даланың күмбірлеткен сахынасын.
Тұлпардың тұяғынан шоқ шаштырып,
Ойнатқан сөздерінен отты жасын.

Софысы Сматайдың Сұлтан тектес,
Жүз жаса, уақытың босқа өтпес.
Келін мен ұрпағың да аман болсын,
Ұйыған от басыңа баға жетпес.

Жеңіс ҚАШҚЫНОВ

СОФЫ КЕЛДІ ЕЛУГЕ

Туған күні, жылы - жау лаң салған,
Елуге кеп самайын қырау шалған.
Софы қойған әкесі азан айтып,
Болмасын деп әумесер бір аусар жан.

Жанымызды тым ерте суық буған,
Нұрын сараң төкті күн шығып қырдан.
Жеңісті аңсап туғандар соғыс жылы,
Ел бірлігін жырлады ұйып тұрған.

Сен жырладың алаштай елдігімді,
Сен жырладың қаһарман ерлігімді
Намыс оты тұтанып кеудем менің,
Желпінеді түндіктей желді күнгі.

Жорық құрсаң соқтығыс, жолы қайғы,
Батыр жолды қорқаудай қорымайды.
Ел қорғаған ерлердің сом тұлғасы -
Ескерткіш қып сыйладың «Елім-айды».

Бүгін Софы жазушы - ірі тұлға,
Шабыт атын болмайды еш суытуға.
Ер атыңды өрлетіп, самға көкке,
Желбіресін даңқыңның туы шыңда!

Жүрсін ЕРМАНОВ

МОЙЫНДАУ ЖӘНЕ МОЙЫНДАТУ

Жольщтық жетпістегі тойыңда аман,
Софы ағамыз - драма қойылмаған.
Өзінің шын классик екендігін,
Өзгеден бұрын өзі мойындаған.

Қазақ па «Елім-айды» оқымаған,
Зердеме ғибратын тоқып алам.
Москвадан жоғары білім алған
Баяғының биіндей Софы маған.

Жанкешті жауынгердей қатардағы,
Дайын ол шығуға да сапарға элі.
Колбиннің қаһарынан қаймықпаған
Софекең - Желтоқсанның қаһарманы.

Ауғанда тектілікке ел ынтасы,
Өрлейді өрге қарай көңіл тасы.
«Аргындар - зиялылар» дейді Софы,
«Арғынның Қаракесек - Элитасы»!

Жылқының бәрі жүйрік емес, көкем,
Сөзімді білетіндер демес бөтен.
Топтан торай шалдырмас тоқпақ жалды,
Түлпардай мен өзіңді елестетем!

Арғынның бәрі бірдей сұңғыла ма?
Білеміз - кім жарымес, кім ғұлама.
Ақшасын боқ сасыған шақшасынан
Айырып берер әлі Шындық - Ана!

Шорт кесіп жал-құйрығын тұлдаған кім?
Билік те бірбеткейін білді ағамның.
Софы емес,
Соты десе болады оны
Қылмыспен ауызданған бұл қоғамның!

Атқарған жалғыз өзі ісін ердің,
Беймаза бидің сөзін түсінер кім?
Сүйкімдісі болмайды сол билікке,
Шындықты бетке айтатын кісілердің!

Ақын деп ақиқаттан жыр қашаған,
Сақтаулы биліктің де жүр тасы оған.
Сыйлықтың ең үлкені - амандығың.
Қайтер ең атып кетсе бір тасадан?!

Жазушы дегізген соң осы мықты,
Малданбай құрғақ қиял, бос үмітті.
«Өлең деген өсекші» жарыменен,
Қайтадан Софы ағамыз қосылыпты.

Шабытпен шарлап енді шартарапты,
Өлеңге өлмес мұра арқалатты.
Біртуар перзентің деп табыстырды,
Жарылғап, Мейрамсофы, Қарқабатты!

Суарған серт семсерін жырға малып
Салмақ бар әр сөзінде бір қаралық.
Алаштың рухани мешітіне,
Он жеті кірпіш болып тұр қаланып.

Оқыңыз жазғандарын, оқымаңыз,
Біз неге оныңызға опынамыз.
Ел енді мойындайтын кезі болды:
Классик шынында да Софы нағыз!

Рафаэль НИЯЗБЕКОВ

АЛАШ РУХЫ

Қара сөздің жалына жармасқалы,
Қараулықты келесің дарға асқалы.
Қатер төніп тұрса да ақ сөйлеген
Ақиқаттың сен едің алдаспаны.

Құрсағында жетіліп арлы ананың,
Алланың ақ жолы еді таңдағаның.
Сардар ердің бірісің бұл күндері,
Заңын берік ұстаған сардаланың.

Ормандайын оталып селдіреген,
Жұрттың қашан көк туы желбіреген.
Қылышынан қан тамған заманда да,
«Елім-ай!» деп ер едің еңіреген.

Аласарып көрмеген нұрлы аспаны,
Туған елдің өзіңсің бір асқары.
Аузыңды ашсаң ақ жалын атылады,
Алты алаштың жанарын мұң басқалы.

Қайшылығы неткен көп өмір еді,
Кейде ызалы көз-жасың төгіледі.
Азат елде жүрсек те,
Алаш рухы
Азат емес секілді көрінеді.

Кім жүр дейсің жанарын нұрға малып,
Талай мәрте қамықтың қырға барып.
Сарыарқаға құлаған зымыранның.
Жүрегіңе сынығы тұр қадалып.

Бойға қанша жисаң да жыр қуатын,
Зауал аз ба көңілің суынатын.
Жүрегіңе қадалған сол сынықты,
Кім бар елде, жан аға, суыратын?!

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

ТҰНЫҚ ОЙДЫҢ ТҰМАСЫ

Көкірегінің көрігі күйді аңдатар,
Қаламының ұшында иман жатар.
От көсеген, шоқ үрлеп оғылансың -
Болат, темір, шойынды құйған қатар.

Кемел уақыт аршынын жайғанда алға,
Кемең батып көрген жоқ қайраңдарға.
Сен туған күн бұрқ еткен соғыс оты
Содан бері келесің майдандарда.

Өркен жаяр ағамның өмірі айғақ,
Тұнық ойды көрмедің тегі ылайлап.
Орда бұзып отызда
Орман жұрттың -
Елік көңілін емдедің «Елім-айлап»

Өскенімнен дерек боп
өшкенімнен,
Запыран күй құстырдың кешкі өңірден.
Қара жолда теңселіп келеді әлі
Қаратаудан құлаған көш керуен.

Түндігінен ордаңның Ай қараған,
Ақ самалы Алаштың аймалаған.
Жалғандықтың жармасқан жағасына -
Сматаев Софыян қайран ағам.

Тамылжысаң тамызда таңға жақын,
Ақ шабытпен желпідің Ар қанатын.
Ақша бұлтпен тағдырлас аспандағы
Ақ толқыны тербелген арналы ақын.

Айналайын ағасы Софы деген,
Орман жұртты жылытқан отыменен.
Желдей есіп жаныңа жеткенімде
Осылай бір толғайын оқып өлең...

Кеңесбай РАХМАНОВ
Қарақалпақ ақыны

«ЕЛІМ-АЙ»

Досым Софы Сматаевқа

«Елім - ай» деп еңіреген азамат,
Ел тағдырын ер көңілмен азалап.
Таразыға ән мен шерді тең тастап,
Зұлымдықты отыр бүгін жазалап.

Қазақ пенен қарақалпақ халқында,
Үміт сүйреп,
Қайғы қалған артында.
Тарих үшін қыш қорғанның кесегі -
Алмастырмас жәдігер ғой алтынға.

Достым, тарих - тылсым сырлы нар тұлға,
Тылсым сыммен тілдесуден тартынба.
Кең даланың төбесі мен төсінде,
Іздер жатыр алмастырмас алтынға.

Үні өтсе де қанды қырғын майданның.
Үнсіз бойлап,
Үнсіздікке байландың.
Жер қиқуын жанғыртқан
Шын сезімтал жүрегіңнен айналдым.

9 сәуір, 1984 жыл

Баян АНАРБЕКОВА

СОМ ЖҮРЕКТІҢ СОҒЫСЫ

(Көрнекті қаламгер Софы Сматаев хақындағы ойтамшы)

Тарихына халқының,
Тереңірек үңілген.
Сезген семсер жарқылын,
Атойлаған дүбірден.

«Елімайлап» мұң кешіп,
Роман туды егізден.
Ғасырлармен тілдесіп,
Маржан сүзген теңізден.

ЦК-ны да өткерді,
Желтоқсанда күйіңді.
Кешті талай өткелді,
Аруақтарға сыйынды.

Еркіндікті аңсаған,
Елдің жоғын жоқтады.
Есіл жүрек шаршаған,
Кейде дұрыс соқпады...

Оңай олжа емес-ті,
Сөз асылын сомдаған.
Хандарменен кеңесті,
Ұлы көшті қомдаған.

Би болып та көсілді,
Шешендікпен шешілді.
Жорықтарда жосылды,
Жібек жіптей есілді.

«Елім-айдың» сорабы,
Ордабасына ауысты.
Тоғыз жолдың торабы -
Қазақ қайта қауышты!

Құдыретін қаламның,
Танытқанын ел білер.
Жазушылық ғаламның,
Туы мәңгі желбірер!

Мәди болып аспандап,
Ән салары бар тағы.
Биік әнге басқанда-ақ,
Елді өзіне тартады.

Роман жазып өлеңмен,
Бесаспаптық танытты.
Тебіреніп тереңнен,
Сусындатты халықты.

Дер шағы ғой бұл деген,
Аға жасы - екінді.
Алпыс рет гүлдеген,
Мәуелі ағаш секілді...

ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы.
2001 жыл, маусым айы.

Махмет ТҮМЕНБАЕВ

«ЕЛІМ-АЙ» - ЕР ҰРАНЫ

Бір сәтке қайран ғасыр қалып тыншып,
Көңілден тасқын жырды алып бір шық!
Толысып, кемелденген күндерімен
Ортаға келді елуің жарып бүршік.

Ұға алған ұлылықты Ұлытаудан,
Кеудеңе, Сәке, толы үміт, арман.
Елуің қос жиырма бес, берерің кеп
Елуің - жалын жастық нұры тамған.

Әніңнен шырқап салған бір әнің бай,
«Елім-ай!» - Ердің айтар ұранындай.
Риза еткен аруақты «Зар заманың» -
Қазақтың бүгінгі ұстар құранындай.

Алдыңнан еркелетіп сан ақ таңдар,
Жар болсын бір өзіңе жаратқан бар.
Шайқалмай шаңырағың аман болып,
Бірігіп жылдар бетін парақтаңдар.

Қалмасын барыңызбен халық тыншып,
Көңілден сөз маржанын алып бір шық!
Қуансақ, қуанайық бірге болып,
Ортаға келді елуің жарып бүршік.

Жүректе сайрап дәстүр жатады ізгі
Ұқпаңыз той иесі қате бізді
Халқының жас ұланы, аға, Сізге,
Береміз аман бол деп батамызды.

Әбіл КӘРІПБАЙ

АЛАШТЫҢ ШАТҚА БӨЛЕП СЕРІ ӨЛЕҢІ

Қазақтың қайғы жұтқан ескі өлеңі,
«Қаратаудың басынан көш келеді».
Ханның басын хан алған қына заман,
Өлкемді «Елім-айлап!» кешкен еді.

Алатаудың басынан от өрілді,
Қан қысымым қырыққа көтерілді.
Арып-ашып Арқаға бауыр басып,
Балқашқа байлап кеттім жеті өнерді.

Ей, далам! Заңың басқа, халың басқа,
Байладым өмірді оққа, өлімді отқа
Тасқа жазған таңбаңды тоқымасаң,
Талтаңдаған тағдырың танымас та,

Заман-ай деп, зарыққан Софылардың,
Қыш кітабын қойынға ап отырамын.
Иманымды Рухқа ұйытып тұр,
Сәждеге басым тиген топырағым!

Жер-Анам, бір Алланың меншігі едің,
Жүрекке сапар шегіп келші менің.
Сырдан сырғып Дунайға көшкен қыпшақ
Сол заманды сағынған көршілерім.

Араласып астында ашық аспан,
Арлан-сынды Арыстар басын қосқан.
Сматайдың сұңқары, жазушы боп,
Құдай жазған құранмен ақылдасқан.

Қоғамда қордаланған тасыр қылық,
Адамзатты жатыр ма ашындырып.
Ер елдің қыр көрсеткен ертеңіне,
Тақтан тани алмайсың басымдылық!

Қопаңдаған құрт-сынды жегідейін,
Солдыр-сұмдай алатын ел үрейін
Жамандықты жазғырған жазушыдай,
Жақсьшыққа жан ашыр көрінейін.

Егістікті отаған шегірткедей,
Қылмысын жасырады ол теріс көрмей.
Ақынның қаламына қан жүгіртіп,
Көрінесің көзіме періштедей.

Көкте күн, жерде жеңіс көз ілмеген,
Даламды дабылдатты сенім деген.
Алаштың шатқа бөлеп сері өнері,
Бес ғасыр қабырғасы сөгілмеген!

Жетпіс бес жас - жерұйық келіп жеттің,
Ойға аунап, тұлпар тұяқ өмір өттің.
Он сегіз мың ғаламды тілге байлап,
Отқа оранған заманды «еңіреттің»!

Мөлдір БӨЛЕКОВА

СОФЫ АҒАМА!

Терең толғанып, тасыған сезімі арнадан,
Қайсар қаламгер, озық ойлы, арлы адам.
Шеңберден шығып, шеберлікпенен,
Сомдаған ол романын «Елім-айлаған».

«Елім-айды» айтып балалық шақтан.
Өткен шақтарды аралап баққан,
Езіліп еттен жаралған жүрек,
Еріксіз қолға қалам ұстатқан.

...Ұлардай шулап көш түзеген ел...
Асуды алғызбай, жеткізбей күзеген бел
Діттеген жерсіз шұбырған халқың
Кешкен-ді, аға, қанды тізеден сел!

Мұңмен көмкеріп, арқалап таза арман,
Тиесін ала-алмай өмір-базардан.
Ішқұса болған қандасты толғап,
Жүргендей бірге өзің ғой, жаза алған!

Жұртыңмен солай жалғасты демің,
Балапан ұлы ең Балқаштай жердің.
Бұл күнде тұтас тұлғаға айналған,
Айналдым сенен, ардақтысы елдің!

Жарыса жазған жаз, қыс, күзбенен,
Сұңғылалықпен, сұмдық тілменен.
Жазғаныңды ұғып, бағалап қатты,
Жазушы інісін Шыңғыс іздеген.

МАЗМҰНЫ

I МАҚАЛАЛАР

МЕН КЕЛЕМІН....3
ЖАРИЯЛЫЛЫҚ - АДАЛДЫҚТЫҢ АЙНАСЫ....4
БАРЫМЫЗ АЗ, ЖОҒЫМЫЗ МОЛ....10
АРМЫСЫҢ, СЕРІКЖАН БАУЫРЫМ!
ЗДРАВСТВУЙТЕ, СЕРИК НЫГМЕТОВИЧ!....13
ШЕГІНЕРГЕ ЖОЛ ЖОҚ - АРТЫМЫЗДА....17
ЖАРАЛЫ ЖАСТЫҚ....21
ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БЕЛІ ҮЗІЛМЕСІН....27
АЙТЫЛМАЙ КЕЛГЕН СӨЗ....32
НЕВЫСКАЗАННЫЕ СЛОВА....43
АСЫЛЫМ КІМ, ЖАСЫҒЫМ КІМ ?....55
ХАНДЫҒЫМЫЗДЫҢ ҚАЙ ТОЙЫН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ӨТКІЗБЕКПІЗ....62
ЕКІ АМАНАТ 1. ӨКІНІШ....72
ЕКІ АМАНАТ 2. КҮРСІНІСТЕР....81
МЕН ДЕ ТУҒАН ТОПЫРАҒЫМДЫ ШИРЕК
ҒАСЫР БОЙЫ БІР БАСА АЛМАЙ КЕЛЕМ....91
ХАЛҚЫҢЫЗ БАР ДА ҚАМЫҚПАҢЫЗ, АҒА!....101
ЗИЯЛЫМ БА, ЗИЯНДЫМ БА?....105

II СҰХБАТТАР

ӨМІР ОСЫ....113
ЗАМАН ТҰЛҒАЛАРДЫ ТҰНШЫҚТЫРҒАНЫНА ӨКІНЕМІН....115
КАМАЛИДЕНОВ ТҰТЫҒЫП, КОЛБИН... ШӨГЕ КЕТТІ....122
«ЖАСТАРДЫҢ АЛДЫНА ШЫҒЫП СӨЙЛЕЙІН»
ДЕГЕН БІР ЖАЗУШЫ БОЛҒАН ЖОҚ....135
БІЗ ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНАН
АЙРЫЛЫП ҚАЛДЫҚ....146
АТАҚ АҒАЙЫНДЫ АЗДЫРАДЫ....154
ЕСІГІМДІ ҚАҚҚАНҒА - ҚҰШАҒЫМДЫ ДА АШАМ....162
«ШЫРАЙЫМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМДА»....173
ҚАРАШАНЫҢ ҚАЙҒЫСЫ
МЕНІҢ ҚАСІРЕТІМ БОЛМАС ПА....185
ОСТАВЛЯЯ ЯСНОСТЬ СЕБЕ, ВОЗВРАЩАЮ ХМУРОСТЬ СУДЬБЕ....197
ҰЛ МҰДДЕСІНЕН ҰЛТ МҰДДЕСІ АРТЫҚ БОЛУЫ КЕРЕК....205
ХАЛЫҚТЫ ҚАРАЛАҒАН ҚАСИЕТІНЕН АЙРЫЛАДЫ....211
ӨКІНІШІ КӨП ДҮНИЕ-АЙ!....220
ӨЗЕКТЕГІ ӨКСІК....232
ӘДІЛЕТТЕН АЙНЫМАҒЫНЫМА АРЫМ КҮӘ....243
ҚАЛАМГЕРДІ ҚҰТТЫ ОРНЫНА АТАҚ-ДАҢҚЫ ЕМЕС,
ҚҰДІРЕТТІ ҚАЛАМЫ ҒАНА ҚОНДЫРАДЫ....265
«ЖАЗУШЫНЫҢ ҚАРУЫ - ҚАЛАМЫ ҒАНА»....269
«АТҚАНЫМ - ӨТСЕ, АЙТҚАНЫМ - ЖЕТСЕ» ДЕУМЕН КЕЛЕМ....279
«ХАЛЫҚ-МЕНІҢ ТІРЕГІМ,
ҚАСИЕТТІМ МЕН ҚҰДІРЕТТІМ»....287
«ҚАЗАҒЫМ - ҒАЖАБЫМ!» ДЕУДЕН АЙНЫМАСПЫН....297

ӨТЕДІ СОЛАЙ БІР АРҒЫН....315
ЕСЕПТЕН ДЕ, ӨСЕКТЕН ДЕ АЛЫС ЕДІ-АУ....316
ЕЛІМ ДЕГЕН ЕР ЕДІ....318
ПӘКТІК ПЕН АҚТЫҚТЫ 320
АҢСАП ЕДІ-АУ....320
БАУЫРЫМ-АЙ, ҚАЗАҢНЫҢ АУЫРЫН-АЙ!....321
ҒАФУ АҒАНЫҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШТЕГІ СӨЗ....322
ӘБІЛФАЙЫЗ ЫДЫРЫСҰЛЫНЫҢ
80 ЖЫЛДЫҒЫНА ҺӘМ АЛТЫН ТОЙЛАРЫНА
АРНАЛҒАН КЕШТЕГІ СӨЗ....324
«ЛЕНИНШІЛ ЖАС» - «ЖАС АЛАШ» ГАЗЕТІНІҢ
90 ЖАСҚА ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН КЕШТЕГІ СӨЗ....325
ОЛ БАР ДА ӨЛЕҢ БАР....327
ҚАЙРАН ТҰМАҒАМ!....328
АҚЫН ӨЛДІ... АР АЗАМАТЫ....329
«ЖАҢАӨЗЕН» ҚЫРҒЫНЫНА АРНАЛҒАН
ЖИЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗ....332
ӘРІ САЗГЕР, ӘРІ СӨЗГЕР ЕДІ-АУ....334
ӘЗІЛХАН АҒА НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ ЖЫЛЫНА
БЕРІЛГЕН АСТАҒЫ САҒЫНЫШ САЗЫ....335
ТАУЫП ЕҢ ҚҰЛЫНЫҢДЫ....337
ЖЫЛАТА ДА, ЖҰБАТА ДА БІЛУШІ ЕҢ....339
АТАДАН ТУЫП АЛАШЫНА ҰЛ БОЛҒАН....340
ҚАЙРАН ҚАРА НАРДАЙ АҒАМ-АЙ!....341
АРЫСЫМ-АЙ, НАМЫСТЫМ-АЙ!....343
ҰСАҚТАН ІРІ ТУҒЫЗҒАН....344
МАҒНАЛЫ ҒҰМЫР ИЕСІ ЕДІ....345
КЕШІР БІЗДІ САҒИ АҒА!....346
ӨЗГЕДЕН ТУҒАН ӨЗІМІЗДІК ЕДІ ОЛ....347
ЕРЕКШЕ ЕДІ-АУ ОРЫНЫ....348
ЕРКІН ӘУЕЛБЕКОВТЫҢ ҚАЗАСЫН
ЕСТІГЕН СӘТТЕГІ ҚОБАЛЖЫҒАН КӨҢЛІМНІҢ ҚОШТАСУ СӨЗІ....350
ДІН ЕРМЕГИЯҰЛЫ АҒА МЕН БАЛКЕН АПАНЫҢ
ТУҒАНДАРЫНА ЖҮЗ ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН
ЖИЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ....351
БОЛАТХАН ТАЙЖАННЫҢ 75-ЖЫЛДЫҒЫНА
БАЙЛАНЫСТЫ АЙТЫЛҒАН СӨЗ....353
МӘҢГІЛІК ҒҰМЫРЫҢ БАСТАЛДЫ....355
КОМПОЗИТОР БАЗАРБАЙ ЖҰМАНИЯЗОВТЫҢ
ЖҰБАЙЫ БӘНУ ХАНЫММЕН ҚОШТАСАРДАҒЫ СӨЗ....356

ПОСЛЕСЛОВЬЕ К РОМАНУ «ЕЛІМ-АЙ»....357
ҚАБЫЛ АЛСАҢ, ҚАПЫ ҚАЛМАССЫҢ....358
ІЗДЕДІҢ - ТАПТЫҢ ЕЛІҢДІ....359
АДАСТЫРМАС АҚИҚАТ....359
ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР....360
ТАРИХТЫ ТЕРЕҢ ТОЛҒАҒАН....360
ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЖОЛЫ....361

КЛАССИКТЕР ШОҒЫРЫНЫҢ ӨРЕЛІ ӨКІЛІ..... 361
МЕНІ ОНЫ ІЗДЕП ТАПҚАМ..... 362
ЛЕБІЗДЕР..... 365
ТҰЖЫРЫМНАМАЛАР, ЛЕБІЗДЕР..... 370

V ТОЛҒАМДАР, ТАЛҒАМДАР

АЛАШТЫҢ ҰЛЫМЫН..... 381
КҮРЕСКЕР..... 382
ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІК ТУРАЛЫ ЭПОПЕЯ..... 384
ШЕНЕУНІКТЕР ІШІНДЕГІ ЖАЛҒЫЗ ЖАЗУШЫ..... 389
АҚИҚАТ АСУЫ..... 392
ЗАМАНА ЖЫРШЫСЫ..... 394
ТАЗА АДАМ ТАЗА ЖОЛМЕН ЖҮРЕДІ..... 397
О КОЛЛЕГЕ СОФЫ-СОФИАНЕ..... 403
САН ҚЫРЛЫ СУРЕТКЕР..... 405
СОФЫ ТУРАЛЫ СӨЗ..... 406
БАРЛЫҚ ЖАНРДА БІРДЕЙ ҚАЛАМ ТЕРБЕП..... 408
«ЕЛІМ-АЙ» - ЛАҒАН АЗАМАТ!..... 410
АҚТАРЫЛҒАН МҮҢ МЕН СЫР..... 412
МАҢҒАЗ ЖАЗУШЫНЫҢ ТАРПАҢ ЖЫРЛАРЫ..... 414
ЖАЙСАҢ ЖАНДЫ ЖАЗУШЫ..... 416
ТЕРЕҢ ТАНЫМ, БЕРЕН ҰСТАНЫМ..... 421
«ЕЛІМ-АЙЛАП» ЕҢІРЕГЕН ҚАЛАМГЕР..... 423
«ЕЛІМ-АЙ»-ДЫ ЖАЗҒАН ЕР..... 425
ДӘУІР ПЕРЗЕНТІ..... 428
ЕЛІМ ДЕП ЕМІНУ ҮШІН ДЕ ЕРЛІК КЕРЕК..... 429
ҚАДІРЛІ СОФЫ ҚАЛЫБЕКҰЛЫ!..... 438
ЗДРАВСТВУЙ, СОФЫ!..... 442

VI АРНАУ ӨЛЕҢДЕР

ЖАРАТЫПТЫ ЖАСАҒАН..... 447
ЖАЛПАҚ КӨЛДІҢ ТҰНЫҒЫНДАЙ..... 448
ІНІМСІҢ - ІРІМСІҢ..... 449
ҚАСІРЕТІ ХАЛҚЫНЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ..... 450
СОФЫ ІНІМЕ..... 452
РИЗА КӨҢІЛ..... 453
АТАНЫҢ СӨЗІ ӨЗІҢДЕ..... 455
ҚАЙНАТҚАН ҚАРА СӨЗДІ 456
СОФЫ КЕЛДІ ЕЛУГЕ..... 457
МОЙЫНДАУ ЖӘНЕ МОЙЫНДАТУ..... 458
АЛАШ РУХЫ..... 460
ТҰНЫҚ ОЙДЫҢ ТҰМАСЫ..... 461
«ЕЛІМ-АЙ»..... 462
СОМ ЖҮРЕКТІҢ СОҒЫСЫ..... 463
«ЕЛІМ-АЙ» - ЕР ҰРАНЫ..... 465
АЛАШТЫҢ ШАТҚА БӨЛЕП СЕРІ ӨЛЕҢІ..... 466
СОФЫ АҒАМА!..... 468

Софы
СМАТАЕВ

МЕН – ҰЛЫМЫН АЛАШТЫҢ

Редакторы *Талғат Әлтекеұлы*
Корректоры *Біржан Саматұлы*
Көркемдеуші *Нұргелді Сергожаұлы*

Басуға 01.08.2018 қол қойылды.
Пішімі 84x108$^{1}/_{32}$ Қаріп түрі "Таймс".
Таралымы 1500 дана.
Тапсырыс №522

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemn1@dauir.kz, zakaz@dauir.kz